

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

*Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналады*

**ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ӘЛПБИ НЕГІЗІНДЕ
ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН РЕФОРМАЛАУ:
теориясы мен практикасы**



Алматы
2016

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті 2013-2015 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру аясында жүзеге асырылған «Қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми негіздерін кешенді зерттеу» атты ғылыми-зерттеу бағдарламасы негізінде дайындалды

Баспаға ҚР БҒМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған:

филология ғылымдарының кандидаты **А.Фазылжанова**

Арнаулы ғылыми редакторлар:

филология ғылымдарының докторы, проф. **Н.Уәли**,
филология ғылымдарының докторы, доцент **Қ.Күдерінова**

Ғылыми кеңесші:

ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, проф. **З.Базарбаева**

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, проф. **Қ.Рысалды**,
филология ғылымдарының докторы, доцент **Қ.Есенова**

Редакция алқасының төрағасы:

филология ғылымдарының докторы, проф. **М.Малбақов**

Редакция алқасы:

филология ғылымдарының докторы, проф. **Ә.Жүнісбек**, филология ғылымдарының докторы, проф. **К.Хұсайын**, филология ғылымдарының докторы, проф. **А.Жұбанов**, филология ғылымдарының докторы, проф. **Р.Шойбеков**, филология ғылымдарының докторы, проф. **Ж.Манкеева**, филология ғылымдарының докторы, проф. **Б.Момынова**, филология ғылымдарының докторы, доцент **Қ.Рысбергген**, филология ғылымдарының докторы, доцент **О.Жұбаева**

Жауапты редакторлар:

филология ғылымдарының кандидаттары **А.Хабиева**, **А.Аманбаева**

Жауапты шығарушылар:

филология ғылымдарының кандидаттары **Н.Әміржанова**, **Ж.Жұмабаева**

Ж 26 «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы»: ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А.Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 560 б.

ISBN 978-601-80411-9-8

Ұжымдық монографияда латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру арқылы қазақ жазуын реформалаудың кешенді ғылыми-теориялық және практикалық мәселелері талданып, әліпби ауыстырудың отандық тарихы мен шетелдік тәжірибесі сараланды, ұлттық әліпбидің тиімді жобасын таңдауда күнделікті кәсіби мамандығы жазумен байланысты сарапшылық топқа жүргізілген лингвистикалық эксперимент қорытындысына сүйену ұсынылды. Эксперименттің қанатқакты нұсқасы жасалып, алғашқы тың нәтижелер алынды, қазіргі қоғамда белсенді талқыланып жатқан әліпби жобаларына тілтанымдық (фонологиялық-графемалық) талдау жасалып, олардың ішіндегі тиімдісі анықталды. Ұлттық әліпби жобасын жасау критерийлері мен принциптері, әліпби ауыстыру тұжырымдамасының жобасы ұсынылды.

ӘОЖ 80/81 (0353)

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында жүйелі түрде сипатталып көрсетілген дамыған 30 елдің қатарынан орын алу идеясы қазақстандық жалпы ұлттық идеяға айналып келеді. Қазақстанның әлемдік кеңістіктен лайықты орын алуы, дүниежүзілік өркениетті елдермен аралас-құралас болуы, олардың, әсіресе, техника, жаңа технология саласында ілгерілеушілікке (прогреске) қол жеткізген табыстарына, адамзат ақыл-ойының жемістеріне еліміздің де азаматтары қол жеткізе алатындай, өз игілігіне тұтына алатындай мүмкіндіктер жасауына Елбасы өз Жолдауында ерекше мән берді. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешуде қазақ тілін, жазуын дамыту ерекше маңызды.

Шетелмен қарым-қатынасты кеңейте түсу ел-елдегі ғылым-білім, заманауи технологиялық ілгерілеушіліктің даму қарқынымен байланысты жедел ақпарат алысу мөлшері бұрын-соңды болмаған көлемде ұлғая түсіп, көптеген елде, әсіресе дамыған мемлекеттерде ақпараттық технологияның озық үлгісі – компьютерлік техника, бағдарламалар арқылы жолға қойылған. Қазіргі заманда дүниежүзінде өзара ақпарат алмасу латын графикасымен жасақталған компьютерлердің көмегімен жүзеге асып отырғаны мәлім. Латын графикасымен жасақталған бүкіләлемдік компьютер жүйесі (Интернет) жұмыс істейді. Осы коммуникациялық кеңістікке мемлекеттік тіліміз де өзіндік жазу сипатымен кіруге тиіс. Бұл қазіргі заманда ұлттық тіліміздің, жазуымыздың қоғамдық абыройын арттыруға, әлеуметтік беделін көтеруге септігін тигізеді. Осындай мәдени-әлеуметтік маңызды іске атсалысып қызмет еткен тілдің де мәртебесі арта береді.

Әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі болған жоғары экономикалық, ғылыми, мәдени және адами әлеуеті мол Қазақстанның ұлттық бет-бейнесін, болмысын сақтай отырып, әрі қарай дамуы ендігі жерде еліміздің жаһандану үрдісіне тереңдей және кеңінен енуін талап етеді. Бұл мәселеде қазақ жазуын латын әрпіне көшірудің маңызы зор. Сондықтан Қазақстан латын графикасы негізіндегі әліпби арқылы әлемдік коммуникация кеңістігіне енбекші.

Назаларыңызға ұсынылып отырған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымдық монографиясы «Елдің зияткерлік әлеуеті» ғылымды дамыту басымдығына сәйкес 2013–2015 жылдарға арналған мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында «Қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми

негіздерін кешенді зерттеу» атты жобасы бойынша жүргізілген ғылыми ізденістер негізінде дайындалды. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің ғылыми негіздерін анықтауда Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» бағдарламасы, 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа Жолдауы, 2007 жылғы 27 ақпанда жарияланған «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан» атты Жолдауы мен 2006 жылдың қазанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан халқының рухани дамуы және ұштұғырлы тіл саясаты туралы айтқан ой-пікірлері басшылыққа алынды.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру Қазақстан қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтары арасында қарама-қайшы әсер тудыратын, қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі көпқырлы, күрделі үрдіс болып табылады. Осыдай қиындықтарына қарамастан, Қазақстан үшін жазу-сызуды реформалау орта және ұзақ мерзімде оның келешегі пайдалы әрі нәтижелі болатыны күмән тудырмайды.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіруді ең алдымен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тұрғысынан қарастыру керек. Қазіргі таңда қазақ тілі Қазақстанның этникалық қана емес, жалпымемлекеттік те бірегейлігін танытатын басты фактор ретінде орнықты. Тілдің басқа да элементтерін ескере отырып, жазуды тілдегі ой мазмұнын жеткізудің графикалық тәсілі екенін негізге алу керек. Жазу жүйесі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі тұрғысынан алғанда да, өз алдына жеке мән-мазмұнға ие болады. Көптеген халық үшін жазу ұлттық мәдениет пен бірегейлікті танытатын маңызды элементтің бірі екенін тарих дәлелдеді. Бірқатар ұлттың, соның ішінде Түркияның тәжірибесі көрсеткендей, жазуды ауыстыру бірегейліктің ауысуына шешуші себеп болды. Сондықтан жаңа ұлттық әліпбиге негізделген жаңа графика ескіліктің кері әсері мен кеңестік отаршылдық салдарынан етек жайған «бодандық сана» стереотиптерінен арылуға, тәуелсіз елдің «бостан санасының», заманауи жаңаша ойлау жүйесінің қалыптасуына мықты түрткіжайт болары сөзсіз.

Кеңестік тоталитарлық саясаттың салдарынан қазақ тілін тұтынушылардың санасында кирил әліпбиіне негізделген қазіргі қазақ жазуында орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдемеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды. Бұл қазақ орфографиясы мен орфоэпиясын «қосамжарлық» дағдарысына, сондай-ақ қазақ сөйленісіндегі үндесім мен үйлесім қағидасының бұзылуына, яғни тек сөзде, не сөз тіркесінде ғана емес, бүтін сөйлем құрамында ғасырлар бойы тілдік сөйленістің эстетикалық дыбысталу категориясын қалыптастырған дыбыстық үйлесім, үндесім (сингармонизм) заңдылығының бұзылуына әкеп соқтырды. Осылайша, өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімделудің тілдік тетігі (механизмі) көптеген жылдар бойы сыртқы тілдік емес факторлардың күші арқылы тежеліп отырды. Жаңа графикаға көшу жобасы осы стереотип мәселесін шешіп, өзге тілден енген кірме сөздердің тілге бейімделу тетігін өз күшіне енгізуі тиіс. Оның нәтижесі қазақ әдеби жазба тілінің ұлттық негізде дамып, мәдениетінің қайта өркендеуіне септігін тигізеді.

Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастырып, нығайтуда оның түркілік бірегейлігімен байланысын анықтау үлкен мәнге ие. Қазақтың ұлттық таным-түсінігі үшін

түркі әлемінен шыққандығы оның мәдени, тарихи, тілдік, т.б. қатынастарын анықтауда ерекше маңызға ие болатыны байқалады. Осы мәнділікті сезіну 1980 жылдың соңы мен 1990 жылдың басында қазақтың ұлттық рухы ояна бастаған кезінде маңызды рөл атқарды, нәтижесінде Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алды. Қазақтардың түркілік бірегейлігі әрқашан өзінің толығу, нығаю жолын тауып отыруға тиіс, әйтпесе ұлттық сана басқа ұлттық-мәдени бірегейлікке ойысып кетуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде қазақтың ұлттық бірегейлігінің бұзылуына оңтайлы жағдайлар тудыра алады.

Қазақ халқының түркілік бірегейлігін нығайтудың маңызды тәсілдерінің бірі – қазақ тілін латын графикасына көшіру болып табылады. Жоғарыда аталған түркітілдес алты мемлекеттің төртеуі латын графикасына көшті. Олардың қатарына Қазақстанның да енуі түркі халықтарының мәдени, тілдік, тағы да басқа қатынастарын нығайтуда оң нәтиже берері анық.

Қазақстанның қазақ тілін латын графикасына көшіру арқылы кең көлемді, терең деңгейлі жаһандану үдерісіне енуі ең маңызды мәселе болып отыр. Жаһанданудың технологиялық негізі ақпараттық және коммуникативтік технологиялар болып табылады, оның қатарына компьютерлендіру, интернет, ұялы телефон, жерсеріктік теледидарлары, т.б. жатады. Кеңінен таралып, одан әрі дамып жатқан осы және басқа да технологиялар әлемдік ақпараттық кеңістікте латын графикасының қанат жаюына бірден-бір себеп болады. Латын графикасы қазіргі таңда дүниежүзі бойынша кең қолданылатын жазу жүйесі ретінде танылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі, бір жағынан, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін енуіне, екінші жағынан, Қазақстандағы ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың кең таралуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру нығайып келе жатқан тәуелсіз Қазақстанды жаңа заманауи мемлекет ретінде танытудың жолы болмақ. Бұрынғы кезде қазақ тілінің жазу-сызуын халық сыртқы күштердің, сыртқы мәдениет пен саясаттың ықпалы арқылы қабылдаған болатын. Қазір қазақ тілінің жазу формасы үшін латын әліпбиін таңдау саналы түрде, еркін жүргізіліп отыр, бүгінгі қазақстандық қоғамның болашағы жастар болса, солардың дені түгелдей латын қарпінің үдесіне ойысып, өз таңдауын жасап отырғанын соңғы жылдарғы көптеген әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелері растап отыр.

Жазу жүйесін латын әліпбиіне көшіру Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі қазақ тілінің мәртебесін нығайтуға да септігін тигізеді. Ұзақ мерзімдегі келешекте, яғни латын графикасы негізінде білім алған қазіргі балалар өмір белестеріне шыққан уақытта, тіліміздің мемлекеттік мәртебесі бұрынғыдан әрі берік нығаюын, соның нәтижесінде Қазақстан халқының жалпыұлттық, мемлекеттік бірегейлігінің жоғары деңгейге жеткенін көре алатынымызға сенімдіміз.

Сондықтан бүгінгі күні қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми негіздерін кешенді зерттеудің өзектілігі артып отыр. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары ұжымының осы өзекті мәселеге катысты жан-жақты зерттеуін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Аталмыш зерттеу тілтанушы, әлеуметтанушы, саясаттанушы, тарихшы, т.б. сала ғалымдарына, тіл және ұлт саясатын жүзеге асырушы ресми орган мамандарына,

ЖОО оқытушыларына, студенттер, магистранттар мен докторанттарға, осы мәселеге қатысты зерттеу жүргізіп жүрген барлық ізденушілерге ой салып, пайдасы мен жәрдемі тиер деп ойлаймыз.

Монографияның бірінші тарауы латын графикасы негізіндегі әліпбиді қолданудың тарихтағы тәжірибесіне, екінші тарауы латын графикасы негізіндегі әліпбиді қолданудың шетелдік тәжірибесіне, үшінші тарауы жаңа әліпбидің ғылыми-теориялық негіздеріне, төртінші тарауы жаңа әліпбидің ғылыми-практикалық мәселелеріне, бесінші тарауы болашақ жаңа қазақ әліпбиінің тиімді нұсқасын анықтау жолдарына арналады.

Оқырманға қолайлы болу үшін зерттеудің ғылыми-терминологиялық аппаратындағы кейбір спецификалық ұғым атауларының түсіндірмесі (жұлдызша (*) таңбасымен терминнің авторы) көрсетілді. Қазақша баламасы бертінде қалыптасқан кейбір терминдер мен қазақша ұғымдардың орыс тіліндегі аудармасы көрсетілген қазақша-орысша глоссарий және өзге тілді ғылыми қауымдастық өкілдері үшін арнап, орыс және ағылшын тілінде монографияның қысқаша мазмұны дайындалды.

Монография соңында Түркия Республикасының латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу тәжірибесін зерттеу бойынша кешенді ғылыми экспедиция туралы көрнекі слайдтар, Қытай Халық Республикасындағы қазақ ирредентасы шығарған «Қазақша-hanzuxa sөzдіk»-тен алынған халықаралық терминдердің латын қарпімен терілген нұсқасы, көркем әдебиет және баспасөз мәтіндері бойынша дайындалған 1932–1940 жж. латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының үлгілері, зерттеудегі лингвистикалық тәжірибенің сауалпарақ үлгісі сияқты зерттеуге қатысты қосымша мәліметтер енгізілді. Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты және оның ұжымынан құралған монография авторлары туралы ақпарат та еңбек соңында берілді.

А. Фазылжанова



ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ӘЛІПБИДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕСІ

Латын негізді түркі жазулары тәжірибесінен

Қазіргі түркі мемлекеттерінің ішінде түрік (1928 ж.), әзербайжан (1991 ж.), өзбек (1993 ж.), қарақалпақ (1993 ж.), түркімен (1993 ж.) тілдері латын әліпбиін қолданады. Қазақ жазуы – түркі тілдерінің ішінде араб әліпбиін реформалап, ұлттық жазу жасаған (1912 ж., А.Байтұрсынұлы) жұрттың соңы болса да (1929 ж.), дыбыстық жүйені толық таңбалаған латын негізді әліпби құрастырған, өзге тіл кирил әліпбиінің 33 әрпінен тұсалып, ары аса алмағанда, ең көп әрпі бар әліпби (42 әріп) болса да, тілдің фонологиялық құрамын дәл бейнелеген **парасатты жазу**. Сондықтан қазіргі жуан/жіңішке дауысты дыбысты таңбалаушы әріптері бүтін сөздің сингармотембрін анықтап тұратын идеалды қазақ жазуынан бас тартып, жаңа латын негізді жазуды қабылдауымыздың алды күнгірт болып көрінетіндігі орынды. Сол үшін жоғарыда аталған тілдердің латын графикасын қолданудың тәжірибесіне көз жүгіртіп, кемшін тұстарының себебін анықтап, жетістіктерін пайдалануға тиіспіз.

Түрік жазуы. М.Ататүрікке латынға көшу идеясын 1926 ж. Бакуде өткен конференцияға барған Мехмед Фуад Копрулу береді. 1928 жылдың 1 қарашасында М.Ататүрік «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» заң шығарады. Бұл заң бойынша, 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер латын әліпбиіне өтеді. Осы жылдың 1 маусымына дейін ғана қатар қолданылып келген араб графикасына ісқағаздар жүргізуде мүлдем тыйым салынады. Сөйтіп, Түркияда латын әліпбиіне өту кезеңі бар-жоғы 1 жылға созылады [1, 139-б.].

Түрік тілінің латынға көшуіне – батыс өркениетіне жақындау және халықтың сауаттылық деңгейінің төмен болуы, яғни мәдени-элеуметтік, сондай-ақ саяси түрткіжайт (фактор) әсер етті. «...Түрік жұртының өзге түркі халықтарымен бір мәдениетте болуды мақсат еткенінен де болды» [2, 88-б.]. Профессор Ертем Рейкін: «Біз тек әліпбиде ғана араб дәстүрінен батыс дәстүріне өткен жоқпыз, біз бұл бағытты жүйелі ұстандық, күнтізбемізді де, уақытты өлшеуді де (сағатты), өлшем бірліктерді де, тіпті кейбір атауларды да араб үлгісінен батыс үлгісіне ауыстырдық», – дейді («мәдениет» – «kültür») [2, 88-б.]. Жаңа жазумен сауаттылық 60%-ға көтерілді.

Бұрын жазуы реформаланбаған және халық сауаттылығы төмен тілдерге жаңа әліпби қабылдау нәтижелі болатынын көптеген тәжірибе көрсетіп отыр. Біздіңше, түрік тәжірибесінен мерзім тездігі мен мемлекеттік құжаттар тілін жаппай көшіру қарекетін алуға болады. Алайда түрік тіліне тән *қ, ң, х* дыбыстарынан айырылуын құптай алмаймыз.

XIX ғасырдың 90-жылдары. Түркі елдерінің тәуелсіздік алған жылдарынан кейін Түркия мемлекеті тарапынан бауырлас елдерге көмек қолы көп созылды. Бұған алғашқы болып жауап берген Өзбекстан болды: 1992 жылы Ташкентте «Орта түрік» деген журнал шығып тұрды; ортақ түркі тілі идеясын да өзбектер көтерді.

Стамбулдағы Мармара университетінде 1991 жылдың 18-20 қарашасында конференция өтті. Кейін 1992 жылы 19-21 маусымда жоғары деңгейде Үкімет делегациялары кездесті. Мұнда да және 1993 жылы наурызда болған кездесуде де (Анкарада) ортақ әліпби туралы әңгіме болды [2, 93-б.]: 34 таңбадан тұратын әліпби ұсынылды.

Әзербайжан жазуы. Әзербайжанда ХХ ғасырдың 90-ж. кирил жазуынан бас тартуды ашық үгіттеген ақын Бахтияр Вахабаде еді [2, 99-б.]. Көшу тәжірибесіне қарағанда, 1992 ж. орта мектептерде 1-сынып оқытуды латын әліпбиімен бастап, бірден емле сөздігі дайындалған [2, 101-б.]. 1993 жылдан бастап, барлық бастауыш сыныптар латын әліпбиіне көшкен. Бірақ 2001 жылға қарай елде латындану баяулайды. Осыған орай 2001 жылы Әзербайжан Республикасының Президенті Гейдар Алиев барлық баспахана өнімдерінің латын қарпімен басылатыны туралы өкім шығарады [2, 101-б.]. 2001 жылдың 9 тамызынан бастап осы күн «Әзербайжан әліпбиі мен әзербайжан тілі күні» деп саналады. Бұл шаралардан кейін латын негізді әзербайжан жазуына қайтадан жан бітіп, енді әзербайжан тілінің кірме сөздерден тазаруына, тілдің өз ішінде жетілуіне жағдай жасалғандай болады [2, 101-б.]. Барлық баспа өнімдерін латын қарпіне көшіру қызметкерлер үшін күтпеген, асығыс жағдай болып қабылданады, олар асықтырмауды сұрайды, бірақ бұл өтініштері жоғарғы билік тарапынан ескерусіз қалады [2, 102-б.]. Осындай қадамдардың негізінде бүгінде әзербайжан әліпбиі тұрақтанды. Жазу жүйесі бірізділенді. Тек кирил жазуымен шыққан бұрынғы әдебиеттерді латын графикасына ауыстыру проблемасы толық шешімін таппады [2, 102-б.]. Қайта басылатын әдебиеттердің тізімі әлі айқындалып келеді. Өйткені кирил графикасында басылу 2000 ж.-ға дейін жалғасқан [2, 103-б.].

Әзербайжан тәжірибесінен түйетініміз: орта мектептің жаңа әліпбиге ауысуы жалпы үдерістің іргетасы болады; латын әліпбиіне ауысу көптеген орыстілді әзербайжандықтардың ана тілін үйренуін тездеткен [2, 103-б.]; жаңа әліпбиге ауысу жалпы ұзақ үдеріске айналмау керектігі.

Ал графикадан кирилшеде жоғалтқан *қ* фонемасын қалпына келтірді. Бұрын *ғардашлығ, ләжағат* деп жазса, қазір *qardaşlıq, ləyaqət* деп жазады.

Шеттілдік кісі есімдері әліпби шегінде транслитерацияланады: *George Bush – Corc Buş, Gerhard Schröder – Gerhard Şröder, Jacques Chirac – Jak Şirak*.

Өзбек жазуы. Жазу ауыстыру мәселесі Өзбекстанда ХХ ғ. 90-ж. араб графикасына қатысты көтерілді. «Бірлік» қозғалысы 550 мың тиражбен араб әліпбиін үйрететін әліппе шығарады [2, 111-б.]. Бірақ Тәжікстан мен Ауғанстандағы соғыс елдің латын графикасына қарай бет бұруына түрткі болады [3].

Өзбек жазуының кирилден бас тартуы таза ұлттық патриотизмнің ашық күреске шыға алатынымен көрінді. Латынға көшу болашағы бар жазуға өтуден гөрі, орыс жазуынан қашуға көбірек ұқсады. Әрине, тілдік себептерге де иек сүйеді. Сөйтіп, 1993 ж. 2 қыргүйегінде өзбек жазуының латын графикасына өтуіне бұйрық шығады. Ал экономикалық шығын бюджеттік емес ұйымдарға салынады.

Алғашқы өзбек әліпбиінде 31 әріп, 1 дәйекше болады. Ол XX ғ. 30-жылдарындағы латын-өзбек әліпбиінен өзгеше еді. 1995 ж. әліпбиге өзгеріс енеді. Ендігі әліпби 26 әріптен, 1 дәйекшеден, 3 қосар әріптен тұрады: *sh, ch, ng*. Бұрынғы төбесінде сызығы бар *o* мен *g* таңбалары енді жазуға ыңғайлы дәйекшемен беріледі. Сонда кирил графикасын транслитерациялаған болып шығады [2, 112-б.]. Сөйтіп, 1993 ж. Анкарада келісілген ортақ әліпби жобасын бірінші болып өзбек жазуы бұзады.

Бүгінде өзбек әліпбиінің басқа түркі тілдері жазуынан айырмашылығы – диакритикалық таңбалар мен жасанды таңбалардың жоқтығында. Тек апостроф бар. Қазіргі өзбек әліпбиі сөз тұрқын ұзартып отыр: *ish (ic), uch (yu), besh (bec), shisha (shisha), shoshmoq (асығу), sharshara (сарқырама), chashma (бұлақ)*. <F> фонемасы 1993 жылғы жаңа әліпби жобасында *gh* тіркесімен, енді 1995 жылдан бері тек гәрпімен беріледі. *Ң* фонемасы *ng* тіркесімен, *o* фонемасы қазір *o* қарпімен жазылады. Бүгінде «қазіргі өзбек әліпбиіне қарағанда, өткен ғасырдағы 30-жылғы әліпби әлдеқайда жетілген еді» деген пікір басым. Себебі «онда қосар әріп жоқ, тілдің өзіне тән дыбыстарын белгілеген 34 әріп бар еді» дейді.

Жазудың тілге әсер ететінінің бір айқын дәлелі осы өзбек жазуынан көрінген. Сингармонизм заңдылығына сәйкес 9 дауыстының таңбасы болуы тиіс әліпбиде 5 дауыстының ғана таңбасы болды. Өйткені сингармонизм құбылысы экономикасы нашар аудандарда тұратын халық диалектісінде ғана болды да, ал ірілене бастаған қала тұрғындары тіліне иран тілінің әсері басым түсіп, 6 дауыстымен айтылатын тіл әдеби тіл ретінде қабылданады. Сөйтіп, 1934 жылдан бастап өзбек жазуында *a, o, y* және *ы* әріптері таңбаланбайды. Сол себепті бүгінде өзбек тілі түркі тілдерінің ішінде сингармонизм құбылысын жоғалтқан чуваш тілінен кейінгі тіл деген пікір бар. Дегенмен, өзбек әліпбиінің тілдің фонетикалық жүйесіне сәйкес еместігі XX ғ. 80-ж. бастап жиі айтылды.

Кирил жазуы кезінде, мысалы, а) [*a*] дыбысын |*a*| әрпімен беру, |*o*| емес (*бой, ой, сой емес*) <*a*> фонемасының еріндік мәнермен айтылуы Самарқан мен Бұхар диалектісінде ғана кездеседі екен. Қалған диалектілерде ашық, езулікпен айтады, ендеше осы диалектілік ерекшелікті жазуда сақтаудың мәні аз.

1) [*ā*] дыбысын беру үшін |*ə*| әрпін алу: *экә, әли, әллә, әмәки*;

2) *ў* әрпінің қызметін |*o*| және |*ø*| әріптеріне беру, яғни *ўрақ* емес *орақ*, *бўл* емес *бол*, *ўл* емес *ол*, *ўрик* емес *өрик*, *ўрдақ* емес *өрдәк* т.с.с. Бұл барлық негізгі диалектілерде бар. Тек Самарқан мен Бұхар диалектісінде осы айтылым сақталған;

3) *ж* әрпімен бірге *жун, жәбір, жәр* сияқты өзбек төл сөздерін жазатын |*ж*| әрпін алу;

4) *нг* әріптіркесі орнына |*н*| әрпін алу;

5) Н.А. Баскаков ұсынғандай, *e, ё, ю, я* әріптерінің құрамын ашып жазу: *йәхши, йетти, йоқ, йурәк, йаман*.

6) жіңішке [*u*] фонемасы үшін →|*u*| әрпін, жуан [*ы*] үшін →|*ы*| әрпін қабылдау: *иш, барамыз, кыр*;

7) [y] әрпін [ʏ] әрпімен қалдыру (*кур, ун, тур*);

8) [i] фонемасы үшін [y] әрпін қабылдау: *үн, тұр, түз* [3, 10-б.] сияқты ұсыныстар айтылды.

Бұл өзбек әліпбиі *щ* әрпін қабылдаған жоқ. Басқа түркі тілдерінде бар *h* әрпі болмаған. Сонда орыс әліпбиінің 31 әрпінің үстіне *қ, з* және құйрықты *х* таңбаларын алған.

Өзбек жазуын жетілдіретін жоғарыдағы ұсыныстар тағы ұсыныс күйінде қалды. Бүгінгі латын жазуында кирилде айқындап алған 5 дауысты фонема ғана белгіленді: (*э*), *i, a, o*, ұдауыстылары қазіргі өзбек әліпбиіндегі мына таңбаларға сәйкес жазылады: *a, e, i, o, u* (*a-o: alma- olma*), алб, ч, д, ф, г, з, h, дж, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, ш, т, в(*y*), х, з, й дауыссыздары мына таңбалармен берілген: *b, ch, d, f, g, h, j, k, q, l, m, n, ng, p, r, s, sh, t, v, x, z, y*.

Тек кирил жазуындағыя, ю, ё әріптерінің құрамы көрсетіліп жазылады: *yalla, yahshi* (*йахши*), *yashil, yakshanba* (*жексенби*), *yuз* (*жүз*), *yuk* (*жүк*), *yuboratan* (*жиберемін*), *yulduz* (*жұлдыз*), *yulduzcha* (*жұлдызша*), *yoз* (*жаз*), *yoki* (*яки*), *yomon* (*жаман*), *yordam* (*жәрдем*), *ayol* (*әйел*), *yosh* (*жас*).

E фонемасы сөз басында дифтонг түрінде таңбалады: *yer* (*жер*), *yeti* (*жети*), *yetmish* (*жетмиш*). *Ц* әрпі *s* және *ts* болып жазылады. *X* мен *х* әріптері *x* арқылы және *h* әрпімен берілді: *sirk, mototsikl, tsement, sisterna, sirkul, tsellofan* және *sellofan, silindr, sitrus, sellyuloza*.

Мысалы, қазіргі өзбек мәтіндерінің жалпы графикалық тұрпаты мынадай: *Qadirli vatandoghoshlar! Muxtaram mexmonlar! Tabiyat oyg'anip bog'uro'g'lar, dastu-donlar yashil libosga burkanip bahor nafasi quyoshning tafti tobo'ra kuchayib boroyotkan shu yoruq kunlarda siz azizlarni sizlarning timsolizda butun xalqimizning yurtimiz kirip kelayotkan Navro'z olam bilan chin qalbimdan muborak etishtan baxtiyorman. Xalqimiz doimo orziqip, intizor bolip kutadigan yangi kun va yangi fasil debochasi Sharqona yangiyilning boshlanishi bolmish Navro'z ayomi ozining mano, mazmuni korku tarovati, teran falsafasi bilan boshqa bayramlar orasida a'loxida orin tutadi desak hech qanday hato bolmaydi. Nega deganda?*

Осы түзетілген әліпби нұсқасы 1995 ж. мектепке барған 1-сыныптан бастап оқытылды. 2000 ж. дейін жалпы көпшіліктің латын жазуын меңгеруі жоспарланды. Ал латынға көшудің соңғы мерзімі 2005 жылдың 1 қыркүйегі болып белгіленген еді [2, 283-б.]. Ұлттық қағаз валюта кирилмен, монета екі графикамен де жазылған [2, 283-б.]. Қазіргі өзбек жазуы графикадағы толық еркіндік үлгісін көрсетеді.

Өзбек тәжірибесінен түйетініміз: жазуда демократтық бағытты ұстанбау керектігі.

Түрікмен жазуы. XX ғасырдың 90-ж. бұл ел – араб графикасына өтуді ұсынбаған түркі мемлекеттерінің ішіндегі бірден-бір ел [2, 120-б.].

Түркия Президенті 1993 ж. Түркіменстанға барғанда, Түркіменстан Президенті оған ерекше сый жасайды: түркімен әліпбиін латынға көшіру туралы бұйрыққа қол қояды. Латын әліпбиімен жарық көрген алғашқы кітап – Президенттің өз кітабы болды [2, 121-б.].

Әліпбиде түркімен тілінің өзіне тән *ә, дж, ң, ө, ү, ч, ы* фонемаларына әріп бар. Бірақ 1929 ж. латын жазуында болған *з, қ* дыбыстарының әрпі болмады (өйткені кирил жазуы тұсында да болмаған еді). Яғни, мұнда да кирил жазуын калькалады деуге

болады. У графемасымен <ы> фонемасын таңбалағандықтан, дауыссыз <й> дыбысына у әрпін жасады. Дауыссыз у фонемасына w графемасын берді. Сонда түркімен жазуы оғыз тобындағы тілдерден ж дыбысын ž-пен, дж дыбысын j-мен, ы дауыстысын у-мен белгіленуі арқылы өзгешеленеді.

Түркімен әліпбиінен түйетініміз: кирил жазуындағы екі фонеманы бір әріппен беретін «дәстүрден», мысалы, у дауыстысы мен у дауыссызына жеке әріп арнап қол үзуге болады.

Қарақалпақ жазуы. Қарақалпақ әліпбиі өзбек жазуына қарасты болса да, тілдің өзіне тән <ә>, <е>, <қ>, <ң>, <ө>, <ү> фонемаларына әріп арналды. Дауыстылар өзбек әліпбиіндегідей апострофпен берілді, дауыссыздар апострофпен де (g', n'), әріп тіркесімен де (ch, sh) таңбаланды.

Барлығы – 32 әріп: Aa A'a' Bb Ch ch Dd Ee Ff Gg G'g' Hh İi Iı Jj Kk Ll Mm Nn N'n 'Oo O'o 'Pp Qq Rr Ss Shsh Tt Uu U'u' Vv Yy Xx Zz.

Қазіргі қарақалпақ мәтіндерінің графикалық тұрпаты мынадай болып келеді: *Jayxun jag'asında o'sken bayterek, Tu'bi bir, shaqası min'bolar demek. Sen sonday sayalı, quyashlı elsen', Tınıshlıq ha'm ig'bal sendegi tilek. Dıyxan baba na'pesi bar jerinde, Juwsan an'qıp, kiyik qashar sho'linde. Qaraqalpaqstan degen atın'dı, A'wladlar a'diwler ju'rek to'rinde. Aydın keleshekke shaqırar zaman, Ma'rtlik miynet, bilim jetkizer og'an. Xalqın' bar azamat, dos ha'm miyirban, Erkin jaynap-jasnap, ma'n'gi bol aman. Dıyxan baba na'pesi bar jerinde, Juwsan an'qıp, kiyik qashar sho'linde.*

Кирилдегі u, y әріптерінің құрамы ажыратылып жазылады: *dıyxan, juwsan, kiyik.*

Қарақалпақ жазуынан түйетініміз: кирил жазуындағы u, y әріптерінің құрамын ажыратып жазу тәжірибесін алмасуға болады.

Сөйтіп, біз төменде мемлекеттік және жергілікті тіл болып табылатын түркі тілдерінің өздеріне тән фонема таңбаларының салыстырма кестесі мен латын графикалы түрік (1928 ж.), әзербайжан (1991 ж.), өзбек (1993 ж.), түрікмен, қарақалпақ (1993 ж.) әліпбилерінің салыстырма кестесін бердік.

Мемлекеттік және жергілікті тіл болып табылатын түркі тілдерінің өздеріне тән фонемаларының салыстырма кестесі

түрік	қырғыз	түрікмен	башқұрт	әзербайжан	қарақалпақ	ногай	қарайым-бұлғар
a	a	a	a	a	a	a	a
-	-	ä	ə	ə	ə	аь	ə
ü	ү	ү	ү	ү	ү	уь	қ
-	к	-	(к)	-	к	-	қ
-	ң	ң	ң	-	ң	нь	-
ö	ө	ө	ө	ө	ө	оь	ө
-	ғ	-	ғ	ғ	ғ	гь	-

Көріп отырғанымыздай, түркі тілдерінің өзіне тән фонемалары бәрі бірдей төл әліпбилерінде көрініс таппаған. Көрініс тапқандарының өзі әртүрлі әріптермен бейнеленген.

*Латын графикалы түрік (1928 ж.), әзербайжан (1991 ж.),
өзбек (1993 ж.), түрікмен, қарақалпақ (1993 ж.) әліпбилерінің
салыстырма кестесі*

<i>түрік</i>	<i>әзербай.</i>	<i>өзбек</i>	<i>түрікмен</i>	<i>қара- қалпақ</i>	<i>қазақ</i>	<i>фонема</i>
a	a	a	a	a	a	a
b	b	b	b	b	b	б
c	c	-	j	-	-	дж
ç	ç	ch	ç	ch	-	ч
d	d	d	d	d	d	д
e	e	e	e	e	e	е
g	g	g	g	g	g	г
ğ	ğ	g'	-	g ^ç	ğ	ғ
h	h	h	h	h	h	х, һ
ı	ı	-	y	ı	ı	ы
i	i	i	i	i	i	і, и
j	j	j	?	j	j	ж
-	q	q	-	q	q	к
k	k	k	k	k	k	к
l	l	l	l	l	l	л
m	m	m	m	m	m	м
n	n	n	n	n	n	н
-	-	ng	ñ	n ^ç	ŋ	ң
o	o	o	o	o	o	о
ö	ö	o	ö	o	ö	ө
p	p	p	p	p	p	п
r	r	r	r	r	r	р
s	s	s	s	s	s	с
ş	ş	sh	ş	sh	ş	ш
t	t	t	t	t	t	т
-	-	-	-	-	u	у
ü	ü	-	ü	u ^ç	ü	ү
v	v	-	-	v	v	в
y	y	y	ÿ	y	y	й
z	z	z	z	z	z	з
-	ə	-	ä	a ^ç	ä	э
-	x	x	-	x	-	х
u	u	v	w	v	w	у

Латын графикасына бүгінде негізінен оғыз тобындағы тілдер өтіп отыр. Келешекте қыпшақ тобындағы тілдер өту үшін төменде көрсетілген әріп айырмашылықтарын болдырмаудың мүмкіндігі бар. Сондықтан кестенің сол жағында латын негізді жоба әріптер берілген.

*Қазіргі қыпшақ тобы тілдерінің әліпбилеріндегі
айырмашылықтар және ортақ әліпби жобасы*

<i>латын жобасы</i>	<i>қазақ</i>	<i>қырғыз</i>	<i>ноғай</i>	<i>татар</i>	<i>башқұрт</i>
a	a	a	a	a	a
ä	э	-	аь	э	э
b	б	б	б	б	б
v	в	в	в	в	в

	Г	Г	Г	Г	Г
g	Ғ	-	-	-	Ғ
d	Д	Д	Д	Д	Д
j	Ж	Ж	Ж	Ж	Ж
z	З	З	З	З	З
y	Й	Й	Й	Й	Й
i	И	И	И	И	И
к	К	К	К	К	К
q	Қ	-	-	-	-
l	Л	Л	Л	Л	Л
m	М	М	М	М	М
n	Н	Н	Н	Н	Н
ŋ	Ң	Ң	НЬ	Ң	Ң
o	О	О	О	О	О
ö	Ө	Ө	ОЬ	Ө	Ө
p	П	П	П	П	П
r	Р	Р	Р	Р	Р
s	С	С	С	С	С
t	Т	Т	Т	Т	Т
u	Ү	-	-	-	-
ü	Ү	Ү	УЬ	Ү	Ү
w	У	У	У	У	У
f	Ф	Ф	Ф	Ф	Ф
-	Х	Х	Х	Х	Х
-	Ц	Ц	Ц	Ц	Ц
-	Ч	Ч	Ч	Ч	Ч
ş	Ш	Ш	Ш	Ш	Ш
-	Щ	Щ	Щ	Щ	Щ
-	Ъ	Ъ	Ъ	Ъ	Ъ
ı	Ы	Ы	Ы	Ы	Ы
ı	І	-	-	-	-
-	Ь	Ь	Ь	Ь	Ь
-	Э	Э	Э	Э	Э
-	Ю	Ю	Ю	Ю	Ю
-	Я	Я	Я	Я	Я
h	Һ	-	-	Һ	Һ
c	-	-	-	Ж	-
ç	-	-	-	-	Ç
ç					Ç

Мысалы, қазақ тіліндегі мәтін: *Türki tilderi bir negizden tarağanımen, qazirgi ömir sürip otıran tuwıstas tilderde fonetiikalıq-leksiyikalıq, grammatiyikalıq turğıda özgeşelikleri men ayırmaşılıqtarı orın alatını sözsiz. Sebebi är tildin damuw, qalıptasuwinında erekşelik kezdesedi jane ol sol tildin zañdılıǵına qatıstı boluwı mümkin. Bul maseleler tariyhiy-salıstırmalı zerttewlerge negiz boladı.*

Бұл тілдердің ішінде қыпшақ тобынан алшақ жататын қырғыз тілі бүгінде географиялық орналасуына қарай қазақ тіліне жақын тілдің біріне айналды. Сондықтан бірлестіруге, қосуға болады. Мысалы, қазіргі қырғыз әліпбиінде 8 фонеманы (*z-z, q-k, i-u, y-ı*) таңбалайтын 4 әріпті (*z, k, u, y*) 8 әріппен беруге мүмкіндік бар. Графемасы қазақ әліпбиімен бірдей *н, ө, ү* әріптері бар.

Ал XX ғ. 80-ж. аяғында татар ұлттық қозғалысы басталғанда, кирил-татар әліпбиіне енді 3 әріп қосып жетілдіруге болатыны жайлы ұсыныстар айтылған [2, 109-б.]. XX ғ. 90-ж. яналифке қайта оралу да ұсынылды. 1997 ж. делегаттар латын графикасына өтуді бірауыздан қолдағанмен, 2002 ж. Ресей Президенті В.Путин «РФ

халықтары тілі туралы» Занда кирил графикасы қолданылады деп бекітті. Кейін бұл мәселе қайта көтеріліп, 2011 ж. дейін татар жазуы латын графикасына өтуді жоспарлаған болатын [2, 110-б.]. Алайда қазір татар халқының жоғары сауаттылығы мен баспа ісінің дамуы жаңа жазуға көштірмейтін күшті аргумент болуда [2, 105-б.]. Дегенмен қазірде кирил жазуымен татар тілінде 10 мың кітап шықса, ХХ ғ. 30-ж. латын жазуымен 7 мың кітап шыққан екен. Ендеше сол 7 мың кітапты қайта иеленуге мүмкіндік туады деген сөз [2, 284-б.]. Қазір татар тілінде интерференция проблемасы күшейген, яғни татар мәтінін орыс мәтінін оқығандай оқу тілдің саламаттығына қауіп төндіре бастады.

Жалпы әлемдік тәжірибе әліпбидің ұлттық сипаты болуы үшін кірме сөздерді әліпби шегінде таңбалау керектігін көрсетіп отыр. Сондықтан қазақ жазуы латын әліпбиін қабылдап, кірме сөздерді орыс орфографиясымен жазуды тоқтатады деген сеніміміз бар.

Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі (1929-1940 жж.)

1928 жылы Жоғарғы Орталық Комитеттің (ВЦКНТА) ұйымдастыруымен Баку қаласында бүкіл түркітілдес халықтардың әліпби жобалары сарапталады. Отырысқа келген әр елдің өкілі өз елінде болып жатқан саяси-мәдени шара жөнінде баяндай отырып, латын графикасына негізделген әліпби жобаларымен таныстырады. Ал Қазақстаннан барған Ораз Жандосов 28 әріптен тұратын жобаны ұсынады (Жоба Ә.Байділдәұлы, Т.Шонанұлы, І.Қайменұлы, І.Жансүгірұлы, Ж.Токжігітұлдарының қатысуымен жасалған): а <а>, в <б>, с <ш>, с̣ <ж>, d <д>, e <е>, g <г>, <ғ>, h <х>, i <і>, k <к>, q <қ>, l <л>, m <м>, n <н>, ŋ <ң>, o <о>, ø <ө>, j <й>, p <п>, r <р>, s <с>, t <т>, u <ұ>, u <у>, y <и>, z <з>, ь <ы>.

Мамандар әліпби құрастыруда және таңба таңдауда *лингвистикалық* (әліпбидегі әріптер тілдің табиғатын, құрылымын толық бейнелеу, бір-біріне жақын, ұқсас таңбаларды алмау, вокализм, консонантизм сияқты фонетикалық белгілерді адекваттық (барабар) мағынада қолдану, бір мағынада жұмсалатын көпәріпті таңбаларды алмау, яғни бір бірлік бір таңба болуы және жиі кездесетін фонемалардың таңбалары қарапайым әрі жеңіл, ал сөзде немесе сөйлемде жиі кездеспейтін таңбаларды күрделі таңбамен беру), *педагогикалық* (әріптерді таңбалағанда, оларды тез тану және жазу оңтайлы болуы), *полиграфиялық-техникалық* (әріп кескіні литерден аспау; әріптің пішіні бүтін болу; диакритикалық белгілерді шектеу. Мысалы, *ä* әріпүсті таңбасы полиграфиялық жағынан тиімсіз; жазу экономиясына зиян келтіретін диграф, триграф (*sh, sch*) тәрізді белгілерді алмау; экономикалық, өндірістік жағдайларға тиімді болу; жоласты, жолүсті белгілерді шектеп қолдану), *графикалық* (әр таңбаның өзіне тән белгілі бір ерекшелігі болуы; таңбаның қарапайым әрі оңтайлы болуы; таңбалар мәтінде үйлесімді құрылуы және т.б.) сияқты түрткіжайттарға (факторларға) баса назар аударылуы тиіс деп көрсеткенімен, 1929-1940 жж. латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінде сәтсіз шыққан таңбалар да болған. Ол – *ɣ* дыбысының таңбасы. *Қ* (*q*) және *ɣ* әріптерінің кескіндерін ұқсаттыру мақсатында *q* таңбасын модификациялай отырып, *ɣ* дыбысына мынадай таңба жасалады: *Q*. Жазу тәжірибесінде бұл таңба қолайсыздығымен, ыңғайсыздығымен ерекшеленді. Яғни *o* және *j* әріптері сөз

ішінде бірге (*oj – ой*) келгенде, *э* әрпінің тұрпатына ұқсас болып кеткен *oj*. Бұл графема өз кезегінде полиграфиялық жағынан да сәтсіз шыққан деп бағаланған болатын. Сондай-ақ әліпби құрастыру барысында *э, ң, ж* дыбыстарына әріп таңдау күрделі мәселелердің бірі болды. Ә үшін латын стандартындағы таңба емес (*ä*), түркі кеңесі ұсынған *э* таңбасы алынады. Ал таңбалар мәтінде оңтайлы әрі үйлесімді құрылуы үшін *ң* және *ж* дыбыстарының таңбалары *η* және *ç* түрінде қабылданады.

Сонымен, әліпби жүйелерін салыстыра, қағидаттарын (принцип) белгілей отырып, қазақ тілінің төл дыбыстарын бейнелейтін *29 таңба* алынады. Осыдан кейін ресми түрде барлық мерзімді басылым беттерінде қазақтың жаңа әліпби жүйесі жарияланады. Қабылданған әліпби тілдің дыбыстық жүйесінен ауытқымайды, ережесі де, әліпбиі де ұлттық дыбыстардың негізінде жасалады.

Аталған кезеңде ауызша тілдің қызметі басымырақ болып, сөздердің дыбыстық жағынан өзгерген түрлері молынан қолданылды. Тілдік материалдардан байқағанымыз – 1938 жылға дейін кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына толықтай бағындырылды. 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздердің дыбыстық құрамы мен тұлғасы өзгеріп, сындырып («қазақшалап») жазу үрдісіне бағынды. Алайда әліпби мен емле қабылданғаннан кейін жазу тәжірибесінде бірқатар қиындықтар орын алады. Ол, әсіресе, шет тілінен енген сөздерді жазу барысында кездесті. Оның себебі – орфографиялық принциптің дұрыс таңдалмауында және кейбір әріптердің жетіспеуінде жатты. Шет тілінен енген сөздерді жазуда негізгі принцип фонетикалық болғандықтан, кірме сөздерді әркім өзінше естіп, өзінше таңбалады. Сондықтан мерзімді басылымдарда кірме сөздер екі-үш, кейде одан да көп нұсқада жазылды (*папирос* сөзі – *раперосън /рапъјрос /рапърос* түрінде, *динамит* – *дыјнатъјт /дјјнатит* т.б.). Шет тілінен енген сөздерді дұрыс жазуға бағыттайтын арнайы ережелер де болды, бірақ оның дағдыға айналып кетуі біраз уақытты талап етті. Мысалы, 1929 жылы орыс тіліндегі *в* дауыссыз дыбысының қазақ тілінде игерілуі мынадай ережеге құрылды:

1. Сөздің басында еріндік және езулік [*б*] дыбысына алмастырылады: *волость* – *болыс*, *валюта* – *балута*, *вариант* – *бариянт*, *выставка* – *быстапка*, *варваризм* – *барбаризм* т.б.;

2. Әлсіз позицияда [*в*] дыбысы түсіріліп таңбаланады: *взвод* – *ызбот*;

3. Интервокалдық жағдайда [*в*] дыбысы у-ға алмастырылады: *Москва* – *Мәскеу*, *самовар* – *самаурын*, *завод* – *зауыт* т.б.;

4. Сөздің аяғында және ортасында [*л*] арқылы беріледі: *коллектив* – *көлектіп*, *кооператив* – *көператіп*, *выставка* – *быстапка*, *негатив* – *негатіп*. Көріп отырғанымыздай, орыс тілінен енген сөздерді қазақ тілінде дұрыс игеру үшін бірнеше ережені білу керек болды. Сондықтан 1938 жылдың орта тұсында шет тілінен енген сөздерді дұрыс таңбалау үшін, жазуды оңтайлы ету үшін «түпнұсқалыққа жақындық» принципі таңдалып, үш (*в, ф, х*) әріптің таңбасы алынып, әріптің саны жағынан артқаны белгілі (32 әріп болады). Сонымен, *в, ф, х* таңбаларының қабылдануының басты себебі қазақ тіліндегі діни, кітаби лексиканы және орыс тілінен енген сөздерді дұрыс жазуға бағыттау болатын.

Ғалымдар арасында көптеген пікірталас тудырып жүрген *и, у*-дың жазылуында да реформа жасалған еді. 1938 жылға дейін *и* және *у* дыбыстары қосар таңбамен таңба-

ланғаны белгілі, яғни *комитет, институт* т.б. сөздердегі [u] дыбысы және *туралы, ескерту* тәрізді сөздердегі [y] дыбысы қосар таңбамен, яғни [u] дыбысы сөздің жуан және жіңішкелігіне қарай *ый, ій* түрінде, ал [y] дыбысы *ұу, үу* түрінде таңбаланды. Мысалы, *pylarmonya* (пыйлармонья), *kəvijnet* (кэбийнет), *ujrenyv* (үйренуу), *өндіруу* (өндіруу), *respobiljke* (респобілійке), *ekanomijke* (еканомійке), *kəmiotet* (кэмійтет), *pəlijmetal* (пөлійметал), *kəmvijnat* (кэmvійнат), *pyrapsəjəz* (пырарсөйөз); *tuvralь* (тұуралы), *eskertuv* (ескертүү), *aluv* (алұу), *oquvсь* (оқұушы) т.с.с.

1933 жылдан бастап мерзімді баспасөз беттерінде дыбыстардың емлесі туралы түрлі мақалалар жарық көреді. Бірсыпыра ғалымдар [u], [y] дыбыстарын қосар әріппен таңбалау керек десе, екіншілері [u], [y] дыбыстарын бір таңбамен таңбалауды ұсынады. Сондай-ақ осы дыбыстарды жарты дауысты дыбыс демей, оған толық дауысты дыбыс деген мәртебе беру керек дейтін пікірлер де болады. Біраз пікірталастан соң, 1938 жылы [u], [y] дыбыстарының жазылуына да өзгерістер енгізіледі. Жаңа ережеде қос таңбалар ажыратылып, ол дыбыстар жеке-жеке бір таңбамен берілуі тиіс екені көрсетіліп, мұндай жазу жүйесі грамматологиялық тұрғыдан тиімді екені дәлелденеді. Сондықтан бұрынғы *ұу, үу, у* таңбаларын барлық жерде *и*-мен және *ьj, ij, j* таңбалары барлық жерде *i* таңбасымен таңбаланатын жазу жүйесі енгізіледі. Осы кезден бастап қазіргі кезге дейін *и, у* дыбыстарын осы жүйе бойынша таңбалап жүрміз.

Қазақ әліпбиі құрамына қазақ тіліне мүлде жат *ц, ё, иц, э, ь, ь* тәрізді таңбалардың барлығы кирил графикасына негізделген қазақ жазуына көшкеннен кейін енгізілгені белгілі. Кирил әліпбиінің түркі тілдеріне сәйкес келмейтін тұстары көп. Мысалы, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздардың фонологиялық қарама-қарсылығы бар болса, қазақ тілінде мұндай жоқ. Жіңішке дауыссыздарды таңбалайтын арнайы әріптер болмағандықтан, орыс тілінде жіңішке дауыссыздарды белгілеу үшін *ь* белгісі қолданылады. Мысалы, *быть, моль, резьба*, сондай-ақ *ё* тәрізді арнайы графемалар дауыссыздың жіңішкелігін білдіреді (*учёт*) т.б. Аталған тіл ерекшеліктері ескерілмей, орыс тілінің *ц, ё, иц, э, ь, ь* тәрізді қосымша таңбалары қазіргі қазақ жазуында сақталған. Әрине, бұлар қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейді. Жазуды күрделендіруімен қатар, көптеген шатасушылық туындатып, тілдің өзіндік табиғатына елеулі нұқсан келтіреді. Осыған байланысты түркітанушы ғалымдар түркі тілдерінде кирил әліпбиі қолданыла бастағаннан бері бұл әліпбидің түркі тілдері үшін тиімсіз екенін, оны ең болмағанда өзгерту, жетілдіру қажеттігі жөнінде айтумен келеді.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді таңбалау механизмдерін «бұрынғы латын» тәжірибесінен алуға болады. Мысалы, 1938 жылы *ё* – сөздің басында және дауысты дыбыстан соң «и+о» қосындысы арқылы берілді: *iolka, poiom* т.б. Ал дауыссыз дыбыстан кейін келген жағдайда *ө* таңбасы арқылы жазылды: *aktər, mantər, pulemət, katəl, Potəmkin, Budənni* т.б. Сонымен қатар [y]-ның жазылуы былайша болды: аталған кезеңде *ц* дыбысы сөз басында негізінен *с* әрпімен берілді: *центр – sentir* (сентір), *цивилизация – siviļizatsija* (сибийлізатсйя), *центнер – sentiner* (сентінер). *Кварц, жрец* сияқты сөздердің аяғындағы *ц – тс* арқылы берілгенін көреміз: *Жрец – çirets (жцрптс), кварц – kvarts (кбарптс), терция – tertsiya (терптсйя)* т.б. Тек *шіркеу* (церковь) сөзінің қазақ тіліне ену үдерісі күрделі болып

табылады. Ғалымдардың пікірінше, *шіркеу* сөзі бірінші татар тілінен барып, кейін қазақ тіліне ауысқанын айтады. Мысалы: *церковь – чиркау, чиркяу, шіркеу*. Осындай жазу механизмдерін болашақ латын графикасына негізделген қазақ жазуында қолдануға болады деп ойлаймыз. Ал қазіргі әліпбидегі «ь» (жіңішкелік белгі), «ъ» (жуандық белгі) әріптік таңбаларының болуы дұрыс емес екенін атап өткіміз келеді. Қазақ тілінде араб жазуы, латын жазуы болған кездің өзінде бұл таңбалар ешқашан да қолданылған емес, өйткені қазақ тілінде дауыссыздардың жіңішкелігі қатар тұрған дауыстылармен анықталады. Осыған қарамастан кирил графикалы қазақ жазуында бұл таңбалар бар, аталған таңбалар өз кезегінде советизмдерді, интернационализмдерді орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін қолданылған.

XX ғ. басындағы әліпби туралы айтыстар, орфографиялық мәселелер

А.Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне ыңғайлап, графиканы жетілдіреді [4]. Ол қазақ зиялыларының арасында қызу қолдау тауып, ерекше ілтипатпен қабылданады.

А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ әліпбиінің ережелері мен принциптері алғаш рет 1924 жылғы 12-18 маусымында Орынборда өткен қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде қабылданады. Профессор Е.Д.Поливанов А.Байтұрсынұлы әліпбиін: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я, во всяком случае, считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские (казахские – автор) деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием» – деп, жоғары бағалайды. Бірақ осы кезде басқа түрік елдерінде латын графикасына көшу мәселесі қозғалып жатқан болатын. Қ.Жұбанов: «Мұнан бас тартып, латын әліпбиін қабылдауымызға ұйтқы болған Қазақстан емес, Бүкілодақтық орталық жаңа Алфавит комитеті Ғылыми кеңесінің қысымы... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбиімізге де өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ әліпби біткенге бірдей үйлесімді», – дейді [5, 22-б.].

Түркі тілдерінің ішінде латын жазуына көшуді бірінші болып әзербайжандар көтергені белгілі. Түркі халықтарының жазуын латын негізді әліпбиге ауыстыру мәселесін XIX ғасырдың соңында әзербайжан қайраткері Ахунды бастаған болатын. 1922 жылы Нариманұлы Нариман Баку қаласында латын әліпбиін жақтап баяндама жасап, оның басшылығымен құрылған комиссия кейін «Латын әліпбиін жүзеге асыратын комитетке» айналады. Осыдан соң латын әліпбиімен сауат ашылып, оқулықтар, кітап, газет-журналдар жарық көре бастайды. Бұл мәселе түрік, балқар, чуваш т.б. елдерінде қолдау тауып, олар да латын әліпбиіне көшеді. Сөйтіп, бүкіл түркі жұртшылығы латын әліпбиіне көшуі керек деген мәселе көтеріледі. Латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Профессор Е.Д.Поливанов түркі тілдерінің арасында әліпби ауыстыру мәселесін ең алғаш әзербайжандар көтергенін айта келіп, бұл ша-

раны қазақтар мен татарлардың көпке дейін кешіктіргенін айтып, оның объективті себептерін көрсетеді. Ғалым жазуын реформаламаған халық жаңа графикаға әуес келіп, оңай ауысатынын, ал жазуы дұрыс тіл өзге графиканы құп көрмейтінін айта келіп, бұл орайда татарлар мен қазақтардың жазуы біршама тұрақтанғанын, әсіресе қазақтардың жазуы таңбалау жағынан, жазуға қойылатын талаптарды өтеуі жағынан басқа жазулардан әлдеқайда озық тұрғанын айтады.

1926 жылы Баку қаласында Бүкілодақтық I түркологиялық съезд шақырылады. Бұл съезден бұрын Орта Азиядағы түркі елдері әңгімені бір жерден қорытып алу мақсатымен Самарқанда жиылады. Жиылысты ұйымдастырушы өзбек өкіметі болды. Оған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстаннан өкілдер қатысады.

Жиылыста:

- 1) жаңа әліпби латын негізінде алынсын;
- 2) жаңа әліпби үндестік заңына бағындырылып алынсын;
- 3) бір дыбысқа бір әріп алынсын;
- 4) әріпке жаңадан үтір, ноқат т.б. белгілер қойылмасын;
- 5) түрік елдерінде бірдей айтылатын дыбыстардың таңбалары да бірдей болсын;
- 6) бас әріп алынбасын, – деген қаулы қабылданады.

1926 жылғы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Баку қаласында өткен Бүкілодақтық I түркологиялық съезде латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесі ерекше сөз болады. Съезге К.К.Юдахин, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.И.Ашмарин, Л.В.Щерба сынды Ресей ғалымдары, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Н.Төреқұлов, Б.Сүлейұлы тәрізді қазақ білімпаздары қатысады. Оған Қазақстаннан 4 өкіл жіберіледі. Олар: 1. Төреқұлұлы Нәзір; 2. Омарұлы Елдес; 3. Байсейітұлы Әзіз; 4. Сүлейұлы Біләл. А.Байтұрсынұлы, Е.Омаровтар нақты дәлелдер келтіріп, араб әліпбиінің артықшылықтарын көрсетіп, латын графикасына көшудің қажетсіздігін дәлелдейді. Алайда үкімет орындары латын графикасын жақтағандықтан, съезд қорытындысы бойынша латын жазуына көшу туралы қаулы қабылдайды. Құрылтай қарарында латын әліпбиін түзуде мынадай басты принциптерді ұстану тапсырылады: орыс графикасының әріптерін алмау, кірме сөздерді үндесім заңына бағындыру, бірдей дыбыстарға әріп алмау, диакритикалық таңба алмау, созылықты дауыссыздарды белгілемеу, қосар әріп алмау, жіңішке дауыстыға таңба алмау, морфологиялық принципті *ярнақ-япрақ, торпақ-топрақ* деген сияқты сөздердің әдеби вариантын табу үшін пайдалану, дұрыс айту нормасын қалыптастыру, кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру немесе кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (*волкан*, вулкан емес, *маскерад*), кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде *г, һ, ө, й* болмағандықтан, *Heine – Гейне, Hügo – Гюго* болып жазылады), халықаралық сөздердің соңындағы дауыстыны қысқарту: *вакансия – ваканс, пианино – пианин, фортепиано – фортепиан*, кірме сөздерде *о* әрпі тұрса, [о] дыбысы етіп айту.

Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін қазақ жазуын латын графикасына көшіру шаралары белсенді түрде жүзеге аса бастайды. 1926 жылы Қазақстанда Жаңа әліпбишілер қоғамы құрылады. Оның құрамында Ж.Чомбалов, Ә.Сейдалиев, Т.Рысқұлов, Т.Шонанов, А.Байсейітов, Ә.Байділдәұлы, Е.Мұқанов, Б.Майлин, А.Сегізбаев, Е.Алдоңғаров, Б.Байтоғасов, Шарипбаев, Б.Малдыбаев, И.Бекенов, К.Арынғазиев т.б. болады [6].

Жаңа әліпбишілер қоғамының мақсаты:

1) қазақтардың арасында латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу идеясын насихаттау;

2) баспа өнімділігін арттыру, қазақ халқының әлемдік мәдениетке жетуі жолындағы жұмыстардың қарқындылығын арттыру, сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында латын графикалы жаңа әліпбиді енгізуге қажет алғышарттар дайындау;

3) латын графикасына негізделген әліпбидің қазақ халқының арасында тез таралып, насихатталуы үшін негіз жасау [6].

Осы кезде баспасөз беттерінде әліпби мен емлеге байланысты қызу айтыс-таластар болады. Газет бетіндегі мақалаларды саралау барысында араб әліпбиін жақтаушылардың қатарында: А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, А.Байтасұлы, І.Ахметұлы, М.Бұралқыұлы, П.Ғалымжанұлы болғанын, ал латын әліпбиін жақтаушылар: Ә.Байділдәұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төреқұлов, О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, І.Қайменұлы т.б. болғанын көреміз.

Баспасөз бетіндегі айтыстардың қорытындысы 1927 жылы әуелі Ташкентте, кейін Қызылордада өткен конференцияларда талқыланады. Латын әрпін жақтаушылардың бірі – Ә.Байділдаұлы жаңа әліпбиге көшу себебіміз – бұрынғы араб графикасының кемшілігі көп болғандықтан деп, бірнеше белгісін көрсетеді:

1) бір дыбысқа бірнеше таңба (сөз басы, ортасы, соңы) қолданылған;

2) араб әріптерінің көбі бір түсті, астына не үстіне қойылған нүктелерсіз айыру қиын;

3) сөздерді жазғанда оңнан солға қарай жазылады, ал цифраларды жазғанда, солдан оңға қарай қайта ораламыз;

4) алгебра, геометрия, физика сияқты ілім кітаптары барлық жұртта латын әрпімен жазылады, араб әрпі оған үйлеспейді;

5) әріптері біркелкі емес, бірі – үлкен, бірі – кішкентай;

6) араб әрпін музыкада (нота жазуда) қолдану қиын;

7) араб әрпімен жазуда көп қаражатты керек етеді, баспа ісіне қолайсыз, – дейді.

Ал Малдыбайұлы Біләл «Жаңа әліпби туралы» деген мақаласында Ақыметұлы Ілияс, Жаңақымет сияқты араб әрпін жақтаған азаматтарға жауап ретінде латын графикасының өзгешеліктерін көрсетеді. Атап айтқанда:

1) әліпби өзгерту мәселесін еңбекші таптың мәдениетін өз өміріне үйлестіруімен сабақтастырады;

2) әліпби өзгертумен ғана мәдениетке жете алмаймыз деген арабшылардың сөзіне қадым, жәдиттен бастап әліпби таңбалары өзгеріп келе жатқанын қарсы қояды.

Малдыбайұлы Біләл араб жазуында нүктелердің болуын кемшілік ретінде көрсете келіп, жаңа графикаға үйретуде мынадай жол ұсынады: «...Латын әліпбиімен ірі жазуға дағдыландырып, артынан ұсақ жазуға көшсек, екі жазудың түрі бірдей болып кетеді». Яғни сауаттанушылар алдымен латын әріптерін өте ірі етіп жазып, біраз үйренген соң ұсақ етіп жазуға дағдылану керектігін айтады.

Латын графикасын жақтаушылар бұл іске көбінесе саяси астар бермек болғаны байқалады, араб әрпін жақтаушыларды біресе «ескішіл» деп кінәласа, енді бірде олардың әрбір ісін «бұқбантайлық» (саботаж) (Н.Төреқұлұлы) деп атайды. Мұндай сарынды О.Жандосұлы мақаласынан да байқаймыз: «... Ырасында жаңа әліпби – октәбір әліббii. Бұл даусыз. Ағамалыұлы Жолдастың (одақтық жаңа әліббii комитетінің

төрағасы) пленумде: «Жаңа әліпби тұрмыстың барлық тауарларына жан береді. Тарих көзімен қарағанда, арабшылдар ағылшын жиангерлері жағында болды» деген сөзі ып-ырас».

Қазіргі қазақ орфографиясындағы елеулі қиындықтардың бірі – түбір сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түбір сөздің соңғы буынындағы қысаң дауыстының түсіріліп немесе түсірілмей жазылуы. 1929 жылы бұл мәселеге де арнайы ереже пункті қарастырылған. Ережеде тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, екінші буындағы *ы, і* әріптері түсіріліп таңбалануына байланысты: «*сақал-сұрнақтың басындағы дауысты дьбьс қосылағаннан тыbirdiң соңғы bitev буынь асьльр екі ажьрьса, çана ось ажьрьлағаннан bitev буыньнь қьсаң дауысты дьбьсь çоқальр кетсе, тыbirdiң çоқалқан дьбьсь çазьлмаждь*», – деп көрсетіледі. Ал екі буынды сөздердің аралығында, *р, л* тәрізді сонор дыбыстардың алдында естілетін *ы, і* дыбыстарын таңбалау//таңбаламауға байланысты арнайы ереже қарастырылмаған. Сондықтан болу керек, жазу тәжірибесінде *рас, лас, рет* тәрізді сөздердің немесе *мағына, құрылыс, жапырақ* сияқты сөздердің басында не аралығында естілетін *ы, і* дыбыстарының таңбалануы не таңбаланбауы қиындық туғызды.

Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылысқа байланысты, яғни *қ-ғ, п-б, к-г* (*қазақ – қазағы, күрек – күрегі*) дыбыстарының алмасуы туралы ереже алғаш рет 1924 жылғы құрылтайда қаралып, 1929 жылы ресми түрде бекітіледі. Ережеде «сөз аяғындағы қатаң *п, к, қ* дыбыстары жалғау басындағы дауыстының ықпалымен өзгеріп, *б, г, ғ* болады, түбірдегі дыбыстары өзгеріп, фонетикалық принципке негізделеді» – деп, дұрыс көрсетілген [16, 105-б.].

Емленің 8-9-баптарында шылаулардың жазылуы, олардың қосымша тәрізді өзгертіліп таңбалануы көрсетілсе, 11-бапта қазақ тіліндегі *ш, ж, й* (*жай, шай*) дыбыстарының аралығындағы фонемалардың қосымшаға бағынып, жуан түрде жазылатындығы, ал 12-бапта *үшүн, құрұқ, құуұс* сөздері естілуінше емес, бір тұрпатта, яғни *үшін, құрық, құуыс* түрінде өзгертілмей жазылатындығы заңдастырылды [16, 106-б.].

Қабылданған емле ережесінде тілдің заңдылығына байланысты жаңалықтар да болды. Латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшпес бұрын дәстүрлі принцип арқылы таңбаланған *-түн, -түн(баратүн, келетүн)* жұрнақтары латын графикасы негізіндегі әліпбиде қазақ тілінің дыбыс үндесімділігіне сәйкес сөздерді үндестік заңына бағындырып, біркелкі езуліктер арқылы жазылады. Сонымен қатар алғаш рет есімшенің өткен шақ, осы шақтық ұғымын білдіретін *-атүн, -етүн* жұрнақтарын *-атын, -етін* түрінде жазу туралы ереже қабылданады: «Жазғанда ерін үндестігі еленбейді; дауысты дыбыс көмескі естілетін болғанда еріндік дыбыс жазылмай, езулік дыбыс жазылады. Мысалы, *үшін* (үшүн емес), *құрық* (құрұқ емес). Ескерту: 1. «-тын» жұрнағы естілуінше «-тын» болып жазылады. Мысалы, *баратын* (баратүн емес), *оқыйтын* (оқыйтүн емес)» [16, 106-б.]. Осы ереженің ескертпесі ретінде [у] дыбысының жазылуы берілген. [у] дыбысы сөздің жуан және жіңішкелігіне байланысты [uv], [uv] түрінде өзгеріп жазылатыны көрсетілген: *çазув* (çазьв емес), *berув* (beriv емес).

Сонымен, бұл баптарда түбір сөзге қосымшалардың жалғану ерекшелігі, қосымша, жалғаулар фонетикалық принципке бағынатыны және сөз тіркесі, етістік, біріккен сөз, қос сөз сыңарлары айтылуы бойынша емес, түбірін сақтап, бөлек не-

месе бірге жазылатыны, қазақ тілі дыбыстары жазуда фонетика-фонематикалық принципке негізделіп таңбаланатыны көрсетілді.

Өзге тілдік элементтердің жазылымдық принциптері алғаш рет 1929 жылы қаралып, ресми түрде бекітілген болатын. Жалпы осы жылы кірме сөздерді «сындырып» жазудың механизмдері толықтай болмаса да, жартылай жасалды деп айтуға болады. Себебі 1929 жылы қабылданған он сегіз ереженің (13-баптан 30-бапқа дейін) біразы қазақ тілінің үндесім, үйлесім заңдылығын барынша сақтауға тырысқан.

Ереженің 13, 14, 15, 16, 17, 18-баптарында қабылданған әліпби құрамында жоқ, бірақ интернационал сөздерде жиі кездесетін дыбыстардың жазылым тәртібі сөз болғандықтан, оларды біз *графикалық ережелер* деп атадық. Ереженің 19-20-баптары орыс тіліндегі сөздерді екпін арқылы ажыратып жазуға арналғандықтан, *екпінге байланысты ережелер* деп, ал 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30-баптарында орыс тілі сөздеріне қазақ тілі қосымшаларының жалғану заңдылығы көрсетілгендіктен, *айтылым заңдылығына негізделген ережелер* деп бөлдік.

Графикалық ережелерде ф, г, х, ц, ч, ш, щ, ю, я дыбыстарының жазылымы көрсетілді. Айталық,

13-бапта *ф* дыбысының сөз басында *п* дыбысына алмасып жазылуы: *фабрика – рәбирік*;

14-бапта *гз, губерния* тәрізді сөздерде келетін *г* әрпінің *г* және *з* түрінде сақталуы: *газ – қаз, губерния – гүбирне*;

15-бапта кірме сөздердегі *х* әрпінің жуан сөзде *қ*, жіңішке сөзде *к* әрпімен жазылуы: *мұхтар – тұқтар, хайр – қайр* т.б.;

16-бапта *ц* дыбысының *с*-ға, *ч, щ* дыбыстарының *ш* дыбысына алмастырылып жазылуы: *офицер – әресер, станция – ыстанса, церковь – секкев, чай – саж, чек – сек, червонец – сербен, приказчик – биркенчик*;

17-бапта кірме сөздерде келетін *я, ю* әріптерінің жазылуы сөз болған. Бұл ережеде «я» әрпі қазақша «ж» немесе «йа» (йе) әріптеріне алмастырылады, ал «ю» әрпі «йу» әрпі арқылы жазылады деп көрсетілген: *ярмарка – сәрменке, Юсуф – Сусип*;

18-бапта «в» дыбысының жазылуы сөз болады. Онда шеттен кірген «в» дыбысы қазақ тілінде «у» әрпі арқылы және сөздің басында «б» арқылы игеріледі, бітеу бұрында орыс тіліндегі «в» дыбысы «п» арқылы жазылады делінген: *quvlaqor, sergejip, artatabil*, бірақ *təskev, barcav* [16, 106-107-бб.].

Екпінге байланысты ережелерде орыс тілі сөздеріндегі екпіннің алмасып түсуіне байланысты дыбыстың түсіріліп немесе өзгертіліп жазылуы көрсетілген.

19-бапта «*фабрика, палата, антека* тәрізді сөздердің аяғында [а] дыбысы жазылмайды, себебі [а] дыбысына екпін түспейді» деп ескертілген, «ал [а]-ға екпін түсетін болса, онда *а* сақталады (*смола – smola*)» деп көрсетіледі: *pəbirik, ismet, əptek* т.б.

20-бапта [а] дыбысына аяқталған, бірақ *а*-ның алдында дауыссыз қос дыбыс келген *касса, тонна, ванна* тәрізді еуропалық сөздердің аяғында екпін жоқ кезде *е* немесе *ы* дыбыстарына алмастырылып жазылады (*kəsse, vannь*), ал сөз екпінді болғанда *а* (*е*) жазылатындығы (*труба – turba*) дұрыс сипатталған [16, 107-108-бб.].

Айтылым заңдылығына байланысты алынған 21-ереже географиялық атаулардың жазылым тәртібіне арналады. Мұнда топонимдік аталымдардың түбірі сақталып, аяғы қазақ тілінің заңдылығына бағындырылатыны көрсетілген: *Карпаты – қарпат, Альпы – әлпі, германец – гермен, русский – орыс* т.б.

Сондай-ақ, 22-бапта аяғы *-тор*-ға аяқталған *доктор, кондуктор, сектор* тәрізді еуропалық сөздер *-тыр, -тір* түрінде жазылатындығы, 23-бапта кірме сөздердің аяғындағы *-графия, -логия* тәрізді қосымшалардың қазақ тілінде *-ғырапы, -логы* түрінде өзгеретіні;

24-бапта *-скоп, -фон* сияқты қосымшалардың *-скоп, -пон* болып таңбаланатыны; ереженің 25-бабында *индустрия, акция* тәрізді сөздерде келетін *ия* қосымшасы жуан сөзде *a (станция – ьstansa)*, жіңішке сөзде *e*-мен жазылатындығы (*индустрия – undistire, акция – әkse*) көрсетілген.

26-бапта *пролетарий* тәрізді сөздерде келетін *-ий* қосымшасы алынбайды, сөздің түбірі ғана жазылады» деп белгіленген: *пролетарий – proletar* т.б.

Ереженің 27-бабында *z, g, d, x, в*-дан басқа дыбыстардың Еуропа тілінен енген сөздердің соңында өзгертілмей жазылатыны (*bent, volt*);

28-бапта *электрический фонарь, техническое средство* тәрізді сөздердің аяғындағы сын есім қосымшалары қазақшаға икемделетіні нақты сипатталған.

Ал ереженің 29-30-баптарында «Еуропа тіліндегі антропонимдік атаулар қазақ әліпбиінің әрпі жеткенше өзгертілмей жазылады» деп көрсетілген [16, 108-109-бб.].

Қорыта айтқанда, 1929 жылы қабылданған бұл ережелер қазіргі емлеміздің бастау көзі болып табылады. Мұнда алғаш рет [а], [ә] дыбыстары арқылы жасалатын сөздердің емлесі (*жай – жәй*), бір буыны жуан, келесі буыны жіңішке, я болмаса, керісінше, бірінші буыны жіңішке, келесі буыны жуан бейүндес сөздердің жазылу үлгісі (*қасиет, құзірет*), соңғы буында қысаң дауыстылары бар сөздердің қосымшалармен түрленгенде түсіріліп жазылу емлесі (*ауыл – аулы, көрік – көркі*), соңғы дыбысы [з], [ш] дауыссыздарына аяқталған сөздер қосымшалармен түрленгенде сөздің қандай нұсқада жазылатыны (*жаз-жазса – жазшы*), сонымен қатар, [к], [к], [п] дауыссыздарының біріне аяқталған сөздер қосымшамен түрленгенде, түбір соңындағы дыбыстың жазудағы өзгерісі (*ақ – ағар, жап – жабады*) алғаш рет ереже түрінде белгіленді. Қазақ жазуының онтогенездік дамуын зерттеп жүрген ғалым Қ.Күдерінова жоғарыда аталып өткен ережелерге байланысты былай дейді: «Қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929 ж. латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанымы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілі төл сөздерінің жазылу принципіне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929 ж. емле ережелерінде айқындалды» [15, 103-б.]. Шындығында да, қазақ қоғамында 10 жылдай қызмет еткен бұл ережелер қазақ орфографиясы принциптерінің дұрыс таңдалып алынғанын және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидаттары негізінен дұрыс екенін көрсетеді. Бірақ аталған ережелердің жұмыс істеуіне, оның бұқара халыққа таралуына уақыт аз болды. Дұрыс жазуға бағыт-бағдар, жөн сілтейтін орфографиялық сөздіктер де бұл кезде жасалмаған болатын. Осы себептен және кейбір ережелердің толық болмау себебінен, атап айтсақ, идеографиялық (бас әріптің емлесі), графикалық ережелердің және жеке сөздердің емлесіне қатысты ереженің толық болмауына байланысты жазу тәжірибесінде қиындықтар болды. Сондай-ақ «шет тілінен енген сөздер дыбыс жүйесінше жазылады және кірме сөздердегі еріндік *o, ø, y, y* әріптері сөздің екінші немесе үшінші буындарында таңбаланбайды» деген ереже бір сөздің бірнеше нұсқада жазылуына негіз болды. Мысалы, қазіргі түпнұсқа принципімен жазылып

жүрген *материал* сөзі бірнеше нұсқада, яғни *materьjel//materьjal//materijel* түрінде, осы тәрізді *математика* сөзі – *matematjike//mәtemәtjike*, *партизан*сөзі – *partьjzan//partijzәn* түрінде танбаланды. Сондықтан 1938 жылы емлеге бірнеше түзетулер енгізіледі. Онда *Ленинград*, *кабинет*, *совет*, *актив* тәрізді сөздер негізгі тұрпаттарын сақтайды (*Leningrad – leninjgirat* емес, *kabjnet – kәbijnet* емес, *sovet – sәbet* емес), сөздің аяғы қатаң дыбысқа аяқталады, орыс тілі сөздеріндегі екінші, үшінші буындарда келетін *о, е, у, и* (*komsomol – kamsamol* емес, *metro – metra* емес, *biro – buijra* емес, *dinamo – dinamь* емес, *proletariat – puroltarьjat//pyreletarijat//pьrolьtariat//pyreletarijat* емес) дыбыстары сындырылмай, түпнұсқа бойынша жазылады деген тәрізді бірнеше өзгерістер енгізіледі. Кірме сөздерді түпнұсқаға жақындатып таңбалау үшін *в, ф, х* әріптері алынады. Ал *я, ю, ё, э, ь, ь, ч, ш, щ* тәрізді дыбыстар қазақ тіліндегі ұқсас дыбыстармен алмастырылады деп шешіледі [17, 3-4-бб.].

«Жаңа әліпби жолында» (1927 ж.) жинағы жөнінде

Латын қарпіне көшу мәселесіне арналған «Жаңа әліпби жолында» атты мақалалар жинағы 1927 жылы Қызылорда қаласындағы Жаңа түркі әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің баспасынан Кәрім (Ғабдол) Досжанұлы Токтабаев пен Мұқтар Мырзаұлының құрастыруымен шыққан. Кітап төте жазумен басылғандықтан, арнайы көпшілік қауым үшін кирил қарпіне түсірілді.

Жинақтағы алғашқы мақала – *Мұқтар Мырзаұлының* «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» атты мақаласы. Мұнда автор латын қарпін мәдениеттің көрсеткіші ретінде атай отырып: «латын әрпінің керек жері біздің ілім жүзіндегі әдебиет» деп, оны тез үйреніп кетуге болатынын айтады: «... Оқып ысылған азаматтарға латын белгісінің тіпті де қиыншылығы жоқ. Жаңадан оқи бастаған оқушыларға қандай белгі болса да бәрібір, қайта латын әрпі жеңілірек те».

Жинақтағы *Нәзір Төреқұлұлының* «Бізге қандай әліппе керек?» атты мақаласы А.Байтұрсынұлы емлесінің жақсы тұстарын бағалаудан басталады. Мақалада: «Ленинградтағы Академия жанындағы профессорлар комиссиясы жаңа әліппенің жобасын қарап, тексеріп шығып, Ақметтің дәйекші системасын якуттарға да ұсынды. Ақметтің қызметі бұл жөннен ұмытылмайтын өзгеріс», – делінген. Алайда автор араб әрпінің төмендегідей «міндерін» көрсетеді:

- 1) оқыту жағынан;
- 2) жазудағы қолайсыздық;
- 3) медицина, саулық жағынан (бір-бірінен айырмасы аз, тануы қиын әріптерді оқи-оқи көз бұзылады);
- 4) санды жазудағы қолайсыздық;
- 5) білім кітаптарын жазудағы ыңғайсыздықтар (медицинада, алгебрада я геометрия кітабында ұшырайтын формулаларды жазу мәселесі);
- 6) музыкада қолданудың қиындығы;
- 7) баспа шығыны, жазуға кететін уақыттың көптігі;
- 8) жазу мәшинесі мәселесі;
- 9) Еуропаның баспахана-баспа ісіне кіргізетін жаңалықтарынан алшақтау;
- 10) Еуропа тілдерін үйрену мәселесі.

Н.Төрөкүлүлү латын жазуына байланысты айтылган:

- «1) латынша әліппені кім ұсынып отырғанын білмейміз;
- 2) жұрт қараңғы, надан болғандықтан, өз жолымыздан шығармақшы екен деп түсінеді;
- 3) латынша әліппе болғанда ескі кітаптарымыз не болады;
- 4) латыншаға өту ерте;
- 5) жаңа әліппені алғанда бөтен түрік әдебиеттерінен айырыламыз;
- 6) әріптерімізді дараласақ, жеке-жеке басатын болсақ, барлық онайсыздықтар бітеді;
- 7) жаңадан әріп жасатып, жаңадан жұртты оқыту қиын;
- 8) мәдениет істерімізге бөгет болып қалады;
- 9) латын әліппесін шығарған елдің өзі дүниеде жоқ, әліппесінің не керегі бар;
- 10) алыс латыншаны алғаннан орыс әліппесін алсақ болмай ма», – деген сияқты мәселелерге жауап береді.

Әрі қарай автор өз бағдарламасын ұсынады: «Татардағыдай, латын әліппесі принципі қабыл алынғаннан соң, жаңа қазақ әліппесі жасалсын. Онан соң жаңа әліппе жұрттың съездерінен өтсін. Қалың ел бұл мәселенің не екенін толық білсін. Газеттерде, журналдарда, мектептерде мақалалар, баяндамалар беріліп тұрсын. ... Ұсынған программамыздың бірі – бірінші бөлімі. Сол арада «Оқу құралы» сықылды бастауыш мектеп кітаптары ескішілдіктен тазартылып, заманымыздың талабына, керегіне қарай түзетіліп, аяғына үлгі, өрнек боларлық дәрежеде бес-он бет латынша тегіс қосылсын дейміз. ... Программамыздың үшінші бөлімі: қазақ-қырғыз арасына жаңа әліппенің идеясы біраз жайылып кеткен соң, қалың елдің көзі жаңа таңбаларға үйір болған соң, ел ішінде жаңа әліппемен жазатын кісілер көбейген соң жаңа әліппе кеңсеге кіргізілсін дейміз. Ол заман кеңселерде қазақшаны жүргізу жеңіл болады».

Жинақтағы *Әбдірақман Байділдәұлының* «Жаңа әліппе тарихынан» мақаласында латын әліпбиіне көшу мәселесінің тарихы айтылады. Автор бұл мәселе төңірегінде Қазақстанда жаңа әліппешілер қоғамы (қысқаша «ЖӘҚ») құрылғанын айта келіп, оның жұмысына баға береді.

Ә.Байділдәұлы қолданылып отырған араб әрпінің төмендегідей кемшіліктерін көрсетеді:

- 1) бір дыбысты белгілеу үшін әртүрлі таңбалар қолданылады (бас, орта, соң, жеке) және соның өзінде де тіліміздің дыбыстарын түгел таңбалауға жетпейді;
- 2) араб әрпінің көбі бір түсті болғандықтан, оқытуға, оқуға, жазуға ауырлық келтіреді;
- 3) цифрларды жазу қиындығы;
- 4) араб әрпінің біркелкі болмай, бірі үлкен, бірі кішкене болуы;
- 5) алгебра, геометрия, физика салаларындағы формулаларды жазудың қиындығы;
- 6) музыкада қолданудың қиындығы;
- 7) баспа жұмысы жөніндегі кемшіліктері (шығын, уақыт);
- 8) араб әрпінің өнерлі жұрттардың, өзге елдердің мәдениетімен танысуға жарамсыздығы.

Автор әрі қарай емле, әліппе, әріп, тіл ұғымдарының аражігін ажыратып көрсетеді: «Імлә деген не? – Тілдің заңы мен дыбыстарын айырып ашып, ол дыбыстарды

қалай таңбалауға ереже қою. ... Әріп деген не? – Әр дыбыстың таңбасы. Әліппе деген не? – Тілдегі барлық дыбыстың таңбасы. Таңба мен ережені шатастыруға бола ма? – Болмайды. Імлә мен әліппені, әріпті шатастыруға бола ма? Болмайды».

Ә.Байділдәұлы латын әліпбиінің де екі үлкен мінін көрсетеді: «1) әріп санының аздығы, 2) үлкенді-кішілі екі әріптің түрі қолданылатындығы». Сонымен қатар бұл кемшіліктерді жоюдың да жолдарын айтады. «Біз латын әліппесін алғанда әріптің үлкен түрін тастап, кіші түрін алуымыз керек. Сонымен латын әліппесінің бір зор кемшілігі жойылады. Енді латын әліппесінің әріпі аздығына келсек. Бұл жағынан латынды жеке алсақ кемістік болады; араппен салыстырсақ, араптан көріне артық болады.

Латындағы 24 әріптің 18-і қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауға жарайды: *a, b, d, e, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, u, z, y, i*.

А, б, д, е, г, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, з, ы, й. Бұл барлық дыбысымыздың 75%-ын өзгеріссіз таңбалау деген болады. Мұнан соң латынның 4 әріп түрін өзгертпей, сәл дыбысын өзгертіп қана қазақ дыбыстарына жарайды. Ол 4 әріп мыналар: *h, v, q, c*: бұлардың дыбысы араптың «ж» ия «о»-сы сияқты ғана өзгереді – *г, у, қ, ш*, сонда барлық дыбысымыздың 85-90%-ын таңбалаған боламыз. ... Енді қалған екі дыбысымызға латында лайықты таңба жоқ. Бұларға латынның басқа әріптерін бұзып алуға, иә латын әліппесін ұстап жүрген Еуропа елдерінің біреуінің қолайлы екі әрпін алуға керек болады. Ол екі дыбыс «ж», «н» орнына керек».

Жинақта профессор П.К.Жузенің «Араб әліппесінің тарихы» атты мақаласы Т.Шонанұлының аударуымен берілген.

Ал академик В.В. Бартольдтің «Ескі әліппе мен жаңа әліппе мәселесі» мақаласында латын әліпбиін алудың әдістері көрсетіледі: 1) латын әліпбиін алғанда түркі тілдерінің дыбыстарын таңбалау үшін бірлі-жарым жаңа әріп қосу керек; 2) түркі тілдерінде кейбір дыбыстар Еуропа тілдеріне қарағанда басқаша айтылуы мүмкін; 3) барлық түркі елдерінің әліпбиі біреу ғана болу керек; жаңадан қосылатын әріп неғұрлым аз болу керек, латын әрпі өзінде қандай дыбысқа ие болса, түркі тілдерінде де сол дыбысқа ие болу керек.

Жинақта профессор Н.И.Ашмариннің «Жаңа әліппе мен ескі әліппе жайында» атты мақаласында араб әліпбиі мен латын графикасын қолдану тиімділігі екі жағынан қарастырылады: 1) бұл әліпбилердің тірі елдердің тіліндегі дыбыстарын таңбалауға жарамдылығы; 2) қайсысының басу-жазуға артықшылығы.

Профессор Л.И. Жирковтың «Шығыс елдерінің әліппесін өзгерту туралы» мақаласында орыс мемлекеті өзіне қараған елдерге арнап орыс әліпбиін алдырмақ болғандығы айтылады. Бұрынғы бір дыбысты көрсететін әріпті сол күйінде екінші бір дыбысқа арнаудың зияны бар, әзербайжан тіліндегі орыс әліпбиіндегі «з» әрпінің «ш» дыбысына арналғаны дұрыс емес делінеді.

Автор латын, орыс, араб әліпбилеріне талдау жасап, латын әліпбиін қай жағынан болса да ең қолайлысы деп көрсетеді.

Мақалада латын қарпінің артықшылықтары (жер жүзінің көптеген еліне тараған; пішіні әдемілеу, өрнектеуге жеңіл) мен кемшіліктері (дыбыс белгілері аз) көрсетіледі. Бір дыбысты белгілеу үшін бірнеше әріпті пайдалану жағдайы талданып, оның шешімі таңбасы жоқ дыбысқа қосымша белгі алу керек делінеді.

Сонымен қатар орыс әліпбиінің артықшылықтары (жолға тізгенде тегіс түседі, пішіні анық, көңілге тез тоқылады, Петр заманындағы славян әліпбиі (латын әліпбиінің ыңғайлысын алған, баспаға, жылдам жазуға қолайлы) мен кемшіліктері (таңбасы бір-біріне ұқсас әріптер), араб әліпбиінің артықшылықтары (бір-біріне жабысып жатады, жылдам жазуға қолайлы, бірақ бір-біріне қосылмайтын әріптер де бар; таңбалары әдемі) мен кемшіліктері (саны аз) көрсетіледі.

«Түрік жаңа әліппесі туралы» мақаласында профессор Шобанзада араб әліпбиінің кемшіліктерін көрсете келе: «Араб әліппесі түрік дыбыстарының тек үштен бірін ғана таңбалауға жарайды», – дейді.

Автор жаңа әліпби мен араб әліпбиін салыстыра келе, мынадай қорытындыға келеді: «Түркі елі жаңа әліппеге көшу деген мәселе өмірде шығыс елдерінде болмаған зор бір жұмыс екен; жаңа әліппеміз «жаңа» деген атақ алуға орыны бар екен; жазу-оқуды жеңілдетіп, түркі тілін дұрыс суреттей алғандығынан жаңа әліппенің «түркі әліппесі» деген атақты да алуға ылайымы бар екен. Тіл маманы болғандағы менің ойым осы».

Жинақтағы бұдан кейінгі мақала «Латын әрпінің араб әрпінен жеңілдігі бар» деп аталады. Авторы Ж. С. деген лақап атпен берілген. Автор латын қарпі мен араб қарпін салыстыра келе, өз тәжірибесінен мынадай қорытынды шығарады:

- 1) балалардың аз уақыттың ішінде жеңіл сөйлемдерді өздігінен оқып, жаза алуы;
- 2) шала сауатты жастардың 3-4 күн ішінде латынды тез игеруі;
- 3) үйретудің жеңілдігі;
- 4) жазу шапшаңдығы.

Жинақтағы бұдан соңғы «Жапонда жаңа әліпбе» деген мақаланың авторы да А.З. деген лақап атпен берілген. Мақалада Ыстамбұлда шығатын «Жұмурийет» газетінің 21-інде шыққан санында латын әліпбиінің Жапонияда қолға алынып отырғаны айтылған. Олардың мақсаты: «Тіліміздің ауырлығы Еуропа мәдениетінен қалыспау жолында көп кедергі болғандықтан, амалсыз ағылшын тілін ресми тіл қылып алуға беттеген едік. Енді, латын әліппесін қолдансақ, тілімізге кірген бөтен тілдерден құтылумен бірге ағылшыншалаудан да құтылу».

Бұдан кейінгі мақала «Жаңа әліпбешілер қоғамын күшейту керек» деп аталады. Авторы – *Зияш* есімді белгісіз адам. Бұл мақалада латын мәселесі туралы Баку қаласында басталған істің ұсақ республикаларда жергілікті жаңа әліпбишілер ұйымдары ашылып, жұмыс жүргізіліп жатқаны айтылады.

Түріктің ұлт парламентінде қозғалған әңгімеде Нажат бек: «Латын мәселесі – саяси мәселенің бірі, оны қабылдау жалғыз менің, ағарту кімесеретінің қолында емес. – Мемлекет қолында. Мемлекет беті жаңа әліпбеге ауған соң, мен де жаңа қолға алыб отырмын», – деген.

Автор: «Кермен үкіметі «ірататсие» атты жаңа мәшине істеп шығарған. Бұл мәшине 3 күндік газет жұмысын бір-ақ сағатта жасап шығарады», – дей келе, – «Алдағы өмірімізде бұл мәшинені бізде қолданбақ болсақ, араб әрпі кедергі болмағанда қайтеді? Қалай алып қарағанда да латын мәселесі еріккеннен шыққан әңгіме емес, тұрмыстың тілеуімен туған әңгіме, тұрмыс бізге ықтиярсыз қабылдатпақ», – дейді.

Жинақта берілген «Түрікте латын әліппесі» атты мақаласында *Т.Шонанов* «Беңиол» газеті Францияның «Таң» деген газетінде жариялаған «Түркияде латын

әліпбесі» деген мақаласына талдау жасаған. Мұнда сол кездегі көзқарастар үшке бөлінген: «Бір ағым – ескі араб әліппесінің түрін өзгертпей сақтау. Бұлардың ондағы дәлелдері – араб әліппесі сұлу, араб әліппесінде жазылған ескі кітаптар, сақталған мәдениет бар деген. ... Екінші ағым – жамаушылар. Бұлар араб әліппесінің кемшілігін мойындайды. ... Бұлар әріптерді оңай танылатын қыламыз, айырып басылатын жасаймыз, тағы сондай жамаулар жапсырамыз деседі. Үшінші ағым – әлгі өзгерістерден дым шықпайтұнын сипаттапты. Бұлар латынды алуға белді бекем байлап отыр. Бұл мәселенің маңызы зорлығында дау жоқ».

Әрі қарай мақалада латын қарпінің әртүрлі елде алыну тарихы және олардың тәсілдері сөз болады. Мысалы: «Арқалық Қапқазда 7 түрлі ел бар. Бұлар арасында асетін, үнгішет, қабарды, шешен (шешен байағы Банер Шәміл мен Қажемұрат елдері) елдері жаңа әліпбиге көшіп, іске асырып жатыр. Қалған қарашай, шеркеш, адыге деген үш елде латын әліпбиі мен кітаптар, оқу құралдары шығарылып жатыр. Бұлар латынға көшуге мықты әзірленіп жатыр, бұл елдердің тілінде 72 кітаб жарты мүлиен тұсқа шамалы шыққан. Жаңа әліпби мен 190 мың адам қат таниды. Әліпбиді әуелі 1 басқыш, сонан 7 жылдық 9 мектепке кіргізген. Ел жаңа әліпбиге ықыласты. Жаңа әліпбиге «азаттық әліпбій» деп ат қойған».

Аталмыш мақалада Қазақ жаңа әліпби комитетінің 1927 жылы атқаратын істері туралы айтылады:

- «1) бүтін түрік елдерін қашып кетпестей қылып жаңа әліпби жасау;
- 2) кесбе жана жарға қадайтын жаңа әліпби басып шығару;
- 3) балаға арнап бір, ересекке арнап бір әліпби басып шығару;
- 4) латыншаларға жәрдем берелік нұсқау кітабын шығару;
- 5) 5 табақ теруге жететін латын әрпін алдыру;
- 6) қоғам, ұйымдарының ережелерін басып шығару;
- 7) латыншылар қоғамын, ұйымдарын ашу үшін жер-жерде маусым ашу;
- 8) газет-жорнал жүзінде жаңа әліпби туралы үгіт тарату;
- 9) жаңа әліпби жұмысына басшылық қылатын адамдар дайарлау».

Бұдан әрі көрші елдердегі жаңа әліпби мәселесі сөз болады. Мысалы, Татарстанның Қазан қаласында «Жаңа әліб» қоғамы ашылғаны, қоғамның бастығы татардың белгілі жазушысы – Сайпыұлы Патық деген азамат екені туралы айтылып, қоғамға бөлінген қаражат, атқарылған жұмыстар, осы қоғамның ұйымдары туралы ақпарат беріледі.

97%-ы хат танымайтын Түркіменстан елінде жаңа әліпбиді оқытатын курстар ашылғаны туралы, ал Өзбекстанда Үкімет жанынан Жаңа әліпби комитеті ашылғаны, бірнеше съезд, конференция өткізілгені айтылады.

Мақалада 1925 ж. май айында Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен съезде латын әліпбиіне көшуге қаулы қабылданып, мұнда осы әліпбиге 5 жылдың ішінде көшіп біту көзделгендігі, осы әліпбимен сауат ашқандар саны, басылып шыққан кітаптар саны көрсетіледі.

Мақалада Әзербайжандағы жаңа әліпби мәселесі баса айтылады. Латын әліпбиіне көшу мәселесімен айналысамын деушілерге оқуға кеңес берілетін кітаптар тізімі ұсынылып, латын қарпіне көшу кезендері, жаңа әліпбимен таныстыратын «Жаңа

жол» газетінің тиражы, жаңа әліпбимен сауат ашатын мектептердің жыл сайынғы саны көрсетіледі.

Жинақтағы Т.Шонановтың «Орта Азияда латын әліппесі» мақаласында маусымның 1-інде Бакуде болған Жалпыресейлік жаңа түрік әліпбиінің кіндік комитетінің толық жиналысына Қазақстаннан оған ешкімнің бара алмағаны, бірақ өз ойларын телеграмма арқылы жібергені, Баку жиналысының алдында Орта Азиядағы түркі елдерінің Самарқан қаласында өткізген жиналысында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің өкілдері қатысқаны айтылады.

Осы Самарқан жиналысында Орта Азиядағы түркі елдерінің жаңа әліпбиінің негізі төмендегіше көрсетіледі:

«1. Жаңа әліпби үндестік заңына бағындырылып алынсын, үйткені бұл заң күш, текнйке жағынан көп күтім тарлық келтіреді.

2. Жаңа әліпби латын негізімен алынсын, латын әріптерінің түрі, дыбысы өзгертілмесін.

Латын әрпі түрік дыбысына жетпеген иа үйлесбеген бірен-саран жерде латын негізімен әліпби ұстап отырған ағылшын, пірансі, йталы сыйақты елдерден әріп алынсын.

3. Бір дыбысқа бір әріп қана алынсын, қоса әріп болмасын.

4. Латынның түбірінде болмаса, әріпке жаңадан тоқтап, үст сыйақты таңбалар қойылмасын.

5. Түрік елдерінде бірдей айтылатын дыбыстардың таңбалары да бірдей болсын.

6. Үлкен әріп алынбасын, текнйкеге қолайсыз келмеген жерде әріптің жазба-баспа түрлері бір-бірден жақындау болсын. Латын әліпбиіне жаңадан әріпті қолдан келгенше кірістірмеуге тырысылсын».

Мақалада алынған әліпбиге төмендегідей түсініктеме беріледі: «Бұлар казак тіліндегі дыбыстардағы бар таңбалар. «Ж»-ға ағылшынның «і» алалық деген ұсынысы да болды. Оны Бақыу жиылысы шешеді. «Ғ»-ға гректің ғаемасы, «h» да сондай шартбен алынды. Басқалары бір ауыздан қабыл етілді, енді казакта жоқ, бірақ өзбек сыйақты басқа елдерде бар дыбыстарға мына таңбалар алынды: x = ғ; g = ч; f = ф.

Үндестік заңы дауысты дыбыстарға ғана ұсталды. Дауыссыз «ф - к - ғ - г» сияқты дыбыстар дәйекшесіз бөлек таңбамен жазылды. Үндестік заңын кірістіруге пітірат ортақ (жолдас) бас болған бір-екі өзбек ортақтар қарсы болса да, Өзбекістан білім ордасы мен оқу кемесереті үндестік заңын пайдалану жағында болды. Үндестік заңын өте-мөте қолдаған казак бен қырғыз өкілдері».

Мақаланың соңында осы әліпбимен жазылған *М.Жұмбаевтың* өлеңі және «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінің бір шумағы үлгі ретінде беріледі.

Жинақтың соңында жаңа әліпби жайында оқуға қажетті материалдар тізімі берілген.

Латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігіндегі» (1931 ж.) терминдердің тұлғалануы жайлы

Кез келген сөздіктің жасалуы – кешенді түрде атқарылатын үлкен ғылыми мәселе, ал ұлттық тілдің аударма терминологиялық сөздігін түзу әр уақытта ұлттық тілдің ғылыми тілдік өміріндегі елеулі оқиға болып табылады. Тарихи тұрғыдан қарастырар болсақ, ол көбінесе тарихи және ұлттық сана-сезімнің өсу кезеңімен, ұлттың қалыптасуымен, әдеби тіл мен оның нормасының тұрақтануымен байланысты келеді екен.

Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы 5000 дана таралыммен 1931 жылы тұңғыш рет кирил-латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігін» шығарады [18]. Сөздікте филология, физика, заң, психология сияқты түрлі ғылым салаларына қатысты 8000 термин берілген.

Осы сөздік туралы 1934 жылы жазған рецензиясында А.Самойлович: «Мен 1932 жылдың аяғында Қазақстанның астанасы – Алматыда болғанымда бұл сөздік таптырмайтын (был библиографической редкостью) дүние еді» [19], – дейді.

«Атаулар сөздігі» алаш зиялыларының ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда ұстанған қағидаттарына сәйкес жасалған соңғы басылымдардың бірі болғандықтан, оны қайта бастырып шығарып, мамандардың, зиялы қауымның назарына ұсынуды ф.ғ.д., проф. Ш.Құрманбайұлы мен ф.ғ.д. О.Жұбаева қолға алып, сөздік қазіргі кирил жазуымен 2004 жылы қайта шығарылды [20].

Терминтанушы Ш.Құрманбайұлының көрсетуінше: «Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар «Атаулар сөздігі» – өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясы жұмысы мен алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған ұстанымдарын көрсететін нақты тілдік-тарихи дерек» [20].

XX ғ.басындағы әрі аударма, әрі терминологиялық сөздіктің қажеттілігі туралы «Атаулар сөздігінің» «Бір-екі сөз» деген кіріспесінде былай келтіріледі: «*«әг-bir çeке çazuvçylar rz qol'na ustap oтыратьн, çаға өмirdiң tilin izdedi, pән atavlar'на tus-tustan surav көbejdi, оның муқтаçдығы кун sajьн asa berdi. зьмьраган ucқыр өmir кынbe-кынği kerekke çumsavğa dajьн турған til qaruvьн kerek қьldь. oј еңbeğindegi еңqьjьн istiң biri sözdik tizyv»*

Қазақ тіл біліміндегі алғашқы терминологиялық сөздіктердің бірі ретінде латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігінде» ұлттық тілдің метагілі және әлем туралы алаш білімпаздарының білімдері жүйеленіп берілген. Бұл білімдер аясы сөздіктің түріне, сөзтізбенің көлеміне, лексикографиялық материалдарды беру тәсілдеріне, сөздік мақаланың құрылымына байланысты жүйелі түрде келтірілген.

Дыбысталуы бойынша жазылған нұсқасы

<i>Орыс тілінде таңбалануы</i>	<i>Қазақ тілінде латын графикасы негізінде таңбалануы (1931 ж.)</i>	<i>Қазақ тілінде кирил графикасы негізінде таңбалануы</i>
Автомобиль	Aptomabel	Аптамабел
Автономия	Aptonomije (qurrijat-sajasij erkindik)	Аптономіе (құррийат-сайасий еркіндік)
Алюминий	Əlymen (metal zaty)	Әлүмен (метал заты)
Бенефис	Benepis	Бенепис
Бухгалтер	Buǵaltır	Бұғалтыр
Газ	Ǵaz	Ғаз
Жонглер	ǵongiler	Жөңгілер
Журналист	ǵornalǵ (ədebijetci)	Жорналшы (әдебийетши)
Закон	Zaǵ, zəkon	Заң, зәкон
Индустрия	Yndistire (ənerli kesip)	Үндістіре (өнерлі кесіп)
Партия	Partya	Партыйа
Пародия	Paradije (elik)	Парадіе (елік)

«Атаулар сөздігіндегі» аудармалар

<i>Орыс тілінде таңбалануы</i>	<i>Қазақ тілінде латын графикасы негізінде таңбалануы (1931 ж.)</i>	<i>Қазақ тілінде кирил графикасы негізінде таңбалануы</i>
Заработок	Tabys	Табыс
Заработная плата	Ǵalaǵ	Жалақы
Заседание	Məçilis	Мәжіліс
Индивидуальное кредитование	Ǵeke nesije beryv	Жеке несіе беруу
Индивидуальное хозяйство	Ǵeke caruva	Жеке шаруа
Интеллигенция	Zyjalylar	Зыйалылар
Исследование	Izerttev	Ізерттеу
Копия	Kecirme	Көшірме
Кредит	Nesije	Несіе
Культ	Tabynuv	Табынуу
Лектор	Dərisi (lektir)	Дәрісші (лектір)
Лекция	Dəris	Дәріс
Наемный труд	Ǵaldama eǵbek	Жалдама еңбек
Налог	Salǵ	Салық
Научно-исследовательский институт	Ǵылымды zerttev ynisteti	Ғылымды зерттеу үністети
Гражданин	Azamat	Азамат
Выставка	Korme	Көрме
Герб	Taǵba	Таңба
Отдел	Belim	Бөлім
Печатный лист	Baspa tabaǵ	Баспа табақ
Пианино	Kuj sandyǵ (pijanijno)	Күй сандық (пійәнійно)
Пиктография	Syvret ǵazuv	Сүүрет жазуу
Помада	Dalap	Далап
Представитель (уполномоченный)	Əkil	Әкіл
Президент	Pirzident (topbas)	Пірзйидент (топбасы)
Экватор	Beldev	Белдеу

Лингвистика, филология ғылымдарының атау сөздері (терминдері)

<i>Орыс тілінде таңбалануы</i>	<i>Қазақ тілінде латын графикасы негізінде таңбалануы (1931 ж.)</i>	<i>Қазақ тілінде кирил графикасы негізінде таңбалануы</i>
Диалектология	Dijälektalogije (til özgerisin zerttejtin ғылым)	Дійәлекталогіе (тіл өзгерісін зерттейтін ғылым)
Значение	Mән, mәнis, maғыna	Мән, мәнiс, мағына
Иносказание	Ьсара söz	Ышара сөз
Лексика	Söz kenі	Сөз кені
Лексикография	Söz kenin әliptev	Сөз кенін әліптеу
Лексикология	Söz kenin тексеруv ғылым	Сөз кенін тексеруу ғылым
Лексикон (словарь)	Sөzdik	Сөздік
Лингвистика	Til ғыльмь	Тіл ғылымы
Литературный язык	Әdebijet til	Әдебийет тіл
Логическая речь	Aқыл sözi	Ақыл сөзі
Локальный (местный)	Sergilikti, оғьндағь	Жергілікті, орындағы
Наречие	Ystev	Үстеу
Неологизм	Саға sözcildik	Жаңа сөзшілдік
Отглагольное имя	Esimce	Есімше
Падеж (грам.)	Çalğav	Жалғау
Пассив	Pәssip	Пәссіп
Периодическая речь	Ыrғақ söz	Ырғақ сөз
Перифраз	Bykpelev	Бүкпелеу
Плеоназм(литер.)	Qos-qabatav (сьбатра)	Қос-қабаттау (шыбатпа)
Подлежащее	Bastavьс	Бастауыш
Подчинение (грамм.)	Baғыnuv, baғыnbаль	Бағынуу, бағынбалы
Полемика	Ajтьs, talas	Айтыс, талас

Сөздіктің кіріспе сөзінде: «Бұл құрастырылған пән сөздерінде талай кемшіліктер бар. Өйткені әр ғылымның тарауынан өзіне жүйрік кісілер шықпай, пән сөзі түзелмек емес», – деп атап көрсетілгендей, балама табудағы ауытқушылықтар мен сәйкессіздіктердің орын алуы да табиғи нәрсе.

Сөз үнемі үздіксіз өзгерісте болатындықтан, оның бүгінгі сөйлеушілердің қабылдауындағы мағынасы 85 жыл бұрын берілген мағынасымен сәйкес келмеуі заңды құбылыс.

2004 жылы шыққан басылымның кіріспе сөзінде Алаш терминқорын зерттеуші Ш.Құрманбайұлы «Атаулар сөздігі» туралы жазылған мақалалар мен рецензияларда айтылған сын-ескертпелерді, ұсыныстарды жан-жақты талдап, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайдың Сөздікке тигізген әсерін түсіндіре келе, былай дейді: «Сол жылдардағы осы сөздікке тікелей және жанама қатысы бар материалдарды қарап отырсақ, көпшілігінде сөздік түзушілердің ұстанған қағидаттарына байланысты мақсатты түрде сын айту, мәселеге саяси, әлеуметтік-таптық тұрғыдан баса мән берілгендігі байқалады. Сөздіктің жақсы жақтары, жетістіктері ауызға алына бермейді. Сөздік туралы пікір білдіргендердің оның сапасы, келесі басылымы жақсарсын деген ниеттен гөрі оны түзуші авторлардың ұстанып отырған бағытының бұрыстығын, ендігі жерде қазақ терминологиясын бұл бағытта дамытуға болмайтынын дәлелдеуге бейілді екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да сөздіктің жақсы жақтары туралы айтылмай, кемшіліктер ғана теріліп, біржақты сынға жол беріледі. Терминологиялық комиссия жұмысының жетістіктері жөнінде де сөз болмайды.

Керісінше, олар комиссияның солақай саясат ұстанған алашшыл, ұлтшыл пуристерден құралғандығын, социалистік қоғамды зиянды жолға бастап отырғандығын дәлелдеу арқылы, ендігі жерде жарқын болашаққа апаратын бағытты таңдай отырып, терминологиялық жұмыстардың жаңа арнаға бұрылуы керектігін айрықша атап өтеді», – дей келе: «Шын мәнінде сол жылдары мұндай терминдер сөздігінің басылып шығуының өзі елеулі оқиға еді» [20], – деп, жоғары бағалайды.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиімен басылып шыққан «Атаулар сөздігі» ұжымдық сананы көрсететін ғылыми еңбек ретінде ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының мәдени, ғылыми, тілдік өмірінде айрықша орын алды.

XX ғ. ортасындағы емле тәжірибесіндегі пікірталастар (Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев зерттеулері бойынша)

Қазақ жазуының тарихына үңілсек, А.Байтұрсынұлының ұсынған әліпбиі қазақтың табиғи сөйлеу болмысын танытатын үлгі болғаны бірден байқалады. 1929-1940 жылдардағы латын әліпбиінде А.Байтұрсынұлының жазу үлгісі сақталған болатын. Қазақ тілі үшін латын әліпбиіне көшу қиындық тудырмауы тиіс, себебі ондай тәжірибеден бұрын өткен. Сондай-ақ көптеген ақын-жазушыларымыздың (М.Әуезовтен бастап) таңдамалы шығармалары латын қарпінде жазылған, нұсқалары сақталған. Жазылуы қиындық тудырған жағдайда сол еңбектердің нұсқаларына сүйеніп, түрлі үлгілерін тәжірибе арқылы салыстыруға толық мүмкіндік бар. Сондай-ақ қазақ тілі емлесінің негізгі ережесі де 1929 жылы осы латын қарпіне көшу қарсаңында түзіліп басталған болатын. Сол кезеңдегі тілтанушы ғалымдар 1940 жылға дейін латын қарпіндегі қазақ тілі емлесінің негізін қалап, 1941 жылы алғашқы емле сөздігін құрастырды. Ендігі кезекте осы емле ережелерінің артықшылығын пайдаланып, кемшілігін талдап, жаңа әліпбиге негізделген емле нормасын жазуға кірісу керек болып тұр. Сондықтан 1929-1940 жылдардағы емле мәселелері туралы тұжырымдарды талқылап, одан шығатын ұсыныстарды таныту мақсатында осы мәселеге қатысты Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев зерттеулерін талдап көрсетуді жөн көрдік.

Қазақ жазуы қай әліпбиде қалыптасса да, орфографиялық норма, емле мәселелері, оның қиындықтарын шешіп, біріздендіру сияқты тілдік саясат жүйесі қызметін бәсеңдеткен емес. Яғни сауаттылықтың бірізді заңдылығын тілдік тұрғыдан шешу мәселесі қазақ тіл білімі үшін өміршең зерттеу нысанына айналды. Жазуы даму үстіндегі, тілі өркендеген елдің тіл саясатында орфография мәселесі өзекті болары сөзсіз. Тарихқа үңілер болсақ, 1924 жылы 12-18 маусымда Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің күн тәртібінде жазу ережелері, әліппе, қазақша пән атаулары мәселелері сөз болса, 1927 жылы 28-29 сәуірде Ташкентте өткен басқосуда жазу, әліпби, емле мәселесі талқыланды. Ал 1929 жылы 2-4 маусымда Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда емле, атау мәселесі қаралды.

Әліпби, емле, оны реформалауға байланысты пікірталастар алғашқыда «Дала уәлаяты газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеттерінен көрінді, одан кейін «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттер төңірегінде көтеріліп отырғаны белгілі. Демек, қазақ жазуының емлелік қағидаларын заңдастыру ісінде тұрақтылық бірден бола қоймады.

Оның басты себебі – әліпбидің өзгеруі. Жалпыхалықты жаңа әліпбиге үйрету және халықтың оған көндігіп, жаңартпалардың сіңісіп кетуі көп уақытты талап етеді. Әліпбимен қоса, оның емлелік ережелерін де қатар меңгерту қажеттілігі туындайды. Тәжірибесі аз алғашқы әліпби өзгерісі реформасында емле заңдылығының толық дайын болмауына байланысты көптеген қиындық туындап, оның салдарынан тіл салаларындағы кейбір зерттеушілер де кереғар тұжырымдамаларға бой ұрғаны айқындалды.

1929-1940 жылдардағы латын әліпбиіне бейімделу, бұрын-соңды болмаған бас әріпке үйрену, кейбір кірме сөздерді барынша ыңғайлы сауатты жазуға лайықтау мәселелері ұзақ талқылауды, кең зерттеуді, үлкен тәжірибені қажет етті. Емлеге қатысты сол жылдарды екі кезеңге бөліп қарауға болады. 1938 жылға дейінгі латын әліпбиіндегі қазақ тілі орфографиясының қалыптасу кезеңі болса, 1938 жылдан кейінгі сауаттылыққа орай оңтайландырылған емле заңдылықтарының қызмет ету кезеңі болды. Н.Сауранбаев 1929-1938 жылдарға дейінгі *ұу, уу, ыу, іу, ій, ый* қосар әріптердің бір таңбамен жазылуын насихаттай отырып, оларды сауаттылыққа жетелейтін үлгілер деп таныды. Осылайша 1938 жылға дейін қабылданып келген *ұу* – «*uv*»; *уу* – «*uv*» және *ый* – «*bj*»; *іу* – «*ij*» қосарлы дыбыстарының қолайсыз екенін дәйектей отырып, оларды бір ғана дыбыспен, яғни «*u*» және «*y*» деп белгілеу туралы орфографиялық қаулының қажеттілігін атап өтеді.

Н.Сауранбаев әсіресе кірме сөздерде осы дыбыстардың қолданысы буын үндестігін сақтау заңдылығын аса қажет етпейтінін, сондай-ақ қосарлы дыбыстардың жазылуы сөзді тым шұбаландырып, орфографиялық сәнін келтірмейтінін ескере келіп, бір таңбалы дыбыс үлгісімен жазуды дұрыс деп санайды.

С.Аманжолов: «*ij*-дің қосарлы жазылуына себеп болған бізде орыстың «*i*» дыбысы сияқты толық әріптің жоқтығы. Бізде *j* дыбысы тек жіңішкелік үшін, дәнекер үшін жүреді, біздегі «*j*»-дыбысы тек қысқалықты, шолақтықты көрсетеді. Ол екеуі де жарымжан, екеуі де толық әріптік қабілеті жоқтар», – деп қосарлы *ij* таңбасы «*i*» дыбысын таңбалауда қазақтың төл сөздерінде сақталып, кірме сөздерде жалаң *i* күйінде жазылуын қалады.

1938 жылы «Төте оқу» газетіне жарияланған «Қазақ тілінің емлесі туралы» атты мақаласы «*y*» мен «*u*» әріптерінің жаңаша қолданылу жолдарын үйретуге негізделген. «*y*» әрпі бұрынғы «*u*» таңбасының орнына, ал «*u*» дыбысы бұрынғы «*uv*» әрпінің орнына қолдану емлесі қабылданғанын салыстырмалы түрде түсіндіреді.

Бұнымен қоса Н.Сауранбаев 1938 жылға дейін жазылып келген «*bj*» және «*ij*» қосарлы дыбыстарының орнына тек бір ғана «*i*» әрпі алынғанын айта отырып, жазу каллиграфиясын жеңілдететін оңтайлы үлгі екенін мысалдармен дәйектеп өтеді. Сонымен қатар бұрынғы «*i*» әрпінің орнына «*j*» әрпін таңбалау қаулысына халықтың тез бейімделе қалуы қиындық келтіретінін де айтады. Ол үшін тәжірибелік жұмыстар, оқу курстары өтілу қажеттілігін ескереді. Осы мақаласында Н.Сауранбаев бұрынғы таңбалану «*y*», «*ij*» әріптерінің кейбір сөздердің мән-мағынасын айқындап көрсету үшін аса құнды екенін айта отырып, «*тый*», «*сый*» сөздерін етістікті *ти, си* сөздерімен шатастырмас үшін, соның ықпалында алдыңғы сөздердің мәні жойылып кетпес үшін жазылуын бұрынғы күйінде қалдыру туралы ережені дұрыс деп құптайды. Бұған қоса ғалым: «Орыс тілі арқылы енген сөздердегі «*i*» дыбысы біздің «*i*» әрпімен тура

келеді. Осы күнге дейін орыстың толық «и» әрпінің орнына ъj, ij, кейде тек «і» әрпінің өзін жазып келдік. Енді бұдан былай қосарлы дыбыстардың орнына жалғыз «і» әрпін жазатын болдық. Мысалы, бұрын Ijnstijtut, ijñçener болса, енді бұдан былай institut, iñçener деп жазамыз. (I мен J әріптерінің жазылуы. Төте оқу. 1938 жыл, 3 февраль).

Дауысты дыбыстармен қатар дауыссыз дыбыстардың да таңбалануына бірқатар өзгерістер енген болатын. Соның ішінде интернационал сөздерді жазуда *ф, х, в* дыбыстарын қазақтың төл дыбыстарымен дәл таңбалау мүмкін болмағандықтан *F, X, V* әріптерін таңдап алуға тура келді. Н.Сауранбаевтың пікірінше, әсіресе термин сөздерді, ғылыми сөздерді айтылуы бойынша қазақ дыбыстарымен емес, термин екенін айқындайтын кірме дыбыстармен белгілеген тиімді болады деп есептеді. Соның артынша Емле қаулысында да халықаралық кірме сөздерде кездесетін *ф, х, в* дыбыстарын *F, X, V*-мен белгілеу ережесі ұсынылды. Сонымен бұрын *қыймыя* деп жазылып жүрген сөз *ximia* болып белгіленетін болды. Qlor емес xlor, рәнетика емес fonetika, көредра емес kafedra, пәбрик емес fabrika, раппак емес rabfak (*F, X, V* әріптерінің жазылуы туралы. Төте оқу. 1938 ж., 15 февраль).

Латын әліпбилі қазақ жазуында 1929 жылы түпнұсқалыққа жақындық принципі бойынша кірме *х, ф, в* дыбыстары әліпбиден алынып тасталған болатын. Оған арнайы мынадай: «Еуропаның *ch*-сы, орыстың «*x*»-сы, араб-парсының *қ*-сы» жуан айтылатын сөздерде *қ*, жіңішке айтылатын сөздерде *к* арқылы жазылады», «Шеттен кірген сөздерде «*ф*» орнына «*п*» жазылады» деген ережелер қабылданған болатын. Бірақ өмір тәжірибесі, халықаралық мәдени достастықта өмір сүріп отырған қоғам сұранысы *х, ф, в* дыбыстарының әліпбиге енуін талап етті. Ол туралы алғаш рет 1930 жылы Қ.Жұбанов қазақ орфографиясы мен әліпбиін өзгертуге байланысты жобасын ұсынып, онда *ф, х* дыбыстарын қазақ әліпбиі құрамына алуды былайша ұсынды: «Ни одна из существующих букв (употребляемых) для (изображения) согласных звуков, не может быть исключена из алфавита: они необходимы и затруднений с ними в письме мало». Қ.Жұбановтың осы тұжырымдамасын іске асырушы ретінде, оның дұрыстығын дәлелдеп насихаттаушы ретінде Н.Сауранбаев үлкен үлес қосты. Себебі, осы тұрғыдан алғанда екеуінің ғылыми көзқарастары үндес болатын.

Жалпы 1929-1940 жылдардағы латын әліпбилі қазақ тілінде қысаң *ы, і* дауысты дыбыстарымен келетін сөздерді жазу көп қиындық тудырды әрі түрлі жазу нұсқалары да көбейіп кетті. Емлені тұрақтандыруға кері әсер еткен осындай әр алуан жазу нұсқаларын біріздендіру мақсатында Н.Сауранбаев қысаң дауыстылардың жазылу емлесіне қатысты мақалаларын ұсынып отырды. Мысалы, біріншіден, түбір сөздің ішінде екі дауыссыз дыбыстың арасында көмескі *ы, і* дыбыстары естілетін жерде, егер ол сөздер кірме сөздер болса, *ы, і* жазылмайды. Мәселен, *рылан* емес *plan*, *Рывада* емес *Pravda*, *рылолетариат* емес *proletariat*, *тырамвай* емес *tramvai*.

Екіншіден, түбір сөздің орта буынында екі дауыссыз дыбыстың арасында буындалуға лайықты келетін *ы, і* дыбыстары жазылмайды. Мәселен, *Ахмет* емес *Axmet*, *телеграмма* емес *telegramma*. Осы үлгі-ереже қабылдағаннан кейін, *жапырақ* пен *топырақ* сөздерінің де екі дауыссыз арасындағы дәнекер *ы* дыбысы түсіріліп (*жапрақ, топрақ*) жазылатын болды. Кейінгі емле қаулысында осы соңғы екі сөзде дәнекерлі *ы* дыбысының сақталып жазылуына рұқсат етілді.

Үшіншіден, бір буынды үнді бітеу түбір сөздегі қысаң *ы*, *і*-лер тәуелдік жалғауы жалғанғаннан түсіріліп жазылады. *Оръньт* емес *ornъt*, *ауьльт* емес *aulъt*, *туьлжкт* емес *tylkjkt*, *qalъьт* емес *qalqъt*.

Төртіншіден, бір буынды бітеу сөздегі қысаң *ы*, *і*-лер аяғына тәуелді жалғаулары жалғанғанда, соңғы қатаң дыбысы ұяндап келетін болғанда *ы*, *і* дыбыстары жазылады. Мысалы, *tyljk – tyljgi*, *kørjk – kørjgi*, *sylyk – sylygi* (Қысаң *ь*, *ј* дыбыстарының жазылуы туралы. Төте оқу. 1938 ж., 8 март).

Н.Сауранбаев үсті-үстіне өзгерген емле ережелерді ғана емес, жалпы орфографиялық ережені жасау принциптерінің де ретке келмей жатқанын талқылаған болатын. 1938 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне жариялаған «Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар» атты мақаласында емле жасаудың морфологиялық принципі дұрыс қолданылмай жүргенін былайша түсіндіреді: «Емле қаулысының негізінде емленің принципіне, сонымен байланысты құбылмалы сөздердің жазылуына күрделі өзгерістер ендірілді. Бірақ қаулы шыққаннан бері аз күнгі тәжірибені алсақ, осы өзгерістерді не асыра ұғынып, не шала ұғынушылықтың бар екені байқалады. Сөздердің жазылуы жайындағы ережені дұрыс қолданбаушылық та кездеседі. Морфологиялық принцип бойынша сөздерді айтылуынша жазбай, тұрпатын сақтап жазамыз деп, әлдеқашан бірігіп, кірігіп кеткен сөздердің түбірін қуалаушылық бар. Бұл дұрыс емес, өйткені морфологиялық принцип сөздің түбірін іздеп тауып жазу деген сөз емес, әртүрлі айтылатын сөздерді бірыңғай жазу, яғни жазуды бірізге түсіру деген сөз. Олай болса, сөздің түбірін қуып жату қажет емес» [21]. Сондай-ақ морфологиялық принциппен шешілетін емле мәселелерінің қиындықтарын қалай айқындау керектігін нақты көрсетеді: «Морфологиялық принципке сүйеніп, сөздерді көбіне айтылуы бойынша екі түрлі етіп жазу орын алған. Мысалы: *saudaker – sæudeger*, *vesçyldьq – veschьldьq* сияқты сөздер. Мұндай сөздердің формасын сақтап жазу керек. Олай болатын себебі мұндағы өзгешелік сөз құрау мағынасымен байланысты емес, сөздердің айтылуындағы орфографиялық заңға байланысты болады. Ал *velveu*, *acudas* деген сөздерде «*tas*»-тың «*das*» болып, «*vau*»-дың «*veu*» болып өзгеруі мағынамен байланысты» [21].

Бұнымен қоса Н.Сауранбаев мағынаға байланысты жазылуы әртүрлі болып келетін кейбір емле заңдылығын түсініспеушіліктің басын ашып көрсету үшін былайша дәйектеп көрсетеді: «*Būlai-vьlai* деген есімдіктерінің негізі бір болғанмен, мағыналары басқа. Мәселен, «*vūlai болуының себебі мынау*» дегендегі «*Būlai*» үстеулік мағынаны білдіріп тұр. Ал «*Vьlai қарай кетті*» дегендегі «*vьlai*» бағытты көрсетіп есімдік болып тұр. Мұның орнына «*vūlai қарай кетті*» деп айтуға болмас еді».

Н.Сауранбаев осы кезеңдегі орфографиялық заңның лингвистикалық тұрғыдан сауатты құрылуына елеулі үлес қосып, орфографиялық принциптердің (фонетикалық, морфологиялық) әрқайсысына тән белгілерін, критерийлерін, заңды ережелерін де ұсынған болатын. Соның ішінде кейбір келіспейтін тұстарын да айтқан еді. Мысалы: «*Kəitjр (qalal etjр)*, *Вуитjр (vūlai etjр)* сөздерін жазғанда морфологиялық принципке қайшы келетін тұстары бар, ол – қазақ тілінде тоғыспалы заң бар деушілік. Шынында, тоғыспалы заң бар екені рас, бірақ ол заң грамматикалық заң емес, орфографиялық заң. Мысалы, *Qūnanbaev Çiengali* дегенімізде «*в*» дыбысының әсерінен «*п*» дыбысы «*т*» дыбысына айналады да, «*қ*» дыбысының әсерімен «*п*» дыбысы «*ң*»-ға айналады.

Мұны грамматикалық заң десек, онда осы заңға сүйеніп Qūnambaev, Çienğali деп жазуымыз керек. Сондықтан жаңа программадан тоғыспалы заң дегенді шығаруымыз керек» [21].

1938 жылғы соңғы емле қаулысындағы бірігіп жазылатын сөздердің нақты ережесі болмауын сынға ала отырып, оның салдарынан тілімізде бірге, бөлек берілетін сөздердің әртүрлі жазылуы кең етек алғанын, бұл сауатсыздықтың денін күшейтетінін атап өтеді. Ереже ұсынбас бұрын бірге, бөлек жазылатын сөздердің критерийлерін анықтап алуды ұсынады: «Айта кететін бір мәселе, қосылып жазылатын қос түбірлі сөздер жайы. Мысалы, *vesçyldbq, veskyndjk, orñbasar, artyrlj* деген сөздер бірыңғай сияқты. Емле ережеде бұл туралы айрықша ереже берілмеген, тек ескерту ғана жасалған. Солай болса да күнделікті тәжірибеде бұл мәселе өзінен-өзі дұрыс өріс алып кетті. Бірақ көп сөздер бірыңғай болмай, әртүрлі жазылып жүр. Әзірше қандай сөздердің қосылып жазылып, қандай сөздердің бөлек жазылуының ешбір критерийі жоқ. Әркім өз бетімен жазады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Ендігі жерде осы жағын тағы бірізге түсіру керек. Осы жайында біздің ұсынысымыз: екі сөзден құралған жер, су аттары қосылып жазылуы керек (*Alatau, itolgen, Qantəñj, Belvūlaq, Baiserke, Çağaturmьs*). Мұндай бір мағына білдіретін сөздердің қосылып жазылуы неміс тілінде көп қолданылады» [21].

Кирил әліпбиін жаппай қолдануды қайтадан ұсыну Кеңес жетекшілерінің сыртқы саяси жағдайдағы ұстанымдарына байланысты еді. Бастапқыда латын әліпбиі әлемдік революцияны жүзеге асыратын үлкен мүмкіндік ретінде қаралса, кейін әр елдің жалпы түрлі саяси жағдаяттарға байланысты ұстанып отырған бағытына қарай «буржуазиялық» әрі «әсіреұлтшыл» ретінде сипат ала бастайды. Осыған орай 1940 жылдан бастап қазақ жазуы кирил графикасына көше бастайды. Неше ғасыр бойы араб графикасымен сауат ашып, одан кейінгі ұжымдастырумен бірге келген латын (1920-1936 жж.) жазуындағы әдебиеттер мен құжаттар кирил жазуында сауат ашқандар үшін мүлде түсініксіз болды. Олардың қажет дегенін ғана өкімет құзырлы мекемелер арқылы кирил жазуына аудартып отырған. 1940 жылдың соңындағы «Латын жазуындағы қазақ әліпбиін кирил графикасының негізіндегі әліпбиге өзгерту» заң жобасы он жыл бойы жүргізілді. Кирил жазуы түгелдей халыққа сіңімді болып кеткеннің өзінде үзбей шығып тұратын республикадағы «Социалистік Қазақстан» сынды басылымдар он шақты жылға дейін материалдарды кирил әліпбиінде де, латын әліпбиінде де беріп отырды [22].

1939-1940 жылдары қазақ жазуын кирил графикасына негізделген орыс әліпбиіне көшірумен байланысты қазақ тілінің емлесі де өзгертілді. Яғни латын әліпбиіне байланысты жасалған соңғы 1938 жылғы ережеге бірсыпыра өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістерді енгізуде, орфографиялық норманы дұрыс қалыптастыруға М.Балақаев, С.Аманжолов және Н.Сауранбаев сынды ғалымдар білек сыбана кіріскен болатын. Олардың түсінігінде, алдында кеткен қатені соңынан түзеу айып емес, қайта керекті іс деп танылды. Осы кезеңде дау тудырған мәселелер сөз басындағы, сөз ортасындағы *ый, ий* жөнінде болатын.

Бұл орфографиялық өзгерістерді 1947 жылы С.Аманжолов былай түсіндірген болатын: «Қазақ тілінің емлесі негізінде сөздің естілуіне қарай жасалған. Бұл құрғақ сөз емес, принцип, жол. Сондықтан «*ый*» естілген жерде жазбасқа болмайды. Өйткені

оның мағынамен тығыз байланысты екенін ескеру керек. Мысалы, сый (подарок), си (мочиться); тый (запретить), ти (трогать, попадать); мый (мозг), ми (трясина). Бұл сөздер үшін ереже алмай-ақ, ескерту ретінде беріп кетсе де болар еді, бірақ туынды сөздерде де «ый» айқын естілетін болғандықтан, оларды «и»-мен беру қолайсыз болды. Мысалы, оқы(й), тасы(й), қабы(й), сылы(й), жылы(й), т.б. Ережесін беру үшін бұлар да аздық етеді, сөз ішінде «ый»-лардың естілуін көрмеске, есептеспеске болмады. Мысалы, қыйын, сыйын, қыйсын, қыйқым, сыйқым, сыйық, тыйын. Кейбір тіл мамандарының ойынша, жоғарыдағыдай «ый» естілген жердің бәріне «и» жазсақ болмай ма, *иман, Иса, иық* сияқты сөздерде «ы»-сыз-ақ жазамыз ғой дейді. Мұны айтушы жолдастар, біріншіден, мағына мен форманы шатастырған. Екіншіден, мұнымен байланысты сөздегі «и» әрпінің жуан я жіңішкелігі онан кейінгі әріпке байланысты ажыратылатынын ереже ретінде беруімізге тура келеді. Бұл баяғы дәйекшені елестетеді. Сөз басындағы «и» ешбір сөз қалпына, формасына, мағынасына нұқсан келтірмейтіндіктен алынған, ал соған қарап сөз ортасындағы, аяғындағы «ы»-ларды «и»-мен берейік деу – емле ережесін қиындату, қазақ сөзінің табиғатын, жаратылысын білмеу, я біле тұрса да ескермеу болып табылады».

Демек, ғалым бұрынғы орфографиялық норманы түбегейлі өзгертпей, кейбір сөз ортасындағы *ый*-дың мағына білдіруші фонемалық қызметін жоймай жазуды алға тартады.

Н.Сауранбаев 1950 жылы орфографиялық емле ережелерінің өзгерістеріне жеке пікірін білдіре отырып, олар жай ғана өзгертулер емес, тілдің заңдылығына сай жазылған жөндеулер деп таниды. Ғалым: «Қосақты *ы* мен *и* орнына бір ғана жалаң *и* қолдану оңай әрі тиімді, жинақы сияқты. Жуанына да, жіңішкесіне де *и* жазудан сөздің мағынасы бұзылмайды, қайта *ый* жазылатын сөздердің жазылуы бірыңғайланып жеңілденеді. Мәселен, *ыйық, қый, сыйыр* сияқты сөздерді шұбалаңдатпай *иық, қи, сиыр, қия* деп анық, ықшамдап жазуға болмай ма? Бір дыбысты қос әріппен таңбалау дұрыс емес, бірізділік болмайды», – деген өзіндік пікірін білдіреді. Бұдан біз, Н.Сауранбаевтың модель бірізділігін, ықшамдау принципін ұстанғанын байқасақ, ал С.Аманжолов ұлттық тілге тән айтылым нормасын сақтау, омонимдерді көбейтпей, екі түрлі ұғымды бір сөзбен емес, фонема арқылы ажыратып, екі сөз ретінде жазу (тый - ти) қағидасын ұстанған. Әрине, ұлттық тілдің шынайы құндылығын, айтылым нақышын бұзбай сақтау үшін С.Аманжоловтың принципі ұтымды.

Осындай тілші-ғалымдардың тартысты зерттеулерінің негізінде қазақ тілінің дұрыс жазылу нормасы лайықты түрде қалпына келді. Мағынасы ажыратылуға тиісті *сый, тый* сөздері мен сол сөздерден басталатын сөз тіркестері *ый* формасын сақтап жазылатын болды. Бірақ С.Аманжолов ұсынған *мый* (бастағы мый) мен *ми* (ми батпақ) ұғымдарын ажыратып көрсету үшін *ый* формасын жазу негізге алынбай, екі ұғым да жіңішке *и* дыбысымен жазылу заңдылығына еніп кетті.

Ал Н.Сауранбаевтың замандасы, алғашқы орфографиялық сөздік құрастырушылардың бірі М.Балақаев өз пікірін былайша білдіреді: «Орфография жалпыға ортақ, оның ережелері бірізге түсіп, әбден қалыптаспайынша, жалпыхалықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде тіл сабағын оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес» [23].



ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ӘЛПБИДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Түркиядағы «әріп төңкерісі»

Түрік тілі латын әліпбиіне 1928 жылдың 3 қарашасынан бастап алты айдың ішінде Мұстафа Кемал Ататүріктің «қару және тақта» саясатының күшімен өткенімен, латын қарпіне ауысу мәселесі 1862 жылдан басталған болатын.

Алғаш рет латын әліпбиін таңдау туралы тілге тиек еткен Муниф Ефенди мырза еді. Оның бұл туралы пікірін қысқаша жеткізетін болсақ, 11 мамыр 1862 жылы ғылыми конференцияда әліпби тақырыбында сөз қозғалды. Мырза араб әріптерін қайтадан жаңарту, жазу мен оқуды оңай жолмен шешу туралы өз ойын былай жеткізді: «Еуропалықтардың жазуында еш қиындық жоқ, барлық оқушы білім ала алады, 6-7 жастағы баладан ер адам, әйел адам, қарапайым халықтан жұмыс жасайтындарға дейін барлығы жақсы, қатесіз оқып-жазуды үйренеді» дей келе, алдағы уақытта Түрік мемлекетінің халықаралық байланысын нығайту үшін еуропалық (латын) әліпбиді таңдауға ұсыныс жасады.

Мешрутиет кезеңінде әріптердің жаңартылуы мен әріптердің бөлек таңбалануы тақырыбы қайта қозғалды. Атақты түрік жазушылары Хусейін Джахит (Ялчын), «Ичтихад» журналының редакторы Доктор Абдуллах Джевдет, журналист Джелал Нури, Кылычзаде Хаккы секілді зиялы қауым латын әліпбиінің тиімділігін және осы негізде түріктің жаңа әліпбиін құру жолында батыл қадамдар жасап, өз пікірлерін жариялады. Өйткені ол дәуірде Түрік мемлекетінде әліпби мәселесін қозғау, жазуды өзгерту туралы пікір айту, бұл тақырыпта қалам алу шынымен де мәдени батылдық болатын. Зиялы қауымның ойынша, Түрік елінде қалыптасқан мынадай стереотиптік түсінікті жоюдың уақыты келді деп есептеді. Себебі түріктердің танымына араб әріптері Алла тарапынан жіберілді деген ұғым, оқу-жазу дін үшін керек деген жаңсақ сенім терең сіңген болатын. Осы жаңсақ сенімнің кесірі, Түрік мемлекетінің тіл арқылы әлемдік мәдениетке жетуіне, ғылыми-техникалық ілгерілеуге ілесуіне кедергі болды. Латын әліпбиіне ауысу туралы осындай алғашқы пікірлер пайда бола бастағаннан кейін «латын алфавиті қабылданатын болса, ескі ислами ғылым мен мәдениетті жоғалтамыз» деген ой, «өткенмен байланысымыз үзіледі» деген пікірлер туындай

бастады. Бұл пікірлерге берілген жауап ретінде 1921 жылы 4 жазушысынан біреуі Джелал Нури алдымен «Тарих-и Истикбал (Болашақтың тарихы)» атты кітабында былай дейді: «Алтайларға дейін барғанша, қазіргі мүшкіл жағдайда болған Түрік тілі мен әдебиетін тазартсақ, дамытсақ, Түрікшілдік атына көп нәрсе жасаған боламыз. Мысалы, сами тілдері мен тіліміздің рухына сәйкес келмейтін әріптерді (араб әріптерін) алып тастайық. Әмбебап латын әріптерін алайық, араб әріптері араб пен еврей сияқты сами тілдері үшін қажет. Түрік тіліміз араб тілінің ішінде болғанымен, өзінің тұрандық негізін жоғалтқан жоқ. Сами тілдерінен гөрі еуропа тілдеріне келеді. Бізге латын әріптері секілді бөлек жазылған әріптер қажет. Тілде, әдебиетте, әріпте, пікірде төңкеріс жасайық. Барлық бауырларымды латын әріптерінің қабылдануы мен түрікшілдіктің дамуы мен артуына шақырамын».

Ұлттық күрес жеңіспен аяқталған соң, Анкарада Түріктің Ұлы ұлттық мәжіліс үкіметі құрылғаннан кейін 21 ақпан 1923 жылы Измирде Қазым Карабекир пашаның басшылығымен «Ұлттық экономика конгресі» болды. Бұл жиында бірнеше экономикалық және әлеуметтік мәселелер туралы келіссөздер туындады. Осы келіссөздер барысында «Латын әрпінің қабылдануы» жайында Конгрестің ішкі делегация мүшесі измирлік Назми мырза ұсыныс жасады. Бірақ бұл тікелей төрағаның «Латын әріптері ислам бірлігін бұзады» деген қарсы пікірімен оларға жалпы жиында өз ойларын айтуға мүмкіндік бермеді. Конгресс төрағасы Қазым Карабекир паша осы тақырыптағы ойларын барлық жұртқа айтты. Пашаның «Латын әріптерін қабылдамаймыз» тақырыбындағы «Хакимет-и Миллийе» газетінің 5 наурыз 1923 жылғы санында жариялаған мақаласында былай дейді: «Осы пікір бір уақыттарда Еуропада белең алды. Бұл ағым сол жерден басталды. Біздің ислам әрпіміз жеткіліксіз екен, сол үшін де латын әрпін енгізуіміз қажет екен. Ол жердегі кейбір достарымыз осы пікірді қолдайды екен. Алайда нәтижеде, мұның қиын екенін, өкінгендерін айтады. Осы пікірдің қиын екенін Албаниядағы жұртшылық та кеш түсінді. Осы жөнінде біздің пікірімізді сұрағандар да болды. Достар, қазір қандай шетелдікпен жолықсаңыз айтатыны біреу-ақ: түрік тілі өте әдемі тіл, онай, бірақ әріптері жаман. Бір күш бар, ол күш бар әлемге қарсы үгіт жасайды: түрік жазуы оқылмайды, қиын. Латын әрпінің қабылдануы мүмкін бе? Қабылданған жағдайда қиын күй кешеміз. Бәрінен бұрын, кітапханамызда тұнып тұрған кітаптарымыз, тарихымыз және мыңдаған томдық туындыларымыз бір тілмен жазылып тұрғанда, таңбалары мүлдем басқаша әріптерді қабылдаған күні үлкен бір апатқа жолығамыз, бұл, демек, барлық Еуропаның қолына күшті қару ұстатқандай боламыз, бұлар Ислам әлеміне былай дейді: түріктер басқа жазуды қабылдады, христиан болды. Міне, дұшпандарымыздың шайтани пікірі осында жатыр» деп латын әліпбиін қабылдаудан туындайтын халықаралық саяси олықықтарды осылайша түсіндіреді.

Қазым Карабекирдің осы пікірінен кейін латын әрпін қабылдағысы келмейтіндердің саны артты. Алайда бұл пікірді қолдамайтындар да кездесті.

Қылычзаде Хаккы мырзаның мақаласында: «Жоғары білімді, көзі ашық Қазым Карабекир ғылыми мәселе болған латын әрпін қабылдауға қарсы, себебін де «Ислам әлемі не дейді?» деп отыр. Біздің мемлекетімізде жалпы оқу, сауат ашу бірыңғай дамымаған. Өйткені әріптеріміз бұған кедергі болады. Балаларымыз мектепте 3-4 жыл оқиды, алайда дұрыстап оқи алмайды. Тек балаларымыз емес, әрбіріміз әр сөзді

дұрыстап дыбыстай алмаймыз. Мұндай тіл, мұндай білім бола ма? Ауыл баласы қаншама жыл мектепке барып ештеңе үйрене алмаса, не үшін уақытын бос өткізеді? Газет оқи алмайды, кітап оқи алмайды» – деп, елдегі халық ағарту жайын өзгерту үшін латын әліпбиіне көшуді қолдайтынын білдірді.

Осыдан кейін әріптерді ауыстыру мәселесі қайта-қайта айтыла берді. Дегенмен, көпшілік түрік зиялыларының көкейінде мынадай күдік, қорқыныш болғаны рас: «Әлемде осыған ұқсас бір тәжірибе болғанын білсек, яғни мәдениет мен қанша ғасырғы кітап пен кітапханасы бар бір халықтың бұдан да оңайы бар екен ғой деп ауыса салғанын көрген болсақ, ең болмағанда салыстырмалы түрде бір пікір немесе жорамал айтуға мүмкіндігіміз болар еді. Мұндай тәжірибе болмағаннан кейін ия немесе жоқ деу үшін аса батылдық қажет».

Латын әрпін қабылдағысы келетіндердің дәлелдері мынадай болды: «1) жазуды әрең үйренеміз, 2) емлеміз қиын, 3) шетелдіктер тілдегі әрпіміздің қиын болғаны үшін үйренуге құлқы жоқ, 4) азды-көпты білім алғандарымыздың өзі бір мақаланы қате-қате оқиды». Осы түрік жазуындағы қиындықтарды шешу мақсатын басымдық етіп, латын әліпбиіне көшу басты түрткі болды. Және де Түрік мемлекеті латын графикасына ауысса, бұл жаңалық «арабтар, ирандықтар және басқа да Тұран тайпаларына да (қазақтар, башқұрттар, өзбектер, татарлар және азербайжандар) үлгі болып, емлелерін түзететініне күмән тудырмас еді» деген ынта, талпыныс та болды.

Республика үкіметі әріп төңкерісін жасамас бұрын қолданып жүрген сандарды өзгерту, латын негізіндегі сандарды қабылдаудан бастады. 1928 жылы мамыр айының соңында Үкімет, Түркия Ұлы ұлттық мәжілісінде төмендегі заң ұсынысын алға тартты:

Бап №1. Мемлекеттік, қалалық ресми орындарда жазу жұмыстары мен есеп-қисап жұмыстарында халықаралық сандардың қолданылуы қажет.

Бап №2. Бұл заң 1 маусым 1928 жылынан күшіне енеді.

Ұлы ұлттық мәжіліс 20 мамыр 1928 жылғы жиналыста халықаралық сандардың қолдануы жөнінде заң қабылдады, 1 маусым 1928 жылы Түркияда халықаралық сандар ресми түрде қолданыла бастады. Бұл жиналысқа қатысушылардың көбі әріптердің де өзгертілуі туралы әңгіме қозғады. Осыған байланысты газет пен журнал беттерінде латын әрпінің қабылдануы мәселесі жөнінде тартыстар басталды. Араб әріптерінде қалу пікірін қолдағандар да болды.

Мемлекетте дайындық жұмыстары жүріп жатқанда, латын әріптерін түрік тіліне қолдана бастағандар да болды. Парижде оқыған доктор Рыза Нур 1928 жылы «Огуз-нама» атты кітабын латын әрпінде бастырды.

Бұл жағдайға байланысты Білім және ғылым министрі жазушы мен педагогтерден құрылған комиссия тағайындады, комиссияның жұмысы латын әрпі негізінде түрік тілінің құрылымына сәйкес келетін тиімді және оңай «Жаңа түрік алфавитінің» шығатынына кәміл сенді.

Осыған сәйкес, Білім және ғылым министрлігінің 20.05.1928 жылы берілген бұйрығына сәйкес маусым айының ортасында қолданыста болған араб әліпбиіндегі жазулардың латын негізіндегі түрік әріптерімен жазылу жұмыстарын түзету мақсатында Тіл комиссиясы құрылды. Комиссия француз, неміс, ағылшын, италия, венгр секілді бірнеше ұлттың әліпбиін зерттеді. Гази Мустафа Кемалдың басшылығымен алғашқы

жиналысын 1928 жылдың 26 маусымында жасады. Комиссияда үш депутат, министрлік жағынан үш адам, үш маман – барлығы 9 адам, сонан соң тағы да бес адам қосылып, комиссия құрамында 14 адам болды. Осы комиссияның берген есебі бойынша, Түрік тілі мекемесінің жетекші маманы А. Дилачардың энциклопедия үшін дайындаған «Тіл төңкерісі» атты жұмысында латын әліпбиімен жазатын тілдерді зерттеуден шыққан нәтижені былайша ұсынды: «Әліпби есебі. Тамыз айында жарияланған 41 беттік «Әліпби есебіндегі» бөлімдер мыналар: 1) түрік тіліндегі дыбыстардың саны және ерекшеліктері, 2) латын әріптерінің тұрақтылық ерекшеліктері, 3) Еуропада қолданылған латын негізіндегі әріптер: латын, италия, испан, француз, ағылшын, неміс, швед, финн, венгр, поляк, чех, хорват, албан, әзербайжан, Совет Одағындағы түркі тілдес халықтар, 4) осы әліпбидегі әріптердің таңбалары мен тұрақтылық ерекшеліктері (кестеде), 5) түрік тіліне тән латын әріптерінің таңдалуы және осыған қатысты негіздер, 6) әртүрлі алфавиттердегі қостанбалы әріптер, таңбалы әріптер, латын әліпбиіне қосылған әріптер, 7) түрік әліпбиін құрайтын әріптердің басқа тілдердегі баламалары, 8) әліпбидің сапасы, тілімізге сәйкес келуі, дыбыстық ұғымдар арасында түсінбестік болмауы тиіс, басқа дыбыстармен арадағы өлшемді сақтау, ұлттық болуы, оқу және жазу барысында оңай болуы, стереотип түрінде болмау, емледегі түсінбестікті жою, эстетикаға сай болу...».

29 әріптен тұратын жаңа түрік әліпбиінде барлық дауыссыз әріптердің соңына «е» әрпі қойылып айтылды. Мысалы: *f-fe, l-le, m-me*. Бірақ «к» әрпіне «ка», «h» әрпіне «ha» дегендер де болды. Бұл кәте болып саналды. Кейін түрік әліпбиінде бұл әріптердің айтылуы да басқа әріптер секілді «е» әрпінің жалғануымен айтылуы тиіс болды.

Латын әліпбиінде жазатын көптеген халық бұл әліпбиді өз тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін диакретикалық таңбаларды қолданады. Түрік әліпбиінде де кейбір әріптерге диакретикалық таңбалар қойылған: «ч-ç», «ш-ş», «ғ-ğ» сияқты.

Анықталған жаңа түрік жазуында шетелдік әліпбилердегі *ch, sch* секілді диграф пен триграф жоқ, кестеде әр әріптің бір ғана таңбасы бар.

Қорытындылай келе, түрік әліпбиі 29 әріптен тұрады:

A, b(be), c(ce), ç(çe), d(de), e(e), f(ef), g(ge), h(ha), i(i), ı(ı), j(ji), k(ka), l(el), m(em), n(en), o(o), p(pe), q(ku), r(er), s(es), (eş), t(te), u(u), v(ve), w(қос ve), x(iks), y(ye), z(ze).

Әліпбиде кейбір әріптер көрсетілмегенмен, кейін келе әліпбиге өзгерту енгізілген, яғни *ö, ü, ğ* қосылып, ал *q, w, x* әріптері алынып тасталған. Әріптердің айтылуы *f(fe), ğ(yumuşak ge), h(he), k(ke), l(le), m(me), n(ne), ö(ö), r(re), s(se), ş(şe), ü(ü)* болып өзгертілген. Әліпби есебінің соңында көзбен көріп қабылдау үшін жаңа түрік әліпбиінде жазылған көркем әдебиеттер ұсынылған.

Осындай дайындық жұмыстары мен баспаларда жарияланған материалдардан кейін Түрік еліндегі латын әліпби төңкерісінің көшбасшысы Гази Мұстафа Кемал (Ататүрік) тілге қатысты мәселенің уақыты келгенін байқайды. Тіл комиссиясының жаңа түрік әліпбиіне қатысты жұмыстарының нәтижелі болғаны оны қанаттандырды.

1928 жылы тамыз айының 8-інен 9-ына қараған түні Стамбулдағы Гюлхане саябағында Республикалық халық партиясының ұйымдастыруымен кеш өтеді. Сол кеште Мұстафа Кемал әріп төңкерісінің басталғанын сүйіншіледі. Бүкіл халық ұйып тыңдап қалды. Жаңа түрік әліпбиіне қатысты өз ойы мен кеңесін былай деп мәлімдеді:

«Достар, көрікті тіліміз үшін жаңа түрік алфавитін қабылдаймыз. Біздің әдемі, ырғақты, бай тіліміз жаңа түрік алфавитімен өзін көрсететін болады. Қанишама ғасырдан бері басымызды темір тордың ішіне қойған, түсіне алмайтын және түсінбейтін таңбалардан өзімізді құтқаруымыз керек және мұны түсінуге тиіспіз. Бұл жаңа әріптерді тез арада өте жақсы меңгеріп кетеміз. Түсінетінімізге жақында бар әлем куә болады. Мен бұған сенемін, сіздер де сеніңіздер.

Көп істер жасалды. Бұл соңы емес, жасауға тиісті көп нәрсе бар. Жаңа түрік әрпін тез арада үйренуіміз керек. Әрбір отандасқа, әйелге, ер адамға, жүк тасымалдаушыға, жұмысшыға үйретіңдер. Мұны отансүйгіштік, ұлтқа құрмет деп біліңіздер. Бұл міндетті орындап жатқан кезде ойлаңыз, бір халықтың жүзден оны/жиырма гана оқып жаза алады, жүзде сексен/тоқсаны білмейді. Бұл өте ұят нәрсе. Осы үшін өзін адам деп білетіндер ұялуы керек. Ұлтымыз ұялу үшін жаратылған жоқ. Мақтану үшін, қуану үшін жаратылды, себебі тарихымызды мақтанышпен толтырған халық. Халықтың жүзде тоқсаны оқып, жазуды білмесе, қате бізде емес. Қате, түріктің жаратылысын, мінезін түсінбей, басын шынжырмен орағандарда. Өткен күннің қателерін тамырынан бастап тазарту сәті келді. Қателерді түзетеміз. Бұл қателерді түзету шараларына барлық отандастардың қатысуын қалаймын. Ең кеіс 1 жылдың ішінде барлық түрік халқы жаңа әріптерді үйренеді».

Мұстафа Кемалдың бұл үндеуі бүкіл халыққа әсер етті, толқытты. Медиа әлемі тіпті Батыстың медиасы бұл істі кең көлемде жариялап жатты. Осылайша әріп төңкерісінің дайындық кезеңі бітіп, басталу және қолдану кезеңі басталды.

Жаңа түрік әріптерінің ресми қабылдануынан кейін Түркия баспасөзі жаңаша бір белең алды. Долмабахче сарайының сабақтары, бұдан кейін барлық жерде, қалада, аудан, ауылда осы әріптерді үйрететін курстар, ұлт мектептері ашылды. Стамбулда Мұғалімдер бірлігі конгресі жаңа әріптерді меңгерді, осы салада нәтижелі жұмыстар жасалды.

Жаңа түрік әліпбиін құрастыруда жетістікке жеткен Тіл комиссиясы таратылмады, жаңа мүшелермен толықтырылды. Жаңа құраммен толықтырылған Тіл комиссиясы Тіл бойынша кеңес беретін комитет деп атауын өзгертті. Төмендегідей міндеттер қойылды:

1) барлық мектеп кітаптарының негізін қалайтын сапалы грамматика кітабын дайындау;

2) негізгі талаптарға жауап беретін Түрік тілі сөздігін құрастыру. Сөздік құрастыру барысында қолдан келгенше араб пен парсыдан енген кірме сөздердің орнына халық тілінен және ескі кітаптардан таңдап алынған түрікше сөздерді қою;

3) Стамбулда қолданатын әдеби тілге сәйкес емле ережелерін анықтау.

Тіл бойынша кеңес беретін Комитет түсіндірмелі сөздік, грамматика, жинақ және терминдер бойынша жұмыстар жасаған, халық диалектілерінен сөздер жинау үшін Рагип Хулусиді жауапты етіп тағайындаған. Комитет ауылшаруашылық терминдерін де түрікшелендіруге тырысты.

Осылайша 1928-1929 жылдары Түрік мемлекеті жаппай латын әліпбиін бірауыздан қабылдап, аса күрделі қиындықсыз түрік жазуына жаңа реформа жасады. Дегенмен, түрік елі осы күнге дейін сан ғасырлар бойы сақталған мәдениетін, әдебиетін,

дәстүрін, салтын, рухани құндылығын еш жоғалтқан емес, керісінше, халықаралық кеңістікте дамыған мәдениетті жеңіл танып, еркін қабылдауға, сол арқылы өзінің өркениетін дамытуға толық мүмкіндік алды.

Түркі халықтарының латын графикасына көшуіне себеп болған түрткіжайттар

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Ресейдің қол астындағы түркі халықтарының жазу графикасы үш жүйені бастан өткергені мәлім. Атап айтқанда, орта ғасырдан бергі дәстүрлі қолданыстағы араб жазуының латын графикасына ауыстырылуы, одан кейін дереу латын графикасының орыс жазуына ауыстырылуы. Дәстүрлі араб жазуын ығыстырудағы басты мақсат – мұсылман әлемімен байланысты болған жазу түрін жойып, түркі халықтарының көшпелі мәдениетін жоққа шығару, оларды «жабайы халық», «тағы халық», «жазуы болмаған сауатсыз, мәдениетсіз халық» деп жас ұрпақтың санасына сіңіру болғаны шындық. «Жабайы қазақ халқы ұлы орыс халқының көмегімен ғана ел болды, екі пайызы ғана хат танитын халық Қазан төңкерісінен кейін ғана жазу мәдениетіне ие болды» деген жалған мәліметтердің әлеумет арасында барынша дәріптелгені бүгінгі таңда бүркемелеуге келмейтін ақиқат екені айдан анық.

Бір әріпті тастап, екінші әріпке дереу көшу саяси-экономикалық жақтан да, мәдени-әлеуметтік жақтан да өте тиімсіз болса да, қызыл империяның негізгі мақсаты түркі халықтарының рухани дамуын тежеп, бағындыру және осы арқылы орыс жазуына көшіру, орыстандыру болатын. «Халықтың күллі рухани дүниесі араб жазуында жатыр», «араб жазуы тарих тамыршысы», «халық қазынасының қоймасы» деп, оны жан-тәнімен қорғап, шырылдаған зиялылар қауымы «арабшылдар», «ескішілдер», «қадымшылар», «керітартпалар», «ұлтшылдар», «діншілдер», «молданың шашбауын көтерушілер» деп айыпталып, «халық жауына» айналғаны да бүгінгі ұрпақ есінде. Сол кезеңдегі алаш зиялылары Кеңес үкіметінің «араб жазуынан айыру арқылы тұтас бір халыққа өткенін ұмыттырып, ұлттық игіліктерді саналарынан өшіру» әрекетін жасап отырғанын жақсы түсінген болатын.

Қазақ жеріндегі латын жазуынан бірден орыс жазуына көшу мәселесі де алаш көсемдерінің, ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғалардың көзін біржола құртқаннан кейін, яғни 1937 жылдары қарқынды түрде қолға алынды. Бұл кезде ұлт болашағы үшін жанын берген азаматтардың барлығының көзі жойылғандықтан, қарсылық көрсетер зиялы қауымның болмауы себепті, орыс жазуын халықтың сұрауы бойынша деген сылтаумен еш қиындықсыз қабылдата салды.

1940 жылы 13 қарашада «Латындырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданады. Онда «Қазақ елінің өтініштері негізінде орыс графикасына көшірілу қанағаттандырылсын» деген мазмұнда көрсетіліп, ешқандай зорлықсыз, керісінше, халық қалауы бойынша орыс әліпбиін қабылдады деген тұрпатта көрсетіледі: «Идя навстречу желанию трудящихся Казахской ССР о переводе казахской письменности с латинизированного на новый алфавит на основе русской графики и учитывая огромное политическое и культурное значение нового алфавита, являющегося средством дальнейшего подъема культуры,

развития казахского литературного языка и еще большего укрепления нерушимой дружбы народов СССР. Пятая сессия Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Удовлетворить просьбу широких масс колхозников, рабочих и интеллигенции Казахской ССР о переводе казахской письменности с латинизированного на новый казахский алфавит на основе русской графики.

2. Утвердить внесенный Совнаркомом Казахской ССР проект нового казахского алфавита в количестве 41 буквы, из них 32 буквы русского алфавита с теми функциями, с какими они употребляются в русской письменности и 9 дополнительных букв, выражающих специфические звуки казахского языка.

3. Установить следующие сроки перехода на новый алфавит:

а) государственных учреждений и общественных организаций – с февраля 1941 года;

б) начальных школ (1-4 классы) – с 1 сентября 1941 года;

в) газет и журналов (частично) с 1 февраля 1941 года;

г) неполных средних и средних школ и других учебных заведений – с 1 сентября 1942 года;

д) школ грамоты – с марта 1941 года.

4. Организовать при Совнаркоме Казахской ССР правительственную комиссию для практического руководства и проведения в жизнь намечаемых мероприятий по переходу на новый алфавит [55, 180-б.].

Қысқасы, сол кезеңдердегі қазақ қоғамында әліпбиге қатысты екі түрлі бағыт талас-тартысқа түскен болатын, біріншісі, *миссионерлік бағыт*, екіншісі – *ұлттық бағыт*. Миссионерлік бағыттың мақсаты араб жазуы жарамсыз деген желеумен орыс жазуын қолданысқа енгізу болса, ұлттық бағыттың мақсаты мәдени-рухани құндылықтардан ажырамау үшін араб жазуын қолданыста қалдыру еді. Бұндай тартыс тек қазақ қоғамында ғана емес, Ресейдің қол астындағы барлық түркі халықтарында орын алды. Ол кездегі латын графикасын қабылдаттыру саясаты тек қана кириллицаға көшіру үшін ғана жасалған негізгі қадам болатын. Себебі, мұсылман дінімен енген араб жазуын бірден орыс жазуына ауыстыруда түркі зиялыларының қатты қарсылығына ұшыраған Ресей үкіметі, халық толқуынан сақтанғандықтан ғана ортаға латын графикасын қыстыруға мәжбүр болды және түркітілдес халықтардың латынға өту науқанын кеңестік билік саяси тұрғыдан жіті бақылауда ұстады.

Түркітілдес мемлекеттердің ішінде латын жазуын ең алғаш түбегейлі қабылдаған ел – Түркия. Бұл елдегі латын графикасын қабылдау науқаны ешқандай отаршылдық саясаттың астарында емес, керісінше, зайырлы қоғам құру, әлемдік өркениетке ілесу мақсатында жасалды. Бұл, ең алдымен, әрине, Түркияның тәуелсіз ел болғанымен тығыз байланысты. Осман империясын сақтап қалған Мұстафа Кемал Түркия Республикасын жариялай салысымен-ақ, Еуропа құндылықтарын ендіруге күш салды, дамыған Еуропа мемлекеттерімен қатарласу үшін дамыған жазу керек деп жариялап, елді латын графикасына көшіруге шешім шығарды. Ататүріктің бастамасын 1928 жылы 23 мамырда құрылған «Тіл комиссиясы» қадағалады.

Ел басшысы «қарапайым халық үшін күрделі әліпбиден құтылып, ал мемлекет дамуы үшін кедергі келтірген сауатсыздықты жоюдың бір ғана амалы – латынға көшу» [56] деген берік ұстанымда болады. Түрік ғалымдары зерттеулерінде: «Өкінішке

орай, түркі қоғамында Мұстафа Кемал латынға көшуді бір-ақ күнде ойлап, 3 айда жүзеге асырды» деген жаңсақ пікір қалыптасқан, ал шындығында латын әліпбиіне көшу сонау ескі Османлы заманынан бастап-ақ қолға алынған болатын», – деп жазады [57]. Сонымен, жоғарыдағы құрылған комиссияның қабылдаған ережелері негізінде Мұстафа Кемал Ататүрктің бастауымен 1928 жылдың 1 қарашасында Түркия мемлекеті латын әліпбиіне көшеді. Латын әліпбиін қабылдағаннан кейін 1928 жылдың 1 желтоқсанында Тіл Алқасы алғашқы «Емле сөздігін» жарыққа шығарады. Ататүрктің бастамасымен 1932 жылы 12 шілдеде «Түрік тілі қоғамы» құрылып, халыққа латын жазуын меңгертуде орасан зор қызмет атқарады, бұл қоғам латын графикасы негізіндегі түріктің ұлттық жазу жүйесін қалыптастыруға барынша күш салады. Алайда әліпби құрастыруда бірқатар кемшіліктер орын алғандығын түрік зерттеушілері жоққа шығармайды. Мәселен, *ı, ğ, ū* дыбыстарының әліпби құрамына енбей қалуынан күні бүгінге дейін орфографиялық ережеде қиындықтар орын алып отырған көрінеді. Бұл мәселені шешу жолдары Түркияда қазіргі таңда қайтадан көтеріліп жатыр.

Жалпы түрік елінің латын графикасына көшуіне саяси және әлеуметтік, мәдени, лингвистикалық түрткіжайттар себеп болған. Осылардың ішінде саяси түрткіжайтқа басымдық беріледі, яғни Мұстафа Кемал Ататүрктің Еуропа елдерімен теңесіп, оқу, білім, мәдениет жағынан алға шығуын көздеп, елді барынша дамытуды мақсат тұтқандығы. Бұл туралы ғалым А.Фазылжанова түрік елінің латын графикасын қабылдауы Мұстафа Ататүрктің жүзеге асырған маңызды реформаларының бірі екендігін айта отырып, түріктердің латын графикасына көшуінің негізгі себебін былай түсіндіреді: «Оның басты себебі Түркия Республикасының өз даму бағытында батысты бағдарға ұстанғанынан, яғни батыстың мемлекеттік моделін негізге алғанынан және көршілес Еуропа мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынасты орнатуды көздеуінен шығады» [1, 138-б.].

1991 жылы Кеңес үкіметі тарап, одақтас республикалар егемендігін алғаннан кейін Түркия түбі бір түркі мемлекеттерін саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларда бірігіп, ынтымақтастық орнатуға шақырды. Түркітілдес мемлекет басшыларының I құрылтайын да (1991 ж.) алғаш ұйымдастырып басын қосқан Түркия болды, түркітілдес мемлекеттерге білім-ғылым, мәдени салалар бойынша барынша қолдау көрсеткен де осы Түрік елі. Түркі тілдес мемлекеттердің латын графикасы негізіндегі ортақ әліпбиге көшу идеясы да осы Түркияда көтерілді (ортақ әліпби 34 әріптен тұрды). Әрине түркі мемлекеттерінің экономикалық, саяси т.б. жағдайларына байланысты барлығы латын графикасына көшкен жоқ. Тек Түркіменстан, Өзбекстан және Әзербайжан латын графикасына көшу туралы тез шешім қабылдап, түріктер құрастырған ортақ әліпбиді қабылдаса да, өз тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкес түзілген латын әліпбиіне көшті. Әзербайжанда 1992 жылдан, Өзбекстанда 1993 жылдан, Түркіменстанда 1994 жылдан латын графикасы қолданысқа енді.

Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан мемлекеттеріндегі әліпби реформасына арнайы зерттеу жүргізіп, бұл елдердегі латын графикасын қабылдау барысындағы лингвистикалық аспектінің тиімді-тиімсіз тұстарын, қолайлы-қолайсыз жағдайларын, әліпби жобаларындағы графемалар құрамы мен оның аталған ұлттар тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестігін, латын графикасының ұлттық тілдердің дамуына қалай әсер

еткенін және латын әліпбиіне көшуге себеп болған негізгі түрткіжайттарды айқындап, бірқатар тұжырымдар мен талдаулар жасаған зерттеуші А.Фазылжанова бұл елдердің латын графикасына көшуіндегі экономикалық, саяси, тілдік, мәдени-әлеуметтік түрткіжайттарын жан-жақты ашып көрсеткен болатын. Мәселен, Түркия Республикасына қатысты: «Түркі дүниесінен алшақта Еуропаның ортасында отырған жаңа республиканың экономикасының қарқындап дамуы үшін көршілес батыс елдерімен тығыз қарым-қатынас орнату үшін латын негізді жазуға көшудің маңызы зор болды» [58], – дей отырып, М.К.Ататүріктің табандылығы мен өзінің белсене кірісуі халықтың жаңа жазудың болашағына деген сенімін күшейтіп, рухтануына түрткі болғандығын атап көрсетеді.

А.Фазылжанованың көрсетуінше, Әзербайжандағы XX ғасырдың 90-жылдары орын алған үлкен отаншылдық серпіліс пен ұлттық сананың асқақтап көтерілуі, Түрік Республикасымен тығыз қарым-қатынас жасауға деген талпынысы графиканы реформалауға себеп болған саяси түрткіжайт болса, кирил графикасының орыс тілінен енген сөздерді өзгеріссіз жазуға мәжбүрлеуі, әрі моноконфессиялық (мұсылман діні) әзербайжан үшін кирил жазуының діни жаттығы оны өзгертуге себеп болған тағы бір фактор болып табылады, ал Түркиямен теледидар, сауда, БАҚ құралдары арқылы орныққан мәдени қарым-қатынас нәтижесінде қолайлы жазуды талап етуі, әрі латын жазуымен өркендеп өсіп жатқан Түрік мемлекетінің мәдениетіне, экономикасының дамуына бет бұру керек деген көзқарастың күшеюі мәдени-әлеуметтік түрткіжайтқа негізделген [58].

Ал өзбек тілінің латын графикасына көшуінің басты себептері «ұлттық жазуға негізделген графиканың талап етілуі, әлемдік сауда, экономикалық қатынастар үшін латын графикалы жазудың тиімді болуы, дүниежүзі бойынша ақпарат алмасудың негізгі құралы латын графикасы болғандықтан, соның негізінде ұлттық жазу әліпбиін жасау қажеттілігі» [58] сынды саяси және экономикалық факторлар түрткі болған. Өзбекстанда қабылданған латын әліпбиінде кемшіліктердің өте көп болуы себепті оларды түзету мерзімі 2010 жылға дейін созылған. Негізгі кемшіліктер қатарына «бір таңбамен әртүрлі фонемалық статустағы дыбыстардың белгіленуі, жазуды интернетке икемдеуге басымдық берілгендіктен, ұлттық тілдің мүддесінен шықпай қалғандығы, жаңа латын графикасында алынған 3 әріптік тіркес бір сөздер құрамында бір дыбыс ретінде оқылса, келесі бір сөздерде екі дыбыс түрінде оқылуы» [58] жатады. «Дегенмен өзбек тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирил әліпбиінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылуға әрі өзбек жазба тілінің жүйеленуіне, оның мәдениетінің дамуына оң әсерін тигізген», – деп тұжырымдайды А.Фазылжанова.

Түркіменстан 1991 жылы 27 қазанда Тәуелсіздік туралы декларация қабылдағаннан кейін тіл саясатына қатысты жаңа ұлттық заңнамалар қабылдай бастады. Бұл елдің де латын графикасын қабылдауына ең бірінші саяси факторлар түрткі болды. Зерттеушілердің көрсетуінше, Түркіменстанда латын графикасына көшу барысында ескі араб жазуын қолдаушылар болмаған, керісінше, тоталитарлық жүйенің символы болып табылатын кирил жазуынан құтылып, дыбыстық жүйені бейнелейтін жаңа латын әліпбиін қабылдауға бірауыздан ден қойған. 1993 жылы Түркия президенті Тұрғұт Озал Ашхабадқа ресми сапармен келгенде Түркіменстан президенті Сапармұрат

Ниязов Республикада латын әліпбиін енгізу туралы Жарлықты ұсынған [59, 120-б.]. Сөйтіп «Тазе Түркмен әліпбийін» (Жаңа Түркімен әліпбиі) қолданысқа енгізу шаралары қарқынды түрде қолға алынды. Осының негізінде әліпби реформасын жүргізуге қатысты ұйымдастырушылық іс-шаралары, ғылыми-әдістемелік және оқыту базасын құру іс-шаралары, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету іс-шаралары жүзеге аса бастайды [59, 121-б.]. Түкіменстандағы латын графикасына көшу реформасы 2000 жылға дейін созылды. Зерттеушілер түркімендердің жаңа латын әліпбиіне көшудегі кемшіліктеріне «әліпби реформасының белгілі мерзімде аяқталмауын, әліпби реформасының елдегі этносаралық жағдайға кері ықпалын, ересектер арасында жаңа әліпбиді үйренудің қиынға соғуын» [60, 100-б.]. Жатқызса, артықшылығына «жаңа әліпбидің түркімен тілінің ұлттық фонетикалық ерекшеліктерін ескеріп жасалғандығын, орыстанған атаулардың жаңа графикада ұлттық сипатта таңбалануын және отарлық тоталитарлық санадан құтылғандығын» жатқызады [60, 101-б.].

Егемендік алғаннан кейін Түркіменстанда ұлттық идеологияға басымдық беріліп, тіл мен әліпби мәселесі алдыңғы орынға шықты, осыған дейін басымдыққа ие болған орыс тілі ығыстырылып, оның қолдану аясы тарыла бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейін, тек Түркіменстанда ғана емес, бодандықта болған барлық республикаларда ұлттық бағыттағы жұмыстар қарқынды түрде қолға алынып, жүзеге асты. Қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед бодан болған республикалардың егемендік алғаннан кейін «ұлттық идентификацияға» барынша ұмтылғанын айтады: «Әлемдегі алпауыт елдер өз отарларындағы ықпалды күшейту үшін екі мәселені мықтап қолға алды. Оның бірі – тіл, екіншісі – дін. Отар елге алдымен миссионерлер қаптап, тұрғылықты халықты дінінен аздырды, сосын біртіндеп тілінен ажыратты. Мәңгүрткікке барар алғашқы екі қадам осы. Тарихтың парадоксы сонда: бодандықтан бостандыққа ұмтылған халықтардың тәуелсіздік жолындағы кез келген күресінің басты мотиві де осы екі ұран болып қалды. Бұрынғы бодан елдер егемендікке қол жеткізген кезде отарлықтың кез келген атрибутын лақтырып тастап, ұлттық идентификацияға ұмтылады» [61].

Жоғарыдағы талдауларды түйіндей келе, мынадай қорытынды жасауға болады: аталмыш халықтардың латын графикасына көшуінде лингвистикалық, саяси-әлеуметтік қиындықтар ұшырасқанымен де латын әліпбиі олардың мемлекеттік тілін дамытты, ұлттық жаңа жазу мәдениетін қалыптастырды, интернеттік, техникалық салаларды кедергісіз пайдалануға жол ашты, ең бастысы, отаршылдық психологиядан құтылуға зор ықпалын тигізді.

Латын графикасындағы түрік әліпбиінің тілтанымдық негіздері туралы

Түркі әлеміне ислам дінімен бірге келген араб жазуы мың жылдан астам уақыт бойы қоғамның әлеуметтік-мәдени қажетін өтеуге қызмет етті. Түркі тілдес халықтар жазба ескерткіштерінің орасан бай кешенді мұрасы, халықтық рухани мәдениеттің аса құнды нышандары бізге дейін араб жазуының нұсқасында келіп жеткені аян. Бірақ араб жазуы өз кезегінде семит тілдер тобына жататындықтан, көптеген түр-

кітілдес халықтардың тіліндегі заңдылықтарды көрсете алмады. Осыған байланысты араб жазуын қолданған түркітілдес халықтардың жазуы өте күрделі сипатталып, жалпыхалықтық деңгейде емес, тек қана дегдарлық топ өкілдері ғана түсінетін жағдайда болды. Сондықтан 1800 жылдан бастап түркітілдес халықтардың арасында араб жазуын реформалау күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі ретінде қойыла бастады. Алғаш рет әліпби реформасына байланысты Әзербайжан жазушысы М.Ф.Ахундов (1857-1878 жылдарға дейін) төрт жоба ұсынады. Ғалым жобасын Персия (Тегран) және Константинопольға (Түркия) барып, өз идеясын ортаға салған болатын. М.Ф.Ахундов өзінің бірінші және екінші жобасында араб әліпбиін жетілдіруге баса көңіл қойса, үшінші, төртінші жобасын араб әліпбиін орыс әліпбиіне ауыстыруға ұсыныс айтады. Аталған ұсыныс, пікірлер негізінде ғалым силлабикалық жазудың кемшіліктері жөнінде еңбек жазып, түркітілдес халықтарына арналған латын графикасына негізделген жобасын ұсынады. Бұл жобаның атын ғалым «шығыс-латын әліпбиі» деп атайды. Аталған еңбекте М.Ф. Ахундов осы мәселеге байланысты былай дейді: «В 1857 году мной был составлен труд о необходимости преобразования мусульманского алфавита на персидском языке. В этом труде приведено достаточное количество доводов в пользу изменения алфавита. Для осуществления этой идеи я в 1863 году отправился в Константинополь, где через драгомата российского посольства представил великому визирю Фуад-Паше записку и рассказ о Юсуф-Шахе, написанные предлагаемым мною письмом. По распоряжению Фуад-Паши Оттоманское научное общество рассмотрело и одобрило мои соображения во всех отношениях, но не разрешило (к опубликованию)». Бірақ ғалымның бұл жобалары қолдау таппай, ұсыныстары ескерусіз қалып қояды.

Осыдан кейін бұл мәселе Түркияда да көтеріле бастайды. Түркиядағы Ахмед Вефик-паша, Әбу-з-Зия Тевфик, Шемситтин Сами Фрашери, Сүлеймен Тевфик, Ибрагим Шинаси, Намык Кемаль, Зия-паша Мусулла Давуд тәрізді ғалымдар әліпби реформасына атсалысады. 1850 жылдардың аяғында түрік оқымыстысы Ибрагим Шинаси түрік әліпбиін латын графикасы негізінде реформалау керектігін баса айтады, осыдан кейін 1900-1902 жылдары түрік тілі үшін латын негізді әліпби жүйесінің тиімділігі мен икемділігі жөнінде жазып жүрген түрік журналисі Сүлеймен Тевфик латын графикасына негізделген түрік әліпби жобасын ұсынады. Жалпы түрік халқына арналған әліпби таңдау барысында әліпби төңірегіндегі айтыс-тартыстар көп болды. Әліпби мәселесіне байланысты пікір білдіруші ғалымдарды 5 топқа бөлуге болады. *Бірінші* топтағы ғалымдар орхон немесе ұйғыр жазуына көшу керек деп мәлімдесе, *екінші* топтағы ғалымдар армян әліпбиіне (Маджид-паша), ал *үшінші* топтағылар жаңа заманауи әліпби құрастыру керек дейді (Ислам бей), *төртінші* топтағы ғалымдар латын графикасына негізделген түрік әліпбиін құру (Ибрагим Шинаси, Сүлеймен Тевфик, Фалих Рифки, Супхан Хамд Аллах және т.б.) жөнінде ұсыныстар айтады және де *бесінші* топтағы ғалымдар араб әліпбиін ішінара өзгерте отырып қолдану жүйесін жасау керек деген ұсыныс айтады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында Түркияның Қорғаныс министірлігі түрік әліпбиін оңтайландыру керектігін мәселе ретінде көтеріп, оның шешімі ретінде араб әліпбиінің бір ғана әріп түрін қолдану жүйесін енгізеді. Бірақ бұл ішінара болған реформалау да ешқандай нәтиже бермейді.

Осман империясы құлағаннан кейін Түркия елінің мемлекет ретінде жаңа дәуірі басталғаны белгілі. Ел басына келген Мұстафа Кемал (Ататүрік) Түркия мемлекетінің заңдылықтарын жаңарту жолында аянбай еңбек етеді. Ең алдымен М.Кемал зайырлы қоғам құруға талпынды. Ол үшін Ататүрік Түрік мемлекетіне Еуропа құндылықтарын енгізуді көздейді. Ислам діні мен араб жазуы Осман империясының идеологиясымен байланысатынын ескере отырып, ислам діні арқылы келген араб жазуын реформалап, латын жазуына негізделген әліпби қабылдауға кіріседі.

1926 жылы түрік тілдінде жарыққа шығатын «Ақшам» газетінде «латын әріптерін қабылдауымыз керек пе, жоқ әлде керек емес пе?» деген тақырыпта сауалнама жүргізіледі. Аталған сауалнама түріктің ұлт зиялыларынан алынады. Сауалнама нәтижесінде тек Абдулла Жевдет, Желал Нури, Хусейн Жахит, Фалих Рыфқы (Атай) тәрізді кәсіподақ мүшелері ғана латын қарпін қолдап, ал қалған басым бөлігі латын қарпіне қарсы пікір береді. Мұндай көзқарасқа қарамастан Мұстафа Кемал түрік жазуын оңтайландыру жолдарын қарастыра береді. Осы аралықта Түркияға келген тілтанушы доктор Кюхне М.Кемалға түрік әліпбиін жасау үшін венгр (мажар) әліпбиін зерттеу керектігін айтады.

Осы кезде басқа да түркі мемлекеттерінде әліпби реформалау, яғни латын графикасына көшу жолдары қарастырылып жатқан болатын. Әліпби мәселесіне байланысты 1926 жылы 26 ақпанда Әзербайжан Республикасының астанасы Баку қаласында Бірінші Түркологиялық құрылтай ашылады. Съезд жұмысы 9 күнге созылып, оған 131 делегат қатысады. Олардың 70 пайызы түркі халықтарының делегаттары, қалған 30 пайызы басқа ұлттардан келген түркітанушы болды. Ағымалы-оғлы басқаруымен өткен бұл мәжілісте қаралған негізгі мәселе – жазу, әдеби тіл мәселесі. Бакуде өткен I Түркологиялық съезде Түркиядан 3 профессор арнайы шақыртылады. Олардың ішіндегі 2 профессор сол съезд президиумына төраға ретінде сайланады. Оның бірі – Гусейн-Заде Алибек болса, екіншісі – Кеprüлю-заде. Осы съезде түркі халықтары жазуын араб графикасынан латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшіру туралы шешім қабылданғаны белгілі. Қабылданған қарар Түркияның әліпби реформасын тездетіп жүргізуіне де түрткі болады. Съезден кейін Түрік президенті Мұстафа Кемал: «Біз түркі халықтарынан бөлектенбейміз. Біз бірге болуымыз керек. Тіл мен жазу түркілердің ортақ байлығы» деп мәлімдей отырып, түрік жазуын латын графикасына көшіру науқанын бастайды.

Съезден кейін Мұстафа Кемал латын әліпбиін насихаттау жұмыстарын қадағалай отырып, әліпби мәселесін қарастыратын «Тіл комиссиясын» (Dil Encümeni) құрады. Комиссия 9 адамнан құралып, олар әліпби жобасын әзірлеуге, орфографиялық және грамматикалық ережелерді жасауға қатысты. Мамандардан құрылған комиссия Стамбулдағы Долмабахче сарайында сегіз ай бойы жұмыс істейді. 1926 жылдың орта тұсында комиссия мүшелері латын графикасына негізделген алғашқы жобаны ұсынады. Бұл жоба 24 әріптен тұрды. Әліпбиде қосымша модификацияланған таңбалар алынған жоқ. Мұндай әліпби қабылдаудың себебі техникалық және экономикалық түрткіжайтқа байланысты болды. Өз кезегінде аталған жоба бойынша бірнеше еңбек жарияланады. Бірақ бұл жоба халық арасында жемісін бермейді. Сауаттануға қиын болғандықтан және түрік тілінің өзіндік ерекшелігін толық көрсете алмағандықтан, түрік білімпаздары аталған әліпбиге латын стандартындағы

әріптерді модификациялай отырып, төл графемаларды жасау керек деп ұсыныс береді. Біраз уақыттан кейін түрік білімпаздары венгр әліпбиін зерттей отырып, аталған жобаға дауысты дыбыстар үшін Ö және Ü таңбаларын, ал дауыссыздар үшін Ç, Ğ, Ş таңбаларын алу керек деп шешеді.

1928 жылдың бірінші қарашасында Ататүрік парламент арқылы елді жаңа жазба жүйеге ауыстыру туралы қаулы қабылдайды. Осы жиында Ататүрік: «*Жолдастар, көркем тілімізді сындырмай сөйлейік деп жаңа түрік әліпбиін қабылдадық. Отандастар, жаңа түрік әліппесін тезірек меңгеріңдер! Бүкіл ұлысқа, шаруа мен шопанға, жүк тасушы мен қайықшыға үйретіңдер. Мұны ұлттық әрі отансүйгіштік борыш деп біліңдер!*» – деп, 29 таңбадан тұратын жаңа «мемлекеттік әліпбимен» таныстырады. Әліпбиге 2 орфографиялық белгі қоса алынады: «^» белгісі сөздің жіңішкелігіне (*kâr (k'ar); lâklâk (l'akl'ak); sükût (sük'üt)*) және созыңқылығына байланысты (*âlem, hâkim*) қойылады, ал «'» белгісі кірме сөз бен төл қосымшаны айыру үшін (*Paris 'e, Şiran 'li*) қолданылады деп шешіледі.

Аталған қаулыда 1929 жылдың 1 қаңтарына дейін араб жазуын қолдануға рұқсат беріледі. Бірақ Түркияда 1929 жылдың 1 маусымына дейін ескі және жаңа әліпби қатар жүреді. Жалпы Түркиядағы латын графикасына көшу науқаны бар болғаны 5 айда жүзеге асырылып, ресми деректерге сәйкес осы реформа нәтижесінде халықтың сауаттылық деңгейі 10 пайыздан 60 пайызға өскен. Бұлай болуына әрине, әліпбидің дұрыс құрастырылуы және оқыту курстарының жоғары деңгейде ұйымдастырылуы себеп болған деп айтуға болады.

Қабылданған латын графикасына негізделген түрік әліпбиінің негізгі артықшылықтарын былайша көрсетуге болады:

- 1) «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталды;
- 2) түркі халықтары ұстанған принцип мүмкіндігінше сақталды;
- 3) әліпбидің «оқуға қолайлы», «жазуға оңай» болуы көзделді;
- 4) кірме әріптер жоқ.

Ал түрік ғалымдарының пікірінше, түрік әліпбиінің кемшілігі [ң] дыбысы таңбасының алынбауы ([ң] дыбысы анадолы түріктерінің тілінде және түрік антропонимдерінде жиі ұшырасады) және *Q/q, W/w* және *X/x* әріптеріне байланысты (қазіргі кезде аталған әріптерді түрік әліпбиіне енгізу немесе енгізбеу күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі деп айтуға болады. Жалпы латын әліпбиіне көшкен түркітілдес халықтардың жазуында аталған әріптер бар болғанымен, бұл әріптер түрік әліпбиінде жоқ. Оның себебі әріптерге сәйкес келетін, яғни сәйкестендірілген, ұқсас дыбыстар бар болуынан: *Q/q – k(ке), W/w – v(ве) және X/x – ks(кс)*. Мысалға, *Kemal* (Кемал), *taksi* (такси); X әрпінің сөзде келу позициясына байланысты *iks* (икс) немесе *ksi* (кси) болып жазылады. *Kadın* (кадын – әйел) сөзінің орнына *qadın* (q-әрпінің орнына «ке» дыбысы қолданылған кадын – әйел) болуына қарамастан бұл «q (кю)» әрпі түрік тілінде жоқ болғаны үшін орнына «ка» немесе «ке» дыбыстары қолданылып жүр. Бұл айырмашылық латын әріптерінен көшкен кезде жасалған бір қателік болған деп санайды түрік ғалымдары).

Жаңа әліпби түрік тіліне енетін кірме сөздерді ұлттық тіл заңдылығымен игеруге жол ашты. Жалпы тіл-тілдің лексикасын байытудың аса өнімді жолы – кірме сөздерді қабылдау. Белгілі бір саяси-әлеуметтік қарым-қатынасқа байланысты бір тілден

екінші тілге көптеген сөз ауысады. Бір тілдің сөздері екінші, не үшінші, төртінші бір тілге тікелей де, жанамалап, сатылап та, екінші бір аралық тіл арқылы да, сондай-ақ ауызша да, жазбаша да енеді.

Өзгетілдік лексиканың кіру үрдістерінің белсенділігі – біздің заманымызға тән қасиет екені белгілі. Кірме сөздердің белгілі бір тілге бейімделу, икемделу аспектілерін, оның ішінде олардың жазылуын белгілеу тұрғысында зерделеу қазіргі тілтаным үшін аса өзекті әрі қажетті мәселе.

Қазақ тілі өзінің кірме сөздер сөздік құрамының бір бөлігін орыс тілі арқылы молайтып отырса, түрік тілінде де кірме сөздердің қабылдануының өзіндік кезеңдері мен арналары бар екені белгілі. Мысалы:

- ислам мәдениетінің қабылдануына байланысты түрік тілі араб-парсы лексикалық элементтерімен толықты;
- XV ғасырда теңізбен жүріп сауда-саттыққа байланысты көптеген коммерциялық, қаржылық саладағы термин италия тілінен алынды;
- аумақтық жақындыққа байланысты грек тілінен енген сөздер де мол ұшырасады;
- XVIII ғ. Стамбул қаласында француз мектептерінің ашылуына байланысты француз кірме сөздері енді;
- екінші дүниежүзілік соғыстан кейін спорт және теңізге байланысты ағылшын сөздері енді;
- неміс сөздері техника саласына байланысты көп алынды;
- сонымен қатар түрік әдеби тілінде армян, албан, венгр, румын, орыс және т.б. тілдердің сөзі енген.

Шығыстық мәдениетті ысырып, керісінше, батыс мәдениетімен қатынасын дамыту үшін 1928 жылдан бастап түрік тілі өзінің сөздік қорының бір бөлігін француз тілі арқылы байытуды көздейді. Француз және түрік тілі бір-біріне жақын тіл болмағанына және де географиялық жағынан бір-бірінен алыс орналасқанына қарамастан, белгілі бір тарихи себептерге байланысты түрік тіліне француз негізді сөздер көптеп енген болатын. М.Кемал XX ғ. 30-жылдардан бастап арнайы француз тілді сөздерді кіріктіру жұмыстарын жүргізеді. Оның дәлелі ретінде мынадай деректі көрсетуге болады. Мысалы,

1928 жылғы сөздікте француз тілінен тек 1412 тілдік бірлік алынса,

1939 жылғы сөздікте 1968 сөз тіркелген.

1941 жылғы сөздікте – 2411 сөз,

1945 жылғы сөздікте – 2482 сөз,

1955 жылғы сөздікте – 2500 сөз енген.

Ал 2004 жылы басылып шыққан сөздікте 5757 француз негізді кірме сөз енген. Соның ішінде А әрпіне - 250, В – 236, С – 1, D – 290, E – 250, F – 272, G – 177, H – 151, I – 0, I – 129, J – 68, K – 670, L – 145, M – 495, N – 128, O – 204, O – 0, P – 685, R – 265, S – 552, S – 87, T – 364, U – 4, U – 29, V – 110, Y – 0 және Z әрпіне 9 сөз кірген екен.

Түрік тілінің орфографиялық сөздігінде («İmlâ kılavuzu») 43620 лексикалық бірлік тіркелген. Еуропа тілінен енген сөздердің жалпы саны – 5530 сөз. Оның ішінде түрік тіліне Батыс Еуропа тілінен кірген кірме элементтердің ішінде француз тілінен енген сөздер 81,74 пайызды (4520 сөз) құрайды,

ал 9,95 пайыз (550 сөз) – италия тілі,

5,97 пайыз (330 сөз) – ағылшын тілі,

1,25 пайыз (69 сөз) – неміс тілі,

1,03 пайыз (57 сөз) – испан тілі және 0,13 пайыз (7 сөз) – португал тілі кірмелері кұрайды.

Қазіргі таңда түрік және үндіеуропалық топқа жататын әртүрлі, тіпті жақын туыс емес тілдердегі ауысым үдерістері қандай тілдік негіздер, заңдылықтар арқылы жүзеге асқанын білу маңызды. Себебі Қазақстан латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшетін жағдайда үндіеуропа тілінен кірген элементтердің жазылым жүйесі өзекті мәселе ретінде күн тәртібінен түспейтіні анық. Бұл ретте 100 жылдан астам тәжірибесі бар түрік тілінің кірме сөздерді игеру заңдылықтарын меңгеру маңызды болмақ. Сондықтан түрік тіліне француз кірмелерінің игерілу жүйесін дауысты дыбыстардан байқауға болады.

Жалпы француз тілі сөздерін түрікше игеру жүйесі, біріншіден, екпін және дыбыстың созылыңқылығынан байқауға болады. Мысалы, француз тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі. Мұндай құбылыс түрік тілінде де бар. Дегенмен түрік тіліндегі екпін француз тіліндегідей күшті емес. Сондықтан да түрік тіліндегі барлық буындар біркелкі дыбысталады. Осылайша, түрік тілі аталған фонетикалық ерекшеліктерді сақтау мүмкіндіктеріне ие. Алайда («Türkçe Sözlük») түрік тілінің сөздігінде дауыстыға аяқталған кейбір сөздердің екпіні соңына емес, сөздің басына түсетіні көрсетілген: *abone* «абонент»; *akasya* «акация», *argo* «арго», «жаргон»; *bakalorya* «бакалавр»; *bibliyografi* «библиография», *bistro* «бистро», *büfe* «буфет», *büro* «бюро»; *bütçe* «бюджет», *depo* «склад», *doktora* «докторлық дәреже»; *dosya* «досье», «папка», «файл»; *ekstra* «экстра»; *fakülte* «факультет», *füze* «ракета», *kabine* «кабинет», *kablo* «кабель», *kafeterya* «кафе», «кафетерий»; *kanepere* «диван», *kilo* «килограмм», *komite* «комитет», *kongre* «конгресс», *lise* «лицей»; *metro* «метро», *müze* «музей», *panorama* «панорама», *pijama* «пижама», *piyano* «пианино», *porto* «портвейн», *sendika* «профсоюз», *sinema* «кино», «кинокомпания», *stüdyo* «студия», *şema* «схема», *şose* «шоссе», *tablo* «сурет», «кесте»; *vize* «виза» и др.

Бұдан басқа «İmlâ kılavuzu» атты түрік тілінің емле сөздігінде латын тілінен шыққан, бірақ француз тілі арқылы енген 74 лексикалық бірліктердің екпіні соңғы буынға емес, бірінші немесе екінші буынға түсетінін байқадық. Олар негізінен *-yum*, *-um*, *-om* қосымшаларына аяқталатын сөздер тобы: *akvaryum* «аквариум», *alüminyum* «алюминий», *baryum* «барий», *epitelyum* «эпителий», *helyum* «гелий», *kalsiyum* «кальций», *krematoryum* «крематорий», *magnezyum* «магний», *moratoryum* «мораторий», *podyum* «подиум», *potasyum* «калий», *sanatoryum* «санаторий», *silisyum* «кремний», *sodyum* «натрий», *uranyum* «уран», *maksimum* «максимум», *memorandum* «меморандум», *minimum* «минимум», *referandum* «референдум» және т.б.

Сондай-ақ француз тілінен енген күрделі құрама сөздердің екпіні түрік тілінде біршама өзгеріске түсіп, игерілген: *bloknot* «блокнот» (фр. *bloccnotes*); *grandьk* «ұлы князь» (фр. *grand-duc*), *bonfile* «филе (мяса)» (фр. *bon filet*), *feldmaresal* «фельд-маршал» (фр. *feld-marşchal*), *grekoromen* «спорт. Классикалық күрес» (фр. *Grüco romaine*), *visamiral* «вице-адмирал» (фр. *vice-amiral*) және т.б.

Айта кетерлік жайт: француз тіліндегі дауыстылар қысқа және созылыңқы болып бөлінеді. Оған белгілі ритмикалық ұзақтылық тән: мысалы, *r*, *v*, *z*, *vr* тәрізді дыбыстардың алдында кез келген дауысты дыбыс созылыңқы айтылады. Ал түрік тілінде

Қорыта келгенде, қазақ тілі латын қарпіне көшкен жағдайда түрік тілінің тәжірибесіне сүйенуіне болады, алайда қазақ тілінің заңдылығына сәйкес орфоэпиялық сөздікте берілген диакретикалық таңбаларды берген жөн. Кей тұстарын өзге елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып, болашақта қарастыруға болады.

Еуропа тілдерінен енген кейбір кірме сөздердің қазіргі түрік тіліндегі көрінісі

Түрік халқының жазу тарихына көз жүгіртсек, өзге түркітілдес, оның ішінде қазақ халқының жазу тарихы сияқты әріден басталатынын, жазудың алуан түрін бастан кешіргенін, пайдаланғанын көреміз. Бұл тарихи жазулардың кейбіреуі талай ғасыр бұрын қолданудан қалып, «өлі жазуға» айналса, енді біреуі ғасырлар бойы үздіксіз реформаланып, дәуірімізге жетіп отыр:

- руна жазуы (V – VIII ғғ.),
- ежелгі ұйғыр жазуы (шамамен XIII ғасырға дейін),
- араб-парсы графикалы осман жазуы (XIII – XX ғғ.),
- латын графикасы негізіндегі түрік жазуы (1928 жылдан бастап).

Уақыт өткен сайын халық дінінің, саясатының, санасының өзгеруіне сай ауысып тұрған бұл жазу түрлері түрік елінің халықаралық байланыстары мен экономикалық, мәдени өміріне үлкен өзгерістер әкелуімен қатар, ұлттық тілдің мазмұндық және құрамдық жағынан жаңғырып, жаңа сөздермен толығына, сөз мағынасының дамуына зор әсер етті.

Осман империясының құрылған уақытынан бастап, Мұстафа Кемал Ататүріктің тілдік реформасына дейінгі кезең аралығында араб, парсы тілдерінен енген сөздер көлемі түрік лексикасының 80 % құраған болатын. Араб-парсы – дін, кеңсе қағазы, ресми құжаттар, әдебиет, мәдениет тілі ретінде осман қоғамының жоғарғы сатысына жататын сұлтандар, бей-эфендилер (министрлер, елшілер, банкирлер, ірі фабриканттар, помещиктер, адвокаттар, дәрігерлер, инженерлер т.б.), пашалар (генералдар), имамдар, ақын-жазушылар тілі болып есептеліп, қара халық Стамбул, Анкара, Қараман, Измир, Балқан, Шығыс Анатолия т.б. диалектілерінен тұратын қарапайым түрік тілін қолданған (оны *kaba Türkçe* – «тұрпайы түрікше», «вульгарный турецкий» деп атаған).

Түрік жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа жазуға көшіру туралы 1928 жылғы заңының шығысымен, түрік әліпбиін реформалау ісімен қатар «осман тілін» түрік тілімен ауыстыру, оны араб, парсы кірме сөздерінен тазарту, олардың орнына ежелгі түрік сөздерін, түрік түбірлі жаңа сөздерді енгізу науқаны басталады (*üçgen* – үшбұрыш, *uçak* – ұшақ, *okul* – мектеп т.б.). Ғылыми-техникалық ілгерілеуге, өзге мәдениет пен өркениетке ұмтылу әрекеті Батыс Еуропа тілдерінен көптеген жаңа терминнің енуіне септігін тигізеді: *otomobil, radio, radyatör, sinema, üniversite, enstitü, gazete, müze, taksî, sigara, ekran, fax, bank, bulvar, kuaför, opera, posta, tişört* т.б.

2005 жылы «Türk Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамы шығарған «Қазіргі түрік тілі сөздігінің» («*Güncel Türkçe Sözlük*») тілдік деректері бойынша, *түрік* тілінің төл сөздері – 89 689 бірлікті қамтыса,

араб тілінен – 6 463 бірлік *insan* (адам), *devlet* (мемлекет), *halk* (халық), *kitab* (кітап), *millet* (ұлт), *asker* (жауынгер), *fikir* (идея), *resim* (сурет), *sabır* (сабыр), *beyaz* (ақ), *şeytan* (шайтан), *alkol* (алкоголь), *kafir* (кәпір), *saat* (сағат), *din* (дін), *cumhuriyet* (республика) т.б.),

француз тілінен – 4 974 бірлік (*lüks* (сән-салтанат), *kuzen* (немере аға, іні), *kuaför* (шаштараз), *hoparlör* (дауыс зорайтқыш, репродуктор), *kamyon* (жүк автомобилі) т.б.),

парсы тілінен – 1 374 бірлік (*hafta* (апта), *teşekkür* (рақмет), *Pazar* (базар), *rüzgâr* (жел), *pencere* (терезе), *şehir* (қала), *düşman* (дұшпан), *ayna* (айна), *dost* (дос), *tahta* (тақта), *patuk* (мақта) т.б.),

итальян тілінен – 632 бірлік (*opera* (опера), *galera* (галера), *posta* (пошта) т.б.),

ағылшын тілінен – 538 бірлік (*park* (парк), *tişört* (футболка), *lift* (лифт) т.б.),


грек тілінен – 413 бірлік (*kutu* (қорап), *fırın* (пеш), *ahtapot* (сегізаяқ) т.б.),

латын тілінен – 147 бірлік (*prezidyum* (төралқа) т.б.),

неміс тілінен – 85 лексикалық бірлік [75] т.б. енген.

Сондай-ақ *орыс* (*şarık* (бөрік), *setaver* (самауырын) т.б.), испан, армян, корей, моңғол, румын, болгар тілдерінен келген сөздер де кездеседі.

Қазіргі түрік тіліндегі сөздердің шығу тегі



1-түрік – 89 689	4-парсы – 1 374	7-грек – 413	10-орыс
2-араб – 6 463	5-итальян – 632	8-латын – 147	11-испан
3-француз – 4 974	6-ағылшын – 538	9-неміс – 85	12-армян

Түрік тіліндегі кірме сөздер мен өзге ел ономастикалық атауларының жазылу орфографиясына назар аударатын болсақ, басқа тілдерден енген жалпы лексикалық бірліктер мен онимдердің конверсиялану үдерісі үш түрлі жолмен жүзеге асқанын көреміз:

- 1) транскрипция;
- 2) транслитерация;
- 3) аударма.

Транскрипция жолымен жазу деп сөздің естілуіне қарай өз тіліндегі әріп-таңбалармен жазу амалын айтамыз. Түрік тілінде транскрипция жолымен таңбаланатын сөздер қатарына, мысалы, *kültür, profesör, tişört, enstitü, müze, şapka, feribot, aperitif, istasyon, karikatür, pata; Muhtar Avazov, Çehov, Şanghai, Bakü, Zürih, Lükseburg, Gürcistan, Özbekistan, lüterçilik* т.б. сияқты жалпы және жалқы есімдерді жатқыза аламыз.

Түрік тілінде транскрипция жолымен таңбаланатын жалпы және жалқы есімдерінің орыс және еуропа тілдеріндегі жазылу нұсқасы

<i>түрікше</i>	<i>орысша</i>	<i>ағылшынша</i>	<i>французша</i>	<i>итальянша</i>
kültür	культура	culture	culture	cultura
profesör	профессор	professor	professeur	professore
tişört	футболка	t-shirt	t-shirt	t-shirt
feribot	паром	ferryboat	ferry	traghetto
Muhtar Avazov	Мухтар Ауэзов	Mukhtar Auevov	Mukhtar Auevov	Mukhtar Auevov
Zürih	Цюрих	Zurich	Zurich	Zurigo
Lükseburg	Люксембург	Luxembourg	Luxembourg	Lusseburgo
Gürcistan	Грузия	Georgia	Géorgie	Georgia

Ал, *транслитерация*, яғни белгілі бір тілге тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиялық заңдылығына лайық етіп белгілеу арқылы қолданылған сөздер тобына мына мысалдардан көре аламыз: *Beethoven, Byron, Moli?re, Napolyon, Chopin, Grimm, Karlovy Vary, New York, New Orleans, Rio de Janeiro, Orenburg, Baykonur, metro, tramvay, otopark, otel, «Ankara bulvari», «yeni sezon», «etno-rock grubu», «tiyatrotfestivali», «NASA Mars'ta su mu buldu? / NASA Марстан су тапты ма?», «Londra'ya bahar T?RKSOY'la geldi / көктем Лондонға ТЮРКСОЙ-мен келді»* т.б.

*Түрік тілінде транслитерация жолымен таңбаланатын
жалпы және жалқы есімдер көрінісі*

<i>түрікше</i>	<i>донор тіл</i>	<i>ағылшынша</i>	<i>французша</i>	<i>итальянша</i>	<i>орысша</i>
park	ағылшын тілі	park	parc	parco	парк
ahtapot	грек тілі	octopus	poulpe	polpo	осьминог
bulvar	француз тілі	boulevard	boulevard	viale	бульвар
Roma	итальян тілі	Rome	Rome	Roma	Рим
Moskova	орыс тілі	Moscow	Moscou	Mosca	Москва
Londra	итальян тілі	London	Londres	Londra	Лондон
Shakespeare	ағылшын тілі	Shakespeare	Shakespeare	Shakespeare	Шекспир

Осы жерде айта кететін жайт: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандарының Түркия Республикасына ұйымдастырған ғылыми іссапары барысында (2013 ж., желтоқсан айы) түрік ғалымдарының бірқатары өзге елдің фонетика-фонологиялық заңдылықтары негізінде жазылатын *Shakespeare, Goethe, George* т.б. деген сияқты онимдердің таңбалануын өз тілдеріне икемдеп, *Şekspir, Göte, Jorj* тұлғасында қолданылғанын қалайтындары анықталды.

Кірме сөздер мен өзге/ортақ ономастикалық атаулары таңбалануының үшінші жолы – *аударма*. Бұл тәсіл түрік тілінде келесі сөздер мен сөз тіркестерін жазуда пайдаланылады:

Havaalani (ағыл.: *airport*, орыс: *аэропорт*, қазақ: *әуежай*);

Uzay gemisi (ағыл.: *space ship*, орыс.: *космический корабль*, қазақ.: *ғарыш кемесі*);

Karadeniz (ағыл.: *Black sea*, орыс: *Черное море*, қазақ: *Қара теңіз*);

Amerika Birleşik Devletleri (ағыл.: *United States Of America*, орыс.: *Соединенные Штаты Америки*; қазақ: *Америка Құрама Штаттары*);

Yeni Zelanda (ағыл.: *New Zealand*, орыс: *Новозеландия*, қазақ: *Жаңа Зеландия*);

Birleşik Arap Emirlikleri (ағыл.: *The United Arab Emirates*, орыс: *Объединенные Арабские Эмираты*, қазақ: *Бірлескен Араб Әмірлігі*);

Misir (ағыл.: *Egypt*, орыс: *Египет*, қазақ: *Мысыр*) т.б.

Бір қызығы, бұндай шетел және ортақ ономастикалық атаулар географиялық карталарда түрік және ағылшын тілдерінде қатар беріліп отырады: *Karadeniz (Black sea), Akdeniz (Mediterranean sea), Ege deniz (Aegean sea), Marmara denizi (Sea of Marmara), Bulgaristan (Bulgatia), Yunanistan (Greece), Suriye (Syria), Irak (Iraq), Gürcistan (Georgia), Ermenistan (Armenia), Azerbaycan (Azerbaijan)* т.б.

Ал өз жерінің ономастикалық атаулары тек түрікше таңбаланған: *Gümüşhane, Ağri, Kütahya, Konya, Eskişehir, Istanbul* және т.б.

Зерттеушілердің көрсетуі бойынша [76; 77], шамамен XIX ғасырдың II жартысынан бастап, Осман империясы жеріндегі топонимдік атаулар жүйелі түрде түрікшелене бастайды. Бұл, әсіресе, «беймұсылман» топонимдерге қатысты болады. 1916 жылдың 5 қаңтарындағы әскери министр Энвер пашаның бұйрығында: «Осман еліндегі армян, грек, болгар және басқа да мұсылман емес халықтарға тән жер-су атаулары түрік атауларына аударылуы – міндетті...» [76], – деп көрсетіледі. Осылайша, *Tunceli* → *Dersim*; *Karmrik* → *Kizilca*; *Tsaghkador* → *Daracicek* т.б. болып түрікшеленеді.

Бұл саяси және мәдени тұрғыдан маңызды стратегиялық науқан, әсіресе Түркия Республикасы құрылғаннан кейін қызу қолға алынады. Осыған қатысты 1940 жылы Түркияның Ішкі істер министрлігі шетел тілдеріндегі және өзге тіл түбірін қамтыған топонимдерді түрік тіліне аудару туралы № 8589 өкімін шығарды. Сондай-ақ 1957 жылы «Топонимдерді өзгерту жөніндегі арнайы комиссия» құрылып, оның жұмысына Бас штабтың, Ішкі істер, Қорғаныс және Білім министрліктерінің, Анкара университетінің Лингвистикалық және Тарихи-географиялық факультеттерінің, Түрік лингвистикалық ассоциацияның өкілдері тартылады. 1978 жылға дейін жұмыс істеген бұл Комиссия 75 мың топонимді қарастырып, 28 мыңын түрік тіліне икемдеп өзгертеді. Евфрат университетінің доценті Гарун Тунчел нақты статистикалық дерек негізінде 12 мыңнан аса ауыл атауы ауыстырылғанын көрсетеді [76; 77].

Сондай-ақ Стамбул қаласы да 1930 жылға дейін ресми түрде *Константинополь* (тур. *Konstantiniyye*) деп аталған [75] екен. Ал оның көше атаулары 1927 жылдан бастап өзге тілдер элементтерінен тазартылады. Сөйтіп 1945 жылға дейін Стамбул қаласының 100-ге жуық көше мен квартал (махалла) атаулары түрікшеленеді [77].

Нақты тілдік деректерге сүйене отыра, түрік тіліндегі кірме сөздердің тілге ену үдерісі транскрипция, аударма тәсілдерімен қатар, транслитерация жолымен де жүзеге асқан дей тұрғанымен, жалпы алғанда, латын графикасы негізіндегі түрік жазуы өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық тілге бейімделіп, түрік тілінің айтылу нормасына икемделіп сіңісуіне, түрік тілінің ұлттық негізде дамып, халқының бірегейлігінің қалыптасып, нығаюына зор септігін тигізгенін көреміз.

Түрік тіліне француз тілінен енген кейбір сөздердің графикалық таңбалану ерекшелігі

Қатынас құралы болып табылатын тіл қашан да сол ұлттың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен байланысты екені белгілі. Ал ұлт жеке өзі өмір сүрмейді, басқа халықтармен экономикалық, саяси жағынан қарым-қатынасқа түсіп, екі жақта өзара байланыс орнатылады. Халықтардың өзара қарым-қатынасының нәтижесінде олардың арасында тіларалық, мәдениаралық байланыс орнатылып, соның негізінде қай ұлттың болмасын тілінде кірме сөздер өз орнын алатыны белгілі.

Түрік тілін алатын болсақ, кірме сөздердің енуіне мыналар себеп болады:

- түрік тілі араб-парсы лексикалық элементтерімен толықты, оның себебі ислам мәдениетінің қабылдануымен байланысты болды;

- италия тілінен көптеген сөз енді, себебі музыка, философия, әдебиет, сурет өнеріндегі терминдер түрік тілінің сөздік құрамының кеңеюіне ықпал етті. Әсіресе ита-

лия тіліндегі музыкамен байланысты терминдер кең тарады. Мысалы, *allegro, balo, opera, tenor, tempo*;

- түрік елі гректермен көршілес тұратындығы белгілі, сондықтан территориялық жақындыққа байланысты грек тілінен енген сөздер де көптеп кездеседі;

- 1839 жылдан бастап Түркияда Француз мемлекетінің ықпалы күшті болды, яғни бұқаралық ақпарат құралдарында, көркем шығармаларда француз сөздері кеңінен енді. Айталық әдебиетке *realism, romantizm* және т.б. сынды француз сөздері енді. Сондай-ақ осы мемлекетте оқып келгендердің де ол тілдің Түркияда таралуына әсері болды. Сонымен қатар теңіз арқылы сауда-саттықтың жүргізілуімен байланысты көптеген сөздер ене бастады. Мысалы: *baratarya, friška*.

- 1923 жылдан бастап Түркия мен батыстың жақындығы нығая түседі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Түркия мен Америка мемлекеттерінің өзара байланысының қарқынды дамуы ағылшын тілінің спорт және теңізге байланысты сөздерінің ене бастауына негіз болды;

- 1868 жылы неміс лицейлері, қыз бен ұл балаларды бөлек оқытатын мектептердің ашылуымен және техника саласындағы әріптестіктермен байланысты неміс тілінің сөздері көп алынды;

- сонымен қатар түрік әдеби тіліне армян, албан, венгр, румын, орыс және т.б. тілдерінің сөздерін де кездестіруге болады.

Осы шет тілдерден енген кірме сөздердің ішінен жан-жануарларға (*kefal, kalamar*), өсімдіктерге (*findik, farulye*) қатысты атаулар кеңінен тарады.

Ал түрік тілінде кірме сөздер қандай жолдар арқылы игерілді? Мұндай сұраққа түріктің отандық ғалымдары кірме сөздердің игерілуінің бірнеше жолдарын төмендегідей көрсетті (мәліметтер 2013 ж. желтоқсанында Институттың осы жоба аясында Стамбул, Анкара қалаларына ұйымдастырған кешенді іссапары бойынша ауызша жазып алынды):

1) басқа тілден енген кірме сөздер сол тілдің орфоэпиясына негізделіп алынды. Нақты айтқанда, өзге тілде қалай айтылса, түрік тілінде сол қалпында алынды;

2) өзге тілдің сөздері дәлме-дәл аударылып алынды. Мысалы, ағыл. *no commet – yougum you*;

3) өзге тілде қалай жазылса, түрік тіліне сол қалпы алынды. Мұндай сөздер өте аз кездеседі;

4) сөз тіркесімен келгенде, екінші компоненті түрік тілінде келеді. Мысалы, *korua уарmak, print etmek*;

5) сөз басында қатар келген екі дауыссыз дыбыс ешбір өзгеріссіз сол қалпында жазылады. Тек кейбір сөздерде ғана сөз басында қатар келген екі дауыссыз дыбыс арасына дауысты дыбыс қойылады;

6) түрік тілінде сөз соңында дауыссыз дыбыс қатар келмейді, осымен байланысты басқа тілден енген кірме сөздерде сөз соңында қатар келген дауыссыз дыбыс арасына дауысты дыбыстар қойылады. Мысалы, *фр. terme ~ түр. терim, фр. cédre ~ түр. sedir, фр. cylinder ~ түр. silindir, фр. fibre ~ түр. fiber*. Ғалымдардың пікірінше, түрік тілінде қатар келген дауыссыз дыбыстарды айту қиын, сондықтан кірме сөздердегі қатар келген дауыссыз дыбыстардың арасына дауысты дыбыс қосылып отырған.

7) сөз ортасында екі дауыссыз қатар келгенде, дауыссыздар арасына дауысты дыбыс қойылмайды;

8) кей жағдайда сөз соңында қатар келген дауыссыз дыбыс сол қалпында жазылады;

9) француз тілінде дауыссыз [r, v, z, vr] дыбыстарының алдынан келгенде, дауысты дыбыстар созылыңқы болып кетеді.

Жинақтай келгенде, түрік тіліне еуропа тілдерінен енген кірме сөздердің ішінде кең тарағаны – француз сөздері. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, француз тілінен енген лексикалық бірліктің саны **4974** сөзді құрайды екен.

*Түрік тіліне француз тілінен енген кейбір сөздердің
фонетика-графикалық игерілу кестесі*

Француз, түрік тілдеріндегі дыбыстар	Француз	Түрік	Түсіндірме
e~ø	<adresse> [adres] <baside> [bazid] <madame> [madam]	<adres> [adres] <bazit> [bazit] <madam> [madam]	Француз тілінде сөз соңындағы дауысты [e] дыбысы түсіп қалады және қатар келген екі дауыссыз дыбыстың біреуі түсіп қалады, бұл сөз түрік тіліне енген кезде француз тіліндегі айтылуы бойынша игерілген. Түрік тілінде дауыссыз <s> фонемасы сөздің барлық шенінде қолданыла береді. Француз тілінде тіл алды дауысты [a] дыбысымен келетін сөздер түрік тіліне енген кезде тіл арты дауысты дыбысына айналып, жуан айтылады.
e~ø qu~k ou~u	<aerodynamique> [aerodinamik] <agnostique> [agnostik] <bouquete> [buket] <jaquette> [ceket] <dramatique> [dramatik] <équipe> [ekip] <étiquette> [etiket]	<aerodinamik> [aerodinamik] <agnostik> [agnostik] <buket> [buket] <ceket> [ceket] <dramatik> [dramatik] <ekip> [ekip] <etiket> [etiket]	Мұнда да француз тілінде сөз соңындағы дауысты [e] дыбысы айтылмайды және qu дыбысы бір ғана дауыссыз [k] дыбысын береді, осымен байланысты түрік тілінде дауыссыз [k] дыбысы алынып отыр. Сонымен қатар француз тілінде ou дыбыс тіркесі [u] дыбысын береді. Осымен байланысты түрік тіліне buket деген кірме сөз [u] дыбысымен берілген. Түрік тілінде дауыссыз <k> фонемасы тіл арты дауыстылармен келгенде тіл арты (немесе тамақ арты) [k] болып, ал тіл алды жіңішке дауыстылармен тіркесіп, жұмсақ [k] болып қолданылатыны белгілі. Басқаша айтқанда, <k>фонемасының екі варианты бар: 1) [k], 2) [k̥] . Беріліп отырған кірме сөздерде тіл алды, жіңішке [k] дыбысы қолданылып тұр.

ai~e e~ø	<affairiste> [aferist] <fantaisiste> [fantezist]	<aferist> [aferist] <fantezist> [fantezist]	Француз тілінде бірнеше таңба бір ғана дыбысты береді. Берілген сөзде ai дыбыс тіркесі бір ғана дауысты [e] дыбысын беріп отыр. Бұл сөз түрік тіліне енген кезде, айтылуы бойынша жазылған. Сондай-ақ түрік тілінде дауыссыз дыбыс қатар келмейтіндігі белгілі. Сол себептен болар, дауыссыз [f] дыбысының біреуі түсіп қалған.
ph~f e~ø	<aphonie> [afoni]	<afoni> [afoni]	Француз тіліндегі ph дыбыс тіркесі дауыссыз [f] дыбысын береді. Түрік тіліне енген кезде дауыссыз [f] дыбысы танбаланады және сөз соңындағы дауысты [e] дыбысы айтылмайды. Осымен байланысты анлаут, инлаут, аслаут позицияларында келетін бірнеше сөздерді келтіруге болады: фр.aphorisme ~ түр.афоризм; фр.biographie ~ түр. biyografi; фр. phéole ~ түр. fleol
tch~ç e~ø	<tcheque> [çek]	<çek> [çek]	Берілген француз тіліндегі сөзде tch дыбыс тіркесі бір ғана дауыссыз [ç] дыбысын береді, ал qu дыбыс тіркесі дауыссыз [k] дыбысын береді, осымен байланысты түрік тіліне енген кезде фонетикалық принцип негізге алынып, çek түрінде игерілген. Түрік тілінде қатаң, ызың, тіс-таңдай алды дауыссыз [ç] дыбысы көбінесе сөздің басы мен соңында қолданылады.
e~a e~ø	<défense> [defans]	<defans> [defans]	Француз тілінде сөз ішінде дауысты [e] дыбысы айтылған кезде [a] дыбысын береді. Мұндай принцип түрік тіліне енген кірме сөзде де сақталып отыр. Жалпы түріктің тіл арты, жуан, езулік дауысты [a] дыбысы кірме сөздерде барлық буында жазыла береді.
au~o e~ø	<decauville> [dekovil]	<dekovil> [dekovil]	Француз тілінде au дыбыс тіркесі дауысты [o] дыбысын береді, түрік тіліне енген кезде айтылымына қарай дауысты [o] дыбысы ғана алынған және түрік тілінде дауыссыз дыбыстар қатар келмейді, осымен байланысты бір дауыссыз дыбыс түсіп қалады. Түрік тілінде дауысты [o] дыбысының екі варианты бар: ашық [o] және жартылай ашық [o]. Ашық дауысты [o] дыбысы орыс тіліндегі [o] дыбысымен бірдей, ал жартылай ашық дауысты [o] дыбысы кейінгі буындарда [y]дыбысы келгенде ғана қолданылады (boru). Түрік тілінің кірме сөздерінде дауысты [o] дыбысы сөз басында ғана келеді, ал кірме сөздерде сөздің барлық позициясында кездесе береді.

g~j	<dragée> [draje]	<draje> [draje]	Берілген сөзде француз тілінде қатар келген дауысты дыбыстардың соңғысы түсіп қалады да, біреуі ғана айтылады, түрік тілінде де осы жүйе сақталған. Түрік тілінде дауыссыз [j] дыбысы басқа тілден енген екі немесе көп буынды сөздердің барлық позициясында кездеседі.
x~gz	<existentialiste> [egzistansiyalist]	<egzistansiyalist> [egzistansiyalist]	Француз тілінде дауыссыз [x] дыбысы бірде gz тіркесін, бірде ks тіркесін береді. Айталық, беріліп отырған сөзде дауыссыз [x] дыбысы [gz] түрінде келіп отыр, сонымен қатар сөз ортасындағы [t] дыбысы [s] болып айтылады, бұл түрік тіліне енген кезде сақталған. Осы ретте бірнеше сөздерді келтіруге болады: <i>фр. existentialisme ~ мұп. egzistansiyalizm; фр. exomorphisme ~ мұп. egzomorfizm; фр. exotique ~ мұп. egzotik.</i>
ph~f os~ø e~ø	<phagocytose> [fagosit]	<fagosit> [fagosit]	Француз тілінде ph дыбыс тіркесі дауыссыз [f] беретіндігі жоғарыда айтылды, сонымен қатар os дыбыс тіркесі сөз соңында келгенде түсіп қалады. Мұндай үдеріс түрік тіліне осы қалпы енген.
h~ø qu~k e~ø	<éthique> [etik]	<etik> [etik]	Француз тілінде сөз ішінде дауыссыз [h] дыбысы мүлдем айтылмайды. Түрік тіліне енген кірме сөздердің басында келсе, дауыссыз [h] дыбысы оқылады, ал сөз ортасында келсе, француз тіліндегідей айтылмайды. qu тіркесі дауыссыз [k] дыбысын беретіндігі жоғарыда айтылды.
x~ks	<équinoxe> [ekinoks]	<ekinoks> [ekinoks]	Француз тілінде [x] бірде ks түрінде келетіндігі жоғарыда айтылады. Ал түрік тілінде осы дауыссыз [x] дыбысы француз тілінен енген кірме сөздердің айтылымына қарай алынады. Берілген кірме сөзде ks тіркесі қолданылған. <i>фр. exposition ~ мұп. ekspozitsyon.</i>
ey~ ay	<geysèrite> [gayzerit]	<gayzerit> [gayzerit]	Француз тілінде сөз ішінде ey дыбыс тіркесі ey түрінде айтылады. Мұндай жүйе түрік тілінде сақталған.

ll~l	<gorille> [goril] <billion> [bilyon]	<goril> [goril] <bilyon> [bilyon]	Француз тілінде дауыссыз [l] дыбысы жіңішке болып айтылады. Ал түрік тілінде дауыссыз [l] жақтың тарылуына қарай жасалатын дыбыс болып табылады. Түрік тіліне енген кірме сөздерде дауыссыз [l] дыбысы жіңішке болып айтылады. Түрік тілінде дауыссыз дыбыстар морфема ішінде қатар келмейтіні белгілі, осыған байланысты француз тілінен енген кірме сөздерде бір дауыссыз дыбыс түсіп отырған. Түрік тілінде дауыссыз [l] дыбысы сөздің барлық шенінде қолданылады.
ou~u	<goutte> [gut]	<gut> [gut]	Француз тілінде ou дыбыс тіркесі бір ғана дауыссыз [u] дыбысын береді, түрік тіліне енген кірме сөздер француз тіліндегі айтылым бойынша алынған. Десек те француз тілінде созылықты болып айтылатын ou дыбыс тіркесі, түрік тілінде [u] болып қысқа айтылады.
e~ø	<idée fixe> [idefiks]	<idefiks> [idefiks]	Француз тілінде сөз ішінде қатар келген дауысты [e]-нің бірі ашық болса, бірі мұрын дыбыс. Мұрын дауысты үнемі түсіп айтылатындығы белгілі. Сондықтан айтылған кезде сөз соңындағы дауысты [e] дыбысы түсіріліп айтылады. Бұл түрік тіліне енген кірме сөздерден де көрінеді. Дауысты [e] дыбысы сөздің барлық позициясында келеді. Түрік тілінде дауысты [e] дыбысының екі варианты бар: [e] және [ɛ].
e~i gn~n	<espagnolette> [ispanyolet]	<ispanyolet> [ispanyolet]	Берілген сөзде дауысты [e] дыбысы француз тілінде [i] болып айтылады. Ал gn дыбыс тіркесі [n] болып айтылды. Сондай-ақ француз тілінде дауысты [o] дыбысы айтылғанда алдынан [j] дыбысы естіледі. Сондықтан да бұл сөз түрік тіліне енгенде <i>ispanyolet</i> болып ауысты.
ent~an	<abonnement> [abonman]	<abonman> [abonman]	Берілген француз сөзінде сөз ішіндегі дауысты [e] дыбысы түсіп, сөз соңындағы ent дыбыс тіркесі мұрын [an] дыбыс тіркесін береді. Ал бұл сөз түрік тіліне осы айтылым қалпында кірген. Мұндай сөздер түрік тілінде көптеп кездеседі. Мысалы, фр. <i>dégagement</i> ~ түр. <i>degajman</i>
tion~sion	<abstraction> [abstraksiyon]	<abstraksiyon> [abstraksiyon]	Француз тілінде tion жұрнағы sion болып айтылады, бұл түрік тілінде дәл сол қалпы алынған. Осы ретте бірнеше мысал келтіруге болады: фр. <i>adaptation</i> ~ <i>adaptasyon</i> ; фр. <i>agglutination</i> ~ <i>aglutinasyon</i> .

t~ø	<bardot> [bardo]	<bardo> [bardo]	Бұл сөз түрік тілінен енген кезде, француз тіліндегі дауыссыз [t] дыбысы түсіп қалады, сондықтан түрік тіліне енген кезде <i>bardo</i> болып игерілді. Түрік тілінде шұғыл, тіл ұшы мен тіс, қатаң дауыссыз [t] дыбысы сөздің барлық шенінде келеді.
es~ø	<blocnotes> [bloknot]	<bloknot> [bloknot]	Француз тілінде сөз соңындағы es дыбыс тіркесі түсіріліп айтылады, бұл сөз түрік тіліне енген кезде айтылымы бойынша алынған.
eu~ö	<brûleur> [brülör]	<brülör> [brülör]	Француз тілінде сөз соңындағы eu дыбыс тіркесі бір ғана дауысты [ö] дыбысын береді, сондықтан түрік тілінде бұл сөз жіңішке еріндік болып айтылады. Бұл француз тілінен енген кірме сөздердің барлығында кездеседі: <i>fp. facteur ~ myp. factör; fp. flasheur ~ myp. flaşör.</i>
ö~ev	<neurologie> [nevroloji]	<nevroloji> [nevroloji]	Француз тілінде eu дыбыс тіркесі дауысты [ö] дыбысы түрінде айтылады, ал түрік тіліне енген кезде ev тіркес түрінде айтылады.
eu~o	<éditeur> [editor]	<editor> [editor]	Кейбір жағдайда eu дыбыс тіркесі дауысты [o] дыбысын береді және түрік тілінде осы қалпы алынады.
u~ü	<buffet> [büfe] <gluten> [glüten]	<b'fe> [büfe] <glüten> [glüten]	Француз тілінде [u] дыбысы айтылған кезде жіңішкеріп дауысты [ü] болады. Бұл түрік тіліне енген кезде сақталған. Түрік дауысты [ü] дыбысы сөздің барлық шенінде келе береді.

Латын қарпіне негізделген түрік пернетақтасының тәжірибесі және қазақ пернетақтасына әріп-түймешіктерді орналастыру реті туралы

Компьютерлік пернетақта дегеніміз – компьютерге ақпарат енгізу үшін және басқарылатын сигналдарды беру үшін дайындалған компьютер құрылғысының бір бөлігі. Қазіргі қолданылып жүрген компьютерлік пернетақтаның тарихы сонау XIX ғасырдан бастау алады. Оның тарихы қарапайым жазу мәшенкесінің пайда болуымен байланысты. 1868 жылы Кристофер Латам Шольз атты ағылшын ғалым әліпбилік тәртіппен орналасқан символдардың жиынтығы ретінде өзінің алғашқы пернетақтасын ойлап тауып, патенттеп алған. Ол пернетақтада әріп екі қатарда әліпбилік ретпен орналасқан. Әріптердің пернетақтада бұлай (әліпбилік ретпен) орналасуы мәтін теруде ыңғайсыздықтар келтіргендіктен, бұл пернетақтаның қолданылуы ұзаққа бармайды. Түймешіктерді басқанда саусақтардың бір-біріне ілінісу әрекеті жиі болып, жазылуда өрескел қателер байқалған. Бұл қиындықты шешу үшін Кристофер Шольз қаріптердің орналасу тәртібін біртіндеп өзгерту арқылы тәжірибе жасайды. Оның нәтижесінде қазіргі қолданыстағы QWERTY пернетақталы

Ремингтон 1 атауымен теру мәшинесі пайда болады. Бұл теру мәшинесі соңғы бес жылда-ақ нарықта қолданылымдылығымен үлкен сұранысқа ие болады. Ғылым мен техниканың біртіндеп дамуы нәтижесінде компьютердің түр-түрі ене бастайды. Ал сол компьютерді оқуда, оған тиесілі бағдарламалар да құрылады. Сөйтіп, 1888 жылы Франк Макгурриннің пернетақтаға қарамай теру әдісі қолға алына бастайды. Бұл әдістің негізінде пайда болған Ремингтон 2 теру мәшинесі QWERTY орналасымының танымалдылығына кеңінен жол ашылады.

«QWERTY» орналасымының атауы пернетақтаның сол жақ бөлігінің жоғарғы жағында орнатылған латын қарпінің алғашқы алты әрпіне байланысты қойылған. Бұл пернетақтаны құрастырудағы басты ұстаным – мәтінде жиі қатар келетін әріптерді бір-бірінен алшақ орналастыру болып табылған. Себебі ағылшын әліпбиінде мәтін ішінде дыбыстардың қатар келуі жиі ұшырасады (мысалы, *p-r; n-o*). Осының нәтижесінде мәтін теруде қатар тұрған түймешіктерді басқанда, көрші тұрған әріптердің ілінісіп кету жағдайы жиі ұшыраған.


~ `	! 1	@ 2	# 3	\$ 4	% 5	^ 6	& 7	* 8	(9) 0	- _	+ =	Delete
Tab	Q	W	E	R	T	Y	U	I	O	P	{ [}]	 \ /
Caps	A	S	D	F	G	H	J	K	L	: ;	" '	Enter	
Shift	Z	X	C	V	B	N	M	< ,	> .	? /	Shift		
Ctrl		Alt									Alt		Ctrl

QWERTY пернетақтасы

Осы және т.б. кемшіліктерді ескере отырып, «QWERTY» пернетақтасын өндірушілер тіркесте жиі қатар қолданылатын әріптерді бір-бірінен алшақ орналастыру және мәтінде жиі ұшырасатын әріптерді сұқ саусақ басатын ауданнан қашығырақ орналастыру қажеттігі жайында шешім шығарады. Әріптерді сұқ саусақ басатын ауданнан қашық орналастыруының тағы бір себебі саусаққа түсетін күштің жүктемесін азайту.

Ал орыс пернетақтасында керісінше, ең күшті және жылдам әрекет ететін сұқ саусақ басатын ауданға ең жиі кездесетін әріптер қатарын берген, ал әлсіз аты жоқ саусақ пен шынашақ басатын аудандарға сирек кездесетін әріптерді орналастырған.

Әліпбиін латын қарпіне бейімдеп қолдануда бір ғасырдай тарихы бар түрік халқы пернетақтаны екі рет өзгертіп үлгерді. Олар алғашында компьютерлендіруге байланысты латын қарпін әлемдік стандартты пернетақтаға қосымша төл дыбыстарын енгізу арқылы өзіндік пернетақта ойлап тапты. Оның сипаты мынадай:



Түрік жазуының «Q пернетақтасы»

Бұл пернетақтаны «Q пернетақта» деп атаған. Жоғарыдағы суреттен байқағанымыздай, түрік мамандары әлемдік стандарттағы осы пернетақтаға қосымша өздерінің *Ç-Ç ç, F-Ğ ğ, Ы-Y y, Ө-Ö ö, Ш-Ş ş, Y-Ü ü* таңбаларын енгізу арқылы пайдаланған. Зерттеу жұмыстарына көз жүгіртсек, «Q пернетақтасы» түркі халқына біраз жыл қызмет еткенін көруге болады. Дегенмен де уақыт өте келе, түрік ғалымдарының пікірінше, қолданыс тәжірибесінде түймешіктердің (қаріптердің) бұлай орналасуы тиімсіз болып танылып, төмендегідей пернетақта ұсынылды.



Түркі жазуының «F пернетақтасы»

Ақпарат дереккөздеріне сүйенсек, 2011жылы Әділеттік және даму партиясы төрағасының орынбасары Экрем Эрдемнің айтуынша, түрік тілінде мәтін теруде «F пернетақтасы» стандарт «Q пернетақтасына» карағанда ыңғайлы, сол себептен де оқушылар осы (F пернетақтасы) пернетақта арқылы оқытылады. «F пернетақтасының» жазу барысында уақыт үнемдеуде өте қолайлы және пернетақтадағы түйме-

шіктердің бірден көзге түсу реті де өте орынды орналасқандығы жайлы оң пікірлер айтылған.

Осыған байланысты Түрік Үкіметі бастауыш мектеп оқушыларын тегін оқытуды қамтамасыз етуді қолға алды. Тіпті «F пернетақтасын» үйренем деген Әділеттік және даму партиясы қызметкерлеріне ай сайын 50 лир қосымша ақы төлеуді міндеттеріне алғаны туралы да ақпарат бар. Жоба аясында 100 мың түрік оқытушыларын осы пернетақтаны меңгеру үшін жасалған бағдарламалар мен дайындық курстарынан өткізілді.

Сол кездегі Түркияның Экономика министрі Зафер Чаглаян Америка Құрама Штатына барып, Microsoft, Apple, Cisco сияқты компьютер шығаратын және бағдарламамен қамтамасыз ететін ірі-ірі компаниялармен кездесіп, өздерінің «F пернетақтасына» қатысты жобасымен таныстырды [78].

Бұл пернетақта Түркияның қазіргі Президенті, сол кездегі Премьер-министрі Реджеп Тайип Эрдоган тарапынан да қолдау тапты.

«F пернетақтасының» қысқаша тарихы мен ерекшелігін сөз ете кетсек, бұл пернетақтаны 1955 жылы İhsan Sıtkı Yener атты ғалым ойлап тапқан. Түрік тілдер қауымдастығының жазу жиілігіне жүргізген статистикасының зерттеу нәтижесінен туындаған пернетақтаның бұл дизайн түрі, оның жай ғана жеке адамның пікірі емес, сонымен бірге бұл үлкен ізденістің нәтижесінде пайда болғанын көрсетеді. Түрік тілдер қауымдастығы жүргізген бұл статистика қорытындылары әріптерді пернетақтада орналастыруда саусақтың сүйектері мен бұлшық еттерінің анатомиясы ескеріле отырылып үйлестірілген. Сонымен бірге «F пернетақтасының» тағы бір ерекшелігі, оң қол мен сол қолға түсетін күште баланс сақталған: сол жақ қолға түсетін күш 49%-ды құраса, оң қолға түсетін күш 51%-ды құрайды. Түріктер осы пернетақтамен мәтін теруде бірнеше рет Әлем чемпионы атанғанын мақтанышпен айтады.

Бұл «F пернетақтасына» да қосымша 6 қаріп енгізілген. Осы пернетақта «Q пернетақтасынан» ерекшелігі сонда, жоғарыда айтып кеткендей, әріптердің кездесу жиілігіне байланысты орналастырылғанымен ерекшеленеді.

Байқап отырғанымыздай, пернетақтаға әріптерді орналастыру үлкен мәселе болып табылады. Түрік мемлекеті бұл тұрғыда бірнеше жыл бойы өз төл таңбаларын енгізуде көп жұмыс жасаған. Бұл жұмыс әріптерді орналастыру таза тілтанушылардың ғана емес, психолог, физиолог, когнитологтардың да пікірлерімен байланыста жасалды. Осымен байланысты біз де қазақ мәтіндеріне статистикалық талдау жүргізіп, қорытындысын алдарыңызға ұсынып отырмыз. Бір ескерте кететін нәрсе, әзірге тек «Абай жолы» романындағы тіркестердің ең жиі кездесетін қолданыс жиілігін көрсетіп отырмыз.

Мұндай зерттеулер бізге дейін жасалған. Оған дәлел ретінде мына еңбектерді атап өткенді жөн деп санадық. 1973 жылы жарық көрген «Қазақ тексінің статистикасы» атты еңбекте түсіндірме сөздіктің буын жиілігіне статистикалық зерттеу жүргізілген [79]. Қ.Бектаев, А.Қ.Жұбанов, С.Мырзабеков, А.Белботаев сынды ғалымдарымыздың «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздігі» [80] және 2013 жылы жарық көрген А.Жұбановтың статистика жөніндегі еңбектерінен де бірнеше құнды ақпаратты алуға болады [81].

Ұсынылған барламалық зерттеуде «Абай жолы» роман-эпопеясы әріптері мен буындарының кездесу жиілігіне талдау жүргіздік. Бірінші бағанаға әріптер мен буындарды келтіреміз де екінші бағанаға олардың кездесу жиілігінің санын көрсеттік. Мұндағы мақсат – болашақта латын қарпіне негізделген қазақ компьютері пернетақтасындағы әріп-түймешіктерді тиімді орналастыруда әрбір әріптің қазақ мәтіндеріндегі жиілігіне ерекше назар аударуға сеп болатын ақпаратты көрсету.

*«Абай жолы» роман-эпопеясындағы
әріп және буын тіркестерінің кездесу жиілігі*

<i>Буын</i>	<i>Кездесу жиілігі</i>	<i>Буын</i>	<i>Кездесу жиілігі</i>	<i>Буын</i>	<i>Кездесу жиілігі</i>
ан	47 486	мен	9954	се	8782
ай	44 055	ген	9661	ша	8542
ен	41538	ей	9610	кен	8305
ар	39 156	ыс	9557	ос	8260
ын	37230	бол	9244	еп	8222
ба	33386	со	9225	ад	8200
де	33340	се	8782	аз	8 154
да	33 279	ша	8542	ре	7985
ал	33 022	кен	8305	ам	7 780
ке	30610	ос	8260	қо	7548
ты	29681	еп	8222	ін	7456
ты	29681	ад	8200	қан	7318
ға	29 603	аз	8 154	айт	7 221
та	29453	ре	7985	сын	7216
ды	24466	ам	7 780	ег	7153
сы	24150	қо	7548	бұ	6999
ла	23246	ін	7456	бұ	6999
ер	23018	қан	7318	ой	6972
жа	22712	айт	7 221	ның	6650
ә	22 531	сын	7216	ем	6554
ас	20365	ег	7153	ұл	6533
на	18695	бұ	6999	қар	6460
лы	18261	бұ	6999	үй	6138
ра	18229	ой	6972	қал	5950
ың	18184	ның	6650	ді	5946
ме	17400	ем	6554	ше	5927
ақ	17 292	ұл	6533	он	5664
ге	17151	қар	6460	мы	5606
ны	17114	үй	6138	лар	5582
ыр	16843	қал	5950	ок	5531
ат	16 628	ді	5946	па	5434
ғы	15649	ше	5927	за	5424
ған	15632	он	5664	тү	5386
ағ	15 344	мы	5606	аң	5 385
ры	14931	лар	5582	же	5354
са	14237	ок	5531	тар	5247
ма	14061	па	5434	құ	5100
бай	13925	за	5424	бер	4967
ыл	13804	тү	5386	ір	4967
қы	13332	аң	5 385	нан	4938
ел	13191	же	5354	жо	4917
не	12890	тар	5247	әр	4753
ет	12762	құ	5100	ең	4701
ау	12 204	бер	4967	от	4663
ек	12052	ір	4967	өр	4652

те	11812	нан	4938	дай	4596
өз	11751	мен	9954	то	4588
кө	11317	ген	9661	аш	4572
ес	11314	ей	9610	лып	4500
ық	11270	ыс	9557	жү	4414
ле	10879	бол	9244	бі	4088
ап	10 816	со	9225	үр	4076
тұ	3968	кі	2114	қол	1369
үс	3727	каз	2104	нып	1366
дан	3682	лас	2101	дам	1360
дер	3595	лас	2101	бү	1353
эл	3529	бір	2064	тау	1337
дар	3504	қын	2059	нің	1334
бы	3461	тай	2021	әй	1333
қай	3367	рақ	1997	су	1323
көр	3321	ден	1981	дық	1320
дей	3273	жү	1979	жер	1316
лық	3272	қыл	1963	тек	1296
ард	3258	қыз	1899	іс	1284
пе	3234	ман	1835	лу	1273
ғын	3220	тал	1798	шақ	1260
жы	3204	жи	1787	шын	1250
еш	3158	жыл	1759	әб	1249
бұл	3085	өт	1735	тық	1249
бұл	3085	лап	1734	тық	1249
іп	3022	боп	1691	шыл	1240
жат	2975	лыс	1690	ғар	1223
сол	2908	бө	1681	би	1221
тың	2903	жал	1681	ерт	1218
сі	2902	өк	1664	зақ	1214
эк	2894	тө	1664	жау	1205
ің	2894	сен	1645	жә	1166
еу	2858	сыр	1620	мал	1158
уа	2848	бә	1600	йе	1157
зі	2818	сұ	1582	йі	1148
тұр	2802	ыт	1578	кей	1148
ні	2790	лат	1572	ным	1140
жоқ	2755	ны	1549	ку	1133
оп	2680	қыс	1544	тен	1130
сал	2604	ші	1544	қи	1125
дә	2603	тә	1542	қор	1115
лер	2598	қайт	1533	өң	1114
май	2550	рай	1526	сүй	1110
жақ	2500	си	1520	нал	1109
оң	2500	жаң	1503	өз	1108
рал	2490	рек	1502	мақ	1100
бал	2483	мей	1497	гер	1098
гі	2476	өй	1497	қон	1095
ха	2458	кер	1492	лың	1091
іл	2443	шық	1463	бәр	1090
лі	2442	сә	1446	бұр	1075
өл	2349	мұ	1438	бұр	1075
лай	2337	қой	1431	пай	1058
мағ	2294	жол	1429	мә	1056
ән	2276	бет	1428	дес	1054
жас	2260	лан	1427	көк	1052
арт	2230	жар	1424	жағ	1047
лын	2188	зар	1422	пан	1042
қыр	2165	мо	1391	ки	1040

жай	2133	сү	1391	жаз	1038
ту	2126	зе	1381	баз	1036
на	2118	ру	1371	мі	1035
кеш	1034	ран	708	соқ	425
еж	1020	лақ	704	сағ	424
лес	1017	ин	699	сіз	423
пы	1012	нақ	695	жу	421
эс	1008	лем	679	саң	418
лед	995	кыт	658	жі	405
лау	994	сай	654	шай	402
күй	993	шұ	647	ми	398
до	988	ңі	634	нер	397
жүз	987	ян	627	лей	396
шо	965	ғым	617	ка	395
үй	958	ло	610	сең	389
сак	945	өс	599	бүй	384
күл	932	дос	598	бүй	384
ғай	927	лек	597	зек	382
был	925	шу	594	мет	381
кеу	914	ән	586	бын	379
ни	904	ғаз	584	ғыр	369
дас	901	түй	584	маң	363
дал	899	түй	584	кәр	358
жө	896	біл	583	кек	358
так	896	каб	580	ғұ	353
еб	891	лам	579	шек	353
гел	885	им	576	лаң	348
дау	885	лет	576	шаң	348
кә	883	мыр	567	зу	347
рен	876	жыр	565	бан	346
қам	874	лең	565	көл	342
бүг	873	кым	559	но	340
бүг	873	қақ	557	қоз	337
берг	861	эт	552	лен	334
тыл	861	жел	548	нам	330
уыр	859	ңе	545	жаб	329
жөн	857	шыр	539	быс	327
күр	850	лал	538	ав	326
бүн	843	рам	538	ли	322
бүн	843	тей	534	ғат	317
кең	843	лым	522	леу	315
быр	842	тең	522	лін	314
кып	839	йық	507	хағ	314
таң	839	йін	507	қоң	310
қап	837	дү	505	уел	308
аж	823	нем	504	лік	307
бак	818	ныш	499	тір	306
мыс	803	бық	494	анғ	302
әу	793	мүн	483	бос	300
рық	786	мек	475	лім	295
леп	768	дым	460	тор	295
өш	763	уе	457	яу	285
эм	754	ах	456	мел	283
ти	752	бу	455	мед	279
ток	748	пақ	453	ну	278
эд	733	уық	453	ко	269
бағ	723	өж	450	кіс	269
арс	722	қаш	435	деу	261
дір	260	дік	125	ғау	57
бөк	259	бөр	124	хи	56
шол	258	бөр	124	бұқ	54
мар	256	кіз	124	бұқ	54
маз	250	біт	122	ци	54
нар	238	ги	122	паң	53
зат	237	бәс	120	вор	48

аг	236	жад	120	паз	47
шіл	230	қалт	119	хо	47
мұң	227	гіз	118	бот	46
кім	226	ве	117	жық	44
дү	222	ғақ	117	ғаң	41
ніп	219	мең	117	сұң	40
қүй	218	нім	113	бың	39
қүй	218	дек	108	бең	38
зан	212	пи	108	вок	38
бұз	201	го	105	бірт	37
бұз	201	жын	105	фо	37
най	201	нек	104	бұт	35
шеу	201	быт	101	бұт	35
ак	193	заң	99	вет	35
жек	192	ңір	99	аһ	32
қыш	191	қың	98	мон	32
раб	190	ва	97	фор	32
во	188	га	95	бул	31
шам	188	шік	93	ван	31
шең	186	ви	92	лыш	31
міз	182	дүр	92	бам	29
өйт	178	мәж	89	му	28
гіл	174	фа	89	му	28
ду	174	бүк	86	күз	27
кін	173	тоң	86	ләм	26
фе	170	аф	84	үйт	26
лаш	168	кат	83	бырт	25
бәл	163	це	83	гра	25
жұл	163	лә	79	ней	25
нең	162	гей	78	акт	24
ди	159	фи	76	газ	24
бәй	157	бра	74	барк	22
сұм	155	яң	72	гал	22
әп	154	лез	71	мәр	22
бұр	152	бок	70	бүлк	21
бұл	151	бүй	70	атр	20
яр	150	гу	70	бік	20
боз	149	гем	68	гау	18
енк	145	баб	67	мәң	18
той	145	неу	66	біс	17
тон	142	гө	65	піл	17
мір	141	уағ	64	шоң	17
анс	138	аль	62	бұрк	16
әйт	137	әш	62	бұрк	16
пер	132	бұлт	59	наң	16
мық	131	бит	59	беу	15
біз	130	бұлт	59	дұл	14
жың	126	пыл	59	һар	14
век	12	жөң	8	бак	3
вер	12	іж	8	бөш	3
балп	11	банк	6	бом	3
бөрт	10	бөс	6	бөш	3
бөрт	10	бөс	6	виз	3
ләз	10	үіл	6	абс	2
лом	10	аук	5	ән	2
баң	9	бән	5	балл	2
былқ	9	бих	5	эм	1
вар	9	вал	5	бұж	1
гад	9	лаж	5	быш	1
лог	9	цен	5	бю	1
баж	8	ань	4	вен	1
бин	8	эт	4	хұр	1
быз	8				

Байқағанымыздай, мына тіркестер жиі қолданылады:

50 мың мен 30 мыңның арасы: *ан* (47 486), *ай* (44 055), *ен* (41538), *ар* (39 156), *ын* (37230), *ба* (33386), *де* (33340), *да* (33 279), *ал* (33 022), *ке* (30610).

30 мың мен 20 мыңның арасы: *ты* (29681), *ға* (29 603), *та* (29453), *ды* (24466), *сы* (24150), *ла* (23246), *ер* (23018), *жа* (22712), *ә* (22 531), *ас* (20365).

20 мың мен 10 мыңның арасы: *на* (18695), *лы* (18261), *ра* (18229), *ың* (18184), *ме* (17400), *ақ* (17 292), *ге* (17151), *ны* (17114), *ыр* (16843), *ат* (16 628), *ғы* (15649), *ған* (15632), *ағ* (15 344), *ры* (14931), *са* (14237), *ма* (14061), *бай* (13925), *ыл* (13804), *қы* (13332), *ел* (13191), *не* (12890), *ет* (12762), *ау* (12 204), *ек* (12052), *те* (11812), *өз* (11751), *кө* (11317), *ес* (11314), *ық* (11270), *ле* (10879), *ан* (10 816), *аб* (10 507).

Ең жиі кездесетін, 50 мың мен 30 мыңның арасындағы буындарды сұқ саусақ, ондан кейінгі жиілігі жоғары 30 мың мен 20 мыңның арасындағы буындарды ортаңғы саусақ, келесі жиілігі жоғары буындарды аты жоқ саусақ басатын аудандарына оң қол мен сол қол жүктемесіне параллель орналастыру қажет. Болашақта қазақ әріптерін пернетақтаға орналастыруда осындай статистикалық талдауларға аса мән беруіміз қажет. Біз бұл шешімімізді түбегейлі деп айта алмаймыз. Себебі жоғарыда келтірілген мәліметтерде тек көркем стиль бойынша зерттеу жүргізілген. Ал келешекте ғылыми стильде, публицистикалық стильде жазылған мәтіндерге де осы бағытта статистикалық талдау жасау маңызды болып табылады деген ойдамыз.

Қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- пернетақтаға қаріптерді орналастыруда бірінші жеке әріптердің қолданыс жиілігін, екінші тіркестердің қолданыс жиілігін басшылыққа алу қажет;

- әріптерімізді пернетақтаға орналастыруда әлем тәжірибесіндегі тіркесте жиі қатар қолданылатын әріптерді бір-бірінен алшақ орналастыру және мәтінде жиі ұшырасатын әріптерді сұқ саусақ басатын ауданға орналастыру қажеттілігін басшылыққа алуымыз керек;

- жиі кездесетін тіркестерді қатар орналастырмай, оң қол мен сол қол басатын аудандарға параллель орналастыру қажет;

- пернетақтаға әріптердің қолданыс жиілігін ескере отырып, физикалық тұрғыдан күшті саусақтан әлсіз саусақтар ретімен орналастыруды дұрыс деп танымыз;

- әріптердің қолданыс жиілігімен бірге тіркестердің қолданылу жиілігіне байланысты көркем шығармалармен қатар басқа да стиль түрлеріне (ғылыми, ісқағаздар және т.б.) осындай статистикалық талдаулар жүргізіп, нәтижесін латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиін пернетақтаға модельдеу жұмысында ескеру маңызды болып табылады.

- мәтіндерге осы сипатта жасалған жұмыстарды маңызды деп санаймыз. Себебі әр тілдің әріптері мен тіркестерінің өзіндік қолданыс жиілігі болды. Егер әріптерді пернетақтаға осы қолданыс жиілігіне сәйкес орналастырсақ, мәтін теруде уақыт үнемділігі, физикалық күшті аз жұмсау сияқты нәтижелерге қол жеткізер едік.

Әзербайжан жазуын латын әліпбиіне көшіруге байланысты нормативтік-ұйымдастырушылық құжаттарға шолу

Әзербайжан Республикасы Министрлер Кеңесінің 1918 жылғы 27 маусымдағы Қаулысында түрік тілі мемлекеттік тіл ретінде мойындалып, барлық соттық, әкімшілік және басқа да лауазымды тұлғаларды осы тілде сауатты тұлғалармен ауыстырғанға дейін мемлекеттік мекемелерде орыс тілін де қоса қолдануға рұқсат берілсін делінеді [82, 201-б.].

Әзербайжан Республикасы Министрлер Кеңесінің 1918 жылғы 28 тамыздағы Қаулысында «жоғары бастапқы мектептерді, сонымен қатар орта оқу орындарын ұлттандыру мақсаты көзделіп, барлық төменгі бастапқы оқу орындарындағы оқу тілі ана тілінде жүргізілсін, мемлекеттік түрік тілі міндетті түрде және күшейтіліп оқытылсын, жоғары бастапқы және орта оқу орындарында оқыту мемлекеттік тілде жүргізілсін» делініп, Халық ағарту министріне орта оқу орындарының барлық сыныптарында түрік тілінің оқытылуын қатаң қадағалау міндеттеледі [82, 225-226-бб.].

Әзербайжан Республикасы Министрлер Кеңесінің 1919 жылғы 21 наурыздағы Қаулысында Халық ағарту министріне үкімет мүшесі Х.Б.Мелик-Аслановпен бірге араб әліпбиін реформалау мәселесі бойынша арнаулы комиссия ұйымдастырып, Министрлер Кеңесінің қарауына ұсыну тапсырылады [82, 290-291-бб.].

IV Бүкіләзербайжандық Кеңестер съезінің 1925 жылғы 25 наурыздағы Қаулысында 1925 – 1926 оқу жылдары «жаңа түрік әліпбиі барлық мектептерде 1-деңгейге енгізілсін, 1932-1933 оқу жылдары барлық мектептердің 1 және 2-деңгейлерінде оқу жаңа түрік әліпбиімен жүргізілсін, баспа ұйымдары өз өнімдерінің белгілі бір пайызын жаңа әліпбиімен шығарсын, мемлекеттік мекемелерде ісқағаздарын жаңа түрік әліпбиімен жүргізу үшін курстар ұйымдастырып, дайындық жұмыстары жүргізілсін» делінеді [83, 74-75-бб.].

1926 жылғы 6 наурызда Баку қаласында өткен I Бүкілодақтық Түркологиялық съездің қарарында (резолюциясында) жаңа түрік (латын) әліпбиінің араб және реформаланған араб әліпбиіне қарағанда техникалық артықшылығы, сонымен бірге араб әліпбиімен салыстырғанда жаңа әліпбидің қомақты мәдени-тарихи және ілгерішіл мәні ескеріле келе, «жекелеген түркі-татар республикаларының жаңа әліпбиді енгізу және оны жүргізу әдісін қолдану әрбір республиканың және әрбір халықтың өз ісі саналады» делінген.

Бұл съезде түркітілдес халықтардың тілі және әдеби түркі диалектілері мен тілдерін зерттеу, салыстырмалы ғылыми грамматикалар жазу, сөздіктер шығару және т.б. өзекті мәселе қатарына жатқызылды.

Съезде сонымен бірге ана тілін оқыту әдістемесі жайы да қаралып, осы мәселеге қатысты шешімдер қабылданады. Әсіресе КСРО түркі халықтарының материалдық мәдениет ескерткіштерін зерттеуге баса назар аударылды.

Аталмыш съезде «түркі тілдерінің орфографиясына ең қолайлысы фонетикалық принципті қолдану, осы принциппен қатар қандай да бір деңгейде этимологиялық (морфологиялық) принцип біріктіріле қолданылуы керек» делінеді.

Съезде ғылыми терминология мәселесіне көңіл бөлініп, «терминдер белгілі бір топқа жататын, сонымен қатар басқа топтарға да жататын түркі тілдерінен алынуы,

әрбір республикада тұрақты терминологиялық комиссия жұмыс істеуі керек, ғылыми терминдердің жалпытүркілік сөздігін шығару қажет» деп көрсетіледі. Мектеп терминологиясын қалыптастыру мәселесі де көтеріледі [84, 49-59-бб.].

Әзербайжан тілінің латын графикасы негізіндегі әліпбиінің мол тәжірибесі бола тұра, ол әліпби жоғарыда аталған құжаттармен бекітілгеніне қарамастан, саяси жағдайларға, нақтырақ айтсақ, Кеңес Одағының қысымына байланысты жазуын орыс, яғни кирил әліпбиіне ауыстыруға мәжбүр болды. Осыған орай, «Әзербайжан жазуын латын әліпбиінен орыс әліпбиіне ауыстыру туралы» Әзербайжан КСР-інің 1939 жылғы 11 шілдедегі Заңында 1940 жылғы 1 қыркүйектен бастап ең алдымен оқытуды төменгі сыныптарда орыс әліпбиінде жүргізу үшін оқытушы кадрларды даярлау және мектептерге арналған қажетті оқулықтарды жаңа әліпбиімен шығару көзделіп, «мемлекеттік мекемелерде, қоғамдық ұйымдарда ісқағаздарын жүргізуді және мерзімді баспасөзді жаңа әліпбиге көшіру 1940 жылғы 1 қаңтардан бастап ізбе-із жүргізілсін» делінген [85].

Кеңес Одағының солақай саясатының қысымына қарамастан, 1956 жылғы 21 тамыздағы «Әзербайжан КСР-інің Конституциясын (Негізгі Заңын) Әзербайжан КСР-інің Мемлекеттік тілі туралы баптармен толықтыру туралы» Заңында «Әзербайжан КСР-інің Мемлекеттік тілі – әзербайжан тілі болып табылады» деп нақты көрсетілген [86, 3-б.].

Кеңес Одағы ыдыраған жылдары Әзербайжан Республикасы алғашқылардың қатарында өз Тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздік Әзербайжан Республикасының саяси-экономикалық өміріне ғана емес, рухани-мәдени тұрмысына да оң өзгерістер алып келді. Әзербайжан Республикасының 1991 жылғы 25 желтоқсандағы «Латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» № 33 Заңында Әзербайжанда 1940 жылға дейін қолданылған 32 әріптен тұратын латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиі аздаған өзгерістермен қалпына келтірілсін» деген қаулы шығарылды.

Осы күні кезекті нөмірмен тағы бір құжат қабылданды. Бұл құжатта аталған Заңды қолданысқа енгізу тәртібі белгіленді. Сонымен, Әзербайжан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ұлттық Кеңесінің «Латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» 1991 жылғы 25 желтоқсандағы № 33 Әзербайжан Республикасы Заңын қолданысқа енгізу тәртібі туралы» 1991 жылғы 25 желтоқсандағы №34 Қаулысында әзербайжан әліпбиі мынадай түрде көрсетеледі: *Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Əə, Ff, Gg, Ğğ, Hh, Xx, Iı, İi, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv, Yy, Zz.*

Әрі қарай Заңда латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиін қалпына келтіруге қатысты жұмыстар және олардың орындалу кезеңдері көрсетіледі. 1992 жылы:

- қыркүйектен бастап орта мектептердің 1-сыныптарындағы сабақтарды жаңа әліпбиімен жүргізу;

- орта мектептердің жоғары сыныптарында, КТУ-лерде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында латын графикасы негізіндегі әліпбиді оқыту бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыру;

- барлық оқу орындарындағы оқытушылар мен басқа да қызметкерлер үшін латын графикасы негізіндегі әліпбиді үйрену дәрістерін ұйымдастыру;

- машинисткалардың, корректорлардың, баспаханалар, газеттер мен журналдар, баспа қызметкерлерінің латын графикасы негізіндегі әліпбиді меңгеруін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

- республикалық газет-журналдар орыс әліпбиімен қатар латын графикасы негізіндегі әліпбиді қатар қолдану;

- полиграфиялық жабдықтар дайындаушы кәсіпорындармен жабдық сатып алу және монтаждау бойынша келісімшарттар жасауды қамтамасыз ету;

- кітап және газет баспаханаларында, сонымен қатар министрліктердің, ведомстволардың, институттардың және басқа да ұйымдардың полиграфиялық бөлімдерінде қаріптік шаруашылықты біртіндеп жаңарту;

- мөрлер, мөртабандар мен бланкілер дайындау, сонымен қатар барлық ұйымдардың мөрлерін, бланкілерін ауыстыру бойынша цехтарды реконструкциялау;

- карталардың жаңа басылымдарын, қалалардың, ауылдардың, кенттердің, көшелердің атаулары жазылған маңдайшалар, сонымен қатар куәліктер, АХАЖ, нотиариалдық, статистикалық, есептік құжаттарды басып шығару;

- республикалық теледидар бойынша латын графикасы негізіндегі әліпбиді насихаттау және оны оқыту бойынша дәрістер ұйымдастыру; бағдарламалардың атауларын, титрларды, хабарландыруларды жаңа әліпбиімен беру;

- латын графикасы негізіндегі әліпбиді үйренгісі келетіндер үшін қоғамдық негізде курстар ашу;

- латын графикасы негізіндегі әліпбиді мәдениет ошақтарына енгізу;

- ғылыми-зерттеу институттарын біртіндеп латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіру;

- латын графикасы негізіндегі әліпбимен әзербайжан тілінің орфографиялық сөздігін даярлап, басып шығару;

- тұрғылықты жерлерде латын графикасы негізіндегі әліпбиді үйрету және насихаттау орталықтарын ашу;

- көшелер атауларының, сөрелер мен жарнамалардың, мекемелер мен кәсіпорындар атауларының латын графикасымен жазылуын қамтамасыз ету;

1993 жылы:

- орта, орта арнаулы және жоғары мектептерге арналған оқулықтарды латын графикасы негізіндегі әліпбиімен басу;

- орта мектептердің бастапқы сыныптарында латын графикасы негізіндегі әліпбиімен оқыту;

- білім беру жүйесінің барлық салаларында латын графикасы негізіндегі әліпбиді енгізуді аяқтау;

- баспаханалардың жұмысын латын графикасы негізіндегі әліпбиге сәйкес жүргізу бойынша іс-шаралар кешенін қабылдау;

- фототеруші және басқа да компьютерлік жүйелердің, кітап және газет баспаханаларының жолқұюшы мәшинелерін, техникалық құралдарын жаңа графикаға сәйкестендіруді аяқтау;

- барлық республикалық газеттер мен журналдардың, көркем, ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси және басқа да әдебиеттердің латын графикасы негізіндегі әліпбиімен басылуын қамтамасыз ету.

Әзербайжан Республикасы латын графикасы негізіндегі әліпбиге құжат түрінде түбегейлі көшіп алғаннан кейін, мемлекеттік тілдің қолданылу мәселесіне айрықша мән берді. Мысалы, «Мемлекеттік тілдің қолданылуын жетілдіру туралы» Әзербайжан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 18 маусымдағы № 506 Жарлығында мынадай тапсырмалар беріледі:

1) Әзербайжан Республикасы Президентінің жанында Тіл бойынша Мемлекеттік комиссия құрылсын, бір айлық мерзім ішінде осы комиссия туралы ереже даярланып, Президентке ұсынылсын;

2) бір айлық мерзім ішінде «Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы» Заңның жобасы даярланып, Президентке ұсынылсын;

3) Әзербайжан Республикасы министрліктерінің, мекемелерінің, ұйымдарының және кәсіпорындарының басшылары өздеріне бағынышты ведомстволық құрылымдарда мемлекеттік тілді және латын графикасын қолдану бойынша жұмыстарды жетілдірумен байланысты ұзақ мерзімді кешенді жоспар даярлап, жүзеге асыру және алдын ала нәтижелері туралы Президентке 2001 жылдың 1 тамызына дейін хабарласын;

4) Әзербайжан Республикасының Білім министрлігі орта және жоғары оқу орындарында әзербайжан тілін оқытуды түбегейлі жақсартуға және әзербайжан тілінде оқыту сапасын арттыруға бағытталған түпкілікті шаралар қабылдап, бір айлық мерзім ішінде осы мәселе бойынша тиісті іс-шаралар бағдарламасын даярлап, Президентке ұсынсын;

5) Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы және Әзербайжан Республикасының Білім министрлігі Жазушылар одағымен бірге бір айлық мерзім ішінде латын графикасында қайта басып шығаруға ұсынылатын ғылыми және көркем әдебиеттердің, сөздіктер мен оқулықтардың тізімін даярлап, Президентке ұсынсын;

6) Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы бір айлық мерзім ішінде әзербайжан тіл білімінің әртүрлі салаларындағы ағымдағы және болашақтағы ғылыми зерттеулер жоспарын қайта қарап, бекітсін және олардың орындалу барысы туралы Президентке әр алты ай сайын хабарлап отырсын;

7) Республиканың қалалары мен аудандарының атқарушы билігінің басшылығына: жергілікті жерлерде маңдайшалардағы, жарнама қалқандарындағы, ұрандардағы, плакаттардағы және басқа да көрнекі құралдардағы жазуларды әзербайжан әдеби тілінің нормасына келтіру бойынша шаралар қабылдау және Әзербайжан Республикасының Президентіне 2001 жылғы 1 тамызға дейін осы тапсырманың орындалуы туралы есеп беру; жергілікті жерлерде әзербайжан тілінің және латын графикасының қолданылуын бақылауды күшейту және Әзербайжан Республикасының Президентіне 2001 жылғы 1 тамызға дейін атқарылған жұмыстар туралы хабарлау тапсырылсын;

8) Әзербайжан Республикасының Мәдениет министрлігі, Мемлекеттік телерадиотарату компаниясы бір айлық мерзім ішінде шетелдерде шығарылған және Әзербайжанда көрсету үшін сатып алынған кино- және телевизиялық өнімдерді әзербайжан тілінде дубляждау бойынша, сонымен қатар шетелдік кино- және телефильмдерді әзербайжан тілінде демонстрациялау бойынша жұмыстарды тиісті деңгейде ұйымдастыру бойынша ұсыныстар дайындап, Президентке ұсынсын;

9) Әзербайжан Республикасының Министрлер кабинетіне: 2001 жылғы 1 тамызға дейін елімізде шығарылатын барлық газеттер, журналдар, бюллетеньдер, кітаптар және басқа да баспа өнімдердің латын графикасына көшуін қамтамасыз ету; бір айлық мерзім ішінде Әзербайжан Республикасында мемлекеттік тілге қарсы жасырын немесе ашық насихат жүргізгені, әзербайжан тілінің қолданылуы мен дамуына қарсылық көрсеткені, оның құқықтарын шектеуге әрекет жасағаны, латын графикасының қолданылуына кедергі келтіргені үшін жауапкершілік шараларын анықтайтын заң жобасын даярлап, Әзербайжан Республикасының Президентіне ұсыну; 2001 жылғы 1 тамызға дейін орталық және жергілікті атқарушы биліктің ісқағаздарын жүргізуді латын графикасына көшіру, қамтамасыз ету; осы Жарлықтан туындайтын басқа да мәселелерді шешу тапсырылсын.

Сонымен қатар «Әзербайжан Республикасының тіл бойынша Мемлекеттік комиссиясының құрамын бекіту туралы» Әзербайжан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 шілдедегі Өкімімен Төрағасы – Әзербайжан Республикасының Президенті Г.Алиев болып, 3 орынбасардан, 39 мүшеден тұратын Мемлекеттік комиссия тағайындалды.

Әліпби мәселесі түпкілікті шешіліп, Мемлекеттік комиссия жұмысы бірізге түскен соң, он жылға созылған латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиіне көшудің 2001 жылы тамыз айында толықтай қамтамасыз етілуі, сонымен қатар жаңа әліпбиді қолдану тәуелсіз Әзербайжан Республикасының қоғамдық-саяси өміріндегі, жазба мәдениетіндегі маңызды оқиға екені ескеріле отырып, «Әзербайжан әліпбиі және әзербайжан тілі күнін бекіту» Әзербайжан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 9 тамыздағы № 552 Жарлығымен жыл сайын 1 тамыз Әзербайжан Республикасындағы Әзербайжан әліпбиі және әзербайжан тілі күні ретінде белгіленді.

Бұдан кейінгі құжат – «*Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы*» *Әзербайжан Республикасының 2002 жылғы 30 қыргүйектегі Заңы* мемлекеттік тілдің мәртебесін толыққанды нақтылауды, барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарда мемлекеттік тілдің қолданылу ережелерін бекітуді көздейді. Заңның:

- 13-бабының 13.1-тармағында: «Әзербайжан тілінің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларын атқарушы биліктің тиісті органы бекітеді. Заңды, жеке және лауазымды тұлғалары осы нормаларды сақтауға тиіс»,

- 14-бабында: «Әзербайжан Республикасының мемлекеттік тілінің әліпбиі – латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиі»,

- 15-бабының 15.2-тармағында: «Әзербайжан Республикасында мемлекеттік тілде шығарылатын баспа өнімдері латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиінде шығарылуға тиіс», 15.3-тармағында: «Әзербайжан жазба мәдениетінің тарихында маңызды рөл атқарған араб әліпбиі мен кирил қарпі ерекше жағдайларда (сөздіктерде, ғылыми басылымдарда әдебиет көрсеткіші ретінде және т.б.) пайдаланылуы мүмкін» делінген.

Ерекше назар аударатын жайт – Әзербайжан Республикасының нормативтік құқықтық актілері қабылданған құжаттардың орындалуы бақылауға алынып отырады. Мысалы, «*Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы*» Әзербайжан Республикасының Заңын қолдану туралы» Әзербайжан Республикасы Президентінің

2003 жылғы 2 қаңтардағы № 835 Жарлығында Әзербайжан Республикасы Министрлер кабинетіне бір айлық мерзім ішінде қолданыстағы заңнамалық актілерді «Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы» Әзербайжан Республикасының Заңына сәйкестендіру туралы ұсыныс жасап, Әзербайжан Республикасының Президентіне ұсыну; Министрлер кабинеті мен жергілікті биліктің тиісті орталық органдарының нормативтік-құқықтық актілерін аталған Заңға сәйкестігін қамтамасыз ету және ол туралы Әзербайжан Республикасының Президентіне хабарлап отыру; аталған Заңды бұзғаны үшін жауаптылықтың түрлерін белгілейтін заңнамалық актінің жобасын даярлап, Әзербайжан Республикасының Президентіне ұсыну және т.б. тапсырылады (2004 жылғы 25 мамырдағы № 71 Жарлыққа сәйкес түзетулермен).

Одан кейін 2003 жылғы 27 қыркүйекте «Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы» Әзербайжан Республикасының Заңын орындауды қамтамасыз ету туралы» Әзербайжан Республикасы Президентінің № 923 Жарлығы шықты.

Төменде келтірілген құжатта да аталған мақсат көзделеді. *«Бұқаралық баспаларды латын графикасы негізіндегі әзербайжан тілінде жүзеге асыру туралы» Әзербайжан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 12 қаңтардағы №56 Өкімінде:* «2004 жылдың бастапқы кезеңінде латын графикасында басып шығаруға жататын шығармалар тізімі бекітілсін (тізімі қоса берілген)» делініп, осы мақсатта әртүрлі құрылымдарға тапсырмалар беріледі (2006 жылғы 27 қыркүйектегі №466 Жарлыққа сәйкес түзетулермен). Тізімдегі кітаптардың:

- 9-ы сөздіктер мен энциклопедиялар;
- 15-і Әзербайжанның халық әдебиеті;
- 100-ден астамы классикалық және қазіргі әзербайжан әдебиеті, 30-дан астамы әлемдік әдебиет үлгілері).

Аталмыш құжаттағы тапсырмалардың орындалуы үшін ең өзекті мәселелердің бірі қаржыландыру болып табылатыны белгілі. Осы мәселеге орай «Әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын әзербайжан тілінде басып шығаруды қаржыландыру туралы» Әзербайжан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі №3051 өкімі шықты.

Сонымен, Әзербайжан Республикасы он жыл ішінде латын қарпіне көшіп бітті, алда тұрған мәселелердің бәрі шешілді десек болады. Басында латын қарпіне көшу әлеуметтік наразылық тудырады, өйткені халықтың көп бөлігі ақпарат көздерінен оқшау қалады деген пікір айтылды. Алайда әзербайжандықтар жаңа әліпбиді тез меңгерді.

Бір әліпбиден екіншісіне көшу мемлекеттік ісқағаздарын жүргізуде, жарнамаға, баспа басылымдарына және коммерциялық маңдайшаларға өзгерістер алып келді. Сонымен қатар алғашқыда компьютерлік бағдарламаларды пайдаланушыларға да қиындық туғызды. Сондықтан үкімет жаңа әліпбиге көшуге байланысты техникалық проблемаларды шешу үшін www.latin.az вебсайтын ашты.

«Әзербайжандағы латын қарпіне көшу саясиландырылған жоқ», – деді саясаттанушы Ильгар Велидзе қазақ әліпбиінің латын қарпіне көшуіне байланысты пікірталаста «Regnum» АА берген сұхбатында. – «Ісқағаздарын жүргізу мен құжатайналымында латын қарпі қиындық туғыза қойған жоқ. Шенеуніктер, мемлекеттік қызметшілер жаңалықты тез қабылдағыш болып шықты. Әрине, бастапқыда негізінен егде адам-

дар жаңа әліпбиді тез меңгере алмай, әлеуметтік қолайсыз тудырғаны бар. Алайда, бірнеше жылдың ішінде олар да бейімделді».

Әзербайжан Республикасында мемлекеттік тілдің қолданылуына және латын қарпіне көшуге қатысты құжаттарды сараптай келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Кеңес Одағы тұсында қабылданған құжаттарда:

1) Әзербайжанда түрік тілі мемлекеттік тіл ретінде мойындалып, мемлекеттік мекемелерде орыс тілінің де қоса қолданылу жағдайлары көрсетілді;

2) оқу орындарын ұлттандыру мақсаты көзделіп, ана тілінде оқыту, мемлекет түрік тілін міндетті түрде және күшейтіп оқытуды, оны қатаң қадағалау көзделді;

3) араб әліпбиін реформалау мәселесі бойынша арнаулы комиссия ұйымдастырылды;

4) жаңа түрік әліпбиін енгізу, оқуды жаңа түрік әліпбиімен жүргізу, баспа өнімдерін жаңа әліпбиімен шығару, мемлекеттік мекемелердің ісқағаздарын жаңа түрік әліпбиімен жүргізу үшін курстар ұйымдастыру, дайындық жұмыстарын жүргізу көзделді;

5) саяси жағдайларға байланысты 1940 жылдың 1 қыргүйегінен бастап жазу орыс, яғни кирил әліпбиіне ауыстырылды;

6) «Әзербайжан КСР-інің Мемлекеттік тілі – әзербайжан тілі» деп танылды;

2. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қабылданған құжаттарда:

1) латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиін қалпына келтіру мәселесі қолға алынып, іске асырылды;

2) қабылданған құжаттарды жүзеге асыру мақсатында оларды қолданысқа енгізу тәртібі, атқарылатын жұмыстардың реті мен олардың орындалу деңгейі, мерзімдерін бақылау, мемлекеттік тілге қарсы жасырын немесе ашық насихат жүргізгені, оның қолданылуы мен дамуына қарсылық көрсеткені, құқықтарын шектеуге әрекет жасағаны, латын графикасының қолданылуына кедергі келтіргені үшін жауапкершілік шаралары белгіленді;

3) Әзербайжан тілінің лингвистикалық нормаларын бекітуші органдар белгілеп, бұл нормалардың сақталуы заңдық түрде міндеттелді, латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиінің және басқа әліпбилердің қолданылу жағдайлары көрсетілді;

4) қолданыстағы заңнамалық актілерді «Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы» Әзербайжан Республикасының Заңына сәйкестендіру көзделді;

5) латын графикасында басып шығаруға жататын шығармалар тізімі бекітіліп, осы мақсатта әртүрлі құрылымдарға тапсырмалар берілді және олардың орындалуына қатысты қаржыландыру мәселесі шешілді.

Сөз соңында қазақ жазуын кирил әліпбиінен латын қарпіне көшіруге байланысты Үкімет деңгейінде Мемлекеттік комиссия құрылып, Мемлекеттік бағдарлама әзірленіп, қабылдануға және латын қарпіне көшу Тұжырымдасы әзірленіп, бекітілуге тиіс деген ұсыныс айтамыз. Бұл Бағдарлама мен Тұжырымдамада латын графикасына көшуге әсер ететін лингвистикалық (латын әліпбиінің оңтайлы нұсқасын анықтау; латын әліпбиін стандарттау, латын графикасына көшкен түркі тілдерінің тәжірибесін түбегейлі зерттеп, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін таразылау), психологиялық, педагогикалық-әдістемелік (қазақ тілінің оқытушыларын және мек-

теп оқушыларын, заңды, атқарушы органдардың және мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау), полиграфиялық (заңдық және нормативтік құжаттарды қайта шығару, қайта жабдықтау және қазіргі баспа құралдары мен технологияларын сатып алу, латын әліпбиінде бірінші кезекті кітап өнімдерін (анықтамалар, сөздіктер, кітаптар, телебағдарламаларының аудармасы және басқалар) қайта шығару, ұлттық валютаны латын таңбалы ақша белгілеріне ауыстыру, жеке куәліктерді, паспорттарды және басқа құжаттарды ауыстыру) және экономикалық (кадрлық ресурстар және шығындар көлемін бағалау) түрткіжайттар ескерілуге тиіс. Демек Үкімет латын графикасына көшуге байланысты барлық (қаржылық, ақпараттық, техникалық, кадрлық және т.б.) іс-шаралардың орындалуын және латын графикасына көшу үдерісінің әртүрлі құрылымдарда жүйелі жүргізілуін қамтамасыз етуі керек.

Қытайдағы қазақтардың жазуы және латын графикасы негізіндегі әліпбиі

А.Байтұрсынұлы әліпбиінің қолданысқа түсуі және Қытайда тұратын өзге түркі тілдес халықтардың жазу дәстүрі. Ислам дінінің түркі тілдес халықтарға таралуына байланысты Х ғ. бастап көне түркі жазуының орнын араб жазуы біртіндеп иелене бастады. М.Қашқаридың «Түркі тілдер сөздегі» т.б. әлемге әйгілі шығармалары осы жазумен жазылды. Араб жазуы 28 әріп және бірнеше шартты белгілерден тұратын дауыссыз дыбыстарды негіз еткен әліпби болатын. Ұзақ жылдар бойы қолдану барысында түркі халықтары осы әліпбиге парсы жазуынан да таңбаларды қосып қабылдап (мысалы: ز، گ، چ، پ)، өзінше жазу дәстүрін қалыптастырды. Бұл бүгіндері ғылыми әдебиеттерде шартты түрде «кітаби тіл», «шағатай тілі» немесе «Орта Азия әдеби тілі» делініп, осы тілдерді жазуда қолданылған «шағатай жазу емлесі» жазу дәстүрі болатын. Бұл жазу дәстүрі А.Байтұрсынұлының жазу емлесі жарыққа шыққан ХХ ғасырдың басына дейін қолданылды. Түркі тілдерінің табиғатына сай келмейтін 1000 жылдың жазу дәстүріне түбегейлі реформа жасаған А.Байтұрсынұлының емлесі тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың рухани өміріне зор өзгерістер әкеледі. Бұл туралы белгілі ғалым Р.Сыздықова: «Сөйтп, А.Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуы өз кезеңінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен рөл атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А.Байтұрсынұлының бұл тәжірибесі сол кезде өзге түркі халықтары, мысалы, өзбектер мен татарлар үлгі етіп, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастады» [87, 18-б.], – дейді.

1924 жылы Орынборда өткізілген қазақ-қырғыз зиялыларының тұңғыш съезінің 15 маусымындағы мәжілісінде араб графикасы негізінде жасаған Ахмет Байтұрсынов әліпбиі ресми қолданысқа енетін болып бекігені, сонымен бірге осы негізде, қырғыз, татар, өзбек, ұйғыр қағарлы туысқан түркі тілдес халықтарда бірінен соң бірі өз әліпбилерін жасағаны белгілі. Бұл өзгеріс, әрине, тез арада көршілес жатқан Қытай жеріндегі қазақ, қырғыз, ұйғырларға да әсер етпей қоймады. Осы тұста ХХ ғасырдың 20, 30-жылдары Кеңес Одағында болып жатқан түрлі саяси науқандар, атап айтқанда, ұлт-азаттық қозғалыс, байларды тәркілеу, ашаршылық т.б салдарынан Қытай жеріне

бас сауғалап өткен зиялы қауым өкілдері А.Байтұрсынов әліпбиін Шыңжандағы қазақтарға ғана емес, ұйғыр, қырғыз қатарлы түркі тілдес халықтарға да таратты.

Осы ғасырдың 30-жылдарына дейін Қытайда тұратын қазақ, ұйғыр, қырғыз, татар, өзбек қатарлы түркі тілдес халықтар өз жазуларында араб, парсы әліпбиі негізінде жасалған дәстүрлі «Шағатай жазу емлесін» қолданып келген болатын. Мәселен, 1910 жылы наурыз айында бүгінгі ҚХР Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы Құлжа қаласында «Іле уәлаятының газеті» жарық көрген. Газет төрт беттік болып сол кездегі шағатай жазу емлесінде Ілеге аралас қоныстанған қазақ, ұйғыр, өзбек, татар қатарлы ұлттарға түсінікті тілде шыққан [88, 65-б.]. Сөз, сөйлемдері шағатай әдебиетіне ұқсас болған.

1930 жылдардан бастап Шыңжанда ұлттық тіл-жазу мәселелеріне көңіл бөлініп, сол кездегі өлкелік үкімет жағынан қазақ, ұйғыр тілдерінде жаңаша оқулықтар жазу, баспадан шығару ісі қолға алына бастады. Десе де бұл кездері А.Байтұрсынұлының ықпалы бұл жерлерге жете қоймаған болатын. Сол жылдары Үрімшідегі баспа орындары қолданған ұйғыр, қазақ жазуы арабша болған: $\text{گ ی و د چ پ ت ب ع ا ح ه ش س ز ر}$: يا ي ه ن م

Сөз басы, сөз ортасы және сөз соңындағы түрлерін қоссақ, олардың саны 110-нан асады.

1933 жылы 12 сәуірде Үрімшідегі Жин Шурын үкіметін құлатқан саяси өзгеріс Шыңжанның осы заман тарихындағы ірі оқиғасы болды. Билікті шеңгеліне алған Шың Шысай үкіметі бұл тұста сыртқы жақта Кеңестер Одағымен достасу саясатын қолданды. Бұрынғыдай емес, жергілікті халықтардың оқып білім алуына, өз тілінде газет-журнал, кітаптар шығаруына өз мүддесі үшін аз да болса көңіл бөле бастады. Қазақ, ұйғыр жастарынан Кеңестер Одағына 300-дей оқушы жіберіп кадр тәрбиеледі. Олардың ішінде Тіл-жазу, баспасөз саласының өкілдері де болды. Сонымен бірге араб әліпбиі негізіндегі ұйғыр, қазақ жазуларының баспа әріп қалыбы мен баспа мәшинесін Кеңестер Одағынан алдырды. Бұл шаралар Шыңжанның жер-жерінде игі ықпал жасады. Жергілікті қазақ, ұйғыр, қырғыз, татар халықтарының мәдени-ағарту ұйымдары әр жерде құрылып, олардың бастамасымен мектептер ашылып, сауаттандыру жұмысы қолға алынды, ұлттық тілде газет-журналдар шығарылды. Баспасөз жұмыстары жандана бастады. Сөйтіп, осы кезге дейін Кеңестер Одағына жалпыласып болған А.Байтұрсынұлының әліпбиі Шыңжандағы халықтарға тарала бастады. Мәселен, 1936 жылы Кәрім Дүйсеновтың бастыруымен Алтайда «Әліппе астары» жарық көрсе, Шәуешек және Құлжа қалаларында «Жаңа әліпби», «Әліппе» кітаптары басылып шықты.

Қытайдағы қазақ тіліндегі ақпарат-баспасөз туысқан ұйғыр, татар, қырғыз, өзбек халықтарының ақпарат-баспасөз істерінің өркендеуімен сабақтас, тағдырлас болды. Мәселен, 1932 жылы Құлжада араб жазумен жарық көрген «Іли дәряси» газеті Іледегі ұйғыр, қазақ, татар қатарлы халықтарға ортақ газет болса [89], 1934 жылы 21 майдан бастап Шәуешек қаласында араб жазуымен жарық көре бастаған «Бизниц таууш» газетінде қазақша, ұйғырша, татарша мақалалар аралас басылып отырған. Сондықтан бұл газеттерді осы халықтардың ортақ газеті дейміз [88].

1953 жылы Тарбағатай аймағында араб жазумен «Шыңжан-Тарбағатай Хабарлары», «Жаңа Шыңжан» журналы жарық көрсе, үш аймақ төңкерісі тұсында онда «Халық

ауази», «Инқилапшил яшлар» («Төңкерісшіл жастар»), «Халықшы», «Дөрбілжін хабарлары», «Табыс» т.б. газеттер жарыққа шыққан. Тарбағатай аймағында шыққан бұл газет-журналдар осы аймақтағы ұлттардың аралас қоныстанған жағдайына қарай қазақ, ұйғыр тіліндегі мақалаларды аралас басты. Дегенмен мұндағы халықтардың басым көпшілігі қазақ болғандықтан, мақалалардың дені қазақ тілінде басылды. Алтай, Іле және Үрімшідегі газет-журналдар да осындай күйді кешті. Мәселен, 1946 – 1950 жылдарда Үрімші қаласындағы зиялы жастар араб жазумен «Хан тәңірі» атты журнал шығарып тұрған. Бұл журналдың бас редакторы Ибрайым Турды, орынбасары Салық Әмірәліұлы болған. Журнал қазақ, ұйғыр – екі тілде аралас шыққан [90].

Газет-журналдың бәрі араб әрпінде жарық көргенімен, оларда сол кезде біртұтас емле-ереже, жүйе болмаған. Кейбіреулері А.Байтұрсынұлының әліпби жүйесіне жақын болса, кейбіреулері дәстүрлі әліпбиге аздап қана өзгерістер енгізіп қолданылған.

Шыңжаңдағы ұйғырларда бірінші реткі емле қағидасы Ибрайым Мутидің жасаған «Түрік-ұйғур тилиниң имла қағидилири» болып, 1948 жылы 15 желтоқсан және 1949 жылы 8 қаңтар күнгі «Шыңжан газеті» ұйғырша басылымында алғаш рет жарияланған. Бұл емле қағидасының ең үлкен артықшылығы – ұйғыр тілін араб, парсы үлгісіне бейімдеп, әркім өз алдына білгенінше жазатын бейберекет жазуды бір арнаға түсірді.

1951 жылы Шыңжаңға Кеңестер Одағынан ұйғыр тілінің мамандары Хәләм Құдайберді, Мәшүр Розыбақы қатарлылар Үрімшіге келіп, тіл-жазу, баспасөз саласына байланысты дәріс оқыды, ұйғыр тілі емле қағидасы туралы ой бөлісіп, өз тәжірибелерін үйретті. 1951 жылы Алматыдағы тіл-емле кеңесі жағынан А. Байтұрсынов жазу емлесі негізінде түзіліп шыққан «Ұйғыр әдеби тілінің араб әліппесі негізіндегі қысқаша емле қағидалары» талқыға салынып, оған аздаған өзгерістер енгізу арқылы қабылданған. Сондай-ақ бірнеше жыл қолданыстан кейін 1954 жылы «Ұйғыр әдеби тілінің қысқаша емле қағидалары» деген атпен Үрімшіде жарияланды. Әліпби 30 әріптен тұрады [91].

Көріп отырғанымыздай, 1950 жылдары ұйғыр тілі мен емлесінде зор бұрылыс болды [92, 12-б.]. Тарихтан бері жазуда орын алып келе жатқан тек қана араб-парсы сөздеріне ғана керек таңбалар алынып тасталды. Дауысты дыбыстарға айырым таңбалар белгіленді. Ұйғыр тілінің емле қағидалары ұйғыр тілі табиғатына, ұйғырдың жанды тіліне жақындады [93, 318-б.]. Бұл қағидалар 1983 жылы жасалған емледе біршама кемелдене түсті. Бұрын 8 дауысты дыбысқа 6 таңба белгіленсе, қазір әр дыбыс бойынша жеке таңба белгіленді.

А.Байтұрсынұлының төте жазу емлесі Шыңжаңда тұратын қазақтарға 1930 жылдары тарала бастап, сол тұстардағы баспасөзде қолданылғанымен, әр жерде әрқалай өзгеріске түсіп, бірізді болмаған. 1952 жылдар тұсында сол кездегі Шыңжаң өлкелік үкіметінің басқаруымен құрылған ұлттардың тіл-жазуын қолдану мен зерттеуге жетекшілік ету комиссиясының тапсыруымен Әнуар Көкейұлы қатарлылар 1954 жылы А.Байтұрсынұлының емлесі негізінде «Қазақ тілінің емлесін дұрыс қолдану ережелерін» жазған. Бұл ереже Шыңжаң өлкелік халық үкіметінің әкімшілік істері жайындағы 136-ретті жиналысында ресми бекітіліп, жер-жердің атқаруына жіберіліп, біртұтас қолданысқа түскен. Бұл тұстағы емле өзгерісі мыналар болған:

1) қазақ тілінде 33 дыбыс бар. Мұның 11 дауысты дыбыс, қалған 22-сі дауыссыз дыбыс. Бұларды 29 әріп, бір дәйекше «» (жіңішке белгі) арқылы таңбалау; дауыс-

ты дыбыстардың тіл алды (жіңішке) мен тіл арты (жуан) түрлерін дәйекше арқылы парықтау. Мысалы: ¹ (a) –¹ (ә), ² (y) –² (ү);

2) жазғанда қосар «³»-дің орнына дара таңба «³»-ді, қосар «⁴»-дың орнына дара таңба «⁴»-ды қолдану;

3) орыс және басқа тілдерден енген сөздердегі (В) дыбысының таңбасы қазақ әліпбиінде болмағандықтан, оның орнына «⁵» таңбасын қолдану т.б.

Қытайда тұратын туысқан қырғыз халқы 1955 жылы біртұтас төте жазу әліпбиін жарыққа шығарғанға дейін шағатай жазуы емлесін қолданып келген. Ол жазумен газет-журналдар шығармаған. Жазу тарихы Қытайда тұратын қазақ, ұйғыр халықтарының жазу тарихымен сабақтас, бірізді келеді. Жазу дәстүрінде А.Байтұрсынұлының емлесін пайдаланғаны анық байқалады.

Қытайда тұратын ұйғырлардың жазуы

Латынша (ULY)	Кирилше (USY)	Жаңа латынша (UYY)	Халықаралық транскрипция
Aa	Аа	Aa	/a/
Ee	Әә	Əə	/ɛ, æ/
Bb	Бб	Bb	/b/
Pp	Пп	Pp	/p/
Tt	Тт	Tt	/t/
Jj	Жж	Jj	/dʒ/
Ch ch	Чч	Qq	/tʃ/
Xx	Хх	Hh	/x/
Dd	Дд	Dd	/d/
Rr	Рр	Rr	/r/
Zz	Зз	Zz	/z/
Zh zh	Жж	Zz	/ʒ/
Ss	Сс	Ss	/s/
Sh sh	Шш	Xx	/ʃ/
Gh gh	Ғғ	Ǧǧ	/ɣ/
Ff	Фф	Ff	/f/
Qq	Ққ	Kk	/q/
Kk	Кк	Kk	/k/
Gg	Гг	Gg	/g/
Ng ng	Ңң	ŋŋ	/ŋ/
Ll	Лл	Ll	/l/
Mm	Мм	Mm	/m/
Nn	Нн	Nn	/n/
Hh	Һһ	Ḥḥ	/h/
Oo	Оо	Oo	/o/
Uu	Уу	Uu	/u/
Öö	Өө	Өө	/ø/
Üü	Үү	Üü	/y/
Ww	Вв	Ww/Vv	/w,v/
Ēē	Ее	Ee	/e/
Ii	Ии	Ii	/i,ɪ/
Yy	Йй	Yy	/j/

Бүгіндері ҚХР Шыңжан өлкесінде тұратын 10 миллионнан астам қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтары араб жазуы негізінде жасалған төте жазу әліпбиін қолданады. Жазулары компьютерге түсірілген.

1955 – 1956 жылдары аз санды ұлттар тіл-жазуын біртұтас қайта тексеру кезінде «араб жазуы негізінде жасалған қазақ әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін дұрыс бейнелеп бере алмайды» деген қорытынды жасалып, оны славян немесе латын жазуына көшіру туралы қаулы шығарылды. Нәтижесінде 1959 жылы қытай тілінің дыбыстық жазу жобасы (*pin yin*) негізінде қазақтың латын әліпбиі жасалды. Қытайдағы қазақтар «жаңа жазу» деп атаған бұл жазу бастапқыда сынақ ретінде қолданылып, 1965 жылы Орталық үкіметтің бұйрығымен ресми түрде жарияланды. Жаңадан жасалған латын әліпбиінде қазақ тілінің 24 дауыссыз дыбысы бар делінді. Бұдан басқа Қытай тіліндегі атауларды дұрыс транскрипциялап жазу үшін «zh, sh, ch» сияқты 3 қосар әріпті де әліпби құрамына кіргізді. Латын әліпбиіндегі 26 әріп өз реті бойынша енді де, қазақ тілінің ерекшелігіне тән *e* (*ы*), *ng* (*ң*), *q*, *a*, *o*, *ë* (*е*) сияқты дыбыс таңбалары әліпбидің соңына тіркелді.

Арада жиырма жылға жуық уақыт өткен соң, белгілі себептермен Қытайдағы қазақтар 1983 жылы өз жазуын қайтадан араб жазуы негізінде жасалған әліпбиге көшірді және қазірге дейін осы әліпбиді қолданып келеді. Қытайдағы қазақтар қолданған латын әліпбиінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ, қытай тіліне тән дауыстыларды (*ai, ei, ao, ou*) және қытай тіліне тән дауыссыздарды таңбалайтын қосар әріптер (*zh, ch, ch*) күштеп кіргізілді. Сөйтіп қытай тілінен енген сөздер қытай тілінде қалай дыбысталып транскрипцияланса, қазақ тілінде солай алынды.

Қытайдағы қазақтар араб жазуы негізінде жасалған көне әліпбиге (төте жазуға) қайтадан көшкен соң, 1984 жылы Шыңжан Тіл-жазу комитеті, Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясының Тіл институты сияқты мекемелер бірлесе отырып, «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері мен қазақ жазуының алфавитін» жаңадан жасап шықты. Бұл ережеде морфологиялық принцип негізге алынып әрі қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарына баса назар аударылды. Осы ереженің негізінде 60 мыңнан астам сөз кіргізілген «Қазақ тілінің емле сөздігі» 1986 жылы Шыңжан халық баспасынан басылып шықты. Бұдан басқа «Емле туралы білім» [94], «Қазақ тілі айтылымының негізгі ережелері» [95], «Қазақ жазуының тыныс белгілері» [96] т.б. еңбектер жарық көрді. Емле-жазу туралы жүздеген ғылыми мақалалар жазылды. Сөйтіп, жазу мен емледе сақталған біраз мәселелер өз шешімін тапты. Дегенмен араб әрпі негізінде жасалған жазуды (төте жазуды) біртіндеп латын жазуы негізінде әліпбиге көшіру мәселесі Қытайдағы қазақтардың күн тәртібінен түскен емес және бұл туралы пікірталастар ондағы басылымдар бетінде үнемі сөз болып келеді.

Қытайда тұратын түркі тілдес қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтары кезінде А.Байтұрсынұлы емлесінің ықпалымен өз жазу дәстүрлерін қалыптастырып, бүгінге дейін қолданып отырғанымен, ондағы зерттеушілер тарапынан Ахаңның еңбектері туралы пікірлер айтылмай келді. Оның себебі, біріншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің ол жақтағыларға таныс еместігі болса, екіншіден, Кеңестер Одағы тұсында «халық жауы», «ұлтшыл» атанған адамның атын атау ондағылар үшін де кезінде саяси себеппен қиын болғандығында болса керек. Ендігі жерде Қазақстан егемен ел болып,

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары жақсарған тұста, А.Байтұрсынұлы еңбектері Қытайда тұратын қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтарының тіл-жазуымен бірлестіре зерттелуі тиіс.

Қытайда тұратын қазақтардың кирил жазуына көшу барысы. А.Байтұрсынов әліпбиі Шыңжаңда тұратын қазақтарда жаппай қолданыс тауып жатқан тұста Кеңестік Қазақстанда қазақ жазуы 1940 жылы латын графикасы негінде жасалған латын әліпбиінен қазір қолданып отырған кириллица негізіндегі жазуға көшкен болатын. Мұның өзі Сталиннің орыстандыру саясатының ықпалында жүзеге асқаны бүгіндері жасырын емес.

Туысқан түркі халықтары жүйеден қазақ халқының жазу бірлігін ойлаған Шыңжаңдағы ұлт зиялылары енді Кеңестік Қазақстанда қолданып отырған кириллица негізінде жасалған жазуға көшу туралы сөз қозғай бастады. 1956 жылдың тамыз айында тұңғыш өткен Шыңжаң өлкелік тіл жазу жиналысында осы өлкедегі ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, татар, моңғол, сібір халықтарының жазуын кириллица графикасына көшіру туралы ұсыныстар түсті. Ұсыныста: «Біз Шыңжаңдағы қазақ халқы үшін славян графикасы негізінде айырым жазу жасап отырмастан, Советтік Қазақстанда қолданылып, қазақ халқының социалистік мәдениетін өркендетуде біраз қызмет істеп үйреніскен жазуды негізінен қабылдауымыз лайық. Бірақ бұл жазуда әріптердің көптігі емледе белгілі қиындықтар тудыратындығы жайлы талқы жүргізу тиіс», «қазақ жазуының жобасы Советтік Қазақстанда қолданылып отырған 42 әріп, екі белгімен берілген жазумен бірдей болып, бұл жазу қазақ әдеби тілінің қажетіне сай келеді, жиналысқа қатысушылар аталған жобаға келіседі» делінген. Осылайша 1956 жылдың 31 желтоқсанында ашылған Шыңжаң өлкелік үкіметтің 13 кезекті жиналысында өлкедегі ұйғыр, қазақ, қырғыз жазуы туралы ресми қаулы қабылданды. Жоба «Шыңжаң малшылары» газетінің 1957 жылдың 2 қыргүйегі күнгі санында жарияланып, қызу талқыға түсті. Зиялы қауым өкілдері Советтік Қазақстанда қолданып отырған қазақ жазуын толықтай көшіріп алмай тұрып өзгерістер енгізу керек, атап айтқанда, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ *Я, Ю, Ё, Щ, Ц, Ъ, Ы* таңбаларын әліпбиден шығарып тастау, қазақша баламасы бар орыс сөздерін қолданбай, қазақшасын қолдану т.б. туралы ұсыныс пікірлер айтылды. Осы кездері Іле қазақ облысының орталығы Құлжа қаласы мен өзге де өңірлердегі қазақ мектептерінде кириллица негізінде жасалған қазақ жазуы оқытыла бастады. Десе де, бұл жобаның өміршеңдігі ұзаққа бармады, 1958 жылдың 28 наурызынан 14 сәуіріне дейін Бейжинде саны аз ұлттардың тіл мен жазуы туралы ашылған екінші кезекті мәжілісінде кириллица жобасы тоқтатылды. Бұған, әрине, бір жағынан сол тұстағы Қытай мен Кеңес Одағы арасындағы текетірестің басталуы себеп болса, екінші жағынан біраз жылдар талқыланып, 1958 жылдың ақпан айында қытай тілінің латын транскрипциясы (pinyin) жобасының мақұлданып, оны қытай тілі ғана емес, Қытайдағы барлық халықтар өз жазуында қолдану керек деген саяси шешімдері себеп болғаны анық.

Қытайда тұратын қазақтардың латын жазуына көшу барысы. 1958 жылдың ақпан айында Бүкілқытайлық халық құрылтайында бекітілген қытай тілінің латын транскрипциясы (pinyin) жобасы жер-жерде жүзеге аса бастады. Жобаның басты мақсаты Қытай иероглифтерін латын транскрипциясы арқылы оқыту, иероглифтерді

үйренуге қолайлы жағдай тудыру болатын. Бұл расында да, қытай тілін игеруге жасалған игі қадам еді. Бұл бір-бірін түсінбей, әртүрлі диалектіде сөйлейтін халықты ортақ тілге (putonghua) көшіруге, ортақ тілдік норманы сақтауға және халықты жаппай сауаттандыруға орасан зор ықпал етті. Осы кезеңде Қытайда тұратын өзге халықтардың жазуын қытай тілінің латын транскрипциясы (pinyin) жобасына жақындастыру, тілі бар, жазуы жоқ халықтардың жазуын осы негізде жасау науқаны да басталып кетті.

1959 жылдың 25 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін Үрімжіде ашылған Екінші кезекті өлкелік тіл-жазу жиналысында «Районымызда (өлкемізде) қазір қолданылып отырған араб жазуы негізіндегі ұйғыр, қазақ ұлттарының көне жазуын күшінен қалдырып, оның орнына ханзу (қытай) тілі әліпби жобасы (pinyin) негізінде жасалған латын жазуын қолдану жөніндегі ұсынысты» мақұлдады. Жиналыста сол кездегі Шыңжан өлкесі төрағасының орынбасары Сэйпиден Әзези: «Отанның тұтастығын қорғау, ұлттардың ынтымағын онан әрі күшейту, ұлттардың шаруашылық, мәдениет, оқу-ағарту және ғылым-техника саласын дамыту үшін, барлық ұлттардың өзара жақындасуы, әсіресе жан саны аз ұлттар ханзулардан (қытайлардан) үйренуі ханзу тілінен атау терминдер қабылдап, өз ұлтының тілін дамытуы және байытуы, сонымен бірге аз санды ұлттардың жазу реформасы қытай тілінің дыбыстық әліпбиі жобасы (pinyin) негізінде жүруі тиіс», «Ұйғыр, қазақ жазуларын қытай тілінің дыбыстық әліпбиі жобасы (pinyin) негізінде жасауды қаламау деген ұлттар тілінің ханзу тіліне сүйеніп дамуын қаламау, ханзу тілін шетке қағу, Шыңжандағы аз ұлттардың социализм, коммунизм ұлы нысанасын жүзеге асыруды қаламағандық, халықтар достығы мен Отанның тұтастығын қаламағандық», – деді. Осылайша «ұлттардың тіл мен жазуының өзара жақындасуы, әсіресе ханзу халқының тілі мен жазуына жақындасуы керек» деген берік саяси ұстаным негізінде жазу реформасы тағы басталды.

Аздаған дайындықтан соң «Шыңжан газетінің» 1960 жылғы 2 наурыздағы санында қытай тілінің латын транскрипциясы жобасына негізделген қазақ латын жазуының жобасы жарық көрді. Бұл жазу бастапқыда сынақ ретінде қолданылып, 1964 жылдың 23 қазанында Орталық үкіметтің бұйрығымен ресми бекіді. 1965 жылдың бірінші қаңтарынан бастап атқарылды. Бұйрық мәтіні:

Шыңжан ұйғыр автономиялы райондық (өлкелік) халық үкіметінің бұйрығы

Ұйғыр жаңа жазуының фаңанын (жобасын), Қазақ жаңа жазуының фаңанын (жобасын) Гуо ви юан (Орталық үкімет) 1964 жылдың 23 қазанында бекітті, қазір жариялансын.

*Шыңжан ұйғыр автономиялы районның (өлкесінің) төрағасы Сэйпиден Әзези,
1965 жылдың бірінші қаңтары*

Жаңадан жасалған қазақтың латын әліпбиінде 9 дауысты, 24 дауыссыз дыбыс бар, бұдан басқа 4 қосар әріп, бір буын айыру таңбасы қолданылады делінген. Латын жазуындағы 26 әріп өз реті бойынша тізіліп, қазақ тілінің ерекшелігіне сай F, K, Ə, Ө, Y, E сияқты дыбыс таңбалары әліпби соңына тіркелді.

Латын жазуын Қытайдағы қазақтар 20 жылдай қолданды. Осы әліпбимен дәл қазір ондағы қоғамдық ортада белсенді қызмет атқарып отырған бір ұрпақ тәрбиеленді. Осы әліпбимен миллиондаған тиражбен оқулықтар шықты, мыңдаған көркем әдебиеттер мен көпшілік қауымға арналған басылымдар жарық көрді, ондаған газет-журналдар басылып тұрды.

1970 жылдардың соңы мен 1980 жылдардың басындағы «Мәдениет зор төңкерісінің» қателерін түзету, ұлттар тіл-жазуын қалпына келтіру т.б. ұлттарға берілген саяси еркіндікті пайдаланған Шыңжандағы қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтары 1982 жылы қайтадан жиырма жыл бұрын қолданысын тоқтатқан А.Байтұрсынов әліпбиі негізінде жасалған «төте жазуға» көшіп алды.

1978 жылы латын жазуында жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында: «Қазақ әдеби тілінде 37 дыбыс бар. Бұл дыбыстарды бейнелеу үшін 33 әріп қолданылған; *zh, ch, sh, ng* әріптері тек екі таңбаны қосар қолдану арқылы жасалған, сондықтан оны қосар әріптер деп атаймыз. Қосар әріптер екі дыбыстың таңбасы емес, бір дыбысты бейнелеу үшін қолданылған күрделі таңба. Қазақ жаңа жазуындағы әріптердің баспа түрі, жазбаша нұсқалары бар. Әріптердің бас әріп, жол әріп түрлері бар. Қазақ әліпбиіндегі *V* әрпі халықаралық атауларды жазуда ғана қолданылады, *zh, ch, sh, c, q, f* әріптері қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, тек ханзу (қытай) және басқа ұлттар тілінен ауысқан осы дыбыстары бар сөздерде ғана қолданылады деп белгіленген.

Қытайдағы қазақтардың латын жазуының емлесі. Дауысты дыбыстар сияқты дауыссыз дыбыстардың да қолданылуы бірдей емес. Дауыссыз дыбыстардың көпшілігі барлық буындарда талғаусыз қолданыла береді. Бірқатар белгілі сөздерде, белгілі орындарда ғана қолданылады делінген:

1. З - Z, Қ - Q, К - K, Л - L, М - M, Н - N, Р - R, С - S, Т - T, Ш - X дауыссыз дыбыстарының әріптері барлық буындарда (сөз басында, ортасында, аяғында) жазыла береді. Мысалы: *zang, qazaq, qaqaz, tomen, tanem, layeq, nar, xax, xal, ras, nan, sat, parasat, alpes, jap, serke, aseqes, alar.*

2. Ng(н) әрпі қазақтың байырғы сөздерінде де, өзге тілден ауысқан сөздерде де сөз басында келмейді, тек сөз ортасы мен аяғында ғана келеді: *tang, janga, zang, Huanghe, Huang Jiguang.*

3. Q(ғ), J(ж) әріптері қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек *muktaj, laj* сияқты сөздерде ғана сөз аяғында келеді.

4. Q, c, zh, ch, sh әріптері қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, қытай тілінен және басқа ұлт тілдерінен ауысқан сөздерде ғана қолданылады: *Qinghay, Daqing, zhuxi, Changjiang, shuji, Fransiya.*

5. V(в) әрпі тек шет тілінен енген сөздерде ғана жазылады: *vitamin, Sovet, Pavlov, vagon, volt.*

6. F(ф), h(х) әріптері қытай тілінен және басқа тілдерден енген сөздерде және ертеректе араб, парсы тілдерінен еніп, осылай қалыптасып қалған кейбір сөздер мен адам аттарында ғана жазылады: *fapiaw, Fujian, telefon, fabrika, bianzhengfa, filosofiya, qafuw et, Qafuwr a, Fəriyza, Hebey, Huayhe, tehnika, arhitektura, krahmal, hat, han, habar, haleq, tareyh, Hameyt, Ahmet, heykimet, ahbarat.*

7. **B, v, g, d (б, в, г, д)** дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек шет тілінен енген сөз аяғында келетін бұл дыбыстарға қатаңнан басталған қосымша жалғана береді. Мысалы: *Arabtar, klubқа, Lermontovtan, pedagogtar, Leningrad, dialogteng*.

Буын айыру белгісі және тасымал мәселесі жайында. Сөзді дұрыс жазу үшін буынға бөлудің маңызы зор. Жазу барысында үнемі сөздер бір жолға тұтас сыя бермейді. Жолдың аяғына сыймай қалған сөздің қалған бөлігін келесі жолға шығару керек болады. Мұны тасымал дейді. Тасымалданатын орынға тасымал белгісі (-) қойылады. Әдетте мұндай жағдайда сөздің жол аяғына сыймаған бөлігін қалай болса солай тәртіпсіз тасымалдауға болмайды, тек сыймаған буындарды ғана тасымалдайды. Сөзді тасымалдауда қате жібермеу үшін, әуелі сөзді буынға бөліп алу керек.

Байырғы сөздерде екі дауысты дыбыстың арасында бір дауыссыз келсе, дауыссыз дыбыс соңғы буынға тән болады: *ә-ке, ба-ла, і-ні-сі, ха-га-ла-ға, ө-зі, кө-зім*.

Екі дауысты дыбыстың арасында екі дауыссыз дыбыс келсе, алдыңғы дауыссыз алдыңғы буынға, соңғы дауыссыз соңғы буынға тән болады: *ат-қа, жол-да, ал-ға, ар-теқ*.

Екі дауысты дабыстың арасында үш дауыссыз дыбыс келсе, алдыңғы екі дауыссыз алдыңғы буынға, соңғы бір дауыссыз дыбыс соңғы буынға тән болады: *арт-қа, төрт-тен, қарт-тар, dangқ-та*. Қазақ тілінде екі дауыстының арасында төрт дауыссыз дыбыс қатар келмейді.

Сөздерді жоғарыдағы заңдылықтар бойынша буын жігімен тасымалдаймыз. Мысалы: *ke-re-ge (ker-ege емес), қе-реқ (қер-еқ емес), аyt-қан (ay-тқан емес), аyt-тар (ayt-ar емес), ku-xi (kux-i емес)*.

Жалаң ашық буынды жалғыз әріпті жол аяғында қалдырып кетуге де, жол басына қоюға да болмайды. Мысалы: *әке (ә-ке емес), әrip-ter (ә-rip-ter емес), ара-се (a-rase емес), ile (i-le емес)*.

Түбір сөзге қосымша жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбысы дауыссыз болса, соңғы дауыссыз дыбыс дауыстыдан басталған қосымшамен бірігіп кетеді. Мысалы: *at+e – a-te, bar+em – ba-rem, art+e – ar-te, tang+e – ta-nge, kes+e – ke-se, sixiang-e – sixia-nge*.

Бір буынның соңғы дыбысының екінші буынға ауысып, буындардың бастапқы сапасының өзгеруін буын жылысуы деп атайды.

Кейбір сөздердің жазбаша тұрпатында буын жігі айқын болмаса, қате ұғым береді. Мысалы: *шешенге* дегенді (*ng*) графемасының әртүрлі дыбыстық мазмұнына байланысты *анаңа* деп те, *шешен адамға* деп те ұғуға болады. Осындай шатастықтан сақтану үшін қытай қазақтары латын графикалы жазуында буын айыру белгісі (‘) қолданылады. Буын шатастығы мынадай жағдайларда кездеседі:

1) түбір сөздің соңғы дыбысы *n* болып, соған *g*-ден басталған қосымша жалғанғанда *ng* (*ң*) дыбысымен шатасады: *jawen ’ger, xexen ’ge, yen ’ge, kun ’gi*;

2) түбір сөздің соңғы дыбысы *s, z* дыбыстарының бірі болып, оған *h*-дан басталған қосымша жалғанғанда *sh, zh* дыбыстарымен шатасады: *is ’hana, muz ’hana, Neyaz ’han*;

3) қытай тілінен ауысқан сөздерде *a, o, e* дыбыстарынан басталған буындарды алдындағы буындардан айыру үшін буын айыру белгісі қолданылады: *Yan ’an, xing ’er shangxue, «Hay ’ow»(marka)*.

Буын айыру белгісі қойылған орындардан бөлініп тасымалданатын сөздерде буын айыру белгісі мен тасымал қатар қолданылмайды, тасымалдың өзі ғана жеткілікті: *jawen'ger* емес, *jawen-ger*.

Қорыта келгенде, Қытайда тұратын қазақтар 20 жылға жуық қолданған латын жазуы біршама кемелді ғылыми жазу болып, өз кезінде сонда тұратын қазақтардың сауат ашып, білім алуына, ағарту жұмыстарын жүргізуіне үлкен ықпал етті, дәл қазір атқа мініп отырған бір ұрпақ сол жазумен оқыды, баспалардан сан мыңдаған тиражбен оқулық, көркем әдебиет пен газет-журналдар жарық көрді. Әрине, сол тұстағы солақай саясат кесірінен қытайша жер-су, адам аттары мен саяси атауларды дәл жазу үшін қазақ тіліне жат, қытай латын жазуында кездесетін *zh*, *ch*, *sh* қосар әріптері де әліпби қатарына қабылданып кеткені байқалады.

Латын әліпбиі – дүниежүзі қазақтарының ортақ жазуы болуға тиіс. Қазақ елінде біртұтас әрі кемелденген ұлттардың қатарына өту үшін қажет алғышарттардың бірі ретінде әлем қазақтарының ортақ тілі мен жазуы, соған лайық ұлттық идеясын қалыптастыру мәселесі қазіргі таңда өзекті сипат алып отыр.

Осыған байланысты бұрынғыдай емес, Қазақстандағы 17 миллионға таяу халық үшін (оның ішінде – 9 миллиондай қазақ) қазақ тілінің мемлекеттік тіл екенін шынайы сезініп, Қазақстаннан тыс дүниедегі 40-қа жуық елде 5 миллиондай қазақ ұлтының өкілдері бар екенін, онда да қазақ тілінің тиісінше өз қызметін атқарып жатқанын ұмытпаған жөн. Яғни қазақ тілі мен жазуы Қазақстан халқының ғана емес, сонымен бірге әлемдегі барша қазақ ұлтының ауызбіршілігін сақтайтын ұлттық идеологиямыздың қазығы екенін түсінетін кез жетті.

Олай болса, ақпарат заманы келіп, ғылым-техника, ілім, мәдениет жоғары қарқынмен дамып, адамзат ақыл-ойы мен білімі күн сайын толығып, жаңаланып отырған бүгінгі таңда қазақ халқы – біздің тіліміз қандай күйде? Қандай жазуды қолданып отырмыз? Жазу, әліпбиіміз қоғам дамуының қажетінен шыға ала ма? Тіліміздің табиғатына сай келе ме? Ең қарапайымы басқа халықтар сияқты дүниежүзіндегі жалпы қазақ ұлтына ортақ жазу мен әліпби, ортақ тілдік норма бар ма? Тіліміз ұлттық идеяға қаншалық қызмет етіп жатыр? Ол үшін не істеп жатырмыз? Міне, осы мәселелер бізді қатты ойландыруы қажет. Өткен ғасырдың басында қазақтың тұңғыш тіл ғалымы әрі рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: «Әр ұлтқа төрт нәрсе керек. Олар: тіл, діл, дін және жазу. Осылары болса ғана әр халық өзінше халық. Егер бұлардан айырылса, ол ел халық болудан қалады. Тілі жоғалған халықтың, өзі де жоғалады», – деген еді [97]. Әлемдік тәжірибеге қарағанда да бірлікке келген кемелді тілі, жазу мен әліпбиі бар халық өркениетке қарай бет алса, тіл мен жазуы қолданыстан шығып қалған, бірлікке келген кемелді тілі мен жазуы, әліпбиі жоқ халық бет-бетімен ыдырап, жоқ болуда.

Егемендік алғалы Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, бірте-бірте өзінің табиғи түрде болуға тиісті деңгейіне қарай жақындап келеді. Бұл жалпы қазақ ұлты үшін зор жетістік. Жетіспей жатқан тұстары, әрине, көп, заңда мемлекеттік тіл деп көрсетілгенмен, іс жүзінде ондай дәрежеде емес. Шындығын айту керек, қазақ тілінің мемлекеттік тіл деңгейінде шын мәніндегі қолданысы үшін жасалып жатқан шаралардың қарқыны өте баяу. Мұның өзі Қазақстандағы ғана емес, жалпы шетелдердегі қазақтардың да алаңдаушылығын туғызып отыр. Себебі, ана тіліміздің

бүгіні мен ертеңі өздерінің тағдыры мен болашағына қатысты зор іс екенін жақсы сезінеді.

Дүниежүзі қазақтарына ортақ латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби болуы керек деген мәселеге көшпес бұрын шетелде тұратын қазақтардың тілі туралы мәселені тереңірек, жан-жақты зерттеп алған жөн.

Қазақ тілінің тағдыры – қазақ халқының тағдырымен сабақтас. Қазақ халқының негізгі орналасқан мекен-жұртынан сыртқа бөлініп қалған не шығып кеткен мезгілі, негізінен, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі жаугершілік заманнан басталды және бұл үрдіс Кеңес Одағы тұсында жалғасты. Тәркілеу, колхоздастыру, аштық, қуғын-сүргін т.б. қолдан жасалынған құйтырқы саясат кесірінен сол кезде ата-жұртынан қол үзген қазақтар жалпы шетте жүрген қазақтың үштен бірін құрады. Кеңес Одағы ыдыраған тұста 3 млн-дай қазақ ұлты шегараның сыртында қалды. Сол себепті бүгінде қазақ ұлтының жалпы саны 13 миллионнан асқанымен, үш қазақтың бірі, яғни 5 миллионға жуық қазақ ұлтының өкілдері шетелде өмір сүріп жатыр. Осыған байланысты қазақ тілі де Қазақстаннан тыс өзге елдерге таралып, әр елде өз деңгейінде қолданылып отыр.

Қазір алыс шетелде тұратын қазақтардың арасында Қытай Халық Республикасы мен Моңғолияда тұратын қандастарымыз өз ана тілін жақсы сақтаған. Онда қазақ тілі белгілі деңгейде күнделікті өмірден бастап, әр салада белгілі дәрежеде қолданылып отыр. Бұл елдегі қазақтардың көбі ана тілін жақсы біледі. Радио-теледидары, білім беру жүйесі қалыптасқан. Мәселен, Қытайда тұратын миллион үш жүз мыңдай қазақта аудандық газет-журналдарды қоспағанда, жалпы таралатын 10 шақты газет, 20-дай журнал бар. Баспадан жылына сан мың тиражбен ондаған, жүздеген әртүрлі оқулықтар мен көркем әдеби, ғылым-техника, т.б. салаларға арналған кітаптар жарық көреді. Қазақ тілінде хабар тарататын 7 радиостансы жұмыс істесе, оның ішінде Шынжан халық радиостансысы күніне 9 сағат қазақ тілінде сөйлейді. Қазақ тіліндегі арнаулы екі телеарна күніне 10 сағаттан астам бағдарлама береді. Облыс, аймақтардың да жеке өз алдына қазақ тілінде радиосы мен телехабары бар. 7 баспадан қазақ тілінде кітаптар шықса, 4-5 жоғары оқу орнында қазақ филологиясы кәсібінен мамандар даярланады. Бұл жерде түркітану әсіресе қазақ филологиясы мамандығы бойынша жүздеген маман тәрбиелеген және тәрбиелеп отырған Қытай астанасы Бейжің қаласындағы Орталық ұлттар университеті Қазақ тіл-әдебиеті факультетінің орны ерекше екенін айтып өтуіміз қажет. Сол себепті онда қазақ тілінің сақталуы біршама тәуір. Қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінетін ұрпақ қалыптасқан. Әрине, жетпей жатқан тұстары да жетерлік, айталық, таза қазақ тілінде сабақ беретін мектептердің жабылуы немесе санының азаюы, басқа тілден аударылатын аударманың дұрыс болмауынан тілдің шұбарланып, өз табиғатынан ауытқуы, атау-термин қолдану т.б. жақтарда түрлі кемшіліктер сақталынып отырғаны да шындық.

Моңғолиядағы қандастарымыздың да ана тілі таза сақталған. Қазір онда отырған 100 мыңдай қазақтар үшін «Баян өлгий баспасы» қазақ тілінде кітаптар шығарып тұрады. 30-ға жуық қазақ мектептері жұмыс істейді, ғылыми орталығы «Шұғыла» атты журналы, «Жаңа өмір» және «Ғылым» атты газеттер шығып тұрады. Қазақ тілінде радио-теледидары бар. Ол жерлерде ұлтжанды зиялы қауым қызмет істейді. Мұның бәрі де ол елдегі қазақтардың өз болмысын сақтауға игі ықпалын тигізіп отыр.

Ал Қытай мен Моңғолиядан тыс алыс шетелдердегі қазақтардың тіліне келсек, ондағы жағдай қиын. Санакқа қарағанда, ондағы елдерде (Түркия, Ауғанстан, Иран, АҚШ, Германия, Франция, Пәкістан т.б.) 140 мыңдай қандастарымыз тұрады. Осылардың ішінде Түркияда ғана түрік-латын әліпбиімен бірлі-жарым қазақша кітаптар жарық көргені болмаса, өзгелерінде ондай мүмкіндік болмады. Себебі ол елдерде қазақтар шоғырлы қоныстанбаған, жан саны аз. Арнайы қазақ мектептер жоқ, қазақ тілін тек ана тілі ретінде отбасындағы қарым-қатынаста, тұрмыстық деңгейде ғана қолдану мүмкіндігі бар. Ондағылар қазақ мектептерінен білім алып, қазақ басылымдарын үнемі көре алмағандықтан, үлкендері болмаса, жастары өз ана тілін ұмытып барады. Егер, енді бір ұрпақ алмасса және жағдай осы күйі кете берсе, ол елдердегі қазақтарда қазақ тілі – ана тілі ретінде сақталынбай қалуы мүмкін. Десе де, алдағы күндерде түрлі шаралар қолданып, оның алдын алуға болар деген сенім бар.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, бұрын бір елдің ықпалында болған қазақ халқының үлкен бір тобы қазір шетелде тұрып жатыр. Кейбір мәліметтер бойынша, олардың жалпы саны 2,5-3 миллионға жуық, яғни, Өзбекстанда 1,5-2 миллион, Ресейде 1 млн, Түркіменстанда 100 мың, Қырғызстанда 45 мың, өзгелерінде жалпы саны 50 мыңға жуық. Өзге елдермен салыстырғанда Өзбекстанда қазақ мектептері бар. Бірақ қазіргі таңда ондағы қазақ мектептерінің саны азаю үстінде. Осы елдердің кей баспаларынан қазақ тілінде кітаптар шығады, бірді-екілі газет-журнал жарық көреді. Бірақ 2 млн-ға жуық қазақтар үшін бұл аздық етеді. Өйткені қазақ тіліне деген сұраныс болмағандықтан, ондағы жағдай қиындай түсуде. Түркіменстандағы жағдай да соған жақын. Қазақ мектептерінің саны аз, қазақ тілінде басылымдар жоқ. Басқа Қырғызстан, Тәжікстан, Украина т.б. жақын шетелдерде қазақтардың жан саны аз болғандықтан, оларда ондай мүмкіндіктер әзірше жоқ.

Ал енді ең үлкен көршіміз Ресейге келсек, онда 1 миллиондай қазақ тұрады. Оның үстіне олар Қазақстанға көрші үш облысқа шоғырлана қоныстанған. Осылай бола тұра, қазақ мектептері мен басылымдарының болмауына адамның іші ашиды. Кейбір ұлтым деген ер-азаматтар онда бірді-екілі басылым әзірлегенімен, ондағы қазақтардың өз ана тілін білмеуі салдарынан таралмай жататын сияқты. Салыстыра қарағанда, 1 миллиондай Ресейдегі қазақтардың ана тілінің жағдайы ең төмен дәрежеде және мүшкіл халде деуге болады. Яғни, қазақ тіл-жазуының бүгінгі жағдайы әлі де қиын күйінде қалып отыр.

Біріншіден, қолданып отырған жазу-графикасы бірдей емес. Біреуі кириллица, бірі араб жазуын, тағы біреуі латын жазуын қолданады. Әріптердің саны да әртүрлі. Бірінде 42, бірінде 33, тағы бірінде және басқаша. Ахмет Байтұрсынұлы «қазақ сөзін жазу үшін 28 әріп жетеді» деп осы негізде кезінде қазақтың ортақ әліпбиінің негізін салумен бірге, фонология теориясындағы айырым белгі әдісін қолдану арқылы қазақ тілі дыбыс жүйесін тұңғыш рет 9 дауысты, 19 дауыссыз деп анықтап берген болатын. Ал қазір ең болмағанда қолдануға тиісті тіл дыбыстарының орны ғылыми жағынан дұрыс анықталып, оған лайықты әріп тұрақтанып, бір ғана жазу үлгісімен әліпбиді қолданып отырған жоқ. Әлемдегі қазақтар бас-басына әртүрлі жазу мен әліпби қолданып отыр.

Екіншіден, ауызекі тілдегі айырмашылықты айтпағанда, қазақ тілінде шетелде жарық көрген көркем әдебиет пен академиялық сөздіктерді Қазақстанда қолданып

отырған әдеби тілдің жазылу нормасымен салыстырып көргенімізде, қазақтың төл сөзінің жазуында да сәйкес келе бермейтін тұстары көп екен. Яғни орфографиялық ереже бірдей емес.

Үшіншіден, қазақ тілінде жасалып, қолданылып отырған атау-терминдерде бірізділік жоқ. Әркім өз бетімен термин жасауда. Сөйтіп өзге халықтар ортақ ұлттық тіл, ортақ тілдік норманы қалыптастыра алмай, соған күш салып отырғанда, қазақ ұлты – диалектсіз біртұтас қазақ тілінен жаңа дәуірде қолдан «диалект» жасау үстінде. Мысалы: нарықтық экономика – базар экономикасы, білім беру заңы – оқу-ағарту заңы, салық заңы – бажы заңы, ұялы телефон – қолтелефон, банкроттық заң – күйреу заңы т.б. Яғни, жазу әліпбиіміз әртүрлі, атау-терминдер де әрқилы, оның үстіне тіліміз Қазақстанда болсын, басқа шетелдерде болсын, нормативтік қызметін толық атқара алмай отыр.

Тіл ғылымында дыбыстық тіл екі салаға бөлініп қарастырылады. Оның бірі – тілдің материалдық жағы да, екіншісі – оның функциясы, яғни қызметі. Тілдің бұл екі саласы өзара тығыз байланысты. Қандайда бір тіл ең алдымен өзінің қарым-қатынас құралымдық қызметін дұрыс атқаруы үшін оны қолданушы ұлттың өкілдері тілдік материалдарды, яғни сөздерді, таңбаларды, әріптерді, дыбыстар мен грамматикалық формаларды бірыңғай қолдануы керек. Олай болмағанда, тілдік түсінісу болмайды. Ал түсінісу болмаған жерде, тіл өзінің негізгі қызметінен айырылады. Сол үшін кемелденген тілдерде бүкіл тілдік ұжым мүшелеріне бірдей, барлығы да білетін, барлығы қабылдаған тілдік заң-ереже, яғни баршаға ортақ, қалыптасқан тілдік дәстүр, тілдік норма болады. Әлемдегі барша қазаққа ортақ осындай норма қазақ тілінде бар ма? Бар болғанымен, әлсіз. Мәселен, басқасын айтпағанда, Қазақстанда, Қытайда, Моңғолияда, Түркияда тұратын бір әулеттен тараған етжақын туысқан адамдар өзара жазысқан хаттарын оқи алмай (олар жеке-жеке кириллица-орыс, араб-төте жазу және латын-түрік графикасында жазады), өзі тұрған ауыл-аймақтан сол жазуға сауатты бір жан таппай, айлап, тіпті жылдап зарыққанына мен өзім куәмін. Көпшілік те бұл жағдайды жақсы білсе керек. Бүгінгі күні қарапайым халықты қойып, әр елдегі ұлты қазақ зиялы қауымның өзі осындай күйді бастан кешіп отыр. Яғни қазақ тілі мен жазуы өзінің жай ғана қарым-қатынастық қызметін толық атқарып отырған жоқ. Ақпарат заманы туып, өркениетті қоғамда өмір сүріп отырған қазақ халқының тіл-жазу саласының осындай мүшкіл халде болуы мүлде ақылға сыймайды.

Шетелдегі қазақтардың ана тілін, мәдениетін сақтауы мәселесінде бүгінгі күн тұрғысынан да, ұзақ болашақ тұрғысынан да тереңірек қарау керек. Ол үшін ең бастысы, ортақ қолданатын әліпби мәселесін тездетіп шешіп алу қажет. Осылай істелгенде ғана қазақ тілі мен жазуының ұлт үшін атқарар қызметін толық сәулендіріп, ұлттық болмысымызды сақтап, мәдениетімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, бір-бірімізбен жалғастырып тұратын ұлттық идея тұтастығына қол жеткізуге болады.

Жалпы қазақ ұлтына қандай жазуға көшу тиімді? – дегенде, латын әліпбиі деуге болады. Академик Ә.Қайдардың бастауымен айтылған латынға көшу идеясы көпшіліктің көкейіне қонатындай. Латын әліпбиіне көшу туралы 1993 жылы желтоқсан айында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлына жазған хатында академик Ә.Қайдар: «Құрметті Президент мырза! «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде тоқ етерін айтсақ, басқа халықтар сияқты, қазақтарда латын әліппесі негізінде өзінің

ұлттық жазуын қалыптастыруға тиіс», – дейді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы 1997 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Студенттер сарайының ашылу салтанатында өзінің бұл мәселе жөніндегі байламын айта келіп: «Адам ғұмыр бойы оқуға тиіс. Жаппай компьютерлендіру латын әліппесіне көшу міндетін алға қойып отыр», – деген болатын. Сол сөзінде тұрған елбасы ақыры 1991 жылы басталған латынға көшу әңгімесіне нүкте қойды, яғни 2025 жылға дейін Қазақстан толықтай латын жазуына көшетін болды.

Әрине, латын әліпбиіне көшу дүрмекке ілесіп біреуге еліктеу емес немесе жазу өзгерту – тіл өзгерту де емес, керісінше, заман талабына, тіліміздің табиғатына сай әліпбиімізді кемелдендіру және сонымен бірге әлемдік жазу-таңба бірлігіне бейімделу деген сөз. Жер жүзіндегі басым көп санды халықтардың негізгі мақсаты – мемлекеттік және ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, мүмкін болған жағдайда экономика, ғылым-техника, мәдениет т.б. жақтардан әлемдік өркениеттен дараланбау, қол үзбеу, сәйкестік тауып, бірге даму болып отыр. Латын графикасы бұрынғыдай діннің таралуы немесе күшпен жаулап алу жолымен емес, өз абзалдығы мен бүгіндері әлемдік маңызы бар жазу таңбасына айналды. Дүниедегі тілдердің көбі латын графикасына негізделген және өз тілдеріне бейім әліпбилер қолданады. Қазірге дейінгі қалыптасқан математика, физика, химия, экономика т.б. пәндермен ғылым-техника, мәдениет, өнер т.б. қоғамның әр саласындағы адамзатқа ортақ ұғымдар мен құндылықтардың көбісі осы латын жазулы символдармен таңбаланған. Демек сіз басқа қандай бір графикалық жазу қолданғаныңызбен, бәрібір латын графикасынан қол үзе алмайсыз, оны және қолдануға тура келеді. Сол себепті латынға тездетіп көшу керек. Есте болатыны, латынға көшкенде де бұрынғыдай өзгеден көшіре салу жолымен емес, ғылыми жолмен қазақ тілінің табиғатына сай дүниежүзі қазақтарына ортақ біртұтас әліпби жасап алып, бірге көшуге күш салуға тиіспіз. Шетелдегі қазақтардың жазу тарихы мен қазіргі мүмкіндігіне қарағанда олардың да ата жұрттағы елмен бірге латынға көшуіне негіздері бар. Мәселен, Қытайда 1965 – 1982 жылдарда латын жазуын қолданды. Ондағылар ол жазуды ұмыта қойған жоқ, ал Өзбекстан, Түркіменстан елдерінің мемлекеттік тілдері латын жазуына көшіп алған. Бұл ондағы тұратын қандастарымыздың латын жазуын пайдалануына толық мүмкіндік береді. Басқа алыс шетелде тұратын қандастарымыздың көбісі латын жазуын қолданатын елде тұрғандықтан, олар оны бір кісідей біледі. Басқалары да Қазақстанда қалай болса, солай бейімделетіндігі табиғи. Қысқасы, латын графикасына көшу туралы мәселе алға қойылып отырған осы кезде мүмкіндікті қолдан бермей, мәселені мемлекеттік қана емес, халықаралық деңгейде ойлап, жалпы ұлттық мүдде тұрғысынан қарап, ғылыми негізде дұрыс шешуге тиіспіз.

Егерде дүниежүзі қазақтарының әліпби жүйесі мен атау терминдері бірлікке келетін болса, онда туысқандар арасында хат алысу мәселесі ғана шешіліп қоймай, ең бастысы, жалпы қазақ тілінде әр елде жарық көретін ғылыми-техникалық, әдеби, мәдени, тағы басқа басылымдарды ешқандай бөгетсіз көріп пайдалануға жол ашылады. Бүгінгідей бір-бірінен шыққан еңбектерді бір жазудан екінші бір жазуға қайта көшіріп басып, тіпті «қазақ тілінен қазақ тіліне» аударма жасап әуреленбейді. Сонымен бірге тіл жазудағы ортақтықтар Қазақстан Республикасы мен қазақтар көп шоғырланған өзге мемлекеттер арасындағы мәдени, ғылыми-техникалық, экономикалық т.б.

байланыстардың дамуына да игі ықпал етер еді. Әсіресе, бұл дүниежүзінде қазақ тілінің әдеби тілдік нормасын сақтауға, нормативтік қызметін арттыруға, мәдени тілдік бірлігімізді сақтауға кепіл болар еді. Егер олай болмаса, тіл мәселесі күрделеніп, уақыт өте келе әлемдегі қазақтар қазақ тілінде бір-бірімен қалыпты қарым-қатынас жасаудан қалады. Мұның соңы неге апаратындығы бізге белгілі. Сондықтан тағдыр тәлкегімен дүниенің төрт бұрышына бөлініп кеткен қазақтардың ең алдымен жазуын бірлікке келтіру мәселесін Біріккен Ұлттар Ұйымының бір мүшесі болған егеменді Қазақ мемлекеті өзінің басты бір жұмысы ретінде тездетіп қолға алып, ұйтқы болуы тиіс. Біртұтас ұлттық идеяны қалыптастыратын қазақ халқының өзі. Оның тілі мен жазуы.

Қазір заман – ақпарат заманы, басқасын айтпағанда дүниежүзіндегі жалпы қазақ халқына қажетті ақпарат тікелей қазақ тілі арқылы ғана жетеді. Қазақ тілі өзінің осы қызметін толықтай өтей алмай отыр. Әлемдік ақпарат жүйесіне кіргенді қойып, бұл жағынан Қазақстан мемлекеті ішінде де, жалпы қазақ халқы ішінде де ешқандай да талапқа сай емес. Сондықтан да қазақ халқының тіл-жазу мәселесі Қазақстан көлемінде ғана емес әлемдік деңгейде дұрыс шешімін табуы қажет. Және оған Қазақстан Республикасы ұйтқы болуы тиіс. Жалпы қазақ ұлтында біртұтас тілдік дәстүр мен әдеби норманы қалыптастырып, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, дамытып, реттер, оған сындарлы сипат беретін – алдымен сол тілдің негізгі иесі. Ол – Қазақстан, негізі қазақ ұлтының өзі. Тіл мен жазудың бірлігі – ұлт бірлігі. Ұлттық тіл мен жазу біртұтас ұлттық идеяның ең басты негізіне айналғанда ғана көптеген мәселелер өз шешімін табады.

Сол үшін нақтылы мынадай іс-шаралар атқарылу керек:

- бірінші, латын графикасына негізделген және қазақ тілінің табиғатына сай жасалған, бүгінгі заманның талабынан шығатын дүниежүзі қазақтарына ортақ әліпби қолдану;

- екінші, қазақ әдеби тілінде бір ғана орфографиялық ережені пайдалану;

- үшінші, қазақ тіліндегі атау-терминдерді бірізге түсіру;

- төртінші, тілдік норманы сақтап, қазақ тілінің тазалығын, тұтастығын, бірлігін қорғау;

- бесінші, қазақ тілі дыбыстарының халықаралық транскрипциясын жасау, интернеттік жүйені пайдаланып, қазіргі заман ақпарат жүйесіне кіру, ортақ телеграмма шифрын белгілеу;

- алтыншы, қазақ радиосы мен теледидарын шетелдегі, әсіресе, ана тілі ұмытылып бара жатқан елдердегі қазақтардың толық көруіне мүмкіндік жасау;

- жетінші, қазақ тіліндегі басылымдарға қай жерде, қай елде болса да еркін жазылып пайдалануға қол жеткізу;

- сегізінші, мүмкіндік болса, болашақта әліпби оқулығын дүниежүзі бойынша бір ғана өлшеммен басып шығарып, таратып оқыту;

- тоғызыншы, ана тіліміз құруға бет алған Ресей сияқты елдерде қазақ тілінде оқытатын мектептерін ашуға ықпал ету, көмектесу, оларға кадр жағынан, оқулық жағынан қол ұшын беру;

- оныншы, Тіл білімі институты сияқты ғылыми-зерттеу орындарының қасынан орталық ашып, оған шетелден келген білікті мамандарды жұмысқа тартып, зерттеу

жұмысын жүргізу. Сол арқылы алдағы істелер жұмыстардың ғылыми негізін жасау. Қазақ тілінің шетелдердегі сақталып отырған тілдік қорын, мұраларымызды толық пайдалану;

- он бірінші, «Ана тілі» атты халықаралық ғылыми басылым, яғни журнал шығару, осы арқылы ана тіліміздің әр елдегі қолданысын бақылап, реттеп, қазақ тілінің бірлігін, тұтастығын қамтамасыз етуге ықпал ету;

- он екінші, шетелде тұратын қазақтардың тілін зерттеу, олардың ана тілін сақтап қалуына көмектесу үшін арнайы мемлекеттік бағдарлама жасау. Осылар арқылы ана тіліміздің шегараға бола өз арнасынан адасып, ауытқуының алдын алу қажет.

Қытайдағы қазақтардың қолданысындағы латын әліпбиі (халықаралық терминдерді таңбалау материалдары бойынша)

Қытай қазақтары жазу тарихында 20 жылдай уақыт латын әліпбиін қолданғаны белгілі. Қ.Ғабитханұлының келтірген деректеріне сүйенсек, «1955–1956 жылдары аз санды ұлттар тіл-жазуын біртұтас қайта тексеру кезінде «араб жазуы негізінде жасалған қазақ әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін дұрыс бейнелеп бере алмайды» деген қорытынды жасалып, оны славян немесе латын жазуына көшіру туралы қаулы шығарылды. Нәтижесінде 1959 жылы қытай тілінің дыбыстық жазу жобасы (*pin yin*) негізінде қазақтың латын әліпбиі жасалды. Қытайдағы қазақтар «жаңа жазу» деп атаған бұл жазу бастапқыда сынақ ретінде қолданылып, 1965 жылы Орталық үкіметінің бұйрығымен ресми түрде жарияланды» [98, 111-б.], 1965–1983 жылдар аралығында латын қарпіне негізделген жазу түрін пайдаланған екен (қараңыз: Қосымша Ә.). Ондағы қолданған әліпби төмендегідей сипатта:

Қытай қазақтары қолданған латын қарпіне негізделген әліпбиі

<i>Қытай қазақтарының латын әліпбиі</i>	<i>Қазақстандағы кирил әліпбиі</i>	<i>Қытай қазақтарының латын әліпбиі</i>	<i>Қазақстандағы кирил әліпбиі</i>
A a	А а	R r	Р р
B b	Б б	S s	С с
C c	Ц ц	T t	Т т
D d	Д д	U u	Ұ ұ
E e	Ы ы	V v	В в
F f	Ф ф	W w	У у
G g	Г г	X x	Ш ш
H h	Х х	Y y	Й й
I i	І і	Z z	З з
J j	Ж ж	Q q	Ғ ғ
K k	К к	Ң	Һ һ
L l	Л л	Қ қ	Қ қ
M m	М м	Ә ә	Ә ә
N n	Н н	Ө ө	Ө ө
O o	О о	Ү ү	Ү ү
P p	П п	Ё ё	Е е
Q q	Ч ч	NG ng	Ң ң

Кестеден байқап отырғандай, әліпби 33 әріптен тұрады. Қазақ әріптерін беруде (шартты түрде, негізінен, *ц, ф, х, в* секілді өзге тілдің фонемалары да енгізілген)

латын әріптерінің 26-сын да пайдаланып, оларға қосымша Ц-ғ, ҫ-ң, қ-қ, ә-ә, ө-ө, ү-ү, ê-е әріптерін енгізген. «Н» дыбысын қосар әріппен берген. Бұлардан өзге қытай тіліндегі сөздерді таңбалау үшін *zh, sh, ch* сияқты 3 қосар дыбысты да әліпби құрамына кіргізген. Орыс сөздері арқылы біздің әліпбиімізге енгізілген И, Ё, Щ, Э, Ю, Я, Ъ, Ы әріптері бұл әліпбиде кездеспейді. Қытай немесе өзге жат жұрттардың сөздерін дұрыс таңбалау үшін *ц, ф, х, в* таңбалары әдейі енгізілгенін аңғаруға болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір дәйекті келтіреміз: «Жаңадан жасалған латын әліпбиінде қазақ тілінің 9 дауысты дыбысы, 24 дауыссыз дыбысы бар делінді. Бұдан басқа Қытай тіліндегі атауларды дұрыс транскрипциялап жазу үшін *zh, sh, ch* сияқты 3 қосар дыбысты да әліпби құрамына кіргізді. Латын әліпбиіндегі 26 әріп өз реті бойынша енді де, қазақ тілінің ерекшелігіне тән *e (ы), ng (ң), қ, ә, ө, ê (е)* сияқты дыбыс таңбалары әліпбидің соңына тіркелді» [98, 111-б.]. Қ.Ғабитханұлы бұл жердегі қазақ тілінің ерекшелігіне тән деп көрсеткен *ы, е* фонемалары өзге тілдерде де кездеседі. Сол себепті бұл екі фонеманы тек қана қазақ тілінің ерекшелігіне тән деп көрсету жаңсақ пікір деп ойлаймыз.

Кемшін тұстары: Өткен ғасырдың басында қолданылған А.Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 дыбыс (дауысты дыбыстар: /a/, /o/, /ʏ/, /ы/, /e/ және ә, ө, ү, і. Дауыссыз дыбыстар: /б/, /п/, /т/, /ж/, /ш/, /д/, /р/, /з/, /с/, /ғ/, /к/, /к/, /г/, /ң/, /л/, /м/, /н/. Жарты дауысты: шолақ /у/, /й/) көрсетілген. Қазіргі әліпбидегі /в/, /ё/, /и/, /ф/, /х/, /һ/, /ч/, /ш/, /ц/, /ь/, /ъ/, /э/, /ю/, /я/ өзге тілдерден (орыс немесе араб тілдері арқылы) енген таңбалар «А.Байтұрсынұлы әліпбиінде» жоқ. Біздің шамалауымызша, қазақ әліпбиін реформалауда жоғарыда көрсетілген орыс немесе араб тілдері арқылы енген таңбаларды қоспасак, дұрыс болар еді. Бұл әріптерді таза қазақ тіліне сәйкес дыбыстар арқылы немесе қосар дыбыстар арқылы таңбалауға болады. Ол жайында Ә.Жүнісбек пен Н.Уәлидің «А.Байтұрсынұлының дәйекшесі негізіндегі Интернет әліпбиі» атты еңбегінде былай делінген: «Латын әліпбиінің ішінде бірлі-жарым пайдаланылмай қалған таңбалар бар. Соларды қоса (қоштама) белгі* ретінде пайдалануға болады. Мысалы, **h, c** таңбалары бос. Олай болса, қазақ-латын әріптеріне **h, c** таңбаларын қосақтап **kh** деп **х** дыбысын белгілеуге болады: оның мәні **h** таңбасында алдындағы **к** дыбысын жуысыңқы етіп **х** деп айту керек деген сөз. Осы ретпен: **ph** тіркесін **ф, bh** тіркесін **в** деп, **tc** тіркесін **ц** деп, **jc** тіркесін **ч** деп, **sh** тіркесін **щ** деп оқып кете беруге болады. Мұның әдістемелік тұрғыдан ұтымды екі жағы бар. Бірінші, **б** дыбысы өзіне ұқсас **в** дыбысына, **р** дыбысы өзіне ұқсас **ф** дыбысына; **к** дыбысы өзіне ұқсас **х** дыбысына; **т** дыбысы өзіне ұқсас **ц** дыбысына; **ш** дыбысы өзіне ұқсас **щ** дыбысына ауыса салады. Екінші тіркестің бірінші сыңарының таңбасы мен жазылуы алдын ала таныс, ендеше тек қана **h, c** дыбысын жаттап, жазылуын қосымша меңгеру керек болады.

Латын әліпбиінде **v** және **f** таңбаларын да алуға болар еді. Алайда, таңба санын азайту мақсатымен, сондай-ақ таңба құрастыруда бір жүйені ұстану мақсатымен олар алынбады. Сонда кірме дауыссыздардың бәрі «соңынан **h** қосылып таңбаланады» деген бір ережемен ғана тиянақталады. Әдістемелік тұрғыдан тағы да басы артық екі әріпті жаздыртып-жаттатып жатудан арыламыз. Бұл үзілді-кесілді шешім емес, ұсыныс қана. Сондықтан да бұрынғы бір ұсыныс жобаны жариялаған тұста «**Ф – Ff** немесе **PH hp, B –Vv** немесе **BH bh**» деп ескеріп кеткенбіз.

Кірме дауысты дыбыстарды да таңбалаудың реті осы жолмен жасалады. Тек мұнда қосалқы белгі ретінде **у** таңбасы алынады да дауысты таңбаның алдына қосылады. Сонда: **я уа** әріп тіркесімен, **ю уи** әріп тіркесімен, **ё уо** әріп тіркесімен өз дыбыс құрамына сай дұрыс оқылады. Ал кирилше **и** дауыстысы **і** таңбасымен, кирилше **у** дауысты **и** таңбасымен белгіленеді, олар «орыс сөзінің құрамында орыс дауыстысы ретінде оқылады» деген шағын ереже керек болады. Ерекше белгімен **э** таңбаланып отыр, **у** және **е** таңбалары қосақталып **уе** түрінде беріледі. Бұл қосалқы таңбаны «**э** деп оқу керек» деген жаттанды ереже беруге тура келеді (мүмкін басқа тиімді амалы табылып қалар: мысалы, **е** деп алса). Кірме дауыстыларға қатысты жаңа әріп алынбады, бәрі де көзтаным, қол жаттыққан таңбалар болып шығады» [2, 264-б.].

Ендігі бір кемшін тұс деп **ы** мен **ш** дыбысын латын қарпінде таңбалауын айтар едік. Байқағанымыздай, **ы** дыбысына латын қарпінде **е** деген; **ш** дыбысына латын қарпінде **х** деген таңбаларды теліген. Біздің қазіргі қолданып жүрген **е** дыбысы халықаралық стандартта **е** таңбасына тең. Ал **х** дыбысы халықаралық стандартта **кс** түрінде дыбысталады. Жоғарыдағы **ы** дыбысының таңбасы ретінде көрсетіліп жүрген **е** қарпін оқытуда қайшылықтарға ұшырасамыз. Балаларға әліппе пәнін оқытуда **е** қарпін қазақ тілінде **ы** дыбысы деп, келесі ағылшын пәнінде **е** дыбысы деп үйрету педагогикалық тұрғыдан балалардың қабылдауына ауыр тиеді, әрі баланы шатастырады. Латын қарпіндегі **х** таңбасын да қазіргі **ш** дыбысы деп үйрету психологиялық тұрғыдан ауыр. Болашақ әліпби жобасын жасаушы мамандар осы олқы тұстарды ескерсе деген ойдамыз.

Қытай қазақтары пайдаланған латын қарпіне негізделген әліпбиде мынадай ерекшелік бар.

Ескерер тұсы. Әліпбиде дыбыстарды ажырату үшін «'» дәйекшесін қолданады. Бұл дәйекше қатар тұрған екі таңбаны оқу барысында шатастырып алмау үшін пайдаланылған. Сөз ішінде *zh* түрінде жазылса, *дж* деп оқылады, егер, *z'h* түрінде қолданылса, *зх* деп дыбысталады. Сөз ішіндегі қатар қолданылған *sh*, *ch*, *ng* таңбаларының да оқылуы дәл солай, яғни «'» дәйекшесіз жазылса, *чи*, *ч*, *ң* болып, *сх*, *цх*, *нг* түрінде дыбысталады. Мысалы: *IS'HEMA* – *ісхема*, *KON'GO* – *конго*, *PIS'HOLOG* – *психолог*, *PIS'HOLOGIA* – *психология*, *SIN'GAPOR* – *сингапор*, *VEN'GRIA* – *венгрия* және т.б. дәйекшемен оқылу тәртібі болса, *CANMOWZHANG* – *қанмоуджаң*, *GUANGZHOU* – *гүаңджоу*, *GUYZHOU* – *гүйджоу*, *MANZHURIYA* – *манджүрия*, *CHANGSHA* – *чаңша*, *FUJIAWSHOW* – *фүжіаушиоу*, *TAISHAN* – *тайчиан*, *CHANGJINANG* – *чаңжинанг*, *CHAWXIAN* – *чаушиан*, *CHENGDU* – *чыңдұ*, *CANG* – *цаң*, *CANMOWZHANG* – *қанмоуджаң*, *CHANGJINANG* – *чаңжинанг*, *CHANGSHA* – *чаңша*, *CHENGDU* – *чыңдұ*, *FUKANG* – *фүқаң*, *GANGQIN* – *гаңқин*, *GANGYAW* – *гаңйау*, *GAWLIANG* – *гаулианг*, *GONG* – *гоң*, *GUANGDON* – *гүаңдон*, *GUANGXI* – *гүаңши*, *GUOMINDANG* – *гүоминдаң*, *JONGQJARIA* – *жоңгария*, *KUNMING* – *күнмін*, *MONGQJUL* – *моңғұл*, *MONGQJULIA* – *моңғұлия*, *MONGGULKÜRE* – *моңғұлкүре*, *ONGTÜSTIK AFRIKA* – *оңтүстік африка*, *QINGHAY* – *қиңхай*, *XINJIANG* – *шинжаң* және т.б. дәйекшесіз оқылу тәртібі. Байқауымызша, бізде де *ж*, *ш*, *ң* дыбыстарын жазуда ортақ көзқарас болмай келеді. Шындығында да, аталмыш әріптерді жазуда Қытай қазақтары пайдаланған дәйекшені енгізуге болады деп ойлаймыз.

Латын қарпі негізінде жасалған әліпбиді кеңірек сөз етуіміздің себебі, шеттен енген терминдерді таңбалау үшін әліпбиге қанша әріпті алудың қажеттілігінде. Егер мүмкіндігінше шет дыбыстарды әліпбиімізге алған болсақ, тіліміз шеттен енген терминдердің, сөздердің, мейлінше, сол күйінде енгізілуіне жол беріледі. Ол дегеніміз тіліміздің табиғаты бұзылып, шұбарлануына, Қ.Кемегерұлынша айтқанда, «қотырлануына» әкеп соқтырады. Қытай қазақтарының тәжірибесін талдау нәтижесінде шет тілінен енген сөздерді таңбалау үшін төмендегідей әріптердің алынғаны байқалады:

Біріншіден, қытай тілінен енген (кейбір қазақ тілі арқылы енген орыс стандартына салынған халықаралық терминдерді) дұрыс таңбалау үшін әліпбиден «ц», «в», «ф» дыбысына орын берілген. Мысалы: CAIPAN – *цаипан*, CANG – *Цаң*, CANMOWBU – *цанмоубұ*, CANMOWZHANG – *цанмоуджаң*, CANZAN – *цанзан*, CHANGJINANG – *цаңжінаң*, CHANGSHA – *цаңшша*, CHAWXIAN – *цаушіан*, CHENGDU – *цыңдұ*, KALCI – *калці*, AVSTRALIA – *Австралиа*, AVSTRIA – *Австриа*, GVATÉMALA – *Гватемала*, GVIANA – *Гвиана*, GVÉNÉIA – *Гвенеиа*, GVÉNÉIA-BISSAW – *Гвенеиа-биссау*, LIVAN – *Ливан*, NÉVI – *нерві*, PARAGVAI – *Парагвай*, QÉHOSLAVAKIA – *Чехославакиа*, SOTSIYAL-XOVINIZIM – *сотсіиал-шовінізім*, SOVÉT – *совет*, SUBIÉKTIVIZIM – *сүбіектівізім*, VARIANT – *вариант*, VITAMIN – *вітамін*, VIÉTNAM – *вітнам*, VOKZAL – *вокзал*, VOLT – *волт*, VORONKA – *воронка*, VÉN'GRIA – *Венгрия*, VÉNÉSUELA – *Венесуэла*, VASKITBOL – *васкітбол*, XVÉTSARIA – *Шветсаріа*, XVÉTSIA – *Шветсіа*, YANEVAR – *йаневар*, YUGOSLAVIA – *Йұгославіа*, ÉKSKAVATOR – *экскаватор*, ÉKVATOR – *эква-тор*, ÉVROPA – *Европа*, ÉVRÉY – *еврей*, ASFALT – *асфальт*, BAROGRAF – *барограф*, FAKT – *факт*, GERAFA – *графа*, JEYRAF – *жыйраф*, KARTOGRAFIA – *картография*, LIFT – *ліфт*, MANIFÉST – *манифест*, OFISÉR – *офісер*, PALÉOGERAF – *палеогы-раф*, SARAFAN – *сарафан*, TÉLÉFON – *телефон*, WOLFRAM – *уольфрам* және т.б. Қалай дегенмен де «в», «ф» фонемалары тілімізге ажырамастай болып енгізілді. Ал «ц» таңбасына жаңа әліпбиден орын беру Қытай қазақтарының әліпбиі үшін негізді болғанымен (қытай тілінде ц-мен естілетін термин, ономастикалық атаулар көп), қазақтың ұлттық жаңа әліпбиінде артық деп ойлаймыз. Әліпби құрастырушылар бұл дыбысты арнайы *цех* сөзін таңбалауда өте қажет екенін алға тартады. Егер «ц»-ны «s» арқылы берсек, аталмыш сөз (*sex*) шетелдіктерге күлкіге айналады деп көрсетеді. Шет тілдер сөздігіне сүйенсек, бұл сөз неміс тілінде *Zeche* [99, 798-б.] деп таңбаланады екен. Оны орыстар *цех* деп өз тілдеріне бейімдеп алған. «ц» әріпі дәл осы сөзді таңбалау үшін қажет болса, бұл сөзге қазақ тілінен балама іздеу керек, бір сөз үшін қазақ тіліне жат, бөтен фонема енгізуді артық деп ойлаймыз. Баламасы табылмаған жағдайда, жалпы шеттен сөз қабылдауда, ешқандай делдал тілсіз түбірді тікелей түпнұсқалық тілден өз тілімізге бейімдеуіміз қажет. Өзге дамыған тілдер де солай етеді.

Сонымен бірге жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, бұл жерде және де төменде жинаған материалдарымыздың негізінде Қытайдағы қандастарымыз, негізінен, шет сөздерін жазуда түпнұсқалық таңбалауды сақтағаны айқын көрінеді. Осыған байланысты Қытай қазақтары пайдаланған латын қарпіне негізделген әліпбиде екінші кемшін тұстарды көрсетуге болады.

Екіншіден, шетел сөздерін жазуда түпнұсқалық таңбалануды сақтаған. Мысалы: *AFRIKA*– Африка, *AKADĚMIK*– академик, *AKTIP*– актіп, *ALBANIA*– Албания, *ALJIRIA* – Алжиріа, *ALPENIS* – алпыніс, *ALUMIN* – алұмін, *AMĚRIKA* – Амеріка, *ANALIZ* – анализ, *AN'GLIA* – Англиа, *AREPMĚTIKA* – арыпметіка, *ARGĚNTINA* – Аргентіна, *ARHIP* – архіп, *ASPIRANT* – аспірант, *ASPIRIN* – аспірін, *ATLANTIK* – Атлантік, *AVSTRALIA* – Австраліа, *AZIA* – Азіа, *BAZIS* – базіс, *DISSĚRTATSIA* – диссертатсіа, *DOGMATIZIM* – догматізім, *FAMILIYA* – фаміліяа, *FAXIST* – фашиіст, *FIGURA* – фігұра, *FILIM* – філім, *FILOSOPIYA* – філосопіяа, *FIZIK* – фізік, *FORMALIZIM* – формалізім, *FOTOHIMIYA* – фотохіміяа, *FĚODALIZIM* – феодалізім, *GARNIZON* – гарнізон, *GERAMMATIKA* – гырамматіка, *GERANIT* – гыраніт, *GIDROLOGIYA* – гідрологіяа, *GIMIN* – гімін, *GIMNASTIKA* – гімнастіка, *GIPIS* – гіпіс, *GITAR* – гітар, *INFĚKTSIYA* – інфектсіяа, *INSTITUT* – інстітұт, *INTONATSIYA* – інтонатсіяа, *INTĚRNATSIYONAL*–інтернатсіюнал, *KAPITAL*–капітал, *KARABIN*–карабін, *KILO* – кіло, *KILOWAT* – кілоуат, *LIFT* – ліфт, *LIRIKA* – ліріка, *MARKSIZIM* – марксізім, *MATĚMATIKA*–математіка, *OFISĚR*–офісер, *OLIMPIADA*–олімпіада, *PIRINSIP* – пірінсіп, *QĚMPION*–чемпіон, *RADIO*–радио, *RĚSPUBLIKA*–респұбліка, *SINTAKSIS* – сінтаксіс, *STILISTIKA* – стилістіка, *SUFIZIM* – сұфізім, *TAKTIKA* – тактіка, *TIATIR* – тіатір, *VASKITBOL* – васкітбол, *ĚPIZOT* – епізот және т.б. Бұл жерде әңгіме «і» таңбасына қатысты ғана болып отыр. Мысалы, *AFRIKA* сөзі түпнұсқалық тілде *Africa* (латын), *AKTIP* (лат. *aktivus*), *ALPENIS* (фр. *alpiniste*), *ALUMIN* (нем. *aluminium*), *AMĚRIKA* (ағылш. *Amerika*), *ANALIZ* (нем. *analysis*), *AREPMĚTIKA* (нем. *Arithmetik*), *ARHIP* (нем. *Archiv*), *BAZIS* (нем. *basis*), *FILIM* (ағылш. *film*), *GARNIZON* (нем. *garrison*), *GRANIT* (фр. *granit*), *INSTITUT* (фр. *institut*), *KAPITAL* (нем. *kapital*), *TAKTIKA* (грек. *taktika*) және т.б. деп жазылады. Шет тілі сөздерін жазуда осы «і» таңбасын «іу» (бізше – ій) деп жазбай, түпнұсқалық түрде жазу қатаң сақталған. Дегенмен де шет тілі сөздеріндегі «і» таңбасы «и» деп оқылады деген арнайы ереже болды ма, жоқ, сол күйінде оқыды ма, бір өкініштісі, қолымызда осыған байланысты ешқандай дерек болмай тұр. Егер арнайы ереже болмаса, қазақ тілінің үндестік заңы бұзылғаны анық. Өткен ғасырдың бас жағында жат сөздерді (қазіргі тілде халықаралық терминдерді) алу барысында осы үндестік заңына қатты көңіл бөлу қажеттігіне мән берілген: «Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөз ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек» [100, 18-б.]. Егер «і» әрпін шет тілі сөздерін таңбалауда түпнұсқалық түбірін сақтап жазып, оқуда «и» түрінде оқысақ немесе «і» таңбасына қатысты түбірдегі дауыстыларды жіңішкертіп оқысақ (*Әмрікә* (Америка), *әктіп* (актив), *бәзіс* (базис), *інстітұт* (институт), *кәпітәл* (капитал) және т.б.) А.Байтұрсынұлы айтқан қазақ тілінің төл ерекшелігінен ауытқыған болар едік. А.Байтұрсынұлы «қазақ тілінің ерекшелігі өзге тілдегідей ит деп жазып, шошқа деп оқылмайды, қалай жазылса солай оқылады» деп көрсеткен еді. XX ғасырдың басында тіліміз әлі шұбарланбай, таза қалпында болғанын, осымен байланысты сол кездегі тіл жанашырлары, ұлт зиялылары тіліміздегі үндестік заңының қатаң сақталуына қатты мән беру қажеттілігін назарға алсақ, бізге де латын қарпі негізінде шеттілдік сөздерді таңбалауда осы жағына мейілінше көңіл бөлу қажет деген ойдамыз. Өткен ғасыр басында шеттен енген сөздерді таңбалауда мынадай да қағида

болған: «Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені жат сөздердің асыл түрін бұзбай алсақ: Ондай сөзге қазақтың тілі келмейтін болады; Жана қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, біртүрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңісіп түбкілікті қазақ сөзі болып шығу үшін, мағынасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі болып қана қалады. Олай болып кетсе кітеб тілі ел тілінен басқаланып шығады, кітебтің елге пайдасы болмайды. Жана: тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады» [100, 17-б.]. Осы қағидаға сүйене отырып, жоғарыда келтірілген қисындарды Қытай қазақтарының шет сөздерді таңбалаудағы кемшін тұстар деп айта аламыз. Ал қолдағы материалдарды талдау барысында, қандастарымыздың шет сөздерді таңбалау барысында ұстанған ұтымды тұсы деп, шет сөздерді жазуда дауыссыздарды қатар таңбаламауға тырысқандығын айтар едік. Мысалы: *ABESTERAKTSIYA* (*абстаркция*), *FOTOMÉTIR* (*фотометр*), *GERAM* (*грамм*), *GERANAT* (*гранат*) *ESTANSIYA* (*станса*), *EKKALA* (*шакала*), *EKKAP* (*шкаф*), *EXTAT* (*штат*), *GÉOGERAF* (*географ*), *HELOROFIL* (*хлопрофил*), *ISPIRIT* (*спирт*), *KELAS* (*класс*), *KILAPAN* (*клапан*), *KILINIKA* (*клиника*), *KILÉTKA* (*клетка*) және т.б.

Өткен ғасырдың басында Мамайұлы мен Қабылұлының авторлығымен жарық көрген «Қазақ тілінің жана емлесі» атты мақаласында «Қазақ тілінде (түрік тілдерінің бәрінде де бір сөздің басында екі дауыссыз дыбыс қатар жалғана алмайды. Бірақ екі буын аралығында (арқа) немесе үнді мен қатаң (серт) болып құрылған буында екі дауыссыз дыбыс қатар келе береді; мысал: *тақта, жент, бұлт, жұрт, сына, тарақ, ырым*» [90, 127-б.], – деп көрсетілген. Яғни сол уақытта қазақ тілінде сөз арасында кейбір сөздер болмаса, дауыссыз дыбыстар қатар қолданылмағаны анық. Дегенменде, бірнеше тілдік немесе тілдік емес түрткіжайтқа байланысты қазақ тілінің орфографиялық ережелері кейінгі уақыттарда өзгерген. Оған дәлел ретінде Р.Сыздықтың мына бір дәйектерін келтіреміз: «Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген және көбінесе термин болып келетін сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша жазылады: *алюминий, антоним, аудитория, бухгалтер, повесть, гарнизон, гастроль, генерал, геофизика, коммутатор, конгресс, контейнер, плацдарм, плацкарт, термометр, террор, фракция, фрегат, хром, хронограф, цемент, цифр* т.т.» [87, 29-б.]. Ал орыс тілінің орфографиясында сөз ішінде дауыссыздардың қатар орын алуына жол берілетіндігі анық.

Қорыта келгенде, біз әліпбиімізді латын қарпіне жобалағанда, сонымен бірге орфографиялық ережелерді дайындағанда қазақ тілін бұрынғы заңдылығына сай етіп қайта жаңғыртуымызды басты мақсат ретінде қарастыруымыз қажет деген ойдамыз.



ЖАҢА ӘЛПБИДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Адамзат мәдениетіндегі графиканың қалыптасуы мен даму тарихы, қызметі мен түрлері, таралым аймағы

Адамзат мәдениетіндегі графиканың қалыптасуы мен даму тарихы. Адамзат мәдениетінің дамуында ерекше маңызға ие құндылық, өркениет дамуының құрамдас бөлігі – жазу. Адам баласы жаратылғалы бері өзінің үздіксіз дамуы нәтижесінде әр қоғамда жазудың жаңа формаларын да дамытты. Осыған байланысты дыбысталу-дан басталған бүгінгі жазу адамның ақыл-ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы бірден-бір құралға айналып отыр. Ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заман – жазу заманы: жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» [124, 11-б.], – деген болатын. Қоғам өмірімен біте қайнасып келе жатқан жазу тарихы тым әріде жатқаны аян. ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған бүгінгі адамзат мәдениеті тарихында түрлі графикалар орын алды. Сол графикалар негізінде оқу, білім алу, жас ұрпақты оқыту әр дәуірде келелі мәселеге айналды. Себебі адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуының негізі жазумен тікелей байланысты. Әр дәуірде ғұмыр кешкен мемлекеттердің мәдени-әлеуметтік, экономикалық дамуы жазудың тұрақтылығына, жетілуіне қатысты болды.

Адамзат баласы өз ойын айту, басқаларға жеткізу, түсіндіру барысында сурет те салды, мүсін де жасады. Міне, бұл жалпыға ортақ шарттардың қатарында сурет өнерінен бөлініп шыққан жазу да тұрды. Жазу қоғамдық ортақ келісімнен шыққан жасанды қарым-қатынас құралы ретінде қабылданды. Адам өзінің көрген-білгенін, басынан кешкен оқиғаларын немесе сезіміне әсер еткен заттар мен құбылыстарды, сондай-ақ шаруашылық есеп, мал, адам санағын тау, тас, ағаш, еңбек, тұрмыс құралдарына қашап, кертіп салды. Олардың көпшілікке түсінікті болуы мақсатында бір заңдылыққа бағындырылған графикалар да адамзат қоғамының дамуымен қалыптаса бастады. «Алғашында адам айналасындағыларды ескермей, тек өз басындағы ой, сезімді табиғат құралдарына белгілеп, сыртқа шығарып, қанағат тапты. Бара-бара оның «туындыларын» өзгелер де қарап, бірді-екілі оқиға, құбылыстарды түсінетін болды. Әрине, жазудың канондық сипаты сол дәуірлерде-ақ айқындалған болатын. Себебі қолынан сурет салу келетін қасиеті бар және өз

ойын сыртқа көркемдеп жеткізе білетін адамдар бірді-екілі болды да, ол «жоғарыдан түскен», «құдай жіберген» адамдай көрінді. Бұл – тарихын зерттеушілердің көбі жазу түріне жатқызбайтын пиктографиялық жазу еді» [15, 18-б.].

Жазу кезеңдерінің ғұмыры адамзат өркениетінің ғұмырымен өлшенеді. Сондықтан жазу типтері мен түрлерінің пайда болуы өндірістің, экономиканың дамуы мен қоғамдық, экономикалық қатынастардың жетілу дәрежесіне қатысты. Осыған орай жазудың шығуы, ең алдымен, адамзат санасының жетілген кезеңіне сәйкес болса, екіншіден, жазудың қоғамдық мұқтаждықтарды өтей алу деңгейінің жоғарылауына байланысты болды. Сонда сөздің буынға, буынның дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінетінін байқау өте жоғары сананы қажет еткені белгілі.

Ғалымдар арасында жазу типтері мен түрлері туралы пікір әртүрлі: И.Е.Гельб, Л.В.Зиндер сурет жазуын жазу емес деп нақтылайды да, семасиография, яғни логографиялық жазуды жазудың алдындағы саты деп көрсетеді. Бұған тарихқа дейінгі Мысыр мен ертедегі Грекияда жазу мен сурет ұғымдарының бір болуы (грекше *graphein* «жазу-сурет салу» дегенді білдіреді), шумер логограммаларына қарағанда египет логограммаларында бейнелі-символикалық таңбалардың көп болуы, түрлі түсті бояудың пайдаланылуы да себеп болды.

И.Е.Гельб «жазу» ұғымына фонографиялық жазу ғана сәйкесетінін айтқан [125, 185-б.]. Автордың таптастыруынша, фонографиялық жазу сөз-буын жазуын (шумер, египет, хэтт, қытай), буын жазуын (финикий, жапон) және әріп жазуын (грек, арамей, латын) қамтиды.

В.А.Истрин жазудың жалпы дамуын парықтап, фразограммамен берген пиктографиялық жазуды алғашқы жазу типіне жатқызып, одан кейінгі жазу типтеріне логограмма, морфемограмма, силлабограмма, фонограмма бірліктері сәйкес келеді дейді [126, 23-б.].

Ғалымның бұл пікірі кеңес дәуірінің ЖОО-ға арналған оқулықтар мен бағдарламаларында кеңінен көрініс тапты.

Алғашқы сурет жазу түрлері Америка үнділері мен Қиыр солтүстік халықтарында, ертедегі Мысыр, Месопотамия, Финики, Крит, Испания, Оңтүстік Франция, Шумер, Қытай жерлерінде, Ацтек, Гватемалла, Пасха аралдарында пайда болды. Қазақстан жерінен Алматы облысы Таңбалы сай (б.з.д. VI ғ.), Талдықорған облысы Ақсу, Қапал жерінен, Дауылбай тауы, Теректі сайы, Алакөл, Талас ойпатынан, Қарағанды облысы Қаратаудан, Семей, Дегерес, Балқаш, Ұлытаудан табылды.

Идеографиялық жазудың алғашқы үлгілері Солтүстік Америка мен Оңтүстік Америка тайпалары жерінен, Австралия, Полинезия, солтүстік-шығыс Сібір юкагирлерінен, Пасха аралынан табылды.

Бұлардың ішінде логографиялық жазуды ең алғаш қолданған шумерлер (б.з.д. IV-III мыңж.) болды, кейін ежелгі египет, ежелгі үнді жазуларында дамыды. Ғалымдардың (Ф.Гоммель, Х.Йенсен, Дж.Болли, И.Гельб) айтуынша, барлық басқа жазу түрлері шумер жазуынан бастау алды. Логограммалардың пайда болуына сол елдердегі қаланың өркендеуі, мемлекетті жазу арқылы жүйелеу қажеттілігі әсер етті. Сондай-ақ жеке тілдердің сөз ағынына оңай бөлінуі, грамматикалық жағынан тұрақтылығы себеп болды. Қытай тілінің түбір, шумер тілінің жалғамалы сипаты логограммалардың жасалуын жеңілдетті. Шумерлер логограммаларды бірінші болып ойлап тапқанмен,

оны жетілдіру жағынан Египет пен Қытайдан кейін тұрды. Оның себебі мемлекеттік құрылыстың баяу дамуы болды. Логография түрінен қытай иероглифі сақталды да, басқа жазулар жетілдіріле берді. Ол қытай тілінің түбір сипаты, сөздердің бір буыннан тұруы, жаңа сөздердің түбір қосындыларынан тұруы, ұқсас морфемалардың көп болуы, диалектінің көптігі, бір таңбаның әртүрлі оқылуынан туды. Иероглиф жазу иератикалық жазуға (тез, курсив жазу), одан демотикалық жазуға (халықтық) көшті. Логограммалар шумер тілінің жалғамалы сипатына дәлірек келгенмен, кісі есімдерін, жауланған жерлерді, халық атауларын жазуда қиындық тудырды. Сөйтіп, шумер халқы тағы да алғашқы болып буын жазуын жасады (б.з.д. III мыңж.). Оған тілдегі ортақ аффикстердің бір буынмен беру жеңілдігі, бір буыннан тұратын омоним сөздің көптігі әсер етті. Егер IV мыңжылдықта шумер логограммасы 1500-ден артылса, III мыңж.-та 600-ге дейін қысқарды. Шумер буын жазуында дауыссыз дыбыс таңбасы мүлде болмады. Логограммаларда деректі таңбалардың қосындысы көп болды. Буын жазу Ассирия, Финикий, Кипр, Жапонияда дамыды.

Сонымен, ең алғашқы жазу Тигр мен Ефрат өзендерінің аралығындағы Месопотомия өлкесінде, шумер елінде б.з.д. 3100 ж. пайда болды.

Вавилондықтар шумер мен аккад мәдениетін пайдаланып гүлденді. Бірақ шумердің буын жазуы вавилондықтардың консонантты жүйесіне, ішкі флексия сипатына, қос дауыссыздардың қатар келуіне, сөз аяғында ұяң, қатаң дыбыстарды айыру сипатына сай келмеді. Вавилон жазуындағы қиындық, сөйтіп, бөтен жазуды қолданудан туды.

Жазу түрлерінің даму сатылары бойынша, буын жазудан кейін тарих аренасына келген жазу бір дыбысқа бір таңба сәйкескен дыбыстық жазу деп аталды. Оны кейде «әріптік-дыбыстық жазу» деп те атайды. Дыбыстық жазудың екі түрі белгілі: консонантты, вокалды. Алғашқысы «таза консонантты» (египет, батыс семит жазуы) және «жартылай консонантты» (жолүсті, жоласты дауысты дыбыс белгілері бар) деп бөлінеді. Консонантты жазу б.з.д. II мыңж. жатса, вокалды жазу б.з.д. I мыңж. жатады.

Дауыстыларды белгілеуіне қарай әліпби үшке бөлінді: I тип – грек, латын әліпбиі (дауыстылар арнайы таңбамен белгіленді); II тип – арамей, еврей, араб әліпбиі (дауыстылар диакритикалық таңбамен беріледі); III тип – үнді әліпбиі (дауыстылар диакритикалық белгілермен немесе таңбалардың ішкі түрленімімен (модификацияларымен) берілді) [125, 191-б.].

Консонантты жазу ең алғаш египет жазуында пайда болды. Оның себебі, В.А.Истриннің айтуынша, ежелгі египет тілінің семит тілдерімен (ассир-вавилон, финикий, арамей) ортақ белгілері болуында, яғни дауыссыз дыбыс ерекше грамматикалық мағынаға ие болды да, дауысты көмекші функцияда жұмсалды. Египет тіліндегі 3300 түбірдің 2200-і үш дауыссыздан, 600-і алты дауыссыздан, 400-і екі дауыссыздан тұрған. Сонда египет жазуының 26 әрпінің 4-еуі (*a, e, j, w*) кейде ғана дауыстының таңбасын берді.

И.Гельб пен И.М. Дьяконовтың пайымдауынша, кез келген консонантты жазу дауыссыз бен қандай да бір дауыстының тіркесін береді. И.Фридрих та бір дауыссыз дыбыс әрпі дауысты мен дауыссыз дыбыс тіркесін береді деп, *Минерва* сөзінің *MNRVA* деп жазылғанын мысалға келтіреді [127, 13-б.].

Этрус жазуларында *l, m, n, s, f* әріптері силлабема ретінде қаралды: *c – ке, k – ка, q – ку* деп аталды. Сондықтан екі дыбысқа бір таңба арналды, егер дауысты дыбыс таңбасы болса, ол тек туынды сөздің грамматикалық формаларын берді дейді. Мысалы, *ktl* – «өлтіру», *KeToL* – тұйық етістік, *KoTeL* – «жаналғыш», *KaTuh* – «өлген» д.с. [127].

Египет жазуы алғашқы консонантты жазу деп танылғанмен, онда кейде логограммалар, морфемогаммалар кездесіп отырды. Ал таза дыбыстық жазу жүйесін финикий және батыс семит халықтары (б.з.д. II мыңж.) жасады. Финикийлер – б.з.д. III мыңж. б.э. дейін Жерорта теңізінің шығыс жағалауын мекендеген, ірі сауда қалалары болған халық. Финикий жазуындағы 22 әріптің бәрі (алеф, бет, гимел, далет, хе, вав, зайн, хет, тет, йод, каф, ламед, мем, нун, самеһ, айин, пе, цаде, коф, реш, шин, тов) дауыссызды, жартылай дауыстыны таңбалады. Әріп атауы реалий атауының алғашқы дыбысымен сәйкесті. Жазудың ілгерішіл жағына әліпби ретінің болуы, әріп атауы сөздің алғашқы дыбысына сәйкес келуі, таңба сөздің денотатына ұқсас болуы, жазу процесінің оңнан солға көлбеу бағытта жүруі жатады.

Батыс семит халықтары жазуының маңызы туралы И.Фридрих былай деген: «Егер біз қателеспесек, дауыссыздарды таңбалаған әлемде жалғыз жазу болды, ол – кейін гректің толық жазуына айналған батыс семит халқының жазуы» [127, 47-б.].

Финикий әліпбиінің консонанттылығы туралы ғалымдар әртүрлі болжам айтады. Мысалы, Морис Дюнан: «Әліпбидің тез таралуы үшін семит халқы саналы түрде дауыстыларды белгілемеді», – деді [127, 261-б.]. Сондықтан «финикий әліпбиіндегі дауыстылардың болмауын әліпби жетілмегендігінен емес, әліпбидің ұтымды жағы деп бағалаған жөн», – дейді Д.Дириңгер. Енді бір ғалымдар әр әріп бір буынды таңбалады дейді. «Дауысты дыбыс таңбасының бүгінде (әсіресе ағылшын жазуында) көпмәнді болып кеткені соншалық, алғашында ол таңбаға қандай мән жүктелгені белгісіз болып қалды» [127, 262-б.].

Сонымен, тарих сахнасындағы мынадай жеті жазу жүйесі адамзат мәдениетінің өркендеуіне түрткі болды: шумер жазуы (Месопотомияда, Тигр, Ефрат өзендері аралығында б.з.д. 3100 ж. – б.з. 75 ж.); ежелгі элам жазуы (Эламда б.з.д. 3000 ж. – б.з.); ежелгі үнді жазуы (Үндістанда, б.з.д. 2200 ж.); қытай жазуы (Қытайда б.з.д. 1300 ж.); египет жазуы (Египетте б.з.д. 3000 ж.); крит жазуы (Крит, Греция жерінде б.з.д. 2000 – 1200 жж.); хетт жазуы (Анатоли, Сирияда б.з.д. 1500 – 1700 жж.) [125, 67-б.].

Жалпы әліпбидің жетілуі сөзжазу жүйесінен батыс семиттің буынжазуына және грек әліпбиіне қарай жүреді. Ғалымдарды «дыбыстық жазу неге ең алғаш батыс семит халықтарында пайда болды?; Жазудың арғы негізі қайсы – ассир-вавилон ба, әлде египет, әлде крит-микен бе?» деген сауалдар ойландырмай қалған жоқ. Егер бұл жазуға ассир-вавилон не шумер жазуы түпнегіз десек, ол жазу – буынжазу, яғни дауысты таңбалары логограммалармен берілген жазу. Және тарихта буынжазудан консонантты жазуға өту жүйесі болмаған. Финикий жазуын египет жазуына тірейтін көзқарастар олардың таңба ұқсастығын, әріп атауына сөз денотатының сәйкесуін, египеттіктердің мәдени әсерін алға тартады. Енді бір басым болжам финикий жазуының өздігінен шығу мүмкіндігін болжайды. Бірақ әріп аттары финикий халқының экономикасынан хабар бермейтіні ойлантқан В.Истрин оны египет

жазуынан шығарады: египет – ежелгі ханаан – финикий – оңтүстік семит – арамей [126, 298-б.]. Бір ғалымдар (Ленорман де Руже) бұны «египет жазуынан бөлінген дауыссыз дыбыстардың таңбасы» десе, енді біреулері (В.В.Струве) «әр графема финикий тіліндегі сөздің басқы дыбысын белгілейді» деді. Болгар ғалымы Б.Георгиев: «Финикий жазуы криттің буынжазуынан шыққан», – деген. Француз ғалымы Дюнан: «Библия буынжазуының оңайлатылған түрі», – дейді. И.Гельб: «Финикий жазуынағыз әліпби жазуға қарағанда буынжазудың жетілген түрі», – деді. Қалай болғанда да: «... сөздің буын мен дыбысқа бөлінуін аңғару, сөзді ойша бөлу – қиын мәселе» [128, 18-б.].

«Ежелгі египеттіктер жазуды шумерлерден әлдеқайда ертеде ойлап тапқан» (б.з.д. 4000 ж.) [127; 125], – деген И.Фридрих та, И.Гельб те дыбыстық жазуды арамей тіліне жақындатқысы келмеген. Олар әліпби жазу египет тілінде жасалып, арада бірнеше ғасыр өткен соң қайтадан египеттіктердің жетілдіруіне тап болды дегенді айтады. «Грек әріптерінің атауы арамей тіліне тіреледі деген болжам жалпы жазудың арамей тілінен шыққанына нақты дәлел бола алмайды», – деген Д.Дирингер [128, 257-б.].

Финикий жазуынан тараған әліпби түрлері мынадай: 1-сатыда жазу арамей мен архаикалық грек әліпбиіне бөлінеді. Арамей бұтағынан араб, парсы, ауған; соғды, ұйғыр, моңғол; еврей жазуы тарайды. Архаикалық грек бұтағынан шығыс грек пен батыс грек жазуы шығады. Алгот, армян; византия-славяннан өрбіген орыс; грузин жазулары шығыс грек жазуына жатады. Батыс грек бұтағынан италия; этрусс-латын әліпбиі дамиды.

Қазіргі Батыс Еуропа халықтарының жазуына негіз болған латын графикасы грек әліпбиінен шығады. Гректер әліпби ойлап таппаса да, бар әліпбиді жетілдіру жағынан алда болды. Грек әліпбиінің тек *b, g, d, z, k, l, m, n, p, v, t* әріптері ғана семит дыбыстарымен бірдей. Қалған әріптер шыққан жазуынан өзгеше сипатталды. Гректер әліпби жетілдіруде мынадай өзгерістер жасаған: семит тілдеріндегі кейбір дауыссыздар таңбасымен дауыстыларды беріп, әліпбиге дауыстыларды енгізді; семит тілдерінің кейбір дыбыс әріптерін басқаша қолданды; *ph, ps, kh, x* сияқты әріп тіркесін қосты.

Грек әліпбилерінде *алеф, хе, вав, иад, айин* әріптері дауыстыларды беруде қолданылған. Алайда грек әліпбиінің және соның негізінде пайда болған латын әліпбиінің кемшілігі әріптердің аздығы болды, яғни латын әліпбиі мен Батыс Еуропа халықтарының тілінде сәйкестік болмады. Француз тілінде 18 дауысты, 17 дауыссыз, ағылшын тілінде 13 дауысты, 24 дауыссыз, неміс тілінде 15 дауысты, 18 дауыссыз латын әліпбиінің 26 таңбасына сыйдырылу керек болды. Сондықтан неміс, француз тілдерінде диакритикалық таңбалар қолданылды. Француз жазба тілінде *<a>*, *<o>*, *<e>* 143 графикалық тәсілмен, ал ағылшын жазуында 658 тәсілмен беріледі. Латын графикасын қабылдауда мынадай кемшіліктер орын алды: әртүрлі дыбыстарды бір графемамен беру, мысалы, француз тіліндегі */c/* таңбасы *<k>* мен *<c>* фонемасын берді, неміс тіліндегі */s/* әрпі *<z>* және *<c>* дыбыстарын береді. Бірнеше әріптерді (диграмма, триграмма) тіркестіріп, белгілі бір дыбыс таңбасын берді. Мысалы, *sh* дыбысы француз тілінде *ch*, ағылшын тілінде *sh*, италия *sc*, неміс тілінде *sch* графтары арқылы беріледі.

Латын графикасының 26 әрпін пайдаланған тек ағылшын жазуы, ал неміс, француз, голланд, швед, италия, испан, португал, румын, чех, венгер, поляк тілдері диакритикалық таңбаларды қолданды, италия, финн, поляк жазуында латын әліпбиінің барлық әрпі жоқ. Соңғы бағыт бір әріп – бір дыбысты таңбалау керек деген әліпбидің негізгі қағидасына сай емес. Бұдан графика ережелері қиындады. Сөйтіп, латын әліпбиін қабылдаған бірде-бір жазуда бір әріп – бір фонема қағидасы ұсталынбады.

Демократия кең өрістей бастаған қоғамда, әлемдік қауымдастыққа ұмтылып, бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында жазудың мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр.

Адамзат мәдениетіндегі графиканың қызметі мен түрлері. «Тіл – адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін, сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады» [129, 3-б.]. Қоғам дамуының қай кезеңі болмасын, тіл адамзат баласының өз ойын ортаға салу, түсінісу құралы болып келгені сөзсіз. Ал тіл-тілдегі сөз жазу арқылы көрініс тауып отырды. Себебі жазу қоғамдық қажеттіліктен туындады. Адамдар арасындағы күрделі қоғамдық қатынасты толыққанды қанағаттандыру барысында графиканың алуан түрі пайда болып, қызмет ету аясы кеңі түсті. А.Байтұрсынұлы: «Сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? Әрине, жазу болады. Сауаттылықты оқу мұқтажығы тудырған», – деп түйеді [130, 46-б.]. Расында да, жазу болмаса, оқу да болмас еді. Демек, адамзат дамуының кезеңдерінде жазу түрлі қызметтерге ие болып отырды. «Тілдің даму тарихы тұрғысынан келсек, тіл адам санасындағы ойды жарыққа шығарып, жазу ауызша айтылған ойды оптикалық құралдар арқылы визуалды дүниеге айналдырады. Сонда жазу тек қосалқы қызмет атқаратын құрал болып табылады. Алдымен аса маңызды қатынас құралы болған тіл ауызша түрде өмір сүрді. Талай жүзжылдықтар бойы басқа қатынастың түрін іздемеді. Сөйтіп, ойды жарыққа шығарудың және айналасына қатынас жасаудың жалғыз түрі ауызша сөйлеу ғана болды» [15, 11-б.]. Ауызша айтылғандарды нақтылау мен жүйелі түрде беруде жазу ерекше қызметке ие. Бұл ретте жазуға тілді бекітудің құралы деп қарауымыз қажет. Адамзат баласының ғасырлар бойы айтылған алуан түрлі ойларының құндылығы жазу арқылы арта түсті. Ғалым Қ.Күдерінова жазудың түрлі қызметін көрсете келе: «Жазудың арқасында сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады» – деген ой айтады [15, 11-б.]. Қарым-қатынас құралы болып саналатын тілдік бірліктер таңбалау арқылы жазуға түсіп, денотаттық тұрпатқа ие болады. Ал бұл оның құндылыққа айналуы болып есептеледі. Өйткені жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді, тереңдетеді. Тілдің абстракті, күрделі құрылымдық деңгейге жетуіне әсер етеді: «Письмо идентифицирует и дифференцирует то, что идентифицировано и дифференцировано в самом языке» [126, 11-б.]. Соған сәйкес тілдегі синтаксистік құрылымдар, күрделі фразалық тұтастықтар жазудың негізінде пайда болды. Тілдің (әдеби тілдің) стильдік тармақтары сараланды, стиль нормаларының қалыптасуына әсер етті. Сөйтіп, жазу ауызша тілде елене бермейтін тілдің барлық қалтарыстарын нақтылаудың негізінде тілдің сұрыпталып, нормаланған, електен өткен құрылымын ғана таңбалап, жазу нормасына сай сөйлемдер мен мәтіндерді тілдік жүйеге жатқызды. Сондықтан ауызша сөйлеудегі еркіндікті тілдік қалыпқа салу, яғни жазуға түсіру кез келген сауатты адамның қолынан келмейді. Адам күнделікті қарым-қатынас тілімен біреуге хат жазу

мүмкіндігіне ие болғанмен, өзінің ойын жүйелі, толыққанды, мазмұнды етіп жазба-ша жеткізуде қиындыққа тап болады.

Сонымен, жазудың екінші қызметі тілдің жүйелі құрылымға айналуына әсер етуі болып табылады. Тілдің барлық әлеуетті мүмкіндіктерін ашып, пайдалануға әсерін тигізеді. Сондықтан да бүгінде жазылған дүниені сол тілдің жүйесі мен құрылымы ретінде тануға, қабылдауға, тілдің «өзі» деп түсіндіруге, түсінуге күмән қалмайды.

Жазу – қоршаған орта мен құбылыстар жөніндегі адам ойының қорытылып, жарыққа шығуына, дәлірек айтқанда, ғасырлардан ғасырларға жеткізудегі бірден-бір құрал. «Көңілдегі көрікті ойдың сыртқа шыққанда өңі қашатын» болса, жазудың арқасында қағазға түскен шашыраңқы ойды жүйелеуге болады. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі ақыр соңында сыртқа шыққан адам ойын өзгеше сипат алдырады. Оның үстіне жазылған мәтінді қайталап оқып, толықтыруға, қысқартуға, нақтылауға, қайта құруға мүмкіндік бар. Кез келген уақытта жазылған мәтінді араға уақыт салып қайта қарап, жетілдіруге болады. Ой үстіне ой жалғауға болады. Сөйтіп, жазу түптің түбінде адамның өз сөзінің бөгделенуі болып шығады.

Демек, жазу қарым-қатынас құралы емес, тілдік жағдаят болмаса да, адам өз ойын монолог түрінде жарыққа шығаратын сананың материалдану құралы болады. Оқылым үдерісі тыңдалымға қарағанда аз уақыт алады, қармап оқу, таңдап оқу, қайталап оқу мүмкіндіктерін береді.

Жазу адам санасындағы ойдың жетілуіне, жасалуына, жүйеленуіне, реттелуіне, нақтылануына қызмет етеді. Бұл бір қарағанда жазудың алдыңғы қызметімен бірдей болып көрінуі мүмкін. Алайда соңғысы ойдың өзіндегі жетілуі туралы. Алдыңғысы сыртқа шыққан ой мен мәтінді оқыған оқырманның арасындағы түсіністіктің орнауы туралы болса, мұнда адам ойын қағазға түсіре отырып, жетілдіреді, жазу арқылы ойланады, сөйтіп, жазу енді ойдың өзіне түрткі болады. Әрине, ауызша сөйлеу де адам ойының нақтылануына, жүйеленуіне әсер етеді. Алайда жазу тілдік санадағы барлық қалтарыстарды қағаз бетіне түсіруге уақыт жағынан да мүмкіндік береді. Сондықтан жазудың ойжасамдық қызметі ауызша тілдің ойжасамдық қызметіне қарағанда қорытынды, түйінді, аяққы болады.

Ал жазудың коммуникативтік негізгі қызметін бүгінгі таңда ауызша коммуникацияның техникалық құралдары (телефон түрлері, интернет жүйесі) екінші қатарға ығыстырып отыр. Интернет жүйесін де ауызша коммуникация түріне жатқызып отырғанымыз, мұнда жазу графикасы мен таңбалары пайдаланғанымен, жазба тіл жүйесі сақталмайды. Ақпарат ауызша тіл жүйесінде құрылып, тіпті өздік коммуникация (аудиалды-визуалды) жүйесін жасауға айналды. Сонда жазудың коммуникация қызметі бүгінде екі формада көрініп отыр: 1) хабарласудың ресми, іскерлік сипатында (ресми іс қағаз); 2) интернет жүйесі арқылы хат жазысу аясында.

Жазу – адам жадының бір түрі. Біз есте сақтауға тиіс ақпаратты жазып жадылайтын болдық. Жазылған мәтінге көз жүгірткеннен кейін еске түсіруге, «түртіліп» алынған ойды ауызша таратып айтуға, керісінше ауызша айтылған ойды қысқартып, «түртіп» отыруға болады. Қазіргі оқу орындарындағы оқу-оқыту үдерісі осы әдіске құрылған.

Жазудың тіл тарихын сақтаушы, уәжін көрсетуші қызметі бар. Бұны жазудың тілтанымдық қызметі деп атаймыз. Ауызша айтылған мәтін үнемі өзгерісте болады, жаңарып, жаңғырып, үнемделіп отырады. Академик Л.В.Щерба ең бірінші өзгеретін сөйлеу тілі және зерттелмей жатқан сала да – сөйлеу тілі деген.

Сондай-ақ жазу тіл бірліктерінің шығу тегін, уәжін, әсіресе түбір тұрпатын өзіне бейнелеп, тіл тарихы үшін аса құнды тарихи дерек жинап отырады. Сөзді жаңаша дыбыстағанмен немесе сөйлегенмен, ол бірліктердің инвариантты тұлғасын жазу ғана сақтай алады. Енді жазудың келесі қызметін осы айтылғаннан шығара отырып, «тілді нормалаушылық қызмет» деп атаймыз. Ауызша тіл бір нәрсеге табан тіреуді керек етеді. Сонда ол «тіреу» көп өзгеруді «ұната» қоймайтын консервативті жазу болып табылады.

Адамзат тілі өзінің даму барысында реалдануға, үнемделуге, адресат пен адресанттың ішкі сөйлеуінде құрылымы бар конструкцияларды ауызша сөзге айналдырмай-ақ түсінісуге, тіл бірліктерінен гөрі просодикалық бірліктерді көп қолдануға, арго, жаргондарды жиі пайдалануға, тілді мамандандыруға барынша ұмтылады екен. Сонда жалпыхалықтық тілдің нормасын сақтап, узуалды, окказионалды қолданыстарды, тілдің дыбыстық, морфемдік, лексикалық, синтаксистік бірліктерін нормалап отыратын жүйе жазба тіл болып шығады. Адам жады жазылған сөзді норма деп, белгіленбеген, көрсетілмеген сөзді норма емес деп тануды дәстүрге айналдырады. Сонымен, жазудың бұл қызметі «ауызша сөйлеуді нормалап отырады» дегенге саяды.

Сондай-ақ кез келген қашықтықта тұрып айтылған ой, жаңалық, нәтиже кітап болып басылса, бүкіл адамзаттың құндылығына айналады. Адамзат санасы ұрпақтан-ұрпаққа жазу арқылы жетеді, жазу арқылы сол дәуірдің бейнесін көреміз. Жазуы бар тілдердің тіл тарихын айқындауға мүмкіндік бар. Жазба тіл ескерткіштері бар тілдің мәртебесі жоғары саналады. Сонымен, бүгінгі күн тұрғысынан жазудың мынадай қызметтері бар:

- 1) аргументтік қызмет (әлеуметтік қызмет);
- 2) тілжүйелеушілік қызмет;
- 3) ойжасамдық қызмет;
- 4) ойды жарыққа шығару қызметі;
- 5) жады қызметі;
- 6) тілтанымдық қызмет;
- 7) тілді нормалаушылық қызмет;
- 8) кумулятивтік қызмет (мәдениетті сақтайтын, жеткізетін қызмет);
- 9) коммуникативтік қызмет.

Сонымен, жазу уақыт пен кеңістік шектеулігіне тәуелсіз, адамдар арасындағы қатынас құралы ретінде пайда болды деп түсіндірілгенмен, негізінен оның маңызы мемлекеттік құрылыс пен сауданың, мемлекетаралық саясаттың дамуына тіреледі екен, сонымен бірге оның маңызы тілді жетілдіретін, жүйелейтін, нормалайтын, ойжасайтын, бекітетін, сақтайтын қызметтерімен өлшенеді.

Адамзат мәдениетіндегі графиканың таралым аймағы. Белгілі бір тілде жазылатын-оқылатын әріптік таңбалардың жиынтығы арқылы ойды жарыққа шығарудың, ақпарат алмасудың жүйесі болып табылатын жазу уақыт пен кеңістікке қашанда тәуелді. Көне ғасырлардан келе жатқан түрлі графикалардың бізге дейін өмір сүріп

келе жатқаны, өмір сүру кезеңі тоқталғаны да бар. Осыған байланысты «жазудың таралу аймағы» деген ұғым туындайды. Жазудың таралуы немен байланысты, нендей себептері бар?

Көп жағдайда белгілі бір графиканың кең қолданылып, жазудың таралуына табиғи және адами түрткіжайттар ықпал етеді. Көне замандарда пайда болған жазулардың бұл күнге жетпей, өзіндік өмір сүру кезеңін тоқтатуы сол жазуды қолданылатын этностың, халықтың, ұлттың жер бетінен жойылып кетуімен де байланысты болады. Этностың, халықтың, ұлттың жойылғанымен де, жазуы қалғандары бар. Оның бірі – латын жазуы. Әрине, бұл – латын жазуының жазуға қолайлылығы мен дыбыстарды таңбалаудағы дәлдігімен байланысты мәселе. Ал латын жазуын мүлде қолданбаған елдер мен мемлекеттердің бар екені белгілі. Әрине, бұл жайт сол мемлекеттердің саяси және экономикалық жағдайларынан туындаған. Сондай-ақ кез келген мемлекеттің саяси және экономикалық мақсаты да белгілі бір графиканың дамуы мен кең таралуына жағдай туғызып отырады. Жазудың таралу аймағы түрлі мемлекеттік құрылыстың күшеюімен де байланысты болып келеді. Сондай-ақ екінші бір қоғамдық құрылыстағы адамзат баласының көнеден келе жатқан жазуды дамытуы да белгілі бір графиканың өміршеңдігі мен таралым кеңістігінің ұлғаюына әкеледі. Мысалы, Қытай жазуы ерте кезеңдерден мемлекеттің саяси мақсаттарына сай осы күнге дейін қолданыс тауып, таралым аймағын ұлғайту үстінде. Ал бүгінгі латын жазуын әлемнің көптеген елдері негізгі жазу жүйесі ретінде алып отыр. Оның негізгі себебі ретінде мыналарды көрсетуге болады:

1. Уақыт үнемдеуге оңтайлы. Бір мемлекет пен екінші мемлекет қарым-қатынасы ісқағаздарының жылдам жүргізілуіне септігін тигізеді.

2. Экономикалық тұрғыдан тиімді. Ісқағаздарды аударуға немесе жүргізуге мол қаражат қажет етпейді. Экономикаға ешқандай шығын әкелмей және өзгеріс енгізбей-ақ бір уақытта қатар жаңа құжаттарды толық алуға болады.

3. Ақпараттың бірдей қабылдануына игі ықпалын тигізеді.

4. Латын әліпбиі түрлі халықтар жазуының біркелкі қалыптасуында тиімді.

Бұл жайттарды негіз ете отырып, латын жазуын қабылдау мемлекетіміз үшін тиімді болып табылады.

Латын графикасына көшудің түрткіжайттары: тілтанушылық көзқарас

Қазіргі қолданыстағы қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру арқылы реформалау қажет деуге негіз болған түрткіжайттар ретінде қазіргі әліпби жүйесінің орыс тілінің фонетикалық жүйесіне негізделуі, кірме сөздердің (орыс, шет тіл) төл тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес игерілмеуі, қазақ әріптерінің интернет желісіне жарамсыздығы сияқтылар т.б. фактілер алынып жүр. Белгілі ғалым Н.Уәлиұлы қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде мағына ажырататын негізгі дыбыстардың саны 28 (9 дауысты, 19 дауыссыз) бола тұра, қазіргі әліпбидегі әріптердің санының 42 болуы ешбір лингвистикалық өлшемге сыймайтынын атап көрсете отырып: «Әліпбидегі 13 әріп орыс тілінің орфографиясы бойынша жазылатын сөздерді таңбалау үшін кезінде өктем Орталықтың нұсқауымен алынған. Бұл, әрине, сын көтермейтін жайт. Мұндай

графикалық жүйемен қазақ тілінің жазбаша коммуникациялық өрісін кеңейте алмай-сыз» [101, 174-б.], – деген құнды пікір білдіреді және латын графикасына көшуді талап ететін 8 түрткіжайтты атайды: *мәдени-әлеуметтік* (жазу тәжірибесінде кеткен кемшіліктерді жаңа әліпби арқылы қалпына келтіріп, ұлттық тілдің бет-бедерін сақтап қалу), *тілтанымдық* (басы артық әріптермен жасанды түрде күрделендірілген, екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін жаңа жазу-сызу жүйесін ұсыну), *экономикалық* (әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыру үшін және алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелесе алу үшін латын графикасына көшу арқылы көштен қалмау), *саяси* (70 жылдан астам үстемдік құрған кеңестік тоталитарлық жүйенің құрсауынан жазу жүйесін құтқару, бодан болған елдің тоқырап қалған ұлттық санасын ояту), *психологиялық* («кирил жазуында шет тілінен енген сөздер өзгертілмеу керек» деген стереотиптен арылу), *тарихи* (түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану), *педагогикалық* (мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннің 42 әріптен тұратын әліпби жүйесін меңгеруге ауырлығын ескеру), *ақпараттық* (компьютерлік технологиялар талаптарынан шығатын, әлемдік деңгейде әмбебаптандырылған әліпбиге көшу) [101, 173-174-бб.]. Сонымен қатар ғалым Н.Уәлиұлы мынадай лингвистикалық критерийлер негізінде ғана латын әліпбиі қабылдануы керек екендігін атап көрсетеді:

1) әріптер саны тілдегі негізгі дыбыстардың (фонемалардың) санынан алшақ болмауы қажет;

2) әріптер саны үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы керек;

3) басы артық таңбалар болмауы керек;

4) тек латын әліпбиінің әріптерін ғана пайдалану қажет (араб, кирил жазу жүйесіне тән графикалық белгілер болмауы керек);

5) қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу керек;

6) әріпасты, әріпүсті таңбалар (диакритикалық белгілер) шектен тыс көп болмауы керек;

7) латын әліпбиі қорындағы әріптерді мүмкіндігінше толық пайдалану, тек аса қажет болған жағдайда қалыптасқан стандартты таңбаларды пайдалану керек;

8) қазақтың төл әріптерін әріптіркесі немесе әріптің қосалқы таңба (диакритика) тіркесі* сәйкестігімен ауыстыру қажет [102, 180-б.].

Н.Уәлиұлының латынға көшуді қажет етеді деп көрсеткен жоғарыдағы 8 факторы мен 8 критерийін өткеннен сабақ алып, тарихтан тәжірибе жинақтап барып, жазуымыздың жоғын түгендеп, қисығын түзетуге, әрі кирил жазуы негізінде қалыптасқан психологиялық-педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық, мәдени-әлеуметтік және саяси кедергілерді жоюға бағытталған терең мәнді пікір деп бағалаймыз.

Жалпы латынға көшу идеясын алғаш көтерген академик Ә.Қайдар болды. Ғалым 1993 жылы осы мәселе жөнінде Президент Н.Назарбаевқа ашық хат жолдап, өз жобасын ұсынған болатын және ол «Кемел елге, кемел әліпби керек» деген тақырыппен «Ана тілі» газетіне басылып шықты. Бұл ұсыныс қоғамда қазақ жазуын реформалау керек пе, жоқ па деген пікірталастар аясында өрбіп, мемлекеттік деңгейдегі мәселеге айналған еді. Осымен байланысты қоғамда екіұдай пікір қалыптасып

«үмітшілдердің өз уәжі, күдікшілдердің өз уәжі» [103, 198-б.] орын алды. Тілші ғалымдар тарапынан латын әліпбиін қабылдау барысында ескеретін негізгі жайттар мен әліпби құрамына қатысты ұсынған мықты жобалар жарыққа шықты. Мәселен, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі З.Базарбаева латын графикасы негізіндегі әліпбиді қазақ тілінің орфографиялық және фонологиялық заңдылықтарына бағындырып жасау қажеттілігін көтерді және шет тіл сөздерін латын әрпімен таңбалау жүйесін қалыптастыруда тек ғылыми-лингвистикалық аспектіге ғана сүйеніп қоймай, оның экстралингвистикалық, социоллингвистикалық қырларын да басты назарда ұстауды ескерткен болатын [104, 221-б.], сонымен қатар ғалым латынға көшуге ақпараттық технологиялар, жаһандану, компьютерге тәуелденген өмір ағымы да әсер етіп жатқандығын айтады [104, 219-б.].

Латын графикасын қабылдаған жағдайда нені ескеру керек, қандай алғышарттарды басты назарда ұстаған жөн, жоба құрамына алынатын таңбалар құрамы қандай болу керек деген тәрізді күрделі мәселелер төңірегінде ғалымдар Ә.Жүнісбек [105, 215-б.], Қ.Күдерина [106, 222-б.], А.Фазылжановалардың [107, 233-б.] жарыққа шыққан ғылыми-теориялық зерттеулерінде аталмыш проблемаларды шешудің жолдары жан-жақты қарастырылған болатын.

Қорыта айтқанда, Ресей империясының кирил әрпін зорлықпен ендірген саясатынан жазудың белгілі бір халықты ұлттық болмыстан тұтастай айыруға әсер ететін мықты функциясы болғандығын көреміз. Орыстандырудың құрбаны болған қазақ халқының «ұлттық мәдениеті мен тілдік бірегейлігінен» айырылып қалуына әсер еткен тағы бір тарихи түрткіжайт ретінде ғалым А.Фазылжанова мыналарды атап көрсетеді: «Бірегейлікті бұзу тек сыртқы саясат пен идеологияның әсерінен ғана емес, Қазақстанның территориясына репрессияланған басқа ұлт өкілдерін лек-легімен әкеп қоныстандыру арқылы да жүзеге асты. Егер бұған дейінгі кезеңде Қазақстан Ресейдің құрған мультимәдени қоғамының бір мүшесі болып, саяси тәуелсіздігінен айырылғанымен, өз тілдік, яғни ұлттық бірегейлігін сақтап отырған ел болса, тоталитарлық жүйе үстемдігінің салдарынан өз ішінде де бірнеше мәдениеттің орын алуымен келісуіне тура келді. Басқаша айтқанда, айрандай ұйып отырған қазақ өз елінде ділі, тілі бөлек басқа ұлттармен, басымы орыс диаспорасымен бас қосып өмір сүруіне тура келді. Егер патшалық Ресейдің тұсындағы орыстардың Қазақстан жеріне қоныс аударуы көбіне шет жерлерді қамтыған болса, тоталитарлық Ресейдің тұсында ішкері аймақтарды толық қамтыды. Сондай-ақ бұл кезеңдегі қоныс тепкендер «біз Үлкен елдің тең дәрежедегі өкіліміз деген идеологиялық сенімде болды да, жергілікті ұлттың тілін, мәдениетін үйренбек түгіл, өз тілін күштеп енгізуді құп көрді» [108].

Қорыта айтқанда, жалпы болашақта қазақ елі үшін латын графикасына көшудің маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз екені көрінеді. Латын графикасын қабылдау арқылы осы жазуды қолданып жатқан түркітөктес мемлекеттермен жалпытүркілік бірегейлікті дамытуға, қазіргі жазуда орын алып отырған компьютерлік, интернеттік желідегі қиындықтарды жеңуге, орын алып отырған орфографиялық, орфоэпиялық кемшіліктерді жоюға, терминологиялық, ономастикалық атаулардың ұлттық сипатын қалыптастыруға және құлдық психологиядан арылып, ұлттық сананы қалыптастыруға оң ықпалын тигізери сөзсіз.

Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткіжайт басымдылығы

2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Елбасының сөйлеген сөзіне, 2012 ж. халыққа Жолдауына байланысты еліміздің зиялы қауымы әлемдік өркениетпен аралас-құраластықты дамыту үшін латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне көшудің, дәлірек айтсақ, оған қайта оралудың қажеттілігін терең пайымдап отыр.

Латын графикасы қазақ тілі үшін мүлде бейтаныс жүйе емес, кеңестік тоталитарлық жүйе 1929 жылы қазақ халқының ғасырлар бойы қолданылып келген араб графикасы негізіндегі әліпбиінен айырды. XVIII – XIX ғасырлар және XX ғасырдың басына дейін араб графикасы негізіндегі қазақ жазуымен мыңнан астам кітап, ондаған газет-журнал шығарылған болатын. Әр үйде болмаса да, үлкен шаңырақта кездесетін Құран Кәрім, я болмаса Мұхтасар, «Қиса-ұл ғибия», түгін сайын болмаса да, үш үй, төрт-бес үйдің бірінде болатын «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Зарқұм», «Сал-сал», «Бозжігіт» т.б. толып жатқан қисса-дастандар қазақтардың қастерлі дүниесі саналатын. Академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің айтуынша, қазақ мұндай кітаптардың біреуін XX ғасырдың басында бір қойға сатып алады екен. Әлгі кітаптардағы жазылған қисса-дастандарды ауыл адамдары бір үйге жиналып тыңдап, тамашалайтын көрінеді. Мұның өзі қазақтың жылқықұмарлығын ғана емес, кітапқұмарлығын, жазу-сызуға ынтықтығын да көрсететін мінез болса керек.

«Әлемдік революция» ұранын көтерген саясаттың салдарынан қазақтың «төте жазу» деп аталатын ұлттық жазуымен қоштасып, 1929 жылы латын әліпбиіне көшуімен байланысты әлгідей мәдени-рухани мұрасынан қол үзіп қалды. Сөйтіп, «қазақ халқы сауатсыз, жазу-сызуы болмаған, тек кирилше әліпбиімен сауат ашқан» деген пікір қоғамдық санада орнығып, стереотипке айналды. Орыс тілінде білім алып жатқан қазіргі мектеп оқушылары, жоғары мектеп студенттері, араб жазуын былай қойғанның өзінде, «қазақтар 1929-1940 жж. латын әліпбиін қолданған» дегенге таңырқай қарайды.

Латын графикасы негізіндегі әліпбиге халықтың енді ғана көзі үйреніп, қолы жаттығып келе жатқанда, қазақ жазуы өктемшіл Орталықтың әмірімен кирилшеге көшірілді. Латын графикасы негізіндегі әліпби қазақ қоғамында он жылдай қызмет істеді.

Ұлтсыздандыру, дінсіздендіру идеологиясының зорлығымен, Орталықтың дегенімен 1940 жылы «бір күн, бір түнде» латын графикалы қазақ жазуы кирилше жазуға көшкені мәлім.

Қазақ жазуы арабтан латынға, латыннан кирилшеге көшкенде – бәрінде де тоталитарлық тәртіпке негізделген саяси фактор күшті болды.

Біз бір есептен, латын графикасы негізіндегі бұрынғы әліпбиімізге кейбір өзгерістермен қайта оралмақпыз. Ол кездегі жағдай мүлде басқа еді. Қазір қазақтардың әліпби таңдауы тәуелсіз Қазақстан жағдайында, өтпелі кезеңнің өткелектерінен өтіп, тұрақты даму жолына түскен жағдайда жүзеге асқалы отыр. Мұндай мәдени-әлеуметтік шаралардан пиғылы теріс саясатшылар «орыстан кету», «батысқа бодан болу» деп саяси астар іздеп, әсіресе саясиленген факторды алға тықпаламақ болады. Ал

жағдайдың өзі шын мәнінде лингвистикалық, мәдени-әлеуметтік факторлардың бірінші орында тұрғанын көрсетіп отыр.

Жоғарыда біз азды-көпті мәдени-әлеуметтік факторға тоқталдық, ендігі сөз лингвистикалық фактор туралы. Қазіргі әліпбиімізде 42 әріп бар. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде мағына ажырататын негізгі дыбыстардың саны 28 (9 дауысты, 19 дауыссыз) бола тұра әліпбидегі әріп санының 42 болуы ешбір лингвистикалық өлшемге сыймайды.

Әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан екі есеге жуық асып кеткен. Бұл – әліпбидің оңтайлы, тиімді екенін көрсететін лингвистикалық критериймен мүлде үйлеспейді. Әліпбидің тиімділігін бағалаудың критерийі бойынша, әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі керек, негізгі дыбыстармен тең түсіп жатса дұрыс, ал әріп саны негізгі дыбыстардан аздап кем болса, одан да жақсы болып есептеледі. Мысалы, А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегі (төте жазу) әріптің саны негізгі дыбыстан кемірек. Орыс тілі әліпбиіндегі әріптің саны негізгі дыбыстардан аз, сол сияқты ағылшын, неміс т.б. елдердің әліпбиіндегі әріптің саны негізгі дыбыстардан әлдеқайда кем:

Орыс тілі	негізгі дыбыстар 41	әріп саны 33
Ағылшын тілі	негізгі дыбыстар 45	әріп саны 26
Француз тілі	негізгі дыбыстар 35	әріп саны 26
Қазақ тілі	негізгі дыбыстар 28	әріп саны 42

Әліпбидегі әріптердің саны шамадан тыс көп болуы мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызға да оңай тимейді. Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектепке келген балдырғандарымыз дыбысқа (уәжге) сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал *ъ, ь, ъ, ъ* тәрізді таңбаларды дыбыстық уәжі болмағандықтан жаттап алуына тура келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді жаттап, миға салмақ түсіреді. Бұл – мәселенің лингвистикалық-психологиялық жағы. 42 әріппен байланысты бұл қайшылықты, әсіресе ұстаздар қауымы жақсы біледі. Бұл жайт, жоғарыда айтқанымыздай, кирилше әліпбидің түкке алғысыздығынан емес, я болмаса кирилшені әуелде тіліміздің жүйесіне сай етіп ұқсата алмаған тіл мамандарының да кемшілігі емес. Қазақ лингвистерінің кәсіби біліктілік деңгейі қай кезде де төмен болған жоқ. Әліпбидегі түйткілдің түп-тамыры тоталитарлық жүйенің Кеңестер Одағындағы тілдерді, ұлттарды бірте-бірте ассимиляциялау саясатымен байланысты болды. Кеңестік кеңістіктегі халықтарды бір тілге көшіріп, Бабыл мұнарасын орнатып, көктегі коммунизмге қол жеткізбек болған идеологиялық қысымның салдарынан кирилше әліпбиіміз бұрмалауға түсті. Қазақ әліпбиіне енгізілген *в, ь, ь, ъ, ъ* тәрізді әріптер алдымен халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Сонымен, қазақ әліпбиі таза ұлттық әліпби болмай, қосамжар әліпби болды. Қазақ орфографиясы да сиям егіздері сияқты қосамжар орфография болып шықты. Қазақ мәтіндерінде қазақша жазылатын сөздер мен бөтен тілдің бөркін киген сөздер аралас-құралас жүрді. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс ор-

фографиясымен бұлжытпай жазу үшін *ч, щ, ю, я, ъ, ь, ц* тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі.

Шын мәнінде, жазба коммуникация үшін 28 әріп те жеткілікті еді. Ал 13-14 әріп шеттілдік сөзді орыс орфографиясымен жазу үшін әліпби құрамына кіргізілді. Сөйтіп, емле жүйесі басқа тілдің ережесіне кіріптар болып қалды. Өркениетті елдердің әліпбиіндегі әріптер әдетте өздеріндегі негізгі тілдік дыбыстарды (фонемаларды) таңбалайды, ал басқа тілдің сөзін жазу үшін арнайы әріп сайлап қоймайды. Өздерінің төл сөздеріндегі дыбыстарды белгілейтін әріппен шүршіттің сөзі болса да жаза береді.

Бұны салдарынан шеттілдік сөздерді дыбыстық жақтан игерудің тілдік механизмдері жұмыс істемей қалды. Тіл тегершіктерінің бірі жұмыс істемей қалса, бұл – дабыл қағатын жай. Орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің дыбыс жүйесімен жымдасып, жарасым табудың орнына алабөтен оқшауланып қалды. Бұрынғы кезде *плетен – белетен, купарос – көкбараз, вершок – бершек* деп орыс сөзін өз тілінің тәртібімен бауырына басты. Енді қазақ тілінің сөздік құрамында дыбыстық тезге түспеген, өңделіп, игерілмеген өгей сөздердің үйірі көбейе берді, көбейе берді.

Қазақ жазуының ұлттық сипатынан ауытқып, басқа жаққа бет алып бара жатқанын айқынырақ елестету үшін газет, журнал, ғылыми кітап, оқулықтардың кез келген бірін алып, мәтіндегі сөздерді орфографиясына қарай топтастырып, таразылап көріңіз. Сол кезде таразының бір басына қазақ тілінің заңдылығымен, екінші басында бөгде тілдің тәртібімен жазылған алабөтен сөз үйірін байқайсыз. Жыл өткен сайын «импортталған» сөздердің саны еселеп көбейіп келеді. Мұның өзі қазақ тілінің ежелден келе жатқан дәстүрлі нормасының бұзылу қаупін күшейте түседі, ал дәстүрлі нормасынан айырылған тіл қанаты қайырылған құстай дәрменсіз болып, қоғамдық қызметін ойдағыдай атқара алмайды.

Бұл жерде мәселе қолдан қоюлатылып отырған жоқ. Әрине, кірме сөзге Қытай қорғанын салса да, тоқтату қиын. Оларды (кірме сөздерді) тілдің өз мүлкіне айналдырып, мағыналық жақтан ғана емес, дыбыстық тұрғыдан да игеруі қажет. Олай болмаған жағдайда орфоэпиялық ереже, дыбыстау нормасы да дәрменсіз күйге түседі. *Ұлттық университет, ұлттық академия, ұлттық әдебиет, ұлттық өнер, ұлттық тәрбие, ұлттық мемлекет, ұлттық қауіпсіздік* деген жиі айтылады. Өйткені бәрінің іргетасы – ұлттық тіл. Ал оның ұлттық сипатына қаяу түсіп, тіні ыдырап жататындай болса, ұлттығымызға сын емес пе?

Қайсыбіреулер «... *республика, конституция, ламинат, капитал* т.б. тәрізді сөздерді осылай, орыс орфографиясындағыдай жаза берейік, онда тұрған не бар» дейді. Сырт қарағанда, солай. Бірақ бұлар басқа тілдің дыбыстық коды, сондықтан тілімізге сіңбей, оқшау, жат дүниедей болып тұр. Орыс тілі кез келген шеттілдік сөзді өзінің дыбыс жүйесіне, жазу тәртібіне салып, сіңіріп, қорытып ала қояды. Орыс жазуының ұлттық сипаты күшті. Ал шеттілдік сөздерді өзіміздің дыбыстық жүйемен, өзіміздің жазба тіл жүйесімен тілімізге сіңіре алмасақ, игере алмасақ, ұлттығымыз қайсы? Алайда қоғамымыздың тұрақты дамуына, экономикасының жақсаруына әсер ететін күшті факторлардың бірі ұлттық идея емес пе? Республика Президенті ұлттың дамуын тілдің дамуымен, ұлттың болашағын тілдің болашағымен байланысты қарау идеясын ұсынып отыр. Қазіргі жазу жүйесі ұлттық идеямен қабыса ма? Тілдің негізгі

заңдылығымен үйлесім тапқан жазу ғана ұлттық болса керек. Мысалы, орыс жазуы әлемдегі ең озық жазу, өйткені онда орыс тілінің акценттік болмысы дұрыс бейнеленген. Ал қазақ тілінің заңдылығы бойынша төлтума сөздері бірыңғай жуан, я болмаса бірыңғай жіңішке әуезбен айтылады. Қазақ мәтіндеріндегі сөздер, төл сөз болса да, шеттілдік сөз болса да, жуан//жіңішкелік үндесімге бағынуға тиіс. Сондықтан зиялы қауым өкілдері қазіргі жазуды (әліпбиді, емле ережелерін, орфографиясын) түбегейлі реформалау мәселесін қоғам алдына қойып отыр.

Енді бір сәт ана тіліміздегі сөздердің дыбыс құрамына зер салсақ, олардың көбінің бірыңғай жуан, я болмаса бірыңғай жіңішке сегменттік бірліктерден тұратыны байқалады. Ал профессор Ә.Жүнісбековтің тұжырымдамасы бойынша, жуан/жіңішкелік сөздің ұзына бойына тән просодикалық бүтін болып табылады. Қалай десек те, сөз құрамындағы дыбыстардың өзара үндесіммен айтылуы – ерекше феномен. Мұндай үндесім сөзішілік деңгейде ғана емес, одан жоғары тұратын сөзаралық құрылымдардың құрамында да кездесетін фреквенталий екенін байқауға болады. Мысалы: 1) *ата-ана, әке-шеше, ауыл-аймақ, ата-баба, қыз-қырқын* т.б. деген қос сөздер өзара мағыналық үйлесіммен, әрі жуан үндесіммен айтылса, *әке-шеше, үлкен-кіші, көл-көсір* т.б. қос сөздердің едәуір түрі жіңішке үндесіммен айтылады; 2) *қып-қызыл, қап-қара, жіп-жіңішке* тәрізді күшейткіш буындар да жуан/жіңішкелік үндесіммен дыбысталады; 3) қазақ тіліндегі едәуір қосорамды фразеологиялық тіркестердің сыңарлары да өзара мағыналық үйлесіммен, әрі дыбыстық үндесіммен айтылады: *күн десе көзі, ай десе аузы бар; ай дер ажа жоқ, қой дер қожа жоқ; алып алты, жеп жеті болмайсың; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс; алты аласы, бес бересі жоқ;* 4) едәуір мақал-мәтелдердің құрамындағы сыңарлар да жуан/жіңішке әуезбен жұп құрайды: *атасы достың баласы дос; жақсысын айт, жаманын тақап қой; жақсы бала еліне бас болады, жаман бала еліне қас болады; арамдықты адалдық жеңеді, жамандықты амандық жеңеді; көрмеген көлде естімеген қаздың дауысы бар* т.б. тәрізді қосорамды мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер де мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесіммен сөзді әрлендіріп тұр. БАҚ мәтіндеріндегі тақырыптардың да аттары мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесімімен тартымды болып тұрғаны байқалады: *Бірлескен жобаның берері көп; Иесі бардың игілігі бар; Айбынды сардар арамызда екен* («Егемен Қазақстан» газеті).

Сөз ішіндегі дыбыстардың ғана емес, қос сөздердің, күшейткіш буынды сөздердің, фразеологизм, паремиологизмдердің, газет тақырыптары мен айдарларының құрамындағы сөздер мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесіммен айтылуы – таза лингвистикалық қана емес, сондай-ақ тілдік ұжымның когнитивтік санасында орын тепкен эстетикалық категория.

Тіліміздегі сөз әуезінің жуан//жіңішкелік оппозициясы бұрын тек тілдік факт делініп, кейініректе тілдік заңдылық және норма деп танылса, ендігі жерде бұл феноменді тілдік тұлғаның (жеке тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның) когнитивтік санасында кодқа салынған эстетикалық ақпараттар жүйесі деп танылу қажет.

Сонымен, жоғарыда біз шеттілдік сөздердің ондап-жүздеп кіріп жатқанын айттық. Егер ондай «импортталған» сөздер қазақтың дыбыс әуезімен жазылмайтын (айтылмайтын) болса, бөтен тілдің тәртібімен жазылса, оның салдары мен зардабы қиынға соғатыны қазірдің өзінде байқалып отыр. Олай дейтініміз жеке тілдік тұлғаның,

тілдік ұжымның когнитивтік санасында сөздің жуан/жіңішке әуезі арқылы орныққан эстетикалық таным бірте-бірте көмескі тартады. Болашақ ұрпақтың тілдік санасынан фразеологизм, мақал-мәтел, көркем мәтіндегі сөздердің әуезді үндесімі бірте-бірте жоғала бастайды. Ұлттық тіліміздің ата-бабадан келе жатқан сыры мен сипатын жоғалтып аламыз ба деген үлкен қауіп бар. Ол бүгінгі әліпбиімізбен байланысты-ау демеуге әддіміз жоқ.

Әрине, латынға көшпей-ақ қолда бар әліпбидің артығын алып, кемтігін толтырып та, қазіргі жазу-сызуымыздың бет-бағдарын ұлттық сипатқа қарай бұруға болар еді. Күдікшілердің бұлай деуінде қисын жоқ емес. Өйткені қалауын тапса, қазіргі бауыр басқан кирилшемен-ақ шеттілдік ауыс-түйістерді *өперәтір* (оператор), *кілінійке* (клиника), *іреснубілііке* (республика) деп, үндесім тәртібіне бағындыруға да болар еді-ау.

Әрине, әуел бастан-ақ осындай бағытпен жүргенде, бәлкім, мемлекетіміз қазіргі кезде әліпби саясатымен бас ауыртпауы да мүмкін еді. Бірақ бүгінгі кезде «импортталған» сөздерді өзге тілдің тәртібімен жазу санаға әбден сіңісті болып, стереотипке айналды. Оны икемдеп, иіп әкеліп, тіліміздің үндесімімен үйлестіретін кез артта қалды. Қазіргі сыңаржақ қостілділік жағдаятында бұндай мүмкіндіктің ауылы тым алыстап кетті. Бір кездері «Ана тілі» апталығы *үніберсійтет*, *іністийтот* тәрізді бірер сөздердің жазылуын үндестікпен үйлестірмек болған еді, мұндай жаңалықты жұртшылық хош алмады. «Баяғыдағы қостілділік жоқ кездегі «оқымаған» ата-әжелеріміздің сөзіне ұқсайды» деген психологиялық кедергіге тап болды. Осы тәрізді психологиялық фактормен байланысты тағы бір қиындық – мемлекеттік тілді үйренуге бет алған орыстілді отандастырымыз *хлорды – қызор, холестеринді – кәлестерійн, кластерді – кіләстер* деп жазу керек дегенге илана қоймасы кәдік. Бұл тұста да психологиялық үлкен бөгетті еңсеру қиынның қиыны.

Бір кездегі саясатпен бұрмаланған «бұрынғыны қайта қаузап қалыпқа келтірейік» деген күдікшілердің уәжінен гөрі «болашаққа қарай қадам басайық» дейтін үмітшілдердің дәлелін дұрыс көреміз.

Өлгіндей сөздердің жазылуын басқа «бейтаныс» кодқа салып жазсақ, реципиенттің қабылдауы басқаша болады: *өперәтір* (оператор), *үнүберсіјтет*, *кіләстер* (кластер) т.б. Сөйтіп, санадағы стереотипті, психологиялық бөгетті айналып өтеміз. Сондықтан жазудағы бет-бағдарымызды түзеудің жолы – латын әліпбиіне көшу.

Ұлттық сана және «әліпби» концептісі

Мәселенің мән-жайы түсінікті болуы үшін *сана* деген іргелі ұғымды еске түсіруімізге тура келеді. Бұл аталған күрделі ұғымның арғы жақтағы қатпарларына бармай-ақ, қысқа қайырсақ, *сана* дегеніміз адамдардың ақиқат дүниедегі зат, құбылыс, уақиға т.б. түйсінуі, қабылдауы және оларды ой елегінен өткізу барысында пайда болған, қалыптасқан түсінігі мен көзқарасы дегенге саяды. Түсінік, көзқарас, әрине, алдымен адам санасында, тілдік ұжымның санасында жинақтала, қорытыла келе, білімге айналады. Ондай білімдердің біралуаны ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан *дәстүрлі білімдер* болса, біралуаны тілдік ұжым мүшелерінің әрқилы ақпараттарды салыстыру, ойлау нәтижесінде пайда болған *табиғи білім* жүйесі бо-

лып табылады. Білімнің тағы бір түрі арнайы бағдарлама бойынша оқыту барысында мектепте, жоғары оқу орындарында, арнаулы курстарда алынған *үйретінді білімдер* жүйесіне жатады.

Мысалы, «әліпби» деген концептіде (когнитивтік бірлікте) әртүрлі білімдер жүйесіне жататын ақпараттар тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған. «Әліпби» – ақиқат дүниенің үзiгi. Ол жөнiнде тiлдiк ұжымның, оның мүшелерiнiң санасында ақпараттар жинақтала, екшеле келiп, «концепт» деп айтылатын когнитивтiк құрылым арқылы бiлiмге айналады.

Кирил, латын, араб, Орхон әліпбилері туралы тілдік ұжымның когнитивтік санасында кодқа салынған ақпараттар жинақтала келіп, білімге айналады. Ал білімнің өзі тұрмыстық деңгейдегі, энциклопедиялық деңгейдегі білім деп бөлінеді. Тілдік ұжымның санасында білім түрінде жинақталған ақпараттарды жүйелеп көрсету еліміздегі әліпби саясатына «жұртшылықтың қалай қарайтынын» байқауға, бағамдауға азды-көпті мүмкіндік береді. Өйткені мұндай білімдер жүйесі саяси, мәдени-әлеуметтік, тілдік, психологиялық, экономикалық түрткіжайттардың қалыптасуына әсерін тигізеді.

Әліпби әріптер арқылы белгілі бір тілдің мағыналық бірліктерінің дыбыстық тұрпатын белгілейді. Бұл тұрғыдан қарағанда, әліпби – таза лингвистикалық ұғым. Сонымен бірге әліпбиді белгілі біртiлдiк қоғамдастықтағы таза лингвистикалық мәндiлiк қана емес, мәдени-тарихи ақпараттар кодқа салынған концепт (кең ұғым) деуге болады. Егер әліпбиді тілдік ұжымның когнитивтік санасындағы мәдени-тарихи, лингвистикалық ақпараттар кодқа салынған концепт деп қарасак, ондағы кодты шамамен былайша ашуға болады:

Мысалы, Орхон әліпбиі–V-VIII ғғ. Түркі қағанаты қолданған әліпби жазуы; Түркі қағанатында жазба коммуникация болған және ол бұқаралық сипатта болғанға ұқсайды, өйткені тек бір ғана әлеуметтік жікті – қаған мен бектерді ғана емес, өзге де әлеуметтік төмен жікті қамтығанға ұқсайды; қазіргі түркі халықтары (чуваштардан басқалары), оның ішінде қазақ тілі де –Орхон-Енисей әдеби тілінің мұрагері. Тілдің барлық деңгейіндегі дыбыстар, грамматикалық бірліктер, лексика-фразеологиялық жүйесі де қазақ тілімен ортақтықтары бар, сондай-ақ қазақ тілінің жүйесінен (қыпшақтық жүйелері) өзгеше, басқа туыстас тілдерде кездесетін құрылымдар бар.

Орхон әліпбиінің вокализм жүйесі 8 дауыстыдан, консонантизм жүйесі 16 дауыссыз дыбыстан тұратыны белгілі: *a, a; o, o; u (y), u (y)* бұл жерде назар аударатын қиындық *a (ə)* дыбысын белгілейтін таңба [e]-ні де, [i]-ні де белгілеген. 16 дауыссыз *v, č, d, g/γ, k/q, j, l, m, n, n', η, p, r, s, š, t, z* дыбыс 32 әріппен таңбаланған. Өйткені жуан дауыстылармен келген сөздерде дауыссыз бір таңбамен, жіңішке дауыссыздармен келген сөзде басқа таңбамен белгіленген. Мысалы, Орхон әліпбиіне көшетін болсақ, *тон* дегендегі *m* дауыссызын бір таңбамен, *төн* дегендегі [m']-ны басқа бір таңбамен белгілеуге тура келеді. Сөйтіп, Орхон әліпбиіне көшсек, 9 дауыстыны 5 әріппен, 16 дауыссызды 32 әріппен таңбалар едік, ал әліпбидегі әріптің саны 31 әріп болар еді.

Түркі қағанатында (V–VIII ғғ.), оның шығысы мен батысында, солтүстігі мен оңтүстік аймақтарында Орхоннан басқа сирия жазуы, санскрит жазуы, брахми, ескі ұйғыр жазулары қолданылды. Бұлардың бәрі діни фактормен (будда, христиан дінімен)

байланысты болды. Тек Орхон жазуы ғана кезінде қағанатқа кеңінен тараған. Салыстырмалы түрде айтқанда, әскери демократиялық қоғамның азаматтық сипаттағы жазуы болып, «маңдайы» жарқырап тұрды. Алайда, діни фактор болмағандықтан, діни сенімге негізделмегендіктен, бұл жазу қолданыс майданынан шығып қалды.

«Әліпби» концептісімен байланысты кодқа салынған мұндай ақпараттар тек филолог, тарихшы, шығыстанушы, қоғамтанушы және делитанттардың тілдік санасында білім алу жолымен жүйеленген. Ал өзге жұртшылықтың когнитивтік санасында білім түрінде орныққан ақпараттар жеткілікті болмағандықтан, Орхон әліпбиінің мұрагері ретінде қайта жаңғыртып, қазақ әліпбиі ретінде алу ұсынысы қалың жұртшылықта қолдау табатыны күмәнді болып қалды. Ұсынылған жобалар жоқтың қасы, ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан негіздеу, мықты дейтіндей түрткіжайттарды ашып көрсету жағы олқы түсіп жатты.

Мәдени-тілдік ұжымның санасындағы «араб әліпбиі» концептісінде әртүрлі мәдени-тарихи ақпарат кодқа салынған. Сол ақпарат жүйесін қысқаша таратып айтар болсақ, «араб тілі – пайғамбарлардың тілі»; қасиетті Құранның сүрелері көктен араб тілінде түскен; қазақтар исламды қабылдап, өзінің дәстүрлі діні деп таныды. Араб мәдениеті, жазуы арқылы қазақ даласына білімнің ұшқыны тарай бастады; қазақ қоғамдастығында жазба тілдің үлгілері жасалып, нормалары айқындалып, Қазақ мемлекетінің хан жарлықтары, ісқағаздары, дипломатиялық жазбалары, заң жобалары араб әрпімен қағазға түсті. Қазақтың оқып, сауат ашқан ақын-жыраулары көркем дүниелерін араб әліпбиімен қағазға түсірді. Қазан төңкерісіне дейін, шамамен мыңға тарта кітап жүздеген таралыммен ауыл-ауылға таралған екен. Ертеректегі қазақ қоғамында тек зиялы қауым игілігіне қызмет еткен ескі жазбаны А.Байтұрсынұлы реформалап, барша жұртшылықтың игілігіне айналдырды, «төте жазу» жүйесін жасап, жазу-сызуды демократияландырды.

Алайда советтік/кеңестік дәуірде қазақ әліпбиін латынға, одан кирилшеге көшірумен байланысты тілдік ұжым төте жазудан қол үзіп қалды да, дәстүр сабақтастығы бұзылды. Тек Қытайдағы қазақ ирредентасы осы төте жазуды қолданып отыр. Міне, араб әліпбиі туралы осы тәрізді ақпараттар тілдік тұлғаның (жеке адамның, тілдік ұжымның) санасында жинақтала келе мәдени құндылық түрінде орнықты. Осыған байланысты кейбір тілдік тұлғалардың әліпби ауыстырулар болып жатқан бұл заманда «төте жазуға неге оралмаймыз», «мәдени-ұлттық құндылығымызды неге қайта жаңғыртпаймыз» деген сұраудың күдікшілдер тарапынан қойылуын орынсыз деп айта алмаймыз. Оның үстіне А.Байтұрсынұлы әліпбиін кезінде әлем лингвистикасының көрнекті өкілдерінің бірі Д.Е.Поливанов аса жоғары бағалаған. Н.Ф.Яковлев математикалық тәсілмен бұл әліпбидің ең тиімді екенін көрсеткен. Алайда А.Байтұрсынұлы әліпбиіне көшуді қолдаушылар төте жазумен шеттілдік сөздердің қалай жазылатыны, шеттілдік сөздердің «басқыншылығы» көктемгі қарғындай күшейіп келе жатқан қазіргі заманда бейүндес сөздердің орфографиялануы тәрізді қиын мәселелермен байланысты сындарлы ұсыныс жасай қойған жоқ.

Егер таза лингвистикалық түрткіжайтқа сүйенсек, ең дұрысы төте жазу болар еді. Бұл жерде мәдени-элеуметтік фактор басым түсіп жатыр. Әрине, қоғам тек өткен кезеңді еске алып, оның сабақтарынан тағылым алумен бірге болашақты болжамдай-

ды. Көптеген ел, әліпби ауыстырғаны да, ауыстырам деп, ауыстыра алмай қалғаны да басқаны емес, неге латын әліпбиін таңдайды? Өйткені әлем Батысты бағдарға алып, оның озық технологиясын, ғылым-білімдегі табыстарын игеріп, жаңартпалар жасауды көздеп отыр. Экономикадағы мемлекетаралық сан-салалы қатынастың ең болмағанда бір тегершігін өз қолында ұстағысы келеді, одан айырылып қалмауға тырысады. Бұл – ұлттық сананың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланысты қыры. Кез келген реформа ұлттық санамен байланысты. Егер ұлттық сана әліпбиді қолдаса, реформаны жүзеге асыру да ойдағыдай болмақ. Қалың жұртшылықтың ықыласы латын әліпбиіне қарай ауып тұрғанын жобалардың көптігінен де аңғаруға болады.

Тілдік ұжымның когнитивтік санасында латын әліпбиі жөнінде орныққан ақпараттар жүйесін «энциклопедиялық сипаттағы жинақталған білім және тұрмыстық мазмұндағы білімдер жүйесі» деуге болады. Қазіргі ғылым мен білімнің терминологиясы негізінен латын сөздері болып табылады; латын әліпбиін қолданып отырған тілдер саны жағынан өзге тілдерден басым; алыс шетелдердің университеттерінде қандай мамандық болмасын, латын тілі оқытылады; латын әліпбиі компьютерде қолдануға икемді. Бір кездерде қазақ тілі латын әліпбиін қолданды, оқулықтар мен көркем әдебиеттер латын әрпімен басылып шықты; латын әліпбиі ісқағаздарда қолданылды т.б. – тілдік ұжымның санасындағы энциклопедиялық білімдер жүйесін байқататын үзіктер.

Латын әліпбиінің батыс елдерде қолданылатыны, батыс елдері шығарған тауарлардың жапсырмаларындағы, тауар төлқұжатындағы латын әліпбиімен жазылған жазулар сатып алушыға тауар сапасына кепілдік беріп тұрғандай көрінеді. Өзінің тауарлары мен көрсететін қызметі батыстағыдай сенімді, сапалы дегенді аңғарту үшін орталық қалалардағы фирма, кәсіпорын, сауда орталықтары, банк бөлімшелерінің т.б. өз аттарын латын әрпімен жазып қоюы дағдылы жайтқа айналып бара жатқаны байқалады. Мұны латын әліпбиімен байланысты жұртшылықтың тұрмыстық санасында жинақталған ақпараттардың көрінісі деуге болады. Мұндай жайттар да латын әліпбиіне көшуге деген жұртшылықтың ыңғайын танытып, олардың «кет әрі емес»-тігін байқатады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің фонологиялық аспектісі

Латын графикасына көшу мәселесі – көпәспектiлi тарихи маңызды проблема. Бұл мәселенi ойдағыдай шешу үшiн елдегi экономикалық, саяси, әлеуметтiк, тарихи-мәдени жағдайларды да ескеру керек.

Қоғамдағы саяси-әлеуметтiк, экономикалық жетiстiктер халықтың санасын, намысын оятып, жаңа табыстарға жетелейдi. Қазақ тiлiнiң мәртебесi мемлекеттiк тiл ретiнде көтерiлiп, оның ықпалы өзiмiздiң Отанымызда да, шетелде де өстi. Шетелдiк қазақтар өздерiнiң Қазақстанда тұратын отандастарымен қатынасқанда қазiрдiң өзiнде латын графикасына негiзделген ақпараттық жүйелердi қолданады. Жастардың көбi латын әлiпбиiн қолданатын шет тiлдерiн бiлуге ынталы, қоғамның компьютерленуi, интернеттiң қолданылуы, батыс мәдениетiнiң теледидар, кино ар-

қылы ықпалы, еуропалық сапа, талап – осының бәрі біздің қоғамымызды латын әліпбиін қолдануға итермелейді.

Әліпби реформасының практикалық мәні зор. Қазіргі қазақ әліпбиінің 42 әрпінен гөрі мектептегі оқушыларға 26 латын әрпін меңгеру оңайырақ. Еуропа тілдерінде олардың фонологиялық жүйелерінің даму нәтижесінде фонемалардың саны әріптермен салыстырғанда көбейген. Мысалы, француз тілінің фонетикалық жүйесінде 35 фонема, ағылшын тілінің құрамында 44 фонема бар. Осы фонемалар тек 26 латын әрпімен беріледі. Ал қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде 28 төл фонема 42 әріппен беріліп жүр. Сондықтан қазақ бүлдіршініне еуропалық баламен салыстырғанда өзінің ана тілінің дыбыс-әріптік жүйесін үйреніп алу оңайға соқпайды. Француз тілінде **а** әрпі үш фонеманы білдіреді: **а** – тілалды, **а** – тіларты және **а** – мұрын жолды. **О** әрпі үш фонемаға сәйкес келеді: **о** – ашық, **о** – жабық және **о** – мұрын жолды. **Е** әрпі де үш фонемада көрініс табады: **е** – ашық, **е** – жабық және **е** – мұрынды.

Ең жақсы әліпбиде бір әріпке бір фонема сәйкес келеді деген пікір таралған, дегенмен фонемаларды осылай таңбалаған үнемдеу принципіне қарсы шығады. Тілші-ғалымдар үнемді әліпби құрудың амалын іздеп, фонемалар мен графемаларды сәйкестендіру үшін математикалық формулаларды ұсынған болатын. Орыс тілінде әліпбиді үнемдеу үшін дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке айырым белгілері қасында тұрған дауысты дыбыстар арқылы беріледі. Орыс жазуы орфографиясы бойынша силлабикалық жазу деп аталады. Орыс тіліне сәйкес дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі силлабикалық принципмен берілуі өте қолайлы, әйтпесе жіңішке дауыссыздарды көрсету үшін тағы біраз жаңа әріптер енгізу керек болар еді. Дауыссыздардың жіңішкелігін белгілеу үшін бес жіңішке дауыстыны (*я, ю, е, ё, и*) пайдалану графикалық тәсілдерді үнемдеу принципіне сәйкес келеді, бұл тек жазуда ғана емес, компьютерлік теруде де қолайлы. Орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздар бір сөздің құрамында алмасып отыратыны белгілі.

Қазақ тілінде дауыссыздардың жуан-жіңішкелігінің фонологиялық мәні жоқ. Салыстырыңыз: орыс тілінде *кон-кон*, *мол-мол* сөздерінде жіңішке белгі дауыссыз фонемалар сөздердің мағынасын ажыратып тұр. Қазақ тілінде *тон, төн; тыс, тіс* деген сөздерде олардың мағынасы дауыссыздардың қасында тұрған жуан-жіңішке дауыстылар арқылы ажыратылып тұр.

Қазақ тілінде үнемді жазуды алғаш рет ұсынған қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы еді. Сингармонизм заңы бойынша, қазақ сөздері бірыңғай жуан я бірыңғай жіңішке айтылатыны белгілі. Сөздерді бірыңғай жіңішке айту үшін олардың алдында ғалым *дәйекше* деген таңбаны (белгіні) қолданған. Қазақ әліпбиін үнемдеу жайында қазақ филологиясының алғашқы профессоры Құдайберген Жұбанов та жазған. 1935 жылы ғалым қазақ әліпбиін және орфографиясын өзгерту жайында жоба ұсынған болатын, жазуды үнемдеу мақсатында дауыстылар мен дауыссыздарды азайтып, бірнеше фонеманы бір әріппен таңбалауды көздеген.

Әр тілдің әліпбиі дыбыстарды шартты түрде таңбалайды. Оның олқылықтары мен кемшіліктері орфография қағидаларымен өтеледі. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасағанда фонологиялық және орфографиялық заңдылықтарды ескеру керек. Графемаларды үнемдеу мақсатында қазақ тіліндегі төл фонемалардың

үстінде диакритикалық таңбаларды пайдалануға болады: **ә, ү, ө** фонемалары **ä, ü, ö** деген латын әріптерімен беріледі. **Ғ, ң** дауыссыздарына **ğ, ŋ** деген әріптер сәйкес келеді. Кейде дауыссыздардың жіңішкелігін апостроф арқылы беруді ұсынады. Дегенмен, апостроф арқылы таңбаланған дауыссыздар артық ақпарат беріп, қолайсыз жағдай тудырады. Жіңішке дауысты дыбыстар алдын ала дауыссыздарды жіңішке айтуға итермелейтін болғандықтан, апострофтың жөні келмейді. Апостроф арқылы берілген сөздерге: *k'ic'i, m'il'ek'm'er'* қолайсыз көрінеді.

Қазақ әліпбиінің латын графикасы бойынша ұсынылған жобаларының ішінде қазақ тіліндегі төл дауыстыларын әріптердің қосындысымен берілгендері де бар: мысалы, **ә** таңбасы **ae** әрпімен, **ө** таңбасы **oe** әрпімен, **ү** таңбасы **ue** әрпімен, **қ** таңбасы **kh** әрпімен, **ғ** таңбасы **gh** әрпімен белгіленеді. Дегенмен аталмыш фонемаларды қосынды әріптермен бергенде мәтін көлемі көбейіп, тілдің негізгі үнемдеу принципіне қарсы шығады. Сондықтан қосынды таңбаларды, диграфтарды алмау керек. Диакритикалық таңбалар да мейілінше аз болу керек.

Қазақ тіліндегі орфографиялық, фонетика-фонологиялық заңдылықтарға сәйкес жаңа жобаны ұсынғанда, тілдің тарихын, оның диалектикалық дамуын ескеру қажет. Әр тілдің фонетикалық құрылымының дамуы оның үнемі жетілген дыбыс жүйесінің нәтижесі болып табылады. Барлық тілдерге тән әмбебап фонологизация құбылысының нәтижесінде фонемалардың аллофондары дербес фонемаға айналады. Қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесі даму үстінде, оған ішкі (лингвистикалық) және сыртқы түрткіжайттар да әсер етеді. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі, бір жағынан, орыс тілінен келген фонемалар арқылы, екінші жағынан, фонетикалық жүйенің ішкі заңдылықтары арқылы байыды: фонемалардың вариациялары синтагматикалық осьтен парадигматикалық оське ауысты. Фонемалардың қалыптасуы тіл мен ойдың дамуымен байланысты, тілдің жаңа ұғымымен және лексикасымен толығып және көршілес мәдениет пен өркениеттің ықпалымен байыды.

Батыс Еуропа тілдерінің әліпбиіндегі әріптердің саны 26-ның о жақ бұл жағында. Мысалы, ағылшын және француз тілінде 26 әріп. Бұл тілдер фонологиялық жүйелері дамыған тілдерге жатады: бір әріптің өзі бірнеше фонеманы таңбалайды. Италия тілінің әліпбиі 21-ақ әріптен тұрады. Бұл еуропа тілдерінің ішіндегі ең шағын әліпби. Қалған әріптер тек кірме сөздерде пайдаланылады. Испан тілінің әліпбиі 27 әріптен тұрады. Негізгі әріптеріне **Ñ** дауыссызы қосылған.

Неміс тілінің орны бөлек, картаға қарасақ, Алмания (Германия) Батыс Еуропа мен Шығыс Еуропаның шегарасында орналасқан. Неміс әліпбиінің негізгі әріптеріне 3 умлаут және 1 лигатура қосылған. Сонымен әріптердің саны 30-ға жеткен. Фонемалардың умлаут аллофондары өзінің позициялық тәуелділігінен айырылып, дербес фонемаларға айналып, фонологизацияланып, графемаға сәйкес келген. Тілдің даму барысында фонологизация құбылысының нәтижесінде фонемалардың саны өскен. Батыс Еуропа тілдерінің жазба ескерткіштері VII – IX ғасырларда, ал Шығыс Еуропа тілдерінің ескерткіштері XV – XVI ғасырларда пайда болған. Негізгі **26** латын әрпі Батыс Еуропа тілдерінің жазуында қолданылды.

Латын графикасына негізделген Шығыс Еуропа тілдерінің жазуы модификацияланып, өздерінің спецификалық дыбыстарына сәйкес жаңа графемалармен толықты. Жаңа графемалар көбінесе диакритикалық таңбалар арқылы жасалды. Сондықтан

Шығыс Еуропа тілдерінің әліпбиінде әріптердің саны көбірек. Демек, батыстан шығысқа қарай әріптердің саны көбейгені байқалады. Шығыс Еуропа тілдерінің әліпбилері шамамен **30-40** әріпті қамтиды. Румын, молдован тілдерінің әліпбилерінде **31** әріп; поляк, литва, эстон тілдерінің әліпбиі **32** әріптен тұрады; латыш тілінің әліпбиі **33** әріпті қамтиды; венгр, чех тілдерінің әліпби құрамында **40, 42** әріп бар.

Мысалы, латыш тілінде негізгі латын әліпбиінен **4** әріп (Q, W, X, Y) алынбаған, оның орнына өздерінің спецификалық дыбыстарын белгілеу үшін **11** диакритикалық таңба арқылы берілген әріптер (Āā, Čč, Ēē, Ģ ģ, Īī, Ķķ, Ļļ, Ņņ, Šš, Ūū, Žž) қосылған. Соның нәтижесінде әріптердің саны **33-ке** жеткен. Дауыстылардың созылыңқы жұптарын көрсету үшін *макрон* деген әріпүсті диакритикалық таңба қолданылған. Дауыссыздар әріпүсті және әріпасты диакритикалық *седиль* және *бревис* таңбалары арқылы берілген.

Түрік тілінің әліпбиі **29** әріпті қамтиды. Соның ішінде тек түрік тіліне тән **6** әріп (Çç, Ğğ, İi, Öö, Şş, Üü) диакритикалық таңбалары арқылы берілген, негізгі латын әліпбиінен **3** графема (Q, W, X) алынбаған. Дауыстылардың жіңішке жұптары әріпүсті *умлаут* диакритикалық таңбамен берілген, дауыссыздарды әріпүсті және әріпасты диакритикалық *седиль* және *бревис* таңбалары көрсетеді.

Әзербайжан тілінің әліпбиі **32** әріптен тұрады. Бірақ **W** әрпі алынбаған, **7** графема қосылған. Әзербайжан тілінің фонологиялық жүйесіне тән төл фонемалар диакритикалық таңбалар (Çç, Ğğ, İi, Öö, Şş, Üü) арқылы және кеңейтілген латын әліпбиінде қолданатын **Ә** әрпімен берілген. Дауыстылардың жіңішке жұптары *умлаут* диакритикалық таңбамен көрсетілген, дауыссыз дыбыстар кеңінен қолданатын *седиль* және *бревис* диакритикалық таңбалармен белгіленген.

Келтірілген Шығыс Еуропа (латыш) және түркі (түрік, әзербайжан) тілдеріндегі әліпбилерінің тәжірибесі ескеріліп, қазақ әліпбиінің **31** әріптен тұратын жобасын ұсынып отырмыз. Негізгі латын әріптерінен **3** таңба (C, W, X) алынбай, өзіміздің **7** спецификалық фонемалар диакритикалық таңбалар (Āā Ğğ, İi, Öö, Şş, Üü, Ūū) арқылы белгіленіп қосылады. Дауыстылардың жіңішке сыңарлары *умлаут* диакритикалық таңбалар арқылы беріледі. **ü**-ның жуан сыңарын **ū** (ұ) көрсету үшін әріпүсті *циркумфлекс* диакритикалық таңба ұсынылады. Дауыссыздар еуропа және түркі тілдерінде кеңінен қолданатын *седиль* және *бревис* таңбаларымен көрсетіледі.

Қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесіне кірмейтін орыс тілі арқылы грек, латын тілдерінен келген халықаралық сөздерде кездесетін **<ф>** фонемасы сол орыс тілінің өзінде де көпке дейін қабылданбай, бөтен, жат дыбыс болып келген. Сондықтан **<ф>** фонемасынан басталатын сөздер орыс тілінде мүлде аз, *фабрика, фирма, фильм* деген Еуропа тілдерінен келген бірнеше сөздер ғана. Орыстың кейбір деревнялық говорларында [ц, ч] аффрикаттарының орнына [с, ш] дауыссыздары айтылады: *птица, курица, конец* деудің орнына *птиса, куриса, конес* десе, *чай, чисто, ночь* дегенді *шай, шисто, ношь* дейді, себебі аффрикаттар төл славян тілінде қолданылмаған және **<в>** ~ **<ф>**; **<с>** ~ **<ц>**; **<ч>** ~ **<ш>** деген фонологиялық оппозициялар болмаған, олар фонологизация құбылысының нәтижесінде орыс тілінің фонетикалық жүйесіне кейінірек енген.

Сонымен, фонема – тарихи дамып, өзгеріп тұратын бірлік. Қазақ тілінде оның парадигматикасында **ц, ч** және **ф, в** фонемалары жоқ, олар **с, ш** және **п, б** фонемаларының

вариациялары ретінде физикалық дыбыс болғандықтан, тілдің синтагматикасында кездеседі. Қарастырылған аллофондар жиі қолданыста болғандықтан, фонетикалық заңдылықтарға бағынып, адамдардың артикуляторлық аппаратына икемделген. Сонымен, **в** және **ф** дауыссыздарды дәстүрлі **в** және **ф** латын әріптерімен, **ц** және **ч** аффрикаттарды **ts** және **th** дыбыс тіркестерімен таңбалауға болады.

Қазіргі кезде дау тудырып жүрген **и** мен **у** әріптері *ый, ій, ұу, үу* дыбыс тіркестерін таңбалайды. Кирил әліпбиіне көшкенде аталмыш дифтонгоид дыбыстар әріптерді үнемдеу принципіне сәйкес оларды бір таңбамен белгілейтін болды.

Тіл иелері бұл дыбыстарды дифтонгоид фонема ретінде қабылдайды, ал жазуда олар бір әріппен белгіленіп, адамның санасына еніп, фонологизация құбылысына бағынған.

Сөздердің құрамында осы әріптер болғанда біз ойланбай-ақ *игілік, инабат, иман, институт, университет, кино* деп жазамыз, транскрипцияда олар былай жазылады *йгілік, ыйнабат, ыйман, йінстійтуут, үунійверсійтет, кійно*. Латын әліпбиіне көшкенде, біздің ойымызша, жазуда сабақтастылықты, оңайлықты және жеңілдікті сақтау қажет.

Жас және орта ұрпақ дәстүрлі кирил әліпбиінде өсіп қалыптасқандар осындай жазуды қолдайды, ал жетпістен асқан ақсақалдар бұрынғы латын әліпбиін пайдаланғандар транскрипциялық жазуды, яғни дыбыстардың бәрін белгілеуді алға тартады.

Бұл әлеуметтік лингвистиканың факторы дау тудырып, қорытынды жобаны таңдауға кедергі жасайды. Бірнеше ұрпақ тұратын бір отбасының өзінде де кейде бірізділік болмайды. Сондықтан латын әліпбиіне көшкенде ғылыми-лингвистикалық негіздемемен қатар экстралингвистикалық, әлеуметтік факторларды да ескеру қажет.

Қ мен **Ғ** төл қазақ дыбыстарын таңбалауда әртүрлі көзқарас бар. Бұл **к** және **г** дыбыстарының жуан сыңарлары. **Ғ** мен **г**-ні **ğ** және **g** әріптерімен таңбалаймыз. Сонда бір жүйе болу үшін **қ** мен **к**-ні ұқсас таңбалармен белгілеу керек сияқты.

Кеңейтілген латын әліпбиінде **қ** деген таңба бар. Бұл әріп еуропа тілдерінде де қолданылады, мысалы, латыш тілінде. **Қ**-ны таңбалау үшін **қ** әрпін алғанда мемлекеттік рәміздерде, төлқұжаттарда және басқа да ресми қағаздарда *қазақ, Қазақстан* қазақ, орыс, ағылшын және басқа да еуропа тілдерінде ұқсас жазылар еді. Салыстырыңыз: қазақ тілінде *қзақ, Қазақстан*, ағылшын тілінде *kazakh, Kazakhstan*, орыс тілінде *казах, Казахстан*.

Кейбір жобаларда **қ** дыбысың **q** графемасымен таңбалауды ұсынады (*qazaq, Qazaqstan, Qaidar, Qazbek*). Біздің ойымызша, бұл қолайлы емес, себебі сөздерді жазуда бірнеше критерийді ескеру қажет: сабақтастық, сәйкестік, ұқсастық, бара-барлық. Сонымен қатар қазақ тілін басқа ұлт өкілдері үйренгенде бөгет, кедергі, қиыншылық, түсінбестік, білместік болмау керек, мысалы, ағылшын, француз және басқа да еуропа тілдерінде **q** таңбасы **u** әрпімен бірге қолданылады: *quality, quarry*(ағыл.), *quelque, quartier* (франц.). Осындай латын графикасына негізделген тұрақты қағидалар қазақ орфографиясын меңгеруде теріс әсер ететін сияқты.

Алайда, бұл қатал ұстанатын принцип емес, осы әріп бойынша бір шешімге келуге болады. Сондықтан жобада 2 нұсқасы да берілген.

Латын әліпбиіндегі **h** әрпі *habar(хабар), hat(хам), kaharman (каһарман)* және *Mûhtar(Мұхтар), Dînmûhamed (Дінмұхамед), Hûsni(Хұсни)* деген жалқы есімдерде қолданылады.

Жуан дауыстыларды белгілеу үшін латын графикасынан дәстүрлі әріптер алынады, жіңішке дауыстылардың үстінде коснүкте қойылады: **ä, ö, ü**. Ортақ түркілік әліпбиде **ä** әрпі **ə** таңбасымен берілген. Бұл әріп кеңейтілген латын әліпбиінде бар. Сондықтан жобада екі нұсқа да бар.

Жіңішке төл **i** дыбысы **ı** графемасымен беріледі. Қысқа **ı** мен ұзын **i** латын **i** әрпімен белгіленеді. Қазақ тілінің жуан төл **ы** дауыстысын белгілеу үшін түркологиялық транскрипцияда осы әріп үшін қолданатын **ı** таңба ұсынылады.

Г дауыссызының жуан сыңарын (**Ƣ**) белгілеу үшін **g** үстінде төңкерілген жарты ай сияқты диакритикалық белгі қолданылады – **ǵ**. **К** дауыссызының жуан сыңарын белгілеу үшін, жоғарыда көрсетілген, кеңейтілген латын әліпбиіндегі **қ** белгісі ұсынылады.

Жазуды үнемдеу үшін **ұу, үу** тіркестерінен тұратын **у** әрпі жалғыз **u** таңбасымен белгіленеді. Ал жуан **ұ** дауыстыны белгілеу үшін **u** әрпінің үстіне диакритикалық таңба қоямыз – **û**.

ң дауыссызын белгілеуде өткен ғасырдың отызыншы жылдарында қолданылған **ŋ** графемасы ұсынылады.

Ш дауыссызын белгілеу үшін түрік тілінде қолданылатын **ş** деген латын графемасы ұсынылады.

Кірме сөздерде кездесетін **ц** мен **ч** дауыссыздарын **ts** мен **th** тіркестерімен белгілеу ұсынылады.

Astana, Almaty, Қазақстан (Qazaqstan), Sauranbaev, Masimov, Қайдар (Qaidar), Köbei, ine, ikemdeu, kino, institut, universitet, tau, kelu, baru, säur (säur), su, siyr, himia, fizika, Mahmet, Uali, halyқ (halyq), kün, қûn (qûn), қағаз(qağaz), şapan, alaş, tsirk, Thili.

НЕГІЗГІ ЛАТЫН ӘРІПТЕРІ

Әліпби	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q	R	S	T	U	V	W	X	Y	Z	
Ағылшын	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
Француз	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
Итальян	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	-	+	
Испан	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
Неміс	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
Латыш	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	-	-	-	+
Түрік	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	-	-	+	+
Әзербайжан	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+
Қазақ	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	+	+

Кіріме сөздердің графикалық тұрқының морфологиялық талданымы

Қазіргі кезде қазақ тілінің өзіне тән төл дыбыс құрамының басын ашып алу ғылыми-теориялық тұрғыдан болсын, әдістеме-практикалық тұрғыдан болсын, өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл қазақ тілінің фонетика деңгейінен бастап, лексикасы мен морфологиясын қамтып, синтаксисіне дейінгі талданым желісін, сондай-ақ сөздік құраудың әліпби тізімін бейтәртiп күйге түсіріп отыр:

- фонетикада болса, қазақ тілінде қанша дыбыс (дауысты-дауыссыз) бар дегеннің шешімі табылмай келеді;

- лексикада болса, қазақ сөзінің үндесім әуезінің бұзылып бара жатқаны алаңдатады;

- морфологияда болса, қазақ сөзінің морфем құрамы мен буын тұрқы неге тасымал ретін бұзады деген сұрақ туындайды;

- синтаксисте болса, сөйлеу (немесе, сөйлем) ырғағының бұзылуына әкеп соғып отыр;

- лексикографияда болса, *ы, і, ұ, ү* әріптерінің құрамында тұратын сөздердің басқа жақта шашырап жүргені ойландырады.

Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек болып тұрғаны сондықтан. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және емле-ереже – бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; емле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғышарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тілбұзар әріптер мен емле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалады.

Қазақтың төл дыбыстарын түгендеп, соған лайықтап таңба санын ықшамдау А.Байтұрсынұлынан басталған болатын. Сол кезде таңба санын қорғаштап Аханның «жағасынан алғандар» болған. Оларға Ахаң «таңбаларды қысқартып, артығын борышыма берейін деп отырған жоқпын» деген екен.

Сонымен, қазақ тілінің төл дыбыстары: *а, ә, б, ә(-ә), д, е, ж, з, й, қ(-қ), л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у(ү), ұ, ү, ш, ы, і*. Бас-аяғы 26(-28) дыбыс. Осы дыбыстардың сыртында қазақ тілінің дыбыстарын іздеп әуре болмау керек, өзге дыбыс жоқ. Осы жердегі бәрімізді шатастырып жүрген *у* таңбасының дыбыс мәні, тілімізде өте жиі кездесетін, «ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді [w] дауыссыз дыбысы» болып табылады: *ау[aw], ая [awa], әу [äw], әе [äwe], су [suw], суы [suwi], у [uw], уық [uwuq], үіл [üwül], күлу [küliw], аю [ayuw], үю [üyüw]* т.с.с. Мұндай дауыссыз дыбыс орыс тілінде жоқ, ал ағылшын тілінде бар, көріп отырсыздар, қазақ тілінде де бар.

Бүгінгі қазақ әліпбиі дербес-дербес екі бөліктен тұрады. Төл әліпби өз таңба құрамы және емле-ережесімен, ал кіріме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және емле-ережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданба (практикалық) тұрғыдан да

мүмкін емес. Бұған дейінгі барлық жарияланымдарда оның үлгісін беріп отырған болатынбыз [2].

Қазақтың төл сөздерінің жазылымына қатысты орнықты әліпби мен емле-ереже өткен ғасырдың ортасына дейін болды. Сол кезде қазақ сөзінің *айтылым әуезі, морфем құрамы, буын үлгісі* мен *тасымал ретіне* еш нұқсан келіп көрген емес болатын. XIX ғасырдың 50-жылдарының ортасында қазақтың төл сөздерінің құрамында *и, у* таңбаларын жазу керек деген «зорлық» ереже енді. Қазақ сөзінің *үндесім айтылымы бейәуезденіп, морфем құрамы сетінеп, буын құрылымы жарықшақтанып, тасымал реті бұзылып* сала берді. *Тый мен тийдің, сый мен сийдің* (кешіріңіздер!) жазылымын үйлестіре алмай әлек болғанымызға күлеміз бе, әлде жылаймыз ба?

Қазақ жазуындағы кірме таңбаларға қатысты жаңсақтықтардың бәрін термелеп жатудың бұл жерде реті жоқ. Сондықтан оқулықтарда дауыстылардың қатарында жүрген **и, у** таңбаларына ғана тоқталамыз (**я, ю, щ, х, һ** таңбаларының жайы осыған ұқсас).

Сонымен, орфографиялық талданым.

Морфем талданым:

-*оқы* етістігінің көсемше түрі *оқи* болса, сонда көсемшенің көрсеткіші дауысты **и** дыбысы болғаны ма? Онда көсемшенің бір «көрсеткіші **дауыссыз й**» деген ереже қайда қалады?

-*оқы* етістігінің тұйық рай түрі *оқу* болса, сонда тұйық райдың көрсеткіші дауысты **у** дыбысы болғаны ма? Онда тұйық райдың «көрсеткіші **дауыссыз у**» деген ереже қайда қалады?

Ең сорақысы, осы жердегі «дауысты **ы** дауысты **у**-мен алмасады» деп түсіндіретін ереженің барын қайтерсің! Ал *оқы* етістігі дауысты **ұ**-ға (жарайды, тіптен көз елес **ы** дауыстысы бола қойсын) аяқталып тұрғаны, оған келіп дауыссыз **у** тіркесіп, тұйық рай *оқу* жасалатыны қаперімізге кірмей-ақ қойды.

Қазақтың **ұу** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **у** дауыстысының, қазақтың **ый (-ий)** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **ы(-и)** дауыстысының естілімімен жалған ұқсас екеніне сеніп қалғанбыз.

Буын талданым:

-*миы* сөзінің буын құрамы *ми-ы* болып, алғашқы буын дауысты **и** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Онда қазақ сөзінің ішінде «*буын дауысты дыбыстан басталмайды*» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне сөз соңында «дауысты буын тұрған деген не?» деп, аң-таң боламыз.

-*суы* сөзінің буын құрамы *су-ы* болып, алғашқы буын дауысты **у** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Ендеше қазақ сөзінің ішінде «*буын дауысты дыбыстан басталмайды*» деген ережені тағы еске сала кетеміз. Оның үстіне «сөз соңында дауысты буын неге тұр?» деп, тағы аң-таң боламыз.

Тасымал талданым:

-*жиын* сөзі *жи-ын* болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Онда «*қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды*» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын тұрған деген не?» деп, әрі-сәрі боламыз.

-суық сөзі су-ық болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұра ма? Ендеше «қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды» деген ережені тағы қайталаймыз. Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын неге тұр?» деп, әрі-сәрінің үстіне дел-сал боламыз.

Көріп отырғанымыздай, аттаған сайын сұрақ белгісі алдымыздан шығып отыр. Бұл – бүгінгі қазақ жазуының күмәнді тұстары көп деген сөз.

Енді дәлелдемеге көшейік.

Қазақ жазба сөзінің құрамындағы кірме *и, у, я, ю, ш, һ, х* таңбаларының дыбыс мәні жайлы фонетика-фонологиялық тұрғыдан бұған дейін көп жазылған, сондықтан оған тоқталып жатпаймыз. Тек қана дыбыс құрамын көрсетіп өтейік: и–[ый, ій], у – [ұу, үу], я – [йа, йә], ю – [йұу, йүу], ш – [шш], һ – [к], х – [к].

Кірме әріптердің дыбыс құрамына қарағанда олар екі-үш дербес дыбыстардың тіркесімін (кейде дербес дыбыстың өзін) белгілейтін *таңбалар* екенін көреміз. Осы кірме әріптердің дыбыс мәнінің дәлелдемесін, бәріне тоқталып жатпай, **и** мен **у** таңбаларына ғана қатысты жеке-жеке талдап берейік.

Морфем дәлел. Тіркесімнің екінші сыңарының морфологиялық қызметін өзге морфем бірліктерімен салыстырып барып аңғаруға болады:

оқы – л [оqu - l]
оқы – п [оqu - p]
оқы – с [оqu - s]
оқы – й [оqu - y]
оқы – у [оqu - w].

Осында *оқыл* дегендегі дауыссыз **л[l]** – ырықсыз етіс көрсеткіші, *оқыл* дегендегі дауыссыз **п[p]** – көсемше көрсеткіші, *оқыс* дегендегі дауыссыз **с[s]** – ортақ етіс көрсеткіші ретіндегі морфологиялық қызмет *оқи[оqu]* дегендегі дауыссыз **й[y]** – көсемше көрсеткішіне, *оқу [оquw]* дегендегі дауыссыз **у[w]** – тұйық рай көрсеткішіне де тән екенін көреміз. *Тілдік (морфологиялық) қызмет* осындағы **[l], [p], [s], [y], [w]** дауыссыздарына бірыңғай тән. Ендеше **и, у** таңбаларын дауысты деп шатаспауымыз керек.

Буын дәлел. Тіркесімнің екінші сыңары, қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді, буынның құрамды бөлігі болып табылады:

қыр – қы+**р [qɪ-r]** тіс – ті+**с [ti-s]** ұл – ұ+**л [u-l]**
қи – қы+**й [qɪ-y]** ти – ті+**й [ti-y]** у – ұ+**у [u-w]**

Осындағы **[r], [s], [l], [y], [w]** дауыссыздары буынның соңғы сыңары ретінде бірдей жұмсалып отыр.

Тасымал дәлел. Тіркесімнің екінші сыңары қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді тасымал жігін көрсетеді:

тыным – ты-**ным** шіре – ші-**ре**
тиым – ты-**йым** шие – ші-**йе**
құсы – құ-**сы** елігі – е-**лі-гі**
қуы – құ-**уы** елуі – е-**лі-уі**.

Осындағы **[n], [r], [y], [s], [g], [w]** дыбыстары *дауыссыз* болғандықтан, сөз ішіндегі буынның бас шебінде тұр. Сөйтіп, сөз соңындағы бейтәртіп дауысты буын мен тұйық буыннан құтыламыз.

Олай болса, дауысты **и, у** деп жүргеніміз екі дыбыстың тіркесімін белгілейтін таңба (!) екен.

Әлеми жазудың тәжірибесіне қарасақ, ешбір мемлекет, ешбір халық кірме дыбыс үшін арнайы таңба ойлап таппайды немесе сол кірме дыбыстың төркін таңбасын алмайды. Таңбаны сол өзінің төл әліпбиінің ішінен құрастырады. Кірме дыбысқа сол дыбыстың төркін таңбасын қоса алу деген бұрынғы Кеңес түркі республикаларында (оның қақ төрінде өзіміз бармыз) ғана болды. Мысалы, орыс тілінен **ц, ч** т.б. дыбыстарын қабылдап, **ц, ч** т.б. таңбаларын қоса алып отырдық.

Қазіргі еуропалық елдер де орыс сөздерін жазып-сызуға мәжбүр болып отыр, бірақ олар **ц** дыбысын **tc** деп, **ч** дыбысын **ch** деп латын әліпбиі үлгісімен жазу амалын тауып отыр. Бұл амал теория-практикалық тұрғыдан әбден сыннан өткен. Орыстардың өзі жатсынбай қабылдап отыр.

Ендеше бір сәт ағылшын жазуының үлгісіне жүгініп көрейік. Ағылшын тілінде 48 дыбыс бар, бірақ әліпбиі тізбегінде 48 таңба жоқ, бар болғаны 26 таңба. Сонда қалған 22 дыбыстың жазылым-айтылымы емле-ережемен реттеледі. Олай болса, «орыс-қазақ» әліпбиінің құрамынан шығара алмай отырған кірме дыбыстардың жазылымын осы ретпен жөнге салуға әбден болады: *ф-f//ph, в-v//bh, ц-tc, ч-ch, х-kh* т.с.с. «Қимай» отырған кез келген кірме сөзді жазып/оқып кете берудің еш қиыншылығы болмайды. Алайда, бұл таңбалар, ағылшын тәжірибесімен, қазақ тілінің әліпбиі тізбегінде тұрмайды. *Phonetik(a), tcekh* деп жаза береміз, бірақ **ph, tc, kh** деп әліпбиі тізіміне кіргізе алмаймыз. Бұл біз ойлап тапқан ұстаным емес, әлеми жазу тәжірибесі. Ал **[i], [u]** таңбаларының қазақы және халықаралық оқылымының жайын әлі де болса ойлануға тура келеді, бұл жерде шешілмей тұрған едәуір қиындық бар екені рас.

Жазу реформасын тәуекел деп бастау ғана қалды. Өйткені реформаның оңайы болмайды: саяси реформа, әкімшілік реформа, қаражат реформасы т.б. Алайда, бұл реформалар жоғары билікте орындалады да, төменгі көпшілік оның дайын нәтижесін ғана алады. Сөйтіп бұқара көпшілік реформа ауырлығын сезбейді. Ал жазу реформасының қиыншылығын сауат ашуды бастаған баладан бастап, демалыстағы зейнеткерге дейін әрқайсысы өз жеке басынан өткереді. Жазу реформасының өзге реформалардан ерекшелігі де, міне, осында. Сондықтан да жазу реформасына тәуекел деп кірісудің алдында сабырлы сақтық керек болады. Ол үшін (дайындық реті):

- бірінші, «сауат ашып алу» керек, көпшілік үшін қазақ мәтінінің «әліпбиі дыбыс жазбасын (транскрипциясын)» дайындау. Қазақ сөзі **ми** емес **мый, су** емес **сұу, у** емес **ұу, и** емес **ій,ки** емес **кій,ит** емес **ійт, ою** емес **ойұу, сүю** емес **сүйуу, ащы** емес **ашшы, хат-хабар** емес **қат-қабар, жиһаз** емес **жиқаз, құлын** емес **құлүн, жүрек** емес **жүрөк** екеніне көз жеткізіп, көңілге қондыру қиынның-қиыны болады (**х, һ** таңбаларын жасанды дыбыстап жатамыз, бірақ ол тіл заңдылығына жатпайды);

- екінші, «әліпбиі дыбыс жазбасына» лайық морфем, буын, тасымал емле-ережелерін қайта дайындау (өзгерістер енгізу);

- үшінші, қазақ тілінің төл дыбыстарына (кірме дыбыстар да қалып қоймасын) берілген балама латын таңбаларына көз үйретіп, қол жаттықтыру;

- төртінші, содан кейін барып, латын графикасы негізіндегі қазақ жазуына жүрек-сініп-тартынбай, уақыт оздырмай жаппай көшу.

Жазу реформасын игеру үшін көпшілік бұқараға бір жылдың ар жақ-бер жағы жетіп жатыр. Ал мектеп және өзге оқу орындары үшін жазба құралдарының дайындығына кететін уақытты есепке алуға тура келеді. Дегенмен, компьютердің кілтімен кирилшеден латыншаға қас қағымда аударып алуға болады ғой. Ағылшын тілін жаппай оқып жатқан балаларға қазақ латыншасына жаттығу қиындық туғызбайды. Егер оқулықтар мен оқу-құралдарының латыншаға көшірілуі қолбайлау болмаса, қазақ латыншасының көзжаттамы мен қолдағдысын қатар игеріп алу, арысы екі-үш жылдың шамасы.

Әліпби ортологиясы

Әдетте әліпби ортологиясы ең алдымен «Әліпби ауыстыру дұрыс па?» деген сұрауға жауап іздеуден басталады. Бұның жауабын 1) тілдік фактордан, яғни тілішілік жайттан, атап айтқанда, жазу-сызудағы кемшіліктер мен кем-кетіктерден немесе оны игерудегі қиындықтардың себебінен іздеген жөн бе? Әлде тілден, тілішілік жайттан тысқары жатқан саяси-мәдени-тарихи факторлардан іздеген жөн бе?

Тілішілік, яғни «таза» тілдік факторлар тұрғысынан қарасақ, мысалы, әліпбидегі басы артық графикалық таңбалар мен әріптер, буын жігінің кейбір әріптерді таңбалауда ажыратпайтындығы, кейбір сөздердің әуезділігінің бұзылып айтылуы, әрине, тіл мамандарының, өзге де тіл жанашырларының дабыл қағатындай күйдегі «қиын» жайт екені белгілі. Бірақ графикалық жүйедегі бұндай әлеуметтік қиындықты әліпби ауыстыру арқылы шешу жөн бе?

Тіл, әсіресе жазба тіл – өзінің болмысы жағынан консервативті жүйе, басқаша айтқанда, оның әлеуметтік сипатында, болмысында дәстүр сабақтастығы бірінші орында тұрады. Сондықтан әліпби ауыстыруда тілішілік факторды бағдарға алу шешуі емес. Ал жазу-сызудағы әлеуметтік қиындыққа қарамастан, жазу-сызуды, әліпбиді ауыстырмай-ақ та қолдана беруге болады деушілер бар. Өйткені әлеуметтік қиындығы болса да, оны ауыстырмаудың себебі әліпбиді ұрпақ пен ұрпақты жалғастырушы, яғни ұлттың тарихи-мәдени құндылықтары деп таниды.

Жазу-сызуды реформалауды тілші ғалымдар негізінен тілішілік аядағы жайттармен байланыстырады. Әліпби мәселесін қозғаған ғалымдарымыз көбіне тілішілік аядан шыға алмай жатады. Алайда, әсіресе, соңғы кезеңдерде әліпби ортологиясының мәселелері тек тілішілік қана емес, тілден тыс аядағы факторлармен де байланысты екені айқындала түсті.

Көрнекті түркітанушы ғалым Э.Р.Тенишев өмірінің соңғы жылдарында «Размышление об алфавитах тюркских языков» (Э.Тенишев. Размышления об алфавитах тюркских языков // Языки, духовная культура и история тюрков: традиции и современность // Труды международной конференции в 3-х томах Т 1. Казань, 1992) деген баяндамасында әліпбиге техникалық жақтан: саны, таңбасы, олардың тіркесуі, дио-критикасы тұрғысынан қарау бар да, функционалдық жақтан, яғни әліпбиге тарихи-мәдени тұрғыдан қарау бар дей келіп, техникалық жағынан қаншалықты маңызды екені күмәнсіз екенін, ал, дегенмен, оның мәдени құндылықтарға тәуелді екенін атап айтады. Оған жазу мәдениеті тарихынан мысалдар келтіреді. Ғалымның айтуынша, білім беру, халықты сауаттандыру ісінде қытай балалары ерекше күш жұмсайды.

Иероглифті жазып үйренуге олар кем дегенде, белгіленген бағдарламаға сәйкес екі жыл жұмсайды. Ал дыбыстық жазуды оқып-үйрену екі есе жеңіл.

Иероглифтен, осындай орасан қиындыққа қарамастан, дыбыстық жазуға көшу қытайлықтар үшін мәдени мұрадан қолүзгендік болып табылады. Ал ондай мәдени мұраның қытай елінде үш мың жылдан астам тарихы бар. Қытай жұртының иероглификадан бас тартуы, түптеп келгенде, мәдени мұрадан бас тартуы болар еді. Үйренуге қиындық келтіруіне қарамастан, иероглификаның мәдени-әлеуметтік мәртебесі аса жоғары болды, сондықтан иероглиф әліпбиі Жапон, Корей, Вьетнам елдерінде кеңінен қолдау тауып, иероглиф жүйесін өз тілдеріне бейімдеп, игеріп алды. Еуропа халықтарында әсіресе, ағылшын, француздардың жазуы сөздің дыбысталуынан мүлде алшақтап кеткені белгілі.

Н.Уәли ертеректе жазған еңбегінде В.Г. Костамаровқа сілтеме жасай отырып, мынадай дерек келтірген:

Ағылшын балалары күн құрғатпай, үздіксіз тоғыз жыл оқығанның өзінде кеңсе қағаздарына қатысты жұмыстарды ойдағыдай жаза алмайды екен. Әйгілі жазушы Бернард Шоудың есептеуінше, жазу жұмысымен шұғылданған ағылшындар әрбір минуттың 12 секундын «басы артық» әріптерге жұмсайды екен. Ондай басы артық әріптерді жазуға бір жылда 73 күн кетеді. Англия мен АҚШ-та жазу жұмысы, кеңсе қызметі, ғылыми зерттеулермен 2,7 миллион адам шұғылданады. Олар бір жылда 540 мың жоғалтады екен. (...)

Солай бола тұрса да, ағылшын тілінің әліпбиі мен орфографиясы – олар үшін тарихи-мәдени құндылық. Расында, олардың санасында әліпбидің әлеуметтік қиындығынан гөрі мәдени әрі тарихи құндылық деп білетін концептуалды таным әлдеқайда басым. Сонымен бірге әліпбидің әлеуметтік қиындығын дұрыстауға ырық бермейтін тағы бір фактор бар. Біздің ойымызша, ол – коммуникативтік фактор.

Коммуникативтік фактор. Сонымен, жоғарыда аталғандай, жазу-сызу дәстүрі әріден келе жатқан елдер әліпбилерін өзгерте алмайды. Өйткені жазу-сызуларын реформалауға ырық бермейтін тағы бір күшті фактор – жазу-сызудың ақпарат алысудың аса мықты құралына айналуы. Қазіргі заманда жазу арқылы ақпарат алудың-берудің техникалық құралдары көбейді. Ақпараттық коммуникация – бизнес қоғамында алтынға бағаланатын байлық. Ал ақпарат дер кезінде алынбаса, дер кезінде берілмесе, құны түскен тауардай болып қалады. Сондықтан әліпбиді өзгертудің экономикалық зардабы күшті болғандықтан, оны, яғни әліпбидегі, жазу-сызудағы әлеуметтік қиындықты жөндеуді тиімсіз көреді. Жазба дәстүрі ежелден келе жатқан елдердің әліпби ауыстыруға, жазуларын реформалауға құлықсыз болатындығының бір себебі, коммуникациядағы ақпараттық фактормен байланысты.

Қазіргі кезде қазақ қоғамы латынтексті әліпбиге көшуге құлшыныс танытып отыр. Оның бірінші кезектегі басты себебі – құлдық санадан арылу. Ал екінші кезектегі себебі – идеологияланған, ұлтсыздандырылған әліпбиге ұлттық сипат беру.

Қазақ жазуына ұлттық сипат берген ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы болды. Қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына, яғни палаталды сингармонизм заңдылығына, жалғамалы табиғатына сай болуы. Қазіргі қолданыстағы жазу қостілділікке қызмет ететін, идеологияланған жазу ретінде екі тілге (қазақ, орыс тілдеріне) қызмет ететін жазу болды. Әліпбиде 42 әріптің он үші (тоғыз) орыс тілі сөздерін жазу үшін

қолданылса, 29 әріп төл сөздерімізді жазу үшін қолданылады. Мұндай басыбайлы әліпби лингвистикада үлгілі жазу деп бағаланбайды. Әрине, орыс тілі терминология саласында **донор тіл** болып отыр. Донор тілден алынған атаулар қазақ тілінің палаталды сингармония заңдылығы бойынша жазылу керек. Сонда ғана тіліміздің жуан / жіңішкелік әуезі сақталады.

Жуан/жіңішкелік – тілдік, яғни функционалдық заңдылық. Жуан/жіңішкелік тілдің дыбыстық заңдылығы, мағына ажырату қызметін атқарады. Жуан / жіңішкелік әуез эстетикалық категория. Бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке сөздер ішкі ұйқас құрайды: *кәсіп, кәсіп түбі – нәсіп; келелі іске – кең өріс* т.б.

Қазақ қоғамы, жалпы жұртшылыққа мәлім, қысқа ғана мерзім аралығында жазу-сызуын үш мәрте реформалады. Әліпби ауыстыру, жазу-сызуды өзгерту аса сирек кездесетін құбылыс болса керек. Өйткені жазба тіл – тұрақты сипат алған сайын нормалық қасиеті күшейіп, ғасырлар мәдениетін бүгінгі заманға жеткізетін ерекше қызметке ие феномен. Солай бола тұра, қазақ жазуының тағдыры құбылмалы заманмен бірге құбылып, араб графикасы негізіндегі әліпбиден латынға, одан кирилше әліпбиге көшті. Енді, міне, кирилшеден латыншаға көшу көзделіп отыр. Ұлттық жазуды жетілдірудің бірден-бір жолы латын әліпбиіне көшу деген көзқарас, ғылыми тұжырым, дәйекті ұсыныстар осыған меңзеп отыр. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында атқарылған ғылыми-зерттеу жобалар осыны аңғартады. Алайда үш түрлі әліпбиге, соған сәйкес үш типті жазу жүйесіне көшу тіл иегерлері үшін психологиялық, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан оңай емес.

Өткен замандарда тұтынған әліпбилерді, қазіргі кирилшені түкке тұрғысыз деп қарала бояу жағып, біржақты бағалау ақиқатпен сәйкес бола қоймас. Өткен замандардағы халқымыздың бастан кешірген жазу-сызуларындағы жақсы тәжірибенің үлгі тұтар тиімді тұстарын айқындау қажет екені даусыз. Осы мәселені ой елегінен өткізіп, реформалау барысында олардың жақсы жақтарын жатсынбай ала білу қазақ жазуын жетілдіре түсуге септігін тигізері сөзсіз.

Араб әліпбиі негізіндегі төте жазу, яғни А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақтың ұлттық жазу-сызуын фонологиялық арнаға түсірді. Фонологиялық ұстаным осы жазудың іргетасы болды. **Қоғамдық санадағы** фонологиялық ойлау жүйесін дамыта түсті десек, артық айтқандық емес. Төте жазудың бұл қасиеті латын графикасына негізделген әліпбиге көшкенде де негізге алынды. Олай болатыны А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазіргі қазақ тіліндегі фонемалардың санын дәл анықтап берді. А.Байтұрсынұлының жасаған фонемографикалық жүйесі қазақ жазуы кирилшеге көшкенде де қолданылды. Сонымен, әріп басқа, жазу-сызу әртекті (арабша, латынша, кирилше) болғанмен, фонемографикалық жүйе олардың бәріне ортақ болды. Сондай-ақ бүгінгі күні қолданылып отырған кирилше жазуда *бас әріп, нүкте, үтір, қысқарған сөз, тасымал, сызықша, сөздердің бөлек, бірге* орфографиялануы тәрізді графикалық танбалар жүйесі осы аталған жазудың жетістіктері деп бағалануы тиіс. Ой мен сезімді жеткізуде қосалқы қызмет атқарған мұндай графикалық элементтердің кирилше жазуда бас-аяғы түгелденеді. Болашақта латыншаға көшкенде емле, тыныс белгілерін қайта жасап, жаңадан арба жасаудың қажеті жоқ. Сондағы көңіл бөлейік деп отырған мәселе әліпбиді өзгерткенмен, графикалық жүйедегі сабақтастықты

сақтау дедік. Мұндайда ешбір талассыз, дау-дамайсыз шешілетін жайттар бар да, сонымен бірге ғылыми ой сарабынан өткізетін талас мәселелер де жоқ емес.

Мысалы, кирилшедегі **ѐ, џ, џџ, њ, њ, э, ю, я** тәрізді таңбалардың ұлттық жазуымыз үшін функционалдық жүктемесі жоқ. Бұл – басы ашық мәселе. Осы аталған әріптер, екіншіден, орыс тілінен және шет тілінен енген сөздерді бұлжытпай жазу керек деген идеологиялық қысыммен байланысты қазақ әліпбиіне енгізілгені белгілі. Сондықтан қазақы санада жат көрініп тұратын психологиялық жайт бар. Ал **х, һ, ф (ф)** әріптерін болашақ әліппе құрамына енгізу-енгізбеу жөнінде әртүрлі пікірлер болды. Латын графикасын пайдаланатын көптеген тілдердің әліпбиінде **х, һ, (ф)** таңбасы бар, бірақ олардың қызметі, дыбыстық мағынасы әртүрлі.

Қазақ тілінің жазу жүйесі үшін **х, һ, (ф)** таңбасы байырғы қазақ қоғамы қолданған ескі кітаби тілдерде кездесетін сөздердегі дыбыстық мәнділіктерді белгілеу үшін қажет болуы мүмкін. Мысалы, діни дискурста кездесетін *Аллаһ, Мұхаммед, Фатима* т.б. сөздерді **х, һ, ф (ф)** әріптері бойынша орфографиялау нормалық сипат алған.

Кейінгі жылдары **и, у** әріптерінің орфографиялануы баспа беттерінде сынала бастады. Сондағы оппоненттердің айтатын негізгі уәжі мынадай:

- **и, у** әріптері буын жігін тасалап тұрады;

- **ми** дегенді *мій* деп дыбыстайды, яғни сөздің жазылу нормасы дыбысталу нормасын бұзып тұр;

- **и, у** әріптері қазақ тілінің дыбыс жүйесін оқытуда мұғалімдерді де, оқушыларды да шатастырып бітті; оқулықтарда **[и], [у]** дауыстылары бар деген қате түсінік пайда болды.

Сонымен, **и, у** әріптерінің орфографиялануындағы бұл «кемшіліктер» ортологиялық тұрғыдан қалай бағалануға тиіс? Бұлар бұрынғыша графикалық жүйедегі құндылықтардың қатарына жата ма, әлде қисынсыз делініп, қатардан шығарып тастала ма?

Бұл тұста латын графикасы негізінде жаңа әліпби жобасын жасаушылардың көзқарастары қарама-қарсы екені байқалады.

И, у әріптерін терістейтін пікірдің жоғарыда айтылған аргументтерімен түгелдей келісу қиын. Оған мынадай қарсы уәж айтуға болады:

- **и, у** әріптері буын жігін тасалап тұрады деп кемшілік ретінде көрсету жеткілікті уәж емес. Өйткені жазудың мақсаты буын жігін көрсету, сөздің қалайша айтылатынын көрсету емес, ой мен сезімді жеткізу, мағына ажыратуға қызмет ететін дыбыстарды әріптер арқылы орфографиялау. Ал сөздің буын жігін, дыбысталуын көрсету – орфоэпияның мәселесі.

- **ми** деп жазғандықтан, оқушылар, студенттер, радиотеледикторлар бұл сөзді *ми* деп дыбыстайды, сөздің орфографиясы оның орфоэпиялық нормасын бұзып тұр деген уәж соншалықты сенімді көрінбейді. Тіпті солай бола қалғанның өзінде **сий, тый** тәрізді сөздердің қатарында **мый** түрінде жазылады деп ескертумен де реттеуге болады.

и, у әріптері дауысты **[у]-ды, [й]-ді** білдіреді деп шатастыратыны рас. Бірақ бұл шатастыру – графикалық жүйедегі қисынсыздық емес, оқыту әдістемесіндегі техникалық кемшіліктер. Әріп пен дыбысты дұрыс ажырата алатын, әріп, жазба сөздің бірлігі, ал дыбыс – ауызша сөздің бірлігі екенін тани білетін оқытушы бұларды шатастырмайды.

Мысалы, *суреттеу* деген сөздің жазбаша түрі оның ауызша түрімен бірдей емес. Бұл айырмашылық жазба кодты ауызшаға, сондай-ақ, керісінше, ауызша сөзді жазбаша кодқа түсіргенде айқын байқалады: *суреттеу* (жазбаша код) – [*сүуреттеу*] (ауызша код); *сұғарту* (жазбаша код) – [*сұғартұу*] (ауызша код); *тау* (жазбаша код) – *тау* (ауызша код); *ту* (жазбаша код) – [*тұу*] (ауызша код); *сирақ* (жазбаша код) – [*сыйрақ*] (ауызша код); сирек (жазбаша код) – [*сіурек*] (ауызша код).

Осы тұста біз Н.Уәлиевтің «Фонема, дыбыс және әріп» деген тарауындағы талдаулары мен тұжырымдарын негізге алдық (Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1988.).

Бұл салыстырудан *и*, *у* әріптерінің көпмәнді қызметте жұмсалатын графикалық таңба екенін байқауға болады:



Қазіргі әліпби құрамындағы кейбір әріптер бірмәнді, яғни бір ғана дыбысты белгілейтін қызметте жұмсалса, ал *и*, *у* тәрізді әріптер екі дыбысты белгілейтін көпмәнді графикалық таңбаға жатады (...)

Сонымен, біз бұл жерде сөздің ауызша түрін жазбашада ықшамдап, таңбаларды көбейтпей берілуін қазіргі кирилше жазудың тиімді тұстарының бірі, қолданыстағы осы жазу жүйесінің өзіне тән артықшылығы деп бағалағанды жөн деп білеміз. Алайда бұл артықшылық осы кирилше жүйеде ғана орынды болуы мүмкін. Мұндай жазудағы ерекшелікті «құбыжық» емес, құндылық ретінде танудың еш әбестігі болмаса керек. Болашақ әліпби жобасында бұл жайт ескеріле ме, ескерілмей ме, ол өз алдына мәселе.

Жаңа әліпби критерийлері

Ұсынылған жобаларды саралау кезеңінің өз қиындықтары бар. Солардың негізгілерінің бірі – «жақсы» деп танылатын «жобаны» анықтаудың лингвистикалық критерийлерін белгілеу. Жобаларды сараптауда жетекші тіл мамандарының қатысуымен түзілген латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби құрастырудың негізгі критерийлері былай белгіленді:

- әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізгі дыбыстарының (фонемалардың) санынан алшақ болмауы;
- әліпбидегі әріптер тілдің негізгі дыбыстық заңы – үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы;
- басы артық таңбалардың, белгілердің, яғни дыбыстық мәні жоқ әріптің болмауы;
- латын жүйелі әліпбиге иероглиф жүйесіндегі, болмаса дәйекше араб, кирил жазу жүйелеріне тән басқа графикалық элементтердің болмауы;

- үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы, яғни қазақ тілі дауыстыларының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу;

- көзшалым үшін оңтайлы, яғи әріпүсті, әріпасты қосалқы таңбалардың (диакритиканың) шектен тыс көп болмауы;

- латын әліпбиі қорындағы әріптерді мүмкіндігінше толық пайдалану, тек аса қажет болған жағдайда қалыптасқан стандартты таңбаларды пайдалану (*профессор Н.Уәли*);

- латын графикасына негізделген әліпби жаңа сөздерді, мәтіндерді оңай оқуға, жазуға, ұғуға ыңғайлы болуы тиіс;

- әліпбиде диграфтар, триграфтар болмауы керек, себебі олар жазудың негізгі үнемдеу принципіне қарсы шығады;

- диакритикалық таңбалар да мейілінше аз болуы керек және олар қазақ тілінің фонологиялық жүйесін толық көрсетуі қажет;

- әлемдегі әліпбилердің тәжірибесін ескеру керек;

- латын графикасына негізделген түркі тілдеріндегі әліпбилермен сабақтастық, сәйкестік болу керек;

- латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің ұлттық бейнесі болуы керек (*профессор З.Базарбаева*);

- әліпби тілдің төл дыбыс құрамын қоспасыз қамтуға; сөздің үндесім әуезін бұзбауға; морфем тұрқын сақтауға; буынның дыбыс желісін қысқартпауға тиіс;

- бір дыбыс бір таңбамен белгілену керек: әр дыбыстың жеке-жеке таңбалануы қол дағдыны оңай қалыптастырады; көзтанымды жеңілдетеді; жазылым (орфография) мен айтылым (орфоэпия) өзара үйлесімін табады; әдістемелік ережелердің санын көп қысқартады;

- қазақ тілінің төл дауысты/дауыссыз дыбыс құрамын дәл анықтай білу керек, басқаша айтқанда, академиялық еңбектерде көрсетілген дыбыс құрамының сыртынан дыбыс іздеп әуре болмау керек;

- «бір дыбыс – бір таңба» ұстанымына орай әрбір таңбаның бір ғана оқылым үлгісі болу қажет;

- төл сөздердің жазылымында қосарлы таңба пайдаланылмау керек;

- бір таңбаның тірек сұлбасы екі дыбысты ғана белгілеуге жұмсалыу керек, мысалы, о-ө [o-õ] т.б. тәрізді;

- дыбыстардың үндесім жұптарының тірек тұрқы (сұлбасы) ортақ болу керек, мысалы, ы-і [i-i] т.б. тәрізді;

- дыбыстарды қосақтап белгілеу тәжірибесінен аулақ болу керек, мысалы, [oe, ng] т.б. тәрізді;

- төл (ұлттық) әліпбидің құрамында апостроф тәрізді жапсырма белгілер болмау керек, мысалы, [o', k'] т.б. тәрізді;

- жоба дәйекті болу үшін, міндетті түрде, қазақ тілі дыбыстарының фонетика-сингармонологиялық (фонологиялық) моделі құрастырылып, әрбір дыбыстың модельдегі орны көрсетілуі қажет. Модельде орны табылмаған дыбыс – қазақ тілінің дыбысы емес (*профессор Ә.Жүнісбек*).

Латын графикасына негізделген ұлттық қазақ әліпбиін түзудің принциптері

Лингвистикалық комиссия мүшелерінің (проф. М.Малбақов, проф. Ә.Жүнісбек, проф. Н.Уәли, проф. М.Жүсіпов, проф. З.Базарбаева, ф.ғ.к. А.Фазылжанова) ұсыныстары бойынша әзірленген латын графикасына негізделген қазақ ұлттық әліпбиін құру принциптері жаңа қазақ әліпбиіне ұсынылған жобаларға баға берудің тиімді критерийлерін айқындауды, сол арқылы латын графикасына негізделген ұлттық қазақ әліпбиінің негізгі жобасын таңдауды көздейді.

Әліпби, графика және орфография – лингвистика ғылымының жеке салалары. Көп жағдайда әліпби құру, жазу теориясының, орфография ережелерін біріздендіру мәселелерінің шегі ажыратылмай, аралас қарастырылып жатады. Негізінде орфография қағидалары мен ережелері әліпби қалыптасқаннан кейін, яғни әріп инвентарі (құрамы) түгенделіп, тәртібі реттелгеннен кейін жасалады.

Қазақ ұлттық әліпбиін құрудың негізгі қағидаларын А.Байтұрсынұлы қалыптастырып, кейін оның дамуына латын және кирил графикасының негізінде қазақ әліпбилерін жасаған тілші-ғалымдар, сондай-ақ қазіргі қазақ фонетикасы, фонологиясы мен графикасы, тіл мәдениеті, орфография мен орфоэпиясы, жазу теориясы салаларын зерттеуші ғалымдар елеулі үлес қосты. Олардың тұжырымдары мен зерттеулері қазіргі латын графикасына негізделген ұлттық қазақ әліпбиін құрудың жаңа принциптерін ұсынуға негізге алынды.

Принциптердің негізгі типтері

1. Бұл құжатта ұсынылған әліпби құру принциптерінің бір бөлігі тұрақты, өзгермейтін сипатқа ие. Мысалы, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіндегі негізгі латын әріптерін сақтау принципі немесе әліпбиге диграф, полиграфтарды енгізбеу принципі осындай типке жатады. Демек, егер ұсынылған жобада осы принциптердің біреуі қалыс қалып немесе толықтай ескерілмеген болса, онда бұл жобаны жаңа әліпби құру принциптеріне сәйкес келмейді деп есептеу қажет.

2. Жаңа әліпби құру принциптерінің ішінде негізгі, яғни базалық болып саналатын типі кейбір ауытқуларға жол береді. Мысалы, «бір фонема – бір әріп» принципі әліпби құрылымында ескерілуі тиіс, бірақ бұл жағдайда оңтайлы дыбыстық-әріптік жазудың, жазу теориясының критерийлеріне сәйкес ол толық сақталмауы да мүмкін. Мысалы, әліпбидің жобасында бір негізгі дыбыс – фонеманың екі түрлі реңкіне – вариантына арнап екі әріпті алуға болады немесе керісінше екі фонеманы бір әріппен таңбалауға да жол берілуі мүмкін. Алайда екіден көп фонеманы бір әріппен таңбалау тиімсіз саналады.

3. Принциптердің үшінші типіне жаңа әліпби құрамын түзуде қолдануға мүмкіндік берілген, рұқсат етілген қағида түрлері жатады. Бұндай принциптің маңыздылығы құрастырушының қолдану мақсатын нақты дәйектейтін дәлелдерін талап етуімен ерекшеленеді. Егер қолданылып отырған принцип жобаның сапасын, тиімділігін, оңтайлылығын арттыратынын құрастырушы дәлелдей алса, бұл принципті қолдануын дұрыс әрі қажет деп санау керек. Мысалы, мұндай принциптерге латын қарпі

негізіндегі әліпбиге басқа гомогенді графикадағы әріп таңбаларын пайдалану мүмкіндігі жатады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін құру принциптері

1 тип: өзгертілмейтін, ауытқуы болмайтын қасаң принцип

1. Халықтың ұлттық рухының, ұлттық тілінің өзіндік ерекше дыбыс байлығының әліпбиде көріну принципі. Халықтың ұлттық рухы, ұлттық сөзінің дыбыстық ренкі қарым-қатынас құралы ретінде оның тілінде көрініс табады. Және жаңа әліпбиге дейін қолданылған графика типінде де сақталады.

2. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінде латын негізін сақтау принципі.

3. Латын әріптерін қазақ тілінің үндестік заңындағы ерекшеліктеріне және қазақ тілінің дыбысталуына бейімдеу принципі.

4. Әріп – графикалық таңбалар жиынтығының принципі (екі баспа Аа, екі көркем жазу Аа).

5. Қосымша графикалық элементтерді (диакритикалық таңбаларды) мүмкіндігінше аз қолдану принципі.

6. Әріп құрылымындағы қосымша элементтерді (нүкте, сызықша т.б.) әліпбиге жүйелі енгізу (монобағыттылық) принципі. Мысалы, терең тіл арты, көмей дыбыстары үшін бір ғана диакритика, ал кейбір мұрынжолды дауыссыз дыбыстар (ң) үшін бір, сондай-ақ жіңішке дауысты дыбыстар ә, ө, ү, і үшін т.б. бір түрлісін ғана алу, себебі аталғандар факультативті (қосымша) сипатқа ие.

7. Әліпбиге диграфтар мен полиграфтарды енгізбеу принципі.

8. Тілдегі біртұтас әліпби принципі. Қазақтың байырғы төл сөздерін жазу үшін де, кірме сөздерді жазуға да лайықты ортақ әліпби.

9. Әліпби құрудағы тұтастық пен өзгермеу принципі. Ұсынылған принциптер түрлі өзгерістерге ұшырамауы тиіс.

10. Әліпбиде адамның естуі арқылы қабылданған фонема, дыбыстың әріптерін бейнелеу принципі. Яғни бұл мағына ажыратқыш дыбыстар (фонемалар) адамның есту қабілеті арқылы қалыптасып, бүкіл ұлттық біріккен естілім жүйесі арқылы санада сақталады, сол арқылы сөздер бір-бірінен ажыратылады. Әліпби тіл тұтынушылардың орта деңгейінің есту мүмкіндігіне сүйеніп жасалады. Әліпби дыбысжазғыш техникалық құралдардан шыққан естілім мүмкіндіктеріне негізделіп жасалмайды.

11. Әліпбидің әдеби тіл нормасына сәйкес болу принципі. Әліпбиде жеке әлеуметтік топтар мен өңірлер тіліне тән дыбыстар көрсетілмейді.

12. Көру арқылы қабылдау, оқу, жазу, ауызша және жазбаша тілде тану, мағынаны айыру мүмкіндігін ескеру үшін әліпби әріптерінің тез жатталғыш, көзшалым мен қолшалымға қарапайым болу принципі.

13. Әліпби – оқыту және үйрету құралы принципі. Әліпби, ең алдымен, оқыту (оқу) үшін қалыптасады. Мектепте оқушылар оқып үйренеді. Олар әліпбиді меңгеру арқылы басқа ғылым салаларын игереді. Әліпби тек қана ересек адамдардың ақыл-ойы мен танымдық мүмкіндігін ескеріп жасалмайды.

14. Орфографиялық ережелерді оңтайландыру және тарылту негізінде графема жүйесін құру принципі.

15. Әліпби мен тілдің дыбыстық құрылымының техникалық құрылғы мүмкіндіктеріне бейімделмей, керісінше: техникалық құрылғылардың тіл ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, дыбыс құрылымына бейімделу принципі.

II тип: өзгермелі принцип

16. *Фонологиялық принцип.* Жазуда лингвальді моносингармониялық сипатты сөз негізіне жасалған қазақтың дыбысталу тілінің айқын көрінуі.

17. *Фонема – дыбыстар (жиынтығы) класы принципі.* Фонеманы білдіретін графема оның барлық дыбыстық реңкін, шептік (позициялық) түрленуін, яғни фонеманың варианттары мен инварианттарын толық бейнелей білуі тиіс. Мысалы, *-ып, -іп* жұрнақтары бірінші еріндік буыннан кейін екінші буын қатарында тұрып, *-ұп, -үп* күйінде *<көріп> [көрүп]* айтылуы мүмкін. Бірақ әліпбиде бұл жағдай үшін тек бір ғана *|і|* әрпі қолданылады, себебі қазақ тілінде *-ұп, -үп* жұрнақтары жоқ. Немесе, мысалы, *<ы>* фонемасы әлсіз шепте (позицияда) *[м]* күйінде дыбысталады: *нан–нанба [намба]*. Бірақ *|н|* графемасы сақталады, себебі сөздің түбірі *нан*.

18. *Қазақ тілін тұтынушылардың санасында жеке психобейнелер ретінде сақталған бірнеше фонемалық жеке әріптердің жазуда және әліпбиде тұтас берілу принципі.*

19. *Бір мағына ажыратқыш дыбыс – бір әріп принципі.* Тілде дыбыстар көп. Бірақ олардың барлығы сөз мағынасы мен грамматикалық формаларын ажырата бермейді. Әріппен мағына ажыратушы дыбыстар, яғни (инвариант) фонемалар таңбаланады. Егер әліпбидегі әріптер тілдегі фонемалардан көп немесе аз берілетін болса, бұл жағдай тілдің дыбыстық жүйесін тарылтып, орфография мен орфоэпия ережелерін қалыптастыруда күрделі қиындықтар тудырады (Мысалы, ағылшын, өзбек тілдері). Алайда «жақсы жазудың теориясы» бойынша бұл принципті қасаң ұстанған жазу икемсіз, аморфты келеді.

20. *Қазақ сөзінің морфологиялық құрылымын сақтау принципі.*

21. *Негізгі акустика-артикуляциялық қасиеттеріне қарай оларға тән дәстүрлі графемаларды алу, бір дыбыс кластарын өздеріне дәстүр бойынша телінген графема кластарымен таңбалау принципі.* Мысалы, дауысты дыбыстарды таңбалау үшін дауыссыздарды білдіретін дәстүрлі графемаларды қолданудың қажеті жоқ. Сондай-ақ қатаң дауыссыздарды білдіретін графемаларды ұяң дауыссыздарды таңбалау үшін қолданудың қажеті жоқ немесе керісінше де солай.

22. *Екі, бірақ одан артық емес тіл дыбыстарын (фонеманы) таңбалау үшін күрделі қосымша элементтері бар (негізгі сызбасы) бір тірек графеманы екі түрлі қолдану принципі.* Мысалы, графеманың негізгі элементі *[о]* дыбысын, одан тыс *|ө|* формасында пайдалануға болады. Бұл жағдайдағы дауысты дыбысты білдіретін қосымша диакритика бір дифференциалды қасиетін (жуан-жіңішке) ажырататын жуан, ашық, еріндік дауысты жұп корреляттарын білдіру үшін қолданылады.

23. *Фонеманың коррелятив жұптарын бейнелейтін тірек графемаға сәйкес келуін сақтау принципі.* Мысалы, *<а> –<ә>* фонемаларының коррелятив жұбын таңбалауда *|а|* тірек графемасы қолданылады, соған сәйкес *<а>* дыбысы *|а|* графемасымен таңбаланады, ал оның жіңішке жұбы *<ә> – |ä|* графемасымен таңбаланады.

24. Сөздегі әрбір буынның дыбыстық құрамын толық таңбалау принципі.

25. Түркітілдес халықтардың латын графикасы негізіндегі ұлттық әліпбилерінің графемалық жүйесіне сәйкестендіру принципі.

III тип: ықтимал принциптер

1. *Латын графемасы негізіндегі әліпбиге басқа гомогенді графикадағы әріптік таңбаларды пайдалану ықтималдығы принципі.* Мысалы, қазақ және украин кирил әліпбиінде латыннан алынған <i>i</i> әріптік таңба қолданылады. Қазіргі әзербайжанның латын әліпбиінде түркіленген кирилше<ə> әріптік таңбасы қолданылады. *Үш түрлі фонеманы таңбалайтын әртүрлі қосымша элементтері бар бір тірек графеманың үш түрлілігін пайдалану ықтималдығы принципі.* Мысалы, |u| графеманың берілген үш нұсқасы |u|, |û|, |ü| үш түрлі фонеманы таныту үшін қолданылуы мүмкін. Олар: <у> (дауыссыз, үнді, еріндік, ызың дыбыс), <ү> (дауысты, жуан, қысаң, еріндік дыбыс), <ү> (дауысты, жіңішке, қысаң, еріндік дыбыс).



ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кірме араб, парсы сөздерін орфографиялау тәжірибесі және оларды жаңа әліпбимен таңбалау мәселесі

Түркі тілдері сан ғасырлық тарихында басқа тілдермен тікелей немесе жанама қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде бойына көптеген кірме сөздерді сіңіргені белгілі. Сол кірме сөздер арасында араб, парсы сөздерінің орны айрықша. Араб, парсы сөздерінің енуін ең алдымен басты-басты екі дәуірге бөліп қарау керек сияқты:

- қазақ халқының ұлттық кезеңіне дейінгі араб, парсы сөздері;
- қазақ халқының ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңдегі араб, парсы сөздері.

Алғашқы кезең VII-VIII ғасырлардан бастап ислам дінімен ене бастаған араб тілінің ықпалы (X-XIII ғғ.) қарахандықтар дәуірінен бастау алады. Бұған себеп ислам дінінің ресми дін ретінде түркілер тарапынан қабылданып, мемлекеттік басқару, сот қызметі, діни оқу-ағарту істерінде араб тілінің басым түсуі болатын. XIV-XV ғғ. ғылыми және әдеби шығармаларды араб және парсы тілдерінде жазу дәстүрге айналып, араб, парсы сөздері түркі тілдеріне көптеп ене бастады. Сондай-ақ, көне түркі тілдеріне араб-иран сөздерінің көптеп енуіне араб жазуы да өз әсерін тигізбей қоймады.

Екінші кезеңге ұлт болып қалыптасып болғаннан кейінгі кезеңде жазылған XVI-XVII ғғ. Әбілғазының «Түркі шежіресі» мен Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарихы», XVIII ғ. ресми ісқағаздары мен эпистолярлық үлгілердегі, XIX-XX ғасырлардағы мерзімді басылымдардағы, сондай-ақ, XX ғасыр басындағы ескі тілде қалам тартқан ақын-жазушылар шығармаларындағы кірме араб, парсы сөздерін жатқызуға болады.

XIX ғасырда саяси-қоғамдық құбылысты діни сарында қалам тартқан Әріп Тәңірбергенов, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтайұлы сынды кітаби ақындардың өлең-жырларынан араб, парсы сөздері айтарлықтай орын алды. Яғни араб және парсы элементтері қазақ ақындары тіліне жат болмаған тіл екендігін атауға болады. Олар XIX ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі аралықта қазақ әдеби тілінде көлемді қолданылып келді.

VIII ғасырдан бастап еніп, XX ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін араб, парсы сөздерінің түпнұсқасы сақталып жазылды. Себебі діни сарындағы поэзиялық шығармаларда, ресми ісқағаздарында араб сөздерін дәл жазу дәстүрге айналған еді. Араб жазуындағы киелі, қасиетті, конондық тіл деп саналатын Құран тілінің орфографиялық нормасын өзгертпей жазу принципі болды. Оның мәні түркі халықтарының әрқайсысының тіліндегі өзіндік фонетикалық ерекшеліктерін ескерместен, барлығын бір жазу үлгісіне бағындыру еді. Әсіресе діни ұғымдағы сөздерді дәл жазу, дәл айтуға тырысу мағына дұрыстығын сақтау қажеттілігінен де туған болар. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармасындағы діни лексика былайша көрініс табады: *алғуам, алип, ләм, нұн, ғиһәрәт, жәуһәр, зәһр, тәуфик, үмбәт, фани, фатиха, фәрмен, фәрағат, хасил, хикмәт* т.б.

Тіпті бұл үрдіс кейінгі қисса-дастандар тілінде, Абай мұраларында да өз жалғасын тапты. Абай өз заманындағы қоғамда қалыптасқан діни атауларды қазақшаламай, сол күйінде пайдаланды.

Дегенмен де, діни дискурстан басқа салаларда қолданылатын араб, парсы сөздерінің көбінде бастапқы төл тіліндегі тұлғасы сақталмай, ауызекі сөйлеу тілінің әсерінен түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, әртүрлі таңбаланып, ауызша тілдегі нормасы бойынша жазылды. Б.Әбілқасымов «Түркістан уәлаяты газеті» тілінде араб, парсы сөздері өте сирек кездеседі, кездескеннің өзі о бастағы тұлғасын мүлде өзгерткен, халықтың ауызекі тілінде қолданылып кеткендері ғана», – деп көрсетеді [35, 171-б.]. Осылайша араб-парсы тілінен қазақ (жалпы түркі) тіліне сөз ауысу өткен ғасырларда, қарым-қатынас жасаудың ауызша формасы басым болып тұрған кезеңде жүрді. Сондықтан араб, парсы тілдерінен енген сөздер басқа түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде де қабылдаушы тілдің фонетикалық заңдылықтарына бейімделіп, төл тіліндегі бастапқы графикасынан мүлде алшақтап, түрліше жазылып, түрліше дыбысталды.

1920 жылдары қазақ зиялыларының арасында осындай түрлі нұсқада таңбаланып жүрген араб-парсы сөздері жайында латын әліпбиіне көшу оны реформалауға байланысты баспасөз беттерінде, емле конференцияларында сөз бола бастайды.

XX ғасырдағы латын, кирил қаріптеріне көшуде бір мағынадағы араб және парсы сөздерінің әртүрлі жазылуына қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмейтін, әсіресе, арабтың *ح* «хә:», *خ* «ха:», «*hә:*», *ع* «айн» дауыссыз дыбыстарын таңбалау проблемасы тұрды. Осындағы *ح* «хә:», *خ* «ха:», «*hә:*» дауыссыздары ұлт зиялылары жобасында бірде **х**, бірде **h**, бірде **қ** таңбаларымен белгіленген, кейбір жобада тіпті алынып тасталған. А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Ә.Байділдәұлы т.б. қазақ зиялылары **h** дыбыс қазақ тілінде бар, оған арнайы таңба алу керек десе [36], Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов т.б. ғалымдар **h** дыбысы қазақ тіліне тән емес, сондықтан әліпбиден мүлде алып тастауға болады деп тұжырымдайды [37]. Осылайша тұрақты орфографияның болмау салдарынан арабтың *ح* «хә:», *خ* «ха:», «*hә:*», *ع* «айн» т.б. дыбыстары жазбада қазақтың ауызекі сөйлеу тіліне сәйкес дыбыспен берілсе де, әртүрлі дыбыстық тұлғада көрініс тапқан.

Арабтың *ح* «хә:» дыбысы. Ақын-жазушылар шығармасында бұл дыбыспен басталған сөз бірде түсіп қалады, бірде **а**, **ә**, **ү**, **и** дауыстыларымен басталады, сондай-ақ **қ**, **х** дыбыстарымен де беріледі.

حَرَامٌ(хәра:м) – *арам, қарам, харам. Қарам* пейіл, азар дұшпан (Аяз би). Біреуді ызаландырмақ – шарифатта *харам*, шаруаға залал, ақылға теріс (Абай).

حَيْلَةٌ(хи:лә) – *айла, ила, қайла, хайла, хәйлә*. Балам салды ағашқа кеулеп жерді, алалық деп *иламен* мұнша зерді (Майлықожа). Бұл сөзімнің мәнісін ақылменен білетін, *қайласы* асқан сұм қайда? (Қожахмет). *Қайласы* адастыру бірді, бірден (Мәшһүр Жүсіп).

حَرَكَةٌ(хәрәкәт) – *әрекет, қаракет, қарекет, харакет, харекет. Қаракет* қыл, пайдасы көпке тисін (Абай).

Харекетім – суретші бояушылық (Абай). Бағып тұр шәкірттердің *харакетін*, талқин ет ғазиздерді хош әдеппен (Мақыш Қалтай).

حُرْمَةٌ(хурмәт) – *құрмет, үрмет, хұрмет*. Егер денамаз палуан пасық шықса, олардан ибрат алып жұрт не білмек? Мың ірәкәт намаздан артық деген, кісіге бір ізет-*үрмет* (Майлықожа). Мал, мақтан, ғызат, *хұрмет* адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды, һәм көрі болады (Абай).

حَقِيقَةٌ(хәқи:қат) – *хақиқат, қақиқат, ақиқат, ақиқат*. Енді *хақиқат* сүйіп, шындық білмек хұмарың болса, адамшылыққа лайықты, ықыласты құлағыңды қой (Абай). Балалардың қуыршақ ойынындай Хақиқат жоқ істері бәрі жалған(Мақыш Қалтай).

حُكْمٌ(хукм) – *үкім, өкім, хүкім, хүкім*. Өздері *хүкім* шарифатты таза білмеді, көбі нандан болады (Абай). Қолында *хүкіметі* тұрған күнде (Мәшһүр Жүсіп).

حَلَالٌ(хәлә:л) – *халал, қалал, адал, алал*. Ең әуелі пұлын *халал* болу керек, Харам пұлмен берілмес сауап құлға (Мақыш Қалтай).

Іздеп келсем басыңа,

Атаңа сәлем бермедің.

Қалалдан болған асылым,

Айырылған бізден жөндерін (Аралбай).

Осылайша XIX ғасыр ақын-жазушылар шығармалары мен ауызша сөйлеу тілінде де х дыбысының حَاضِرٌ(хә:зир) – *әзір, хазір, қазір, әзір*; حَكِيمٌ(хә:ким) – *әкім, кәкім, хаким, хакім, хәкім*; حَرْفٌ(хәрф) – *әріп, қарып, қаріп, харып, қарыф, харіп, харф*; حَاسِرَةٌ(хәсрат) – *қасірет, гасірет, қасырет, хасрет, хасірет*; حَيْرَانٌ(хәйра:н) – *қайран, хайран* т.б. әртүрлі тұлғада таңбаланғанын көптеп кездестіруге болады.

Қазіргі жазба және ауызша сөйлеу тілімізде көпшілігі «хә:» дыбысымен келген сөздер жіңішкерген: *әкім, әрекет, үкім, өкім, әзір* т.б. Жіңішкеруінің бір себебі бұл дыбыстың арабшада жіңішке реңді дауыссыз дыбыстың болуы ықпал еткен тәрізді.

Ал сөз басында жуан *а*-мен берілуіне сөз құрамында арабтың созылыңқы *ә: (а:)* дауыстысының қазақша жуан *а* дыбысымен берілуі, сондай-ақ жуан реңді «қа:ф» дыбысының болуы ықпал етсе керек. Кейде осы дыбыстар жарыса қолданылып, сөз варианттарын, не сөйлеу тіліндегі өзгешеліктерді құрайтын жағдайлар да кездеседі: *айла / қайла, әжет / қажет, есеп / қисап, қасірет / гасірет, хадис / қадис*.

Ежәне *ө* дыбыстарымен басталған сөздер де кездеседі: حِيسٌ(хисс) – *ес*, حُكْمٌ(хукм) – *өкім*, حُكْمَةٌ(хуку:мәт) – *өкімет*.

ح «хә:» дыбысы сөз басында сақталған жағдайда тоғысыңқы *қ* дыбысына ауысып, сөз бірде бірыңғай жуан дауыстылармен келсе, енді бірде үндесім бұзылған: *құжат, құқы(ұ)қ, қажет, қазір*. Үндесім бұзылған соңғы екі сөздің жіңішке *әжет, әзір/*

қазір нұсқаларының да тілде қолданылуы тілдің жат сөзді өз заңына бағындыруының нәтижесі. Қазақ тілінде мұндай жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға алмасуы тіл арты дыбыстарының тіл алдына жылжу үрдісімен түсіндіріледі [38, 149-б.].

Сөз ортасында бұл дыбыс жуысыңқы қ дыбысы және х әрпі арқылы беріледі. Мысалы, أَحْمَقُ (әхмәқ) – ақымақ, مَرْحُومٌ (мәрху:м) – марқұм, مَخْرُومٌ (мәхру:м) – мақрұм, مُحَمَّدًا (мухтә:дж) – мұқтаж, رَاحَةً (ра:хәт) – рақат, رَحْمَةً (рахмәт) – рақмет, صُحْبَةً (сухбәт) – сұхбат т.б.

Сөз соңында бұл дыбыс қ дыбысы арқылы беріледі: أَرْوَاهُ (әруә:х) – аруақ, مَدْحٌ (мәдх) – мадақ, مَزَّاحٌ (мәзә:х) – мазақ. Мына сөздердің соңында түсіп қалған: نِكَاحٌ (никә:х) – неке, تَسْبِيحٌ (тәсби:х) – тәсби.

Сонымен, арабтың ح «хә:» дыбысының түсіп қалуы қазақ тілінде сөздің барлық деңгейінде кездесетінін айтуға болады, мысалы: әкім, бата, неке және т.б. Сөз басындағы «хә:» дыбысы түскенде, сөз а, ә, е, ө, ұ дауыстыларымен басталады. Ал сақталған жағдайда, қазақша қ-ға алмасады: қажет, қазір, құрмет. Бұл сөздердегі «хә:» дыбысы түсіріліп, жіңішке қалыптасқан үлгілері де бар: әжет, әзір, үрмет т.б. Бірде жуан, бірде жіңішке дыбысталатын мұндай сөздер тілде сингармониялық варианттар қалыптастырды [39, 29-б.]. Араб, парсы сөздері белгілі бір уақыт әртүрлі дыбысталаып, нәтижесінде олар дифференциялану үдерісіне ұшырап, жеке-жеке сөздердің немесе ұғымдардың баламасы ретінде қалыптасқан. Мысалы, қазір/әзір, есен/қисап, үкім/өкім т.б. сияқты сөздер мағыналық жағынан сараланған. Қазір «дәл осы кез, осы шақ», «енді, міне», «тездеп, тез, дереу», ал әзір сөзі «дайын» деген мағыналарды білдіреді. Арабтың хукм сөзі де қазақ тілінде өкім «белгілі бір мәселе жөнінде шығарылған байлам, үкім», «билік, әмір, үстемдік» және үкім «соттың қылмыстық істер жөніндегі шешімі», «кесім, жарлық, билік» деп екі түрлі сөз ретінде қалыптасқан. Мұнда араб сөзінің қазақ тілінде семантикалық варианттарға ие болғаны байқалады.

Түрік тілінде де араб тілінің бұл дыбысына сәйкес дыбыс жоқ болғандықтан, ح сияқты h әрпімен таңбаланып, жуан реңін сақтайды. Сөз басында: hayır, havf, hayal, hıyanet, hizmet, harç; сөз ортасында: ahba:r, ahla:k, ruhsat, mahlu:kat, nüsha; сөз соңында: meşa:yih, ta:rih.

Сонымен, ح «хә:» дыбысының қазақ тілінде сөздің барлық позициясында келуіне байланысты сөз басында, сөз ортасында әрқалай дыбыстармен көрініс табады. Сондықтан латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобасында (профессор Ә.Жүнісбек жобасы бойынша) көрсетілген қазақ тілінің төл дыбыстарына сәйкес таңбалаудағы көрінісін ұсынып отырмыз:

ح «хә:» дыбысының қазақ тілінде сөздің барлық позициясындағы қолданысы	ح «хә:» дыбысының арабша нұсқасы	ح «хә:» кирил қарпімен таңбалануы	ح «хә:» латын қарпімен таңбалаудағы көрінісі
Сөз басында а дауыстыға ауысқанда	حَيْلَةٌ (хи:лә)	айла	ayla
Сөз басында ә дауыстыға ауысқанда	حَرَكَةٌ (хәрәкәт)	әрекет	әreket/äreket

Сөз басында, ортасында қ дауыссызына ауысқанда	حُرْمَةٌ (хурмәт) أَحْمَقٌ (әхмәк)	құрмет ақымақ	qurmet aqımaq
Сөз х ортасындағы дауыссызына ауысқанда	صُحْبَةٌ (сүхбәт)	сүхбат	suxbat/sukhbat suhbat

Арабтың Ұ «ха» дыбысы ескі жазба тілде сөздің барлық шенінде қ немесе х дыбысымен беріледі, түсіп қалу құбылысы кездеспейді.

Сөз басында: رِيحٌ (хайр) – қайыр, хайыр.

فَوْحٌ (хауф) – қауіп, хауып, хауыф. **Хауіп**-хатермен отырып жеген нығмет, бойға жүкпей, ас болмай обып кетер (Мақыш Қалтай).

خِدْمَةٌ (хидмәт) – қызмет, қызмат, қызымет, хызмет. Билікке таласу да жарар еді Дін үшін **қызмет** болса мақсаты елге (Мақыш Қалтай).

خِيَالٌ (хайә:л) – қиял, хиял. Қарасаң бұл уақытта кең далаға, әртүрлі **қиял** келіп түсер еске (С.Торайғыров). Үшбу **хиял** келсе басқа, сен жүдер де мен үшін. Болар еді қайнамасқа мыс қазандай сорлы әшәм (Абай).

Сөз ортасында:

رُحْمَةٌ (рухсат) – рұқсат, лұқсат, ұлықсат, ұрықсат.

مَخْلُوقٌ (мәхлу:к) – мақұлық, махлұқ. Халыққа махлұқ арқылы жете алмады (Абай).

Бұл дыбыстың х әрпімен таңбаланған жағдайларын да кездестіруге болады: خَبْرٌ (хабәр) – хабар, خَالِقٌ (халә:’ик) – халайық, خَالِكٌ (халк) – халық, تَارِيخٌ (тә:ри:х) – тарих т.б. Бірақ х дыбысымен жазылған сөздердің өзінде, айтылуда артикуляциялық жағынан жақын қ дыбысына айналады және жуан реңін сақтайды.

Бұл әріптің жазуда қолданылуы жөнінде С.Мырзабеков: «Х әрпі қазақ топырағына 1938 жылы табанын тіреп, орыс сөздерінің құрамында қолданыла келе, төл (қ) дыбысымызды тықсыра бастады. Оған себеп бірсыпыра сөздерімізде х әрпі жазылатын болды. Қырқыншы жылдарға дейін жай ғана қ-мен жазылып келген бұлардың дені кірме сөздер», – дейді [40, 76-б.]. Қазіргі қазақ тілінде қ дыбысына алмастырып таңбаланып жүрген араб, парсы сөздері 1929-38 жж. аралығында қ әрпімен, ал 1938 жылдан бастап көбінесе х әрпіне алмастырылғандығын көреміз. Мысалы, *Оныменен sezımdj tazalьqqa kjrgendjgıjıdj kәmәl ьxlasьıđb көrsetjр jcjmnıj safbь* Оһһһһ һһһһһ qalq көrer ... (Абай). *Цасьq таЦсиqlьqqa qalq ejrlәn maxlūq ortasь тynәsıvәtsjz* (Абай). *Mıxравьт sen, vas ūratьn Tjł çete almas xūzjıjme* (Абай). *Үсбу xıal kelse basqa, Sen çyder dep men usjı* (Абай). Ал қарекет сөзінің қ және х әрпі арқылы таңбаланған нұсқасы параллель қолданылған. Мысалы, *Қyndjzgj qareketten vosaqanda, Əzjıe əzjı tıgen tattj tyn var* (Абай). *Uaiьт qaiЦььszdbьЦьıa, uaiьт qaiЦьь qьldaЦьь, sol uaiьт qaiЦььszdbьqtan qūтьlarlьq orьndь xaraket tavı kerek* (Абай).

Енді осы Ұ «хә:» дыбысының латын қаріпімен беруде қазақ тілінің төл дыбыстарына сәйкес таңбалаудағы көрінісі төмендегідей:

ح «хә:» дыбысының қазақ тілінде сөздің барлық позициясындағы қолданысы	ح «хә:» дыбысының арабша нұсқасы	ح «хә:» дыбысының кирил қарпімен таңбалануы	ح «хә:» дыбысының латын қарпімен таңбалаудағы көрінісі
Сөз басында қ/х дауыстыларына ауысқанда	خِدْمَةٌ (хидмәт) خَبْرٌ (хабәр)	қызмет хабар	qizmet qabar
Сөз ортасында қ дауыссызына ауысқанда	رُخْصَةٌ (рухсат)	рұқсат	ruqsat
Сөз аяғында х дауыссызына ауысқанда	تَارِيحٌ (тәрих)	тарих	tari <h></h>

Араб тіліндегі Ғ «айн» дауыссызы. Н.Төрекұлов «Жат сөздер» атты мақаласында «айн» дыбысының қазақшада қалай өзгергені туралы: «Арабтан қазақшаға өткенде «айн» сөз басында жана аяғында түсіп қалады, сөздің ортасында келсе, «ғайнның» міндетін атқарады немесе мүлдем жоғалып кетеді», – дей келе, өз тұсында жаңадан кірген не кіріп жатқан араб, парсы сөздерінің бұл қағида тысында «тымақ кимей кіріп» жатқандығын ескертеді. «Арқада қазақ араб, парсы сөздерін татардан үйренеді. Мысалы, *ғылым, гибрат, гиззат, ...Ғазиза, ғараб...* деп қазақ тілін бұзу әдеті татардан Арқа қазақтарына өтіп, жалпы қазақ әдебиетін күйедей жалап барады. Бұл әдетті жою керек. Бұл жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды», – деп, тіл тазалығын сақтауға шақырған [41, 92-б.].

Бұдан ХХ ғасырдың басынан бастап-ақ қазақ зиялыларының кірме араб, парсы сөздерінің қазақшаланған үлгісін қалыптастыруға ұмтылғаны байқалады. Қазіргі қазақ тілінде бұл дыбыс сөз басында келгенде тоғысыңқы ғ дыбысына алмасады, не түсіп қалады да, «айн»-ның харакатына, яғни одан кейінгі дауыстығы байланысты сөз **а, ә, і, ө** дауыстыларымен басталады. Төмендегі араб сөздерінің транскрипциясында бұл дыбыс () белгісімен берілді.

Ғ-мен басталған сөздер: عَجَائِبُ (‘аджә:’иб) – *ғажайып*, عَالِمٌ (‘а:лим) – *ғалым*, عَرَشٌ (‘арш) – *ғарыш*, عَصْرٌ (‘аср) – *ғасыр*, عَاشِقٌ (‘а:шиқ) – *ғашық*, عِبَادَةٌ (‘ибә:дәт) – *ғибадат*, عِبْرَةٌ (‘ибрат) – *ғибрат*, عِمَارَةٌ (‘имә:рат) – *ғимарат*, عِلْمٌ (‘илм) – *ғылым*, عِلْمَاءُ (‘уләмә:’) – *ғұлама*, عُمُرٌ (‘умр) – *ғұмыр*, عُرْفٌ (‘урф) – *ғұрып* және т.б.

Ғақылсыз аңқылдама құлап жарға (Мәшһүр Жүсіп).

Ғылымның *гиззат*, құрмет өзінде деп,

Дүниелер, ағанияға (байлыққа) көз сал (Мақыш Қалтай).

А дыбысымен: عَيْبٌ (‘айб) – *айып*, عَمَلٌ (‘амәл) – *амал*, عَرْضٌ (‘ард) – *арыз*, عَيْدٌ (‘ид) – *айт*, عَقْلٌ (‘ақл) – *ақыл*, عَرَبِيَّةٌ (‘араба) – *арба*, عَصَا (‘аса) – *аса*, عَذَابٌ (‘азә:б) – *азап* және т.б.

Ә дыбысымен: عَالِمٌ (‘а:ләм) – *әлем*, عَادِلٌ (‘а:дил) – *әділ*, عَادَةٌ (‘а:дәт) – *әдет*, عَطْرٌ (‘итр) – *әтір*, عَسْكَرٌ (‘аскәр) – *әскер*;

І дыбысымен: عِلْمٌ (‘илм) – *ілім*, عِزٌّ (‘иззәт) – *ізет*;

Ө дыбысымен келген сөздер: عُمُرٌ (‘умр) – *өмір*, عُشْرٌ (‘ушр) – *өшір*;

Сөз ортасында жуысыңқы *ғ*-мен айтылады: دُعَاءٌ (ду`а:’) – дұға, جَمَاعَةٌ (джәмә:’ат) – жамағат, لَعْنَةٌ (лә`нәт) – лағынет, مَعْلُومٌ (мә`лу:м) – мағ(ұ)лұм, مَعْنَى (мә`нә) – мағына, مُعَلِّمٌ (му`аллим) – мұғалім, نِعْمَةٌ (ни`мәт) – нығ(ы)мет, قَنَاعَةٌ (қанә:’ат) – қанағат, سَاعَةٌ (сә:’ат) – сағат, طَعَامٌ (тә`а:м) – тағам, تَغْيِينٌ (тә`и:н) – тағайындау, تَعْلِيمٌ (тә`ли:м) – тағылым, وَعْدٌ (уә`дә) – уағ(ы)да, وَعْظٌ (уә`з) – уағыз, طَبِيعَةٌ (тәби:’ат) – табиғат, وَاقِعَةٌ (уә:қи`а) – оқиға және т.б.

Қазаққа жат бұл дыбыстың сөз ортасында түсірілмей, *ғ*-мен берілуі екі дауыстының қатар келуіне жол бермеуден де туындаған болар. Өйткені қазақ тілінде дауыстылар сөз ішінде, сөздер аралығында қатар тұра алмайды, ал қатар келе қалған жағдайда алдыңғысы түсіп қалады. Сөз ортасында дауыссыз бен дауысты арасында «айн» түсіп қалады: جُمُعَةٌ (джум`а) – жұма, قَالَةٌ (қал`а) – қала, صِنْعَةٌ (сан`ат) – санаткер т.б.

Ал сөз ортасында «айн» түсіріліп, *ә* дыбысымен келген сөздер, әдетте, жоғарыда *ғ*-ға алмасып келген сөздердің жіңішке вариантын береді: мағ(ұ)лұм / мәлім, тағылым / тәлім, тағызым / тәжім, лағынет / ләнет, мағына / мән, сағат / сәт, уағда / уәде т.б. Сөз ортасы мен соңында келген *ғ* дыбысының түсіп қалуы тек араб сөздеріне қатысты емес, тілдегі ертеден келе жатқан құбылыс. Мәселен, көне түркі тіліндегі қағун – қауын, бұзағу – бұзау, сарыз – сары кейбір сөздердің ортасы мен соңындағы *ғ* дыбысы түсіп қалған.

Араб тіліндегі Ғ «айн» дауыссызының да қазақ тілінде бастапқы *ғ* дауыссыз, *а*, *ә*, *і*, *ө* дауыстыларымен келгенде семантикалық варианттарға жіктеледі. Мысалы, ғылым/ілім сөздерінің де мағынасы жіктелген. Ғылым сөзінде араб тіліндегі мағына сақталған болса, ал ілім сөзі «табиғи құбылыстың белгілі бір саласы жайындағы теориялық қағидалар жиынтығы» деп өзгерген. Негізі, арабшада бұл сөздің «теория» деген мағынасының да барлығын ескерсек, арабшадағы мағыналар қазақшада екі түрлі дыбысталып берілген.

Зағип/зайып сөздерінің де мағыналарында өзгеріс байқалады. Араб тілінде бұл сөз «әлсіз, ауру, жеткіліксіз», «науқас» мағыналарын білдірсе, қазақша екі түрлі дыбысталып, мағынасы жағынан бір-бірінен ажыраған. Зағип сөзі «кемтар, мүгедек, жарымжан», «кәріп-қасер, мүсәпір, бишара», ал зайып сөзі «жар, жұбай, жұп» мағыналарын алған.

Ғ «айн» дыбысының латын қарпімен беруде қазақ тілінің төл дыбыстарына сәйкес таңбалаудағы көрінісі төмендегідей:

Ғ «айн» дыбысының қазақ тілінде сөздің басындағы мен ортасындағы қолданысы	Ғ «айн» дыбысымен келетін сөздердің арабша нұсқасы	Ғ «айн» кирил қарпімен таңбалануы	Ғ «айн» латын қарпімен таңбалаудағы көрінісі
Сөз басында <i>а</i> дауыстыға ауысқанда	عَقْلٌ (`ақл)	ақыл	aqıl
Сөз басында <i>ә</i> дауыстыға ауысқанда	عَالَمٌ (`аләм)	әлем	әlem
Сөз басында <i>і</i> дауыстыға ауысқанда	عِلْمٌ (`илм)	ілім	ilim

Сөз ортасында o дауыстыға ауысқанда	عُمْرٌ (ʿумр)	өмір	ömir
Сөз ортасында z дауыссызына ауысқанда	سَاعَةٌ (сә:ʿат)	сағат	sağat
Сөз ортасында z түсіп қалады	سَاعَةٌ (сә:ʿат)	сәт	sät

Араб тіліндегі «hə» дауыссызының да қазақ тілінде баламасы кездеспейді. Дыбысталуы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі *gayhar*, *juhar* сияқты сөздердегі **h** дыбысы араб тіліндегі **h** дыбысын таңбалағанымен, айтылуда араб тіліндегі **h** дыбысына біршама жуық келеді.

Ескі жазба нұсқаларда бұл дыбыспен келетін сөздер былайша түрліше көрініс берген: اِحْتِمَاتٌ (иджтиһә:д) – *ижтиһат*, *ыждаһат*, *иждаһат*, *иждиһат*, *ыждағат*, *иждиһат*, *иждиһат*.

Мұның бұлай дүниені алғандығы,

Ілгері кеткендіктен әрбір ісі...

Һиматпен, *ижтиһатпен* өнер тауып,

Бұл күнде әркімдерге жеткен күші (М.Қалтай).

Сөз басында бұл дыбыс түсіп қалып, сөз одан кейінгі дауыстыға сәйкес **a**, **ä**, **e** дауыстыларымен басталады: هَيْبَةٌ (һәйбәт) – *айбат*, هَوَاءٌ (һәуә:’) – *ауа/әуе*, هَزْلٌ (һәзл) – *әзіл*, هَلَاكٌ (һәләк) – *әлек* т.б.

Бір сөзде **q** дыбысымен берілген: هَجْرَةٌ (хиджра) – *қыжыра* т.б.

Сөз ортасында **й**, **h** дыбыстары арқылы беріледі: ظَاهِرٌ (за:һир) – *зайыр*, فَهْمٌ (фәһм) – *пайым*, زَيْنٌ (зейн) – *зейн*, جَوْهَرٌ (жәуһәр) – *gayhar*, جَاهِلٌ (джә:һил) – *жаһил*, مَشْهُورٌ (мәшһу:р) – *мәшһүр* т.б.

Сөз ортасында бірлі-жарым сөздерде мүлде түсіп те қалады. Мысалы, (таһарат) – *дәрет*, (муһр) – *мөр* т.б.

Сонымен «hə» дыбысы қазақшада сөз басында түсіріліп, сөз ортасында **h**, **й** дыбыстарымен беріледі не түсіп қалады. Қазақ тілінде сөз басында **z**, **q** дыбыстарымен де келеді. Араб тіліндегі «hə» дауыссызының қазақ тілінде **a**, **ä**, **e** дауыстыларымен басталған сөздерде екі түрлі дыбыстала келе, семантикалық жігі ажыраған. Мысалы, қазақ тілі түсіндірме сөздігінде *ауа* сөзі «тыныс алу үшін қажетті түссіз, иіссіз зат», «атмосфера, жер атмосферасын құрайтын газ тәрізді заттардың жиынтығы», ал *әуе* сөзі «жер үстін қоршаған көк күмбезі, аспан», «ауа» мағыналарымен берілген.

«hə» дыбысының латын қарпімен беруде қазақ тілінің төл дыбыстарына сәйкес таңбалаудағы көрінісі төмендегідей:

«hə» дыбысының қазақ тіліндегі сөздің басында және ортасындағы қолданысы	«hə» дыбысының арабша нұсқасы	«hə» кирил қарпімен таңбалануы	«hə» латын қарпімен таңбалаудағы көрінісі
Сөз басында a дауыстыға ауысқанда	هَوَاءٌ (һәуә:’)	<i>ауа</i>	aua

Сөз басында ә дауыстыға ауысқанда	هَوَاءَ (həyə:’)	әуе	əue
Сөз ортасында й дауыссызына ауысқанда	ظَاهِرٌ (za:hир)	зайыр	zairr
Сөз ортасында « һә »сақталған	جَوْهَرٌ (жәуһәр)	гауһар	gauhar
Сөз ортасында « һә »түсіп қалған	مِهْرٌ (myһр)	мөр	mör

Арабтың **ә** «уә:» дауыссызы қазақ тілінде сөз басында бірде түсіріліп, бірде сақталған. Мәселен, түсірілген жағдайда, одан кейінгі арабша **ә** дауыстысы өзгеріп, **о, ұ, ө** дауыстыларымен келеді: *опат, оқиға, ұждан, өкіл, өсиет*. Ал сақталғанда **у** дыбысымен беріледі: *уәде, уәзір, уәкіл, уақиға*. Бір ғана сөзде **п**-ға өзгерген *парақ*. Сөз ортасында **у** дауыссызымен беріледі: *ауа, қауым, дәуір, аруақ*, т.б.

ә «уә:» дыбысының қазақ тілінде сөз басында о, ө, у, п дыбыстарына ауысуы	ә «уә:» кирил қарпімен таңбалануы	ә «уә:» латын қарпімен таңбалаудағы көрінісі
О	опат	opat
Ө	өкіл	ökil
Ұ	ұждан	ujdan
У	уәде	uəde
П	парақ	paraq

Бұдан басқа қазақ тілінде арабтың **б** «бә:» дыбысы сөз басында **б** мен **п** түрінде жарыса қолданылатын тұстары да кездеседі. Мысалы: *бәле//пәле, пісмiллә//бісмiллә*, т.б.

Кіріме араб сөздеріндегі **ف** «фә:» дыбысы сөз басы мен ортасында **п** мен **б** дыбыстарына алмасады, мысалы: *فَاتِحَةٌ* (фә:тихә) – *бата*, *فَهْمٌ* (фәһм) – *байым/пайым* т.б. **Ф**, **х** фонемалары араб-парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер мен бірен-саран жалпы есімдерде де түпнұсқадағыдай сақталған. Мысалы, *Фазыл, Фарида, Фатима, Марфуға; саф; фәни, Хамит, Ахмет* т.б.

«Дә:л» дыбысы қазақ **т** дыбысымен алмасады. Мысалы, *азад – азат, айд – айт* т.б.

«Лә:м» мен **ә** «ра:» дыбыстары қазақ тілінде осыған сәйкес **л, р** дауыссыздарымен беріледі. Қазақта сөздің басы **л, р** дыбыстарымен басталмайтыны белгілі. Соған орай бұл дыбыстармен басталатын сөздердің алдынан қысаң дауыстылар селбесіп айтылады. Мысалы, **р**-мен басталған сөздер: *(i)рәсім, (i)рәміз, (ы)рамазан, (ы)рақым, (ы)рызық, (ы)разы, (ы)рақат, (ы)рақмет*.

Қазіргі қазақ тіл білімінде селбеспелі дыбыстардың таңбалануы екі негізге құрылады. Бірінші негіз бойынша, **л, р** дыбыстарынан басталатын, осы дыбыстардан кейін **а, ә, е, у, ұ, и** дыбыстары келетін түбір сөздердің басында **ы, і, ұ** әріптері жазылмайды (*лаж, лайық, лас, лай, леген, рай, рас, лауазым, лашын, лашық, рухани, ру, рұқсат, риза, рия* т.б.). Ал қалған жағдайда сөз басында **р, л** әріптерінен бұрын **ы, і** әріптері жазыла береді (*ырыс, ырым, ырық, іріт, ырыл* т.б.) [42, 40-б.]. Қазіргі кезде тіл білімінде бұл ереже ретінде орнығып, қалыптасты. Ал 1929-1940 жылдары

қолданған латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесінде кірме сөздер фонетикалық принципке негізделгендіктен, функционалдық мәні бәсең селбеспе (ілеспе) дыбыстар жазуда ескеріліп отырған.

Сонымен XIX-XX ғғ. ескі қазақ жазба шығармаларында көбіне діни ұғымдарға қатысты араб, парсы сөздерінің төл тіліндегі тұлғасы толық сақталып жазылса, ал одан басқа салаларда қолданылатын араб, парсы сөздерінің көбі қазақ тілінің айтылымы бойынша түрлі нұсқаларда жазыла берген. Ескі қазақ жазба тілде кірме араб, парсы сөздері құрамындағы дыбыстардың таңбалануындағы ала-құлалықтардың мынадай себептері бары ескеріліп жүр:

- ауызекі сөйлеу тілінің әсері;
- тұрақты орфографияның болмауы;
- араб әріптерімен жазылған шығармаларды жариялаушылардың түрліше таңбалануы;
- диалектілер мен говорлардың әсері;
- өлең ұйқасымының талабына байланысты сәйкестендіру.

Міне, осындай ескі жазба тілден енген сөздердің құрамында сақталып қалған араб-парсы фонемаларының қайсысын графемалық жүйеде көрсету керек деген мәселе әлі күнге дейін талас тудырып келеді.

Ал түрік елінің тәжірибесінде араб, парсы сөздерін латын қарпімен таңбалауда сол төл тіліндегі қалпын емес, түркі тілінің дыбыстық заңдылығын ұстанған. Тіпті ортағасырлық жазба жәдігерліктердің бір қабатын құрайтын пассив қолданылатын араб, парсы сөздерінен бастап күні бүгінге дейінгі актив қолданыстағы кірме араб, парсы тілдік бірліктері түрік тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес таңбаланған. Мысалы, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» жазба ескерткішінен бірер мысал келтірейік: *масбих-месбих, гауһар-гәһвер, kalem, talep* т.б.

Түрүп иұнды қылды иана таң намаз,

Ду а қылды *месбих* иеме құдты аз.

Дәрет алып, таң намазын оқыды,

Дұға оқырда *масбих* ұстап отырды.

Бұның себебін арабтың жуан ренді дауыссыздары түрік тілінде жуан қалпын сақтап, сөз бірыңғай жуан айтылғанымен, құрамында «лә:м» дыбысы келген сөздерде үндестік бұзылған. Өйткені арабшада үнемі жіңішке дыбысталатын бұл дыбыс түрікшеде де жіңішке қалыптасып, одан кейінгі қысқа да, созылыңқы да дауыстылар жіңішке айтылады. Мысалы, *kalem, kale, kible, makale, talep, za:lim, zulüm*. Бұл сөздер қазақшада бірыңғай жуан айтылады: *қалам, қала, құбыла, мақала, талап, залым, зұлым*. Түрікшеде алдыңғы буында жуан дауысты келгеніне қарамастан, соңы «лә:м»-ға аяқталған сөздерге жіңішке дауысты қосымша жалғанады, мысалы, *ha:li, misa:li*» [43].

Қазіргі кезде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобалары жан-жақты ойластырылып, ғалымдар тарапынан құрастырылған ғылыми нақтыланған жобалар бар. Латын қарпіне көшкенде араб, парсы сөздерін латын қаріптерімен таңбалауда мынадай басты ұстанымдарды назарда ұстау қажет болар:

біріншіден, кірме араб, парсы сөздерін қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына, яғни үндестік заңы арқылы дыбыстардың тіркесімін сақтай отырып айтқанмен, жазуда фонологиялық принципке арқа сүйеу керек. Мысалы, *мақұлұқ*, *мүлүк*, т.б. деп айтылғанмен, *мақұлық*, *мүлік*, т.б. түрде жазу керек;

екіншіден, ескі жазба тілінде, тіпті қазіргі қазақ тілінде бірнеше дыбыстық нұсқада қолданылатын араб, парсы сөздерінің *қадим-қадым-қадім*, *қадыр-қадір-кәдір*, *қызыр-қыдыр* латын қарпімен таңбалауда әуелі қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасына сәйкес келетін нұсқасын негіздеп алған жөн. Себебі аралас буынды сөздердің жазылуы да қазақ жазу емлесіне қайшы.

<i>хауыф</i>	араб тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген
<i>хауып</i>	сөз басындағы х қазақ тіліне жат дыбыс
<i>хауіп</i>	сөз басындағы х қазақ тіліне жат дыбыс әрі қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына қайшы
<i>қауіп</i>	Жазуда осы форма тиімді. Қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына қайшы формада жазылғанымен, сөз – образ арқылы араб тілінен енген абстрактілі лексика екені анық білінеді.
<i>қауып</i>	Қазақ тілінің айтылымына негізделген дұрыс нұсқа болғанымен, жазуда түпнұсқа тіл этимологиясынан хабар бермейді, әрі <i>қауып</i> (<i>ит қапты</i>) етістігімен омограф құрап кетеді.

үшіншіден, семантикалық варианттарға ие болған кейбір араб, парсы сөздерінің (*ауа/әуе*) латын қарпімен таңбалаудағы ерекшеліктерін ескерген жөн;

төртіншіден, қазақ тілі дауыссыздар жүйесінде араб-парсы тілдерінен енген сөздерде «**х**» фонемасы бар кейбір сөздерде «**қ**» фонемасымен берген жөн. Мысалы, *хал* (*hal*) емес, *қал-жағдай* (*qal*), *хайыр* (*hair*) емес, *қайыр* (*qair*) т.б.;

бесіншіден, түркі кеңесі қабылдаған ортақ әліпбиін ескере отырып, қазақтың төл әліпбиінде бұрын пайдаланылмаған арабтың *h* дыбысын *гауһар*, *жуһаз* сияқты сөздерінде қалдырып, сондай-ақ, *сұхбат*, *тарих* сөздермен келетін **х** фонемасын **h** фонемасымен берген жөн: *suhbat*, *tarih* т.б.

алтыншыдан, үндестік заңына бағынбайтын парсы тілінен енген (*гер/кер*, *қор*, *паз*, *хана*, *гөй* т.б) қосымшаларының ұтымды берудегі транскрипциясының рөлін арттыру қажет;

жетіншіден, 1938-1940 жж. кирил графикасына негізделген әліпбиді қабылдауда орыс кірме сөздерін түпнұсқасына жақындатып қолдану үрдісі басым болғаны белгілі. Осыған байланысты қазақ әліпбиіне жат орыс тілінен енген *я*, *ю* тәрізді әріптер араб, парсы тілінен енген сөздерді таңбалауға да қатысты қолданылған. Мәселен, *хикаят*, *сая*, *япырай*, *яғни*, *аян* т.б. Кирил жазу емлесінің кемшілігі араб, парсы тілінен енген сөздерді бірнеше вариантта құбылтып жазуға жол берді. Мысалы, кей онимдердің графикасының осы күнге дейін бірізділігі сақталмаған: *Яссауи*, *Ясауи*, *Йассауи*, *Юсуп*, *Йусуп*, *Жүсіп* т.б. Сондықтан латын графикасына көшу барысында осы сияқты қазақы дыбыстауға сәйкес келмейтін ала-құлалықтарды болдырмауға күш салу қажет.

Ескі кітаби лексиканың жаңа статистикасы («Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» (2014 жылғы сөздік бойынша))

Қазіргі қазақ тіліндегі кітаби лексиканың басым бөлігін араб, парсы сөздері құрайды. *Біріншіден*, VII-VIII ғасырлардан бастап түркі халықтары арасында ислам дінінің тарала бастауы, *екіншіден*, ерте кезеңдерден бастап түркі халықтарының соғдылармен (иран) көршілес отыруы, *үшіншіден*, орта ғасырдағы түркі ғұламаларының ғылыми және әдеби шығармаларды араб, парсы тілдерінде жазуды дәстүрге айналдыруы, *төртіншіден*, араб, парсы сөздерін түпнұсқадан өзгертпей, сол тілде қалай жазылса, тура солай жазу үрдісінің орын алуы, *бесіншіден*, түркі халықтарының жаппай араб графикасын XX ғасырдың басына дейін қолдануы араб, парсы сөздерінің молынан енуіне орасан зор ықпал етті. Бірнеше ғасырлық байланысты қамтитын араб, парсы, түркі қарым-қатынастарының нәтижесінде көптеген кірме лексикалық бірліктер тілімізде орнығып қалды. Оларды екі топқа бөлеміз:

1) қазіргі қазақ әдеби тілінде актив қолданыстағы араб, парсы сөздері;

2) қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде актив қолданылған кітаби сөздер.

Бірінші топқа жататын сөздер тұлғасының өзгеріске ұшырағаны сонша, оларды кірме бірліктер қатарына жатқызудың өзі күмән тудырып жататын жайтқа айналды. Өйткені қазақ тіліне араб, парсы сөздерінің ену тарихы тым тереңде жатқандықтан, олар төл тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне барынша бейімделіп кеткен. Ал екінші топқа жататын сөздер күнделікті қолданыста болмаса да, ескі тілде жырлаған ақын-жыраулардың, қисса-дастандардың, алғаш жарыққа шыққан қазақ баспасөздерінің тілінде актив қолданыста болған. Сондықтан ондай сөздерді қазіргі тілімізде қолданылмайды екен деп есептен шығарып тастауға әсте болмайды. Олар біздің тарихи қазынамыз, сөздік қорымыздың үлкен бір бөлігі.

Жалпы түркі тілдеріне араб, парсы сөздерінің енуі, игерілуі бірінде басым, бірінде әлсіз болғанына қарамастан, түркі тілдерінің лексикалық қорын барынша дамытқанын жоққа шығара алмаймыз. Егемендік алғаннан кейін дінімізбен, ұлттық тарихымызбен, рухани-мәдени мұраларымызбен қайтадан қауыштық. Осыған орай, тілімізге дінге қатысты араб сөздерінің қайтадан ену үрдісінің жүріп жатқанын аңғаруға болады.

Қазақ ғалымдары тарапынан тіліміздегі араб, парсы сөздерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлов, т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Алаш арыстарынан басталып, қазіргі кезеңге дейін өз жалғасын табуда. Алайда зерттеудің көбі арнайы бір шығарма тіліндегі кірме сөздерді қарастыруға бағытталған, сондықтан да жалпы қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің, оның ішінде ескі кітаби сөздердің нақты статистикасы көрсетілген емес.

Қазақ тіл білімінде араб, парсы бірліктеріне қатысты сөз болғанда мына мәселелердің басы айқын болуы керек:

- *біріншіден*, күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінде «араб-парсы» деп қосарлап жазу қалыптасқан. Алайда араб тілі мен парсы тілі туыстас тілдер болып есептелмейді. Сондықтан араб, парсы үтір арқылы жазылғаны дұрыс;

- *екіншіден*, араб, парсы сөздерін қатар алып қарастырғанда, көбінесе араб сөздеріне баса назар аударылады да, парсы тілі оның көлеңкесінде қалып қояды. Сон-

дықтан араб, парсы сөздерінің тілімізге ену тарихы мен игерілу ерекшеліктері сөз болғанда, олар жеке-жеке қарастырылып, бөлек түсіндірмелермен берілгені жөн.

Кітаби лексиканың көпшілігі «ескі қазақ жазба тілінде» еркін қолданыста болғанмен, қазіргі тіл тұрғысынан алғанда бейтаныс болып танылады. Осы жерде арнайы ескерте кететін бір жайт, тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңдерде жарияланған ауыз әдебиеті үлгілері мен ақын-жыраулар шығармалары кеңестік саяси идеологияның кесірінен көптеген қысқарту мен өзгертуге ұшырағаны мәлім, атап айтқанда:

- ислам дініне қатысты ұғымдар мен тіркестерді, Аллаға жалбарынған мінәжаттарды, мадақ сөздерді мүлде алып тастау, соның салдарынан өлең жолдарын толығымен жарияламай, үзінділерін ғана беру, көптеген ескі тілдік бірлікті жарамсыз деп тану сынды олқылықтар орын алып келді;

- саяси идеологиялық мүдделерге сай келмегендіктен, ауыз әдебиетінің көптеген мұралары жарыққа шығарылмады, ондай жәдігерлер қатарында діни дастандар, магиялық, мифтік аңыздар мен тарихи жырлар бар;

- жарияланған мәтіндердің өзі қатаң цензуралық бақылауда ұсталып, арнайы редакциялық түзетулерге ұшырап отырды, соның салдарынан тұтас сөйлемдер мен шумақтар өрескел өзгертулерге түсті, тіпті мүлде алынып тасталды.

Ал егемендік алғаннан кейін Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» сынды көптеген ғылыми бағдарламалар іске асырылып, күллі араб жазуымен сақталған ескі мұрамызды халыққа қайтадан ұсыну жұмыстары қарқынды түрде қолға алынды. Осының нәтижесінде көптеген тарихи жәдігеріміз ешқандай қысқартусыз, өзгеріссіз кітап ретінде жарыққа шықты. Мұндай құнды еңбектердің алдыңғы қатарына 100 томдық «Бабалар сөзі» кітаптар сериясын жатқызуға болады. Солардың барлығын сүзіп, қарастырып шыққанда, тілімізде қолданыста болған кітаби лексиканың *статистикалық ақпаратын* жариялау қажеттілігі туындап отыр, сонымен қатар жалпы араб, парсы сөздерінің статистикалық көрсеткішін де жаңарту қажет деп ойлаймыз. Себебі, тіліміздегі кірме сөздерге байланысты тәуелсіздікке дейін жарық көрген санаулы сөздіктерде кеңестік цензураның кесірінен көптеген сөз қамтылмай қалған. Әсіресе кітаби лексиканы сөздікке беруге қатаң тыйым салынған болатын.

2014 ж. «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» атты көлемді еңбек жарыққа шықты [24]. Бұл сөздікте тілімізге ертеден сіңісіп кеткен, күнделікті өмірде жиі қолданылатын таныс сөздерден бөлек, «ескі қазақ жазба тілінде» еркін қолданыста болған, алайда қазіргі тіл тұрғысынан алғанда бейтаныс болып танылатын кітаби сөздердің негізгі бөлігі жинақталып берілді. Сондықтан бұл зерттеудегі статистикалық мәліметтер осы сөздіктің негізінде жай ғана шолу емес, нақты факт ретінде есептеліп отыр.

Араб, парсы сөздерінің қазақ тіліндегі қолданыс аясы өте күрделі. Әсіресе ескі қазақ жазба тілінде актив қолданыста болған кітаби сөздер қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда бейтаныс болып табылады. Сондықтан жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазақ тілінде қолданыста болған араб, парсы сөздерін үлкен екі топқа бөлдік:

- 1) қазіргі қазақ әдеби тілінде актив қолданылатын араб, парсы сөздері;
- 2) қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде актив қолданылған кітаби сөздер.

Енді осы екі топтағы сөздердің статистикасына назар аударайық. Қазіргі қазақ әдеби тілінде актив қолданылатын араб, парсы сөздері қатарына *абзал, абұйыр, абырой, ағза, адал, адам, адамзат, ажал, аждаһа, азамат, азан, азап, азат, азық, айдаһар, айна, айуан, ақыл, ақымақ, арзан, арман, ауқат, әбзел, әбігер, әділ, әжуа, әзіл, әйел, әлеумет, әмиян, әңгіме, әріп, әскер, әулет, баба, баға, базар, бақша, батшағар, бейкүнә, бекем, бұқара, гажайып, галам, гасыр, гұлама, гұмыр, гұрып, ғылым, дақыл, дана, дастан, дәреже, дәріс, дерт, диқан, емле, емтихан, есім, жамағат, жанжал, жануар, жауап, жігер, зақым, залым, заман, зәбір, зерек, зиян, ишара, кәмет, кәсіп, келбет, қабырға, қағаз, қажет, қазына, қанағат, қасірет, лаж, лауазым, мағлұм, мазақ, мәлімет, мұхит, надан, нақыш, науқас, обал, опат, өмір, өсиет, палуан, парыз, пұшайман, рахат, реніш, рұхсат, сабын, тағам, тағзым, тәлім, уайым, ұстара, хабар, шайыр, шалқан, шәрбат, ықылас, яғни т.б. көптеген бірліктерді жатқызуға болады. Бұндай сөздердің жалпы саны – 2157.*

Ал қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде актив қолданылған кітаби сөздерге *азуаж, ақабат, аб нисан, абд, ағаз, агла, агмал, аждар, ажынас, азһар, ақилат, алаф, аманту, әдиса, әжір, әлфирақ, әлхасыл, әмірет, әндиша, әркан, әфтара, бадид, баднам, базаркан, базарқуар, банагаһ, баңхұр, бараһин, баройе, басафа, баһана, башарат, бәдан, бәдруй, бұхтан, гиран, гәриан, гүрбан, гадам, гажам, гақубат, гамнак, гараф, гауам, гұлибан, гұссат, дақиқа, дамих, даният, дархор, дафиг, дәрхал, дохтари, ділнауаз, жағлан, жанан, жауан, жаһалат, жәзір, жубун, забан, загара, залалат, замин, зарафишани, зәуіл, зифаф, зоурақ, зүлфі, иәжүж, игтирад, икрам, истанжа, ихраж, кард, каукаб, кафура, кәманд, кәниса, кәриһ, капарат, келеп, кифаят, кулфат, күміраһ, қанун, қараз, қасам, қатра, құрапа, қылуе, ладан, лазурит, лалезар, ларза, мағзұм, мағрур, мағшуг, миясар, муафиқ, мұнажжим, мүфсид, набуд, намайан, намахрам, намдар, нардибан, натауан, нафиг, наһид, нидамат, пағтур, паришан, пәнжа, пиада, пінһан, рақиб, раһиб, рәмил, рихлат, сағиқа, самум, сарнай, сафи, сәркатиб, тагажіп, тагазир, тағбир, тақсим, тауазиг, уақиғ, уасиг, уәжіл, фаған, фажир, фалак, фарсақ, хадие, халғат, харидар, хауариж, хилаф, һамайун, һұжұм, шажағат, шардақ, шатранж, шашма, шидадат, ширази, ысқат т.б. көптеген сөзді жатқызуға болады. Мұндай кітаби сөздердің жалпы саны – 2376. Бұл кітаби лексиканың өзін семантикасы жағынан екі топқа бөлуге болады:*

- 1) бір ғана мағынада жұмсалған кітаби сөздер;
- 2) бірнеше мағынада жұмсалған кітаби сөздер

Енді бұл сөздердің барлығын бере алмасақ та, кейбірінің қандай мағынада жұмсалғанын нақты анықтау үшін мысал арқылы талдап көрсетейік.

1. Бір ғана мағынада жұмсалған кітаби сөздер:

АЗУАЖ (ар. *азуаж* ازواج) – *әйел, жұбай*. Асхаптың шығып кетті бәрі һама, Жыла-сып *азуажлары* келді және [25, 1-т.]. Бұл неше артта қалған *азуажларың*, Кім көрер сізден кейін оның халін?! [25, 1-т.].

АҚАБАТ (ар. *ақибат* عقبه) – *қиындық, машақат*. Бұ қасірет, *ақабатқа* салдың мені, Наза болып жүрмесін бабаларым [26, 18-т.].

АБ НИСАН (пар. *аб нисан* اب نيسان) – *аб парсыша су, нисан сириялық күнтізбе бойынша сегізінші айдың атауы, сәуір айы*. Осы айда жауған жаңбырдың суын

құмыраға құйып, дұға салып ішсе, кез келген арман-мұрат орындалады деген ұғым бар. Жаңбырдан *аб нисан* дүрлер тамып, Шарапат баршамызға сонан болған [25, 1-т.].

АҒАЗ (пар. *ағаз кардан* اغاز کردن) – *бастау*. Иманнан соң екінші келді намаз, Мағынасын бес парыздың қылдым *абаз* [26, 4-т.].

АҒМАЛ (ар. *ағмал* اعمال) – *истеген әрекеттері, ісі*. Жараса *ағмалына* жаза көріп, Ақыры жаннат ішіне кірген барып [25, 2-т.].

АЖДАР (пар. *аждар* اژدر) – *айдаһар*. Сонда құрған амал мол, *Аждар* жылан дәуі бар [26, 37-т.].

АЖЫНАС (пар. *ажнас* اجناس) – *дүние-мүлік, бұйым*. Қазына неше түрлісін паралар, Босатты падишалық *ажынастарын* [26, 17-т.].

АЛАФ (ар. *алаф* الاف) – *мың, көп*. Өзі кірген суретіне арабтың, Түсі қара, тұрды біраз қарап тым, Киімдері пәршеленген жыртылып, Бейшарасы бұл жердегі *алантың* [27].

ӘДИСА (ар. *хадиса* حادثة) – *оқиға*. Айналайын, таз-батшам, Бір *әдиса* бар екен [26, 6-т.].

ӘЖІР (ар. *әжр* اجر) – *сыйақы, сияпат*. Көп *әжір* тақ аласың ғафу қылсаң, Әйтеуір пақырлығым саған салмақ [26, 5-т.].

ӘЛФИРАҚ (ар. *әлфирақ* الفراق) – *қош бол!* Енді ғұмырымның ақыры жақын болды, *Әлфирақ* әлфирақы сапарының уақты болды [26, 14-т.].

ӘНДИША (пар. *андише* انديشه) – *ой, пікір*. Сөйлейді патша сонда *әндишәсін*: – Әй, Фарұс, келгір, – деді, – көңіл нәшін [26, 3-т.].

ӘФТАРА (ар. *әфтара* افتار) – *жала*. Бұ сөзіңіз Сейітке зор *әфтара*, Бұның үшін Сейітті сен ұялтпа [26, 13-т.].

БАДИД (пар. *падид* پديد) – *көрініп тұрған, көзге көрінетін*. Бадид көз – *бадырақ* көз. Алартып қарауменен *бадид* көзді, Махшарда болар қатын қара жүзді [25, 1-т.].

БАНАГАҺ (пар. *баногәһ* بناگاه) – *кенеттен, аяқ астынан, қапыда*. *Банагаһ* алардың ішінде Мырза Мәметті көріп [26, 47-т.].

БАСАФА (пар. *басва* باصفا) – *пәк, таза*. Достыңыз қонаққа бүгін келсін, – дейді, Он сегіз мың ғаламға, әй, *басафа* [26, 11-т.].

БӘДРУЙ (пар. *бад руй* بد روي) – *өңсіз, ажарсыз, түрі жаман*. Кәпірдің өңін көрді ұзын бойлы, Көзі – көк, жүзі – қара, ол *бәдруйлы* [26, 10-т.].

ДАРХОР (пар. *дархор* درخور) – *лайық, сай*. Балам, саған бердім күллі ықтияр, Алғын қазынадан саған *дархор* [26, 39-т.].

ДӘРХАЛ (пар. *дархал* درحال) – *сол мезетте, сол кезде*. *Дәрхал* сонда аяғы түзеліпті, Қатын шіркін дұшпандыққа кезініпті [26, 8-т.]. Қатын *дәрхал* елшіге жетіп келді, Зұһраның жазған хатын әкел, – деді [26, 19-т.].

ДОХТАРИ (пар. *дохтари* دخترید) – *бойжеткен, қыз*. «Мархаба, *дохтари* сұлтан, қош келдің», – деп, Басына інжу, маржан шашу шашты [26, 3-т.].

2. Бірнеше мағынада жұмсалған кітаби сөздердің мысалы:

АҒЛА (ар. *ағла* اعلى) – 1. *Ең биік, ең жоғары*. Ғарыш *ағланың* сипатын көргеннен соң, Сұрайды Жәбірейілден мұны танып [26, 11-т.]. Тілесе ғарыш *ағлаға* барып қонар, Өзінің тілеуінше қоныс қылып [25, 2-т.]. 2. *Аса ұлы, зор*. *Ағла* баршамыздан мәртебең бар, Сөйлесіп, көндіріміз етсең қарар [26, 19-т.]. 3. *Ең гажайып, керемет*. Атын *ағла* баққа қоя беріп, бір жерге келді, Бір аулаға, шатырға кіре келді [26, 13-т.].

ЖАНАН (пар. *жанан* جانان) – 1. *Сүйікті, ғашық*. Жаным сүйген *жананым*, Жапа тартқан бұл тәнім [26, 19-т.]. Екі *жанан* мейірбан қосылысып, Мәлике зар жыласып көрісіпті [26, 17-т.]. 2. *Қымбатты, аяулы*. Сендейін *жанан* жоқ дүр жиһанда, Жеті жыл пәуа қылдың біздерді зынданда [26, 47-т.].

ЖӘЗІР (пар. *зәжир* زجر) – 1. *Қысым, езгі, зәбір*. Көнбесек айтқанына, амал тауысып, Тартармыз жәбір-жапа, *жәзір*, – деді [26, 7-т.]. 2. *Қайғы, мұң*. Бұрыннан бұл сұлуға Июхана уәзір, Көңілі ғашық болып, тартқан *жәзір* [27].

ЗҮЛФИ (пар. *зүлф* زلف) – 1. *Шаш, бұйра шаш*. Науаскар иктадай түрфіні, Жарасуға тал-тал өрер *зүлфіні* [26, 48-т.]. 2. *Бұрым*. Мағшұқтары жүректі тесіп, екі *зүлфи* беліге түсіп, көргендері реңкі ұшып, сондақ бір жігіт келіп шылым сұрап тұрып-дүр [26, 48-т.].

КАПАРАТ (ар. *каффарат* كفارة) – 1. *Күнәні жуу үшін берілетін қайыр-садақа*. *Капарат* көп кінәға болатұғын, Қалдырса, Тәңіріме оңай үш іс бар-ды! [25, 1-т.]. 2. *Күнәні өтеу, жуу*. *Капарат* қасланбаған не нәрсе? – деп, Көңілінде сұрар сөзін айтты ойқастап [25, 1-т.].

КИФАЯТ, КЕПИЕТ (ар. *кифайат* كفاية) – 1. *Мошшылық, баршылық*. Дін жолында раббана деп жан берер, Мүшкілдерге *кифаят* бер, Құдайым [26, 47-т.]. 2. *Қабілет, дарын*. Періден ғой, білесің, менім затым, Айтайын жаратылған *кепиетім* [26, 2-т.]. 3. *Қамтамасыз ету, қанағаттандыру*. Бек Жүсіп дер істеп келдім хамаят, Мұрадымды қылың бүгін *кифаят* [26, 47-т.].

ҚЫЛУЕТ, ХАЛУАТ (ар. *халуа* خلوة) – 1. *Оңаша, құпия орын*. Өзіні һәм әнжам уа жау-жарағыны бәріні бекітіп бір *қылует* жайда қойып, о шалны басыға жүз таяқ ұрып... [26, 48-т.]. 2. *Оңашалау, жеке қалдыру*. Ол сорлы сарайды *халуат* қылды, Сейітке өнер бастар уақыт келді [26, 14-т.].

Сонда аталған үлкен сөздікке енген қазіргі қазақ әдеби тілінде актив қолданылатын және қазіргі қазақ әдеби тілінде актив қолданылмайтын араб, парсы сөздерінің жалпы саны – **4533**. Осы жерде мына мәселені ерекше айта кету керек. Егер қазақ қосымшаларымен жасалған сөздерді (*жетесіз, күпірлік, қадірлі, қателік*, т.б.) және қазақы қолданым аясында пайда болған сөздерді (*алапес, төлқұжат*, т.б.), қос-сөздерді (*арман-тілек, айла-тәсіл*, т.б.) есепке алмай, тек түбір сөздердің ғана санын шығарсақ, онда **3562** сөз болады. Бұл дегеніміз, түбірі араб, парсы сөздерінен тағы да **970**-тен астам жаңадан сөз жасалған. Яғни араб, парсы сөздері сөздік қорымызды толықтыруға, байытуға барынша ықпал етті деуге болады.

Енді сөздікте қамтылған араб сөзі қанша, парсы сөзі қанша деген мәселеге арнайы тоқталайық. Бұл статистикалық зерттеуді үш топқа бөліп қарастыру керек:

- 1) барлық араб сөзінің статистикасы;
- 2) барлық парсы сөзінің статистикасы;
- 3) араб және парсы лексикасының қосылуымен жасалған сөздің статистикасы.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, сөздікте тіліміздегі барлық араб, парсы сөздерінің жалпы саны (**4533**) қамтылды. Осының 2564 араб, ал 1885-ы парсы, ал араб және парсы сөздерінің бірігуі арқылы жасалғаны – 84 сөз. Осы үшінші топқа жататын сөздердің жасалу ерекшелігін былайша бөлеміз:

1. Парсы қосымшаларының араб сөзімен бірігуі;
2. Араб және парсы түбірлерінің бірігуі.

84 сөздің барлығын талдап көрсетуде көлемді болып кететіндіктен, кейбір сөздерді ғана беріп отырмыз. Мысалы, парсының мынадай қосымшалары араб сөзімен бірігіп, жаңа сөз жасауға ұйтқы болған.

Жаңа сөз тудырушы *наме* қосымшасы арқылы жасалған сөздер:

Аһднаме – *аһд* арабтың «келісім», «шарт» деген мағынаны беретін түбір сөзі, оған *наме* жұрнағы жалғанғанда «шарт жасасқан қағаз» ұғымында жұмсалады.

Мазмұндама – *мазмұн* арабтың *мән*, *мағына* дегенді білдіретін түбір сөзі, оған *наме* (*мазмұннаме*, қазақ тілінде дыбысталуы *мазмұндама*) жұрнағы жалғанғанда «мазмұнын жазбаша түсіндіретін шағын шығарма» ұғымын білдіреді.

Рұқсатнама – *рұқсат* арабтың «келісім», «ризалық» деген мағынаны беретін түбір сөзі, оған *наме* (*рухсатнаме*, қазақ тілінде дыбысталуы *рұқсатнама*) жұрнағы жалғанғанда «рұқсат қағазы» ұғымын білдіреді.

Парсының жаңа сөз тудырушы *хана* қосымшасы арқылы жасалған сөздер:

Дәрісхана – *дәріс* арабтың «сабақ» деген мағынаны беретін түбір сөзі, *хана* қосымшасымен бірігіп, «сабақ оқитын бөлме» мағынасында жұмсалады.

Кітапхана – *кітап* арабтың түбір сөзі, *хана* қосымшасымен бірігіп, «оқырмандар отыратын орын» мағынасын береді.

Парсының болымсыздықты білдіретін *на* және *бей* префикстері арқылы жасалған сөздер:

Наразы – *на* болымсыздықты білдіретін префикс, *разы* ризашылық деген ұғымды білдіретін арабтың түбірі. Екеуі қосылып, «разылық бермеу», «разы болмау» ұғымында жұмсалады.

Парсының «нашар», «жаман» ұғымын беретін *бәд* қосымшасы арқылы жасалған сөздер:

Бәддұға – *дұға* арабтың «жалбарыну», «тілек тілеу» ұғымын беретін түбір сөзі, *бәд* парсылық қосымша. Екеуі бірігіп, «қарғыс», «теріс бата» мағынасында жұмсалады.

Бәдпигыл – *пигыл* арабтың «ниет» ұғымын беретін түбір сөзі. *Бәд* қосымшасымен біріккенде «жаман әрекет», «жаман қылық» ұғымында жұмсалады.

Сонымен қатар парсының *қор* (пайдақор, дүниеқор, ызақор), *гер* (қайраткер, тәлімгер, талапкер), *кеш* (арбакеш), *зүй* (батагөй, данагөй) қосымшаларының араб сөзімен бірігуі арқылы жасалған сөздер де біршама.

Ал араб және парсы түбірлерінің бірігуі арқылы жасалған сөздерге мына сияқты бірліктерді жатқызуға болады:

Занталақ – *зани* парсының «бұзық адам» деген мағынаны беретін түбір сөзі, ал *талақ* арабтың «безу» ұғымын беретін түбір сөзі. Екі сөз бірігіп, «тұрақсыз адам» деген ұғымда жұмсалады.

Саркатиб – *сар* парсының «бас» деген ұғымды білдіретін түбір сөзі, *катиб* «жазушы» деген ұғымды білдіретін араб сөзі. Екеуі бірігіп, «бас хатшы» деген мағынаны береді.

Шартаран – *чаһар* (қазақша *шар* болып дыбысталады) парсының «төрт» деген сан есімі, *таран* «белгілі бір тұс, жақ» деген мағынаны беретін араб сөзі. Екеуі бірігіп, «дүниенің төрт бұрышы, бүкіл әлем» деген мағынада жұмсалады.

Енді бір арнайы тоқталып өтетін келесі бір мәселе, ол – дінге қатысты сөздер. Қазақ халқы да VIII ғасырлардан бастап ислам дінін қабылдағаны мәлім. Осымен

байланысты тіліміздегі діни атаулардың барлығы да араб, парсы сөздері болып келеді. Жалпы діни атауларды да үлкен екі топқа бөліп қарастыру керек:

1) қазіргі қазақ әдеби тілінде актив қолданылатын діни атаулар;

2) қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде актив қолданылған діни атаулар.

Екі топтағы барлық діни атаулардың жалпы саны – **450**. Ескі қазақ жазба тілінде ғана актив қолданыста болған діни атаулардың жалпы саны **200** шамасында.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген және тек жазба мұраларымызда ғана қолданыста болған араб, парсы сөздері қазақ тілінің сөздік қорын байытуға, дамытуға ерекше үлес қосты. Тіліміздегі жалпы кірме сөздердің (орыс, моңғол, түрік, т.б.) ішіндегі сан жағынан ең көбі де осы араб, парсы сөздері. Бұл зерттеуде қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің және кітаби бірліктердің осы күнге дейін жүргізілмеген жаңа статистикалық мәліметі берілді. Алдағы уақытта олардың латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиде таңбалаудың проблемасы күн тәртібіне қойылатыны белгілі. Сондықтан бұл сөздердің санын біліп, түсін түстеп алудың қажеті жоғары.

Бірнеше нұсқада танбаланып жүрген ескі кітаби тіл бірліктерін кодификациялау мәселесі

Жалпы тіл білімінде «кітаби тіл», «кітаби лексика» атаулары, негізінен, тілдік белгілерді қолданудың нақтылығын, тұрақтылығын, нормалылығын меңзейді. Орыс тіл білімінде «кітаби» термині жазба әдеби тілге ғана тән қасиетімен ерекшеленіп, нормаланған тілге қатысты қолданылады [28, 3-б.]. Яғни кітаби тіл – жазба әдебиетте қалыптасқан тұрақты формалар мен грамматикалық тұлғалар немесе «қарым-қатынастың ресми түрінде қолданылатын, алдын ала біршама дайындалған мәтін (ауызша, жазбаша)» [29], ал кітаби сөз – «ресми мазмұндағы, ресми реңі бар тілдік бірліктер, көтеріңкі мазмұндағы сөздер (ауызша, жазбаша)» [29].

Кеңестік кезеңде жазба тіліміз екі түрлі бағытта қарастырылды, оның біріншісі – ұлттық жазба әдеби тіл, екіншісі – кітаби тіл. Бұның соңғысына түркі тілдерінің барлығына ортақ үлгі «түрки» әдеби тілімен төркіндес (түрки – түркі халықтарындағы аймақтық жазба тілдердің жалпы атауы) жазылған араб жазулы мұраларымыз жатады. Және бұл тіл қазақ қоғамында ХХ ғасырдың басына дейін қолданыста болғаны мәлім. Қазақ тіл білімінде осы кітаби тілге қатысты берілген анықтамалар негізінен жағымсыз реңде қалыптасқан болатын. Мысалы, «шұбарланған тіл» (В.В.Радлов), «қоспа тіл» (С.Е.Малов), «касталық тіл» (І.Кеңесбаев, Қ.Жұмалиев), «дін тілі» (С.Аманжолов), «қазақ тілінің ерекшеліктері көп енген шағатай тілі» (Н.Т.Сауранбаев), «бөгде сөздермен былғанған, ауытқымалы тіл» (М.Балақаев), «араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздерімен аралас жазылған, қазақтың мұсылманша оқыған, хат танитын адамдары да түсінбейтін қоспа тіл» (Б.Кенжебаев). Ал ғалым Ғ.Мұсабаев керісінше, «қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл»десе, профессор Н.Уәлиұлы оны «халқымыздың рухани-мәдени феномені» деп бағалаған болатын.

Қазақ қоғамының рухани-мәдени гүлденуіне елеулі ықпал еткен ескі қазақ жазба тілі кеңестік кезеңде осылайша жағымсыз реңмен аталып, бөтендік сипатқа ие болды.

Алайда, әр заманның өзіне сай саяси идеологиясы болатыны мәлім. Сондықтан ескі қазақ жазба тіліміздің осылайша аталуы билеуші елдің ұстанымымен тікелей байланысты болып келді. Себебі миссионерлік бағыттағы жұмыстар күллі араб жазулы рухани дүниелерімізді жоққа шығаруға барынша тырысты. Осының негізінде, сауатты қазақтардың көпшілігіне арабшылдар, ескішілдер, қадымшылар, керітартпалар, ұлтшылдар, діншілдер, молданың шашбауын көтерушілер деген үлкен айып тағылды.

Қазақ ғалымдары арасынан ең алғашқы болып «кітаби тіл» терминінің дұрыс еместігіне назар аударған профессор Б.Әбілқасымов оны қазақтың «*көне әдеби тілі*» деп атаған дұрыс деген пікір білдіреді [30, 121-123-бб.]. Ал «кітаби тілдің» орнына «*ескі қазақ жазба тілі*» деген ұғымды ендіру қажеттілігін көтерген ғалым Н.Уәлиұлы болды [31].

Осы ескі қазақ жазба тілі қазіргі әдеби тіліміздің дамуына жол ашқан үлкен арналардың бірі. Оның құрылымындағы дәстүрлі түркілік норма XV ғасырдан XX ғасырға дейінгі аралықта бірқатар өзгерістерге ұшырап, өз заманындағы жазу мәдениетінің озық түрін қалыптастырды. Ұлттық жазба тілдің қалыптасуына кең жол ашқан ескі қазақ жазба тілі арқылы әдеби тілдің сөздік қорына көптеген ескі кітаби бірліктер еніп орнықты. Әдеби тіл нормасынан тысқары жатқан ескі кітаби лексикалардың таңбалу ерекшеліктері мен бірнеше нұсқада жазылып жүрген формаларын арнайы сөз етіп, олардың әдеби жазба тілде дұрыс деп тануға болатын тұлғаларын өз тарапымыздан ұсынып көрмекпіз. Әдетте, ескі кітаби сөздердің басым бөлігін араб, парсы сөздері құрайды. Олардың бірнеше нұсқада айтылып, сыртқы формасы жағынан дыбыстық дублеттер құрайтындары аз емес.

Кезінде белгілі ғалым Н.Оңдасынов: «Біз қазақ тілінде кең өріс алған 400-ден астам араб сөздерінің қазақша жазылу түрлерін анықтап шықтық. Олардың шұбарлығы соншалық, оның себебін ашуға кісінің ақылы жетер емес. Оған жүздеген мысал келтіруге болады. Оқылған әдебиеттерде *тасбих* сөзінің – 20, *иждихаттың* – 12, *ілтипаттың* – 8, *гибраттың* – 7, *әрекеттің* – 6, *қауіптің* – 5, *ұжданның* – 4 варианты кездесті. Әрқайсымыз күніне жүз рет айтатын *рахметтің* (ауызекі айтылуы өз алдына) баспада: *рақмет*, *рақымет*, *рахмат*, *рахмет*, *рахымет* сияқты 5 түріне кездестік»– деп көрсете отырып: «Жазбадағы ала-құлалылық – тіл мәдениетінің үлкен жауы. Біздің елімізде мәдениет революциясы іске асты. Енді үлкен мәдениетті ел болдық, оған нағыз мәдениетті тіл лайық, оның аттың төбеліндей айқын жазуы болуы керек. Орысша әрбір сөздің тайға басқан таңбадай бір-ақ белгісі бар – оның бір әрпін өзгертуге болмайды. Қазақ тілінің жазуын осындай дәрежеге көтеруге бола ма? Әбден болады, ол үшін әлі де іздену керек, ізденіс – табыс кепілі» [32, 4-6.],– деген болатын. Бұл сонау кеңестік кезеңдегі уақыттарда айтылған сын еді. Бір өкініштісі, содан бері қаншама уақыт өтсе де, әртүрлі таңбаланып жүрген араб, парсы сөздерінің әдеби тіліміздегі нормасын тұрақтандыру, біріздендіру, жүйелеу мәселесі дұрыс жолға қойылмай келе жатыр. Біз бұл жерде сөздердің грамматикалық, семантикалық, лексикалық варианттары туралы емес, мағыналық жағынан тең, стильдік бояумен ерекшеленбейтін, тек дыбыстық жағынан әртүрлі нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби лексика туралы меңзеп отырмыз.

Ғалым Н.Уәлиұлы: «Тіл – жүйелі құбылыс. Әдеби тілдің нормасы, оның ішінде жазу нормасы, алдымен тілдік жүйеге негізделеді. Алайда жүйе бар жердің бәрі бірдей

әдеби тілдің нормасы бола бере ме? Кейбір жағдайларда тілдік жүйенің өзі екі немесе үш түрлі болып жарыса қолданылуы ықтимал. Олардың қайсысы әдеби тіл нормасына лайық деп танылуы керек?» [33, 125-б.], – дей отырып, әдеби нормаға лайықтысын таңдап алу үшін тілдің ішкі даму үрдісіне олардың қайсысы сәйкес келетінін анықтау қажеттілігін ескерткен [33, 128-б.]. Ғалымның бұл пікірін ескі кітаби тіл бірліктерін, жалпы араб, парсы сөздерін таңбалау барысында да есте ұстаған абзал. Мәселен, «қылыш, семсер» мағынасын беретін *зұлтықар* сөзінің *зұлфұқар*, *зұлфақар* түрінде таңбаланған варианттары бар. Қазақ тілінде ерін үндестігі негізінен орфоэпиялық заңдылыққа ғана тән құбылыс, осы жағынан алғанда *зұлфұқар* емес, *зұлтықар* дұрыс, ал *зұлфақар* араб тіліндегі түпнұсқадан (*зулфиқар*) ауытқыған. Сол сияқты, «сөз; нақыл; мұсылман дініне сену нышаны» ұғымдарын білдіретін *кәлима* сөзінің *калима*, *кәлимә* түріндегі нұсқалары бар. Араб тіліндегі дыбысталуы *калима*. Алайда қазақ тілінде *к* жіңішкелікті білдіретін дауыссыз дыбыс болып танылатындықтан тілімізге *калима* емес *кәлима* болып орныққан. Енді *кәлима* мен *кәлимәнің* қайсысын әдеби нормада тұрақтандыру керек? Бұл жерде қазақ тіліндегі буын үндестігіне сәйкес келмесе де, қолдану жиілігі жағынан *кәлима* сөзі таңдалуы қажет. *Калам*, *кәлам*, *кәләм*, *кәлем* (ар. *калам*) сөздері туралы да осыны айтуға болады. Сол сияқты, «Иық, жауырын және ауыспалы мәнде өркеш» деген ұғымдарды білдіретін *кәтеп* сөзінің *катаф*, *кәтеб*, *қатеп* түрлері мәтіндерде жиі ұшырасады. Араб тіліндегі дыбысталуы *катеф*. Көрсетілген төрт нұсқаның ішінде *кәтеп* нұсқасы жазба әдеби тілде нормалану керек. Себебі, дәл осы нұсқа диалект сөз ретінде қолданыста бар. Сондай-ақ жер атауын білдіретін *Исфәһан* сөзі *Испәһан*, *Испәхан*, *Асфәһан*, *Аспәһан*, *Аспәқан*, *Асбәһан* түрінде жазылып жүр. Бұл сөз тарихи мәтіндерде *семсер*, *қылыш*, *қанжар*, *кілем* сөздерімен тіркесіп, «Исфәһанда жасалған» деген мәнде жұмсалады. Осы 7 түрде таңбаланған нұсқаның қайсысы жазба әдеби тілде нормалануы қажет? Бұл сөздің парсы тіліндегі дыбысталуы да, таңбалануы да *Исфәһан*. Кезінде сан түрлі қолөнердің Отаны саналған Иран жеріндегі көне қаланың атауы. Яғни әдеби тілге оның бүкіл әлемге жайылған дұрыс атауы *Исфәһан* тұлғасы нормалануы қажет. Әртүрлі нұсқада қолданылып, жазылып жүрген кірме сөздердің жалпы саны **1094** сөз. Оның **692** араб сөзі, **402** парсы сөзі. Бұл статистикалық мәлімет сөздіктен алынып отыр [24].

Сонау кирил графикасы қабылданған кезеңнен бері бір жүйеге түспей келе жатқан мұндай сөздерді таңбалаудың арнайы орфографиялық ережесі болмағандықтан, яғни «мына сөздің мынадай тұлғасы жазба әдеби тілде қолданылуы керек» деген тілтанушылар тарапынан жасалған нақты қағидаттың жасалмауынан осындай алақұлалықтар жарыққа шығып жатқан мәтіндерде, тіпті БАҚ құралдары мен мектеп оқулықтарында күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Мәселен, 7-8-сыныптарға арналған тарих оқулығындағы *сүйұрғал* (жерді сыйға беру) сөзінің бір кітаптың өзінде әртүрлі таңбаланғанын байқауға болады. Сонау 1940 жылдардан бастап күні бүгінге дейін жарыққа шығып жатқан кітаптардың барлығынан да осындай үрдісті аңғарамыз.

Жалпы араб, парсы сөздерінің, оның ішінде ескі кітаби сөздердің алақұлалығының негізгі себептері мынада:

- мұраларымыздағы араб, парсы сөздері түпнұсқа принципiмен, яғни сол тiлдердiң жазылу формасы бойынша таңбаланған, оны кирил жазуына аударғанда кейбiреуi қазiргi тiлге лайықтаса, ал кейбiрi түпнұсқа тiлiне сүйенiп берген;

- кирил жазуына аударылып отырған сөздiң араб, парсы тiлiндегi дыбысталуын бiлмеу, былайша айтқанда қате транскрипциялау;

- кiрме сөздер құрамындағы қазақ тiлiнде мүлде кездеспейтiн дыбыстарды төл дыбыстармен алмастыру;

- ондай сөздердi жазба тiлде нормалаудың принциптерi көрсетiлген анықтағыш пен сөздiктiң күнi бүгiнге дейiн болмауы.

Мәселен, тiлiмiзге бейiмделген дыбыстық формасы бола тұра араб, парсы сөздерiн түпнұсқаға ұқсатып транскрипциялай салу үрдiсi жиi кездеседi:

Аллаһ (ар. *Аллаһ*) – дұрысы *Алла*;

Алиф, әлиф, әлиф (ар. *алиф*) – дұрысы *әлип*;

Астағфирулла, астағфиралла(ар. *астағфир Аллаһу*) – дұрысы *астапыралла*;

Афзал (ар. *афзал*) – дұрысы *абзал*;

Әлакат, фәлакт, фалек, фаләк (ар. *фалакат*) – дұрысы *бәлекет*;

Бәһәшт, беһешт, баһшат (пар. *биһишт*) – дұрысы *бейiш*;

Гүнаһ, гунаһ, гүнәһ (пар. *гунаһ*) – дұрысы *күнә*;

Жүфүт, жүфт, жүфiт, жүфыт(ар. *жуфт*) – дұрысы *жүп*.

Қабап, кәбап, кәбәп, кебаб, кебап, кебеп, қабаб (ар. *кабаб*) – дұрысы *кәуап*;

Қамқап, кемхап, кемқап, қымқап (пар. *кәмхаб*) – дұрысы *қамқа*.

Мәсжид, мәсжiд (ар. *масжид*) – дұрысы *мешiт*;

Меккем, махкам, мехкам, махқұм, мәхкәм, мәкәм, мәкем (ар. *мухкам*) – дұрысы *мекем*.

Мүһр, мөһр, мөһiр, мөһр (ар. *мөһр*) – дұрысы *мөр*;

Никах, неках, неқак, неқаһ (ар. *никах*) – дұрысы *неке*;

Үмiтуар, үмiдуар, үмiддуар (пар. *умидуар*) – дұрысы *үмiткер*;

Харакат, хәрекет, хәракат, һәрекет (ар. *харакат*)– дұрысы *әрекет*;

Һәлак, һәләк, һәлек, һалак (ар. *һәлак*) – дұрысы *әлек*.

Бұндай сөздердiң саны аз емес. Жалпы қай кезде түпнұсқадан бұлжытпай немесе соған жақын транскрипциялау керек? – дегенге қатысты айтарымыз: «Жазбалардың құжаттық басылымын (мәтiндердi еш өзгерiссiз,қалай жазылса, сол қалпында басу) шығару көзделген жағдайда ғана». Ол кезде жазба мәтiндегi араб, парсы сөздерi ғана емес, көне лексикалық бiрлiктер (*бағыр, инану, тұрғушы*, т.б.), ортағасырлық грамматикалық формалар (-мыш, -мiш (*бармыш, келмiш*), -ұр, -үр (*тұрұр, көтерүр*), -лар/лер (*адамлар*), сондай-ақ басқа да жұрнақ-жалғаулар (*тауның, мiнезлi, достлұқ, бойындан*) толығымен сақталуы шарт.

Ал ғылыми-көпшiлiк басылым көзделген жағдайда мәтiндердi қазiргi тiлге лайықтап берген орынды болмақ.

Кирил жазуына аударылып отырған сөздiң араб, парсы тiлiндегi дыбысталуын бiлмеу, былайша айтқанда қате транскрипциялау да сөздердiң ала-құла формаларының пайда болуына әсер етiп отыр. Бұған «астролог, жұлдызнамашы» ұғымын беретiн *мұнажжим, мүнәжiм, мәнжам* (ар. *мунажжим*), «саулық; түзулiк; дұрыстық» ұғымдарын беретiн *сиххат, сихат, сахат, саһат*(ар. *сиххат*), «қайталау;

пысықтау» ұғымындағы *тиқрар, тәқрар, тақрар, тәқрир, текрар* (ар. *тиқрар*), т.б. біршама сөздерді жатқызуға болады.

Фонетикалық дублеттердің көбеюіне әсер етуші тағы бір түрткіжайт кірме сөздер құрамындағы кей дыбыстардың қазақ тілінде жоқтығы. Осыған байланысты, *айла-хайла, рұқсат-рұхсат, қал-хал, уәде-уағда*, т.б. көптеген сөздер жарыспалы вариантта қатар қолданылады. Сондай-ақ, *палуан-балуан, ақырет-ақирет, пейіш-бейіш, паранар-барабар, диқан-дихан, жәннат-жаннат*, т.б. сөздердің екі нұсқасы да дұрыс деп танылады. Бұлардың бір ғана сынарын жазба тіл нормасында қалдыру қажет болса, ең бірінші, олардың қолданылу жиілігі ескерілуі шарт.

Соңғы кезеңдерде сөздік қорымызға қайтадан ене бастаған, алайда бейәдеби деп танылып жүрген асыл қазынамызды тілдің ішкі даму үдерісіне сәйкес орнықтырып, әдеби нормаға түсіру, жұртшылықтың бәріне бірдей, тұрақты тұлғасын саралау, емлесін қалыптастыру үлкен ыждағаттылықты талап етеді. Мәселен:

АҚАИД, ҒАҚАЙД (ар. *ақаид عقائد*) – 1. *Наным, сенім*. 2. *Дүниетаным, ұстаным*. 3. *Ислам дінінің негізгі қағидаларын үйрететін кітап*. *Ақаид*, мәнтак, сәлму, тәпсір оқып, Муддәррис болды Баһрам бара-бара [26, 20-т.]. *Ақаидта* сөйлейді үшбу сөзді, Рази Алла тағала қылдым дастан [26, 11-т.]. *Ғақайды* пәнлеріне болып судай, Ғылымның дариясына қонған қудай [25, 1-т.].

АНЖАМ, ӘНЖАМ, ӘНЖӘМ (пар. *әнжам انجام*) – 1. *Ат әбзелдері*. Ат, *әнжам* берді, Өзіне нөкер қылды [26, 47-т.]. Қымбат баға жарарын, Тәжі, сауыт-сайман, *әнжәмін* [26, 56-т.]. 2. *Қажетті құрал-жабдықтар*. Өзіні һәм *әнжам* уа жау-жарағыны бәріні бекітіп бір қылуат жайда қойып, о шалны басыға жүз таяқ ұрып айтты... [26, 48-т.].

АХД, АҚД, АҺЫД, ҒАҚД, ҒАҺИД (*ahd* (ар), *ақд* (пар.) *عقد , عهد*) – *келісім, мәміле, уәде, шарт*. Ғалымдар *зақд* қылып, хұтба оқыды, Қыз Зейнеп шаттық қылып, ол отырды [26, 13-т.]. Үстіне түрлі алуан тон кигізді, *Ақд* қылып, Астур оған қызын берді [26, 14-т.]. *Ақд* [ғақд] неках қылу – *некелесу шартын жасау, неке дұғасын оқып, неке қию*. *Ақд* неках қылғаны хұтба болмас, Қайта оқымай намаз, хұтба дұрыс болмас [26, 13-т.]. Қайсардың қызын Һайлан ұғылына бермек болды, Сейіт оған *ақднеках* тамам қылды [26, 14-т.]. Екі ғашық муафиқ болып, Алла қосты, Екісіне *зақд* неках қылсын депті [26, 13-т.]. Аһыд қылды – *ант берді*. Падиша қасам беріп *аһыд* қылды, Қасымды қасам беріп сендіреді [26, 4-т.].

АҺЫЛ, АҺИЛ, АҺЛ, АҺЛУ, АҺЛИ, АХЛУ, ӘҺЛІ, ӘҺІЛ (ар. *әһл* *اهل*) – 1. *Туыс, ағайын*. Ол күні пайда бермес *аһыл*, ғаялың, Жинаған мехнат етіп дүние малың [25, 1-т.]. 2. *Ел, қауым, мекендеуші тұрғындар*. Жарылып жүректері, зілзала боп, Түк қалмас еді жерде жан *аһылынан* [25, 2-т.]. Бұ сырдан шаһар *әһлілері* ғапыл болды, Кеткенін Жағыпардың неш білмеді [26, 13-т.]. Көрісіп кезек-кезек адам, пері, Қуанып Мысыр *аһлы* жыладылар [26, 17-т.]. Ахлу ағлам – *білім иелері*. Ағузу биллах кәрім Рахман, Қорқынышым көп, қыламын *ахлу ағлам* [25, 2-т.]. Аһил [аһл] сүннет – *сунна мазһабын ұстанушылар*. Сіздерсіз *аһил сүннет*, ол жамағат, Істеніз шарифатқа астақамит [25, 1-т.]. Жетіншісі – иманы мұсылманның, *Аһл сүннет*, жол мазһаб ұсынғанның [26, 11-т.]. Аһл [аһлу] хикмет – *философ, дана адам*. Өзі мұсылман, *аһл хикмет* дүр, не жақсы адам дүр [26, 47-т.]. Жанлық жәбірін баһар қылса, Ат қойған *аһлу хикмет* оған тамам [25, 2-т.]. Аһли нәсілі – *шыққан қауымы, руы*. Жездесіні *аһли -нәсілін* сұраса, Сұраған жездесі атам шығыпты [26, 48-т.]. Аһыл ғаял [айлат] – *қатын, бала-шаға*.

Ол күні пайда бермес *аһыл ғаялың*, Жинаған мехнат етіп дүние малың [25, 1-т.]. *Аһыл ғайал* әулеттері фәриад етті: «Дүниеден өте ме?!» деп, көңіліне алып [25, 1-т.]. *Аһлайлат* баршасы тұтқын болып, Уәлаят қолымыздан кетер, – депті [26, 2-т.]. Әһлі ғалам – *әлем елі*. Мәжнүн деп мені біледі *әһлі ғалам*, Лайық жаман ісім көрмен саған [26, 19-т.]. Әһлі ислам [әһлислам] – *ислам дінін ұстанушылар, мұсылман қауымы*. Шат болып *әһлі исламлар* тұрсын енді, Қайсардың қайғысынан сөз тыңла енді [26, 13-т.]. Затыңды – бір білдіріп, досыңды – шын, Өзімді *әһлі исламның* елінде еттің [34, 3-т.]. Шықпасалар біздерді *аһли ислам*, Баршамызды бір-бірден һәлак қыла [26, 16-т.]. Ғылым аһылы – *ғалым, оқымысты*. Насихатты осылай етсін деп пе, Кәнеки, *ғылым аһылы* боп білгендігің?! [25, 1-т.]. Мәшһүрге бір-екі ауыз бәйіт жазып, Өтейік *аһыл ғылым* хақымызды [25, 1-т.]. Жәннат аһылы – *жанаттағылар, жұмақтағылар*. Әрбір *жәннат аһылын* көрем десе, Жүзіне назар етсін Ғақшаның [25, 1-т.]. Иман аһил – *иманды, діни тәжірибесі мол адам*. Шығарар барлық ғасы үмбетлерін, *Иман аһилісін* қалдырмай, бәрін де алар! [25, 2-т.]. *Иман аһлына* болғанға қылса шүкір, Және де өлімді керек қылмас олар (алар) [25, 2-т.]. Қалмайды жаһаннамда *иман аһылы*, Білерлік таһлиліні болса баһымы [25, 2-т.]. Көк аһылы – *көктегілер, жоғарыдағылар*. Бұл күнде жерде тірі Ібіліс ирүр, Бар қалған *көк аһылынан* жалғыз өзім [25, 2-т.]. Мәжіліс әһлі – *жиынға қатысушылар*. Уа және мәжіліс *әһлі* сөз сөйледі: «Не себепті атасының уазифасын сұрамас?» – дейді [26, 13-т.]. Тамұқ аһылы – *тозақтағылар*. *Тамұқаһылы* Мәлікке жалынар көп «Құтылар бұл ғазаптан күн бар ма?!» – деп [25, 2-т.]. *Тамұқ аһылы* сипатын қоя тұрып, Айтайын – дүниеде оттың бар болғаны [25, 2-т.]. Басқасы түсі қара, *тамұқ аһылы*, Тамұққа арнап жаратқан тәңірім оны (аны) [25, 2-т.]. *Тамұқ аһылы* болады түсі қара, Қараңғы көңілдері болар және [25, 2-т.]. *Тамұқ аһылы* жүрегі – ірің мен қан, Үстіндегі киімі жұмла қатра [25, 2-т.].

БАҒАНА, БӘҒӘНА, БӘҒӘНӘ, БӘҒАНА, ФАҒАНА (пар. *бәһана* بهانه) – *сылтау*. Әй, ұғлым, сен бұ *баһана* сөздерні қойып, растыны айтқыл [26, 48-т.]. Нөкерлерім Төкөханға гүманда, Қашам десем, таба алмадым *баһана* [26, 39-т.]. Ой ойлап, бір *баһана* хайламенен, Ұқсатты дәруішке салахатын [26, 19-т.]. Азырақ, халқым, тыңдаңыз, Бенденікі *бәһәна*, Бұл хадиса бір себеп [26, 33-т.]. *Бәһәнә* бұны қылмаңыз, Бір әңгіме етелік [34, 2-т.]. Бір *бәһана*, себеппен, Жөрметөз қашып кетіпті [26, 45-т.]. Ғақба мұны естіп, *фаһана* қылды, – Бұ Баттал ұлық жаланы маған қылды [26, 13-т.].

Осылар тәрізді бірнеше вариантта таңбаланып жүрген мына төмендегі сөздердің де тұрақты тұлғасын әдеби тілде қалыптастырып, кодификациялау қажет-ақ:

Бәдан, бадан, бәден, беден (ар. *бәдән*) – 1. *Тұлға, дене*. 2. *Ауысп. Тән*.

Бәланд, балант, бәлант, боләнд (пар. *боланд*) – *биік, жоғары*.

Бәллұр, биллур, біллұр (пар. *бәллур*) – *хрусталь*.

Бейһүш, бейһүш, бихош, бихуш, бихүш, биһуш, биһүш (пар. *биһуш*) – *есінен тану*.

Гәриан, гөриян, гориян, гәрян, гериан (пар. *гуриян*) – *жылау, еңіреу*.

Дандама, дандама, дамдамат (пар. *дамдама*) – *айғай-шу*.

Дәрғаһ, дәркәһ, дәрқоһ, дәркәһ, дарғаһ, дәргәй (пар. *дәргоһ*) – *патша, хан сарайы*.

Жүһүд, жүһүд, жүһүт, жөйіт, жөһид, жаһут (ар. *иаһуд*) – *еврей*.

Зиба, зипа, зифа (ар. *зифа*, пар. *зиба*) – 1. *Көрікті, сұлу, әдемі*. 2. *Безендірілген, сәнді*.

Зұлжалал, зұлжалал, зұлжелел, зұлзалат, зұл-зәлла (ар. *зулжалал*) – ұлылық пен құдірет иесі деген ұғымда қолданылатын Алла тағаланың 99 есімдерінің бірі.

Зүбаржат, зүбәржад, зүбаржат, зәбіржат, зыбыржат (ар. *забаржад*) – қымбат асыл тас.

Керкудан, керкүдан, керкүдән (пар. *кергудан*) – мүйіztұмсық.

Кулфат, күлфат, күлпат, күлпәт (пар. *кулфат*) – қиындық, азап, машақат.

Мүһлат, мүһләт, мұхлат, мүхләт, миһлат (ар. *муһлат*) – 1. Тоқтату. 2. Кейінге қалдыру. 3. Мерзім, уақыт.

Намарт, нәмарт, нәмәрт, нәмрәт (пар. *намард*) – тексіз, жексұрын, ұятсыз.

Пағпур, пағфур, бағпур, фағпұр, фағфур (пар. *фағфур*) – 1. Фарфор (Ерте кезде Қытайда фарфордан жасалған қымбат шыны). 2. Қытай императоры.

Рәмил, рәміл, рамл, рамал (ар. *рамл*) – 1. Құм, қиыршық тас. 2. Құмға, майда тасқа бал ашу.

Ұлпат, ұлфәт, ұлпат, ұлпәт (пар. *улфат*) – 1. Дос, достық қарым-қатынас. 2. Жақын, жақындық. 3. Сүйкімділік.

Фаған, фаган, феған, фиған, паған (пар. *фаган*) – зар еңіреп жылау.

Фариад, фариад, фәриад, фәриад, фәриод, фәриод, фәриад, парияд (пар. *фариад*) – 1. Айғай, айғайлау. 2. Зар еңіреу, зар жылау.

Фитна, фитнә, фітінә, пітна, пітне (пар. *фитне*) – 1. Бүлік, дүрбелең. 2. Дін бұзушылық. 3. Арам ойлылық. 4. Ауыртпалық, қиыншылық.

Шаһариар, шәһәриар, шарияр, шарияр, шәриар, шадияр (пар. *чаһариар*) – Мұхаммед пайғамбардың ең алғаш дін қабылдаған төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Осман, Әли.

Бұлайша әртүрлі нұсқада қолданылып, жазылып жүрген араб, парсы сөздерінің жалпы саны – **1094**. Бұл жазу мәдениетімізді ақсататын өте үлкен көрсеткіш болып табылады.

Қорыта айтқанда, кеңестік кезеңдерде ескі кітаби сөздер, тіпті бүкіл арабша жазылған мұраларымыз жарамсыз деп танылған еді. Ал бүгінгі егемендік алып, тәуелсіз ел болған кезеңде ұлтымыздың рухани-мәдени дүниелерін жаңғырту мәселесі қолға алынып, соның негізінде, тіл, әдебиет, тарих, философия, т.б. саланың ғалымдары тарапынан көптеген игі іс-шаралар атқарылды. Тілдегі сөздік қазынамыз, жазба ескерткіштеріміз, ескі шығармаларымыз, тарихи жәдігерлеріміз, философиялық ой-толғамдарымыз ұлттық көзқарас тұрғысынан қайтадан бағаланып, жарыққа шығарылды. Ұлтымыздың рухани құндылығын жаңғыртуға, дамытуға арналған бұл бағыттағы жұмыстар отандық ғалымдарымыздың орасан зор еңбегі мен қажырлы қайратының, былайша айтқанда, «үлкен маңдай терінің» нәтижесінде іске асты. Соның негізінде, ұмытыла бастаған қаншама ескі бірліктеріміз қайтадан жаңғырып, сөздік қорымызға қосылып отыр. Ендігі мәселе, бір жүйеге түспей келе жатқан ескі кітаби лексикаларды жазба әдеби тілде кодификациялаудың шарттары мен заңдылықтарын орнықтыру, оларды нормалаудың принциптерін көрсететін анықтағыш пен сөздік дайындап беру. Бұл – тілтанушылар қауымы мойнында тұрған латын жазулы әліпбиге көшуді жеңілдететін үлкен міндет.

Ортақ түркілік терминдік қор: латын графикасына көшуде көне сөздердің терминдену әлеуетін пайдалану маңызы

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру ісі елдің мәртебесін асқақтатып, мерейін үстем етпек. Жаңа жазу мәңгілік ел идеясына қызмет жасайды, қазақ елінің жарқын болашағына, мәңгі ел болуға жол ашады [44]. Әліпбимен бірге графикалық, емле ережелері, орфография, орфоэпия заңдылықтары да өзгеріске түседі. Сонымен қатар терминологиялық жүйеге де өзгерістер енетіні анық. Яғни латын графикасына көшу мәселесінің тікелей талаптарының бірі – терминдерді бірізділендіру болып табылады.

Қазіргі таңда ғаламтор кеңістігінің кең жайылуы мәдениаралық, тіларалық байланыстардың күшейіп, жаңа сөздердің, жаңа терминдердің пайда болуына қарқынды түрде әсер етуде. Мысалы, техника саласы шетелде ойлап табылатындықтан, ақпараттық технология атауларының (*айфон, айпад, макбук, аймак, трекбол* т.б.) бәрі ағылшын тілінде болатыны заңды. Яғни тіліміздегі жаңа ұғымдар батыс тілдерінен алынған терминдермен толығып отыр. Осыған байланысты қазақ тілтанушы ғалымдары кейбір кірме сөздерді таңбалауда қазақ тілінің табиғатына бейімдеп жазуды ұсынып келеді. Дегенмен академик Р.Сыздық: «Ал қазақ жазуы латынға көшкен жағдайда да кірме сөздердің графикалық тұлғасы біршама қазіргіден өзгереді, бірақ оларды қазақша айтылуынша *інситөт, белесепет, пизика, деректір, пірзійдент, іредактір* деп жазамыз, сол арқылы оларды жерсіндіріп қазақылап аламыз деген болжамның да реті келе бермеуі мүмкін. Мысалы, *президент, компьютер, кредит* сөздерін *пірезійдент, кампійтыр, кіредит* (*kredit*) деп жазбай, *prezident, kompiutr, kredit* деп жазатын шығармыз, яғни бөгде тілдік сөздердің екі дауыссыздан басталатындарын (*пр, кр* т.б.) араларына қазақша айтылуда келетін *ы, і* (*пірезидент, кіредит*) әріптерін қыстырмай, «орысша» (*president, kredit*) жазу жөн сияқты», – деп көрсетеді [45]. Расында да, еуропа тілдерінен тікелей немесе жанама (орыс тілі арқылы) ағылып еніп жатқан кірме сөздер қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, ұлттық бет-бейнесін өзгертіп жіберуі мүмкін. Сондықтан толассыз еніп жатқан кірме сөздерді орфографиялауда, аударуда, калькалау да қиындықтар туғызуы ықтимал. Сол себепті латын графикасына көшуде қазақ тілінің сөздік қорындағы кейбір еуропа сөздерін түркі халықтарына ортақ көне немесе көнерген сөздермен, кірме араб-парсы сөздерімен алып толықтырса, терминологиямыздағы бірқатар мәселелер шешілер еді. Себебі қазақ тілінде түркі тілдерімен тілдік жүйесі мен құрылымы ортақ жалпытүркілік заңдылықтар бар. Бұл түркі халықтарын бұрынғыдан да өзара жақындастыра түсіріп, жалпытүркілік құрмаласуды (интеграцияны) күшейтер еді. Ғалым М.Малбақов латын графикасына көшуге байланысты пікірін былайша білдіреді: «Бұл жерде міндетті түрде назарда ұстауымыз қажетті жағдай – төл дыбыстарымызды бейнелейтін қаріптердің түркі әлеміне ортақ әріптер құрамынан алынуы, өзге түркі әліпбилеріндегі қаріптерге ұқсас болуы. Себебі біздің басты мақсатымыз, біріншіден, ұлттық әліпби жасау болса, екіншіден, түркі әлемінде өзара түсіністікті арттыратын, ортақ мұраттарға қызмет ететін әліпби жасау болмақ» [44]. Латын графикасына көшкен жағдайда өзге түркі әліпбилеріне ұқсас дыбыстарды қабылдайтын болсақ, түркі халықтарына ортақ терминдер қорын да жасау қиынға соқпасы анық.

Түркі халқы өздерінің көп ғасырлық тіршілігінде бірге өмір сүргендіктен, мәдениетінде, әдебиетінде, салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, тілінде ортақ рухани құндылықтардың болғанына ертеректе жазылған жазба мұраларымыз дәлел. Түркі халықтарының Орхон-Енисей, Талас жазбалары (V-VIII ғасырлар), ерте ортағасырлық «Құтадғу білік» (XI ғасыр), кейінгі ортағасырлық «Мұхаббатнама» (XIV ғасыр) тәрізді әдеби жәдігерліктері, ерте кездегі жазба әдеби тіл мен халық тілінің өзара байланысын көрсететін М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» (XI ғасыр), «Кодекс Куманикус» (XIII ғасыр), т.б. сияқты жазба ескерткіштері бар. Жасыратыны жоқ, Кеңес дәуірінде түркітілдес ұлттардың мүддесі табанға тапталып келгені ақиқат. Кеңес Одағы ыдырап, түркі мемлекеттері жеке-жеке шаңырақ көтеруіне орай терминологиялық жұмыстарға қатысты да елеулі өзгерістер орын алды. Әсіресе егемендігімізді алғаннан кейін жазба ескерткіштер тіліндегі көне түркілік лексика мен араб, парсы тілдік қабаттары отандық түрколог ғалымдарының тарапынан тереңірек зерттеле түсті. Олардың қазіргі тілімізде қолдану үрдісі де қарастырылды. Бұл зерттеулер түркі дүниесі үшін ортақ терминдер жүйесін жасауда таптырмас құнды материал болып табылады. Осы ретте айта кететін жайт, 1924 жылдың маусым айында Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің тұңғыш съезінде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» деген тақырыпта баяндама жасап, соның негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілді. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер басқа түркі халықтарынан ізделсін; басқа түркілер тіліндегі пән сөздер – жалпы түркі сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса – ондай сөздер жатырқамай алынсын» деп белгіленді [46]. Өз тіліміздің негізінде термин түзу мүмкіндігі болмай жатса, оны туыстас түркі тілдерінен алу қажеттігін Алаш зиялылары түгел қолдады. Бір ғасырдай бұрын Алаш ардақтыларының көтерген бастамалары қайта қолға алынды. Қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, әзербайжан ғалымдары Астанада бас қосып, түркітілдес елдердің терминологиясына қатысты біраз мәселе көтерді. Жиынның басты мақсаты – түркітілдес халықтардың ғылым, білім саласындағы байланысын арттыру, өзара термин алмасу үдерісін нығайтып, дұрыс жолға қою және салалық, әсіресе ақпараттық ғылым саласындағы ортақ терминдер қорын қалыптастыру болатын [47].

Қазіргі тілімізде түркі тілдеріне ортақ көптеген көне сөз қолданыстан шығып жатса, ал кейбір сөз заман талабына сай ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңаша атауға ие болып жатыр. Тіпті қазіргі қазақ тілінің терминологиясында көптеген көнерген сөз жаңаша мағына үстеп, терминдер қатарынан табылуда. Мысалы, түркі жазба ескерткіштер тіліндегі билік, атақ-лауазым саласындағы атаулар *ел, хан, патша, мәслихат, кеңес, мәжіліс, әкім, бұйрық, астана, сарай, құрылтай, жарлық, сарбаз, майдан, орда, жасақшы, төреші*, т.б. қазіргі мемлекеттік басқару аппараттарында жаңаша сипат алып, қолданыс тапқан. Көне түркі тіліндегі *орду* сөзі Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» сөздігінде тек елді мекен атауы сипатында кездессе, енді ел билеуші орналасқан мекенжай деген мағынаны білдіретін термин статусында кең қолданыла бастады. Сол сияқты көне түркі дәуірінен бері өзіндік лексикалық мағынасын сақтап келген *ел* сөзінің де қазіргі мемлекеттік құрылыс терминологиясында маңызды саяси мазмұндағы термин ретінде қолданылып келе жатқаны белгілі.

Академик Ә.Қайдар: «...көненің көзінде сақталып, мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады», – дей келе, *қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты сөздерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады [48]. Ш.Құрманбайұлы соңғы 20 жыл көлемінде көнерген сөздерді қайта жаңғыртып, жаңа атаулар жасау үрдіске айнала бастағанын айта келіп, мынадай мысалдармен дәлелдей түседі. Мысалы, *ота* сөзі өте сирек қолданылып, мағынасы көмескі тарта бастаған атау еді. Оның бастапқы мағынасы негізге алына отырып, оған қосымша мағына жүктеу арқылы жаңаша қолданысқа енді [49, 10-б.].

Жаратылыстану ғылымдары бойынша халыққа түсінікті, көңілге қонымды, тілге жеңіл, тұрмыс-салтымызға, таным-түсінігімізге сәйкес, мәдениетті терминдер жасауда атақты шығыс ғұламасы әл-Фарабидің «Аспанды жерге, ғылымды халыққа жақындатсам» деген пікірін басшылыққа алсақ ұтымды болар еді. XX ғасырдың басында қазақ тілінде ғылым тілін қалыптастыруда А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, С.Асфендияров т.б. зиялылар *өсімдіктану* (ботаника), *тәнтану* (анатомия), *тәнтірлігінтану* (физиология), *бәсекесәуда* (аукцион), *жандандыру* (реанимация), *жансыздандыру* (анестезия), *жалпытазалық* (санитария), *жекетазалық* (гигиена) т.б. бірсыпыра сөздерді төл тілімізде жаңғыртып қолданды. Осы сөздерден *реанимация* сөзі бертінде «жансақтау» бөлімі болып аударылып, сәтті қолданысқа түсті. «Жандандырудан» гөрі «жансақтау» қолайлы, өйткені мұндағы әрбір компонент (жан, сақтау) семасы өз денотатын жақсы ашады.

1928 жылы араб графикасынан латын графикасына көшкен Түркия Республикасының тәжірибесіне сүйенсек, Османлы империясы кезеңінде мол қолданылған араб, парсы тілдерінен енген сөздерді саяси тұрғыдан барынша тазартты. Түркі тіліне енгізген сөздің көбі түркі түбірлеріне негізделген жаңа сөздер болса да, жаңадан енгізілген сөздердің кейбіреуі ғасырлар бұрын қолданыстан шығып қалған көне түркі сөздерін қолданды. Олар Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» т.б. жазба мұрағаттарынан алынды. Мысалы, барлық түркі тілдеріне ортақ «1-10 сынып оқушыларының оқу орны» мағынасындағы «мектеп» сөзі түрік тілінде «оқул» деп қолданылды. Қолданысқа енген мұндай сөздер ұтымды шыққанмен, олардың саны көп болмады.

Соңғы бірнеше онжылдықтың ішінде «Түрік лингвистикалық қоғамы» жаңа технологияларға байланысты жаңа сөздерді енгізумен айналысып келеді. Олардың көбі, әсіресе, ақпарат технологиясына қатысты ұғымдар. Мысалы, көне түркі тілінен алынған сөздердің кейбіреуі ерекше мағыналарға ие бола бастады. Мысалы, бастапқыда «кітап» деген мағынада қолданылатын *betik* сөзі «скрипт» (компьютер бағдарламасының бір түрі) мағынасына ие болды. Сонымен қатар қазіргі түрік тіліндегі мемлекеттік құрылыс терминологиясындағы көптеген термин түрікшеленді. Соның ішінде министр сөзі «*бақан*» деп аударылса, ал премьер-министр сөзі «*басбақан*» деп қолданылады [50, 90-б.].

Түркі халықтарына ортақ болып келетін кірме араб, парсы сөздері XIX ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі аралықта қазақ әдеби тілінде де көлемді қолданылып

келді. Әсіресе діни лексикаға қатысты бірқатар сөзкеңес Одағы кезеңінде қолданыстан ығысты, орнына оқу-ағарту, мемлекетті басқару саласына қатысты орыс сөздері ене бастады. Бұл кезеңде ұлт зиялылары кірме араб, парсы, орыс сөздерін латын графикасы негізінде қазақтың артикуляциясына сай дыбыстармен орфографиялауды басты назарға алып отырды.

Дегенмен *араб және парсы сөздері* түркі тілдерінің даму тарихында, оның ішінде ұлттық тілімізді байытуда маңызды орынға ие болғаны белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде тіліміз, дініміз қайта жаңғырып, кейбір архаизмге айналған араб, парсы кірме сөздері неологизмге айналып, тілдік қорымыздың молаюына өзіндік үлесін қосып келді. Тіліміз мемлекеттік мәртебе алған кезеңде жаһандану үдерісі кезінде «терминдік бұлқыныс» байқалып, қазақ тілінде қалыптасқан орыс тілді немесе орыс тілі арқылы енген батыстық терминдерінің орнына қазақы немесе шығыстық терминдерді қабылдау кең қолданыс тапты [51, 30-б.]. Осындай тіліміздегі ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб, парсы кірме лексикалық бірліктерінің Онбестомдық түсіндірме және салалық сөздіктерге енуі жалпыға ортақ тілдік норманың қалыптасуына әсер етіп, әдеби тілдің заманауи лексикалық қорын байытып келеді. Шығу төркініне үңілсек, бұлардың кейбірі қазақ тіліне ертерек еніп, лексикалық қорымызға әбден сіңіп кеткендіктен, кірме сөз екендігі байқала бермейтін араб-парсы сөздері болып шығады да, біразы байырғы қазақ сөздері екендігіне көз жеткізуге болады. Оның мысалы ретінде қазіргі қазақ терминдерінің жүйесіндегі мынадай жаңарған терминдерді келтірейік: *класс – сынып, процент – пайыз, аудитория – дәрісхана, лектор – дәріскер, текст – мәтін, архив – мұрағат, виза – рұқсатнама, автобиография – өмірбаян, таможня – кеден, инвентарь – мұқаммал, информация – ақпарат, алфавит – әліпби, коллектив – ұжым, компетенция – құзыр, конфискация – тәркілеу, шкала – шәкіл, космос – зарыш, проблема – мәселе, юстиция – әділет және т.б.* Бұл тілдік құбылыстың себебін ұлттың «жаны», «рухы» болып табылатын тілдегі мұндай өзгерістердің санадағы өзгерістермен, санадағы жаңғырумен байланыстырамыз. Біраз уақытқа дейін жарыса қолданылып келген мұндай бірліктердің тегі араб, парсылық болып табылатын қазақша баламаларын қолдану қатаң нормаға айналды [52]. Алайда қайсыбір сөздердің қатаң норма болып, кодификацияланғаны ескерілмей қолданылуын Н.Уәли «қатаң норманың бұзылуы» деп, тілдік қатеге жатқызылуын қажет деп табады [29, 142-б.].

Сонымен, араб және парсы сөздері де – түркі халықтарының сөздік қорындағы ортақ тілдік қабат. Әсіресе түркі тілдеріне ертеден әр дәуірде енген араб, парсы сөздерінің басым көбі бүгінгі таңда әлеуметтік-қоғамдық, діни, оқу-ағарту, т.б. салаларында кеңінен қолданылады. Сондықтан әлі де кейбір еуропа сөздерін шығыстың араб не парсы сөздерімен ауыстырудың артықтығы жоқ. Соңғы кездері *процент* сөзі арабтың «пайыз», *гарантия* «кепіл», *кредит* «несие» араб, парсы сөздерімен беріліп келіп, халықтың сөйлеу және жазба тілінен енді орныға бастады. Осындай қазақ арасында құрылыс, көлік жасау салаларында сол қабылданған тілде қолданылып жүрген сөздер жеткілікті.

Қазіргі тілімізде *мегаполис* сөзі терминдік сипатқа ие болып, кең қолданысқа ие бола бастады. Осындағы *мегаполис* қазақ әдеби тілі сөздігінде грек. *megalupolis*. Шаһарстан (көптеген қалалар мен елді мекеннің қосылуы нәтижесінде пайда болатын ірі

қоныстану аймағы) деп берілген [53]. Ондағы анықтама ретінде берілген «Шаһар-стан» сөзі өзге түркі тілдеріне түсініксіз болмаса керек, қайта керісінше бұл ерте кезден қолданылып жүрген көне парсы сөзі ортақ түркі терминологиясын қалыптастыруға негіз бола алатын атау. «Шаһар» сөзі ортағасырлық жазба ескерткіштерде мемлекеттердің бөлініс жүйесіндегі әкімшілік атауын білдіретін термин болатын.

Осындай түркі халықтарының түрлі салаларында қолданылатын кірме араб, парсы сөздері біріздендірілсе, латын графикалы жазуға көшкенге дейін-ақ түркі тілдеріне ортақ терминология қалыптасар еді.

Сөздік қорымызды орфографиясы орыс тілінің ережесіне бағынатын еуропа, орыс сөздерінен тазартудың бірден-бір жолы – тілдегі *сөзжасам тәсілдері*. Төл сөздерімізге түрлі сөзжасам жұрнақтарын қосып, жаңа сөзжасау тілімізде бар табиғи құбылыс. Мәселен, *-ар, -ер, -қыш, -ма, -ме, -ба, -бе, -ыс, -іс, -қ, -ық* т.б. жұрнақтары ұлттық тіліміздің қорын кеңейтіп, белгілі бір саладағы қолданысын арттырады.

Осылайша төл сөзімізге қайта оралып, оларды екшеп, қажетімізге жаратсақ, шет тілдерінен өзгеріссіз енетін сөздерге жүгіну әдетінен арыламыз. Сондай-ақ, көнерген сөздердің кейбіреуі жаңа мағына алып, сөздік құрамдағы актив сөздердің үйіріне қайта қосылуы мүмкін. Академик Ө.Айтбай айтып өткендей: «Жалпы, термин пайда болу үшін сол терминге негіз боларлық оқиға қажет. Оқиға, құбылыс болмаса, оны атаудың да қажеттігі болмас еді. Сондықтан біз үнемі қабылдағыш, алғыш бола бермей, өзіміз де жасағыш, ат бергіш санатына өтуіміз керек» [54]. Ендеше, еуропа тілінен тікелей және жанама еніп жатқан сөздерді орайы келсе, көне (немесе түркі халықтарына ортақ) сөздермен терминдендірсек, бірқатар артықшылықтарға қол жеткізер едік:

біріншіден, қазақ тілінің сөздік қоры төл сөздерімен толығыды;

екіншіден, түркі тілдеріне ертеден әр дәуірде енген араб, парсы сөздерінің басым көбі бүгінгі таңда түрлі салаларда кең қолданылады. Бұл – ортақ түркі тілі терминологиясын қалаптыстыруға негіз бола алады;

үшіншіден, түркі халықтарына ортақ көне сөздерді латын графикасымен орфографиялауда туындайтын көп қиындықтардың алдын алған болар едік.

Қазақ онимдерінің латын графикасы негізіндегі халықаралық транслитерациясы: өткені мен бүгіні

Қазақ ономастикасын латын әліпбиі негізінде қолдану тарихынан

1929 ж. латын әліпбиі негізіндегі түркі халықтарына ортақ жаңа жазу қабылданды. Латын графикасынан барлық тілдерге ортақ 25 таңба негізге алынды, олар: а, в, с, d, e, f, g, h, i, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, x, y, z, әр тілдің дыбыстық ерекшелігін ескертін төл дыбыстарын толық бейнелеу үшін тағы да мынадай таңбалар жеке әліпбиілерге енгізілді. Мысалы,

қазақ – ç, ә, oĭ, ө, ŋ, ь;

түрікмен – q, ç, ә, ŋ, ө, ş, ь, ‘ (дәйекше);

әзербайжан – ç, ә, oĭ, ө, z , ь, ‘ (дәйекше);

татар – ҫ, ә, оҫ, ө, җ, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 башқұрт – ҫ, ә, оҫ, ө, җ, ҫ, ь, ь;
 құмық – ҫ, оҫ, ө, җ, ҫ, ь, ‘ (дәйекше),
 қарақалпақ – ҫ, ә, оҫ, ө, җ, ҫ, й, ь, ‘ (дәйекше);
 ноғай – оҫ, ө, җ, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 қырғыз – ҫ, оҫ, ө, җ, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 алтай – ҫ, ө, җ, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 қарашай – ҫ, оҫ, ө, җ, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 өзбек – ҫ, оҫ, җ, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 ұйғыр – ҫ, ә, оҫ, җ, ө, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 якут – ҫ, оҫ, җ, ө, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 тува – ҫ, ҫ, җ, ө, ҫ, ь, ҫ ‘ (дәйекше);
 хакас – ҫ, ҫ, җ, ө, ҫ, ь, ‘ (дәйекше);
 дұңған – ҫ, ә, оҫ, җ, ө, ҫ, ь, ‘ (дәйекше) [121, 4-б.].

Қабылданған ереженің 21-ережесінде географиялық атаулардың айтылым заңдылығына сай жазылу тәртібі көрсетілген. Мұнда қазақ тілінің заңдылығы сақталып, *топонимдік аталымдардың* түбірі сақталып, аяғы қазақ тілінің заңдылығына бағындырылатыны көрсетілген: *Карматы – Qarpat, Альпы – Әлрі, германец – ermen, русский – orьs* т.б. [116, 4-б.].

«Сөйтіп, 1929 жылы қабылданған емле қазақ қоғамында 8 жыл қолданылып, 1938 жылы қайта өңделіп, бұқара халыққа қайта ұсынылады.

Сонымен, Еуропа үлгісіне негізделген бас әріп таңбасы 1930 жылы 2 маусым айында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысында бекітіледі. Қаулыда бас әріптің емлесіне байланысты мынадай ереже қабылданған:

1. Текст жаңа сөйлем басындағы сөздердің ұлы тыныстан соңғы, сөйлем бекігендегі сұрау (?), таңдану (!) белгілерінен соңғы сөздердің басы бас әріппен жазылады.

2. Адам аттары, өлке, ауыл, қала, көше, теңіз, тау, жер, су аттары бас әріппен жазылады. Мұндай сөздер қосарланып келсе, тек алғашқы сөзі ғана бас әріппен жазылады.

3. Қоғам, мекеме, ұйым, мектеп, кітап, гәзет, журнал, жол, көше аттарының басы бас әріппен жазылады. Бұлар бірнеше сөзден құралса, тек алғашқы сөзі ғана бас әріппен жазылады.

4. Бас әріппен жазылатын сөздер қысқартылып, бір әріппен ғана жазылса, олар да бас әріппен қысқартылып, бір сөз есебінде жүрсе, қысқартылған күйінде бас әріппен жазылады» [116, 89-б.].

Бұл жайт туралы Н.Әміржанованың еңбегінде: «Қаулы қабылданып, ереже бекітілгеннен кейін де газет, журнал беттеріндегі бас әріппен берілген топоним, ороним, гидроним, ойконимдік атаулар екі-үш не одан да көп нұсқада жазылды, яғни бір жерде олар ереже бойынша жазылса, екінші бір жерде кіші әріппен немесе екі сыңары да бас әріппен жазылды. Қаулыдағы бас әріпке арналған ереже дұрыс сақталынбады» деп көрсетілген [116]. Мысалы, *Kazstьroj yjeldiь 23 kьni Ala Tavdьь teriskejindegi vel-vulaь tavьnan izves qazdьruvьja vir desьtnigin vastatьp vir top kisi ьivergen eken. Solar kelip, tavdьь usan vasьnan izves qazьp ьatqanda, tavdьь eteginde*

Kalenin avdanь, Bel vulaq avьььndaqь «Satsьjal» qalqozьььь qojь çajьььp çatьr edi («Сатсыялды Қазақстан» газеті, 1932 ж.).

Alma-Ata (telegiram arqььь) Qaraqandь ovьььььььь ekrindi mal carvacььььь mal sarqozdarььььь sajasьь vьlimderi men virigip Өlkelik ekrindiler syletine («Сатсыялды құрылыс» газеті, 1933 ж.)

Məcijne-ььraktьr ьstansalarььььь vul qarqьььь Оь tьstikqazaqьstan ovььььь men almatь ьstansalarььььь çumьььь tьkke turmajdьь («Сатсыялды Қазақстан» газеті, 1932 ж.). *Оь Tьstik Qazaqьstan men Almatь ovььььstaraьnda astьq dajььndav navqanь vastalqalь aj çarььmdaj voldьь* («Сатсыялды Қазақстан» газеті, 1932 ж.). *Сььkent, on tьstik qazaqьstan ovьььььььь ekinци toqsanььььь qarçьь çosparьььь olqььььq ren orьььndap edi* («Сатсыялды Қазақстан» газеті, 1932 ж.).

Байқасақ, бұл ережедегі «Адам аттары, өлке, ауыл, қала, көше, теңіз, тау, жер, су аттары бас әріппен жазылады» бабы сақталмай, қазақ тіліндегі болсын, орыс тіліндегі болсын жалқы есімдер ала-құла жазылған. Ереженің «Қоғам, мекеме, ұйым, мектеп, кітап, гәзет, журнал, жол, көше аттарының басы бас әріппен жазылады. Бұлар бірнеше сөзден құралса, тек алғашқы сөзі ғана бас әріппен жазылады» деген бабында айтылған жайттар да ескеріле бермейтінін көруге болады (қараңыз: Қосымша Б.).

Сонымен, латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшкен қазақ жазуының басты орфографиялық қатесі – бас әріппен жазылу ережелерінің сақталмауы болды. Бұрын-соңды орфографиялық ережелер қатарында болмаған еуропа үлгісіне негізделген нормалар (топоним, гидроним, антропоним, ороним атауларының бас әріппен жазылуы (?,!)) белгілерінен кейін сөздің бас әріппен жазылуы т.б.) қазақтың жазу болмысына алғашқы рет жат, тұрпайы көрінді. Бұл ережелерге бейімделу біршама уақытты талап етті» [116, 4-б.].

1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық I Түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлы орыс тілінен енген және интернационалдық терминдердің жазылуына байланысты мынадай пікір айтады: «Общепотребительные мировые термины могут приниматься, но с соответствующими природе казахского языка изменениями. Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подтвергаться изменениям соответственно казахскому говору. Это значит, во-первых, что во всех неказахских словах, с чуждыми казахскому языку звуками, последние заменяются соответственно нужными звуками, во-вторых, суффиксы в неказахских словах заменяются казахскими, в третьих, двойные звуки принимаются в ординарном виде, в-четвертых, чуждые казахскому языку окончания должны измениться в пределах требуемого языком удобства произношения, например, *Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау* и т.п.». Сонымен, ғалымның пікірінше, интернационалдық терминдер қазақ тілінің фонетикалық заңына сәйкес игеріліп таңбалануы тиіс деп көрсетеді [117, 423-б.]. Әзербайжандық Зифельдт Симумяги А.Байтұрсынұлының сөзіне қосыла отырып, кірме сөздер түркі халықтар тіліне мынадай жолдармен икемделуі керек деп көрсетеді:

«1. Заимствуемые слово не должно выходить из границы определенных звуков, свойственных заимствующему языку (например: не должно заключать в себе аффриката ц).

2. В заимствуемых словах могут быть лишь такие сочетание и чередования звуков, которые свойственны заимствующему языку (например, слово не должно начинаться согласным дифтонгом).

3. Заимствуемое слово должно укладываться в правило сингармонии.

4. Необходимо строго сохранить общий стиль языка в интересах психо-физической экономии слов говорящего. В заимствуемых словах, если ударение стоит не там где предполагается, то его нужно переставить на последний слог. Затем нужно его сингармонизовать. Если это слово не соответствует сингармонии, то требуется соответствующая переделка» [118, 189-б].

- еуропа немесе орыс тілінен енген сөздердегі сөз басындағы **г** дыбысын **ж** дыбысына алмастыру: *Георгий – Жагор, Гаврил – Жебрел, география – жағыратия* т.б. Ал *грек* тәрізді сөздерді қазақ тіліне *грек* түрінде, яғни **г**-ны **к**-ға алмастыру;

- орыс сөздеріндегі сөз аяғындағы **г** дыбысын түсіріп жазу: *Оренбург – Орынбор, Гамбург – Кембір*;

- орыс тілі сөздеріндегі **х** дыбысын қазақ тіліндегі сөздерде **к**, **қ**-ға алмастыру: *Мұхтар – Мұқтар, Хайр – Қайыр*;

- **я** дыбысын **ж** әрпіне алмастырып, таңбалау: *ящик – жәшік, ямбы – жамбы, Яков – Жақып, яр – жар*;

- географиялық атауларда келетін **а**-ны **ы**, **і**-ге алмастырып таңбалау: *Америка – Америк, Африка – Әпрік, Европа – Ауropy*. Тек *Азия* сөзі ғана өзгермейді;

- орыс тіліндегі географиялық атауларда кездесетін **-ия** қосымшасын түсіріп қолдану: *Германия – Гермен, Испания – Испан* т.б. [9, 3-5-бб.].

Ал К.К.Юдахин адамның аты-жөні, елдің, жердің аты бұзылмай, түпнұсқамен жазылу керектігін баса айтып, былай дейді: «Шетелдің адам аттары бұзылмай түбіріндегідей жазылу керек. Шетел аттары өзгертілмей жазылсын дегенімде, өз атым түзу жазылсын деген ойым емес. Қазақ тілінің заңы бойынша *judaqьjn* деген ат *судаqьп* болуы керек. Бұл анық нәрсе. Кісі аты мен терминдерді ия басқа сөздерді теңгеруге болмайды. Терминдер қазақ тіліне кірген соң өзгеруі керек. Басына тұмақ киіп, қолына асық, жілік ұстап, қазақ болып кету керек. Кісі атын бұзып жазғаннан екі адамның аты шатасуы да мүмкін. Шетел адамының атын бұзбай жазу керек деген заң шығармасақ та, бұзбай жазуымыз керек» [10, 45-б.]. Осы отырыста К.К.Юдахиннің кісі аттарына байланысты тұжырымдамасына Елдес Омарұлы, А.Әлібайұлы, Иса Тоқтыбайұлы және тағы басқа ғалымдар қарсы пікірлерін білдіреді.

Қабылданған емледе бас әріппен жазу емлесінің сақталмауын, шет тілінен енген атаулардың қазақ тілінің айтылым заңдылығына сай икемделгенін көреміз.

Осы тәрізді *Германия* атауы да г/к алмасуы арқылы: «Мұнан бұрын *Германиде* ұлтшыл-сатсыйалис көсемдерімен бірге жұмыс істеген, кәзір Парійжде тұратын мәшійнескіден алынған дәкүмент оқылды. Бұл дәкүментті мәшійнескеге белгілі бір ұлтшыл жорналис бастырған, дәкүменттің мазмұны рейқыстакты ұлтшыл-сатсыйалистер өртегенін әшкерелеген Оберпыронның көсемі («Сатсыйалды құрылыс» газеті. №14.1933 ж.). *Керманийенің* тұс-тұсында жұмысшылар пашистер терро-рына қарсы забастопке, ереуіл жасап жатыр. Одақтық жұмысшы-қара шаруа ініспексіе алқасы «Ізбестіе», «Кәмсамолыскайа Пырабда», «Сатсыйалистыйшское пырабда»кәзеттері мен бірігіп пішен шабұу-жыйнау жана сүрлеу науқандарының ба-

рысын байлау тұралы екпінді екі жетілік жарыйалады («Сатсыйалды Қазағыстан» газеті. №155. 1932 ж.). Партийаның жәнә көсеміміз Ысталиннің басқаруы мен табысты ілгері басалық деп Мырза жан сөзін бітірді («Сатсыйалды құрылыс» газеті. №49. 1933 ж.).

Н.Әміржанова өз еңбегінде былай көрсетеді: «1929-1938 жылдар аралығында орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі қазақ тілінің айтылымы бойынша жазылды. Аталған кезеңде ауызша каналдың функциясының басымырақ болуы негізгі түрткіжайт болып, сөздердің дыбыстық жағынан өзгерген түрлері молынан қолданылды. Кірме сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдарына бағынып, грамматикалық нормаларына сәйкестеніп, сөз жасау формаларына икемделді. Тілдік материалдардан байқағанымыз, 1938 жылға дейін кірме сөздер қазақ тілінің заңдылығына толықтай бағындырылды. 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздердің дыбыстық құрамы мен тұлғасы өзгеріп, *сындырылды* («қазақшаланды»). Жалпы алғанда, аталған кезеңде «кірме» дыбыстар *ұлттық орфографиялық жүйеге* сәйкестендірілді» [116].

«Жазу – мәдени мұра. Ол ең алдымен тіл мәдениетінің бүгінгісі мен ертеңгісін қамтамасыз етуге тиіс» деген тілтанушы-ғалым М.Балақаевтың сөзі қазақ ономастикасы саласының өзекті мәселесіне айналып отыр. Яғни қазақ есімдері мен жер-су аттарының қазақ әдеби тіл нормасына сай дұрыс жазылуы, таңбалануы, басқа тілдерге (орыс, ағылшын тілдеріне) дұрыс транслитерациялануы – күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Қазақ ономастикасы – өткен күн мен болашақтың жүгін арқалап келе жатқан сала. Қазақ кісі есімдері мен тарихи қалыптасқан жер-су аттары, аспан денелері аттары т.б. ғасырлар бойы өз бойында тарихи-мәдени ақпаратты сақтап келеді. Қазақ ономастикасы – қазақ халқының танымындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі ғасырлар бойы жинақталған білімдер жүйесін сақтап келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Осы құндылықтарымызды сақтап қалу, әрі қарай жалғастырудың кепілі – қазақ есімдерін, кісі аттарын, жер-су аттарын қазақ тілінің нормасына, емле ережелеріне сай дұрыс жазу, таңбалау.

Емле, яғни сауатты жазу мәселесі – қай кезеңде де тілді жазба түрінде пайдалану барысында дүниеге келетін талап, орфографиялық нормаларда да – бүгінгі таңда қайта қарастырар сәттері бар және ол сәттер лексикалық, грамматикалық нормалармен ұштасып жататын іс-қаракеттер [119, 45-б.].

Қазақ кісі аттарын, жер-су аттарын дұрыс жазуда қазақ әдеби тілінің нормасы, емле ережелері басшылыққа алынады. Қазіргі таңда өзекті болып тұрған қазақ емле ережесі туралы мәселелер өткен ғасырда да өзектілігін жоғалтпағанын қазақ зиялыларының еңбектерінен байқауға болады. Қазақ емле ережесі туралы академик Р.Сыздық былай дейді: «Қазақ емлесі мен сөзді дұрыс дыбыстауға қатысты күні бүгінге дейін орын алып келген қиындықтардың түптөркіні 1929 жылы араб жазуынан латынға, 1940 жылы латыннан криллицаға көшкен кезде әрі қауырттықтан (екі сәттің де саясат тоқпағынан «от ала келгендей») тездікпен орындалғанын білеміз), әрі сол кезде тіл, жазу, сөзді дұрыс айту мәдениеті дегендердің ғылыми танымдары қалыптаса қоймағандығынан туған жайттарда жатқанын айту керек. Тіпті бұл күндердің өзінде тіл мәдениетінің өзекті проблемасы – норма дегеннің теориялық негіздері түгел қаланып, практикалық шешімдері түгел жүзеге асып болған дей алмаймыз» [119, 49-б.].

Тілтанушы С.Аманжолов әліпби тарихы жайында мынадай мәлімет айтады: «Араб әліппесін жамаудан түк шықпайтынын, латынға көшудің керектігін ХІХ ғасырда Персияда бірінші рет қойған Малкомхан болса, түрік системалы тілі бар халықтар ішінен эзербайжандық жазушы-драматург Мирза Фетх-Али Ахундов (1863 ж.) деген адам болды. Бірақ олардың заманында бұл сияқты ірі реформаға жол берілмейтіні мәлім ғой. Араб әліппесі қанша кесірі болса да, көп заман қолданылып келді. 1922 жылы Октябрь революциясының артынан-ақ, Эзербайжанда араб әліппесіне қарсы қозғалыс қайта басталады. Мұны бастаушы революционер, большевик Ағамалы оғлы деген адам болды. Мұның идеясы бүкіл Совет Одағындағы елдерге, оның ішінде біздің қазақ еңбекшілеріне келіп жетеді...1926 жылы Бакуда бүкіл түрік системалы тілі бар елдердің бүкіл Союздық съезі болды. Мұндағы күрделі мәселенің бірі – латын әліппесіне көшу мәселесі еді. Съезге қатынасушы ұлтшылдар мейлінше қарсылық пікірлерін айтты. Бірақ Совет оқымыстыларының көпшілігі болып, латын әліппесін қуаттап, қарсы алды. Қаулыда: «Латын әліппесі прогрессивтік нәрсе, оның алынуы, оның іске асу жағы жергілікті жерлерде қарастырылып, баспалардың тәжірибелері пайдаланылсын...» делінген еді. Ұлтшылдар латын әліппесін алдыртпау жағын ерекше қадағалады. Осының салдарынан да біз латын әліппесіне басқалардың көбінен кейін көштік (1929 жыл, январь). Араб әліппесінің қиыншылықтары, ауырлықтары, азаптары арқасына батқанның бірі болған қазақ еңбекшілері, 1929 жылы латынға көшіп, көзі жарқ етіп ашылғандай болды. Бірақта бұл көшудің өзінде де кемшіліксіз болғанымыз жоқ» [120, 248-б.].

Жұмысымыздың материалы ретінде 1931 жылы шыққан «Әйел теңдігі» журналынан және 1940 жылы шыққан «Социалистік Алтай» газетінен антропонимдер мен топонимдердің латын әліпбиі бойынша жазылуын қарастырдық.

1931 жылы шыққан «Әйел теңдігі» журналының №1-2-3-нөмірлерінде пунктуацияға аса мән берілмеген. Журналдағы мақалаларда бас әріп мүлдем кездеспейді. Жалқы есімдердің барлығы кіші әріппен жазылған. Бұлайша жазу үрдісі араб жазуының әсерінен болуы мүмкін. Араб жазуындағы тыныс белгілер жайындаакадемик Р.Сыздық мынадай пікір айтады: «Жазба мәтіндерде тыныс белгілерінің ережелерін түзу (жасау) және оны пайдалану проблемасы қазақ мәтіндерінде ХІХ ғасырдың соңғы онжылдықтарында көтеріліп, ХХ ғасырдың басында дұрыс, сауатты жазу үшін пунктуация өте қажетті проблема екендігі орнықты. Араб таңбалы жазуда тыныс белгілерінің жоқ болғандығы, бас әріп таңбасының жоқтығы мәтінді дұрыс жазуға, түсініп оқуға кедергі келтіретіндігі сөз болды. Әсіресе «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеттері жарық көре бастағанда, тыныс белгілерін қолдану әрекеті басталды. «Синтаксистік тұтастық» (период) деп аталатын мәтін сегменттерін (бөліктерін) айырып, азат жолдан (абзацтан, жаңа жолдан) бастап жазу да осы кезде көрінді. А. Байтұрсыновтың оқулықтары мен еңбектерінде, ХХ ғасырдың басында шығып тұрған «Қазақ», «Айқап» газеттерінде кеңінен орын алды. Араб жазуымен ұсынылған мәтінде орын алмаған (және орын алуы мүмкін де емес) мәселе – бас әріптің қолданылуы болып қала берді, сондай-ақ дефис пен сызықшаның қолданысы, оқшау сөздердің сөйлемдегі өзге сөздерден тыныс белгілерімен, көбінесе үтірмен бөлектетіліп көрсетілуі сияқты пунктуацияның жеке тұстары да әлі айқындалып, тұрақталмағандығы көрінді» [121].

Журналда барлық сөйлемдер кіші әріппен басталғанымен, мақала мәтіндегі жаңа логикалық ой азатжол арқылы бөлініп отырған. Ал журналдың №11-12-нөмірлерінде кісі аттары, жер-су аттары, жалпы жалқы есімдер бас әріппен беріліп отырған.

1929 жылы қабылданған латын әліпбиінде сөздердің жуан не жіңішке айтылуына байланысты қабылданған *ij, ьj, uv, uv* қос дыбыстар біраз дау тудырған. Кейінірек бұл қос дыбыстар бір ғана «i», «u» таңбаларына ауыстырылды.

«Әйел теңдігі» журналында *ij, ьj, uv, uv* қос дыбыстарымен жазылған антропоним, топонимдер кездеседі: *nurim kelini qazьjna, Qanapьja әjeli Bәvis, ijьano basnesen, vәkuv.*

Журналдың аталған нөмірінде *çetpispaj qьзь* және *çetpispaj qьзь* деп екі түрлі жазылған, яғни алғашқысында «p» (n) таңбасымен берілсе, соңғысында «v» (b) таңбасымен берілген.

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №1-2-3

<i>Антропоним</i>	<i>Кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>	<i>Қазіргі кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>
<i>devәtulь</i>	дебәтұлы	Дебәтұлы
<i>әvdikәrimkelini. q.</i>	әбдікәрім келіні қ.	Әбдікәрім келіні Қ.
<i>naoьajkelini</i>	нағай келіні	Нағай келіні
<i>nurimkeliniqazьjna</i>	нүрім келіні қазыйна	Нүрым келіні Қазина
<i>toqtaваjulь</i>	тоқтабай ұлы	Тоқтабайұлы
<i>өterulь</i>	өтеп ұлы	Өтепұлы

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №11-12

<i>Антропоним</i>	<i>Кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>	<i>Қазіргі кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>
<i>Aqьmetulь</i>	Ақымет ұлы	Ахметұлы
<i>Ваjмаoьamветәjeli</i>	Баймағамбет әйелі	Баймағамбет әйелі
<i>CaьmardankeliniZaoьjla</i>	Шаймардан келіні Зағыйла	Шаймардан келіні Зағила
<i>Caьsultanqьзь</i>	Жайсұлтан қызы	Жайсұлтанқызы
<i>Çangeldiulь</i>	Жангелді ұлы	Жангелдіұлы
<i>Çetpispajqьзь</i>	Жетпісбай қызы	Жетпісбайқызы
<i>Çetpispajqьзь</i>	Жетпіспай қызы	Жетпісбайқызы
<i>Çoldavaqәjeli</i>	Жолдабақ әйелі	Жолдабақ әйелі
<i>Çolmanqьзь</i>	Жолман қызы	Жолманқызы
<i>Çumaoьulqьзь</i>	Жұмағұл қызы	Жұмағұлқызы
<i>Çyргенваjәjelivәdесе</i>	Жүргенбай әйелі Бәдесе	Жүргенбай әйелі Бәдесе
<i>Egir</i>	Егір	Егір
<i>Galacөkin</i>	Галашөкін	Голощөкин
<i>Kençевекәjeli</i>	Кенжебек әйелі	Кенжебек әйелі
<i>Mәrjam</i>	Мәриам	Мәриам
<i>Qalavajkelini</i>	Қалабай келіні	Қалабай келіні
<i>Qalavajkelini</i>	Қалабай келіні	Қалабай келіні
<i>Qanapьja әjeli Bәvis</i>	Қанапыйа әйелі Бәбіш	Қанания әйелі Бәбіш
<i>Qultaj әjeli Turьmca</i>	Құлтай әйелі Тұрымша	Құлтай әйелі Тұрымша

Qyғıgıt kelini Sylkylke	Қыржігіт келіні Сүлкүлке	Қыржігіт келіні Сүлкүлке
Sərsemvaj əjeli	Сәрсембай әйелі	Сәрсенбай әйелі
Tölegen əjeli Bevarap	Төлеген әйелі Бебарап	Төлеген әйелі Бебарап
Töleкуль	Төлек ұлы	Төлекұлы
Əbekeñqызь	Әбекен қызы	Әбекенқызы
Əsemkyl	Әсемкүл	Әсемкүл
Өtevaj	Өтебай	Өтебай
Өтерqызь	Өтеп қызы	Өтепқызы
Өтерqызь	Өтеп қызы	Өтепқызы
ЫjsaulьOraz	Ыйса ұлы Ораз	Исаұлы Ораз

Берілген кісі аттарының тізімінен байқағанымыз, 1931 жылы кісі есімдерін жазуда ер кісі есімін жазғанда ұль-ұлы(*өтер ұль, тоқтавај ұль, çangeldi ұль, Ақмет ұль*) деп көрсеткен, ал әйел адамның есімін жазуда қызы не әйелі, не келіні (*çetpispaј qызь, çitamaқul qызь, Əveken qызь, çolman qызь, çyргенvaj əjeli vədece, çoldavaq əjeli, Sərsemvaj əjeli, Bajmaqatvet əjeli, əvdikərim kelini. q., naқaj kelini, Qalavaј kelini, Caјmardan kelini Zaқьjla*) деп көрсетіп отырған. Қазіргі кезде кісі аттарында «ұлы», «қызы» бірге жазылып жүр. Ал «келіні» сөзі ресми сипаттан гөрі, ауызекі сөйлеу стилінде көп қолданылады.

«Әйел теңдігі» журналы, 1931 ж., №1-2-3

<i>Топоним</i>	<i>Кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>	<i>Қазіргі кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>
vəkyv	бәкүү	Баку
leuingirat	леүингірат	Ленинград
maqanсь	мақаншы	Мақаншы
məskev	мәскеу	Мәскеу
qazaқьstan	қазағыстан	Қазақстан
qostanaј	қостанай	Қостанай
stalingirat	сталингірат	Сталинград
almatь qalась	алматы қаласы	Алматы қаласы
arьs aydanь	арыс ауданы	Арыс ауданы
maqталь aydanь	мақталы ауданы	Мақталы ауданы
qaskelenəј kəmyvnaсь	қаскелең кәмүнасы	Қаскелең коммунасы
qazaқьstan	қазағыстан	Қазақстан
sozaқ aydanь	созақ ауданы	Созақ ауданы
temir aydanь	темір ауданы	Темір ауданы

1941 жылы шыққан «Социалистік Алтай» газетіндегі кісі аттарына келсек, бұл жылғы мақалаларда кісі аттарының көбі қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасына сай латын әліпбиі бойынша жазылған. 1940 жылғы латын әліпбиі 1931 жылғы баспасөз беттеріндегі латын жазуына қарағанда едәуір жеңілдетілген. 1940 жылғы латын жазуларында қос дыбыстар мүлдем кездеспейді, оларды (қос дыбыстарды) «і», «и», «й» таңбаларымен алмастырған. Есесіне қазіргі таңда қолданыста жүрген «х» (x), «v» (v) таңбалары енгізілген. 1931 жылы қазіргі қазақ тіліндегі «у» таңбасының рөлін атқарған «v» 1940 жылы «w» таңбасының орнына қолданылған.

1940 жылғы «Социалистік Алтай» газетіндегі мақалаларда кездесетін кісі есімдерінің 1931 жылғы мақалаларда кездесетін кісі есімдеріне қарағанда айтарлықтай айырмашылықтары бар. 1940 жылғы мақалаларда орыс тілінен енген *-ov, -ev, -ova, -eva (-ов, -ев, -ова, -ева)* фамилия жасаушы аффикстер жаппай қолданыла бастаған. 1931 жылғы мақалаларда мұндай фамилия жасаушы аффикстер мүлдем кездеспейді. Бұл факт орыс тілінің фамилияжасаушы аффикстері қазақ есімдер жүйесіне 1940 жылы «мықтап еніп» алғанын көрсетеді. Бұл кезеңде орыс тіліндегі әке атын жасаушы *-ович, -евич, -овна, -евна* аффикстері мақалада кездеспейді. Қазіргі кезде қазақ азаматтары КСРО кезінде ата-анасының, өзінің құжаттарында тегі (фамилиясы) мен әкесінің аты *-ов, -ев, -ова, -ева, -ович, -евич, -овна, -евна* аффикстерімен жазылғандықтан, осы аффикстерден өз еріктерімен бас тартып, тегі мен әкесінің атын қазақ ұлттық есімдер жүйесінде қалыптасқан дәстүр бойынша қайта рәсімдетіп жүр.

«Социалистік Алтай» газеті, 1940 ж.

<i>Антропонимдер</i>	<i>Кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>	<i>Қазіргі кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>
Avjlqasimov	Абілқасимов	Әбілқасымов
Alshogazov Abdolla	Алшығоразов Абдолла	Алшығоразов Абдолла
Alpysbaev	Алпысбаев	Алпысбаев
Aqsaqov	Ақсақов	Ақсақов
Baikenov – 2 бет	Байкенов	Байкенов
Baimenov Myrzac	Майменов Мырзаш	Майменов Мырзаш
Balqabaı Bybaev	Балқабай Ыбыраев	Балқабай Ыбыраев
Baumıqanov	Баумұқанов	Баумұқанов
Basırov	Бәшіров	Бәшіров
Saıaxmetov	Шайахметов	Шайахметов
Sekenov	Шекенов	Шекенов
Çiembaev	Жиембаев	Жиембаев
Dairabaev Qūlataı	Дайрабаев Құлатай	Дайрабаев Құлатай
Demeuov Manaspai	Демеуов Манаспай	Демеуов Манаспай
Ertıjsbaev	Ергісбаев	Ергісбаев
Isabekov	Исабеков	Исабеков
Itraev Qūseit	Итраев Құлсейт	Итраев Құлсейт
Kurkebaev	Куркебаев	Куркебаев
M. Çynjsov	М. Жүнісов	М. Жүнісов
Maıanov Nırmaqan	Майанов Нұрмақан	Майанов Нұрмақан
Maqzūmbekov Tapan	Мақзұмбеков Тапан	Мақзұмбеков Тапан
Mürzaliev	Мұрзалиев	Мұрзалиев
Mūxamedçanov	Мұхамеджанов	Мұхамеджанов
Mūxametov	Мұхаметов	Мұхаметов
Narımbaev Beisembaı	Нарымбаев Бейсембай	Нарымбаев Бейсембай
Qaimolden Ziada	Қаймолден Зида	Қаймолден Зида
Qaliev	Қалиев	Қалиев
Qarsaqpai	Қарсақпай	Қарсақпай
Qūsaıynov	Құсайынов	Құсайынов
Qystaubaeв	Қыстаубаев	Қыстаубаев
Sabygbaeva	Сабырбаева	Сабырбаева
Salyqbaev	Салықбаев	Салықбаев

Sapiev	Сапиев	Сапиев
Serikbaev Samat	Серікбаев Самат	Серікбаев Самат
Smaqulov	Смағұлов	Смағұлов
Syleimenov	Сүлейменов	Сүлейменов
Toxataev	Тохтаев	Тохтаев
Toxmetov	Тохметов	Тохметов
Turqambaev	Тұрдамбаев	Тұрдамбаев
Teleubaev	Төлеубаев	Төлеубаев
Ә. Bıtkembaev	Ә. Біткембаев	Ә. Біткембаев
Ә. Qazaqbaev	Ә. Қазақбаев	Ә. Қазақбаев
Ә. Tәcїbaev	Ә. Тәжібаев	Ә. Тәжібаев
Әbdiev	Әбдиев	Әбдиев
Әbildenov	Әбилденов	Әбилденов

1940 жылғы «Социалистік Алтай» газетіндегі мақалаларда кездесетін жер-су аттарының транскрипциясы қазақ тіліндегі жер-су аттарының қазіргі кездегі таңбалауымен сәйкес келеді. Дегенмен, 1940 жылғы мақалаларда жер-су аттарын латынша таңбалауда орыс тілінің ықпалы көрініп тұр. Күні бүгінге дейін орыс тілінде бұрмаланып жүрген қазақ тіліндегі тарихи жер-су аттарының бұрмалану үдерісі сол кезден бастау ала бастағанға ұқсайды. Мақалаларда *Alma-ata qalasъ*, *Bolce-Narъn*, *Sarъ-ozek* сияқты атаулардың таңбалауында орыс тілінің ықпалы сезіледі. Жалпы қазақ тілінің емле ережелеріне қатысты сол кезде тілтанушы С.Аманжолов жер-су аттарына байланысты дұрыс жазу ережелерін ұсынған. «Қазақстанның географиялық атаулары транскрипциясының негізгі ережелері» жобасында: «Составные нерусские названия географических объектов Казахстана (казахские, узбекские, киргизские, уйгурские, туркменские, татарские, башкирские, калмыцкие, дунганские, корейские, немецкие и др.) во всех случаях пишутся слитно. Например: всегда пишется Атбасар, Тарбагатай, а не Ат-Басар, Тарбага-Тай. Соответственно нужно писать Актау (Ақтау), Каракум (Қарақұм), Сарысу, а не Ак-Тау, Кара-Кум, Сары-Су (и не Ак-тау, Кара-кум, Сары-су)» [120, 317-б.], – деп көрсеткен.

«Социалистік Алтай» газеті, 1940 ж.

<i>Топонимдер</i>	<i>Кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>	<i>Қазіргі кирил жазуы бойынша транскрипциясы</i>
Ассъсай	Ашшысай	Ащысай
Alma-ataqalasъ	Алма-ата қаласы	Алматы қаласы
Altai	Алтай	Алтай
Aqtөве	Ақтөбе	Ақтөбе
Balqac	Балқаш	Балқаш
Bolce-Narъn	Болше-Нарын	Үлкен Нарын
Çарон	Жапон	Жапон
Cımkent	Шымкент	Шымкент
Emba	Емба	Ембі
Ertjs	Ертіс	Ертіс
Germania	Германия	Германия
Guansi provinsiasъ	Гуанси провинсиасы	Гуанси провинциясы
Kanibadam qalasъ	Канибадам қаласы	Канибадам қаласы

Leninabad	Ленинабад	Ленинабад
Mәскеu	Мәскеу	Мәскеу
Qaraqandь	Қарағанды	Қарағанды
Qьtai	Қытай	Қытай
Sary-өzek	Сары-өзек	Сарыөзек
Stalinabad	Сталинабад	Сталинабад
Xuanxe	Хуанхе	Хуанхе
Zaisan	Зайсан	Зайсан
Zirән	Зирән	Зырян
Tәсіjкstan	Тәжікстан	Тәжікстан

Қорыта келгенде, кісі есімдерін, жер-су аттарын жазуда 1931 жылғы латын әліпбиі мен 1940 жылғы латын әліпбиінің арасында едәуір айырмашылықтар бар. 1931 жылғы латын әліпбиінің кемшіл тұстары көп болғанымен, қазақ ұлттық есімдер жүйесіндегі дәстүр жалғастығы сақталған. Яғни кісі аттарын жазғанда *ulь* – ұлы (*өтер ulь, тоқтавај ulь, Çangeldi ulь, Aqьmet ulь*), қызы, әйелі не келіні (*Çetprispaј qьзь, Çumaqul qьзь, Әbekeп qьзь, Çolman qьзь, Çyrgeпvaј әjeli vәdece, Çoldavaq әjeli, Sәrsemvaј әjeli, Baјmaqamvet әjeli, әvdikәrim kelini. q., naqaj kelini, Qalavaј kelini, Caјmardan kelini Zaqьjla*) деп көрсетіп отырған. Топонимдерді де жазуда тарихи қалыптасқан жер-су аттары бұрмаланбай, сол күйінде жазылған. 1940 жылғы мақалаларда латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы анағұрлым жетілдірілгені, толықтырылғаны көрініп тұр. Дегенмен, осы тұста мақалаларда қазақ азаматтарының аты-жөндерінде орыс тілінен енген *-ov, -ev, -ova, -eva* (*-ов, -ев, -ова, -ева*) фамилия жасаушы аффикстер жаппай қолданыс тапқан. Жер-су аттары орыс тілінің әсерінен бұрмалана бастаған, екі сөзден бірігіп жасалған топонимдерді дефис арқылы жазу белең алған. 1940 жылдағы латын әліпбиі 1931 жылғы латын әліпбиіне қарағанда қолданылу жағынан қолайлы екендігі байқалады.

Ономастикалық атаулардың латын графикасы негізінде таңбалану (транслитерациялану) мәселесі

Зерттеу мәселесінің қазіргі ахуалы. Қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу мәселесі қоғамымызда біраз жыл бойы талқыланып келеді және оған байланысты бірқатар іс-шара да жүзеге асырылды: ҚР БҒМ тарапынан өзге елдердің латын әліпбиін қолданудағы тәжірибесімен танысу үшін арнайы кешенді экспедиция жасақталып, оның жұмысын тұжырымдаған монография жарық көрді [2], дөңгелек үстел, конференциялар ұйымдастырылып, жаңа әліпбиге көшу жөнінде жоба жетекшілерінің басқосулары да өткізілді.

Ономастикалық атаулар тіліміздің мол қорын құрайтынын, сондай-ақ, жалқы есімдердің қоғамдағы, тілдегі, халықаралық қатынастағы рөлінің орасан зор екенін мойындау керек.

Республиканың ономастикалық атаулары қай тілде болмасын біртұтас, бірізді стандартқа сәйкес транслитерациялануы тиіс және ең алдымен өз ұлттық тілімізде дұрыс рәсімделуі керек. Бұл мәселеге орай БҰҰ құжаттарында: «Халықаралық стандарттауға тек қатаң ұлттық стандарттау бағдарламалары арқылы қол жеткізуге болады», – делінеді.

Өйткені ол атаулар мемлекеттік басқару орындарында, халықаралық ісқағаздарда, дипломатиялық, халықаралық қатынас, әлемдік ақпараттық кеңістікте ағылшын тілінде берілетіндіктен, ана тіліміз болашақта латын графикасына көшкеннен кейін қазіргі әдеби тіл нормасында қолданылатын болады, яғни ұлттық негіз басшылыққа алынады.

Қазақ жазуын келешекте латын әліпбиіне көшіру мәселесі қоғамымызда қызу талқыланбас бұрын қазіргі Қазақстан ономастикасында латын графикасы тәуелсіздік алған жылдардан кейін кеңінен көрініс тапты. Олар ономастиканың жетекші салалары – жер-су атаулары (топонимия), қала, елді мекен, көше атаулары мен ұлттық, трансұлттық компаниялар, жеке кәсіпкерлік нысандары мен кісі аттары (антропонимия), яғни азаматтардың төлқұжатындағы аты-жөндері.

Қазақстан азаматтарының (ұлтына қарамай) барлығының аты-жөндері ұлттық паспортта, жеке куәлік, кейбір банк құжаттары (және банк атаулары) азаматтардың қалауынша не мемлекеттік тілде, не орыс тілінде рәсімделеді. Сонымен қатар міндетті түрде аты-жөндердің ағылшынша аудармасы, яғни латын графикасындағы транслитерациясы беріледі. Әрқайсымыз мұны өз құжаттарымыздан байқай аламыз.

Дегенмен, ұлттық жазуымыз латын әліпбиіне көшпей тұрған кезде, төл жазуымыздың ұлттық стандарты қабылданбай тұрып, «латынша транслитерация ономастикада қалай қолданыс тауып отыр?» деген заңды сауал туары хақ. Алайда объективті шындық латын әліпбиінің ономастикамызда кең көрініс табатындығын көрсетіп отыр. Байқап отырсақ, мемлекетіміздің атауынан бастап, еліміздің ірілі-кішілі қала, елді мекен, теміржол стансасы атаулары және т.б. азаматтардың аты-жөндерінің латынша транслитерациясы қосарлана жүреді.

Қазіргі кезде кейбір ресми құжаттарда, ағылшын тілді шетел құжаттарында, халықаралық құжаттарда қазақ атауларының теріс, қате бұрмаланып таңбалануы жиі кездеседі. Көбіне бір атау екі-үш, тіптен бірнеше нұсқада, қазақ тілінің әдеби нормасына қайшы, орфографиялық ережелерді сақтамай жазу кездеседі. Ономастикалық атауларды таңбалаудың нақты ғылыми принциптерін жасау, яғни халықаралық стандарттау жүйесін ғылыми тұрғыдан қарастыру, арнайы лингвистикалық нормалар мен заңдылықтардың тетігін анықтау топонимдік атаулардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының аты-жөндерінің дұрыс жазылған нұсқаларына деген мемлекеттік ұйымдардың басқару органдары мен халықаралық ақпарат органдарының т.б. практикалық сұранысының жоғары болуымен байланысты.

Осыған орай қазақ тілінің латын әліпбиіне келешекте көшуіне байланысты ономастика саласында да алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Халықаралық айналыстағы латын графикасының түрлі стандарттарын: ГОСТ 7.79, ISO 9.1, АҚШ Конгресі кітапханасының, Пристон университетінің транслитерация жүйесі және түрлі ұлттық ономастикалық жүйеде қолданылатын латынша транскрипция, транслитерация ерекшеліктерін салыстыра зерттеу, қазақ тілінің табиғатына жақындық немесе сәйкесімділік параметрлерін қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Ағылшын (латын) графикасымен көп түрлі және қос вариантты таңбаланып жүрген нұсқаларды объектілік ірілігіне қарай (*Қазақстан Республикасы* атауынан бастап, облыс, аудан, қала т.б. деңгейлерге; таудың биіктігі, өзеннің ұзындығы, көлдің ауқымдылығы дәрежесіне т.б.) деңгейлестіру, кезең-кезеңімен бір нұсқада

таңбалауды ұсыну, уәждеп дәлелдеу және қалыптастыру жұмыстарымен байланысты келеді.

Сонымен қатар жаңа жазуға көшу ісі қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша транскрипциялау мен транслитерациялаудың ғылыми принципін түзу және оны ағылшын тілін оқытудың (үйретудің) заманауи әдістемесімен сәйкестендіруді талап етеді.

Ал атауларды ағылшын тілінде (латын графикасында) транслитерациялау барысында негізінен төмендегі ұстанымдар басшылыққа алынуы тиіс:

- *бір есімнің тек бір нұсқада транслитерациялануын қамтамасыз ету;*
- *ағылшын оқу ережелеріне сәйкес оқылуды (readability) қамтамасыз ету;*
- *тұрақты қалыптасқан транслитерациялау үлгілерін ескеру;*
- *авторлардың тәжірибесіне жүгіну;*
- *респонденттермен жасалған аудиториялық тәжірибе нәтижелерімен санасу.*

Қазіргі әлемдегі жаһандану үдерісі күн озған сайын күшейе түсуде. Бұл халықаралық коммуникативтік-ақпараттық кеңістік заманауи жаңа технологиялардың жетіле түсуімен, ғаламтордың қоғам өмірінің барлық саласына еніп, қарқындап дамуымен байланысты болып отыр. Кеңістік пен уақыт, тілдік, мәдени, әлеуметтік шегаралар мен «кедергілер» жойылып, әлемдік ақпараттық кеңістік қауымдасып, бірегейленген трансұлттық кеңістік орнатуға ұмтылыс жасауда. Осы ретте мыңдаған ұлттық атауларымыз: жер-су атаулары, кісі аттары халықаралық айналымға түсіп отыр. Әлемдік коммуникативтік кеңістіктегі заманауи ақпараттық жүйелер латын әліпбиіне негізделген, сондықтан қолданыстағы ұлттық ақпаратты латын қарпіне көшіру мәселесі өзекті болып отыр.

Қазақстан ономастикалық, оның ішінде топонимиялық кеңістігінің қазіргі жағдайдағы даму кезеңі онимдік атаулардың саяси-қоғамдық, әлеуметтік қызметінің арта түсуімен, атап айтқанда, алуан саладағы ұлттық компаниялар мен мемлекеттік және жеке кәсіпорындар, мекемелер, акционерлік қоғамдар мен халықаралық қызметтердің, мемлекеттік басқару орындарының т.б. құжаттарында, ісқағаздарында белсенді де тұрақты түрде қолданылуымен ерекшеленеді.

Кез келген мемлекетте қоғамдық басқару мен коммуникацияны орнатуды тиімді әрі мейлінше дәлдікпен қамтамасыз ету үшін стандартталған географиялық атауларды қолдану қажет. Мұндай мемлекеттік маңызы бар ұлттық бірдейлестіру (стандарттау) бағдарламалары халықаралық қатынастан бастап, мемлекеттік басқару, мемлекеттік жоспарлау, қадағалау, қорғаныс, қауіпсіздік ісі, өнеркәсіп, сауда, білім беру, зерттеулер жүргізу, байланыс және т.б. салалар жұмысын тездетіп, уақыт пен қаржыны үнемдейді. Сондай-ақ еліміздің ономастикалық атаулары әлемнің ақпараттық интернет кеңістігінде, отандық, шетелдік бұқаралық ақпарат құрал көздерінде, халықаралық картографиялық, геодезиялық өнімдерде, атластық анықтағыштарда көрініс тауып, тек қана Қазақстан Республикасында ғана емес, таяу және алыс шетел мемлекеттерінде жиі қолданысқа түсуімен, халықаралық мәнінің күшеюімен айрықша сипатқа ие болады.

Еліміздің мыңдаған атаулары халықаралық қызметтердің жұмысы барысында, дипломатиялық келісімшарттарда, Қазақстанға келген шетелдік және шетелдегі инвесторлар т.б. құжаттарында ағылшын тілінде, болашақта латын қарпімен ұлттық

нұсқаға негізделе отырып, біізді транслитерациялануы тиіс. Сонымен қатар ЮНЕСКО-ның атауларды дұрыс жазуға қатысты талаптары латын қарпінде болмаған және ресми аудармасы жоқ экзонимдерді (шеттілдік атаулар) ғана транслитерациялау не аудару қажет екенін, сондай-ақ географиялық атаулардың жергілікті қолданысына сүйене отырып жазылуы керек екенін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде қазақ атаулары ағылшын тілді, латын графикасындағы көздерде бұрмаланып, ешбір емле-ережесіз екі-үш, одан да көп нұсқада қолданылып жүр, яғни атаулардың ұлттық түпнегіз нұсқасы ескерусіз қалып келеді. Бұл бағыттағы мақсатты ғылыми зерттеулер Қазақстан жұртшылығының, мемлекеттік органдардың, мекеме, кәсіпорындардың және халықаралық қызметтер мен ақпараттық, құжаттық көздердің сұранысына ие, әлеуметтік маңызы жоғары аса қажет құрал ретінде бағалануы тиіс.

БҰҰ-ның географиялық атауларды стандарттау жөніндегі комитетінің 2012 ж. 30 шілде – 10 тамыз аралығында Нью-Йоркте өткен X конференциясы, сарапшылар тобының 28-ші сессиясында берілген есепте ендігі кезекте географиялық атаулары латын қарпінде жазылуы аталған халықаралық ұйымның стандарттау комитеті арқылы келісілмеген елдердің онимдер жөніндегі өкілдерімен байланысқа түсіп, топонимдерді ғаламдық деңгейде бірқалыптандыру жұмыстары жетілдіріле түсетіндігі баяндалады. Осыған орай болашақта БҰҰ-ның алдағы уақытта жоспарлаған шараларына етене араласуымыздың қажеттілігі туып отыр, яғни бұл – ұлттық ономастикамызды халықаралық деңгейге көтеретін шара болмақ.

Сондықтан Қазақстандағы қала, елді мекен, көптеген жер-су атауын алдымен – қазақ тілінде, екінші кезекте орыс тілінде транскрипциялау, үшінші кезекте ағылшын тілінде, яғни латынша транслитерациялау ісі – мемлекеттік, саяси-әлеуметтік, идеологиялық маңызы бар ғылыми шара.

2002 жылғы 1 маусымнан бастап ТМД елдерінің мемлекетаралық стандартының жаңа нұсқасы ГОСТ 7.79 күшіне енді. Бұл стандартта шығыс славян және оңтүстік славян халықтары, сондай-ақ бұрынғы КСРО аумағындағы славян емес халықтардың көпшілігі қабылдаған кирил жазуының әріптерімен жазылған мәтіндерді латын әліпбиімен беру тәсілдері белгіленген. Алайда аталған стандартта ұлттық әліпбилердің спецификалық әріптерін транслитерациялау қарастырылмаған, яғни түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі өз жазуын латын қарпіне негізделген халықаралық стандарттарға сай «жетілдіруге», бейімдеуге мәжбүр болып отыр. Тіптен орыс тіліндегі жалқы есімдерді де транслитерациялаудың бірыңғай стандарты жоқ (*Андрей – Andrei, Andrey, Andrew* немесе *Крым – Crimea, Крым*). Әртүрлі славян кирил жазуларында *Днепр* өзенінің атауы *Dnepr, Dniepr, Dniepro, Dnibr, Dniapro* немесе *Dnyapro* түрінде әртүрлі транскрипцияланады.

Географиялық атаулар ереже бойынша транслитерация және транскрипция жолымен беріледі. «Лингвистикалық терминдердің анықтама-сөздігінде» транскрипция және транслитерация терминіне мынадай анықтама беріледі: *Транскрипция* «шет тілі сөзінің дыбыстары аударма тілі әліпбиінің әріптері арқылы беріледі». *Транслитерация* «шет тілі сөзінің әріптері аударма тілі әліпбиінің әріптері арқылы беріледі».

Танымал қала, тау, өзен, көл аттарының транскрипциялануы мен транслитерациясының мысалдарын қарастырайық: Dresden – «Дрезден», Berlin – «Берлин», Bonn – «Бонн», Schwarzwald – «Шварцвальд», Jungfrau – «Юнгфрау», Nordkap –

«Нордкап», der Mosel – «Мозель», der Neckar – «Неккар», der Main – «Майн», der Scweriner See – «ШверинерЗе», der Starnberger See – «ШтарнбергерЗе», но der Plauer See – «Плауэрское озеро». Егер географиялық атау көптік формасына ие болса, онда ол аударма тілінің нормасына сәйкес беріледі: Vogesen – «Вогез» таулары, Alpen – «Альпі» таулары, Anden – «Анд» таулары және т.б.

Транслитерация өзінің әмбебаптылығымен практикалық транскрипциядан ерекшеленеді; ол белгілі бір тілге емес, нақты графикалық жүйеге бағытталған. Сондықтан транслитерация қандай да бір ұлттық әліпби құралдарымен шектеліп қалуға міндетті емес, онда арнайы әріптер мен диакритикалық белгілер болуы мүмкін. Транслитерация зор практикалық мәнге ие (географиялық атаулардың, жалқы есімдердің және т.б. халықаралық жазбаша унификациясы), бірақ осы уақытқа дейін орыс әліпби транслитерациясының бірыңғай көпшілік қабылдаған жүйесі жоқ (анағұрлым белгілі жүйелер – КСРО ҒА 1951-1957 жж. және АҚШ Конгресінің кітапханасы).

1951-1956 жылдары Ресейде КСРО ҒА Тіл білімі институты «Орыс жалқы есімдерін латын әріптерімен халықаралық транслитерациялау ережелері» атты латын әліпбиінің ономастикалық атауларға қолдану стандарттарын әзірледі. Украинада, Белоруссияда, Молдовада өздерінің ұлттық латын қарпі стандарттары бар. Балтық республикаларының жазуы басынан-ақ латын әліпбиіне бейімделген, оларда ұлттық ономастикалық атауларға да, шеттілдік атауларға да қатысты транскрипциялау стандарттары қолданылады, сонымен қатар кейбір жағдайларда ұлттық стандарттар қолданылады, мысалы, бұрынғы қазақстандық «Целиноград» қаласы латын тілінде тиісті транскрипция бойынша «Целиноградас» деп аталады.

Орыс тіліндегі жалқы есімдердің халықаралық транслитерация ережесі

КСРО ҒА Тіл білімі институты 1951-1956 жж. орыс жалқы есімдерінің латын әліпбиі негізіндегі халықаралық транскрипциясын әзірледі. Көп жылдар бойы ұлттық республикалардағы жалқы есімдер жүйесінде осы ереженің ұстанғандығын айту керек.

Бұл жүйеде фонеманың сөздегі орны ескерілетінін аңғаруға болады, ал бұл жағдай ГОСТ 16876-71 пен АҚШ Конгресс кітапханасы жүйесінде, ISO 9 және т.б. ескерілмеген. КСРО ҒА өзі әзірлеген бұл ереже жүйесін транслитерация жүйесіне емес, практикалық транскрипция санатына жатқызады.

<i>Орыс тілінде</i>	<i>Латын әліпбиінде</i>	<i>Ескертулер</i>
а	a	
б	b	
в	v	
г	g	
д	d	
е	e	дауыссыздардан кейін
ё	je	сөз басында, дауыстылардан кейін, «ъ», «ь»
	‘o	«ч», «ш», «щ», «ж»-дан басқа дауыссыздардан кейін
	o	«ч», «ш», «щ», «ж»-дан кейін
	jo	сөз басында, «ъ», «ь» кейін
ж	ž	
з	z	
и	i	сөз басында, дауыстылардан және дауыссыздардан кейін
	ji	«ь» кейін
й	j	
к	k	
л	l	
м	m	
н	n	
о	o	
п	p	
р	r	
с	s	
т	t	
у	u	
ф	f	
х	ch	
ц	c	
ч	č	
ш	š	
щ	šč	
ъ	түсіріледі	
ы	y	
ь	,	сөз соңында және дауыссыздардың алдында, дауыстылардың алдында
э	e	
ю	‘u	дауыссыздардан кейін
	ju	сөз басында, дауыстылардан кейін, «ъ», «ь» кейін
я	‘a	дауыссыздардан кейін
	ja	сөз басында, дауыстылардан кейін, «ъ», «ь» кейін

Қазақстан жер-су атаулары мен азаматтардың аты-жөндерін ағылшын тілінде, яғни латын әліпбиі негізінде транслитерациялау кезінде бірегей әрі бірізді стандарттардың болмауынан құжаттарда көптеген бұрмалау орын алып отыр. Осы ретте азаматтар өз аты-жөндерін латын әліпбиінде дұрыс рәсімделуі жөнінде өтінішпен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ономастика бөліміне келеді. Мәселен, *Бексұлтан* есімі мен *Бексейіт* тегі шетелде дұрыс, яғни адекват-

ты түрде оқылмайды екен: ВЕХУЛТАН, ВЕХЕИТ. Біздің пайымдауымызша, дұрыс жазылуы: ВЕКСУЛТАН, ВЕКСЕҮТ. Өйткені бұл есімдердің екі компоненттен (Бек+сұлтан, Бек+сейіт) жасалғандығын ескеру керек.

Сондай-ақ Қазақстанда латын әліпбиі негізіндегі ресми стандарттың болмауы қазақ ономастикалық атауларын латынша жазғанда, әртүрлі халықаралық стандартқа салғанда ала-құлалыққа жол береді. Мысалы, ҚАПШАҒАЙ топонимі аталмыш стандарттарға сай бірнеше түрде жазылады екен: *Kapschagaj//Kapshagaj//Kapşagaj//Kapshagai*. Ал қазақтың АБЫЛАЙХАН есімі біріне-бірі ұқсамайтын түрлі транслитерацияда беріледі: *Abylajhan//Abylajkhan//Aby`lajxan//Abylaiĭkhan//Abȳlaiĭkhan//Abylajxan//Abylajchan*. Қазақтың орысша жазылған КАДЫРЖАНОВ тегі мен ЗЕЙНЕП есімі бірнеше нұсқада жазылады екен (транслит жүйелері көрсетілген): *Қadyrzhанov (TRANSLIT)//Қady`rzhанov (IC09В)//Қadȳrzhанov (BSI)//Қadyrżанov (UN)//Қadyr-shанow (DUDEN)*; ЗЕЙНЕП – *Zejnep//Zeĭnep//Sejnep*.

ҚР азаматтарының аты-жөндерін ағылшын тілінде транслитерациялау жүйесін ҚР ПМ, ҚР Әділет министрлігінің интернет-ресурстары мен 31.01.2011ж. қабылданған №6758 «ҚР тұрғындарын құжаттау және тіркеу туралы Ережесінің әділет мекемелерінің қолданыс Нұсқаулығынан» немесе «ҚР Неке (отбасылық) туралы кодексіне» қатысты № 180-V Заңынан көре алмадық. Дегенмен, қазіргі қолданыстағы транслитерацияға сай азаматтардың аты-жөндері мынадай формада рәсімделеді: *Ebeyeва Gulnar //Ебеева Гультур, Rakhmann Rabiga// Рахманн Рабига, Sailybayeva Bayan // Сайлыбаева Баян, Marziyaev Temur// Марзияев Темур, Narimbetov Askarbek//Наримбетов Аскарбек, Ungarbayev Issatay// Унгарбаев Исатай және т.б.*

Еліміздегі қолданыстағы транслитерациялау жүйесі, біздің пайымдауымызша, Халықаралық стандарттар ұйымының – ISO (International Standards Organization) жасаған стандартына сүйенеді.

Ал Ресей Федерациясының Ресей ПМ 26.05.1997 ж. (16.03.2010 ж. жаңартылған) «Ресей Федерациясы азаматтарының РФ-дан шығу және РФ-ға кіру паспорттарын рәсімдеу және беру тәртібі туралы Нұсқаулықты» бекіту туралы 6-қосымшасында [122] шетелдік паспорттарда аты-жөндерін транслитерациялау жүйесі бекітілген. Біз үшін де осындай Нұсқаулық керек.

Ресей Федерациясы азаматының шетелдік паспорты. Ресей Көші-қон федералдық қызметінің 3 ақпан 2010 жылғы № 26 Бұйрығына (№10 Әкімшілік регламенттің 77-бабы мен қосымшасына) сай ГОСТ Р 52535.1-2006 бойынша шетелдік паспорттарды рәсімдеуде қолданылуы тиіс.

*Орыс әліпбиіне арналған шетелдік паспорттарды рәсімдеудегі
кирил транслитерациясы*

А	A	П	P
Б	B	Р	R
В	V	С	S
Г	G	Т	T
Д	D	У	U
Е	E	Ф	F
Е	E	Х	KH
Ж	ZH	Ц	TC
З	Z	Ч	CH
И	I	Ш	SH
Й	I	Щ	SHCH
К	K	Ы	Y
Л	L	Э	E
М	M	Ю	IU
Н	N	Я	IA
О	O		

Бұл транслитерация жүйесіне назар аударсақ, орыс әліпбиіндегі Ъ мен Ь жоқ және Е, Ё, Э, И, Й араларында айырма жоқ.

Еліміздегі ономастика саласындағы латынша транслитерациялық жүйе туралы ерекше ескере кететін жайт: қазіргі қолданыстағы аты-жөнді транслитерациялау стандарттары аталмыш стандарттарға сай қазақ кісі есімдерін тек орыс тілінен транслитерациялаған. Ұлттық дыбыс ерекшелігі ескерілмеген. Кері кириллицаға ретранслитерациялағанда қазақ тілінің *қ, ң, з, ө, ә* дыбыстары жоғалып кетеді де, орнына орыс тіліндегі *к, н, о, а* графемалары «бой түзеп тұра қалады». Сондықтан қазақ ономастикалық атаулары, жер-су атаулары болсын, азаматтардың аты-жөндері болсын, латын негізді қазақ жазуының тек ұлттық стандарты қабылданғанда ғана адекватты көрініс табатындығы анық, яғни төл дыбыстардың жазылуы, айтылуы сақталмақ.

БҰҰ Комиссия мүшелерінің көзқарастары бойынша, ұлттық атауларды латын графикасымен жазудың ең құнды тұсы – транскрипциялардың қайтарымды болуы, яғни қандай да бір атаудың кері транскрипциялағанда (кері латыншалау) ұлттық тілдегі түпнұсқа жазуының сақталуы.

Танымал фонетист-ғалым, профессор Ә.Жүнісбек ұсынған әліпбиі жөнінде: «Төмендегі «әліпби» үлгісінің (қазақ тілінің төл дыбыс құрамын дұрыс қамтыған, сөздің айтылым әуезін сақтаған, буын құрамын дұрыс көрсететін, тасымал ережесіне лайық, морфемалар ережесін үзбейтін) емле-ереже саны ықшам болғандықтан «Ұлттық әліпби» деп атап отырмыз» [123], – дейді.

Профессор Ә.Жүнісбектің «Қазақ латын ұлттық әліпбиі» жобасы

кирилше	латынша	аты	кирилше	латынша	аты
а	a	a	ң	ñ	ың
ә	ä	ä	о	o	о
б	b	бы	ө	ö	ө
ғ(-г)	ğ(-g)	ғы(-gi)	п	p	пы
д	d	ды	р	r	ыр
е	e	e	с	s	сы
ж	j	жы	т	t	ты
з	z	зы	у	w	уу
й	y	ый	ұ	ü	ұу
қ (-к)	q(-k)	қы(-ki)	ү	ü	үу
л	l	ыл	ш	ş	шы
м	m	мы	ы	i	ы
н	n	ны	і	i	і

Ғалым бұл жоба үшін: «Арнайы компьютер бағдарламасы керек болады. Сонымен қатар ерін үндестігін жазуда ескеру-ескермеу мәселесі де кейінге қалдырылып отыр», – дейді [123].

Ендеше А.Байтұрсынұлы ұсынған үрдіс бойынша әліпби жобасының екінші үлгісін информатика мамандары ұсынып отыр. Бұл жобаның артықшылығы ретінде оған арнайы компьютер бағдарламасының қажет болмайтындығы, яғни қазіргі латын әліпбиі негізіндегі компьютер түйметақтасындағы таңбалардың жетіп жатқаны көрсетіледі. Салыстыру үшін информатика мамандарының интернетке арнаған «Интернет әліпбиін» көрсетуге болады:

Қазақ интернет (техникалық) әліпбиі

кирилше	латынша	аты	кирилше	латынша	аты
а//ә	a/(ä)	a//ä	н	n	ны
б	b	бы	ң	n'	ың
г//ғ	g(ğ)	gi//gy	о//ө	o/(ö)	о//ө
д	d	ды	п	p	пы
е	e	e	р	r	ыр
ж	j	жы	с	s	сы
з	z	зы	т	t	ты
й	y	ый	у	w	уу
қ	q	қы	ұ//ү	u/(ü)	ұ//ү
к	k	кі	ш	ş	шы
л	l	ыл	ы//і	i/(ı)	ы//і
м	m	мы		дәйекші (°)	

Бірнеше жылға созылатын қазақ жазуының латын графикаға көшуін өтпелі кезен деп бағаласақ, осы өтпелі кезенге сай уақытша жұмысшы жоба (Временный рабочий проект правил транслитерации казахской ономастики на латинице) қабылдау тиімді болмақ.

Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, тіліміздегі ономастикалық атаулар халықаралық кең қолданысқа еніп кетті, сондай-ақ азаматтардың аты-жөндері, елді мекен, қалалардың көше атаулары мемлекеттік тілмен қатар латын графикасында жазылып келеді.

Уақыт озған сайын құжат рәсімдеуде бұрмалаулар саны да азаяр емес. Уақытша стандарт латын графикасындағы жаңа қазақ жазуының ұлттық стандарты қабылданғанға дейін қызмет етер еді.

«Үлгі ретінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі мамандары ұсынып отырған жобаларды талқыға салып, ортақ пікірдегі бір жобаға тоқталсақ, болашақта компьютердің мүмкіндігін қолдана отырып, тез арада бір-екі таңбаны перекодировка жасау арқылы түзетуге болар еді» деген ойдамыз. Алайда бұл ұсыныс емес, пікір деңгейіндегі ойымыз, өйткені ономастика саласындағы өзекті шаралар күтірмейді.

Латын графикалы әліпбиді филолог-мамандарға менгертудің лингводидактикалық негіздері

Қазіргі кезде заман талабына сай қазақ тілінің ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуіне байланысты жоғары және арнаулы оқу орындарында тілді студенттердің болашақ мамандығын ескере отырып оқыту мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Сол себепті филолог мамандығында оқып жүрген студенттерге қазақ жазуының құрылу принципі мен ерекшелігін игерту аса маңызды әрі жауапты міндет екені белгілі. Бұл міндетті орындау, жаңа әліпбиге көшкен жағдайда, оны халыққа оқытатын филологтер армиясының сауаттылығын қамтамасыз етеді, сонымен бірге жаңа әліпбиді игерту процесіне жеңілдік жасайды, өйткені тек сауатты маман ғана туындаған сұрақтарға ғылыми негізді жауап бере алады. Бұл үшін зерттеуіміздегі мынадай ғылыми мәселелерді филолог-маман дайындау ісіне, оқыту бағдарламасына бүгіннен бастап енгізіп, олардың игертілуін қадағалау қажет деп санаймыз.

Жалпы, көпшіліктің бір жазудан екіншісіне көшуі рухани материалдарды игеруі тұрғысынан қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан әліпби мен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан да келу қажет. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасау және оқыту барысында дыбыстық жүйедегі төл дыбыстар мен кірме дыбыстарды арнайы қарастырып, әрқайсысының ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын заңдылықтары міндетті түрде ескерілуі тиіс. Мұнда негізінен фонологиялық зерттеу жұмыстарына жүгіну арқылы «таңба-әріп-фонема-жазу» және графизация мәселелеріне жете мән беру керек.

2007 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жүргізген ғылыми-зерттеу жобасы бойынша қазақ жазуын латын графикасына негізделген әліпбиге көшіру мемлекеттік бағдарламасының болжалды нұсқалары жарияланған болатын [2]. Жоспар бойынша I кезең латын әліпбиге көшуді ұйымдастыру болса, II кезең латын графикасын баспаға енгізу және оқулықтарды дайындау шаралары, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиешілер мен орта мектеп мұғалімдеріне жаңа әліпбиді үйрету, яғни мектеп мұғалімдерін, мектепке дейінгі тәрбие беру жүйесіндегі тәрбиешілер мен әдіскерлерін, кәсіптік техникалық училище, жоғары оқу орындарының, біліктілікті арттыру институттарының оқытушыларын латын әліпбиі негізіндегі жазуға үйрету, сондай-ақ министрліктер мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін, жеке кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарды, ауыл еңбеккерлері мен әскери қызметкерлерді латын әліпбиі негізіндегі жазуды меңгерту алға тартылған еді. Аталған шаралардың дұрыс әрі сапалы орындалуы үшін ең алдымен филолог мамандығында оқып жүрген студенттерді латын әліпбиіне қатысты

білімдермен қаруландыру керек екені белгілі. Ол білімдерді төмендегідей санамалап көрсетуге болады:

1. *Грамматологиялық білім*. Грамматологиялық білім өз ішінде жазу-сызуға байланысты іргелі ұғымдарды (*әріп, графема, графика, фонема, сингармофонема, инвариант фонема, вариант, вариация, әлді позиция, әлсіз позиция, сингармодыбыс, просодика, фонология, семиограф, пунктограф, прагмограф, фонограмма, дыбыс, орфография, орфограмма*), тілдің ауызша және жазбаша сөз формаларының арасындағы ерекшеліктерді саралай білуге бағыттайды. Сондай-ақ әліпбидің шығу тарихын, адамзат жазуының қалыптасуы мен дамуына байланысты кешенді білім жүйесін қамтиды.

Әліпби құрудың өзіндік грамматологиялық принциптері болады. Олар:

- «бір әріп – бір фонема» ($mxy = \langle t \rangle + \langle \chi \rangle + \langle y \rangle - 3:3$) немесе «бір дыбыс – бір әріп» ($[t] + [\chi] + [y] = mxy 3:3$);

- «дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбаларын өзара алмастырмау»;

- «әр әріп екі не бірнеше дыбыстардың қосындысын емес, тек бір ғана дыбысты белгілеу»;

- «әріптердің фонемалардың санынан артық болмауы»;

- «фонеманың негізгі реңкін ғана хатқа түсіру» тәрізді қағидаттар бар. Аталған қағидаттарды филолог маман жіті түсініп, оларды талдай білуі тиіс.

Ғалымдар мұндай графемаларды латын жазуына негізделген әліпбиде көрсетілген формулаға сәйкестендіру керек деп отыр. Мысалы, *туралы, сияқты* тәрізді сөздер болашақ латын жазуында қос таңбамен *тұралы, сыйақты* өрнектелуі керек деп есептейді. «Бұл жүйе арқылы қазақ тілінің буын, тасымал, морфемдік желісін сақтаймыз», – дейді профессор Ә.Жүнісбек [109]. Ал профессор Н.Уәлиұлы «жазуды фонетикалық транскрипцияға айналдырмау керек. Жазуда негізгі реңк қана хатқа түседі және жазуда экономия болу шарт» деп көрсетеді [33].

Жазу типологиясы бойынша қазақ әліпбиіндегі әріптердің саны, әрине, қазақ тіліндегі фонемалардың санынан артық болмауға тиіс. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде тоғыз дауысты $\langle a \rangle, \langle \text{ә} \rangle, \langle y \rangle, \langle i \rangle, \langle e \rangle, \langle o \rangle, \langle \text{ө} \rangle, \langle \chi \rangle, \langle y \rangle$ және он жеті дауссыз: $\langle b \rangle, \langle t \rangle, \langle d \rangle, \langle j \rangle, \langle z \rangle, \langle i \rangle, \langle k \rangle, \langle l \rangle, \langle m \rangle, \langle n \rangle, \langle \text{ң} \rangle, \langle p \rangle, \langle r \rangle, \langle s \rangle, \langle t \rangle, \langle u \rangle, \langle \text{ш} \rangle$ бар. Ал қазақ әліпбиінде 42 әріп бар екенін ескерсек (а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, ь, э, ю, я) фонема саны аз, ал әріп саны көп, яғни сандық қатынасы 26:42 болып отыр. Қазақ әліпбиіндегі 42 әріптің ішінде, төл сөздерді жазуда жұмсалмайтын в, ё, ф, ц, ч, ь, ь, э тәрізді әріптерді есептемегенде, әріптердің саны отыз төрт екен (а, ә, б, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, х, һ, ш, щ, ы, і, ю, я). Осының өзінде әріп пен фонеманың сандық қатынасы 34:26 болып шығады [33]. Мұндай алшақ сәйкессіздіктің өзі, түптеп келгенде, қазақ әліпбиінде басы артық әріптер шамадан тыс екенін көрсетеді. Осындай лингвистикалық түрткіжайттарға байланысты қазақ жазуын реформалау күн тәртібіндегі мәселе ретінде қойылып отыр.

2. *Фонетика-фонологиялық білім*. Ең алдымен филолог маман қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесін әр тұрғыдан талдай білуі және жіті түсінуі қажет. Атап айтқанда:

- дыбыстың жасалымдық жүйесін (артикуляциясын), яғни дыбыс жасалу тұрғысынан талданып-сипатталатынын;

- дыбыстың айтылымын (акустикасын), яғни дыбыс айтылу тұрғысынан талданып-сипатталатынын;

- дыбыстың естілімін (перцепциясын), яғни дыбыс естілімі тұрғысынан талданып-сипатталатынын;

- дыбыстың жасалымдық, айтылымдық, естілімдік жүйелерінің өзіне тән ұғымдары мен атауларын білуі керек.

Көрсетілген теориялық білімді былайша меңгерту ұсынылады:

Мысалы, *А* дауысты дыбысы:

Жасалым белгілері: ашық, езу, тіл арты дауысты дыбыс;

Айтылым белгілері: көмей, қуысты, кең шығысты дауысты дыбыс;

Естілім белгілері: жуан, ашық езу әуезді дауысты дыбыс.

П дауыссыз дыбысы:

Жасалым белгілері: ерін, тоғысыңқы, кейінді, тербеліссіз, езулік дауыссыз дыбыс;

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, тұтас қуысты дауыссыз дыбыс;

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң, жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс [38].

Жоғарыда [а] дауысты дыбысының және [п] дауыссыз дыбысының акустикалық (айтылым), артикуляциялық (жасалым), перцепциялық (естілім) белгілері берілді. Ал сөздің мағынасын ажыратып, ең кіші бірлік болып табылатын фонема тұрғысынан талдау филолог студенттің білімін одан әрі тереңдететіні сөзсіз. Осыған сәйкес филолог маман фонема, инвариант фонема, вариант, вариация тәрізді фонологиядағы негізгі ұғымдарды ажырата білуі тиіс.

Жалпы фонема теориясы бойынша, бір фонеманың бірнеше реңкі болады. Мысалы, *бала* дегендегі <а> фонемасымен *жайлау* дегендегі <а> фонемасы екі түрлі. *Жайлау* дегендегі <а> фонемасы жіңішкерген <ä> реңкінде дыбысталады. Мұның себебі – іргелес келген [ж] және [й] дыбысының әсері. Яғни фонетикалық қоршауға неғұрлым тәуелсізі – негізгі реңк, ал фонетикалық ортаға барынша тәуелділері – қосымша реңк деп есептелінеді. Жоғарыда көрсетілген *бала* сөзі негізгі реңкте тұрса, *жайлау* сөзі қосымша реңкте. Жазуда қосымша реңк таңбаланбайды тек негізгі реңк қана жазуда ескеріледі. Сөзімізді түйіндей айтқанда, фонема әлді позицияда өзінің негізгі қасиетін сақтайды (мысалы, *бала* дегендегі [а] дыбысы әлді позицияда тұр), ал әлсіз позицияда әртүрлі өзгеріске түседі (мысалы, *жайлау* дегенде *жәйләу* болып өзгереді). Әлсіз позицияда фонеманың вариациясы және варианты белгілі болады. Вариация дегеніміз парадигмадағы фонеманың синтагмалық қатынасқа түскенде, сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте объективтенуі. Мысалы, [атцыз], [қатчы], [авай вол] т.б. дегендегі [ц], [ч], [в] қазақ тілінің фонологиялық парадигмасында жоқ дыбыстар, сондықтан олар вариация деп танылады. Ал вариант дегеніміз әлсіз позициядағы инвариант фонеманың әлді позициядағы вариантқа ұқсас келуі. Яғни, *өрік* – *өрүк*, *күшті* – *күштү* бірінші буындағы дыбыстың әсерінен екінші буындағы дыбыстың өзгеріске түсуі деуге болады. Сонымен парадигмадағы фонемалардың қайсыбірі синтагмалық қатынасқа түскенде, олар сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте материалдануы вариация болады, ал қазақ тіліндегі парадигмалық жүйесінде бар ұқсас дыбыстық реңкте материалдануы вариант деп танылады.

Жоғарыдағы теориялық білімге қоса филолог студент қазақ тілінің фонологиялық және фонетикалық ерекшелігін түсінуі керек. Нақты айтқанда, филолог маман қазақ тілі өзіндік дыбыстық жүйесі жағынан (әсіресе, дауыстылар тұрғысында) тіпті, жақын туыс түркі тілдерінен едәуір өзгеше болып келетінін түсінуі маңызды. Яғни түркі тілдер тобындағы қазақ тіліне тән болып келетін фонетикалық жүйенің өзіндік ерекшелігі типологиялық аспектіде, яғни туыс емес тілдермен салғастыруда анағұрлым айқын көріне түсетінін айтқымыз келеді. Ол үшін қазақ және орыс тілдерінің фонетика-фонологиялық жүйесін салыстыруға болады. Бұдан біз олардың арасындағы елеулі өзгешеліктерді аңғарамыз. Ең алдымен, дыбыстардың саны мен құрамына қатысты өзгешелік: қазақ тілінде барлығы – 29 фонема, 9 дауысты және 17 дауыссыз; ал орыс тілінде – 43 фонема, 6 дауысты және 37 дауыссыз. Мұндағы елеулі өзгешелік дыбыстардың жалпы санында емес, екі тілдегі дауысты және дауыссыз фонемалар жүйесінің мүлде бөлектігінде болып отыр. Ол, нақты айтқанда, осы тілдердің фонетикалық жүйесінің өзіндік табиғатымен, дауысты және дауыссыз фонемалардың сандық-сапалық ерекшеліктерімен байланысты.

Фонетикада «дыбыстың сапасы» ұғымы дыбыстың артикуляциялық-акустикалық сипатымен тығыз байланысты. Ол дауысты және дауыссыз фонемалардың айырым белгілерімен ерекшеленеді. Дауыстылар тіл қатынасына қарай жуан және жіңішке, жақтың қатысына қарай қысаң, ашық, еріннің қатысына қарай еріндік және езулік, ал дауыссыздар үшін жасалу орны мен тәсілі, үннің, салдырдың қатысуы және т.б. белгілер релевантты болып табылады.

Орыс тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы типологиялық айырымдық белгілерімен қатар (жасалатын жері мен тәсілі, акустикалық сипаты), оған тән және бір қосымша белгі бар – ол палатализацияның болуы немесе болмауы. Басқаша айтқанда, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздар бар және олар фонемалық деңгейде бір-біріне қарама-қарсы қойылған (*дал – дал, мол – мол, сидит – сидет, ходок – ходьба* және т.б.). Ал қазақ тілінде, бұған ұқсас палаталданған дауыссыз дыбыстар жоқ. Қазақ орыс тілінің орфоэпиялық нормаларын меңгерудің қиындығы да осында, яғни *л, ж, ш, д, т* және т.б. палаталды дыбыстарды айтудағы қиындық болып отыр. Бірақ қазақ тілі дауыссыздарындағы «жіңішкелік» пен орыс тілі дауыссыздарындағы жіңішкелік бірдей емес. Орыс тілінде олар әлдеқайда жіңішке болып келеді. Мұндай жағдайларда, әдетте орыс тіліндегі жіңішке дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі біршама «жіңішке» дыбыстармен «айтылады», сол сияқты керісінше де болуы мүмкін. Белгілі бір позицияларда орыс тілінің палаталданған дауыссыздарын қазақ тілінде палаталдану деңгейі жоғары болмайды.

Сонымен қатар типологияда анықталғандай, дауыстыларының мөлшері басым келетін тілдерде, олар, әдетте тілдерде белсенді рөл атқаратын болса, ал дауыссыздар – пассив болып келеді, ал дауыстыларының мөлшері аз кездесетін тілдерде (орыс тіліндегідей) дауыссыздар белсенді рөл атқарады. Бірінші типтегі тілдердің жарқын мысалы қазақ тілі болып табылады. Мұнда, шын мәнінде дауыстылар белсенді болып келеді. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың жуан немесе жіңішке болып айтылуы дауысты дыбыстарға байланысты, жуан және жіңішкелігіне қарай фонологиялық қарама-қарсылық толығымен жоқ: *бар – бәр, мал – мәл, тор – төр, тал – тел* және т.б.

Басқаша айтқанда, қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана емес, сондай-ақ дауыссыздардың да үндестігі (үндестік заңы) бар. Ал бар-жоғы алты дауыстысы бар орыс тілінде дауыссыздар белсенді рөл атқарады. Олар дауысты фонемалардың жуандығын немесе жіңішкелігін айқындайды. Бұл құбылысты төмендегідей мысалдармен көрсетуге болады: *мал – мял (м ал), танк – тянет (т анет), сад – сядь (с ад), воз – вяз (в оз)* және т.б.

Сонымен, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздардың фонологиялық карама-қарсылығы (оппозиция) бар. Орыс тілінің фонетикалық жүйесіндегі түркі тілдерінен, оның ішінде қазақ тілінен ерекшелейтін басты өзгешелік те осы болып табылады. Түркі тілдеріндегі кирил әліпбиінің көп жағдайда сәйкес болмауы орыс фонетикасының дәл осы ерекшелігімен байланысты.

Мәселе мынада, орыс тілінде жіңішке дауыссыздарды таңбалайтын арнайы әріптер жоқ. Жазуда оларды таңбалау үшін мыналар қолданылады:

а) жіңішкелік белгі (*быть, моль, резьба*);

ә) *я, ю, ё* тәрізді арнайы графемалар дауыссыздың жіңішкелігін білдіреді (*тянет, тюк, учет*);

б) дауыссыздардың тілалды дауыстылармен тіркесуі арқылы (*идти, дети, лихо*) және т.б.

Бұл қосымша таңбалар мен графемалардың барлығы қазақ жазуындағы кирил әліпбиінде сақталған. Әрине, бұлар қазақ тілінің фонемалық та, грамматикалық та құрылымына сәйкес келмейді. Осымен байланысты мына жағдайды ескерте кеткен артық болмас. Түркітанушы ғалымдар түркі тілдерінде кирил әліпбиін қолдана бастағаннан бергі уақыттарда бұл әліпбидің түркі тілдері үшін тиімсіз екендігін, оны ең болмағанда өзгерту, жетілдіру қажеттігі жөнінде айтумен келеді. Осы ретте белгілі түркітанушы ғалым Н.А.Баскаковтың пікірін келтіре кетейік: «Әрбір сөздегі морфемалардың, белгілі бір буындарының жекелеген дара мағыналары болатын түркі тілдерінің құрылымдық сипаты әдістемелік тұрғыдан әр әліпбиге осындай морфемалар мен буындардың жік-жікке бөлінуін сақтауға ықпал етуін талап етеді, сондықтан түркі тілдері үшін, мәселен, әліпбилерде дауыстылар мен дауыссыздардың бірігуін білдіретін дыбыстарды сақтап қалу принципі тиімсіз, мысалы, орыс әліпбиіндегі *я, ё, ю* әріптері» [110, 29-б.]. Екінші бір түркітанушы-ғалым И.В.Кормушин де *я, ё, ю, е* графемаларының қолданылуын жіңішке дауыссыздары бар тілдердің өзіндік ерекшелігімен байланыстыра отырып, былай деп атап көрсетеді: «... КСРО халықтарының ішінде ненец және кавказ тілдерінің кейбіреуінде ғана жуан және жіңішке дауыссыздар бар... ал қалған тілдерде орыс әліпбиіндегі *я, ю, ё, е* дыбыстарынан бас тартуға болатын тәрізді» [111, 20-б.].

Жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдарын ескере отырып, орыс графикасына негізделген қазақ нұсқасындағы *я, ю, ё, щ, ч* графемалары қандай қызмет атқаратынын басын ашып алу керек сияқты.

Жалпы *я, ю, ё* әріптері дыбыстардың қосындысын білдіреді. Мұндай дыбыстардың қосындысы қазақ тілінде екі вариантта (жуан және жіңішке), яғни *йа – йә, йу – йү* түрінде кездеседі. Сондықтан мұндай әріптерді әліпби құрамынан мүлде алып тастауға болады. Өйткені қазақ орфографиясында *йа – йә* тәрізді әріптік тіркестермен беруге болатын прецедент бар. Сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін

келетін *я* әрпін қосынды *й+а* немесе *й+ә* арқылы таңбалауға әбден болады. Мысалы: *қойан, тайақ, айа, майа, сайа, қийа, сийа, тұйақ, сайақ*. Ал орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін келген *я* әрпінің орына *ә* әрпі, дауысты дыбыстан кейін және сөз басында келген сөздерде *й+а* қосар әріппен жазуға болады. Мысалы: *отрэд, снарэд, аккумулятр; йадро, йахта, йарус*. Осы тәрізді *ю* әрпін әліпбиден алып, орнына *й+у* қосар таңбасы арқылы таңбалауға болады. Мысалы: *айу, ойу, кейу, көркейу, айуан, айуанат, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа, қиуаз*. Орыс тілінен енген сөздерде *й+у* дауыссыз дыбыстан кейін келгенде дара *ү* әрпін жазуға болады. Мысалы: *бүджет, полус, лүкс*. Бұлай таңбалау 1920–1940 жылдары қолданылған жазу жүйемізде болған.

Орыс тілінде дауыссыздың жіңішкелігін білдіретін *Её* әрпі қазақ жазуы үшін тіптен артық болып табылады, өйткені 1930–1940 жылдары бұл таңбаларды екі әріп тіркесімен беруге болатын жазу жүйесі қалыптасқан. Сондықтан орыс тіліндегі *ё* дыбысын қазақ тілінде *й+о*, *й+ө* қосындысы арқылы және кей жағдайда *ө* арқылы да беруге болады. Мысалы, *щётка – шөткі, ёлка (шырша) – йолкі* сөздерінде ғана кездеседі. Сондықтан латынша емледе бұл типтес сөздер қазақ тілінің ерекшелігіне байланысты дұрыс жазылуын қуаттаймыз.

Щ, ц, ч, ш, э тәрізді әріптер латын графикасына негізделген әліпбиге кіргізілмеуі тиіс. 1929 – 1938 жылдардағы жазу практикасында бұл дыбыстардың жазылу механизмдері толықтай болмаса да, жартылай жасалып үлгерген. Сондықтан бұл дыбыстарды бір әріппен немесе екі әріп тіркесімен жазуға толық мүмкіндік бар.

Щ дыбысын *ш* әрпімен беруге болады. Мысалы: *щетка – шөтке* т.б.

Ц дыбысын бұрынғы латын жазуындағы тәжірибемізге сүйене отырып, *ц* дыбысының сөз ішінде келу позициясына байланысты таңбалауға болады. Мысалы, сөз басында *с* әрпімен, яғни *цемент, цивилизация, цирк* тәрізді сөздерді *семент, цивилизация, сирк* түрінде жазу қазақ тілінің заңдылықтарына тура келеді. Сөз ортасында не аяғында [*р*] дыбысына іргелес келген жағдайда [*т+с*] дыбыстарының қосындысын білдіретін әріппен таңбалауға болады: *кварц – kvars*.

Орфографиялық білім. Оқыту барысында қазақ орфографиясының негізгі және қосымша принциптері игерілуі керек. Яғни филолог маман сөз екі не одан көп вариантта жазылатын жерде, яғни орфограмма жағдайында дұрыс жазудың біреуін белгілі бір принципке бағындырып таңдау керек екенін, ал ол принцип белгілі бір тілдегі дыбыстардың қандай әріптермен таңбаланатындығына қарай айқындалатынын, сонымен бірге жазылуы қиын сөздердің орфограммасын дұрыс оқыту жүйесін игерту маңызды. Сондай-ақ филолог маманға латын жазуына арналған емле ережелері қазіргіден өзгеше болатынын да ескерту керек.

Қазір филолог мамандарға латын графикасына негізделген қазақ жазуының баптарын тізіп, толық кодексын ұсыну қиын, өйткені алдымен графиканың қазақ тіліне сай нақты әліпбиі түзілген жоқ. Әр алуан теориялық негіздерге сүйеніп жасалған (ұсынылған) нұсқалар баршылық. Солардың ең дұрысы таңдалып, түпкілікті қабылданғаннан кейін ғана оның емле ережелері түзіледі. Сондықтан әзірге латын жазуының орфографиялық тәртібін түзуде ең басты назар аударылуға тиіс тұстарды филолог мамандығында оқитын студенттерге ұсыну керек деп ойлаймыз:

1. Латын графикасында қазақ тілінің өзіне тән ерекше (ұлттық) дыбыстық таңбалары (*ә, ө, і, ұ, ү, қ, ғ, ң*) түгел болуға тиіс. Бұл жағдайда осы әріптердің жазылуына байланысты емле баптары негізінен сақталады, тек иллюстративтік материалдары (мысалдары) сәл өзгертіліп, қысқартылып, толықтырылып берілуі мүмкін.

2. Кириллица мен емле жазуында бірдей келетін тақырыптарға қатысты емле баптары да негізінен сақталады, яғни қос сөздердің, бөлек жазылатын сөздердің, бірге жазылатын сөздердің, шылау сөздердің, бас әріптің жазылуына қатысты ереже баптары көп өзгермейді. Тек бөгде тілден енген сөздерге қосымшалардың жалғануына байланысты бірді-екілі өзгеше баптар мен ескертулер болуы мүмкін.

3. Кірме сөздер мен бөгде тілден енген сөздердің, әсіресе интернационалдық қордан келген ғылыми-танымдық терминдердің жазылуы, кириллица жазуындағы емлесінен өзгеше болады, олардың «орысша» орфограммасы мүлтіксіз сақталмайды. Мысалы:

а) сөз басында не соңында келетін екі дауыссыз дыбыстың не алды-артынан *ы, і* әріптері жазылмайды. Мысалы, *prezident* (*pirezidenit*, не *pirezident* емес), *student* (*istudent*, *ystudent* *istudenit* емес), *sport* (*ьsport* емес), *kristal* (*kiristale* емес), *matros* (*matъros* емес), *març* (бұл сөздегі *ш* дыбысының латынша таңбасы әзірге дәл жазылып тұрған жоқ) (*marъç* емес), *traktъr* (*тъraktы* емес).

ә) бөгде сөздердің соңғы буынындағы екі дауыссыздың арасында келген *о* дыбысы екпін түспейтін сөздерде *ы* болып жазылады. Мысалы: *redaktъr* (*redaktor* емес), *avtъr* (*avtor* емес). Қазақ сөздеріндегі *о* дыбысы соңғы буындарда келмейді, біріккен сөз, қос сөздерде келсе, ол өзгертілмей *о* түрінде жазылады: *қолма-қол* (*қолмақыл* емес), *аяқдоп* (*аяқдын* емес). *-қой*, *-қор* жұрнағымен келген сөздерде де соңғы буындағы *о* дыбысы өз қалпында айтылады: *әзілқой* (*әзілқый* емес), *шайқор* (*шайқыр* емес). Осы заңдылықты білетін, бірақ орыс тіліндегі айтылуын білмейтін қазақтар *avtor*, *redaktor* деп, соңғы *tor* буынын ашық толық айтуы мүмкін. Сондықтан бұл ереже сөздерді дұрыс жазумен қатар, дұрыс айтуға да септігін тигізуі үшін алынуы тиіс.

б) кірме сөздер мен бөгде тілден енген сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануына байланысты да азды-көпті өзгешелік болады. Мысалы, бөгде тілден енген сөздің соңындағы *к, ғ* дыбыстары мен *бль, брь, кль* сияқты жіңішкелік белгісімен келетін сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке дауысты дыбыспен жалғанады деген ереже нақтылана түсуі мүмкін;

4. Жаңа латын әліпбиіне қатысты жазу емлесінде де сөздің екінші, үшінші буындарында ерін үндестігі сақталмайды, бұрынғыша езулік дауыстылары жазылады: *qulъn* (*qulun* емес), *qudъq* (*quduq* емес) *күтис* (*кутус* емес). Бірақ бұл жерде дәстүрлі принцип бойынша жазылуына қатысты ескертулер орын алады.

5. Бөгде тілдік (араб, парсы, орыс) сөздерде қазақ тілінің үндестік заңы сақталмайды, яғни жуан-жіңішке болып келетін аралас буынды сөздердің орфограммасы орын алады. Сингармонизм заңдылықтары кейбір біріккен сөз, қос сөз сияқты қазақ сөздерінде де сақталмайды. Мысалы, бүгін де кириллицамен *көгал*, *келсап*, *бесатар*, *баспасөз*, *Гүлшат*, *Ерболат* түрінде аралас буынмен жазылып жүрген сөздер латын әріптерімен осылайша үндестік заңына сәйкес келмей, аралас буынды болып жазылатын болады.

Бұлар жаңа латын жазулы емленің ең негізгі көңіл аударатын тұстары. Орфографиялық қағидалардың толық кодексін түзген кезде, сөз жоқ, жеке өзгешеліктер, толықтырулар, ескертпелер болуы әбден мүмкін. Айта кетерлігі, нақты ережелерді рет-ретімен беріп, оған келтірілетін иллюстративтік материалды жазып көрсету мүмкін болмай отыр. Өйткені нақты әліпби әлі түзілген жоқ. Мысалы, қазіргі төл әріптерімізді (*ұ, ү, ә, ө, о, ң, ғ, ж, қ*) латын әліпбиінде қалай беру керек екені белгісіз (бірнеше нұсқаның қайсысынан қандай таңба алынатынын әзірге білмейміз). Сондықтан мысалдарды шамамен 1929–1940 жылдары қазақ жазбасында қолданылған латын таңбаларымен көрсетіп жаздық.

Академик Р.Сыздық: «Орфография қосамжар болмауы үшін қазіргі қазақ әліпбиіндегі *щ, ц, ё, я, ю* әріптерінің және *ь, ъ* белгілерінің таңбасын әліпби құрамынан мүлде алып тастап, қазақтың сөйлеу тіліне жақындататын ереже баптарын қарастыру керек» дейді [112]. Шындығында, ғалымның арнайы көрсетіп отырған *щ, ц, ё, я, ю* тәрізді әріптері қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейтінін филолог маман білуі керек. Себебі, филолог маман мұндай графемалар жазуды күрделендіретінін, көптеген шатасушылық туындайтынын, тілдің өзіндік табиғатына елеулі нұқсан келтіретінін сезіну арқылы оқушыларға оның лингвистикалық және психологиялық жағынан білім беруі керек. Лингвистикалық жағы – бұл әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі, негізгі дыбыстармен тең түсуі т.б. Ал психологиялық жағын алар болсақ, жазу – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының құралы. Сондықтан ұлттық санада немесе тілдік санада белгілі бір дыбыстың суреті жоқ дыбысты тіл арқылы жарыққа шығару немесе оны жазу өте күрделі екенін филолог маман білуі аса маңызды. Осы мәселеге байланысты Н.Уәлиұлы: «Әліпбидегі әріптердің саны шамадан тыс көп болуы мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызға да оңай тимейді. Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектепке келген балдырғандарымыз дыбысқа (уәжге) сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал *ь, ъ, ц, щ, ...* тәрізді таңбаларды дыбыстық уәжі болмағандықтан, жаттап алуына тура келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді жаттап, миға салмақ түсіреді. Бұл – мәселенің лингвистикалық-психологиялық жағы. 42 әріппен байланысты бұл қайшылықты, әсіресе ұстаздар қауымы жақсы біледі. Бұл жайт, жоғарыда айтқанымыздай, кирилше әліпбидің түкке алғысыздығынан емес, я болмаса кирилшені әуелде тіліміздің жүйесіне сай етіп ұқсата алмаған тіл мамандарының да кемшілігі емес. Қазақ лингвистерінің кәсіби біліктілік деңгейі қай кезде де төмен болған жоқ. Әліпбидегі түйткілдің түп-тамыры тоталитарлық жүйенің Кеңестер Одағындағы тілдерді, ұлттарды бірте-бірте ассимиляциялау саясатымен байланысты болды. Кеңестік кеңістікте халықтарды бір тілге көшіріп, Бабыл мұнарасын орнатып, көктегі коммунизмге қол жеткізбек болған идеологиялық қысымның салдарынан кирилше әліпбиіміз бұрмалауға түсті. Қазақ әліпбиіне енгізілген *в, ъ, ь, ц, щ ...* тәрізді әріптер алдымен халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Қазақ орфографиясы да сиям егіздері сияқты қосамжар орфография болып шықты. Қазақ мәтіндерінде қазақша жазылатын сөздер мен бөтен тілдің бөркін киген сөздер аралас-құралас

жүрді. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін *ч, щ, ю, я, ъ, ь, ц* ... тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі» – деп көрсетеді [2, 194-б.].

Сонымен, қазіргі қазақ әліпбиі ұлттық әліпби емес, қосамжар әліпби болып отыр. Осымен байланысты ғалымдар әліпбиді реформалау ең бірінші лингвистикалық түрткіжайтқа барып тірелетінін дәлелдейді. Екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін, оның өзіндік табиғатын бейнелеп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізетін жазу-сызу жасау керек деген пікірде.

Жалпы ғылыми-техникалық терминология көбінесе классикалық грек және латын тілдерінен алынады. Грек-латын тілдеріндегі сөздерді әр халық өз тілінің заңдылығына ыңғайластырып, икемдеп өзгертеді. Қазақ тіліне орыс тілінен енген көптеген ғылыми-техникалық терминологиялық сөздер бірнеше өзгеріске ұшыраған. Мысалы, *barbarismus* > *варваризм*, *rhelor* > *румор*, *historia* > *история*, *coenobium* > *киновия*, *orthographia* > *орфография* (бұрынырақ *орфография*).

Жалпы орыс тілі грек-латын интернационалдық сөздерді мынадай транскрипция бойынша алады: *æra* – *эра*; *æconomiа* – *экономиа*; *auctor* – *автор*; *copiа* – *копиа*; *centrum* – *центр*; *chorda* – *хорда*; *europa* – *европа*; *linguistica* – *лингвистика*; *hospitale* – *госпиталь*; *januarlus* – *январь*; *projektum* – *проект*; *phosphor* – *фосфор*; *quadratus* – *квадрат*; *rhapsodia* – *пансодия*; *rosa* – *роза*; *justitia* – *юстиция*; *theatrum* – *театр*; *examen* – *экзамен*; *expertus* – *эксперт*; *tyrus* – *тун*; *zona* – *зона*.

Мысалдардан байқайтынымыз, орыс тілі жат сөздерді қабылдағанда міндетті түрде өзінің тіл заңдылығына сәйкес етіп өзгертеді екен. Ендеше, интернационалды сөздерді орыс тілі арқылы емес, тікелей латын немесе грек тілінен өзгертіп, икемдесе қазақ тілінің фонетикалық жүйесі, құрылымы түзелер еді деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде мерзімді баспасөз беттерінен орыс тілінен енген сөздерді «қазақыландырып» жазу механизмдері ара-тұра көрініп те қалады. Мысалы, орыс тіліндегі *автомобиль* сөзі *аптамобіл*, *факт* сөзі *пәкті* түрінде, *авиация* сөзі – *ауасия* түрінде игеріліп таңбаланған [113]. Осы мәселелерді сараптай келгенде, неге сол латын (француз, грек т.б.) сөздерін қазақтың дыбыс заңдылығына бағындыра отырып, қабылдамасқа деген ой туады. Жалпы кірме сөздерді «қазақыландырып» жазу үшін арнайы ереже баптарын қарастыру және жасау болашақтың ісі екені белгілі, сондықтан мынадай екі принцип болашақ латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуында ескерілуі тиіс екенін айтқымыз келеді: Мұның бірі – «жуан – жіңішкелік» және екіншісі – «түпнұсқалыққа жақындық» қағидаттары болып табылады.

Әліпби сауат ашумен, оқыту ісімен және емле ережелерімен, жалпы айтқанда, сауатты оқып-жазумен тікелей байланысты. *Графикалық қағида* бойынша, әртүрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбаланбай, өзіне арналған жеке таңбасы (әріп) болуы керек деген басты қағидаға негізделмесе, сауат ашу, емлені үйренуде қиындық туындайды. А.Байтұрсыновтың әліпбиінде тек қазақ тіліне тән дыбыстар қамтылған. Кейіннен латын әліпбиін жасаушылар (1929 ж.) осы әліпбиді негізге алғанмен, кеңестік саясат әсерінен бірте-бірте орыстың барлық дыбыс таңбаларын әліпбиге енгізді.

А.Досанованың зерттеуінде латын графикасына негізделген өзбек әліпбиінің артықшылықтары мен кемшіліктері жіті талданып берілген. Осы жобада сол тал-

дауды тұтастай көрсетіп, болашақта қазақ-латын сауат ашу әліппесін құрастырудағы игі ықпалын атап өтуді жөн көрдік: «Өзбектер *ң* дыбысын – *ng* қосарлы таңбасымен таңбалаған. Бұл дыбыстардың тіркесі роман-герман тілдерінде кездеседі. Француз тілінде бұл екі дыбыс қатар келгенде бірде *нж*, бірде *нг* болып оқылады, бірде *g* түсіп қалады (*echangeг* – [эшанже] – ауыстыру, *sanglue* – [санглие] – қабан, *kangouгou* – [кангуру] – кенгуру, *orang-outan* – [оранутан] – орангутан). Ағылшын, француз, неміс тілдеріне қосарлы дауыссыздар оқуға да, жазуға да қиындық келтірмейді. Мысалы, *балаларымыздың* деген сөз орыс тілінде *наших детей* деп екі сөздің тіркесі түрінде жазылып, өз алдына бөлек жазылады. Ал қазақ тілінде тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары түбірден кейін ретімен тіркесіп жалғана береді. Сол себепті қосарлы таңба алу сауат ашуда тиімсіз. Өзбектің «Alifbe» оқулығын (2006 ж.) қазақ «Әліппесімен» (2001 ж.) салыстыру барысында мынадай тиімді әдістер мен ерекшеліктері анықталды:

1. «Әліппе» *Аа* әрпінен, «Alifbe» *Оо* әрпінен бастап оқытылады, өйткені өзбек тілінің ұлттық ерекшелігіне байланысты *а* дыбысының орнына көбінесе *о* дыбысы айтылады (*ана* – *она*, *баба* – *бобо*, *ат* – *от*, *ас* – *ос*, *алма* – *олма* т.б.).

2. Өзбек әліппесінде жаңа дыбысты танытуға берілген сөздер (оқулықтар бойынша) саны екі еседей аз болып отырады.

3. Өзбек әліппесінде бір дыбысты өтуге берілген екі сағаттың алғашқы сабағында сөздер берілсе, келесі күні одан гөрі күрделірек мазмұнды сурет, сөйлемдер, жеке суреттер, тапсырмалар және жазу үлгісі белгілі бір жүйемен бірінші күндегідей ретпен беріліп отырады.

4. Өзбек әліппесінде алғашқы күні дыбыстың кіші әрпі, келесі күні бас әрпі үйретілсе, қазақ әліппесінде кіші және бас әріп бір сабақта жазылып үйретіледі.

5. Өзбек әліппесінде жаңадан дыбысты өтерде бірден сөздер берілмей, бірінші бағанға (егер ол дыбыс дауысты дыбыс болса) өтілген дауыссыз дыбыстармен мүмкіндігінше тіркестің барлық буындары беріледі.

6. Өзбек әліппесінде 15 дыбыс өтілгеннен кейін-ақ тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдер беріле бастаса, қазақ әліппесінде дыбыстарды өткен кезде (әліппе кезеңінде) мақал-мәтелдер берілмейді» [114].

Бұнымен қоса зерттеуші А.Досанова латын әліпбиіне негізделген өзбек әліппесінің стандарттық бағдарламасындағы оқушыға берілетін тақырыптар бойынша оқушы үлгірімі қандай деңгейде екенін кириллица негізіндегі әліппемен салыстыра отырып эксперимент жүргізген. Зерттеу нәтижесі бойынша, жаңа әліпбиімен сауат ашуда мына жайттарды ескеру қажеттілігі баса назар аудартады: «Латын әліпбиі негізінде сауат ашу әдістемесі бойынша қарастырылатын бірқатар мәселелердің ең негізгілері:

- оқушылардың дыбыстарды (фонемаларды) есту қабілетін дамыту;
- оқушыларды латын әліпбиінде буындап, біртіндеп тұтас оқуға үйрету;
- әртүрлі буындардан сөздер құрастыра білуге үйрету;
- әріптерді дұрыс қосып жазуға, сөйлемдерді қатесіз көшіруге үйрету;
- сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту, ойын жүйелеп айта білуге үйрету [115].

Бұнымен қоса А.Досанованың зерттеуінде латын әліпбиіне негізделген сауат ашу бағдарламасы 3 кезең бойынша жүргізілуі керек. Бірінші кезеңде әліппеге дейінгі кезең, екінші кезең әліппе кезеңі, үшінші кезең әліппеден кейінгі кезең.

А.Досанованың эксперименті бойынша өзбек-латын сауат ашу бағдарламасында бірінші кезеңде оқулыққа дауыстылардан *a, o*, дауыссыздардан *n, t, u, l, d, r, ш, q, b, s* дыбыстары алынды.

Екінші кезеңнің мақсаты – жуан дауыстылардан *v, u*, дауыссыздардан *c, m, p, z, y, j, џ* дыбыстарын меңгерту.

Үшінші кезеңде *e, i, ú, á, o'* жіңішке дауыстылары, *p, k, q, g, h, z* дауыссыз дыбыстары, төртінші кезеңде *x* және *f* үйретіледі [115].

Қорыта келгенде, қазақ қоғамында латын әліпбиінде сауат ашу ісін жүзеге асыру аса қиындық келтірмейді. Себебі Қазақстан тарихында латын әліпбиінде сауат ашу әдістемесі бұрын болған және әліппелердің де негізі бар. Тек әртүрлі білім деңгейіндегі, әртүрлі жас ерекшелігіндегі жалпыхалықтың әрбір әлеуметтік тобына лайықталған әдістемелер тәжірибеге негізделген, икемді әрі қолайлы болуы ескерілуі керек.

Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру тұжырымдамасының жобасы

Kipicne. Әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретінде жоғары экономикалық, ғылыми, мәдени және адами әлеуеті мол Қазақстанның ары қарайғы дамуы ендігі жерде еліміздің жаһандану үрдісіне тереңдей және кең ауқыммен ене түсуіне байланысты. Бұл мәселеде қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру маңызды рөл атқарады.

Қазақ жазуын латын әрпіне көшірудің концепциясы (әрі қарай – Концепция) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 ақпанда жарияланған «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан», 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа Жолдауына, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан халқының рухани дамуын және үш тұғырлы тілдік саясаты туралы айтқан ой-пікірлеріне сәйкес жасалды.

Концепцияда қазақ жазуын латын әрпіне көшіру қажеттігі негізделіп, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан республикаларының латын әліпбиіне көшкен тәжірибесін ескере отырып, латын негізіндегі әліпбиге көшудің негізгі кезеңдері мен механизмдері айқындалады. Концепция мақсатты бағдарлама жасауға, сондай-ақ қазақ жазуын латын әрпіне көшіру үшін онды жағдай туғызатын құқықтық-нормалық актілер жасауға негіз болады.

Концепцияның мақсат-міндеттері. Аталмыш Концепцияның мақсаты қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіруге байланысты мемлекеттің тіл саясаты мен азаматтық қоғам қызметінің тұжырымды (концептуалды) негізін жасау болып табылады.

Жоғарыда қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін барлық күш-қуатты келесі міндеттерді шешуге бағыттау қажет:

- қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшіру бағытында қолайлы жағдайларды қалыптастыру үшін мәдени, ұлттық, білім беру және мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру;

- қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшірудің технологиялық жағдайларын қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану және осы латын графикасы негізінде Қазақстанның әлемдік тіл кеңістігіне енуі;

- әлем елдеріндегі латын графикасына көшу үрдісіндегі іс-тәжірибелерін есепке ала отырып, латын графикасына көшудің қазақ моделін қалыптастыру;

- қазақ жазуын латын графикасына көшіруді ұйымдастырудың әдістемелік және экономикалық тетіктерін жасау.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің болашақтағы көрінісі. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру қазақстандық қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени өмірдегі күрделі әрі бірқалыпты емес, оның әртүрлі жіктерінде қарама-қайшы реакциялар тудыратын үрдіс болатынын жоққа шығаруға болмайды. Осыған қарамастан, бұл үрдістің Қазақстанның орта және ұзақ мерзімдік болашақ дамуында позитивті мәні болатындығы еш күмән тудырмайды.

Қазақ жазуының жаңа әліпбиге көшуін Қазақстанның қазіргі жаһандану үрдісіне тереңдеп, әрі ауқымды түрде ену тұрғысынан қарастыру қажет. Ақпараттық және коммуникациялық байланыс технологиялары, оның ішінде, жаппай компьютерлендіру, интернет, мобильді телефон жүйесі, спутниктік телевидение т.б. жаһандану үрдісінің технологиялық негізі болып саналады.

Аталған технологиялардың ұдайы әрі кеңінен тарауы латын графикасының бүкіл-әлемдік ақпараттық кеңістікте басым орынға ие болуына алып келері анық. Латын графикасы қазіргі әлемде ең кеңінен қолданылатын жүйе болып табылады. Қазақ жазуының латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшуі, бір жағынан, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке тиімді түрде енуінің алғышарттарын қалыптастырса, екіншіден, Қазақстанда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуына мүмкіндік жасайды.

Қазақ жазуының латын графикасына көшуі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда принципті түрде ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда қазақ тілі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың басты факторы ретінде қарастырылады. Тілдің басқа да қырларының аса қажеттілігін мойындай отырып, жазудың ой мазмұнының графикалық таңба ретінде жеткізу жолдарының бірі екендігін естен шығармау қажет. Жазу ой мен сезімді объективтендіруде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде де өзіндік дербес мәнге ие. Көптеген халықтар үшін олардың жазуы ұлттық мәдениет пен бірегейліктің ең басты элементі болып табылады. Бірқатар әлем ұлттарының, соның ішінде Түркия елінің іс-тәжірибелері, жазудың ауысуы біртұтас ұлттық бірегейліктің алмасуында шешуші қадамдарының бірі екенін көрсетеді.

Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру және нығайтуда оның түркі бірегейлігіне сәйкестігі үлкен маңызға ие. Қазақтың ұлттық сана-сезімінің түркі дүниесі санатына жатуы мәдени, тарихи, тіл және т.б. қатынастарда қайталанбас мән-мазмұнға ие. Бұл фактіні сезіну қазақтардың 1980-1990 жылдардың басындағы ұлттық рухының ояну үрдісінде маңызды рөл атқарып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігінің құрылуына себеп болды. Қазақтардың түркілік бірегейлігі үнемі қолдау тауып отыруы қажет, өйтпеген жағдайда ұлттық санада басқа бірегейліктердің басым орын алып, қазақтардың ұлттық бірегейлігіне теріс ықпал етуі мүмкін.

Қазақ халқының түркілік бірегейлігін нығайтудың маңызды тетігінің бірі – қазақ жазуының латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшуі болып табылмақ. Қазірдің өзінде алты түркі тектес мемлекеттің төртеуі жазу-сызуын латын графикасына ауыстырды. Қазақстанның осы елдер қатарына қосылуы түркі халықтарының мәдени, тілдік және т.б. байланыстарының нығаюында позитивті рөл атқаруға тиіс.

Қазақ жазу-сызуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру Қазақстан егемендігінің жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюының куәсі болып саналады. Өткен кезеңдерде қазақ тілінің жазуына сыртқы жағдаяттар мен сыртқы мәдени өркениеттер ықпалы күштеп таңылды. Қазіргі кезде қазақ жазу-сызуын латын графикасына көшіру бірауызды болмаса да, қазақстандық қоғамның ерікті де саналы таңдауы болып табылады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түспек. Таяу арада, қысқа мерзім ішінде бұл мәселе бойынша түбегейлі өзгерістердің бола қоюы екіталай. Алайда келешекте, латын графикасының негізінде білім алған қазіргі өскелең ұрпағымыз өмірге араласқан кезде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінің шынайы кемеліне келуі мен қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің арта түсуіне қол жеткізуге болады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің негізгі қағидаттары мен құқықтық негіздері. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру төмендегідей қағидаттарға (принциптері) негізделеді:

- адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандығын сақтау;
- эволюциялық және кезеңдік ұстанымды сақтау;
- көшіру барысында әлеуметтік-саяси, мәдени-тарихи, ақпараттық технологиялық, лингвистикалық және экономикалық аспектілерді үйлестіріп отыру;
- билік пен азаматтық қоғамның өзара диалог пен ынтымақтастықта болуы;
- Қазақстандағы барлық этникалық топтардың мүдделерін ескеру.

Концепцияны әзірлеу және жүзеге асырудың құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакті, «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңы, «Қазақстан – 2030» стратегиясы, «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясы», 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауы, 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа Жолдауы, Қазақстан Республикасында мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы – Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту тұжырымдамасы болып табылады.

Концепцияны жүзеге асырудың жолдары мен тетіктері. Концепцияны жүзеге асырудың жалпы алғанда негізгі тетіктері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық келісімдер мен пактілерді ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру және үйлесімдігін сақтау;

- мемлекеттің ұлттық саясаты;
- мемлекеттің білім беру саясаты;
- мемлекеттің мәдени саясаты;
- мемлекеттің тіл саясаты;

- қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру барысында оның таяу және орта мерзімді келешекте Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін тигізетін экономикалық тетіктерін әзірлеу;

- ақпараттық технологиялардың талабына жаңа әліпби негізіндегі қазақ жазуын және өзге де лингвистикалық жағдайлардың үйлесімді болуын ескеру;

- Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Түрікменстанның латын графикасына көшіру тәжірибесіне сүйену;

- азаматтық қоғам институттарының ұлттық, мәдени, білім беру, тілдік және тағы да басқа салалардағы рөлін көтеру;

- қазақ жазуын латын графикасына көшіруде жан-жақты ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар жүргізу;

- қазақ жазуын латын графикасына көшрудің Мемлекеттік бағдарламасын жасау және олардың кезеңдерін анықтау.

Ұлттық саясат. Қазақстанда әлеуметтік-саяси жағынан біртұтас ұлт қалыптастыруға бағытталған ұлттық саясат жалпықазақстандық азаматтық қоғам негізінде жүзеге асырылады. Мұндай қауымдастық жетекші ұлттың маңайына топтасуға тиіс азаматтық ұлт немесе мемлекет құраушы этнос – қазақ деп аталады. Ондай ахуалдың тек Қазақстанда орын алып отырғандығында емес, бұл жалпы әлемдік тәжірибе болып саналады. Мемлекет азаматтық ұлт шеңберінде олардың этникалық және басқа да әркелкілігіне қатыссыз өзінің барлық азаматтарына тең құқықтар ұсынады. Сонымен бірге, бұл арада негізгі, жетекші ұлттың мәселелері мен қажеттілігін ешқашан тасада қалдырмайды.

Ұлттық құрылыстың осындай моделі аталмыш мемлекетте тұратын қалған басқа этностар мемлекет құраушы ұлттың жетекшілігін мойындаған жағдайда табысты болуы мүмкін. Бұл үшін ірі ұлттың күшті бірегейлігі болуы керек. Жетекші, мемлекет құрушы этнос ретіндегі қазақтардың өзге мәдениеттердің ықпалына ұшырамайтындай анық бірегейлігінің болмауы Қазақстанда азаматтық ұлттың қалыптасуын күрделендіріп отыр.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру ұзақ мерзімді келешекте қазақтардың ұлттық бірегейлігін нығайтуға ықпал етер іс-шаралардың бірі болуға тиіс.

Таяу арада мұндай іс-шара айтарлықтай нәтиже бермеуі мүмкін, керісінше, тіпті орыс тілді және қазақ элитасының арасындағы тіл және өзге де мәселелер бойынша жікті тереңдетуі ықтимал. Бұл жерде тек қазақтар ғана емес, орыс және өзге де этникалық топтардың мүдделерін ескеру қажет. Осы мәселеде Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар, саяси партиялар, БАҚ және азаматтық қоғамның басқа да институттары үлкен рөл атқаруы мүмкін.

Тіл саясаты. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қазақ және орыс тілдері арасындағы қарым-қатынастарының жаңа қырынан ашылуына мүмкіндік туғызады. Келешекте бұл шара қазақ жазуы тұғырының нығаюына алып келетіні анық, бірақ жақын, таяу уақыттарда орта және аға буын өкілдерінің латын графикасын меңгеруінде қиындықтардың тууына әкеліп, бұның қазақи ұлттық этникалық ортада да белгілі бір қарама-қайшылықтарды туғызуы мүмкін.

Жалпы алғанда, орыс тілді азаматтардың (қазақтардың біраз бөлігін қосқанда) Қазақстанда орыс тілі жойылады деп қауіптенуі орынсыз. Біздің елде қазақ жазуы

мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, ал орыс тілі мемлекеттік мекемелерде және өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ жазуымен қатар қолданылады. Қазақ тілінің жазуын латын графикасына көшіру қазақ және орыс тілдерінің мәртебесіне ешбір кері әсер етпейді.

Қазақстандағы қазақ-орыс қостілділігі ұзақ мерзімдік құбылыс. Тіпті Қазақстан халқының орыстар мен басқа орыс тілді еуропалық ұлттардың санының азаюының өзі орыс тілінің этнолингвистикалық қарым-қатынастар саласында жойылуына әкелмейді. Қазақ жазуының рөлі өсуімен қатар, Қазақстанда терең мәдени-тарихи тамырлары бар әлемдік тілдердің бірі ретінде қолданылатын орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде қала береді. Сондықтан ауыл, қала, алаң, көше атауларын, маңдайша жазуларын латын және кириллица әрпінде де қалдырған жөн. Сол жағдайда латын графикасының негізінде білім алғандар кириллицадағы оқу мен жазуды ұмытпайды деген сенімді жоққа шығаруға болмайды.

Жалпы, тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары мемлекеттік тіл саясатының институционалды формасы елеулі өзгерістерге ұшырай қоймады. Сонымен қатар, қазақ жазуының латын графикасына көшуі бұл саясатқа белгілі бір өзгерістерді енгізуді қажет етуі мүмкін.

Мәдени саясат және мәдени мұраны сақтау. Қазақ жазуын латын графикасына көшуі барысында туындайтын басты мәселе – бұл болашақ ұрпақ үшін қазақ халқының кириллица негізінде жазылған бай мәдени мұрасын сақтап қалу. Кириллицада жарық көрген көркем әдебиет шығармалары, халық өнері, тарихы, мәдениеті бойынша шығармалары, әлемдік әдебиеттің қазақ тіліне аударылған туындылары, энциклопедиялар, публицистика және т.б. түгелдей латын графикасының негізінде қайта шығарылуы тиіс. Өйткені бұл шаралар іске асырылмаса, ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастық үзіліп, қазақ мәдениетінің дамуына нұқсан келтіруі мүмкін.

Мәдени мұраны сақтап қалу, біріншіден, болашақ ұрпақты кириллица негізінде оқу және жазуға үйрету, екіншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасын ары қарай жалғастыру, кириллицада жарық көрген шығармаларды іріктеп, қажеттісін қайта басып шығару арқылы шешуге болады. Мәдени трансформацияның маңызды аспектісі – кітап шығару және баспа жүйесін жаңаша жолға қою. Бұл үшін қысқа мерзімде полиграфиялық мекемелерді қазіргі заманға сай типографиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет. Бұл шара арнайы техникалық, медициналық, ауылшаруашылық әдебиеттер, анықтамалар, энциклопедиялар және оқулықтардың басым бөлігін қайта басып шығаруға мүмкіндік туғызады.

Білім беру саясаты. Білім беру саласы латын графикасына көшу үрдісінде маңызды орын алады. Бұл үрдіс барысында білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырайтыны анық. Бірінші кезекте латын алфавиті негізінде білім беретін мамандарды даярлау қажет. Бұл үшін мектеп және жоғары оқу орындары оқытушыларын жаңа графика негізінде қайта даярлау қажет. Аға буын өкілдері үшін латын графикасын үйрететін арнайы курстар ашу керек. Мектептер, жоғары оқу орындары үшін латын графикасымен жазылған жаңа әдебиеттер шығаруды жолға қою қажет. Осы және басқа да шараларды қысқа мерзімде жүргізу керек болады.

Ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар. Қазақ жазуын латын графикасына көшіруде мемлекет пен азаматтық қоғамның ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар

саласындағы қызметі ерекше маңызды. Қазірдің өзінде латын графикасына көшіру мәселелерін талқылау барысында қазақ зиялыларының арасында бұл шараны қолдамаушылық байқалуда. Латын графикасына көшу іс жүзіне асырыла бастағанда мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар тарапынан жаппай қарсылық туындауы да мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қоғамымыздың барлық топтары мемлекеттің болашағы мол стратегиясы ретінде қабылдауын қамтамасыз ететін Қазақстанның қоғамдық пікірін қалыптастыратындай іс-шаралар жүргізу қажет.

Бұл жұмыста латын графикасына көшудің болашақ мүмкіндіктерін халық арасына түсіндіру мен ұғындыру мақсатында беделді тұлғалар мен мемлекеттік қайраткерлердің пікірін жариялайтын БАҚ-тың рөлі зор.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің мемлекеттік бағдарламасының жобасы

Іс-шаралар мазмұны	Орындаушылар
Ұйымдастыру және дайындық мәселелері	
Латын графикасына көшу жұмысын ұйымдастыру және басқару ісімен айналысатын мемлекеттік комиссия құру	ҚР Президент әкімшілігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде, ведомстволарда, облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктерде, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында жұмыс топтарын құру, жоспарлар әзірлеу және бекіту	Министрліктердің, мемкомитеттердің, ведомстволардың, облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктердің, ғылыми мекемелердің, ЖОО басшылары
Халық арасында қазақ жазуын латын графикасына көшірудің тиімділігі жөнінде түсіндіру және насихаттау жұмыстарын жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдарында латын графикасында дайындалған жекелеген мақалаларды жариялау, радио және телеарналарда арнайы оқыту бағдарламаларын ұсыну	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Шетелдерге іссапарларға шығу, тәжірибелерін зерттеу және жинақтау, қорытындыларын бұрынғы зерттеу нәтижелерімен салыстыру, талдау жасау, қорыту	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Халық арасында әлеуметтік зерттеулер жүргізу, қоғамдық пікірлерге талдау жасау	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақстанда 30-40 жж. қолданыста болған латын жазуының тәжірибесін талдау, оң және теріс тұстарын сараптау	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің» Тұжырымдамасы жобасын әзірлеу, бекітуге ұсыну	ҚР Президент әкімшілігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің өзекті мәселелері бойынша «дөңгелек үстел» ұйымдастыру	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі

Жұмыс топтарынан келіп түскен әліпби жобаларын талқылау, сараптау. Жаңа жазу жобасын мәтіндерге түсіру, орфографиялық және орфоэпиялық, дидактикалық және әдістемелік сараптамадан өткізу. Көшудің моделін таңдап, тиімді нұсқасын анықтау	Мемлекеттік комиссия, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Латын әліпбиіне негізделген жаңа жазу жобасын енгізудің қоғамдық-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және лингвистикалық мәселелері бойынша халықаралық, республикалық деңгейлерде конференциялар ұйымдастыру	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Латын әліпбиінің стандартын дайындау, талқылау, бекітуге ұсыну	ҚР Президент әкімшілігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Мемстандарт, ҚазмемҒТЗИ
Материалдық-техникалық базаны даярлау	
Компьютерлік бағдарламаларды дайындау және енгізу, мемлекеттік мекемелерге тарату	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚазмемҒТЗИ, салалық министрліктер, қарамағында баспалар мен баспаханалары бар министрліктер мен мекемелер, әкімдіктер
Баспаханаларды латын клавиатуралы құрал-саймандармен жабдықтау. Ведомстволар, ұйымдар мен мекемелер компьютерлерінің қаріптерін латын әріптерімен жаңадан жабдықтау.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚазмемҒТЗИ, салалық министрліктер, қарамағында баспалар мен баспаханалары бар министрліктер мен мекемелер, әкімдіктер
Латын әліпбиі мен орфографиясын үйрету және оқытуды ұйымдастыру	
Жаңа әліпби мен орфография, орфоэпияны оқыту ісін ұйымдастыру: - кәсіби біліктілікті арттыру мекемелерінің оқытушыларын, мектепалды даярлық мекемелерінің тәрбиешілері мен әдіскерлерін, орта және арнаулы орта білім беру мекемелерінің мұғалімдерін, ЖОО профессор-оқытушылар құрамын оқыту; - министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, әскери мекемелердің қызметкерлерін, жұмысшылар мен ауылшаруашылық қызметкерлерін оқыту; - жұмыс істемейтіндер мен зейнеткерлерді, жалпы тілек білдірушілерді оқытып-үйрету.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, салалық ведомстволар, әкімдіктер

<p>Халыққа білім беру жүйесінде жүзеге асыру:</p> <p>а) мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілеріне;</p> <p>ә) қазақ тілінде оқытатын мектеп оқушыларына:</p> <ul style="list-style-type: none"> - I сынып - II сынып - III сынып - IV сынып - V сынып - VI сынып - VII сынып - VIII сынып - IX сынып - X сынып - XI сынып - XII сынып <p>б) өзге тілде оқытатын мектеп оқушыларына:</p> <ul style="list-style-type: none"> - II- IV сыныптар - V-VIII сыныптар - IX- XII сыныптар <p>в) кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің оқушыларына;</p> <p>г) жоғары оқу орындарының студенттеріне;</p>	<p>ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар</p>
<p>Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми әдебиеттерді даярлау</p>	
<p>Жаңа әліпби мен орфографияны оқытушыларға үйретуге арналған бағдарламалар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару</p>	<p>ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар</p>
<p>Мектепке дейінгі мекемелерге арналған оқулықтар мен көрнекі құралдарды даярлау және шығару</p>	<p>ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар, ғылыми-зерттеу институттары</p>
<p>Орта мектеп сыныптарына арнап оқулықтар мен оқу құралдарын, көрнекі құралдар кешенін даярлау және шығару:</p> <ul style="list-style-type: none"> - I сынып - II сынып - III сынып - IV сынып - V сынып - VI сынып - VII сынып - VIII сынып - IX сынып - X сынып - XI сынып - XII сынып 	<p>ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар</p>
<p>Кәсіптік-техникалық білім беру мекемелеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару</p>	<p>ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар</p>

Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар
Өз бетінше оқып-үйренушілерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар
Тұрақты «Орфографиялық комиссия» құру, орфографиялық, терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың жұмысын үйлестіру	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
«Орфографиялық және орфоэпиялық негізгі Ережелерді» әзірлеу, орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктерді, анықтағыштарды даярлау және басып шығару	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Терминологиялық және ономастикалық сөздіктерді, анықтағыштарды даярлау және басып шығару	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Географиялық карталар мен атластарды, әкімшілік-территориялық анықтағыштарды даярлау, басып шығару	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Бұқаралық ақпарат құралдарын жаңа әліпбиге көшіру	
Республикалық және жергілікті баспасөзді бірте-бірте жаңа әліпбиге көшіру	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Баспаларды жаңа әліпбиге көшіру	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Телеарналарды жаңа әліпбиге көшіру	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Нормативті-құқықтық, әкімшілік-аумақтық анықтамалықтарды дайындау; жаңа графикаға негізделген ісқағаздарын жүргізу құжаттары мен бланкілерді дайындап, шығару; барлық мекемелерде ісқағаздарын жүргізу ісін латын графикасына көшіру	ҚР Әділет министрлігі, салалық ведомстволар мен министрліктер
Латын графикасында жазуды дамыту	
Ғылыми еңбектерді, нормативті-құқықтық және басқа да құжаттарды латын графикасына аудару және барлық мекемелерде ісқағаздарын жүргізу ісін латын графикасына көшіру	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Әділет министрлігі, салалық ведомстволар мен министрліктер
Қала, ауыл, көше, т.б. атауларды латын графикасына көшіру, мемлекеттік мекемелердегі маңдайша жазуларды латынға көшіру	Әкімдіктер
ҚР азаматтарының жеке құжаттарын, құқықтық, дипломатиялық құжаттарды латын әліпбиіне көшіру	ҚР Әділет министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі
Банк жүйесін латыншалау: құнды қағаздар, латын таңбасындағы жаңа банкноттар даярлау және енгізу	ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі, ҚР Ұлттық банкі
Қорытынды кезең	
Кирил әрпімен шыққан қажетті ғылыми, көркем шығармаларды аудару	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Латын әліпбиіне көшуді аяқтау	



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН АНЫҚТАУДЫҢ ЖАҢА ПРАКТИКАСЫ: ТІЛТАНЫМДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру: жаңа әліпбиді қалай таңдаймыз?

Бүгінгі күнге дейінгі аз уақыт аралығында Қазақстанның ғылыми басылым беттерінен, теле-радиоарналарынан, БАҚ-тан қазақ жазуын латын графикасына көшіруге қатысты берілген ақпараттан сарапшылар мен ғалымдардың, қоғам қайраткерлері мен мемлекет қызметшілерінің, жалпы жұртшылықтың көтерген мәселелерін былай топтастыруға болады:

- әліпби ауыстыруда басқа емес, латын графикасының таңдалуын негіздеу [131];
- латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшудің, оны қолданудың отандық тәжірибесі: әліпби ауыстырудың тілтанымдық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік мәселелері бойынша атқарған іс-шаралар т.б. [11];
- шетелдік, оның ішінде гетерогенді [132] және гомогенді [58] қатынастағы басқа тілдердің латындану тәжірибесі: әліпби ауыстырудың тілтанымдық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік мәселелері бойынша атқарған іс-шаралары т.б.;
- жаңа әліпби жобасы: графемалар жүйесі, олардың фонетика-фонологиялық мазмұн межесі, графемалардың тұрпат межесі, әліпбидегі әріптердің құрамы т.б. [109; 133; 134];
- жаңа қазақ әліпбиіне қатысты орфограммалар: шет тілінен енген сөздерді таңбалау принциптері, фонетикалық игеруді графикада берудің типтік принциптері, қазақ сөзіндегі кейбір фонемалар мен фонема тіркестерін графикада таңбалау принциптері т.б. [134];
- жаңа әліпбиге көшіру процесін ұйымдастырудың проблемалары: кезеңдерін анықтау; бұған жауапты органдар мен ведомстволарды белгілеп, олардың атқаратын жауапты функцияларының хронологиялық алгоритмін жасау; бұлардың жұмысына күзірет беретін нормативтік актілер желісін әзірлеу; қоғамның жаңа әліпбиде сауаттануын жүзеге асыратын институттар мен кадрлар дайындау ісінің өту барысын, оған жауаптыларды белгілеу, жаңа әліпбиге үйрететін оқу құралдарының түрлі форматтарын дайындап, олардың қоғамға қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты құрылымдарды белгілеп, жұмысын жоспарлау т.б.

Осылардың қатарына алынуға тиісті, өзектілігі жағынан аса маңыздыларға жататын мынадай мәселелер алдағы уақытта талқыға салынуы керек деп ойлаймыз:

1) ұсынылған жобалардың ішінен жаңа тиімді әліпбиді таңдап алудың объективті процедурасын анықтау;

2) кирил немесе орыс жазуын қолданған кезеңдегі тілтанушылық оң тәжірибелердің ішінде латынға көшкенде пайдалануға болатындарын анықтау, оларды ескеру;

3) жаңа жазуға көшудің ғылыми негіздерін зерттеу қандай болу керек?

Әрине, біздің ұсынып отырған мәселелер қатары бұл күрделі процесті жүзеге асыру барысының барлық қырларын қамтымайтыны белгілі. Сонымен қатар әлі басы ашылмаған мәселе қатары да біз көрсеткеннен әлдеқайда көп болуы әбден мүмкін. Сондықтан осы қаралмай жатыр-ау деген үш проблеманың алғашқысына қатысты ой бөліспекпіз.

Ұсынылған жобалардың ішінен тиімді жаңа әліпбиді объективті түрде таңдап алу үшін оның процедурасы қандай болу керек? Латын графикасына көшіп үлгерген посткеңестік кеңістіктегі түркітілдес мемлекеттер – Әзербайжан мен Өзбекстан тәжірибелерінен жаңа әліпбиді таңдау процедурасы алқалық ұйымның жұмысы арқылы жүзеге асқаны белгілі. Яғни бұл мемлекеттерде латын негізіндегі жаңа әліпбидің нұсқасы түрлі деңгейдегі комиссиялардан өту арқылы тандалып алынды, соңғы шешімді Республика Үкіметтері жанындағы комиссия мүшелері қабылдағаны белгілі. Әрине, бұл дәстүрлі жол. Әліпби жобасын анықтаудың соңғы инстанциясына келгенге дейін де жобалар басқа төменгі деңгейдегі комиссиялардың қарастыруынан өткізілді.

Бұндай жол бойынша таңдау кезінде жобалардың ішінен сұрыпталып алынғандары комиссия мүшелерінің талқысына ұсынылады, сонымен қатар қоғамдық талқынның нәтижелері де ескеріліп, жобаның артық/кем тұстары көрсетіледі. Келесі кезеңге өткен жобалардың кемшін тұстары жөнделіп, тағы қарастырылады, сөйтіп, соңында ең жоғары комиссия тарапынан «оң» деп табылған нұсқа қабылдануға ұсынылады. Міне, бұл әліпби таңдау процедурасының жалпылама түрдегі қарапайым алгоритмі. Мұның кейбір детальдары түсіп қалуы әбден мүмкін. Алайда негізгі принцип – алқалық ұйымның жұмысын басшылыққа алу. Біздің ойымызша, әліпби жобасын таңдаудың мұндай процедурасы субъективті түрткіжайттың, сонымен бірге қазақстандық саяси-мәдени кеңістікке тән болып отырған кейбір кері (саяси-әлеуметтік, экономикалық, интеллектуалдық бедел иелеріне көзсіз иек арту, мамандардың пікіріне құлақ аспау т.б.) құбылыстардың да әсеріне шалдығу қауіптерінен толықтай сақтай алмайды. Мұндай теріс тәжірибелер, бір өкініштісі, әсіресе Өзбекстандағы латындандыру үдерісінде кездескені көпшілікке мәлім. Сондықтан әліпби таңдаудың өзіне латынға көшірудің арнайы кезеңі ретінде ерекше ықтияттықпен қарау керек.

Осыған байланысты әліпби таңдау процедурасын ұйымдастырудың басқа да тиімді жолдарын іздестіріп, мүмкіндігінше оны комиссиялардың жұмысы сияқты дәстүрлі жолмен үйлестіре қолданған абзал деп санаймыз. Осындай бір тәсіл ретінде лингвоэксперимент (тілтанымдық тәжірибе) әдісін ұсынуға болады.

Біздің ойымызша, артықшылығы мен кемшілігі тілтанымдық тәжірибе арқылы анықталған жобаны жетілдіру оңай болады, сонымен бірге олардың ішіндегі жазуға, оқуға, компьютерлік техникада қолданып, жедел ақпарат алмасуға қолайлысын

объективті жолмен таңдауға мүмкіндік туады. Сондықтан да негізгі жобаны таңдауда субъективті түрткіжайттардың араласуына тосқауыл қойылады.

Эксперимент жайында. Тәжірибеге өздерінің кәсіби қызметінде негізінен жазба мәтінмен жұмыс істейтін және оны тудыратын мамандық иелері – журналистер, жазушылар, мемлекеттік қызметшілер, IT мамандары, ғалымдар, ЖОО оқытушылары, мұғалімдер, докторанттар, магистранттар сарапшы ретінде қатысқаны абзал болар еді. Сарапшыларға лингвистикалық комиссияның әрбір кезең сайынғы жұмысының нәтижесінде жарамды деп тапқан қазақ жазуының жаңа әліпби жобалары тексеруге беріліп отыруы керек. Әрбір жобаны тексеру мерзімі, біздің ойымызша, бірнеше күннен кем болмауы тиіс.

Тексерудің мәні: сарапшылар тиісті мерзім уақытында пайдалануға берген жобамен оқу, жазу, ұялы телефон, компьютер арқылы ақпарат алмасады. Әрбір қызмет түріне қатысты осы әліпби негізінде орындалатын жұмыс көлемі (мәтін көлемі) алдын ала сарапшылар алдына міндетке тартылады, яғни сарапшылар оқу бойынша сынаққа алынғалы отырған әліпбимен терілген міндетті көлемдегі мәтіндерді тәжірибе мерзімінде оқып шығуы тиіс. Мұнда белгіленген көлемдегі мәтін сынақ мерзімінің әр күніне теңдей бөлініп беріледі және оқылған сайын осыған жұмсалған уақыт өлшеніп отырады. Соңында бір минутта қанша сөз оқылғаны әр сарапшыдан тіркеліп, алынады. Дәл осы ретпен жазуға арналған аудио (дыбысталған) мәтін ұсынылады. Мұнда да сарапшылар бір күн ғана жазып қоймайды, олар тәжірибе кезеңінің бар күнінде де осы әрекетке тартылады, себебі жазуға ұсынылған мәтін теңдей мөлшермен ұсынылып отырады. Жазған сайын осыған жұмсалған уақыт өлшеніп отырады. Тәжірибе соңында бір минутта жазылған мәтін көлемі анықталады. Осы қатарда қолтелефон, компьютер арқылы терілетін мәтіндер көлемі де сынақ мерзімінің әр күніне теңдей бөлінуі керек деп санаймыз. Бұнда да тәжірибе соңында бір минутта терілген мәтін көлемі анықталады. Мұның сыртында сынаққа қатысушыларға тәжірибені ұйымдастырушылармен (яғни тілтанушылармен) болатын барлық коммуникацияда тексерілгелі отырған әліпбиді пайдалану ұсынылады. Тәжірибені өткізушілер де өз кезегінде сарапшылармен барлық қатынасты сыналып отырған әліпби негізінде жүргізеді.

Сөйтіп, тәжірибе мерзімі аяқталғанда сарапшылардан фокус-группа өткізу және сауалнамаалу әдістері арқылы жобаға қатысты барлық ақпарат жинақталады. Бұл ақпаратты тәжірибешілер алдын ала белгіленген критерийлер бойынша талдап, қорытынды шығарады. Қорытындыда қолданыста болған әліпби жобасының мынадай бірнеше белгілерге қатысты бағасын шкала бойынша анықтауға болар еді:

Оқу бойынша:

- 1) Көзшалымға қандай? – Оңтайлы; нашар;
- 2) Оқылуы қандай? – Тез оқылады; баяу оқылады;
- 3) Оқу барысында қандай сөздердің жазба бейнесін тану қиынға соқты?
- 4) Оқу барысында қандай әріптерден қиналдыңыз (немесе шатастыңыз)?
- 5) Тәжірибе барысында оқуға ұсынылған мәтіннің барлығын оқып шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.
- 6) Бір минутта қанша сөз оқыдыңыз?

Жазу бойынша:

1) Қолшалымға (күш жұмсалымы: әріптерді жазуда қол күші көп кетеді ме, әлде олай емес пе) қандай? – Оңтайлы; нашар;

2) Жазылуы қандай? – Тез жазылады; баяу жазылады;

3) Аудиомәтінді тыңдағанда қандай сөзді әріптермен таңбалап хатқа түсіру қиынға соқты?

4) Аудиомәтінді тыңдағанда қандай дыбысты әріппен таңбалап хатқа түсіру қиынға соқты?

5) Тәжірибе барысында жазуға ұсынылған мәтіннің барлығын жазып шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.

6) Бір минутта қанша сөз жаздыңыз?

Міне, осындай бірнеше сұраққа жауаптар алынған соң, бұл материал тілтанушылардың, педагогтер мен психологтердің зерделенуіне тапсырылғаны жөн болар еді. Сөйтіп, лингвистикалық комиссия қарап, эксперимент арқылы тексеруге ұсынылған үміткер жобалардың ішінен сарапшылар жоғары бағалаған біреуі таңдалып алынады.

Тәжірибе ашық (прозрачный) болуы үшін оның барысы жайында арнайы ашылған сайтта, БАҚ-та ақпарат, хабар беріп отыру абзал болар еді.

«Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпби жоба типтерінің қолданыс сапасы: тілтанымдық талдау» атты қанатқақты тәжірибелік зерттеудің кезеңдері, мақсат-міндеті, технологиясы

Жоғарыда айтылған жаңа әліпби жобасын таңдаудың ерекше процедурасына қатысты идеяны жүзеге асыру үшін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми негіздерін кешенді зерттеу» атты ғылыми зерттеу бағдарламасы аясында «Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпби жоба типтерінің қолданыс сапасы: тілтанымдық талдау» атты қанатқақты тәжірибелік зерттеу ұйымдастырды.

Зерттеудің қысқаша сипаттамасы

Мақсаты: Латын графикасы негізіндегі қазақ жазуына арналған әліпбилерді таптастыру негізінде алынған 3 типтік әліпбиді оқу немесе кәсіптік әрекетінде жазу-сызумен күнделікті айналысатын сарапшылар тобынан сынақтан өткізіп, әрбір тип әліпбидің оң/теріс, әлді/әлсіз, оңтайлы/қолайсыз тұстарын анықтау. Мұндағы «типтік» деп отырғанымыз белгілі бір адамның нақты жобасы емес, белгілі бір принциптер негізінде өзіндік мақсат бойынша әзірленіп, ұсынылған жобалар жиынтығының орташаланған түрдегі жобасы.

Зерттеутүрі: Сауалнамалық әдіс бойынша алынған мәліметтерге лингвистикалық талдау (қанатқақты (пилотный) зерттеу)

Географиясы: Алматы қаласы

Сұрыптау: Қоғамдық-әлеуметтік мәртебесі бойынша жазу-сызумен айналысатын жас мөлшері 20-40 аралығындағы сарапшылар. Сұрыптау көлемі – 250 адам.

Әдіснамасы: Сұрақ Face-to-Face әдісі бойынша таратылған стандартталған тілтанымдық тапсырмалы сауалнаманы пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

Міндеттері:

- бүгінге дейін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына сараптамаға келіп түскен латын графикасы негізіндегі қазақ әліпби жобаларының 1) компьютерге; 2) графемалық жазуға (тілтанымдық принциптерге) негізделген; 3) алдыңғы екеуінен ымыраластырылған негізгі 3 типін анықтау;

- әрбір типтің айырым белгілерін, прагматикасын көрсету;

- тәжірибеге ұсыну үшін әр типке жататын жобалардың ішінен шартты түрдегі бір ортақ жоба құрастырып, анықтап, тәжірибеге беру;

- осы үш типтегі әліпби жобасы бойынша терілген, сұрыптау принципі негізінде құрастырылған репрезентативтік жазба мәтінін және сұрақтар жазылған сауалнама парақтарды дайындау;

- сауалшылардың сауалнаманы ұйымдастыру жұмысының ережесін жасап, онымен таныстыру;

- сауалшыларға сауалнама регламентін: жарамсыз сауалнамалар болмас үшін респонденттерге қандай талап қою керектігін, сауалнама өту барысын түсіндіру;

- сауалнаманы өткізу;

- алынған сауалнама мазмұнына қарап, жарамсыздарын анықтау;

- сауалнамалар бойынша статистикалық талдау өткізу;

- статистикалық талдау нәтижелері негізінде лингвистикалық талдауды ұйымдастыру.

Респонденттерге қойылған талаптар: жас ерекшелігіне қарай 20-40 жас аралығындағылар; күнделікті оқу-кәсіптік әрекетінде жазу-сызуға арқа сүйейтіндер (студенттер, магистранттар, зерттеушілер, ғылыми қызметкерлер).

Сауалнама мазмұнына қойылған талаптар: бұл тілтанымдық тәжірибе сынақ сауалнамасы болғандықтан, оның өзіндік ерекшелігі болды. Ең алдымен респондентке оның сипаттарын анықтау бойынша жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, білім алған тілі туралы 4 сұрақ қойылды.

Сонан соң негізгі тапсырмалар: әртүрлі әліпби жобалары және осы жоба әріптерімен көзшалымға ыңғайлы түрде теріліп, безендірілген мәтін ұсынылды. Сонда барлығы латын қарпімен 3 мәтін және 3 әліпби, сонымен бірге латын графикасына көшіруге арналған кирил әрпімен терілген 1 мәтін және альтернативті жауаптары көрсетілген 5 сұрақ берілді.

Сауалнамада берілген тәжірибе мәтініне қойылған талаптар: сауалнамада 3 типтегі латын әліпбиімен терілген мәтін және ауыстырып көшіру үшін кирил әліпбиімен терілген мәтін де қазіргі жазбаша тілге қатысты репрезентативті сипатта болуы тиіс. Сондықтан мәтіндер бір сюжеттік желі бойынша бір дискурсқа қатысты емес, әртүрлі дискурстан алынған үзінділер бойынша арнайы сұрыпталып құралды. Ол үшін 474 204 сөзқолданыстан тұратын әдеби тілдің нормасы сақталған қазақ мәтінінен әрбір қазақ әрпі бойынша статистикалық мәлімет алынды (кестенің 2 бағаны). 180 сөзқолданыстан тұратын тәжірибеге алынған мәтіндегі әрбір әріптің статистикалық көрсеткіші осы жалпы статистикалық мәліметке сәйкестендірілді. Тәжірибе мәтінінің репрезентативтілік қасиеті, біріншіден, әріптердің жалпы тілдік

статистикасына қатыстылығымен сипатталса, екіншіден, онда қазақ орфограммаларын түгел қамту сипаты да сақталды. Яғни мәтінде емлесі қиын сөздер мен графемалар түгел берілді. Латын графикасы негізіндегі 3 типтегі әліпби жобасы бойынша терілген мәтін көлемі 4 абзацтан, барлығы 162 сөзден құралды. Ал латынға ауыстырып көшіруге арналған кирилше терілген мәтін емлесі қиын 67 сөзден тұратын тізімнен құралды. Әр мәтін бойынша оқылым, жазылым әрекеттері орындалған соң, сол әрекеттерге қатысты мәліметтерді респондент параққа жазып қою үшін оларға арнайы орын қалдырылды, мысалы: «Мәтінді оқып шығу уақыты ___ мин., Мәтінді жазып шығу уақыты ___ мин.» т.б.

Әріп	Әдби тіл нормасымен жазылған мәтінде кездесу жиілігі	Мәтінді қамту пайызы	Тәжірибеге алынған мәтіндегі жиілік	Мәтінді қамту пайызы
1	2	3	4	5
А	33 089	13,04072	154	13,19623
Ә	2774	1,093262	6	0,514139
Б	5796	2,284264	32	2,742074
В	668	0,263266	2	0,17138
Г	2212	0,871772	12	1,028278
Ғ	2757	1,086562	21	1,799486
Д	8224	3,241164	65	5,569837
Е	15447	6,087824	69	5,912596
Е	0	0	0	0
Ж	4356	1,716745	20	1,713796
З	4594	1,810543	18	1,542416
И	5713	2,251553	24	2,056555
Й	5328	2,09982	15	1,285347
К	9460	3,728285	37	3,170523
Қ	12244	4,825488	37	3,170523
Л	15389	6,064965	57	4,884319
М	7720	3,042532	24	2,056555
Н	10791	4,252845	85	7,283633
Ң	2429	0,957294	20	1,713796
О	6818	2,687045	31	2,656384
Ө	2183	0,860343	7	0,599829
П	4783	1,88503	20	1,713796
Р	10767	4,243387	64	5,484147
С	12112	4,773465	44	3,770351
Т	16744	6,598985	59	5,055698
У	4597	1,811726	21	1,799486
Ұ	2980	1,174449	11	0,942588
Ү	2716	1,070404	13	1,113967
Ф	680	0,267995	9	0,771208
Х	919	0,362187	4	0,342759

Сауалнамада берілген сұрақтарға қойылған талаптар: сұрақтар әрбір әліпби мәтінінен кейін қойылады, олар сол әліпбидің жалпы құрамына, графемаларының таңбалық бейнесіне, көзшалымға ыңғайлылығына, оқу, жазудағы қиындықтарға қатысты болуы тиіс. Әрі сұрақ түсінікті, екіұшты ұғынуға жол бермейтіндей, нақты, жауаптары қысқа болатындай берілуі керек. Кейбір сұрақтың мүмкін жауаптары сұрақ соңында көрсетіледі, респондент олардың ішінен өзіне лайықтысын белгілейді.

Сауалшыға қойылған талаптар: сауалшы әрбір респондентке тапсырманы түсіндіріп, оған қажетті сауалнама парақтарын толық таратып беруі тиіс, респондентке өз субъективті пікірін тануға қатысты ешқандай әрекет танытпауы – кәсіби талап. Респонденттің түсінбеген сұрақтарына жауап беруге, жалпы сауалнама барысында респонденттердің қасында болуға міндетті. Сауалнаманың жарамсыз болып қалмауы үшін алдын ала мүмкін қауіптерді ескеріп, 100 пайыз сапалы материал алуға мүдделі болуы керек.

Тәжірибе-сынақ (эксперимент) барысы үш кезеңнен тұрды.

1-кезең. Ұйымдастыру:

- тәжірибе жүргізілетін аудитория контингентін анықтау;
- респонденттердің тиімді сипатын, санын (бөлінген қаражатқа сәйкес) белгілеу;
- респонденттермен сынақ жұмыстарын ұйымдастыратын сауалшыларды (анкетир) белгілеу;
- сауалшылардың жұмыс тәртібі мен ережесін белгілеу;
- сынақтың өту регламентін айқындау;
- сынаққа түсетін типтік әліпбилерді анықтау, белгілеу;
- сынаққа берілетін тілдік материалдың репрезентанттылығын қамтамасыз ететін критерийлерді анықтау, соған сәйкес респондентке ұсынылатын мәтіндерді, сұрақтарды құрастыру;
- тәжірибені жүзеге асыру үшін қажетті материалдық ресурстарды қамтамасыз ету (қалам, қағаз, бейджик т.б.);
- тәжірибе-сынақ кезінде респондент қолына берілетін мәтін, әліпби құрамы, сұрақтар жазылған сауалнама парақтарын дайындау.

2-кезең. Өткізу және статистикалық мәліметтерді жинақтау:

- сауалшыларға сынақ-тәжірибе өткізу ережесі мен регламентін мұқият қадағалауды тапсыру;
- сауалшы ережесінде көрсетілген критерий бойынша жарамсыз сауалнамаларды анықтап, санын шығару;
- алынған сауалнамалардағы мәліметтерді статистикалық форматқа келтіру;
- алынған нәтижелерге статистикалық өңдеу жүргізу.

3-кезең. Тілтанымдық талдау респонденттерге берілген мынадай тапсырмалар бойынша жүргізілді:

1. Оқылым. Әрбір әліпби бойынша оқылым әрекетіне жұмсалған уақыттың статистикалық мәліметтері негізінде әрбір тип әліпбиге тән оқылым уақытсыйымдылық (времяемкость) және қуатсыйымдылық (энергоемкость) деңгейін анықтау. Оқылым барысында әртүрлі уақыт көрсеткіштері бойынша топтастырылған респонденттерге қатысты сипаттамалар мен алынған хронометриялық нәтижелер арасындағы

корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау. Сол сияқты хронометриялық нәтижелер мен әліпбидің тілтанымдық сипаттамалары арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау. Хронометриялық нәтижелер мен әліпбидің көзшалымға ыңғайлылық (психологиялық қабылдау) сипаттамалары арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау.

2. *Аудиомәтіннен немесе жадтағы мәтіннен латын графикасы негізіндегі 3 типтік әліпби жобасы бойынша жазба мәтінге түсіру.* Әрбір әліпби бойынша тыңдалып барып жазу әрекетіне жұмсалған уақыттың статистикалық мәліметтері негізінде әрбір тип әліпбиге тән тыңдау арқылы жазудың уақытсыйымдылық және қуатсыйымдылық деңгейін анықтау. Тыңдау арқылы жазу барысында әртүрлі уақыт көрсеткіштері бойынша топтастырылған респонденттерге қатысты сипаттамалар мен алынған хронометриялық нәтижелер арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау. Сол сияқты тыңдау арқылы жазу бойынша алынған хронометриялық нәтижелер мен әліпбидің тілтанымдық сипаттамалары арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау. Тыңдау арқылы жазу бойынша алынған хронометриялық нәтижелер мен әліпбидің көзшалымға ыңғайлылық (психологиялық қабылдау) сипаттамалары арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау.

3. *Кирил әріптерімен терілген жазба мәтіннен латын қарпіндегі жазба мәтінге түсіру.* Әрбір әліпби бойынша көріп барып жазу әрекетіне жұмсалған уақыттың статистикалық мәліметтері негізінде әрбір тип әліпбиге тән көру арқылы жазудың уақытсыйымдылық және қуатсыйымдылық деңгейін анықтау. Көру арқылы жазу барысында әртүрлі уақыт көрсеткіштері бойынша топтастырылған респонденттерге қатысты сипаттамалар мен алынған хронометриялық нәтижелер арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау. Сол сияқты көру арқылы жазу бойынша алынған хронометриялық нәтижелер мен әліпбидің тілтанымдық сипаттамалары арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау. Көру арқылы жазу бойынша алынған хронометриялық нәтижелер мен әліпбидің көзшалымға ыңғайлылық (психологиялық қабылдау) сипаттамалары арасындағы корреляциялардың болу/болмауын, олардың себептерін анықтау.

4. *Графема құрамы, көзшалымға ыңғайлылық, жекелеген графема таңбасы бойынша сұрақтар.* Әрбір әліпби типіне тән қолайлы/қолайсыз таңбалар, тиімді/тиімсіз графемалар, графемалаудың (обретение статуса графемы) тиімді/тиімсіз жолдары т.б. мәселелер анықталды.

Тәжірибе-сынақ регламенті 2 кезеңнен, 4 тапсырмадан тұрды:

Дайындық кезеңі. Бұл жалпы сауалнамада берілген тапсырмалармен танысып шығуға және берілген латын графикасы негізіндегі 3 әліпбиді барлауға, онымен терілген мәтінді іштей 1 рет оқып шығуға беріледі.

Сынақ кезеңі. Сауалнама тапсырмалары бойынша түрлі сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыру кезеңі. Ол бірнеше тапсырмадан құралды:

1) *Оқылым.* Берілген мәтінді оқып шығып, оған қанша уақыт кеткенін белгілеу (тиісті жолдарда басталу, аяқталу уақыты көрсетіледі).

2) *Тыңдалым*. Аудиомәтіннен немесе жадтағы мәтіннен латын графикасы негізіндегі 3 әліпби бойынша жазба мәтінге түсіру.

3) *Қайта кодтау*. Кирил әріптерімен терілген жазба мәтіннен латын қаріптерімен терілген 3 түрлі жазба мәтінге түсіру.

4) *Талдау*. Графема құрамы, көзшалымға ыңғайлылық, жекелеген графема таңбасы бойынша сұрақтарға жауап беру.

Осы параметрлер бойынша жүргізілген зерттеу негізінде тиісті эмпирикалық тілдік материал жинақталып алынып, оған талдау жүргізілді. Тәжірибе нәтижелері бүгінге дейін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына сараптамаға келіп түскен латын графикасы негізіндегі 1) компьютерге; 2) графемалық жазуға (тілтанымдық принциптерге) негізделген; 3) алдыңғы екеуінен ымыраластырылған жоба. Осы 3 типтің қолданысын анықтауға, әрқайсысының тіл иесі үшін тиімді/тиімсіз, қолайлы/қолайсыз тұстарын көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге осы 3 тип ішіндегі оң көрсеткіштерге көп ие болған жобаны анықтауға негіз болды.

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*:

Қадым жазу жүйесінде фатха, дамма, кесра харақаттары қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген. Фатха <a>, <ä> фонемасының мәнін білдірген. [Ө] дыбысының таңбалануы: *Жәнібек* – جنبک (*Жнбек*), *жәбір* – جبر (*жбр*). Жәдид жазуында [ä] дыбысының мәнін фатха белгісі атқарған: *дәлел* – دليل, *және* – جنه, *нәрсе* – نرسه. Бірақ сөз басында алиф (ا) таңбасы арқылы берілген: *әртүрлі* – آرتورلی, *бәрі* – باری, *күнәлі* – كونالی.

Қазақ тілінің төл сөздерінде жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138, 17-б.].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <a> фонемасы үшін ʾ (алиф) таңбасы алынды. <Ө> фонемасының мәнін беру үшін дәйекше белгісі қойылды [139, 10-б.].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <ә> фонемасы /Өә/ графемасы арқылы берілді: *әр бір, кәсіп, кәтсамол*.

1929 жылғы латын негізді әліпби қабылданар алдында <ә> фонемасы үшін Еуропа стандартына сәйкес келетін /ä/ таңбасы ұсынылады. Бірақ бұл таңба бүкіл түркі халықтары үшін бірыңғайласқан әліпби жүйесіне сәйкес келмегендіктен /ә/ таңбасы алынады [116, 55-б.].

1920 жылдары әліпби мәселесіне байланысты конференцияда қазақ, қырғыз, қарақалпақ әліпбилерінен /ә/ әрпін әліпбиден мүлдем алып тастау туралы ұсыныстар да болған. Бірақ бұл ұсыныстарға зиялы қауым өкілдері қарсы шығып, <ä> фонемасының таңбасын қалдырады. <ä> фонемасы **Аа** әрпімен беріледі: *Ana, balaq*.

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* аталған таңба өзгертілмей алынды.

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* <ä> фонемасы **Әә** таңбасы бойынша өзгеріссіз алынды [135].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <ä> фонемасы татар тіліне /ә/ түрінде, ал қарақалпақ әліпбиіне 1957 жылдан бастап қана /ә/ әрпі енгізіледі. Жалпы бұл графеманы барлық түркі тілдері әліпбилері қайталады. Қазақ тілтанушылары «бір фонема – бір әріп» қағидатын сақтай отырып, /ә/ графемасын береді [140, 72-89-бб.].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*:

Әзербайжан әліпбиінде: Әә

Түрік әліпбиінде: жок

Өзбек әліпбиінде: жок

Түрікмен әліпбиінде: Ää

2.9 <Ө> фонемасының орфографиясы: Сөздің бірінші буыны жіңішке [ү] дыбысымен келген жалқы есімдердің (көбінесе кісі аттарының) екінші буынында да естілуінше /ә/ әрпі жазылады.

Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында (олардың екінші сыңарларының алғашқы буынында) /ə/ әрпі жазылады: *ендігәрі – ендігіден// әрі, әжептәуір – әжеп//тәуір, Гүлжәмила – Гүл//жәмила* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <ä> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1./*ae/*, /*ä/*, /*a’*/ әріптерінің тарихы: /*ae/* лигатурасы латынның /*a/* және /*e/* әріптерінен тұрады. Латын тілінде бұл таңбаның бірге (*æ*), бөлек (*ae*) немесе қысқарған «*e caudata*» нұсқасы бар. Аталған әріптер латын сөздерінің орфографиясын ажырату үшін алынған. Латын тілінде гректің *αι* (лат. *Cæsar* = греч. *Καίσαρ*) дыбысына сәйкес. Француз тілінде аталған лигатура [*e*] (*é*) түрінде айтылады және тек латын тілінен кірме сөздерде ғана жазылады: *nævus* (невус), *sæcum* (соқырішек). Сондай-ақ аталған графема көне грек транслитерациясында кездеседі: *Ægosthènes* (Айгостена), *æniadæ* (Эниадэ), *Lætitia* (Летиция). /*ä/*, /*a’*/ графемалары кеңейтілген латын әліпбиінде, яғни неміс, швед, финн, эстон әліпбилерінде қолданылады [141].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: 1-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <*ä*> фонемасын /*ae/* әріптіркесі арқылы таңбалауда 75 қате жіберген. <*ä*> фонемасының сауалпарақта (III, IV бөлімдер бойынша) кездесу жиілігі 5 рет (*әлеумет, тәкаппар, бәтеңке, Тәжібаевқа, дән*). 1-жобаға сәйкес <*ä*> фонемасы /*ae/* графемасы арқылы берілуі тиіс. Бірақ жазылым барысында респонденттер /*ae/* әріп қосындысын әртүрлі вариантта таңбалағанын көреміз. Оны былайша көрсетуге болады:

1-жоба бойынша <*ä*> фонемасының жазылымы

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы, саны	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ә	ae	a (33) æ (3) aə (29) æ (1) ə (4) ä (2) e (3)	alewmet æleumet taəkappar boetenke Təzhipaevqa Täzhipaevqa tekappar
Жалпы		75	

Талдау нәтижесі 1-жобадағы <*ä*> фонемасына арналып /*ae/* әріп қосындысы арқылы берілген таңбаның ұтымсыз екенін көрсетті. Жоғарыдағы қате санынан жазылым түрлері ішінде <*ä*> фонемасын дара тұлғада таңбалау басым екенін, ал қос таңба арқылы бір фонеманы белгілеу жүйесі қазақ тіл иелменінің тілдік санасында жоқ екенін байқауға болады. Мұның басты себебі респондент санасында <*ä*> фонемасы дара тұлғадағы //*a, ə, ä//* және /*e/* графемаларының психобейнесіне сәйкес. Жоғарыдағы статистикалық мәліметтен <*ä*> фонемасы үшін 33 респондент /*a/* таңбасын таңбалағанын көреміз. Біздің ойымызша, <*a*> және <*ä*> фонемалары бір

ғана айырымдық белгі арқылы ажыратылатын, бір-біріне жуық фонемалар қатарында болғандықтан осы сипатта жазылған.

<ä> фонемасын /aə/ түрінде таңбалау жүйесін механикалық қате түріне жатқызамыз. Себебі транслитерация жасау барысында респондент санасында /ae/ нұсқасының графикалық бейнесі жоқ. Респонденттер психобейнеде жоқ таңбаның графикалық бейнесін графикалық ұқсас әріппен таңбалауға тырысқан. Ал <ä> фонемасын /ə/ графемасы арқылы таңбалау психологиялық түрткіжайтпен байланысты. Бұл жерде респондент санасында графемалық интерференция жүзеге асқан. Кирил графикасындағы графикалық бейне латын жазуына да әсер еткен.

<ä> фонемасын жобаға сәйкес /ae/ графемасы арқылы емес, /ä/ графемасы арқылы таңбалау жүйесін ерекше көрсетуге болады. Көрсетілген «қате» респондент санасында <ä> фонемасының латын жүйесінде тек ä түрінде ғана елес беретінін білдіреді. Сондықтан қазақ тіл иелмені санасында <ä> фонемасының дайын графикалық образы бар екенін ескере отырып, «кеңейтілген латын әліпбиіндегі /a/ әрпінің модификацияланған түрі – /ä/ әрпін қазақ әліпбиі үшін алуға болады» деп қорытамыз.

1-әліпби жобасы бойынша: 1-жоба бойынша /ə/ әрпін 248 респондент 1240 рет таңбалаған. Оның 75-і қате жазылым. Сауалнама нәтижесі /ae/ әріп қосындысы арқылы <ä> фонемасын беру тиімсіз екенін көрсетті. Жалпы 33 рет /ae/ графемасын әріп қосындысы арқылы таңбаланғанын, ал 42 рет <ä> фонемасы үшін дара тұлғадағы графема таңдалғанын көреміз. Бұл дегеніміз <ä> фонемасы респондент санасында дара тұлғадағы графемаға сәйкес. Сондықтан жазылым процесінде де дара форма орын алған. Сауалнама нәтижесінде <ä> фонемасы үшін «бір фонема – бір графема» принципі ұстанылуы тиіс екенін көреміз.

2-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ä> фонемасын таңбалауда 61 қате жіберген.

2-жобаға сәйкес <ä> фонемасы /ä/ графемасы арқылы берілуі тиіс. Бірақ жазылым барысында респонденттер /ä/ графемасын әртүрлі вариантта таңбалағанын көреміз.

2-жоба бойынша <ä> фонемасының жазылымы

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы, саны	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ə	ä	аə (1 қате) ä (11 қате) а (31 қате) ə (3 қате) ae (6 қате) ö (4 қате) ü (1 қате) á (4 қате)	baətenke älewmet alewmet bətenke aelewmet tököppar bütenke dán
Жалпы		61	

2-жобаға сәйкес <ä> фонемасының жазылым репрезентациясын талдайтын болсақ, 31 рет <ä> фонемасы /a/ графемасы арқылы таңбалағанын көреміз. Біздің

ойымызша, мұндай қателердің орын алуы, *біріншіден*, техникалық құралмен байланысты. Қазіргі кезде смартфон, интернет коммуникациясын тұтынушылардың саны күн сайын өсуде. Мұндай құралдар әлеуметтік қажеттілікке жауап бергенімен, қазақ тіліндегі сөздердің жазылым жүйесін бұзады. Кейбір техникалық құралдар арқылы қазақ тілінде хабарлама жазуға мүмкіндік толық қарастырылмаған. Сондықтан қолданушылар қазақ әріптерін орыс графикасында бар таңбалармен алмастырып қолдануды және латын графикасындағы таңбалармен жазуды үрдіске айналдырып келеді (әсіресе чатта), яғни жастар кейбір сөздердің графикалық формасын қалауына қарай өзгерте береді. Бұл қолданушылардың қол және көз дағдыларына әсер етіп, сауатты жазу дағдысын жояды. *Екіншіден*, біздіңше, аталмыш қатенің орын алуы орыс тілінің тікелей әсерінен болуы мүмкін. Қазіргі жастар тілінде жіңішке дауысты дыбыстарды жуандатып айту үрдіске айналып барады. Мысалы, *аже, алеумет, аким* т.б. мұндай айтылым үлгілері жазылым түріне де әсер ететіні сөзсіз. *Үшіншіден*, полиграфиялық-техникалық тұрғыдан әріптердің пішіні бүтін болуын ескеруіміз керек. Яғни әліпбиде диакритикалық белгілерді шектеп қолданған жөн. Полиграфияда /ä/ әрпі тұтас болмағандықтан, диакритикалық қос нүкте жазылымда түсіп қалуы немесе қос нүкте белгісін жазарман әдейі жазбауы немесе басқа бір белгіге өзгертіп жазуы да мүмкін. Ал егер жазарман уақыт факторын есепке алып, <ä> фонемасының негізгі таңбасын жазылымда ескермесе, аталған әріптің дыбыстық мәні де уақыт өтісімен жойылуы мүмкін. Сондықтан фонема мен графеманың арақатынасын ескеріп, /ä/ графемасының таңбасын әлі де ойлану керек.

Респонденттердің /aә/, /ae/ таңбалар арқылы <ä> фонемасын беруі 1-жобадағы қол және көз дағдысына байланысты деп ойлаймыз.

«Ä» қате жазылым нұсқасының болуы, біздіңше, әріпүсті екі нүктенің жазылым процесінде өзгеріп, басқа формада таңбалануы немесе түсіп қалуына байланысты. Мысалы, төте жазуда мұндай құбылыстың жиі кездескенін білеміз.

Ал <ä> фонемасын /ə/ графемасы арқылы таңбалау психологиялық түрткіжайтпен байланысты. Бұл жерде респондент санасында графемалық интерференцияның орын алғаны байқалады. Кирил графикасындағы графикалық бейне латын жазуына да әсер еткен.

2-әліпби жобасы бойынша: 2-жоба бойынша /ə/ әрпін 248 респондент 1240 рет таңбалаған. Оның 61-і – қате жазылым. Респонденттердің көбі /ä/ графемасын әріпүсті нүктесіз жазған немесе қос нүктенің орнына сызықша, айшық белгілерін қойған: **ă, â**. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасау барысында қазіргі /ä/ графемасының тұрпаты ойластырылғаны жөн. Себебі әріп тұтас болмағандықтан, графеманың дыбыстық мәні өзгеруі әбден мүмкін деген қауіп бар.

2-жоба бойынша /ə/ әрпінің қуатсыйымдылығы – 4,9 %.

3-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ä> фонемасын жазуда 73 қате жіберген.

Жобаға сәйкес <ä> фонемасы /a'/ графемасы арқылы берілуі тиіс. Бірақ жазылым барысында респонденттер <ä> фонемасын жазуда бірнеше қателерді жіберген:

3-жоба бойынша <ä> фонемасының жазылымы

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы, саны	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ә	a'	әе (6 қате) aä' (2 қате) ә (7 қате) о (3 қате) а (36 қате) o' (2 қате) ä (8 қате) ae (16 қате) э' (6 қате) е (1 қате)	tækappar aälewmet tækappar olewmet alewmet botengke täkappar Taezhibaeв Təzhibaeв den
Жалпы		87	

3-жобаға сәйкес <ä> фонемасы 36 рет /a/ графемасы арқылы таңбалағанын көреміз. Мұның себебі, біріншіден, респонденттер санасында бұл графеманың бейнесі, екіншіден, аталған графеманы жазудың қолдағдысы жоқ болуымен байланысты.

Респонденттер <ä> фонемасын 6 рет қазіргі графикадағы /ə/ графемасы және 7 рет /a'/ графемасы арқылы таңбалаған. Бұл психологиялық түрткіжайтпен байланысты рефлексті қате болып табылады. Сонымен қатар 6 рет <ä> фонемасы /a'/ түрінде емес, /ä/ түрінде таңбаланғанын көреміз. Бұл жазылымдар респонденттер санасында <ä> фонемасының бейнесі /Ä ä/ түрінде орныққанын көрсетеді.

3-әліпби жобасы бойынша: 3-жоба бойынша /ə/ әрпін 248 респондент 1240 рет таңбалаған. Оның 87-і – қате жазылым. Респонденттердің көбі (53 рет) /a'/ графемасын дәйекшесіз жазған немесе кирил әліпбиіндегі графемамен шатастырған.

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары:

- 4 респондент «/Ə/ әрпі латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде де Ə тұрпатында таңбалануы керек» деген ұсыныс білдірген;

- 18 адам «<ə> фонемасы үшін /ä/ графемасы оңтайлы» деп шешкен;

- 34 респондент 1-жобадағы <ə> фонемасы үшін алынған /ae/ таңбасын ең қиын әріп деп санайды;

- «ұсынылған үш әліпбиде де төл дыбыстардың таңбалануы қиын» деген пікір бар.

3.4 Сауалнама нәтижесі: <ə> фонемасы 1-жобада – /ae/, 2-жобада – /ä/, 3-жобада /a'/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде <ä> фонемасы 5 рет кездеседі. Сонда 248 респондент 1-жоба бойынша бұл әріпті 1240 рет жазады. 1240 рет жазылған /ä/ әрпі 75 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда:

1240 – 100 %.

75 x % болғанда, $7500 : 1240 = 6,0 \%$.

2-жоба бойынша: 1240 – 100 %.

61 x % болғанда, $6100 : 1240 = 4,9 \%$.

3-жоба бойынша: 1240 – 100 %.

87 x % болғанда, $8700 : 1240 = 7,0 \%$.

Сонымен, сауалнама нәтижесі <ä> фонемасын латын әліпбиіндегі /Ä ä/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар:

біріншіден, қуатсыйымдылығы төмен;

екіншіден, ағылшын-латын стандартында <ə> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Ä ä/ әрпінен басқа әріп жоқ;

үшіншіден, «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес;

төртіншіден, өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Ä ä/ графемасы <ə> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <ə> фонемасының бейнесі /Ä ä/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

3.5 Әріптің қуатсыйымдылығы:

Бірінші әліпби – 6,0 %.

Екінші әліпби – 4,9 %.

Үшінші әліпби – 7,0 %.

3.6 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:<ə> фонемасын таңбалау үшін /ä/ графемасын алған тиімді.

/Бб/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 Фонеманың айырым белгілері: <б> – дауыссыз, ерін-ерінді, босаң, тоғысыңқы, ұяң [38].

1.2 Фонеманың дыбыс қоры [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/б/	⇒<б>	⇒ [б°°]	Жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	[б°°]өрі, [б°°]үр
		⇒ [б°]	Жуан еріндіктермен іргелес келгенде	[б°]ор, [б°]үр
		⇒ [б]	Жуан езуліктермен іргелес келгенде	[б]ала, [б]ас
		⇒ [б']	Жіңішкеезуліктермен іргелес келгенде	[б']ес, [б']әлкім
		⇒ [б~]	Дауыстыаралық позицияда	а[б~]ай, е[б~]едейсіз, ө[б~]ектеу, о[б~]ал
		⇒ [п]	Қатаңнан кейін	ақ[п]ас, жеңіс[п]ек, көк[п]өрі, тас[п]ол
		⇒ [п]	Сөз аяғында	ара[п]
		⇒ [п~]	«Ш», «с»-ның алдында	ара[п~]сың ба
	⇒<б>-п>	⇒ [п]	Қатаңнан кейін	қақ[п]ас, бет[п]ақ, ақ[п]ар, төр[п]ақ
	⇒<п>-б>	⇒ [б]	Ұяң, үндіден кейін	көн[б]іс, дег[б]ір, ет[б]егінен
	⇒<б>	⇒ [б~]	Дауыстыаралық позицияда	маха[б~]ат
	⇒<б>+<б>	⇒ [б] + [б]		лә[б][б]ай, жа[б][б]ар

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /б/ графемасының пайыздық салмағы: 2,31%. Кездесу жиілігі: 15-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті*: аб, ба, әб, бә, еб, бе, об, бо, өб, бө, ұб, бұ, үб, бұ, ыб, бі. Барлық дауысты дыбыстармен тіркеседі [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғамайды; сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: /b/ графемасы көне түркі жазуында екі түрлі мәнде жұмсалды: бірі – жуан, бірі – жіңішке. Жуан дауыссыз [б] дыбысы бір (**𐰆**) таңбамен берілсе, жіңішке дауыссыз [б] дыбысы үш (**𐰇**) таңбамен берілді. *Ба – аб, бо – об, бе – еб* сингармобуындарына 1 таңбадан және жеке тұрғандағы <б> фонемасына жуан түріне 5 таңба, жіңішке түріне 3 таңба берілді. Бұл түркі сөздерінде кездесу жиілігі ең өнімді дыбыс болғанын дәлелдейді. Сөздің барлық позициясында келеді [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: <б> фонемасы ب (ба) арқылы берілген: бала – **بلا**, бас – **باس**. Аталған ب (ба) таңбасы қазақ тілінде 2 (п, б) дыбыстың мәнінде жұмсалды. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерінде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: ب (ба) таңбасы қалдырылды [139, 10-б.].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында* <б> фонемасы 1929 ж. және 1938-1940 жылдары /b/ әрпімен таңбаланды. Н.Төрөкұлов, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, М.Мырзаұлы жобаларында да <б> фонемасы /b/ түрінде берілді [116, 55-б.].

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)*: <б> фонемасы 1939 жылы /б/ графемасымен таңбаланды.

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: <б> фонемасы түркі тілдерінің ішінде әзербайжан, алтай, башқұрт, гагауз, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде /б/ әрпімен таңбаланды. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әріп» қағидатын сақтады [140].

2.7 *Әріптің орфографиясы*: [б] дыбысына, негізінен, орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген кірме сөздер аяқталады: *клуб, штаб, араб* т.б. [87].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: <б> фонемасы өзбек тілінде, түрік тілінде, әзербайжан тілінде, түрікмен тілінде – /b/ графемасымен таңбаланды.

III Сауалнама жобаларындағы <б> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */B/ әрпінің тарихы*: 3 әліпбиде де <б> фонемасы **Bb** әрпімен таңбаланады. Классикалық латын әліпби жүйесінде б.з.д. VII ғасырдан бастап бар [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: 1 әліпби жобасы бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респонденттің 3 қате жіберген. 2 әліпби жобасы бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респонденттің 4 қате жіберген. 3 әліпби жобасы бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респонденттің 6 қате жіберген.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: бұл графемаға қатысты респонденттерде ұсыныс жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: <б> фонемасы үш жобада да /b/ графемасымен таңбаланады. Барлық жазба мәтінде /b/ әрпі 10 рет кездеседі: *бауыры, фабрика, штаб, бәтеңке, Тәжібаевқа, бұрынғы, кейбіреу, авиабайланыс, бермеген, болып*. Сонда 248 респондент бұл әріпті 2480 рет жазады.

1-жоба бойынша 2480 рет жазылған <б> фонемасын /b/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 3 қате нұсқа жіберіп отыр. Мұны пайызға шаққанда, $(3 \times 100 : 2480 = 0,12)$ 0,1% көрсетіп отыр.

2-жоба бойынша 2480 рет жазылған <б> фонемасын /b/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 4 қате нұсқа жіберіп отыр. Мұны пайызға шаққанда, $(4 \times 100 : 2480 = 0,16)$ 0,2% көрсетіп отыр.

3-жоба бойынша 2480 рет жазылған <б> фонемасын /b/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 6 қате нұсқа жіберіп отыр. Мұны пайызға шаққанда, $(6 \times 100 : 2480 = 0,24)$ 0,2% көрсетіп отыр.

Біздің ойымызша, 3-жоба бойынша жіберілген қате нұсқалардың барлығы респонденттердің салғырттығымен байланысты болып отыр.

3.4 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: 1-жоба бойынша – 0,1%; 2-жоба бойынша – 0,2%; 3-жоба бойынша – 0,2%. Респонденттердің сауалнамасын саралау барысында бірінші, екінші, үшінші жобаларда берілген <б> фонемасының қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетті.

3.5 *Үш жоба бойынша қорытынды*: сауалнама қорытындысы <б> фонемасын латын әліпбиіндегі **Bb** әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында **b** фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық **Bb** әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылар және қазақ тілі ана тілі болып табылатындар санасында **Bb** графемасы <б> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <б> фонемасының бейнесі **Bb** болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Вв/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <в> – дауыссыз, тіс пен ерін, ызың, ұяң. <В> фонемасы қазақ тілінің төл дыбыстық құрамына (инвентарь) тән емес төл сөздерде фонема ретінде сөз мағынасын ажырата алмайды. Негізінен орыс тілінен енген сөз бен морфема құрамында қазақ мәтінінде қолданылады. Ұяң дыбыс ретінде тек орыс тілінен енген сөздерде жазылады [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс сипаты*: [v] дыбысы орыс әліпбиі арқылы енген терминдерде ғана таңбаланады.

1.3 *Қазақ тілінің қоғамдық-саяси мәтіндер корпусындағы /в/ графемасының пайыздық салмағы*: 0,26%. Кездесу жиілігі: 31-орында.

1.4 *Сөз позициясындағы орны*: кірме сөздерде сөз басында, ортасында, соңында кездеседі. Қазақ тілінде в-дан басталатын сөз жоқ, орыс тілінен келген *вагон, вазелин, вальс* т.б. сөздердің басында кездеседі. Сөз ортасы мен сөз соңында шетелдік сөз, морфемалар құрамында кездеседі: *индикативті анклав* т.б.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: **v** – фонема ретінде таңбаланған жоқ.

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: <v> фонемасы бірде түркілік **ڤ (ве)**, бірде арабтың **و (уау)** таңбалары арқылы берілген [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында* /v/ графемасы жоқ.

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929ж.)*: <v>фонемасының арнайы таңбасы жоқ. Сондықтан <v> фонемасы ереже арқылы көрсетіліп отырды: «Шеттен кірген сөздерде ерін жығысты **в** дыбысы қазақша **у** әрпімен жазылады. Орыс сөздердегі **в** дыбысы екі дауысты дыбыс арасында келгенде **у** арқылы, сөз басында **б** арқылы жазылады. Бітеу буында орысша **в** сіңіп кеткен ескі сөзден басқа жерде ылғи **п** арқылы жазылады *сергеніп, аптамабіл*».

1938 жылдан бастап орыс тілінен енген сөздер түпнұсқалыққа негізделе бастайды. Сондықтан әліпби құрамына<v>фонемасы енгізіліп, **Vv** графемасымен таңбаланды [116].

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940ж.)*: <v> фонемасы /v/ графемасымен таңбаланды.

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <v> фонемасы түркі тілдерінің ішінде эзербайжан, алтай, башқұрт, гагауз, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде /v/ әрпімен таңбаланды. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әрпі» қағидатын сақтады [140].

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: <v> фонемасы өзбек, түрік, эзербайжан, түрікмен тілдерінде /v/ графемасымен таңбаланады.

2.8 *Әріптің орфографиясы*: /В/әрпі орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана жазылады: *вагон, велосипед, вокзал*; [в] дыбысына, негізінен, орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздер аяқталады: *актив, штатив*[87].

III Сауалнама жобаларындағы <v> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */В/ әрпінің тарихы*: 3 жобада да <v> фонемасы /Vv/ әрпімен таңбаланады. Латын әліпбиінде XVI ғасырға дейін **V** таңбасы дауысты **U** дыбысы мен дауыссыз **V** дыбысының мәнін берді. Бір таңба екі дыбыстың мәнін бергендіктен, сөздердің мағынасын ажыратуда қиындық келтіреді. Сондықтан XVI ғасырдан бастап дауысты **U** жеке графема ретінде және дауыссыз **V** жеке графема ретінде таңбаланады[128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 1-жоба бойынша – 7 қате, 2-жоба бойынша – 6 қате, 3-жоба бойынша 5 қате жіберген.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: бұл графемаға қатысты респонденттердің ұсыныстары жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: <в> фонемасы үш жобада да /v/ графемасымен таңбалады. Барлық жазба мәтінде /в/ әрпі 4 рет кездеседі: *эволюция, Тәжібаевқа, киловатқа, авиабайланыс*. Сонда 248 респондент бұл әріпті 992 рет жазады.

1-жоба бойынша 992 рет жазылған <в> фонемасын /v/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 7 қате нұсқа жіберіп отыр. Мұны пайызға шаққанда, $(7 \times 100 : 992 = 0,70)$ 0,7% көрсетіп отыр.

2-жоба бойынша 1984 рет жазылған <в> фонемасын /v/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 6 қате нұсқа жіберіп отыр. Мұны пайызға шаққанда, $(6 \times 100 : 992 = 0,60)$ 0,6% көрсетіп отыр.

3-жоба бойынша 1984 рет жазылған <в> фонемасын /v/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 5 қате нұсқа жіберіп отыр. Мұны пайызға шаққанда, $(5 \times 100 : 992 = 0,50)$ 0,5% көрсетіп отыр.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: 1-жоба бойынша – 0,7%; 2-жоба бойынша – 0,6%; 3-жоба бойынша – 0,5%. Респонденттердің сауалнамасын саралау барысында бірінші, екінші, үшінші жобаларда берілген <в> фонемасының қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетті.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: <в> фонемасын латын әліпбиіндегі /v/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <в> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /v/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /v/ графемасы <в> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <в> фонемасының бейнесі /v/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Г/графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <г> – дауыссыз, тіл арты, босаң тоғысыңқы, ұяң [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/г/	⇒<г>	⇒ [г]	Жуан езуліктермен буын құрағанда	[г]ауһар
		⇒ [к]	Қатаннан кейін	ақ[к]ұл, айт[к]ұл
		⇒ [г']	Жіңішке езуліктермен буын құрағанда	[г']әп, кере[г']е
		⇒ [г'°]	Жіңішке еріндіктермен буын құрағанда	[г'°]ұл, [г'°]үріл
	⇒<г>.<к>	⇒ [г]	Сыңар мағынасы көмескі біріккен сөздерде	ала[г]өбе, ала[г]еуім, ала[г]үлік, сай[г]үлік, ада-[г]үде, адың-[г]үдің
	⇒<к>	⇒ [г]	Дыбыстық контоминацияға түскен біріккен сөзде	Кө[г]ал, кө[г]ауыз, кө[г]еру, кө[г]орай, кө[г]ет, кө[г]ілдір

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /z/ графемасының пайыздық салмағы: 1,20%. Кездесу жиілігі: 25-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: жуан және жіңішке дауыстылармен тіркеседі: *га, ағ, гә, ге, ег, го, гө, өг, гү, үг*. «Ұ», «ы», «і» дауыстыларымен тіркеспейді [38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғамайды; сөз басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында: /г/ графемасының көне түркі жазуында **𐰆𐰇** таңбалары болған. *Гә, әг, ге, ег, гү, үг, гі, иг* сингармобуындарына 1 таңбадан және жеке тұрғандағы <г> фонемасына 2 таңба берілді. Сөз ортасы мен соңғы позициясында келеді [142].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында: <г> фонемасы бірде арабтың **ك(каф)** таңбасы, бірде парсының **گ(ге)** таңбасы арқылы берілген: *сұлу – سولو, құн – قون*. /Г/ фонемасы сөз басы, ортасы, аяғында келді. Қазақ тілінде жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: парсылық **گ(ге)** таңбасы қалдырылды [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.): <г>фонемасы /Gg/ әрпімен таңбаланды. 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде де <г>фонемасы /Gg/ графемасымен таңбаланды[116].

2.5 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.): <г> фонемасы /г/ графемасымен таңбаланды.

2.6 Өзге түркі тілдері жазуында: <г> фонемасы түркі тілдерінің ішінде әзербайжан, алтай, башқұрт, гагауз, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде /г/ әрпімен таңбаланды. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әріп» қағидатын сақтады [140].

2.7 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде: <г> фонемасы өзбек, түрік, әзербайжан, түрікмен тілдерінде /Gg/графемасымен таңбаланды.

2.8 Әріптің орфографиясы: [г] дыбысына, негізінен, орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздер аяқталады: *педагог, монолог, округ* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <г> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /Г/ әрпінің тарихы: 3 жобада да <г> фонемасы /Gg/ әрпімен таңбаланады. Латын әліпбиіндегі /Gg/ графемасы біздің заманымызға дейін 234 жылы жеке әріп ретінде таңбалана бастады. /С/ әрпіне қиғаш сызық қою арқылы /G/ графемасы пайда болды. Оған дейін /С/ әрпі екі дыбыстың мәнін берді, бірі – [k], бірі –[g] [128].

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі: сауалнамада берілген сөздерді 1-жобамен жазуда – 7 қате, 2-жоба бойынша – 7 қате, 3-жоба бойынша 4 қате жіберген.

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: бұл графемаға қатысты респонденттердің ұсыныстары жоқ.

3.4 Сауалнама нәтижесі: <г> фонемасы бірінші, екінші және үшінші әліпби жобаларында /g/ графемасымен таңбаланады. Барлық жазба мәтінде /г/ әрпі 8 рет кездеседі: қыстыгүні, лагерьге, педагогтер, деген, бермеген, гүлің, егілемін, төгілемін. Сонда 248 респондент бұл әріпті 1984 рет жазады. Осы 1984 рет жазылған <г> фонемасын белгілеуде 1-жоба бойынша төмендегідей қателер кеткен:

1-жоба бойынша <г> фонемасының жазылымы

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы, саны	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
г	g	k (5)	pedagokter
		q (2)	eqilemin

Кестедегі нұсқалардың (**k**, **q**)бірнеше себебін айтуға болады. Біріншіден, /g/ графемасының орнына /k/ графемасының белгіленуін респонденттердің салғырттығымен байланыстыруға болады. Ал /q/ графемасымен белгіленуін екі таңбаның жазылуына мән бермегендіктен болуы керек.

2-жобада да респонденттер 1-жобадағыдай графемаларды таңбалау түрінен қате жіберген. Оның себебі жоғарыда түсіндірілді.

2-жоба бойынша <г> фонемасының жазылымы

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы, саны	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
г	g	k (6)	qıstıküni
		q (1)	eqilemin

3-жоба бойынша /г/ графемасы респонденттер тарапынан /q/ графемасымен таңбанып, 4 рет қате жазылған. Оның да себебі жоғарыда түсіндірілді.

3-жоба бойынша <g> фонемасының жазылымы

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы, саны	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
г	g	q (4)	pedaqoqter, eqilemin

1-жоба бойынша 1984 рет жазылған <г> фонемасын /g/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 7 қате жіберіп отыр. Мұны пайызға шаққанда, $(7 \times 100 : 1984 = 0,35)$ 0,4% болады.

2-жоба бойынша 1984 рет жазылған <г> фонемасын /g/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 6 қате жіберген. Мұны пайызға шаққанда, $(6 \times 100 : 1984 = 0,30)$ 0,3% болады.

3-жоба бойынша 4 рет жазылған <г> фонемасын /g/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 4 қате жіберген. Мұны пайызға шаққанда, $(4 \times 100 : 1984 = 0,20)$ 0,2% болады.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: 1-жоба бойынша – 0,4%, 2-жоба бойынша – 0,3%, 3-жоба бойынша – 0,2%. Респонденттердің сауалнамаларын саралау нәтижесі бірінші, екінші, үшінші жобаларда берілген <г> фонемасының қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетті.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: сауалнама нәтижесі <г> фонемасын латын әліпбиіндегі /Gg/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <г> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Gg/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Gg/ графемасы <г> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <г> фонемасының бейнесі /Gg/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Ғғ/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <ғ> – дауыссыз, тоғысыңқы, тілшік, ұяң [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры*: <ғ> фонемасы сөз ішінде және сөздер шенінде әлсіз позицияда дыбыс ықпалына ұшырайды, бірақ таңбаланбайды. Төменде <ғ> фонемасының дыбыс қоры кестеге салынып берілді [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ғ/	⇒<ғ>	⇒ [ғ]	Сөз басы мен ортасында, жуан езуліктермен іргелесте	[ғ]арыш, ал[ғ]ыс
		⇒ [ғ°]	Жуан	[ғ°]ұн, бұ[ғ°]ы, [ғ°]ұмыр
		⇒ [ғ']	Жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	[ғ']ақлия, [ғ']азиз, қа[ғ']ілез
		⇒ [к]	Қатаңнан кейін	ширек[к]асыр, жас[к]ұмыр

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /g/ графемасының пайыздық салмағы*: 1,54%. Кездесу жиілігі: 19-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті*: жуан дауыстылармен ғана тіркеседі: *ға, ағ, го, оғ, ғы, ығ, гұ, ұғ*. Жіңішке дауыстылармен тек әлсіз позицияда тіркеседі, бірақ жазылмайды (*ге, ег, гі, іг, үг, гү, ге. ег, әг, гә* тіркесімдері ауызша тілде ғана).

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғайды; сөздің басы мен ортасында ғана кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында: ү (ү)жуан айтылатын сөзде жазылады. Сарөзен I (б.з.б. XIV-VIII ғғ.) дерегінде ƆС деген, Сарөзен II-де (б.з.б. V-III ғғ.) ƆС, Ɔꞑ; Сақ (скиф)

дәуірінде (б.з.б. VIII-III ғғ.) 𐰉; Алтай-саян, Оңтүстік Енисей, Орхон 𐰉, 𐰊 Таласта 𐰉, 𐰊, 𐰋 Енисейде 𐰊, 𐰋, Шығыс Түркістанда 𐰉 деген таңба түрлерімен берілген. Сөз басында жазылмаған. Сөз ортасы мен сөз соңында жазылған: j(a) d(a) ү(zadaу) «жаяу», γloul(u)ү «үлкен, ұлы, ұлық» [143].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында:

Қадым жүйесінде: 1) ғайн (غ) әрпі арқылы: аға – اغا, қырғыз – قرغز; 2) көмейлік айн (ع) әрпі арқылы: болұрға – بلورعه, болұнғушы – بلونعشى; 3) түркілік не (ك) арқылы: ғана – كنه таңбаланған.

Жәдид жүйесінде: 1) ғайн (غ) арқылы таңбалануы басым: бүйрұғы – بويروغى, алған – الغان; 2) айн (ع) арқылы: бастұғы – باستوعى, қараған – قاراعان, сондай-ақ 3) каф (ك) арқылы берілген: Әулиеатадағы – اوليه اتاداكى, тынышлығынсыз – تنشلكنسز. /K/ әрпімен де жазылған: XVIII-XIXғғ. араб жазулы ескерткіштер тіліндечықармасаңыз, йоқарыда, жолукұсұб, достылықым, йарлықым, йаманлықына, тынычлықын, қылғанлықы сөздері кездеседі [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: <Ғ> фонемасы ғайн (غ) таңбасы арқылы берілген [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) <Ғ> фонемасы /q/ әрпінің өзгерген түрімен берілді: Q]. 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде өзгерген жоқ.

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940ж.) <Ғ> фонемасы жіңішке тембрлі сөздерде ғана жазылатын тіл ортасы, тоғысыңқы, ұяң <г> фонемасын таңбалайтын орыс әліпбиіндегі /г/ әрпіне «әріп ортасы» сызық сала отырып, /Ғ/ түрінде берілді. <Ғ> фонемасын <г> инвариантының жуан сингармотембрлі варианты ретінде ортақ /г/ графемасымен ғана таңбалайық деген пікірлер болды (С.Сарыбаев). Бірақ бұл пікірлер қолдау таппай, әріптің осы түрі қабылданды [15].

2.7 Өзге түркі тілдері жазуында: 1940 жылы <Ғ> фонемасын ноғай әліпбиі /гъ/, қарашай әліпбиі /гь/ әріптікестері арқылы берсе, қырғыз әліпбиі /г/ графемасымен таңбалады. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әріп» қағидатын сақтады. Бұл графеманы өзбек, ұйғыр әліпбилері қабылдады [15].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде: <Ғ> фонемасы латын графикасын қабылдаған түрік, эзербайжан әліпбилерінде /ğ/, өзбек жазуының жаңа реформасынан кейін /g'/ таңбасымен жазылады. Ал түрікмен жазуында <Ғ> фонемасы таңбаланбайды.

III Сауалнама жобаларындағы <Ғ> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /Ғ/ әрпінің тарихы: Ğğ (гачек арқылы g) – кеңейтілген латиницаның таңбасы. Бұл әріп алғаш Чехия мен Словакияда XIX ғ. ортасына дейін дауыссыз [g] дыбысын беру үшін пайда болды. Коллт-саам жазуында жіңішке «g», пушту, бербер, лакот жазуларында қолданылды. Түрік әліпбиінде жұмсақ, үнсіз, жуан [g] дыбысын таңбалайды. <Ғ> фонемасын 1-жоба – /gh/ әріп тіркесімен, 2-жоба – /ğ/ әрпімен, 3-жоба /gh/ әрпімен таңбалайды.

3.2 Үш жоба бойынша жазылым қатесі: 1-жоба бойынша кирил жазуындағы сөздерді жаңа әліпби жобасы бойынша жазуда – 162 қате, 2-жоба бойынша – 153,

3-жоба бойынша 156 қате кеткен. Респонденттің 18-і бұл фонеманы /gh/ тіркесі арқылы беруді қиын таңба санаған. Ал 8 респондент /ǵ/ таңбасын қиын, 17-сі оңай санаған.

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: ұсыныс берілмеген.

3.4 Сауалнама нәтижесі: әліпби жобаларында қазақ тіліндегі <ғ> фонемасын 1-ші және 3-ші жобаларда /gh/ диграфымен белгілеу, ал 2-ші жобада /ǵ/ таңбасымен жазу ұсынылған. Берілген сөздерді көрсетілген әліпби құрамындағы әріптер бойынша жазып шығуда <ғ> фонемасы 21 рет кездеседі. Сонда респондент саны мен әріптің кездесу жиілігін көбейтсек, $248 \times 21 = 5208$ шығады. Осы 5208 рет жазылған <ғ> фонемасынан 471 қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

$5208 - 100\%$

$471 - x\%$ деп алып, $47100 : 5208 = 9,0\%$ болады.

Енді жеке әліпби жобалары бойынша айтсақ, 1-әліпби жобасы бойынша бір респондент <ғ> фонемасын /gh/ диграфы арқылы 7 рет жазса, 248 респондент 1736 рет жазады. Осы орфограммдан 162 рет қате кеткен. Пайызға шаққанда:

$1736 - 100\%$.

$162 - x\%$, деп алғанда, $16200 : 1736 = 9,3\%$ шығады.

2-жоба бойынша 7 рет кездесетін <ғ> фонемасын /ǵ/ таңбасы арқылы 248 респондент 1736 рет жазғанда 153 қате жіберген. Пайызға шаққанда:

$1736 - 100\%$.

$153 - x\%$, деп алғанда, $15300 : 1736 = 8,8\%$ шығады.

3-жоба бойынша 1 респондент <ǵ> фонемасын /gh/ диграфы арқылы 7 рет, ал 248 респондент 1736 рет жазды. Бұл жазылымда 156 рет қате кетті. Пайызға шаққанда:

$1736 - 100\%$

$156 - x\%$ деп алғанда, $15600 : 1736 = 8,9\%$ болады.

Статистика берген енді бір мәлімет осы жіберілген 156 қате орфограмма қандай балама таңба ұсынды дегенге жауап береді. Атап айтқанда, үш жоба бойынша барлығы 375 рет <ғ> фонемасын /g/ әрпімен берген. Пайызға шақсақ, барлық қатенің 27%-ы осы әріпті қалағаннан шыққан.

Респондент 1-ші және 3-ші жобалар бойынша 14 рет <ғ> фонемасын /gh/ тіркесімен жазғанда 1736 рет таңбалаған екен. Бірақ 158 рет /gh/ тіркесінің орнына /g/ әрпін жазған. 4 рет /ǵ/ таңбасын қолданған.

Ал 2-жобадағы /ǵ/ таңбасының орнына 101 рет /g/, 49 рет екі нүктесі бар /g/, 106 рет төбесінде сызығы бар /g/ әрпін қателесіп жазған. Бұл 1736 рет кездескен /ғ/ таңбасын 153 рет қателесіп, /g/ және екі нүктесі бар /g/, төбесінде сызығы бар /g/ әрпімен жазды деген сөз.

Сонда үш әліпбидегі таңбалардың қуатсыйымдылықтарын салыстырсақ, мынадай көрініс аламыз: $9,0\% - 8,8\% - 8,9\%$.

3.5 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды: 2-жобамен жазуға кеткен /ǵ/ әрпінің қуатсыйымдылығы 1-ші және 3-ші жобалардағы жазуға кеткен қуатсыйымдылыққа қарағанда төмен. Мұның бір себебін атай аламыз: респонденттердің 98-і түрік тілі мен жазуын білетін Сүлейман Демирель университетінің студенттері болғандықтан, олар бұл әріпті түрік тіліндегі жұмсақ /f/ әрпімен таңбалауды қиынға санамаған, сонымен қатар қазіргі жастардың көбісі түрік тілінің әліпбиін таниды, оқи алады. Ал

3-ші жобадағы қуатсыйымдылықтың 1-ші жобаға қарағанда төмендеуі қазіргі латын әліпбиін қолданып, жазатын жастар жазба тілінде /ғ/ әрпі /gh/ диграфымен транслитерация жасалып, тұрақтала бастағаны деп түсіндіреміз.

/Дд/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <д> – дауыссыз, тіл алды, босаң тоғысыңқы, ұяң [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/д/	⇒<д>	⇒ [д]	Жуан езуліктермен іргелес келгенде	[д]ала, қарбыз[д]ың
		⇒ [д']	Жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	[д']әл, кез[д']ер
		⇒ [д°]	Жуан еріндіктермен іргелес келгенде	[д°]орба, [д°]ұрыс
		⇒[д°']	Жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	[д°']үние, [д°']өңгелек
		⇒ [т]	Қатаңнан кейін, жуан езулікпен іргелес келгенде	жат[т]ауыс
		⇒ [т°]	Қатаңнан кейін, жуан еріндікпен іргелес келгенде	ат[т°]орба
		⇒[т']	Қатаңнан кейін, жіңішке езулікпен іргелес келгенде	[т']әптер, бес[т']әрігер
		⇒ [т°']	Қатаңнан кейін, жіңішке еріндікпен іргелес келгенде	[т°']өңгелек
	⇒<дд>	⇒[дд]	Кірме сөздерде	мү[дд]е, ә[дд]і, кү[дд]ы
	⇒<д>-<л>	⇒ [л]	Жергілікті тілде	тұң[л]ік, маң[л]ай, саң[л]ақ, таң[л]ай

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /д/ графемасының пайыздық салмағы:* 4,26%. Кездесу жиілігі: 10-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті:* жуан және жіңішке дауыстылармен тіркеседі: да, ад, дә, әд, де, ед, до, од, дө, дұ, ұд, дү, үд, алайда өд түрінде тіркесе алмайды [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны:* позиция талғамайды; сөз басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында:* /д/ графемасы екі мәнде жұмсалған: бірі – жуан, бірі – жіңішке. Дауыссыз жуан [д] дыбысы – **Ж** таңбасымен, ал дауыссыз жіңішке [д] дыбысы **Х** таңбасымен берілген. Сөз ортасы мен соңғы позициясында келген [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында:*<д> фонемасы **د** (дәл) арқылы берілген: сұлу – سولو, құн – قون. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ

тілінің төл сөздерінен жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында* **Д** (дәл) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <д> фонемасы /Dd/ әрпімен таңбаланды. 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде /Dd/ әрпі өзгеріссіз қалды [116].

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)*: <д> фонемасы /d/ графемасымен таңбаланды.

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <д> фонемасы түркі тілдерінің ішінде әзербайжан, алтай, башқұрт, гагауз, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде /d/ әрпімен таңбаланды. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әріп» қағидатын сақтады [140].

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: <д> фонемасы өзбек, түрік, әзербайжан, түрікмен тілдерінде /Dd/ графемасымен таңбаланады.

2.8 */Д/әрпінің орфографиясы*: [д] дыбысына, негізінен, орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздер аяқталады: *отряд, парад* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <д> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */Д/ әрпінің тарихы*: 3 әліпби жобасында да <д> фонемасы /Dd/ әрпімен таңбаланады. Классикалық латын әліпбиінде /Dd/ әрпі б.з.д. VII ғасырдан бастап қолданыла бастады. Бұл фонема дауыссыз дыбыстың мәнін берді [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: 1-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 9 қате жіберген. 2-жоба бойынша – 8 қате, 3-жоба бойынша – 8 қате.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: бұл графемаға қатысты респонденттердің ұсыныстары жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: <д> фонемасы үш жобада да /d/ графемасымен таңбаланады. Барлық жазба мәтінде /d/ әрпі 20 рет кездеседі: *өсімдік, жұдырық, тыяды, уылдырық, жияды, ұйиды, диспетчер, координат, кальцийдің, Омскіден, коммуналдық, князьдік, педагогтер, ыдыс-аяқ, дән, даласы, дастаны, ежелден, ер деген, даңқымыз*. Сонда 248 респондент бұл әріпті 4960 рет жазады.

1-жоба бойынша 4960 рет жазылған <д> фонемасын /d/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 9 қате жіберген. Мұны пайызға шаққанда, $(9 \times 100 : 4960 = 0,18)$ 0,2% көрсетіп отыр.

2-жоба бойынша 4960 рет жазылған <д> фонемасын /d/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 8 қате жіберген. Мұны пайызға шаққанда, $(8 \times 100 : 4960 = 0,16)$ 0,2% көрсетіп отыр.

3-жоба бойынша 4960 рет жазылған <д> фонемасын /d/ графемасымен белгілеуде, яғни кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 8 қате жіберген. Мұны пайызға шаққанда, $(8 \times 100 : 4960 = 0,16)$ 0,2% көрсетіп отыр.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: 1-жоба бойынша – 0,2%, 2-жоба бойынша – 0,2%, 3-жоба бойынша – 0,2%. Респонденттердің сауалнамаларын саралау барысында бірінші, екінші, үшінші жобаларда берілген <д> фонемасының қуатсыйымдылығы төмен екені айқындалды.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: сауалнама нәтижесі <д> фонемасын латын әліпбиіндегі /Dd/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <д> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Dd/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Dd/ графемасы <д> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <д> фонемасының бейнесі /Dd/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Ее/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <е> – фонемасы дауысты, тым қысаң, езулік, тіл алды, жіңішке [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/e/	⇒<e>	⇒ [э]	Жуан сыңарлы құрама сөзде, «с», «ш», «ж» дыбыстарынан кейін	[э]рлан, [э]лнұр, ес[э]к, ш[э]п, с[э]п, ж[э]у
		⇒ [е]	Сөз ортасында, аяғында	к[е]л, т[е]с
		⇒ [ʲe]	Сөз басында	[ʲe]т, [ʲe]л
		⇒ [ə]	Ауызекі тілде	[ə]д[ə]биет, көг[ə]ршін
		⇒ [i]	«Ш»-ның алдында, ауызекі тілде	[i]штеме, [i]штеңке
		⇒ ø	Дауыстымен қатар келгенде, сөз тіркесі жігінде	кел[ʲ]алмады, кел[ʲ]іліністі, екп[ʲ]ағаш
		⇒ [ø]	Еріндік буыннан кейін	түй[ø], бөл[ø], күй[ø]
		⇒ [e°]	Ерін үндестігінің 3-4-буынында	дөңгел[e°]к, құрм[e°]т, сур[e°]т, сүрмел[e°]у, өзент[e°]л
	⇒<e> – <a>	⇒ [ə]	Бейүндес буын аралығында, кірме сөздерде	кар[ə]кет, кош[ə]мәт

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /e/ графемасының пайыздық салмағы*: 7,82%. Кездесу жиілігі: 2-орында.

1.4 *Дыбыстармен тіркесу қабілеті*: [қ], [ғ] дыбыстарымен тіркеспейді. Алайда ауызша сөзде [қ], [ғ] дыбыстарымен тіркесіп, жіңішке айтыла береді, мысалы: ақ егіс [aʁegis]. Басқа дауыссыздармен тіркесе береді.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: сөз басы мен аяғы, ортасында айтылады және жазылады. Сөз басында айтылғанда алдына [у] дауыссызы селбесіп дыбысталады.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: <e> фонемасы [a] дауыстысымен ортақ әріппен таңбаланды. Жіңішке дауыссыздармен тіркескен таңба /e/ болып оқылған. /E/ әрпі сөз басы мен ортасында таңбаланбаған, сөз аяғында жүйелі түрде жазылып отырған [15, 105-6.].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: араб графикалы жазуда бұл фонеманың жеке таңбасы болған жоқ, дауыстылар жұптасып, харақаттар арқылы берілді. Олар: [a, e] дауыстылары *фатха, у, ұ, ө дамма, и, ы, і кесрамен* таңбаланды. Бірақ <e> фонемасы 1) **алиф (ا)** арқылы: *береді* – *برادى*, *жібереді* – *جباردى*; 2) **иа (ي)** арқылы: *келсе* – *كيسه*, *тек* – *تيك*; 3) **һа (ه)** арқылы: *егер* – *هكر*, *түйе* – *تويه* берілген. Сөз басында келетін [e] дауыстысы, негізінен, **иа** және **һа** таңбаларымен берілген. Сөз аяғында келетін [e] дыбысы үнемі **һа (ه)** әрпімен белгіленіп отырған. **Алиф (ا)** пен **иа (ي)** сөз аяғында келетін [e] дыбысын таңбаламаған. Яғни сөз аяғы [e] дыбысына бітсе, **һа (ه)** әрпі арқылы таңбаланып отырған. Қадым жазу жүйесінде бірінші буындағы дауыстылар жазылмаған.

Ал жәдид жүйесінде <e> фонемасы **алиф (ا)** және **иа (ي)** арқылы жиі таңбаланып отырған. Кейде бір сөз ішінде екі таңба қатар қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <e> фонемасы **һа (ه)** арқылы жеке әріп-таңба алды. Бұл әріп таңбаланған жіңішке айтылатын сөздерге дәйекше белгісі қойылмады.

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)*: <e> фонемасы /e/ әрпімен жазылды. 1938 ж. түзетуде өзгеріс болған жоқ.

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940ж.)*: /e/ әрпімен таңбаланды.

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: /e/ әрпі араб, латын, кирил графикасына негізделген түркі әліпбилерінде ортақ таңбамен берілді.

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: ортақ /e/ графемасы қабылданды.

III Сауалнама жобаларындағы <e> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */E/ әрпінің тарихы*: бұл таңба латын әліпбиінің алғашқы құрамындағы шамамен б.з.д VII ғ. пайда болып, 21 әріптің бірі ретінде 5-таңбасы болып қолданды. Ағылшын әліпбиінде [i:] деп дыбысталады және ең жиі қолданылатын әріп ретінде алынды. [E] дыбысының таңбасы үш әліпбиде де ортақ /e/ әрпімен берілген.

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: жалпы сауалнаманың жазылым бөлігінде /e/ әрпі 47 рет кездеседі. 1-жоба бойынша кирил жазуындағы сөздерді жазуда – 243 қате, 2-жоба бойынша – 36, 3-жоба бойынша 31 қате кеткен. Респонденттер бұл таңбаны қиын әріпке санамаған.

3.4 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: 248 респондент /e/ әрпін 47 рет жазып, 11656 рет қолданылған. Олай болса, 1-жобадағы /e/ графемасының қуатсыйымдылығы былай анықталады:

11656 – 100%.

243 – х болғанда, 24300 : 11656 = 2,1%.

2-жобада: 11656 – 100%.

36 – х болғанда, $3600 : 11656 = 0,3\%$,

3-жобада: 11656 – 100%.

31 – х болғанда, $3100 : 11656 = 0,3\%$.

Қорыта айтқанда, /е/ графемасымен жазу жеңіл болды.

3.5 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: жоқ.

3.6 *Сауалнама нәтижесі*: <е> фонемасын латын әліпбиіндегі /е/ әрпімен таңбалауға қарсылық болған жоқ. Себебі /е/ әрпі: а) ағылшын-латын стандартында <е> фонемасын береді; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың сана-сында /е/ графемасы <е> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді.

/Жж/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <ж> – дауыссыз, жайылыңқы жуысыңқы, тіл ұшы, ұяң [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15].

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ж/ графемасының пайыздық салмағы*: 1,81%. Кездесу жиілігі: 17-орында.

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ж/	⇒<ж>	⇒ [ж]	Сөз басында, ортасында, жуан езуліктермен іргелес келгенде	[ж]аз, а[ж]ал
		⇒ [ж']	Сөз басында, ортасында, жіңішке езуліктермен және «й», «һ» фонемасымен іргелес немесе бір сингармотембрде келгенде	[ж']е, [ж']ә, [ж']ай, [ж']иһаз, [ж']иһангер, [ж']айлау, [ж']айылым
		⇒[ж'']	Сөз басында, ортасында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	[ж'']үз, [ж'']өтел, [ж'']үгіріс
		⇒[ж'°]	Сөз басында, ортасында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	[ж'°]орға, [ж'°]ұрт
		⇒ [ш]	Қатаң дауыссыздан кейін, жуандармен іргелес келгенде	бес[ш]асар
		⇒ [ш']	Қатаң дауыссыздан кейін, жіңішкелермен іргелес келгенде	үш[ш']ер
		⇒[ш'~]	[Т] дыбысымен іргелес позицияда	жағ[ш'~]ер
		⇒[ш'°]	Қатаң дауыссыздан кейін, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	тас[ш'°]ол, қас[ш'°]ұлу
		⇒[ш'°']	Қатаң дауыссыздан кейін, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	үш[ш'°']үз

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті*: қазақ тілінде /ж/ графемасы дауыстылармен жа-аж, жә-әж, же-еж, жо-ож, жө-өж, жұ-ұж, жү, жы-ыж, жі формасында тіркеседі, ал ұж, іж түрінде тіркеспейді [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғамайды; сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында /ж/ графемасы /й/-мен берілген: йағы (жағы), йана (және), йол (жол), йаш (жас) т.б.* [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында: <ж> фонемасы жійм (ج) арқылы беріледі. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған* [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында жійм (ج) таңбасы қалдырылған* [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) <ж> фонемасы /ç/ әрпімен берілген: Çuldyz, çol* [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде: <ж> фонемасы өзгертілмей /Çç/ түрінде берілген* [140].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.) <ж> фонемасына кирил графикасындағы /ж/ таңбасы алынды* [140].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында: 1940 жылғы кирил әліпбиіндегі <ж> фонемасын ноғай, каракалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр әліпбилері /ж/ графемасымен таңбалады* [140].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде <ж> фонемасы негізінде /j/ әрпімен таңбаланады. Айталық, түрік, өзбек, эзербайжан әліпбилерінде /j/ бар, ал түркімен әліпбиінде /ж/ графемасы мүлдем жоқ.*

III Сауалнама жобаларындағы <ж> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */Ж/ әрпінің тарихы: <ж> фонемасы 1-ші және 3-ші жобаларда /zh/ әріптіркесі арқылы таңбаланса, 2-ші жобада бұған /j/ графемасы ұсынылған.*

/Z/ пен /h/ б.з.д.VII ғасырдағы классикалық латын әліпбиінде бар. Біздің заманымызға дейінгі 234 жылы /Z/-тің орнына /G/ таңбаланып, сонан соң б.з.д. 312 жылы қайтадан /Z/ таңбасы қолданыла бастаған.

*/Jj/ таңбасы алғашқы 23 әріптің құрамында болмаған (б.з.д. I ғ.). Алайда XVI ғасырда әліпбиге өзгеріс енгізіліп, /i/ таңбасынан ажырату мақсатында /Jj/ таңбасы пайда болған. Сол кезеңдегі басылымдардың көбінде /Jj/-дің орнына /i/ әрпі қолданылған. Сондықтан сөздіктерден *iat* және *jam*, *inictum* және *injectum* нұсқаларын кездестіруге болады. Ал әлемдік деңгейде ағылшын тілінің ерекшелігін ескерсек, /Jj/ әрпі тек <ж> фонемасын береді. Мысалы: *Jonson* [128].*

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:*

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 72 қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <ж> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 9 рет (*жайғызу, жұдырық, жарқ-жұрқ, жияды, жаңғалақ, жанкүйер, сиыржоңышқа, Тәжібаевқа, Жолио-Кюри*). IV бөлім бойынша – 3 рет (*ежелден, жырың, жерім*).

Бірінші жобада берілген <ж> фонемасын респонденттер <j> графемасымен таңбалап, 35 қате жіберген. Бұл жерде респонденттер тарапынан /zh/ диграфынан гөрі жалаң /j/ таңбасы құпталатыны аңғарылады. Сондай-ақ графемалық интерференцияға байланысты /zh/ графемасы кирилше /ж/ әрпімен таңбаланып, 10 қате орын алған. Бұған қоса респонденттердің салғырттығынан <ж> фонемасы /z/, /ch/, /sh/, /jh/, /zn/ тәрізді графемалармен белгіленіп, бірқатар қате жіберілген.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ж	zh	z	15 (zajhyzw, zudyryk, zark-zyrk, zeidw, zarq-zurq, zajady, ziyady, zanggalaq, Zoljo, ezelden zangghalaq)
		j	35 (jaygyzu, judyryq, jark-jurk, jiyadi, jankuejer, jangghalaq, Tajibaevqa, Jolio-Kyuri, jirin, jerim jarq-jurq, jangghalaq, Ta' jibaevqa)
		ж	10 (judyryq, zharq-журq)
		ch	3 (echelden)
		sh	6 (zarq-shurq, sharq-shurq, shangalaq)
		jh	1 (Jholio)
		zn	2 (znajnyzuw, znyryng)
Жалпы			72

2-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 185 қате жіберген. Оның ішінде қатенің басым бөлігі /j/ әрпінің /zh/ диграфымен таңбалануынан орын алған (138 қате). Бұл жерде жазарманның 1-ші әліпби жобасындағы графемаға машықтанып алғандығы көрінеді. Сондай-ақ кейбір респонденттердің /j/ әрпін кирил графикасындағы /ж/ графемасымен таңбалап, 40 қате жіберуін графемалық интерференция салдарынан туындаған жағдай деп түсіну керек.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ж	j	zh	138 (zhayǵizw, zhudiriq, zharq-zhurq, zhiyadi, zhangalaq, zhanküyer, sıyrzhoñışqa, Tazhibaevqa, Zholio- Kiywri, ezhelden, zhirñ, zherim)
		z	6 (zayǵızuw, zark-zurk, ziyyadi)
		ж	40 (judiriq, Жolio)
		ǵ	1 (sıyrǵonisqa)
Жалпы			185

3-әліпби жобасы бойынша: үшінші әліпби жобасы бойынша керісінше жағдай орын алған: респонденттер <ж> фонемасын /zh/ диграфымен берудің орнына екінші жобадағы /j/ графемасымен таңбалап, 70 қате жіберген. Бұл респонденттердің /j/ графемасын жазуға қол үйретіп, біраз машықтанып алғандарын көрсетеді. Сондай-ақ графемалық интерференцияға байланысты кейбір респонденттер /zh/ әрпін кирил графикасындағы /ж/ графемасымен таңбалап, 11 қате жіберген. Бұған қоса /zh/ диграфын /sh/ диграфымен шатастыру және /z/ графемасымен қате беру жайттары орын алған.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ж	zh	j	70 (judırıq, jarq-jurq, jiyadı, janngalaq, janküyer, sıyrıjongısqqa, Tajıbaevqa, Joliyo-Kiywri, ejelden, jıryng, jerim)
		z	5 (zanküyer, zajghyzu, zudyryq, ezelden)
		ж	11 (jangghalak, zharg-жург, жанkuur)
		sh	8 (shajghyzu, shudiriq, sharq-shurq, shiyadı, eshelden)
Жалпы			94

3.3 *Сауалнамашылардың балама ұсыныстары:* <ж> фонемасына қатысты ұсыныс жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* 1-ші және 3-ші әліпби жобаларында <ж> фонемасы – /zh/, ал 2-ші әліпби жобасында /j/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /ж/ әрпі 12 рет кездеседі. Сонда 1-ші әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 2976 рет жазады. 2976 рет жазылған /zh/ әріптіркесі 72 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда, 2976 – 100%, 72 – х% болғанда, $7200 : 2976 = 2,4\%$.

2-ші әліпби жобасы бойынша /j/ графемасын 248 респондент 2976 рет жазады. 2976 рет жазылған /j/ графемасы 185 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда, 2976 – 100%, 185 – х % болғанда, $18500 : 2976 = 6,2\%$.

3-ші әліпби жобасы бойынша 2976 рет жазылған /zh/ графемасы 94 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда, 2976 – 100%, 94 – х% болғанда, $9400 : 2976 = 3,2\%$.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:* бірінші жоба бойынша /zh/ графемасының қуатсыйымдылығы – 2,4%, екінші жоба бойынша /j/ графемасының қуатсыйымдылығы – 6,2%, үшінші жоба бойынша /zh/ графемасының қуатсыйымдылығы – 3,2%.

3.6 *3-әліпби жобасы бойынша қорытынды:* сауалнама нәтижелерін салыстыру барысы <ж> фонемасын /zh/ диграфымен таңбалаудың дағдыға айналғанын көрсетіп отыр. Оның себебі диграфтың қолайлы болғандығында емес деп ойлаймыз. Басты себеп – респонденттердің ағылшын тілінде оқып-жазу тәжірибесінде /zh/ таңбасының жайылыңқы жуысыңқы <ж> орнына жұмсалуды біршама орнығып қалғанында жатыр.

/зз/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <з> – дауыссыз, жиылма жуысыңқы, тіл алды, ұяң [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры:* <з> фонемасы сөз ішінде және сөздер шенінде әлсіз позицияда дыбыс ықпалына ұшырайды, бірақ таңбаланбайды. Төменде <з> фонемасының дыбыс қоры кестеге салынып, берілді [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/з/	⇒<з>	⇒ [з]	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жуан езуліктермен іргелес жағдайда	[з]алым, қа[з]ак
		⇒ [з']	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жіңішке езуліктермен іргелес жағдайда	ке[з'], [з']әр, ке[з']ек
		⇒ [з°]	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жуан еріндіктермен іргелес жағдайда	[з°]ор, құ[з°]ыр
		⇒ [з°']	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жіңішке еріндіктермен іргелес жағдайда	ке[з°']уіл, жү[з°']ік
		⇒ [ж]	[Ж] дыбысымен, жуан езуліктермен іргелес келгенде	қа[ж]жуа
		⇒ [ж']	[Ж] дыбысымен, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	те[ж']жет
		⇒ [ж°]	[Ж] дыбысымен, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	бо[ж°]жорға
		⇒ [ж°']	[Ж] дыбысымен, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	кө[ж°']жасы
		⇒ [ш]	[Ш] дыбысымен және жуан езуліктермен іргелес келгенде	жа[ш]шықты
		⇒ [ш']	[Ш] дыбысымен және жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	те[ш']шықты
		⇒ [ш°]	[Ш] дыбысымен және жуан еріндіктермен іргелес келгенде	бо[ш°]шалу
		⇒ [ш°']	[Ш] дыбысымен және жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	кө[ш°']шалу, сө[ш°']шен
		⇒ [с]	[С] дыбысымен және жуан езуліктермен іргелес келгенде	жа[с]са, та[с]сыну
		⇒ [с']	[С] дыбысымен және жуан езуліктермен іргелес келгенде	те[с']сің, бі[с']сіз, сі[с']сіз
		⇒ [с°]	[С] дыбысымен және жуан еріндіктермен іргелес келгенде	тұ[с°]сыз, мұ[с°]сынбау
		⇒ [с°']	[С] дыбысымен және жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	кө[с°']сіз
	⇒<зз>	⇒ [зз']	Кірме сөздерде	лә[зз']ат, кә[зз']ап

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /з/ әрпінің пайыздық салмағы:* 1,47%. Кездесу жиілігі: 20-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті:* барлық дауыстылармен тіркеседі.

1.5 *Сөз позициясындағы орны:* позиция талғамайды: сөз басы, ортасы, аяғында кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: /z/ әрпі жуан, жіңішке айтылатын сөздерде бір таңбамен берілген. Сөз басында кездеспейді. Сөз ортасында $\check{z}(a)zuq$, $(a)zm(a)n$; сөз соңында $\check{z}ut(a)z$, $\check{z}(a)z$ жазылды [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: қадым жүйесінде <z> фонемасының үш таңбасы болды: 1) **зейн** (ز) арқылы: *өзгелерні* – اوزكلرنی, *сіз* – سز. 2) **зад** (ض) әрпі арқылы: *қазір* – قضر, *Базарбай* – بزارباي. 3) **зэль** (ذ) арқылы: *бізнің* – بدينك берілді. Жуан **зад** (ض) тек жуан дауысты сөздерде жазылды. Жіңішке **зейн**(ز) әрпі жуан да, жіңішке де дауыстылары бар сөздерде таңбаланды. Жәдид жүйесінде **зейн** (ز) таңбасы ғана пайдаланылды: *отұз* – اوتوز, *өзі* – اوزی [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <z> фонемасының бір ғана әрпі (ز) қалдырылды. **ض** (зад), **ذ** (зэль) әріптері әліпби құрамынан шығарылды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)*: <z> фонемасы /z/ графемасымен талассыз таңбаланды. 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде өзгерген жоқ [116].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* <z> фонемасы орыс әліпбиіндегі /z/ әрпімен берілді [140].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: араб, латын, кирил графикасында ортақ әріппен бейнеленді.

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: латын жазулы әліпбилерінде – /z/, кирил графикалы әліпбилерде /z/ әрпімен жазылады.

III Сауалнама жобаларындағы <z> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */z/ әрпінің тарихы*: латын әліпбиінің алғашқы құрамындағы бұл таңба шамамен б.з.д VII ғ. пайда болып, 21 әріптің бірі ретінде алынды. Алайда грек әліпбиінің *дзетасы* /z/ латын алфавитінен б.з.д. 312 ж. шығарылған. Б.з.д. 234 жылы /z/ таңбасының орнына /g/ қолданылды. Бірақ б.з.д. I ғасырда Римнің Грецияны жаулап алғанынан кейін /y/ мен /z/ әрпі грек тілінен енген сөздерді жазу үшін әліпби құрамына ендірілген. [Z] дыбысының таңбасы үш әліпбиде де ортақ /z/ әрпімен берілген [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: 1-жоба бойынша кирил жазуындағы сөздерді жазуда – 18 қате, 2-жоба бойынша – 9 қате, 3-жоба бойынша 14 қате кеткен. Респонденттер бұл таңбаны қиын әріпке санамаған.

3.4 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: <z> фонемасы сауалнаманың жазылым (III, IV) бөлімдерінде 6 рет кездеседі, демек, 248 респондент оны 1488 рет жазған. Сонда осы графеманың әр жобадағы қуатсыйымдылығы былай анықталады. 1-жобада:

1488 – 100%.

18 – х болғанда, $1800 : 1488 = 1,2\%$.

2-жобада:

1488 – 100%.

9 – х болғанда, $900 : 1488 = 0,6\%$.

3-жобада:

1488 – 100%.

14 – х болғанда, $1400 : 1488 = 0,9\%$. Демек, 2-жобадағы әліпбиде <z> фонемасын таңбалаушы графеманың қуатсыйымдылығы төмен, яғни жеңіл болған.

3.5 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: жоқ.

3.6 *Сауалнама нәтижесі*: <z> фонемасын латын әліпбиіндегі /z/ әрпімен таңбалауға қарсылық жоқ. Себебі /z/ әрпі: а) ағылшын-латын стандартында <z> фонемасын береді; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /z/ графемасы <z> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді.

/Ии/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <i> – төл сөздерде [ый], [ій] дыбыс тіркесін таңбалайтын әріп болып табылады [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/и/	⇒<ы>+<й>	⇒ [ый]	Сөздің барлық шенінде, жуан үндесімде	с[ый]рақ, к[ый], [ый]ық
	⇒<і>+<й>	⇒ [ій]	Сөздің барлық шенінде, жіңішке үндесімде	[ій]ә, к[ій], б[ій]лік
	⇒<ы>	⇒ [ы]	«Я», «ю» әрпі алдында келгенде	к[ы]ю, к[ы]я
	⇒<і>	⇒ [і]	Жіңішке үндесімде, «я», «ю» әрпі алдында келгенде	әл[і]я, к[і]ю
	⇒<ы>	⇒ [ұ]	«Я», «ю» әрпі алдында келгенде, жуан еріндік үндесімде	бұрт[ұ]я, қорт[ұ]я
	⇒<і>	⇒ [ү]	«Я», «ю» әрпі алдында келгенде, жіңішке еріндік үндесімде	дүр[ү]я

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /и/ әрпінің пайыздық салмағы*: 1,45%. Кездесу жиілігі: 21-орында.

1.4 *Дыбыстармен тіркесу қабілеті*: барлық дыбыстармен қатар жазыла береді, айтылғанда жуан буынды сөздерде жуан, жіңішке буынды сөздерде жіңішке болып айтылады. Тек *сый* және *тый* сөздерінде құрамы ажыратылып жазылады.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: сөз басы мен аяғы, ортасында жазылады, айтылғанда алдынан не артынан сингармобуынға қарай не [ы] дыбысы, не [і] дыбысы қосылып айтылады.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында /и/ әрпі жоқ*.

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында кесра [и] дыбысының мәнін берген: ыстаршина – إستارشنا (ыстаршина), билет – بِلْت (блт)* [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*/и/ әрпі болған жоқ. /Й/ әрпі жарты дауысты саналды. Емле ережесі қабылданарда 1925 ж. [и] дыбысының дауыссыз, [я] дауысты екендігі туралы пікірталас көп болды. Ә.Бөкейхан, Е.Омаров, Х.Досмұхамедұлы, Н.Шағиұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы [и]-ді дауыссыз дыбыс деп тапса, Т.Шонанұлы, Р.Сүгірұлы, Н.Зәлиұлы дауысты қатарына жатқызды.Т.Шонанұлы, М.Дулатұлы бір таңбамен беру қолайлы деді, бірақ съезд қаулысында қосар әріппен таңбалау қабылданды. А.Байтұрсынұлы: «Жарты дауысты тек дауыстылардың жанында ғана айтылады. Қай жерде /й/ тұрса, оның алдында [ы], [і]-нің біреуі болады», – деді. Сондай-ақ /й/-дің алды, артынан да ы естілсе, алдыңғысы жазылмайды да, соңғысы жазылатынын көрсетті, мысалы: *қыын, тиын, киім, киік* [130, 327-б.]. Сөйтіп, қазіргі /и/ әрпі қосар әріппен берілді.

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929ж.)* /и/ графемасы болған жоқ. /И/ әрпі [ый], [ій] дыбыс тіркесі арқылы берілді: *kijim, тьj, mijssijsijpij, mijssyvrij*.

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде:* 1938 қосар[і] (ый), [іj] (ій) дыбыстарының орнына бір ғана /i/ таңбасы алынды. Бірақ *тый, сый* сөздерінде бұрынғы емле сақталды.

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940ж.):* /и/ әрпі орыс әліпбиі құрамында орыс тілі арқылы енген сөздерді таңбалау үшін енді. Ал қазақ тілі сөздерінде дыбыс тіркесі арқылы берілді және орфограммаға өзгертулер енгізу ұсынылды. Мысалы, жіңішке сингармотембрде бір әріппен (*ки*); жуан сингармотембрде екі таңбамен беру (*қый*); кірме сөздерде /я/әрпінің алдынан /и/ (*пияла, пияз, зияш*), ал қазақ сөздерінде /ы/жазу: *қыялы, сыяқты, тыянақты, йы, йі*-ға аяқталған сөзге көсемшенің **й** жұрнағы қосылса, /и/әрпін жазу (*баййды* емес, *баиды*). ҒА-ның Тіл, әдебиет институтында (1952 ж.) өткен жиналыста [ый], [ій] қосарын /и/ таңбасымен беру қабылданады. 1953ж. емле ережесі жобасында **ый** тіркесі *тый, сый* сөздерінде жазылды да, бұл сөздерге қосымша жалғанғанда жалаң /и/ жазылды (*сылық, сиымды, тиылу*) [144]. /Я/, /ю/ әріптерінен бұрын /ы/, /і/ әріптері жазылмады, *тый, сый* сөздері тұйық рай тұлғасында *тыю, сыю* болып жазылатын болды. 1957 ж. қазақ орфографиясының негізгі ережесінде төл сөз құрамында тек *тый, сый* сөздерінде қосар әріп, қалған сөздерде /и/ әрпі жазылатын болды.

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында:* кирил графикасын қабылдаған кеңестік түркілер әліпбиінде /и/ әрпі болды.

III Сауалнама жобаларындағы <и> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */И/ әрпінің тарихы:* бұл таңба латын әліпбиінің алғашқы құрамында шамамен б.з.д.VII ғ. пайда болғанда 21 әріптің бірі ретінде 9-таңбасы болды. Ағылшын әліпбиінде [i] деп дыбысталады және ең жиі қолданылатын әріп болып табылады.

3.2 *Сауалнама нәтижесі:* /и/ әрпі 1-ші және 3-ші жобаларда – **уj, ij** түрінде дыбыстық құрамы ажыратылып, 2-жобада төл сөздерде **iy, iy** түрінде және кірме сөздерде **i** әрпімен таңбалау ұсынылған. Және ескеретіні 2-3-ші жобаларда кірме сөздер /i/ әрпімен ғана жазылатыны ескертілген.

Мәтінде /и/ әрпі 21 рет таңбаланады. Оның 7-уі төл сөзде (*сирақ, қария, жияды, ұйиды, мұхит, сиыржоңышқа, киікоты*), 14-і кірме сөзде (*эволюция, фабрика, алю-*

миний, координат, институтқа, кальцийдің, принципі, киловатқа, авиабайланыс, Жолио-Кюри).

Сонда 248 респондент мәтін көлемінде 5208 рет /и/ әрпін таңбалайды. Оның 888 ретінде респонденттер 1-жоба бойынша **yj, ij** диграфының орнына /i/ әрпін ғана қолдануды дұрыс көреді. Мысалы: *siraq, fabrika, mukhit, koordinat, Zholio-Kjyri, dispatcher, institutqa, evolutsia*.

Ал 435 кезегінде /j/ таңбасын жазады. Мысалы: *evolutsja, djspetsher; aluwmjnj* *sjraq, fabrjka, koordjnat*.

Бұл жиі қайталанған әріптерді респонденттердің балама ұсыныстары деп те қабылдаған жөн. Ал өзге қателер саны мынадай:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондет тарапынан қате берілген таңба нұсқа	Қате берілген нұсқа-мысалдар, саны
и	ij	yj	evolutsyja; dyjspetsher(5)
	ij	yi	evolutsyija (2)
	ij	e	aluwmenyj(1)
	i	ij	ijnstijutqa (4)
	j	yi	tyady (2)
	yj	yi	tyiar (7)
	y	iy	aviyabailanys(6)
	yj	iy	zhiyiady (4)
	ij	ий	kalsiiding (3)
	yj	ij	mukhijt, uijdy, koordijnat (48)
	yj	иј	qarija (1)
	ij	iy	ijnstiyutqa (4)
	yj	y	tyady (16)
	ij	иi	avinabailanys (17)
	yj	иi	fabrika (4)
	yj	yi	ujyidy (2)
	yj	yy	tyyjady (2)
	jyj	jj	ujjdy (2)
	yj	ij	zhijjady (8)
	yj	yj	qaryjja (6)
	yj	j	zhjjady (2)
	ij	ийj	aluwmiijnij(2)
	ij	j	evolutsjja (3)
	ij	ый	qagyjia (3)
Жалпы			154

Сонда 1-жоба бойынша /y/, /ij/ түрінде жазылуы тиіс орфограммада /и/ графемасы 1477 рет қате таңбаланған, яғни 5208-дің 1477-сі қате, ал 3731 жазылымы ғана әліпбиге сай болып шығады. Пайызға шақсақ,

5208 – 100 %.

1477 – x % десек, $147700 : 5208 = 28,4\%$.

Бұдан респонденттердің 28,4%-ына /и/ әрпін **yj, ij** тіркесімен таңбалау қиын болғаны белгілі болады. Тұрақты қайталанған қателер – /и/ әрпі /i/, /j/ графемаларымен жазылған.

2-жоба бойынша төл сөзде жазылған /и/ әрпі жуан сингармотембрде /y/, жіңішке сингармотембрде /iy/ түрінде дыбыс құрамы ажыратылып көрсетілуге тиіс. Мысалы, *siyrak, kariya, jiyady, muhiyt, siyrjonışqa, kiyikoti*, яғни қазіргі кирил-қазақ әліпбиімен жазылатын орфограммадан сөз тұрқы ұзарады. Бір әріп артық жазылады. Жазарман сөздің жуан-жіңішкелігін акустикалық түрде айырып, уақытын кетіреді. Және <i> мен <i> фонемасының таңбалануын айырып жазуға дағдыланады. Сөйтп, бұл дыбыс тіркесін жазуға энергия күші де, уақыт та біршама кететіні белгілі болды.

Сонымен, 248 респондент мәтінде 7 рет төл сөзде кездесетін /и/ әрпін /y/, /iy/ түрінде 1736 рет жазуы тиіс еді. Оның 570-інде қате жіберіліп отыр. Пайызға шақсақ:

1736 – 100%.

570 – x% десек,

$57000 : 1736 = 32,8\%$ -ы қате жазылған.

Бұл қателердің көбі әріп тіркесін қазіргі кирил-қазақ әліпбиіндегі бір таңбамен белгіленген жазу дағдысы мен дәстүріне байланысты. Осы 570 қатенің 489-ы бұл дыбысты бір графемамен таңбалауды дұрыс көргеннен туындаған. Ал қалған қателер графикалық интерференция (*qaryya, kukoty*), бір әріпті дауысты-дауыссыз қызметінде қатар жұмсау (*qaryya, qariia, qarjja*), алдыңғы жобадағы дағдыланған әріптіркесімен белгілеп жіберу (*qarija, qaryja*) сияқты салақтықтан туындаған.

Дегенмен 32,8% қате – дауысты саналатын /и/ әрпін дыбыс тіркесі арқылы таңбалауға қарсы емес деген көрсеткіш.

Енді кірме сөздерге келейік. Кірме сөз құрамында дауысты /и/ әрпі 14 рет кездеседі. 248 респондент 3472 рет /и/ әрпін кірме сөзде жазады екен. 2-жоба бойынша респондент кірме сөздегі <i> фонемасын /i/ графемасымен беруі керек еді. 3472 рет жазылған /и/ әрпінде барлығы 1062 қате кеткен. Бұл барлық орфограмманың 30,5%-ын құрайды.

Қателер қандай себепке байланысты?

1) Жобада /и/ әрпі жоқ. Ал ескертуде көрсетілген төл сөздегі <i> фонемасымен бір екенін түсініп, қабылдап, оған дағдыланып үйренуге уақыт керек. Қазіргі қазақ графикасында бір әріппен екі түрлі дыбысты таңбалау машығы жоқ. Сол себеппен бір әріп (i) орнына төл сөздерде жазылған әріптіркесін таңбалаған.

2) 3472-нің 382 кезегінде /и/ әрпі орнына әліпби құрамында көрсетілген /y/ әрпі қолданылған (*dyjspetcher*).

3) 1-жоба бойынша дағдыланып қалған /iy/ тіркесін жалғастырған.

Кірме сөзде /и/ әрпін қазіргі [и] дыбысын таңбалауда қолдану қуатсыйымдылығы 30,5% құрайды. Бұл кірме сөздерде әріп тіркесімен <j> фонемасының сингармотем-

брін анықтаудың қажеті жоқ, яғни кірме сөзде 1 әріппен беруге болады деген қорытындыға әкеледі.

3-жоба бойынша /и/ әрпі төл сөзде /yj/, /ij/ тіркесімен, ал кірме сөзде /i/ әрпімен таңбалауы тиіс еді. Жоба бойынша жіберілген барлық қате саны – 1636. Егер әріптің кездесу жиілігін (21 рет) респондент санына (248) көбейтсек, 5208 рет жазылған /и/ әрпінің санын аламыз. Пайызға шақсақ,

5208 – 100%.

1636 – x% десек,

$163600 : 5208 = 31,4\%$ шығады. Бұл /и/ әрпін төл сөзде /yj/, /ij/ тіркесімен, ал кірме сөзде /i/ әрпімен таңбалауға кеткен жазарманның қуатсыйымдылығын көрсетеді. Оның ішінде төл сөзде кеткен қатені (789) есептесек, 7 (әріптің кездесу жиілігі) x 248 = 1736.

1736 – 100%,

789 – x% деп алғанда,

$78900 : 1736 = 45,4\%$ болады.

Ал кірме сөзде 14 (әріптің кездесу жиілігі) x 248 = 3472.

3472 – 100%,

847 – x% деп алғанда,

$84700 : 3472 = 24,4\%$ болады.

Қателер қандай сипатта болды десек, мынадай көріністі байқауға болады: респондент кірме сөздерді жазуға тиіс 1 әріп орфограммасына қарағанда, төл сөздердегі әріп тіркесімен жазуға тиіс орфограммада аз қате жіберген. Бұл жазарманның қазіргі кирил-қазақ жазуындағы 1 әріп – 1 дыбысты жүйеге дағдыланып қалуына байланысты болуы әбден мүмкін. Ал кірме сөздерді жазарда респондент төл сөзде талап етілген диграфпен жазуға тиістілікті сақтаған тәрізді.

3.3 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: үш жоба бойынша жоғары.

3.4 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: /и/ графемасына қатысты балама ұсыныс берілмеген. Алайда: «1) «І» қазақтың «і»-сін білдірсе, кірме сөздерде «и»-ді білдіреді екен. Бұл шатасуға алып барады; 2) «Қазіргі кейбір «и» дыбысын «ый» деп таңбалауға қарсымын»; 3) «И» әрпінің – «ый», «ій» болғанына, «У» әрпінің – «ұу», «уу» деп жазылғанына қарсымын. Орфографиялық қатені көбейтеді», – деген пікірлер көрсетілген.

3.5 *Сауалнама нәтижесі*: жоба әріптері өздерінің қуатсыйымдылығы жоғары екендерін көрсетті. Төл және кірме сөздерде ортақ диграфпен белгілеуде де (1-жоба), төл сөздерді әріп тіркесімен, кірме сөздерді 1 әріппен жазуда да (2-ші және 3-ші жобалар) қателер саны, оның ішінде тұрақсыз қателер саны, әр респондент өз бетінше белгілеу әрекеті көп болғаны байқалды. Бұл – қазақ-кирил әліпбиіндегі /и/ әрпінің латын графикасын қабылдауда ойлануды қажет ететіндігін ескертеді. «Ешқандай жоба ұсыныстары оң нәтиже берген жоқ» деп қорытуға болады.

/Йй/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* й – дауыссыз, жайылыңқы жуысыңқы, тіл ортасы, үнді [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/й/	⇒<j>	⇒ [j]	Дауысты дыбыстан кейін, жуан езуліктермен іргелес келгенде	ма[j], та[j]
		⇒ [j']	Дауысты дыбыстан кейін, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	мә[j']ек, се[j']сенбі
		⇒ [j°]	Дауысты дыбыстан кейін, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	мо[j°]ын, құ[j°]ын
		⇒ [j°']	Дауысты дыбыстан кейін, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	тү[j°']ін, сү[j°']ін

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /й/ графемасының пайыздық салмағы:* 1,27%. Кездесу жиілігі: 23-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті:* қазақ тілінде /й/ графемасы дауыстылармен ай, әй, ей, ой, өй, ұй, үй, ый, ій түрінде тіркеседі, ал керісінше йа, йә, йе, йо, йө, йұ, йү, йі формасында тіркес құрмайды [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны:* сөз ортасы мен аяғында кездеседі. Сөз басында й тек орыс тілі арқылы енген сөздерде ұшырасады: йод, йог т.б. [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында:* <й> графемасы көне түркі жазуында **D** таңбасымен берілген. Көне түркі жазбаларында [й] – ауызжолды үнді дыбыс – сөздің жуан және жіңішке буындарында кездеседі [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында* <й> фонемасы ұзақ и-ге (ي) харақаттар белгілеу арқылы (ي) берілген: қайтұб – قيتوب. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында:* қысқа <и> (ي) фонемасына екі ноқат (ي) таңбасы енгізіледі [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <й> фонемасы **Jj** әрпімен берілді [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* <й> фонемасының /Jj/ әрпі /Li/ графемасына ауыстырылған [135].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.):* орыс әліпбиіндегі /и/ әрпіне әріпүсті айшық сызық салына отырып /й/ берілді [116].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында:* 1940 жылы кириллицаға негізделген әзербайжан, қырғыз, ноғай, өзбек, қарақалпақ әліпбилері де <й> фонемасын қазақ тіліндегі-дей /й/ графемасымен таңбалаған [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде: <й> фонемасы түрік, әзербайжан, өзбек әліпбилерінде Үу-мен таңбаланса, түрікмен әліпбиінде Үў-мен таңбаланған.

2.9 /Й/ графемасының орфографиясы:

- /й/ әрпі дауысты дыбыс әріптерінен кейін ғана қолданылады: *ай, ей, мерей, ойпан, үй, әйнек, ұйқас*;

- орыс тілінен енген сөздер мен өзге елдің жер-су аттарында /й/ әрпі сөз басында да келуі мүмкін: *йод, йот, йог, Йемен, Нью-Йорк*;

- қазақ сөздерінде толық /и/ әрпінен кейін жазылмайды: *ине (ийне емес), би (бий емес), киім (кийім емес)*. Орыс тілінен енген сөздерде *ий* әріптіркесі жазыла береді: *калий, кальций, санаторий, планетарий, сценарий, Максим Горький*;

- *йы, йі* дыбыстарына біткен етістіктерге көсемшенің *-й* жұрнағы жалғанғанда, *ый, ий* әріптерінің орнына жалғыз /и/ әрпі жазылады. Мысалы, *байы+й – байи (Біздің ауыл жылдан-жылға байи бермек), байимын, байисың, байиды* (және осылардың көпше түрлері), *байитын; кейі+й – кейи (Сен оған кейи берме), кейимін; ұйы+й(ды) – ұйиды (Сүт тез ұйиды), иі+й(ді) – ииді (Бұл сиыр тез ииді)* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <й> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /Й/ әрпінің тарихы: <й> фонемасы 1-ші және 3-ші жобаларда – **Јј**, 2-ші жобада **Үу** әрпімен ұсынылған.

Үу әрпі грек тілінің ықпалымен латын тіліне ең алғаш рет б.з.д. VII ғасырда енген. Сондықтан /Уу/ әрпі көбінесе грек тілінен енген сөздерде кездеседі. Орта ғасырда /у/ әрпі Батыс Еуропа тілдері әліпбиінде [i]-нің орнына да қолданыла бастаған. Сонан соң /у/ әрпі славян әліпбиінде жиі қолданысқа ие болған. Ағылшын тілінде /у/ графемасы сөз соңында қолданылса, /i/ әрпі сөздің басқа позицияларында қолданылып отырған.

Јј таңбасы базалық латын әліпбиінің алғашқы 23 әрпінің құрамында болмаған. Алайда XVI ғасырда әліпбиге өзгеріс енгізіліп, /li/ таңбасынан ажырату мақсатында /Jj/ таңбасы пайда болады. Сол кезеңдегі басылымдардың көбінде /Jj/ орнына /li/ әрпі қолданылған. Сондықтан сөздіктерден *iam* және *jam*, *iniectum* және *injectum* нұсқаларын кездестіруге болады. Ал әлемдік деңгейде ағылшын тілі факторын ескерсек, /Jj/ әрпі тек <ж> фонемасын береді. Мысалы: *Jonson* [128].

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:

Берілген сөздерді 1-әліпби жобасымен жазуда – 254 қате, 2-әліпби бойынша – 239 қате, 3-әліпби бойынша 272 қате кеткен.

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 254 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <й> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 11 рет (*жайғызу, мейірім, кейуана, ұйиды, ұйқас, Йемен, алюминий, кальцийдің, жанкүйер, кейбіреу, авиабайланыс*), IV бөлім бойынша – 2 рет (*гой*). 1-жобада берілген <j> фонемасын респонденттер /i/ графемасымен таңбалап, 164 қате жіберген. Сауалпарақта берілген үш жобада да <j> фонемасын таңбалауға /i/ графемасы алынбаған, алайда респонденттердің <j> фонемасын осы, яғни /i/ әрпімен жазуына рефлексстік фактор

әсер еткен. Өйткені психологиялық тұрғыдан респонденттің санасында ағылшын әліпбиіндегі /i/ графемасы <j> фонемасының орнында жүреді. Сондықтан олар үшін /j/-дың орнына /i/-ді таңбалау оңай болғаны байқалады. Кейбір респондент /j/ графемасын /y/-мен таңбалап, 33 қате жіберген. Яғни бұл респонденттердің санасында <j> фонемасына /y/ графемасы сәйкес деген ұғымның қалыптасқанын көрсетеді. Сауалпарақта /j/ графемасын кирил /й/ әрпімен таңбалау жағдайы да орын алып отыр (34 қате). Бұны бір әліпбиден екіншіге өткенде болатын дағды түріндегі қате, яғни графемалық интерференция салдарынан туындаған қате ретінде түсіну керек.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
й	j	i	164 (zhaighyzuw, keiwana, uidy, uiqas, Iemen, kalsiding, zhankuier, keibirew, aviabailanys, ghoi)
		y	33 (keywana, keybirew, zhankuyer, ghoy)
		g	1 (zhaghyzuw)
		q	1 (uqas)
		й	34 (кейwana, уйqas, Йemen, уйady, кейbirew, aviabaylanys)
		u	7 (zhankuer, uyudy, uqas)
		ji	2 (ujiqas)
		yj	1 (uyjqas)
		w	3 (kewana)
Жалпы			254

2-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 239 рет қате жіберген. 2-жобада берілген <j> фонемасын респонденттер /i/ графемасымен таңбалап, 110 қате жіберген. Бұны қазіргі жастардың sms арқылы хабарласуы кезінде й әрпін /i/ графемасымен таңбалау дағдысы салдарынан орын алған рефлекті қате ретінде түсіну керек. Сондай-ақ графемалық интерференцияға байланысты кейбір респондент <y> фонемасын /j/ графемасымен таңбалап, 34 қате жіберсе, енді бірі <y> фонемасын /й/ әрпімен беріп, 58 қате жіберген.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
й		j	34 (jajǵızuw, mejirim, keiwana, ujıjdı, ujqas, Jemen, zhankjer, kejbirew, aviabajlanıs)
		i	110 (jaiǵızuw, keiwana, uiqas, janküier, keibirew, aviabailanıs)
		w	6 (aviabawlanıs, jankuwer, uwqas)
		й	58 (кейwana, jankүйer, уйqas)
		yi	15 (keyiwana)
Жалпы			239

3-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 272 рет қате жіберген. 3-жобада берілген <j> фонемасын респонденттер /i/ графемасымен таңбалап, 161 қате жіберген. Бұндай жағдайдың орын алу себебі жоғарыда көрсетілді. Сондай-ақ графемалық интерференцияға байланысты /j/ графемасы /y/-мен және /й/-мен таңбаланып, бірқатар орфографиялық қате жіберілген.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
й		i	161 (zhaighyzuw, meirim, keiwana, uiydy, uiqas, Iemen, kalsiding, zhankuier, keibirew, aviabailanys)
		y	69 (keywana, keybirew, zhankuyer, uyqas, Yemen, meyirim)
		g	2 (zhaghyzuw)
		й	11 (кейwana, уйqas, Йemen, кейуу, уйady, кейbirew, aviabailanys)
		ju	6 (kejuwana)
		w	6 (Wemen)
		ue	7 (zhankueer)
		ej	10 (zhankuejer)
Жалпы			272

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* <й> фонемасына қатысты ұсыныс берілмеген.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* 1-ші және 3-ші жобаларда <j> фонемасы /j/ әрпімен, ал 2-ші жобада /y/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /j/ әрпі 13 рет кездеседі. Сонда 1-әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 3224 рет жазады. 3224 рет жазылған /j/ әрпі 254 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда, 3224 – 100%, 254 – x %, $25400:3224=7,9\%$ болады.

2-жоба бойынша /y/ графемасын 248 респондент 3224 рет жазады. 3224 рет жазылған /y/ графемасы 239 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда, 3224 – 100%, 239 – x %, $23900 : 3224 = 7,4\%$ болады.

3-жоба бойынша 3224 рет жазылған /j/ графемасынан 272 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

3224 – 100%

272 – x % болғанда, $27200 : 3224 = 8,4\%$ болады.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:* сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша – 7,9%, 2-жоба бойынша – 7,4%, 3-жоба бойынша – 8,4%. Респонденттердің сауалнамаларын саралау нәтижесі 2-ші жобада берілген <й> фонемасының қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетті.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* үш әліпбиді салыстыру нәтижесінде <й> фонемасын 2-жоба бойынша /y/-мен таңбалаудың тиімді екені анықталып отыр. Себебі оның қате пайызы, яғни қуатсыйымдылығы бәрінен төмен.

/Кк/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <к> – дауыссыз, тоғысыңқы, тіл ортасы, қаған [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/к/	⇒<к>	⇒ [к']	Сөздің барлық позициясында, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	[к']ітап, те[к'], те[к']е, тә[к']аппар
		⇒ [к [°]]	Сөздің барлық позициясында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	[к [°]]өз, [к [°]]үз, тү[к [°]]ір
	⇒<к>-<г>	⇒ [г]	Біріккен сыңар мағынасы дербес қолданыла алмаса	ара[г]ідік
	⇒<кк>	⇒ [кк]	Кірме сөздерде	гә[кк]у, ә[кк]і
	⇒<к>	⇒ [г]	Түбір мен қосымша жігінде	кө[г]і, те[г]інде

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /к/ графемасының пайыздық салмағы:* 2,98%. Кездесу жиілігі: 13-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті:* /к/ графемасы дауыстылармен *ка-ак, кә-әк, ке-ек, ко-ок, кө-өк, кү-үк, кі-ік* түрінде тіркеседі, алайда *кұ-ұк, кы-ык* формаларында тіркеспейді [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: сөздің барлық позициясында (сөз басы, ортасы, аяғы) кездеседі [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында* /к/ графемасының **𐰽** таңбасы болған. Жіңішке сөздердің барлық буынында келе береді. Орын талғамайды. Сөздің барлық позициясында кездеседі. *Ki-ik, ke-ek, кө-өк, кү-үк* сингармобуындарының таңбасы дауыстының ыңғайына қарай ауысып отырады [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында* <к> фонемасы **каф** (ك) арқылы берілген. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің жіңішке сингармотембрлі сөздерінде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында каф* (ك) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <к> фонемасы /Кк/ әрпімен беріледі: *еҗбек, көл* [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде*: /Кк/ әрпі қалдырылды [140].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* кирил графикасындағы /к/ таңбасы алынды [116].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылғы кирил әліпбиінде <к> фонемасын әзербайжан, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбектер /к/ графемасымен таңбалаған [140].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: <к> фонемасын /к/ әрпімен таңбалау өзбек, түрікмен, әзербайжан әліпбилерінде бар.

2.9 *Морфонологиялық сипаты*: тәуелдік жалғау жалғанғанда сөз аяғындағы [к] ұяндайды (*тек-тегі, кек-кегі*) және тұйық етістігінің -у жұрнағы жалғанғанда қатан [к] ұяң [г]-ге айналады (*бүк-бүгу, тік-тігу, ек-егу, төк-төгу*) [38].

III Сауалнама жобаларындағы <к> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */К/ әрпінің тарихы*: үш әліпби жобасын салыстырсақ, <к> фонемасын үш әліпбиде де **Кк**-мен таңбалау ұсынылған. /Кк/ әрпі б.з.д. VII ғасырда енгізілген [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*:

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 43 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <к> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 21 рет: *ерік, тәкаппар, өсімдік, көркемөнер, кеюі, кейуана, фабрика, бәтеңке, координат, кальцийдің, маяққа, Омскіден, князьдік, коммуналдық, киловатқа, жанкүйер, оттек, күркетауық, киікоты, кейбіреу, Жолио-Кюри*. IV бөлім бойынша – 2 рет: *күн, ерліктің*. 1-жобада берілген <к> фонемасын респонденттер /q/ графемасымен таңбалап, 8 рет қате жіберген. Респонденттердің бұлай қате беруі респонденттің санасында /к/ графемасының психобейнесіне <q>, яғни <к> фонемасының психобейнесі үстемеленгенін байқатты, бұл жерде [к]-ні [к]-мен шатастыру болған. Бұл байланыс әліпби жүйесіндегі әріптер бейнесінің тұрақталмау себебінен болатын психологиялық, интерференциялық құбылыс салдары ретінде түсінілуі тиіс. Бұны графемалық интерференция ретінде де түсінуге болады. Сол сияқты графемаларды шатастырып, /g/ түрінде беруін (6 қате) немесе кирилше /к/-мен таңбалауын да осы

қатардағы рефлексік қате деп санасақ, әріпті қалдырып кетуін орфографиялық қате деуге болады. Соңғысы – респонденттің асығып жазуынан немесе немқұрайлығынан туындаған қате.

Кирилл графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
к	k	q	8 (qejbirew, maya q qa, qalcyj q ding)
		к	1 (maya к ga)
		g	6 (mayag g a, galcyj g ding, zhang g ujer)
		h	1 (he h ybirew)
		түсіп қалуы	4 (maya қ a)
Жалпы			20

2-ші және 3-ші әліпби жобалары бойынша: берілген сөздерді кирилл жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 2-ші және 3-ші жобаларда да алдыңғыдай қате жіберілген. Алайда 1-жобаға қарағанда 2-жобада қате саны аздау (13 қате), 3-жобада – 10, яғни қате саны бірте-бірте азайған. Бұл жазарман қолдағдысының төселе бастағанын көрсетеді.

2-әліпби жобасы бойынша:

Кирилл графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
к	k	q	7 (maya q qa, qalsiyydi ñ)
		g	4 (mayag g a, mayag q a)
		ч	1 (may ч ча)
		түсіп қалуы	1 (maya қ a)
Жалпы			13

3-әліпби жобасы бойынша:

Кирилл графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
к	k	q	6 (maya q qa)
		g	2 (mayag g a)
		ч	1 (may ч ча)
		түсіп қалуы	1 (maya қ a)
Жалпы			10

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* <к> фонемасына қатысты ұсыныс жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* 1-ші, 2-ші және 3-ші жобаларда <к> фонемасы /к/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /к/ әрпі 23 рет кездеседі. Сонда 1-жоба бойынша 248 респондент бұл әріпті 5704 рет жазады. 5704 рет жазылған /к/ әрпі 43 рет қате таңбаланады. Пайызға шаққанда,

5704 – 100%.

20 – х% болғанда, $2000:5704=0,4\%$. Бұдан 1-жоба жүйесінде <к> фонемасын таңбалауда /к/ графемасының қуатсыйымдылығы төмен деген қорытынды шығады.

2-жоба бойынша да /к/ графемасын 248 респондент 5704 рет жазады. 5704 рет кездесетін /к/ графемасын таңбалауда 13 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

5704 – 100%.

13 – х % болғанда, $1300:5704=0,2\%$. Бұл – <к> фонемасын таңбалауда /к/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы өте төмен деген көрсеткіш.

3-жоба бойынша /к/ графемасын 248 респондент 5704 рет жазады. 5704 рет кездесетін /к/ графемасын таңбалауда 10 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

5704 – 100%.

10 – х % болғанда, $1000:5704=0,2\%$. Бұдан /к/ графемасын 3-жоба жүйесінде қолданудың қуатсыйымдылығы да өте төмен деген көрсеткіш анықталды. Сауалнаманы салыстыру барысында байқалғаны – 1-ші және 2-ші жобаларға қарағанда 3-жобада қате саны аз. Бұл жерде жазарманның /к/ әрпіне төселгендігі көрініп тұр.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:* сараптама жүргізу барысында 1-жоба бойынша – 0,4%, 2-жоба – 0,2%, 3-жоба – 0,2% төмен қуатсыйымдылық көрсеткіші алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша үш жобада да бірдей таңбамен таңбалау ұсынылған, сондықтан /к/ графемасының таңбасы дау тудырмайды.

3.5 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* <к> фонемасын латын әліпбиінде /Kk/ әрпімен таңбалауға болатыны анықталды. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <к> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Kk/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Kk/ графемасы <к> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <к> фонемасының бейнесі /Kk/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Кк/ графемасы

І Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <к> – дауыссыз, тоғысыңқы, тілшік, қатаң [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры:* <к> фонемасы сөз ішінде және сөздер шенінде әлсіз позицияда дыбыс ықпалына ұшырайды, бірақ таңбаланбайды. Сондықтан <к> фонемасының дыбыс қоры кестеге салынып берілді [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/к/	⇒<к>	⇒ [к]	Сөздің барлық позициясында, жуан езуліктермен іргелес келгенде	[к]аза[к], та[к]ыр
		⇒ [к°]	Сөздің барлық позициясында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	[к°]ор, [к°]ұры[к°], о[к°]ыс
		⇒ [к']	Сөздің барлық позициясында, жіңішке дауыстылармен қатар келгенде және жіңішке сингармотембрлі сөз деңгейінде	[к']асиет, [к']адір, [к']азір
		⇒ [к'°]	Сөздің барлық позициясында, жіңішке еріндік дауыстылармен қатар келгенде және жіңішке еріндік сингармотембрлі сөз деңгейінде	[к'°]үрмөт
	⇒<к>-<ғ>	⇒ [ғ]	Дауысты-, ұяң-, үндіаралық позицияда	ай[ғ]ай, кым[ғ]уыт, кыз[ғ]ыркын,
	<к>	⇒ [ғ]	Дауыстыаралық, ұяң, үндімен іргелес позицияда	то[ғ]жүру, айғабақ, а[ғ°]ала, а[ғ°]маңдай
		⇒ [к°]	[С], [ш]-мен іргелес келгенде	та[к°]сан, а[к°]ша
		⇒ [х]	Буын сингармотембрі өзгерер алдында, [р] дыбысымен іргелес келгенде	ра[х]мет, а[х]мет, бар[х]ан, дастар[х]ан, дар[х]ан
		⇒ [х°]	[Й]-мен, дауыстымен іргелес позицияда	су[х°]ит, дүние[х°]ор, шай[х°]ор
	⇒<ғ>	⇒ [ғ] [ғ ¹] [ғ ¹⁰]		ба[ғ]ы, та[ғ]ы а[ғ ¹⁰]ешкі а[ғ ¹⁰]үрпөк
		⇒ [кк]		ло[кк]ы

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /к/ графемасының пайыздық салмағы: 3,35%. Кездесу жиілігі: 12-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: жуан дауыстылармен ғана тіркеседі: қа, ақ, қо, оқ, қы, ық, құ, ұқ. Жіңішке дауыстылармен ауызша тілде, әлсіз позицияда тіркеседі, бірақ жазылмайды (қе, еқ, қі, іқ, ұқ, қу, қе, еқ, әқ, қә тіркесімдері тек ауызша тілде).

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғамайды; сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында: /к/ графемасының көне түркі жазуында 2 таңбасы болған: ық – қы – бір таңба, қо – оқ, ұқ – құ сингармобуындарына 1 таңба [145, 21-б.]. Бұл – түркі сөздерінде кездесу жиілігі ең өнімді дыбыс болғанын дәлелдейді.

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында:

қадым жүйесінде: <к> фонемасы **каф** (ق) арқылы берілген: қайтұб – قيتوب, артқы – اړطقى. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан сингармотембрлі сөздерде қолданылған. Ұйғыр-оғыз жазба дәстүрі бойынша /к/ әрпі орнына /х/ әрпі таңбаланған нормасы сақталған. Мысалы: *ар рудан иахшы кішілерні, мәртебелеріге иарылханыб*. Бұл XIV ғғ. хан жарлықтарында да жүйелі түрде кездеседі;

жәдид жүйесінде: **каф** (ق) арқылы: қазақша – قزاقچه және **каф** (ك) арқылы таңбалау сирек болса да бар: *кашгар – كاشغر, тынышлық – تنشلق* [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: **каф** (ق) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929ж.)* <қ> фонемасы /Qq/ әрпімен берілді: *Qazaq, balaq*. 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде өзгерген жоқ.

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* <қ> фонемасы жіңішке тембрлі сөздерде ғана жазылатын тіл ортасы, тоғысыңқы, қатаң <к> фонемасын таңбалайтын орыс әліпбиіндегі /к/ әрпіне әріпасты сызық сала отырып берілді. «<К> фонемасын <к> инвариантының жуан сингармотембрлі варианты ретінде ортақ /к/ графемасымен ғана таңбалайық» деген пікірлер болды (С.Сарыбаев). Бірақ бұл пікірлер қолдау таппай, әріптің осы түрі қабылданды. Сондай-ақ «<қ> – кь, <ғ> – кь» деп алайық деген де, тіпті «<қ> - қ, <ғ>-ғ деп алу жазу жылдамдығына кедергі, сондықтан /q/, /ǵ/ таңбасын қалдырайық» деген де пікірлер болады [15].

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында:* 1940 жылы <қ> фонемасын ноғай әліпбиі /кь/, қарашай әліпбиі /кь/ әріптікестері арқылы берсе, қырғыз әліпбиі /к/ графемасымен таңбалады. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әріп» қағидатын сақтады. Бұл графеманы өзбек, ұйғыр әліпбилері қабылдады [15].

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде:* <қ> фонемасын /q/ әрпімен таңбалау өзбек, түрікмен, әзербайжан әліпбилерінде бар.

2.8 *Морфонологиялық сипаты:* сөз аяғында тәуелдік жалғау жалғанғанда ұяндайды және ол таңбаланады (*қақ – қағы, қасық – қасығы*). Бірақ кей сөздерде ұяндамайды (*қақ – қақы, қазақ – қазақы*). Бұл да таңбаланады.

III Сауалнама жобаларындағы <қ> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1/*К/ әрпінің тарихы:* 3 жобада да <қ> фонемасы /q/ әрпімен таңбаланады. Бұл таңба латын әліпбиі алғашқы құрамында шамамен б.з.д.VII ғ. пайда болғанда, 21 әріптің бірі ретінде /q/ болды. /Q/ кезінде грек алфавитінен шығарылған әріп еді. /K/ және /g/ әріптерінің мәні ретінде енді. Бірақ /к/ мен /с/ әріптерінен айырмашылығы ретінде /q/ әрпі /v/ мен /o/ әріптерінің алдында жұмсалды. Роман, герман тілдерінде /qu/ диграфы түрінде кездеседі. Семит тілдерінде /ǵ/ (каф) әрпін беруде қолданылады. Түркі тілдерінде де, ХФӘ-де де <q> фонемасын беру үшін алынған.

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:* берілген сөздерді 1-жобамен жазуда – 497 қате, 2-жоба бойынша – 425 қате, 3-жоба бойынша 347 қате кеткен. Бірдей графеманы таңбалауда әр әліпбиде әртүрлі қате кетуі және 1-жобада көп (497), 3-жобада аздау (347) болуы – бұл респонденттердің алғашында жаңа графемаға үйрене алмауы, ал соңғы алфавитке келгенде дағдылана бастауы деп түсіндіреміз.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* <қ> фонемасын /kh/ әріптікесімен белгілеуге болады (2 адам).

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* <қ> фонемасы үш әліпбиде де /q/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /q/ әрпі 105 рет кездеседі. Сонда 248 респондент бұл әріпті 26040 рет жазады. 26040 рет жазылған /q/ әрпі 983 кезегінде әліпбиге сай емес таңбаланады. Пайызға шаққанда,

26040 – 100%.

983 – х % болғанда, $98300 : 26040 = 3,7\%$.

Яғни барлық әліпби бойынша бұл әріпті <қ> фонемасын таңбалауға қарсылық аз, тіпті жоқ деуге болады.

Екінші статистикалық көрсеткіш – респонденттердің өз тарапынан ең жиі ұсынған балама әріптеріне қатысты. Жазылымдағы 3,7% қате негізінен 2 балама әріп жазып жіберуден шыққан. Олар – /к/ және /g/ әріптері болып отыр. Яғни 26040 рет жазылған /q/ әрпін 646 рет /к/ әрпімен таңбалаған. Пайызға шақсақ,

26040 – 100%

646–х % деп алғанда, $64600 : 26040 = 2,4$ % болып шығады.

Бұл респонденттердің 2,4%-ы <к> фонемасын /к/ графемасы ретінде қабылдады деген сөз. Жазарман жіңішке сингармотембрде айтылып-жазылатын /к/ фонема-әрпімен интерференция жасайды. Ал респонденттер 549 рет <к> фонемасын /g/ әрпімен таңбалаған. 26040 рет жазылған <к> фонемасын респонденттердің 2,1%-ы <g> фонемасы деп қабылдайды деген сөз. <К> фонемасын /g/ әрпімен таңбалаудың әлеуетті себебі жоқ. Яғни респонденттер <g> фонемасының таңбасы барлық латын-графикалы әліпбилерде /g/ екенін біледі. Бұл үш жобада да /g/ әрпі жазарман үшін қиындық келтірмейтін еді. Сондықтан бұл қатенің себебін а) салғырттықтан, мән бермеушіліктен туындаған; ә) /q/ графемасының кескініне ойша ұқсатудан деп қана түсіндіруге болады.

1-жоба бойынша – 497 қате;

2-жоба бойынша – 425 қате;

3-жоба бойынша – 347 қате жіберілген. Қатенің бұл төмендеуі нені білдіреді? Бұл – <q>фонемасын /q/әрпімен таңбалауда респонденттер 1-жобада үйрене бастап, 2-жобада төселе бастағаны, 3-жобада дағдыланып келе жатқанының көрсеткіші.

3.5 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: сауалнама нәтижесі <к> фонемасын /q/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Барлық жазылым бойынша кеткен жалпы қате – 3,7%. Бұл әріпті таңбалау респонденттерге қиындық келтірмеген. Себебі:

а) латын-ағылшын стандартында <к> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Qq/ әрпінен басқа әріп жоқ;

ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес;

б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес.

Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Qq/ графемасы <к> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <к> фонемасының бейнесі /Qq/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Лл/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <л> – дауыссыз, тоғысыңқы, қызылиек-тілұшы жанама, мұрынжолды, үнді [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры*: <л> фонемасының 4 әуезді сингармовариациясы бар. Сөз басында еріндік немесе езулік қысаң дауыстылар селбесіп дыбысталады. Бірақ жазылмайды. Төменде <л> фонемасының дыбыс қоры кестеге салынып берілді [15].

Әрпі	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/л/	⇒<л>	⇒ [л]	Сөз ортасында, аяғында, жуан езуліктермен іргелес келгенде	қа[л], са[л]ақ
		⇒ [л']	Сөз ортасында, аяғында, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	ке[л'], мә[л']ім
		⇒ [л°]	Сөз ортасында, аяғында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	ко[л°], бо[л°]ыс
		⇒ [л°°]	Сөз ортасында, аяғында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	тө[л°°], бө[л°°]е
		⇒ [ʙл]	Сөз басында, жуан езуліктермен іргелес келгенде	[ʙл]ақ, [ʙл]ас
		⇒ [ʙ']	Сөз басында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	[ʙ']ек, [ʙ']еп
		⇒ [ʙл]	Сөз басында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	[ʙл]оқылдау, [ʙл]облу
		⇒ [ʙл]	Сөз басында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	[ʙл]үпілдеу, [ʙл]өкет

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /қ/ графемасының пайыздық салмағы: 5,23%. Кездесу жиілігі: 7-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: барлық дауыстылармен тіркеседі: ла, ал, ло, ол, лы, ыл, лұ, ұл, ле, ел, лі, іл, ұл, лұ, ле, ел, ал, лә.

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғайды; сөздің ортасы мен аяғында жиі кездеседі. Сөз басында ы, і, ұ, ү қысаңдары селбесіп дыбысталады.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында: <л> фонемасының жуан вариантына бір таңба, жіңішке айтылатын вариантына бір таңба жазылды. Барлық көне түркі ескерткіштерінде кездеседі. Сөз басында төл сөздерде қолданылмаған. Сөз ортасында: (a)ltun, (a)lqa, jylqu, ilg(e)rü; сөз соңында: b(a)lb(a)l, il, jyl. Сөз басында тек қана шет сөзде қолданылған: *lisün taj seŋün* (Ли-сүн Тай-сеңүн)[143].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында: <л> фонемасы /ل/ әрпі арқылы берілген: келді – كەلدى, алды – العدى. Араб тілінен енген сөздердің ішінде қосарланып келетін [л] дыбысы қосар таңбамен жазылып кетсе де, ауызша тілде басқа дыбысқа айналып дыбысталған: алла – алда, молла – молда, бісмілла – бісмілда [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: <л> фонемасына қадым жүйесіндегі /ل/ әрпі қалдырылды [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) <л> фонемасы /l/ әрпімен таңбаланды. 1938 ж. түзетуде бұл әріптің таңбасы туралы пікірталас болған жоқ.

2.5 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.) <л> фонемасы /л/ әрпімен таңбаланды. Сөз басында келген /л/ әрпінен кейінгі буында қысаң дауысты болса, қысаң дауыстылар (ы, і) селбесіп жазылды. Ал ашық дауысты болса, сөз басы /л/ әрпінен басталып жазылды: ылық – лақ, ілік – лек.

2.6 Өзге түркі тілдері жазуында: айырмашылық болған жоқ.

2.7 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде: ортақ /l/ графемасымен беріледі.

III Сауалнама жобаларындағы <л> фонемасының таңбалануына сараптама

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /c/ графемасының пайыздық салмағы: 4,27%. Кездесу жиілігі: 9-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: <c> фонемасы кез келген дауысты дыбыспен тіркеседі (*ca-ac, cə-əc, ce-ec, co-oc, cə-əc, cу-үс, cу-үс, сы-ыс, сі-іс*) [38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: сөздің барлық позициясында (сөз басы, ортасы, аяғы) кездеседі [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында /c/ графемасы жуан түрінде **𐰸** таңбасымен, ал жіңішке түрінде **𐰶** таңбасымен берілген. Жуан түрі – жуан буынды сөздердің, жіңішке түрі жіңішке буынды сөздердің барлық позициясында келе береді: *ca, ce-ec, co, сы-ыс, сі-іс, cу-үс*. Кейде жуан «с» орнына жіңішке «сь» дыбысы да қолданылған [142].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында <c> фонемасы **سыйн** (س) арқылы берілген. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында кездеседі. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында **сыйн** (س) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) <c> фонемасы /Ss/ әрпімен беріледі: *sapaq, suraq* [116].

2.5 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде /Ss/ әрпіне өзгеріс енгізілмеген [140].

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.) /c/ графемасымен беріледі [116].

2.7 Өзге түркі тілдері жазуында: 1940 жылғы кирил графикалы эзербайжан, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек әліпбилерінде <c> фонемасын /c/ графемасымен таңбалаған [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде (түрік, эзербайжан, өзбек және қарақалпақ) <c> фонемасы Ss әрпімен таңбаланған.

III Сауалнама жобаларындағы <с>фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /C/ әрпінің тарихы: үш жобада да <с> фонемасын /s/ әрпімен таңбалау ұсынылған. Ss таңбасы – б.з.д. VII ғасырда енгізілген латын әріптерінің бірі [128].

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 6 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <с> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 13 рет: өсімдік, қыстыгүні, рұқсат, диспетчер, асфальт, институтқа, сирақ, ұйқас, Омскіден, ішең, сиыржоңышқа, авиабайланыс, ыдыс-аяқ. IV бөлім бойынша – 5 рет: аспаны, даласы, дастаны, намысын, Қазақстаным. 1-жобада берілген <s> фонемасын респонденттер /c/ графемасымен таңбалап, 6 рет қате жіберген. Көрсетілген қателердің орын алуы респонденттердің кирил әліпбиімен жазып дағдыланғандықтарынан туындап отыр, яғни бұл – графемалық интерференция салдарынан болған қате.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
с	s	с	6 (oecimdik, qictigueni, cyjyrzhongyshqa, aviyabaylanis, tuqcat)

2-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 3 рет қате жіберген. Бұл – графемалық интерференцияға байланысты туындаған қателер.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
с	s	с	3 (cuyurjoŋyshqa, aviyabaylanis)

3-әліпби жобасы бойынша: <с> фонемасы /s/ графемасы арқылы дұрыс таңбаланып, қате жіберілмеген.

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: <с> фонемасына қатысты ұсыныс жоқ.

3.4 Сауалнама нәтижесі: 1-ші және 3-ші жобаларда <с> фонемасы /s/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /s/ әрпі 18 рет кездеседі. Сонда 1-әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 4464 рет жазады. 4464 рет жазылған /s/әрпі 6 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда,

4464 – 100%.

600 – х% болғанда, $600:4464=0,13\%$. Бұл – <с> фонемасын таңбалауда /s/графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетеді.

2-әліпби жобасы бойынша /s/ графемасын 248 респондент 4464 рет жазады. 4464 рет кездесетін /s/ графемасын таңбалауда 3 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда, 4464 – 100%.

300 – x % болғанда, $300:4464 = 0,06\%$. Бұл – <c> фонемасын таңбалауда /s/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы өте төмен екенін көрсетеді.

3-әліпби жобасы бойынша ешқандай қате жіберілмеген. 3-жобаға келгенде жарман алғашқы екі жобада кездескен /s/ графемасын жазуға әбден төселіп алғанға ұқсайды.

3.5 Әріптің қуатсыйымдылығы: 1-жоба бойынша – 0,13%, 2-жоба – 0,06%, 3-жоба бойынша – 0%.

3.6 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды: сауалнама нәтижесі <c> фонемасын латын графикасында /Ss/ әрпімен жазу оңай болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <c> фонемасын таңбалайтын /Ss/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес келеді; б) өзге түркі әліпбилеріне де сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Ss/ графемасы <c> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <c> фонемасының бейнесі /Ss/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Тт/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 Фонеманың айырым белгілері: <t> – дауыссыз, тоғысыңқы, тіл ұшы, қатан [38].

1.2 Фонеманың дыбыс қоры [15]:


Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/т/	⇒<t>	⇒ [т]	Барлық позицияда, жуан езулік үндесімде	[т]ас, а[т]а, а[т]
		⇒ [т']	Барлық позицияда, жіңішке езулік үндесімде	[т']ес, ә[т']еш, бе[т']
		⇒ [т°]	Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелесте	о[т°], о[т°]ыр, [т°]оқаш
		⇒ [т°']	Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелесте	ө[т°'], [т°']өк, ү[т°']ір
	⇒<t>+<t>	⇒[тт]	Кірме сөздерде	кү[тт]ықтау
	⇒<t>-<d>	⇒ [д]	Жергілікті сөздерде	[д]ізгін, [д]ізе

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /т/ графемасының пайыздық салмағы: 6,19 %. Кездесу жиілігі: 5-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті:<t> фонемасы кез келген жуан және жіңішке дауысты дыбыспен тіркесе алады (та-ат, тә-әт, те-ет, то-от, тө-өт, тү-үт, ты-ыт, ти-ит) [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: сөздің барлық позициясында (сөз басы, ортасы, аяғы) кездеседі [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында* /т/ графемасы жуан  түрінде таңбасымен, ал жіңішке түрінде **h** таңбасымен берілген. Жуан түрі – жуан буынды сөздердің барлық позициясында, жіңішке түрі жіңішке сөздің барлық шенінде жазыла береді [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: <т> фонемасы **ta** (ت) арқылы берілген. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерінде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: **та** (ت) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <т> фонемасы /Тt/ әрпімен берілген: *tas, татыр* [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* /Тt/ әрпіне өзгеріс енгізілмеген [140].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* /т/ графемасымен берілді [116].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылғы кирил графикалы әзербайжан, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек әліпбилерінде <т> фонемасы /т/ графемасымен таңбаланған [140].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде* <т> фонемасын /t/ әрпімен таңбалау өзбек, түрікмен, әзербайжан әліпбилерінде бар.

III Сауалнама жобаларындағы <т> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */Т/ әрпінің тарихы*: 3 жобада да <т> фонемасын /Тt/ әрпімен таңбалау ұсынылған. /Тt/ әрпі б.з.д. VII ғасырда енгізілген [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*:

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 25 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <т> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 23 рет: *тәкаппар, мағлұмат, қыстыгүні, рұқсат, тыяды, тыяр, мұхит, диспетчер, тұщы, штаб, асфальт, бәтеңке, координат, институтқа, Тәжібаевқа, парациоттер, педагогтер, фунтқа, киловатқа, омыртқа, оттек, күрке тауық, киікоты*. IV бөлім бойынша – 7 рет: *алтын, дастаны, шықты, мықты, төгілемін, туган, Қазақстаным*.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
т	t	т	7 (koordinat, pedagogter, twugan, итуяр, тужады)
		d	1 (fuwndga)
Жалпы			8

1-жобада берілген <t> фонемасын респонденттердің /т/ графемасымен таңбалауын рефлекстік қате, яғни графемалық интерференция салдарынан орын алған қате деп санауға болады, бір әліпбиден екіншісіне өткенде бұндай қателіктердің болатындығы рас және қалыпты жағдай. Сондай-ақ респонденттердің шатасып, /d/-мен таңбаланғаны да бар (1 қате). Бұл – орфографиялық қате, яғни респондент кирилмен жазғанда да «фундқа» деп жазуы әбден мүмкін еді.

2-әліпби жобасы бойынша: 2-жоба бойынша да 8 қате жіберілген. Бұл қателердің басым бөлігі респонденттердің кирилмен таңбалауынан туындағандығы көрінеді, сондай-ақ 1 орфографиялық қате орын алған.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
т	t	т	7(institwtqa, tiyadi, tuwǵan, institutga, tujar, tushshy, tiyar)
		d	1(fuwndga)
Жалпы			8

3-әліпби жобасы бойынша: 3-жоба бойынша да респонденттер кирил графикасындағы /т/-мен белгілеп, рефлекстік қате жіберген. Сондай-ақ 1 орфографиялық қате орын алған.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
т	t	т	8 (muhyjt, tujady, tuuar, tuwghan)
		d	1 (fuwndga)
Жалпы			9

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* <t> фонемасына қатысты ұсыныс жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* 1-ші және 3-ші жобаларда <t> фонемасы /t/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /t/ әрпі 30 рет кездеседі. Сонда 1-әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 7440 рет жазады. 7440 рет жазылған /t/ әрпі 8 рет қате таңбаланды. Пайызға шаққанда,

7440 – 100%.

8 – x% болғанда, $800:7440=0,10\%$. Бұл жоба бойынша /t/ графемасының қуатсыйымдылығы өте төмен екені анықталды.

2-жоба бойынша да /t/ графемасын 248 респондент 7440 рет жазады. 7440 рет кездесетін /t/ графемасын таңбалауда 8 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

7440 – 100%.

8 – x % болғанда, $800:7440=0,10\%$. Бұл – <t> фонемасын таңбалауда /t/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы өте төмен деген көрсеткішті беріп отыр.

3-жоба бойынша /t/ графемасын 248 респондент 7440 рет жазады. 7440 рет кездесетін /t/ графемасын таңбалауда 9 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда, 7440 – 100%.

9 – x % болғанда, $900:7440=0,12\%$. Бұл – /t/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы өте төмен деген көрсеткішті береді.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: сараптама жүргізу барысында 1-жоба бойынша – 0,10%, екінші – 0,10%, үшінші – 0,12% төмен қуатсыйымдылық көрсеткіші алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша үш жобада да бірдей таңбамен таңбалау ұсынылған/t/ графемасын қолдану тиімді.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: <t> фонемасын латын әліпбиінде таңбалағанда /Tt/ әрпімен жазу оңай болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <t> фонемасын таңбалайтын, оған сәйкес келер /Tt/әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Tt/ графемасы <t> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <t> фонемасының бейнесі /Tt/ болуына графикалық қарсылық жоқ. Үш әліпбиде де /Tt/ графемасымен белгіленген.

/Уу/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*:<y>–дауыссыз ерін, тоғысыңқы, үнді, мұрынжолды. /У/ әрпі төл сөздерде [ху], [ху] дыбыстіркесін таңбалайтын әріп болып табылады. /У/графемасы қосар ұу және үу дыбыстіркесін таңбалайтындықтан, қазақ тілінде күрделі әріпке жатады [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/y/	⇒<ү>+<y>	⇒ [ху]	Дауыссыздан кейін, жуан үндесімде	с[ху], т[ху]лак, [ху]лы
	⇒<ү>+<y>	⇒ [ху]	Дауыссыздан кейін, жіңішке үндесімде	с[ху]рет, көр[ху]
	⇒<y>	⇒ [w]	Жуан езуліктен кейін	та[w]
		⇒ [w']	Жіңішке езуліктен кейін	же[w']
		⇒ [w'']	Жіңішке еріндіктен кейін	суретге[w'']
		⇒ [ʰy]	Сөз басында, екі бітеу буын аралығында, өзінен кейін жуан	[ʰy]лак, [ʰy]ыс, шар[ʰy]а

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /у/ графемасының пайыздық салмағы*: 0,83%. Кездесу жиілігі: 28-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті*: дауыссыз <y> фонемасы дауысты о, ө, ы, і (ou, ou, ыу, іу) фонемаларынан басқа дыбыстармен тіркеседі: ау, уа, әу, уә, еу, уе, ұу, іу [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғамайды: сөз басында, сөз ортасында және сөз соңында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында* <y> фонемасы > таңбасымен белгіленді. Ескерткіштерде у фонемасы бірнеше жолдармен берілді: а) у~ 0 (су ~ суб); ә) у~ оғ (жуан ~ йоған); б) у~ ғ (тау ~ тағ, бау ~ бағ, жау ~ йағ); д) у~уғ (тулы ~ туғлығ) [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында* <y> фонемасы **я (уау)** арқылы берілген: уақыт – واقیت, су – سو. Көрсетілген **я (уау)** таңбасы қазақ тілінде 5 (ұ, ү, о, ө, у) дыбысты берді. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: **я(уау)** фонемасы жартыдауысты дыбыстардың қатарына жатқызылды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)*: <y> фонемасы /v/ әрпімен таңбаланды. Мысалы: *qavlyсьп*. 1929 жылға дейін <y> фонемасы *ы у, іу, ұу, үу(тыуралы//тұуралы, сьу//сұу, күресіу)* болып таңбаланды, 1929 жылдан бастап <y> фонемасы жүйелі түрде *ұу, үу(сұу//күресуу)* болып таңбаланды. 1929-1938 жылдар аралығында екі түрлі пікір болды. Бірі <y> фонемасын қосар әріппен (ұ+у, ү+у) таңбалау керек деген көзқарасты ұстанды, ал бірі <y> фонемасын бір таңбамен беруді ұсынады. Н.Төрөқұлов жобасында <y> фонемасы /w/ таңбасымен берілді, Т.Шонанұлы жобасында <y> фонемасы /v/ графемасымен таңбаланды.

1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде <y> фонемасы /u/ әрпіне өзгертілді. 1938 жылға дейін *ұу, үу* қосарлы әріппен таңаланған <y> фонемасы бірде дауысты, бірде дауыссыз әріптердің қатарында саналды. /U/ әрпі үш түрлі қызмет атқарды: 1) жуан айтылатын *ұу* дауысты және дауыссыз дыбысын таңбалайды: *су (сұу), суық (сұуық)*; 2) жіңішке айтылатын *үу* дауысты және дауыссыз дыбысын таңбалайды: *зу (гүу), гүледі (гүүледі)*; 3) сөз басында дауысты дыбыстан бұрын тұрса (*уақ, үілдеу*) және сөз ішінде дауысты дыбыстан кейін не екі дауыстының арасында тұрса, /u/ әрпі үнді (сонор) дауыссыз дыбыстың таңбасы болады (*тау, тауық*) [116].

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* 1938 жылдан бастап қазірге дейін /u/(*су, күресу*) бір таңбамен беріліп жүр. Н.Сауранбаев [у] дыбысын қосар таңбамен беру «сөзді шұбарландырады» деген пікір білдіре отырып, 1938 жылға дейін қабылданып келген «ұу» – «uv», «үу» – «uv» қосар дыбысының қолайсыз екенін айтып, бір ғана таңбамен /u/ белгілеу керектігін ұсынады [146].

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <y> фонемасы татар тілінде – в-мен, ұйғыр, өзбек, татар, түрікмен, ноғай, әзербайжан тілдерінде – у-мен, қарақалпақ тілінде – ў әрпімен таңбаланды [140].

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: <y> фонемасы өзбек, түрікмен, әзербайжан және түрік тілінде **u**-мен таңбаланады.

III Сауалнама жобаларындағы <y> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /U/ әрпінің тарихы: үш әліпби жобасында <y> фонемасы /w/ графемасымен берілген. Латын әліпбиінде /w/ таңбасы XI ғасырда пайда болған. Бұл таңба қос vv(v

таңбасы /u/ дыбысының мәнін берген. Осыдан келіп ағылшын тіліндегі **w** – double **u** атауы шығады) әрпінің мәнін берген. **VV** диграфы әсіресе Солтүстік Еуропада кең таралып, **w** әрпіне айналды. Бұл әріп латын әліпбиіне Рим империясы құлағаннан кейін герман тілдері арқылы келді. Сондықтан кейбір ғалымдар бұл әріпті латын әліпбиіне қоспайды немесе шартты түрде алады [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:* 1-әліпби жобасы бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 993 қате жіберген. Екінші әліпби бойынша – 967 қате. Үшінші әліпби бойынша – 903 қате кеткен. Бірдей графеманы таңбалауда әр әліпбиде әртүрлі қате кетуі және 1-әліпбиде көп (993), 3-жобада аздау (903) болуы – бұл респонденттердің алғашында жаңа графемаға үйрене алмауы, ал соңғы алфавитке келгенде дағдылана бастауымен байланысты деуге болады.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* респонденттердің «[y] дыбысының /w/ болғаны ұнамайды» (6 адам) деген және «y - ұу, үу деп жазылғанына қарсымын» (2 адам), «y – u болса» (3 адам) деген ұсыныстары болды.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* қазақ сөздерінде **ұу** жуан (*сұу*), **үу** жіңішке (*күлүү*) дыбыс тіркесін беретін <y> фонемасы 1-жобада **uew** (үу), **uw** (ұу); 2-жобада **üw** (үу), **uw** (ұу); 3-жобада **u>w** (үу), **uw** (ұу) түрінде дыбыстық құрамы ажыратылып берілді. Ал дауыссыз [y] фонемасы үш жобада да /w/ графемасымен берілген. Орыс тіліндегі дауысты [y] дыбысы екінші және 3-жобада /u/ әрпімен таңбаланса, 1-жобада /uw/ әріптіркесімен таңбаланған.

Мәтінде <y> фонемасының кездесу жиілігі 13 рет. Олай болса, 248 респондент мәтін ішінде он үш рет кездесетін <y> фонемасын 3224 (248×13=3224) рет таңбалайды. Оның 10-ы төл сөзде (*жайғызу, әлеумет, бауыры, кейуана, уылдырық, қыз қуу, күркетауық, кейбіреу, япырмау, туған*), 3-і кірме сөзде (*институтқа, коммуналдық, фунтқа*). Сонда 248 респондент аталған дыбысты төменде берілген кестедегі үлгі бойынша таңбалауы керек.

№	жайғызу	бауыры	кейуана	уылдырық	қыз қуу	күркетауық	кейбіреу	япырмау
1 жоба	zhajghyzuw	bawугу	kejwana	wyldyryq	qyz quuwuw	kuerketawyq	kejbirew	jarуtmaw
2 жоба	jayǵızuw	bawırı	keywana	wıldırıq	qız quuwuw	kürketawıq	keybirew	jarıtmaw
3 жоба	zhajghyzuw	bawугу	kejwana	wyldyryq	qyz quuwuw	ku'rketawyq	kejbirew	jarуtmaw

Орыс тіліндегі дауысты [y] дыбысымен үш сөз келеді, оны да 248 респондент төменде берілген кестедегі үлгі бойынша жазуы керек.

Кирилше	институтқа	коммуналдық	фунтка
1-әліпби жобасы	iınsijtuwtqa	kommunaldıq	fuwntqa
2-әліпби жобасы	institutqa	kommunaldıq	funtqa
3-әліпби жобасы	institutqa	kommunaldıq	funtqa

Сондай-ақ респондент дауыссыз үнді [y] дыбысы сөз басында келгенде, оның жазылуына (wyldyryq / wıldırıq / wyldyryq) мән беруі керек. Себебі үнді [y] дыбысы

сөздің ұшар басында келе бермейді, сондықтан ілеспе қысаң дауыстымен айтылады. Бұл дауыстының аталмыш жағдайда мағыналық жүктемесі әлсіз болғандықтан, жазуда елене бермейді. Бұл жерде сөз басында келген дауыссыз үнді [y] дыбысын жазуда фонологиялық принцип басшылыққа алынып отыр.

Респонденттер /y/ әрпін үш жоба бойынша қалай таңбалады?

1-жоба бойынша мәтін көлемінде 3224 рет кездесетін /y/ әрпінен 993 қате кеткен. Мұны пайызға шаққанда, $(993 \times 100 : 3224 = 30)$ 30 % көрсетіп отыр. Оның ішінде /uw/ тіркесін жазуда 899 қате кеткен, ал дауыссыз <w> фонемасын жазуда 94 қате жіберген. Аталған қате нұсқаларды пайызға шақсақ, төмендегідей болады. 1-жоба бойынша /uw/ тіркесі мәтін көлемінде 1488 рет кездеседі. 1488 рет кездесетін uw тіркесі бойынша респонденттер 899 рет қате нұсқамен жазған. Сонда $(899 \times 100 : 1488 = 60,4)$ 60,4 % көрсетіп отыр. Ал дауыссыз w фонемасы мәтін көлемінде 1736 рет кездеседі. Бұл графеманы жазуда респонденттер 94 рет қате нұсқамен таңбалаған. Оны пайызға шаққанда, 5,41 % көрсеткішті беріп отыр.

Нақты айтсақ,

- 248 респондент /uw/ диграфының орнына /w/ әрпін қолдануды дұрыс көріп, 631 рет қате таңбалаған;

- сондай-ақ /uw/ диграфының орнына /u/ әрпін таңбалап, 191 қате жіберген;

- келесі жиі кездескен қатенің бірі - /uw/ диграфының /uw/ тіркесімен таңбалануы.

Бұдан 58 рет қате жіберген.

Бұл қателердің болу себебі:

- жазарман /y/ графемасын екі әріпке ажыратып жазудан гөрі бір таңбамен беруді жөн көрген сияқты. Сондықтан болар /w/ әрпін ғана алып отыр;

- диграфтың орнына /u/ әрпін ғана алып отыр. Оның себебі: қазіргі таңда латын қарпімен жазғысы келетін еріктілер /u/ графемасын қолдануды жөн көреді;

- /uw/ диграфының /uw/ тіркесімен қате берілуі респондент тарапынан кеткен графемалық интерференцияға жатады.

Келесі кезекте респонденттер 1-жоба бойынша дауыссыз <y> фонемасын таңбалауда 94 қате жіберіп отыр. Үш жоба бойынша респонденттер <y> фонемасын /w/ әрпімен таңбалауы керек еді. Алайда респонденттер басқа графемалармен таңбалаған. Нақты айтсақ,

- респонденттер /w/ графемасының орнына /u/ әрпін 66 рет таңбалаған;

- /w/ графемасының орнына /y/ әрпін 12 рет таңбалаған;

- /w/ графемасының орнына [uw] дыбыстіркесін таңбалап, 11 қате жіберіп отыр.

Себебі:

- қазіргі таңда жастар өзара ақпарат алмасу үшін латын графикасын қолданатыны белгілі. Олардың көбі кирил жазуындағы /y/ графемасын автоматты түрде /u/ әрпімен таңбалайды. Сондықтан болар, дағды бойынша таңбалаған;

- респонденттердің /w/ графемасының орнына /y/ әрпін таңбалауын салғырттықтан, мән бермеушіліктен туындаған қате деуге болады;

- /w/ графемасымен келетін сөздерді [uw] дыбыс тіркесімен жазып, 11 рет қате жіберген респонденттердің қазақ тіліндегі [y] дыбысының ерекшелігін түсінбегенімен байланыстыруға болады.

Мұндай жиі қайталанған әріптерді таңбалау респонденттердің балама ұсынысы деуге болады. Респонденттердің жоғарыда балама ұсыныс ретінде белгілеген әріптері төмендегі кестеде жинақталып беріледі.

1-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
у	uw	ww (632)	qww, kommwwnaldyq
		u (191)	institutqa, funtqa, kommunaldyq
		yw (58)	zhaighyzyw
		y (18)	tyghan, kommynaldyq
	w	u (66)	keuana, bauуry, kejbireu, japirmau, aeleumet, kuerketauyq
		y (12)	kejbirey, aeleymet, bayry, yldyryq
		uw (11)	uwyldyryq, kejuwana, bauуry, aeleuwmnet, japyrmauw
		ww (1)	kejwwana
		j (4)	jyldyryq
		Жалпы	

Сонда 1-жоба бойынша **uew, uw, w** түрінде жазылуы тиіс орфограммада барлығы 993 әліпбиге сай емес таңбаланған. Тұрақты қайталанған қателер – **u, w** әрпімен жазу.

2-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 967 қате жіберген. Бұл жобада төл сөзде у әрпі жуан сингармотембрде **uw**, жіңішке сингармотембрде **üw** түрінде дыбыс құрамы ажыратылып көрсетілуі тиіс. Жазарман сөздің жуан-жіңішкелігін акустикалық түрде айырып, таңбалануын ажыратып жазуға дағдыланады. Нәтижесінде дыбыс тіркесін жазуда энергия күшінің, біршама уақыттың кететіні белгілі болады. Ал кірме сөздер үшін <u> фонемасы /u/ әрпімен таңбаланады, дауыссыз үнді [y] дыбысы /w/ графемасымен таңбаланады. Аталған графемалармен келетін сөздер жоғарыдағы кестеде берілді.

Аталмыш әліпби жобасы бойынша 248 респондент төл сөзде 10 рет, кірме сөзде 3 рет кездесетін /y/ әрпін ($248 \times 13 = 3224$) 3224 рет таңбалауы керек. 2-жоба бойынша нұсқада респонденттер 967 әліпбиге сай емес қате жіберіп отыр. Алғашқы жобаға карағанда, қате саны аздау (26). Респонденттер тарапынан кеткен 967 қате нұсқаны пайызға шаққанда, ($967 \times 100 : 3224 = 29,9$) 29,9 % көрсеткішті беріп отыр.

2-жоба бойынша респондент /uw/әріптіркесін таңбалауда 638 қате жіберген. Нақты айтсақ,

- /uw/ әріп тіркесін /w/ және /u/ дара әріптерімен беріп отыр.

Себебі:

- бұл қателердің көбі әріп тіркесін қазіргі кирил-қазақ әліпбиіндегі бір таңбамен белгіленген жазу дағдысы мен дәстүріне байланысты болып отыр. Сонда респонденттердің көбі <u> фонемасын бір графемамен таңбалауды дұрыс көреді.

Келесі дауыссыз үнді <y> фонемасын /w/ графемасымен таңбалауда 97 әліпбиге сай емес қате нұсқа кеткен. Мұнда да респонденттер алғашқы жобадағыдай <y> фонемасын **uw** әріптіркесімен және /u/ графемасымен таңбалаған.

Себебі:

- <y> фонемасының **uw** әріптіркесімен таңбалануының себебі тіркеспен жазылған у (уу, үу)-мен шатастырған болуы керек, дауыссыз у (w) тіркеспен таңбаланған.
- <y> фонемасының /u/ әрпімен таңбалануының себебі жастардың компьютер мен телефонда латын графикасымен жазып, дағдыланып қалуымен түсіндіруге болады.
- бұдан басқа графикалық интерференция, әріпті түсіріп жазу сияқты немқұрайлықтан туындаған қателер кеткен.

Мәтінде кірме сөздер 3 рет кездеседі. 248 респондент 744 рет /y/ әрпін кірме сөзде жазады. 2-жоба бойынша <y> фонемасы /u/ графемасымен беріледі. 744 рет жазылған /y/ әрпінде барлығы 232 қате кеткен. Негізгі қателер:

- әліпбиде /y/ әрпі жоқ. /U/ таңбасының екі дыбысты беретіні сауалпарақтың ескертпесінде анық көрсетілді. Сондықтан респондент мұқият танысуы керек еді. Әсіресе <u> фонемасы /w/ әрпімен белгіленіп, осыдан ең көп қате кетіп отыр.

Себебі:

- бұл қатені респонденттердің салғырттығымен байланыстыруға болады. Себебі респонденттер дағды бойынша төл сөздерде кездесетін /w/ әрпін, /uw/ тіркесімен автоматты түрде жазған. Десек те, кірме сөзде /u/ әрпін қазіргі [y] дыбысын таңбалауда қолдану жазармандар үшін аса қиындық келтірмеген сияқты. Себебі алғашқы жобада кірме сөздер /uw/ (kommuwналдық) әріп тіркесімен жазылуы керек еді, алайда респонденттер /u/ графемасымен жазып, өздерінің нұсқасын көрсетті деуге болады. Олай болса, 2-жоба бойынша кірме сөздер /u/ (kommunalдік) графемасымен беріліп, респонденттердің өздері ұсынған нұсқамен сәйкес келіп отыр деп болжауға болады. Бұл кірме сөздерде <y> фонемасын 1 әріппен беруге болады деген сөз. Респонденттердің әліпбиге сай емес белгілеген нұсқалары кестеде жинақталып беріледі.

2-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
у	uw	w (539)	jaıǵızw, qız qww, mwıht
		u (99)	tuǵan, jayǵızu, qız quwu
	w	uw (32)	aleuwwmet, kurketauwyq
		u (51)	yapırmaw, keyuana, keıbırew, bauıry
		yu (1)	keyyuana
		üw (3)	äleüwwmet
		y (10)	yıldırıq
	u	w (177)	ınstıytwtqa, fıwntqa
		uw (18)	kommuwınaldıq, fıwntqa, ınstıtuwıtqa
		üw (3)	ınstıtüwtqa, fıwntqa
y (34)		commynaldıq	
Жалпы		967	

2-жоба бойынша кеткен қате нұсқалардың әрқайсысына жеке тоқталып, оны пайызға шаққанда төмендегідей көрсеткіш беріледі.

Мәтін көлемінде /uw/ тіркесі бойынша респонденттер 638 қате нұсқаны жазып отыр. Ол 85,7 % көрсетіп отыр.

/W/ әрпі бойынша респонденттер 97 қате нұсқаны жазып отыр. Ол 5,58 % көрсетіп отыр.

/U / графемасы бойынша 232 қате нұсқаны жазып отыр. Ол 31,1 % көрсетіп отыр.

3-жоба бойынша /y/ әрпі төл сөзде u'w (үү), uw (ұу) тіркесімен, w (y) әрпімен; кірме сөзде /u/ әрпімен таңбалануы тиіс. Аталмыш әліпби жобасы бойынша 248 респондент төл сөзде 10 рет, кірме сөзде 3 рет кездесетін /y/ әрпін ($248 \times 13 = 3224$) 3224 рет таңбалауы керек. 3-жоба бойынша респонденттер 903 әліпбиге сай емес қате нұсқаларды жіберіп отыр. Аталған 903 қате нұсқаларды пайызға шаққанда, ($903 \times 100 : 3224 = 28$) 28 % көрсеткішті беріп отыр.

Нақты айтқанда,

- респонденттер әріп тіркесінің орнына /u/ (61 қате жіберген) және /w/ (502 қате жіберген) әріптерін белгілеген. Респонденттер 3-жобада да алғашқы екі жобадағы сияқты қате жіберіп отыр. Респонденттер бұл жобада да әріп тіркесінен гөрі бір таңбамен белгілеуді жөн деп есептейді.

Дауыссыз <y> фонемасын /w/ әрпімен таңбалауда 136 қате кеткен. Мәтінде дауыссыз <u> фонемасының кездесу жиілігі алты рет. Сонда респондент бұл әріпті 1488 рет таңбалайды. Бұл дыбыстың таңбалануында негізгі үш қатені ажыратып көрсетуге болады:

- респонденттер дауыссыз <y> фонемасын /u/ әрпімен таңбалаған;
- дауыссыз <u> фонемасын /uw/ тіркесімен таңбалаған;
- дауыссыз <u> фонемасын кирилдегі /y/ әрпімен таңбалаған.

Оның себептері жоғарыда түсіндірілді.

Кірме сөздерге келсек, мәтінде кездесу жиілігі үш рет. Респондент бұл әріпті 744 рет таңбалауы керек. Респондент тарапынан 193 қате кеткен. Жоба бойынша кірме сөздерде /u/ әрпі белгіленуі керек еді, алайда респонденттер /w/ графемасымен және /uw/ әріптіркесімен таңбалаған. Оның да себебі жоғарыда түсіндірілді. Респонденттердің әліпбиге сай емес жазылған нұсқалары кестеде жинақталып берілді.

3-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
у	uw	w (502)	zhajghyzw,qiz qww
		u (61)	tughan
		y (8)	kejbirey, japyрмаy, kejyana, yyldyryq
		wy (1)	zhajghyzwy
		u'w (2)	qu'wu'w
	w	u (87)	bauyry, aleumet, keibireu, keiuana, uyldyryq
		uw (25)	a'leuwwmet, kejuwana, bauwyry, japyрмаuw, uwylidyryq, ku'rketauwyq
		y (20)	japirmaй, kurketayiq
		ø (2)	a'lemet
		u'w (1)	keju'wana
		yu (1)	bayuyry
		w (173)	kommwnaldyq, institwtqa, fwntqa
	u	uw (17)	kommwnaldyq, instituwta, fuwntqa
		y (3)	kommynaldyq
Жалпы		903	

Нақтыласақ, төл сөздерді жазуға тиіс орфограммаға қарағанда, кірме сөздерді жазуға тиіс 1 әріп орфограммасында қате аз кеткен. Бұл жазарманның қазіргі кирил-қазақ жазуындағы «1 әріп – 1 дыбысты» жүйеге дағдыланып қалуына байланысты болуы керек.

3-жоба бойынша /uw/ тіркесінің, /w/ және /u/ әріптерінің әрқайсысының қате нұсқаларын пайызға шаққанда, төмендегідей көрсеткішті береді.

Мәтін көлемінде /uw/ тіркесі бойынша респонденттер 563 қате нұсқаны жазған. Ол 75,6 % көрсетіп отыр.

/W/ әрпі бойынша респонденттер 136 қате нұсқаны жазған. Ол 7,8% көрсетеді.

/U/ графемасы бойынша респонденттер 193 қате нұсқаны жазып отыр. Ол 25,9 % көрсетеді.

3.5 Әріптің қуатсыйымдылығы:

Респонденттердің 3 жоба бойынша /u/ графемасын жазуда жіберген қате нұсқаларының жалпы пайыздық көрсеткіші төмендегідей болды.

1-жоба бойынша –30 %.

2-жоба бойынша –29,9%.

3-жоба бойынша –28%.

Енді 3 жоба бойынша /uw/ тіркесінің, /w/ және /u/ әріптерінің әрқайсысының қате нұсқаларын пайызға шаққанда, төмендегідей көрсеткішті берді.

1-жоба бойынша **uw** тіркесі – 60,4 % (1-жоба бойынша кірме сөздер **uw** тіркесімен берілгендіктен, төл сөздердің кездесу жиілігімен қосылып есептелді).

- W әрпі бойынша – 5,41 %
- 2-жоба бойынша **uw** тіркесі – 85,7 %
- W әрпі бойынша – 5,58 %
- U графемасы бойынша – 31,1 %
- 3-жоба бойынша **uw** тіркесі – 75,6 %
- W әрпі бойынша – 7,83 %
- U графемасы бойынша – 25,9 %

Әріптің мұндай қуатсыйымдылығы – <у> фонемасын таңбалауда респонденттер 1-жобада 2-жобаға қарағанда пайыздық көрсеткіші жоғары болып отыр. 2-жобада төселе бастағаны, 3-жобада дағдыланып келе жатқандығы көрінеді. Үш жоба бойынша респонденттердің тарапынан ең жиі ұсынылған нұсқа /w/әрпімен байланысты болып отыр.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* берілген сөздерді 1-жобамен жазуда 993 қате, 2-жоба бойынша 967, 3-жоба бойынша 903 қате кеткен. Төл сөздерді әріптіркесімен, кірме сөздерді бір әріппен жазуда (1-3 жобалар) қателер саны, оның ішінде тұрақсыз қателер саны, әр респонденттің өз бетінше таңбалау әрекетінен болғаны байқалды. Мұндай кемшіліктер қазақ-кирил әліпбиіндегі /у/ әрпінің қабылданатын латын графикасындағы сәйкестігін ойлануды қажет ететінін ескертеді. Ешқандай жоба ұсыныстары оң нәтиже берген жоқ деп қорытуға болады.

/Ұ/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <у> – дауысты, қысаң, еріндік, тіл арты, жуан [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры:* <ұ> фонемасы сөз басы мен 1-буында келгенде, өзінен кейінгі буындағы езулік (ы) дыбысы еріндік сипат алады. <Ұ> фонемасының дыбыс қоры кестеге салынып берілді [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ұ/	⇒<ұ>	⇒ [ұ]	алғашқы екі буында	[ұ]л, б[ұ]л, мазм[ұ]н, мағл[ұ]м
		⇒ [∅]	бітеу буын аралығында, ерін үндесімінде	мақ[]лұқ, мақ[]лұқша

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ұ/ графемасының пайыздық салмағы:* 2,18%. Кездесу жиілігі: 16-орында.

1.4 *Дауыссыздармен тіркесу қабілеті:* <ұ> фонемасы <к> фонемасынан басқа(кұ, ұк тіркесі болмайды) барлық дауыссыз дыбыстармен тіркеседі (құ, ұқ, лұ, ұл, рұ, ұр, тұ, ұт.б.) [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны:* позиция талғайды: сөздің басы, ортасында келеді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында:* үш әліпби жобасында <ұ> фонемасы /u/ графемасымен берілген. Оның көне түркі жазуында 1 (𐰉) таңбасы болған. Ескерткіш тілінде жуан

[u], [o] дыбыстары бір (>) таңбамен белгіленді. Сөз басы, сөз ортасы және сөз соңында келеді. Дауыссыз жуан таңбалармен тіркесті [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында:* <ү> фонемасы **و** (**уау**) графемасымен берілген: *сұлу* – *سولو*, *құн* – *قون*. Аталған **و** (**уау**) таңбасы қазақ тілінде 5 (ұ, ү, о, ө, у) дыбысты берді. Сөз басы, ортасында келді. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында:* **و** (**уау**) таңбасы **ؤ** (**уау**) графемасына өзгертілді [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <ү> фонемасы /u/ әрпімен берілді. 1929 жылы /u/ әрпімен таңбаланған <ү> фонемасы 1938 жылы /Üü/ әрпіне өзгертілді. Н.Төреқұлов, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы жобаларында <ү> фонемасы /u/ түрінде таңбаланды, М.Мырзаұлы жобасында /ü/ әрпімен таңбаланды [116].

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940ж.)* орыс әліпбиіндегі /y/ әрпіне әріпүстісіздық сала отырып /ÿ/ графемасы таңбаланды. Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында <ү> фонемасы 1939 жылы /ÿ/ таңбасымен берілді: *мазмұн*, *бұл-бұл*. 1951 жылы 15 тамызда «/ÿ/ таңбасын /ү/ әрпіне ауыстырайық» деген ұсыныстардың негізінде /ÿ/ таңбасы /ү/ әрпіне ресми түрде ауысты [135].

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында:* 1940 жылы <ү> фонемасы өзбек, ұйғыр, қарақалпақ тілдерінде /y/ әрпімен таңбаланды. Татар, башқұрт тілдерінде <ү> фонемасына дауысты [o] дыбысы сәйкес келді [140].

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде:* <ү> фонемасы өзбек тілінде /u/-мен таңбаланады. Ал түрікмен, эзербайжан, түрік тілдерінде <ү> фонемасы жоқ.

2.8 *Әріптің орфографиясы:*

1) /ү/ әрпі, негізінен, сөздің бірінші буынында және бір буынды сөздерде жазылады: *ұ-лы*, *ұ-зын*, *құ-лақ*, *жұ-дырық*;

2) алдыңғы буындағы еріндік [ү] дыбысының әсерімен келесі буында естілетін (айтылатын) [ү] дыбысының орнына /ы/ әрпі жазылады: *құндыз* (айтылуы: [қүндүз]);

3) түбір сөздердің екінші буындарында естілуінше /ү/ әрпі жазылады: *бұлбұл*, *байгұс*, *мазмұн*, *мақұл*, *мағлұмат*;

4) біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында (яғни олардың екінші сыңарында) /ү/ әрпі жазыла береді: *көкқұтан* (*көк//құ-тан*), *Аққұдық* (*Ақ//құ-дық*) [87].

III Сауалнама жобаларындағы <ү> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */Y/ әрпінің тарихы:* 3 жобада <ү> фонемасы /u/ әрпімен таңбаланады.

Латын әліпбиінде /v/ әрпі екі дыбыстың мәнін берді. Бірі – дауысты [u] дыбысын, екіншісі – дауыссыз [v] дыбысын. XVI ғасырдан бастап латын әліпбиіне /u/ графемасы арнайы таңба ретінде енгізілді. Оның себебі /v/ әрпінің буын құрайтын және буын құрай алмайтын варианттарының дифференциалануымен байланысты болды [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:* сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <ұ> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 9 рет: *zhudyryq* (жұдырық), *ruqsat* (рұқсат), *maghlumat* (мағлұмат), *zharq-zhurq* (жарқ-жұрқ), *ujydy* (үйиды), *tukhyjt* (мұхит), *tushshy* (тұщы), *ujqas* (үйқас), *burynghy* (бұрынғы). 1-әліпби жобасы бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 48 қате жіберген. Екінші әліпби бойынша – 28 қате. Үшінші әліпби бойынша – 17 қате кеткен. Бірдей графеманы таңбалауда әр әліпбиде әртүрлі қате кетуі және 1-жобада көп (48), 3-жобада аздау (17) болуы бұл респонденттердің алғашында жаңа графемаға үйрене алмауы, ал соңғы әліпби жобасына келгенде, дағдылана бастауымен байланысты деуге болады.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* бұл графемаға қатысты респонденттердің «ұ – w болсын, ү – үсті сызылған w болсын» – деген ұсыныстары бар (3 адам). «ұ – й» болса деген ұсыныстар да болды (3 адам).

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* үш жоба бойынша <ұ> фонемасы /u/ графемасымен берілген. Барлық мәтінде /u/ әрпі 9 рет кездеседі. Сонда 248 респондент бұл әріпті 2232 рет жазады. 2232 рет жазылған /u/ әрпінің 93-і әліпбиге сай емес таңбаланады. Пайызға шаққанда,

2232 – 100%

93 – x % болғанда, $9300 : 2232 = 4,1\%$. Бұл – <u> фонемасын таңбалауда <u> фонемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен деген алғашқы көрсеткішті береді.

Екінші статистикалық көрсеткіште әр әліпби жобасындағы қате саны анықталады. Сонда:

1-жоба бойынша – 48 қатені пайызға шаққанда, 2,1% көрсеткішті беріп отыр.

2-жоба бойынша – 28 қатені пайызға шаққанда, 1,4% көрсеткішті беріп отыр.

3-жоба бойынша – 17 қатені пайызға шаққанда, 0,7% көрсеткішті беріп отыр.

Респонденттер өз тарапынан белгілеген графемаларды талдауға келсек.

1-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ұ	u	w (36)	zhwdyryq, twshshy, mwkhit, bwryngy, maghlwmat, rwqsat, wiqas,
		y (4)	ryqsat, zharq-zhyrq
		ue (2)	maghluemat, zharq-zhuerq
		ø (3)	maghlmat
		ұ (3)	maghlymat
Жалпы		48	

1-жоба бойынша мәтін көлемінде 2232 рет кездесетін /ұ/ әрпінен 48 қате кеткен. Оның ішінде

- 248 респондент/u/ графемасының орнына /w/ әрпін қолдануды дұрыс көріп, 36 рет қате таңбалаған;

- сондай-ақ /u/ графемасының орнына /y/ әрпін таңбалап, 4 қате жіберген;
- келесі кездескен қателер /u/ графемасының орнына /y/ әрпінің және /ue/ тіркесінің таңбалануы.

Бұл қателердің себебі:

- дауысты [u] дыбысының /w/ графемасымен таңбалану жүйесі қазақ тілінің әліпби жобаларының тарихында болмаған. Сондай-ақ латын графикасын қолданатын түрік, әзербайжан, өзбек тілдерінде де [u] дыбысы /w/ графемасымен таңбаланбайды. Олай болса, респонденттердің [u] дыбысын /w/ графемасымен таңбалаудың себебін былай топшылауға болады: кирилдегі /y/ әрпінлатынның /u/ графемасымен таңбалауға (*baru, kommunal*) дағдыланып қалса керек, сондықтан <u> фонемасын еріндіктерді белгілейтін әріптер қатарындағы бос тұрған /w/ графемасымен таңбалауы мүмкін;

- [u] дыбысының /y/ графемасымен берілуі респонденттің автоматты қатесі болып табылады, графикалық интерференция себеп болған;

- /u/ графемасын түсіріп жазған респонденттер де бар. Бізге белгілі қысаң дауыстылардың екі қызметі болады: бірі – мағына ажырататын фонемалық сипаты болса, екіншісі – морфема немесе түбір ішінде дауыссыздардың арасына салынатын селбеспелік сипаты. Олай болса, респонденттердің /u/ графемасын түсіріп жазудағы бірден-бір себеп мәтінде берілген сөздерде (*maghlmat*) қысаң [u] дауыстысы екі дауыссыздың арасында селбеспелік сипатқа ие болып отырғандығы. Екінші бір себебі, қазіргі тілтанымда қысаң дауысты дыбыстарды жазудағы кездесетін орфографиялық қиындықтармен байланысты. Сондықтан респондент қысаң дауысты дыбыстардың жазылу емлесін дұрыс білмегендіктен болуы керек.

2-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
Ұ	u	w (19)	jarq-jwrq, jwdırıq, maǵlwmat, rwqsat, bwrıngı
		ұ (4)	rwqsat
		ø (2)	maǵlmat
		ü (1)	üyqas
		ü (2)	jüdirıq, maǵlümat
Жалпы		28	

2-жоба бойынша мәтін көлемінде 2232 рет кездесетін /y/ әрпінен 28қате кеткен. Оның ішінде:

- 248 респондент /u/ графемасының орнына /w/ әрпінқолдануды дұрыс көріп, 19 рет қате таңбалаған;

- сондай-ақ /u/ графемасының орнына /y/ әрпін таңбалап, 4 қате жіберген;

- келесі кездескен қателер /u/ графемасының орнына /ü/ және /ü/ әріптерінің таңбалануы.

Бұл қателердің себебі:

- 2-жоба бойынша дауысты [u] дыбысының /w/ графикасымен таңбалануы жоғарыда келтірген пікірмен сәйкес;

- респонденттердің дауысты [u] дыбысын /ү/ графемасымен таңбалауының себебі кирил әліпбиі мен латын әліпбиіндегі әріптерді өзара автоматты түрде алмастыруымен, яғни графикалық интерференциямен байланысты болуы;

- /u/ графемасына әріпүсті диакритикалық (ÿ, ü) белгілер салып таңбалаған респонденттердің психобейнесінде дауысты [u] дыбысына кирил әліпбиіндегі сияқты әріпүсті немесе әріпасты сызықтың қойылуы тиіс деген дағды көрініс берсе керек.

3-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
Ұ	u	w (12)	zhwdyryq, wjdy, zharq-zhwrq, wyldyryq
		y (2)	zharq-zhyrq, maghlymat
		ø (3)	maghlmat
Жалпы		17	

3-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 17 қате жіберген. Бұл жобадағы қателер алғашқы жобалардағыдай болды.

Жоғарыда берілген кестеден көріп отырғанымыздай, үш әліпби жобасында да респонденттер дауысты <ү> фонемасын/w/ әрпімен белгілеп, көп қате (67) жіберген.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: 1-жоба бойынша – 2,1%, 2-жоба бойынша – 1,4%, 3-жоба бойынша – 0,7%.

Әріптің мұндай қуатсыйымдылығы – <ү> фонемасын /u/ әрпімен таңбалауда респонденттер 1-жобада үйрене бастап, 2-жобада төселе бастағаны, 3-жобада дағдыланып келе жатқанның көрсеткіші. Үш жоба бойынша респонденттердің тарапынан ең жиі ұсынылған нұсқа /w/ әрпімен байланысты болып отыр.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: сауалнама нәтижесі <ү> фонемасын латын әліпбиіндегі /u/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Барлық жазылым бойынша 4,1 % кеткен қате – бұл қуатсыйымдылықтың төмендігінің көрсеткіші. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <ү> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /u/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /u/ графемасы <ү> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <ү> фонемасының бейнесі /u/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Үү/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <ү> – дауысты, тым қысаң, еріндік, жіңішке [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/y/	⇒<y>	⇒ [y]	алғашқы екі буында	[y]й, к[y]л, мәжб[y]р
		⇒ [Ø]	бітеу буын аралығында	мәк[]рүк

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /y/ графемасының пайыздық салмағы: 0,69%. Кездесу жиілігі: 29-орында.

1.4 Дауыссыздармен тіркесу қабілеті: қу, ұқ, әу, ұғ тіркесімі болмайды. Өзге барлық дауыссыздармен тіркеседі.

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғайды; алғашқы екі буында кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында:/y/ графемасы көне түркі жазуында **ŋ** таңбасы арқылы таңбаланды. <y> фонемасы сөздің анлаут (ürk – үрку, üz – үзу, ük – үгу), инлаут (jüz – жүз, kün – күн) позицияларында кездеседі. Сондай-ақ *ü ~ ö, ü ~ i, ü ~ e* сәйкестігі де болды [137].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында:

қадым жазу жүйесінде харакаттар (фатха, дамма, кесра) қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген. Дамма ұ, ү, у, о, ө дыбыстарының мәнін білдірген[138]. Мысалы, [y] дыбысының мәнінде: бүлдірген – بلدرگن (блдрген), бүлдірділер – بلدرديلا (блдірділер);

жәдид жазу жүйесінде дамталы алифпен [y] дауыстысын таңбалау өте сирек ұшырасады: үйүнiң – ايونينك, үшiбу – اوشبو. Жәдид жазуында [y] дыбысы жүйелі түрде тек уау (و) арқылы таңбаланған: үлкен – ولكن, жүз – جوز.

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: ʷ таңбасына дәйекше белгісі қойылып, <y> фонемасының мәнін білдірген [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.):1929-1940 жылдар аралығындағы латын графикасына негізделген қазақ жазуында <y> фонемасы Yү әрпімен берілді: *tystik, tys*.

2.5 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде: аталған таңба өзгертілмей алынды [116].

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.): <y> фонемасы Yү таңбасына ауыстырылды[135].

2.7 Өзге түркі тілдері жазуында: кирил графикасына негізделген башқұрт, қарақалпақ, татар әліпбилерінде <y> фонемасы үшін /Yy/ таңбасы алынды. Ноғай әліпбиінде <y> фонемасы /Yy/ таңбасымен белгіленді [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде:

әзербайжан әліпбиінде – /Ūū/;

түрік әліпбиінде – /Üü/;

өзбек әліпбиінде – /Ūū/;

түрікмен әліпбиінде – /Ūū/.

2.9 <y> фонемасының орфографиясы: бірінші буында және бірбуынды сөздерде жазылады [87].

III Сауалнама жобаларындағы <ү> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /Ү/әріпінің тарихы: <ү> фонемасы 1-ші әліпби жобасында – /ue/, 2-ші әліпби жобасында – /ü/, 3-ші әліпби жобасында /u'/ таңбаларымен белгіленген. Бұл графема классикалық латын әліпбиінде жоқ. Алайда ол кеңейтілген латын әліпбиінде кездеседі. Аталған әріп венгер, голланд, неміс, француз, швед, шотланд әліпбилерінде қолданылады./Ue/ әріптіркесі латын-ағылшын стандартында бар [128].

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:

1-әліпби жобасы: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына көшіруде 248 респондент жалпы 47 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <ү> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 3 рет: *қыстыгүні, күрке тауық, жанкүйер*. IV бөлім бойынша – 2 рет: *күн, гүлің*.

Жіберілген қатенің жалпы саны – 47. Оның 16-сы /ue/ графемасын дара тұлғада қате жазса, ал 4-еуі – қосар графема арқылы қате берген.

/Ue/ графемасы дара тұлғада 8 рет – /u/ түрінде, 4 рет – /w/ түрінде, 3 рет – /y/ түрінде, 1 рет /ü/ түрінде қате жазылған. Бұлай таңбалануының басты себебі респонденттердің психобейнесінде бұл графеманың портреті дара тұлғада қалыптасып қалуымен байланысты деп ойлаймыз.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
Ү	ue	ju(3)	zhankjuer
		w (4)	qystygwni
		u (8)	zhankuier
		y (3)	qystygyni, zhankyer
		ü (1)	zhanküier
		wue (1)	kwuereketauk
		ø (1)	qystygni
Жалпы		21	

2-әліпби жобасы: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 54 рет қате жіберген. 2-жобада берілген <ü> фонемасын респонденттер <u> графемасымен таңбалап, 45 қате жіберген. Бұл әріптің 45 рет қате жазылған себебі диакритикалық таңбаның еленбеуінен болған деп ойлаймыз. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасау барысында қазіргі /ü/ графемасының тұрпаты ойластырылғаны жөн. Себебі фонемдік мәні жуық дыбыстарға /u/ және /ü/ графемаларын арнайтын болсақ, жазылым процесінде диакритикалық белгі еленбей, әріптің мазмұндық межесі өзгеруі де мүмкін.

Ал <ү> фонемасын /y/ графемасы арқылы таңбалау – психологиялық түрткі жайтпен байланысты. Бұл жерде респондент санасында графемалық интерференция орын алғаны байқалады. Кирил графикасындағы графикалық бейне латын жазуына да әсер еткен.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
Ү	ü	u (45)	jankuyer
		ue(5)	jankueyer
		ü (2)	qistigüni
		ү (2)	kyrketawıq
Жалпы		54	

3-әліпби жобасы: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына көшіруде 248 респондент жалпы 51 рет қате жіберген. 2-жобада берілген <u> фонемасын респонденттер /u/ графемасымен таңбалап, 27 қате жіберген. Бұл әріптің қате жазылу себебі диакритикалық таңбаны елемеуден туындаған.

/U'/ графемасының 17 рет /ue/ түрінде, 3 рет /ü/ түрінде таңбалануы бұл екінші және үшінші жобалардың әсері.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
Ү	u'	u (27)	qystyguni
		w (1)	kwrketawıq
		ue (17)	qystygueni
		ü (3)	qystygüni
		ÿ (1)	qystygÿni
		a (2)	karketawıq
Жалпы		51	

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары:

- сауалнамаға қатысушы 13 адам /Ue/ әріп тіркесін жазуға қолайсыз әрі ең қиын әріп қатарына кіргізген;

- сауалнамаға қатысушы 15 адам /u'/ таңбасын ең қиын әріптер қатарына жатқызған;

- сауалнамаға қатысушы 12 адам /ü/ таңбасын ең оңтайлы әріптердің қатарына кіргізген;

- сауалнамаға қатысушы 3 адам <ү> фонемасы үшін үсті сызылған /w/ таңбасын ұсынған;

- сауалнамаға қатысушы 3 адам <y> фонемасы үшін – /u/, <ү> фонемасы үшін – /ü/, <ү> фонемасы үшін – /ÿ/ таңбаларының алынуын жөн көрген.

3.4 Сауалнама нәтижесі: 1-жобада <ү> фонемасы /ue/, 2-жобада – /ü/, 3-жобада – /u'/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /ү/ әрпі 5 рет кездеседі. Сонда бірінші әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 1240 рет жазады. 1240 рет жазған /ү/ әрпі 1219 рет әліпбиге сай таңбаланған. Пайызға шаққанда,

1240 – 100%

21– x% болғанда, $2100 : 1240 = 1,69\%$. Бұл – <ү> фонемасын таңбалауда /ue/ диграфын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен емес деген көрсеткіш.

Ал 2-жоба бойынша /ü/ графемасын 248 респондент 1240 рет жазады. 1240 рет кездесетін /ü/ графемасы 1186 рет дұрыс жазылған. Пайызға шаққанда,

1240 – 100%

54 – х% болғанда, 5400: 1240 = 4,35%. Бұл – /у/ фонемасын таңбалауда /ü/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен емес деген көрсеткіш.

3-жоба бойынша 1240 рет жазылған /u'/ графемасы 1192 рет дұрыс жазылған. Пайызға шаққанда,

1240 – 100%

51 – х% болғанда, 5100:1240 = 4,11%. Бұл – <ү> фонемасын таңбалауда /u'/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы жоғары деген көрсеткіш беріліп отыр.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша қате – 1,69%, 2-жоба – 4,35%, ал 3-жоба 4,11%-ды құрап отыр. Респонденттердің сауалнамасын саралау барысында екінші және үшінші жобаның қуатсыйымдылығы жоғары екенін көреміз, яғни бұл графемалар қазақ әліпбиі үшін тиімсіз. Алайда ескере кететін бір жайт – 1-жобада <ү> фонемасын /ue/ диграфымен белгілеу керек болса, кеткен қатенің бәрінде диграфқа тіпті аздап болса да жақын әріптіркес алынбаған (мысалы, *ju* (3), *w* (4), *u* (8), *y* (3), *ü* (1), *wue* (1), *o* (1)). Демек, 21 қатенің бәрін толық қате ретінде санауға болады. Яғни респонденттер бұл әріптің образын, өзіне жақын бейнесі болса да, жаттай алмаған. 2-жобада 54 қатенің 45-інде респондент (·) қоснүкте әріпүсті таңбасын қоймай кеткен, ал графеманың негізгі сұлбасын /u/ түрінде жазған. Сондай-ақ 5-і – /ue/ диграфымен, 2-і – /й/ графемасымен, 2-і кирилдегі /у/ графемасымен таңбалаған. Байқайтынымыз, мұндағы барлық қателер диакритикаға деген немқұрайлық пен графемалық интерференциядан туындаған. 3-жобада 18 қатенің 27-і әріп жанына қойылатын апострофты (дәйекшені) елемеуден туған, алайда графеманың негізгі сұлбасы /u/ сақталған, сол сияқты 17 респондент /ue/ графемасымен таңбалаған, яғни «1-жобаға ұқсас» деген түсінік туындап, сол ізбен 1-жобадағы әріптерді бірізді таңбалаған. Мұның өз заңдылығы да жоқ емес, себебі 1-жоба мен 3-жобада бір фонеманы әріптіркеспен беру принципі ортақ. Респонденттер мұны байқаса керек.

1-әліпби жобасы бойынша: кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 101 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <ы> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 32 рет (*жайғызу, жұдырық, қыстыгүні, қырқыншы, бауыры, тыяды, уылдырық, тыяр, тұңы, коммуналдық, бұрынғы, омыртқа, қырықаяқ, сиыржоңышқа, қыз қуу, күркетауық, кийкоты, авиабайланыс, ыдыс-аяқ, япырмау*), IV бөлім бойынша – 18 рет (*алтын, аспаны, даласы, дастаны, қарашы, даңқымыз, шықты, намысын, қазағым, мықты, болып, жырың, Қазақстаным*). 1-жобада берілген <ы> фонемасының таңбасын респондент <i> графемасымен таңбалап, 71 қате, ал 20 рет /и/ таңбасымен қате жазған. Сонымен қатар әліпбиге сәйкес /y/ графемасы 2 рет қазіргі әліпби бойынша /ы/ таңбасымен таңбаланған. Бұл қолдағдысы бойынша кеткен қате түрі.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ы	у	w (2)	altwn
		i (71)	zhiring, shiqti
		u (5)	altun
		ы (2)	shyqti
		ø (1)	qazaqstanm
		ı (20)	aspanı, danqımız
Жалпы		101	

2-әліпби жобасы бойынша: 2-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ы> фонемасын таңбалауда жалпы 445 қате жіберген. Оның ішінде 432 рет әліпбиге сәйкес /ı/ таңбасын /i/ таңбасымен жазған. Бұлай жазудың себебі /ı/ таңбасын нүктесіз жазу қиындық туғызып, қолдағысының әсерінен /i/ түрінде жазылды деп ойлаймыз. Сондықтан аталған қате түрінің көп болуы қолдағдысымен тікелей байланысты болып табылады.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ы	ı	w (4)	altwn
		i (432)	şiqti
		y (7)	altyn
		ы (1)	şyqty
		ø (1)	qazaqstanm
Жалпы		445	

3-әліпби жобасы бойынша: 3-жобада <ы> фонемасы үшін латынның /y/ графемасы берілген. Алайда респонденттер оны алдыңғы жобадағыдай 45 рет /i/ таңбасы арқылы, 30 рет /ı/ таңбасы арқылы жазған. Мұны 2-жобадағы графема түріне респонденттердің көз және қолдағдысының икемделуімен байланысты деп қарастыруға болады.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ы	у	i (45)	qazaqstanım, qız
		u (3)	kurketawuq, kikutu
		ø (1)	qazaqstanm
		ı (30)	qazaqstanım
Жалпы		79	

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: сауалнамаға қатысқан 4 респондент «<ы> фонемасын /y/ түрінде қолдану ойды шатастырады» деген тұжырым жасаған.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: 1-жобада <ы> фонемасы – /y/, 2-жобада – /i/, 3-жобада /y/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /ы/ әрпі 66 рет кездеседі. Сонда бірінші әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 16368 рет жазады. 16368 рет жазылған /ы/әрпі 16252 өз кезегінде әліпбиге сәйкес таңбаланды. Пайызға шаққанда, 16368 – 100%.

101 – х% болғанда, $10100:16368 = 0,6\%$. Бұл – <ы> фонемасын таңбалауда /y/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен деген көрсеткіш беріліп отыр.

Ал 2-жоба бойынша/ы/ графемасын 248 респондент 16368 рет жазады. Демек, респонденттер 16368 рет кездесетін /i/ графемасын 15923 рет дұрыс таңбалаған. Пайызға шаққанда, 16368 – 100%.

445 – х% болғанда, $44500:16368 = 2,7\%$ қуатсыйымдылығы 1-жобаға қарағанда әлдеқайда жоғары.

3-жоба бойынша 16368 рет жазылған /y/ графемасынан 16280 рет дұрыс жазады. Пайызға шаққанда, 16368 – 100%.

79 – х% болғанда, $7900:16368 = 0,5\%$, бұл көрсеткіш 1-ші және 2-ші жобалармен салыстырғанда төмен.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша – 0,6%, 2-жоба бойынша – 2,7%, ал 3-жоба бойынша 0,5%-ды құрап отыр. Түсіндіре кететін жайт: 1 және 3 жобалардағы қателердің дені графеманы мүлде танымағаннан болған, ал 2 жобада графеманың /i/ сұлбасы дұрыс берілген, тек үстіне нүкте қою арқылы қолдағдысынан қате жіберген.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: <ы> фонемасы үшін /y/ графемасын аулаға болады деп ойлаймыз. Себебі:

а) ағылшын-латын стандартында <ы> фонемасының дыбыстық мәні /Yu/ таңбасына сәйкес;

ә) қол және көз дағдысына икемді;

б) түркі халықтары ішіндегі түрікмен әліпбиімен сәйкес;

в) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес;

г) қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Yu/ графемасы <ы> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді.

Сол сияқты /i/ графемасының да танылуы жоғары, алайда бұл графемаға қазақ жазуында <i> фонемасын таңбалауда да, дәл сол сияқты ағылшын тілі әліпбиінде де әріпүсті бір нүкте /·/ қойылатындықтан, тіл иелмендерінің қолдағдысы, оны нүктесіз жазуға үйренбегені байқалады.

/i/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <i> – дауысты, қысаң, езулік, тіл алды, жіңішке [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры*: <i> фонемасы сөз ішінде әлсіз позицияда дыбыс ықпалына ұшырайды, бірақ таңбаланбайды. Төменде <i> фонемасының дыбыс қоры кестеге салынып берілді [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/i/	⇒<i>	⇒ [y]	Еріндік буыннан соң	түлк[y], күн[y]м, сүйк[y]мд[y]
		⇒ [yØ]	Бітеу буын аралығында, ерін үндесімінде	сүй ¹ ніш, күй ¹ ніс
		⇒ [i]	Сөз соңында, бір буынды сөзде, 1-ші буыннан басқа буында	к[i]м, т[i]с, [i]с, келд[i], к[i]лт
		⇒ [Ø]	Дауыстымен қатар келгенде, сөз аяғында, тәуелдік жалғауы қосылғанда, 1-ші буында	өл[']ара, кел[']сап, ер[']кі, мұр[']ны к[']лем, м[']немін
		⇒ [ы]	Жуан дауыстымен іргелес келгенде	қау[ы]п, қаб[ы]р
		⇒ [i°]	Ерін үндесімінің 3-4-буынында	сүйінішс[i°]з, көтеріл[i°]с, күзетшіл[i°]к
	⇒<i>-<y>	⇒ [ы]	Бейүндес буын аралығында	құл[ы]рет

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /i/ графемасының пайыздық салмағы: 5,20%. Кездесу жиілігі: 8-орында.

1.4 Дауыссыздармен тіркесу қабілеті: <i>фонемасы <f>, <k> (ғі, кі тіркесі болмайды) фонемасынан басқа барлық дауыссыз дыбыстармен тіркеседі (зі, із, іл, мі, ім, ні, ін, сі, іс, ши, иш т.б.) [38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғамайды: сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

1.6 Морфологиялық сипаты: сөздің екпінсіз екінші буынында [p] мен [к] және [p] мен [н] дыбыстарының аралығында дауысты [i] дыбысы фонетикалық нөлге айналады: ерін=ерні, ерік=еркі, бөрік=бөркі. Түбірге ашық дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, дауысты [i] дыбысы толық редукцияланады: екі+еу=екеу, жеті+еу=жетеу.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында:/i/ графемасының көне түркі жазуында 1 таңбасы (Г) болған. Ескерткіш тілінде [ы], [i] дыбыстары бір (Г) таңбамен белгіленді. Ол сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында келді (ічре, кісре, ічрекі). Ескерткіште **i** ≈ **e** дыбыстары сәйкес келді. Мысалы, Орхон, Енесей, Талас *it* «ет, істе», *ti* «айт, де», *ji* «жер». **i** ≈ **i**. Орх. *sil(ik)* «сұлу, таза»: *silik qiz oylıñ küñ boltı* «сұлу қыздарың күң болды» КТү. 7 ~ қаз. *sil(qim)*, қырғ. *sil(iq)*. Түркі сөздерінде кездесу жиілігі ең өнімді дыбыс болды[142].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында: <i> фонемасы **ɿ(иа)** графемасы арқылы берілген: *kici* – *كيسيك*, *siz* – *زيس*. Аталған **ɿ(иа)** таңбасы қазақ тілінде төрт (ы, і, и, е) дыбысты берді. Сөздегі позициясына байланысты сөз басында, сөз ортасында және сөз аяғында келеді. Қазақ тілінің төл сөздерінен жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: **ɿ(иа)** таңбасы қалдырылды [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) <i> фонемасы /i/ әрпімен таңбаланды. Мысалы: *çiger, sөzsiz* [116].

2.5 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде: <i> фонемасы 1938-1940 жылдары **Ј** болып өзгертілді. Н.Төреқұлов жобасында <i> фонемасы **Әә'** (**Әә – Ыы**) графемасымен берілді. Автор дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын дәйекше арқылы белгілейді. Х.Досмұхамедұлы жобасында <i> фонемасы /Үу/ түрінде таңбаланады, Т.Шонанұлы жобасында <i> фонемасы у' (у-ы) графемасымен таңбаланады. Бұл жобада қазақ тілінің үндестік заңы негізге алынып, бір дыбысқа бір таңба арнау керек деген принцип ұстанады. Жуан дауысты дыбыстарға дәйекше қоя отырып, жіңішке дыбыстарды ажыратып алды.

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.):* <i> фонемасы 1940 жылдан бері қарай /i/ түрінде берілді. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әріп» қағидатын сақтады [135].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында:* 1940 жылы /i/ графемасы түркі тілдерінің ішінде қарақалпақ, ноғай, өзбек, ұйғыр, әзербайжанда – /и/ дыбысына сәйкес келді, татар тілінде – /е/ әрпімен таңбаланды [140].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде:* <i> фонемасы өзбек, түрікмен, әзербайжан тілдерінде [и] дыбысына сәйкес келіп, /i/ графемасымен таңбаланды.

2.9 *<I> фонемасының орфографиясы:*

1) /i/ әрпі сөздің барлық буындарында жазылады: *ис, кіріс, ірі, кідіріс;*

2) үшбуынды сөздердің ортасында дүдәмалдау естілетін қысаң [i] дыбысының әрпі көбінесе түсірілмей жазылады: *мәміле, меңіреу, мөңіреу, қасірет, қагілез, қабілет, құдірет;*

3) кейбір сөздердің соңғы буындарындағы [i] дыбысы сол сөздерге белгілі бір қосымшалар жалғанғанда, айтылуда да, жазуда да түсіп қалады: *үрік + ек – үркек, ерін + еу – ернеу;*

4) соңғы буындарында [i] дыбысы бар сөздерді тәуелдегенде, көбінесе соңғы буындардағы /i/ әрпі сақталып жазылады: *дәуір + і – дәуірі;*

5) [i] дыбысына аяқталған сөздерге дауысты дыбысталған қосымша жалғанғанда, /i/ әрпі түсіріліп жазылады: *жеті + еу – жетеу, екі + еу – екеу;*

6) [i] дыбысына аяқталатын етістіктерге -у жалғанғанда, /i/ әрпі түсіріліп жазылады: *кемі + у – кему, жібі + у – жібу* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <i> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */I/ әрпінің тарихы:* 3 жобада да <i> фонемасы /i/ әрпімен таңбаланады. /I/ әрпі латын әліпбиінде XVI ғасырға дейін екі дыбыстың (*u – y*) мәнінде жұмсалды. Жазуда бұл әріптің қай дыбыстың мәнін беріп тұрғаны нақты берілмегендіктен, XVI ғасырда екі дыбысқа екі графема арналады. Мұнда <i> графемасы [и] дыбысын, ал <j> графемасы [й] (*yot*) дыбысын берді. Мұндай өзгеріс Петрус Рамустың есімімен тығыз байланысты болды. Латын әліпбиіндегі <i> графемасы француз әліпбиінде, итальян әліпбиінде, ағылшын әліпбиінде, неміс әліпбиінде <i> болып таңбаланады [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:* мәтіндегі сөздерді 1-жобамен жазуда – 24 қате, 2-жоба бойынша – 11 қате, ал 3-жоба бойынша 26 қате кеткен.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* «i» – қазақтың «i»-сін білдірсе, кірме сөздерде «и»-ді білдіреді. Бұл шатасуға алып барады» (6 адам).

3.4 Сауалнама нәтижесі: <i> фонемасы 3 жобада да /i/ графемасымен таңбаланады. Барлық жазба мәтінде /i/ әрпі 23 рет кездеседі: ерік, өсімдік, қыстығүні, мейірім, кеюі, кальцийдің, Тәжібаевқа, Омскіден, князьдік, ішсең, принципі, киікоты, кейбіреу, ерліктің, еліме, менің, гүлің, егілемін, төгілемін. Демек, респондент үш әліпби жобасы бойынша жоғарыда аталған сөздерді 5704 рет таңбалауы керек. Үш жоба бойынша 5704 рет таңбаланатын /i/ әрпін жазуда қандай таңба нұсқалары берілгенін талдайық:

1-жоба бойынша <i> фонемасы /i/ графемасымен берілген. Алайда кирил жазуынан латын жазуына жоғарыда берілген сөздерді транслитерация жасауда 248 респондент тарапынан 24 қате таңба нұсқалары берілген. Бұл $(24 \times 100 : 5704 = 0,4)$ 0,4% пайыздық көрсеткішті беріп отыр. Мұндай пайыздық көрсеткіш негізінен қандай қате таңбалардан кеткен. Кестеде көрсетіліп тұр.

1-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
i	i	ı (9)	kaltsıdng, kjkoty, kejbırew, oesımdık
		u (2)	oecımduk, kejuu
		ø (5)	Taezhbaevqa = ø, keyw = ø, kjkoty = ø
		yj (5)	Omskyjden, yjshseng, pryjcyjryj, kueyjkyoty, kebyjrew
		j (3)	Omskjden, erijk, oesijmdijk
Жалпы		24	

Жоғарыдағы кестеден респонденттердің <i> фонемасын әртүрлі графемамен таңбалағанын көреміз.

- респонденттің 9-ы <i> фонемасын /i/ графемасымен таңбалаған. Бұл респонденттердің салғырттығы, асығыстығы немесе <ы> фонемасының графемасы /i/-мен шатастыруынан болуы мүмкін;

- респонденттердің <i> фонемасын /u/, /uj/, /j/ графемаларымен таңбалауын рефелекті қате деп болжауға болады. Себебі респондент өзі тарапынан <i> фонемасын /u/, /uj/, /j/ графемаларымен таңбалауды дұрыс санап отыр;

- ал <i> фонемасын түсіріп жазуда 5 қате кеткен. Бізге белгілі орфоэпиялық ереже бойынша қысаң [i] дыбысы сөздердің ортаңғы буындарында көмескілеу естіледі, бірақ емледе /i/ әрпі сақталып жазылады. Осымен байланысты /i/ графемасын таңбалауда дауысты [i] дыбысы түсіріліп жазылған. Мұндай қате орфоэпиялық ережемен байланысты болып отыр. Басқаша айтқанда, респонденттердің көбі айтылу мен жазылу ережелерін сақтап жазбаған деуге болады.

2-жобада <i> фонемасы /i/ графемасымен таңбаланған. Кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент тарапынан 11 қате жіберілген. Оны пайызға шаққанда $(11 \times 100 : 5704 = 0,2)$ 0,2 % көрсетіп отыр. Сонда бірінші әліпбиге қарағанда 2-жобада <i> фонемасын /i/ графемасымен таңбалауда қуатсыйымдылық

төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр. Мұны респонденттердің алғашында жаңа графемаға үйрене алмауымен, ал келесі әліпбиге келгенде дағдылана бастауымен түсіндіруге болады. Екінші әліпби бойынша респонденттердің <i> фонемасын қате нұсқа таңбалармен белгілегенін кестеден көруге болады.

2-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
i	i	ı (2)	kaltciydñ, erik
		w (1)	qıstıgünw
		ø (6)	kiy-koti = ø, mej-rjm = ø, keyw = ø, Tājybaevqa = ø
		y (1)	kalsyidyñ
		u (1)	qıstıgünü
Жалпы		11	

2-жобада <i> фонемасы әртүрлі /w/, /y/, /u/ графемалармен таңбаланғанын көреміз. Мұнда ең көп қате <i> фонемасын түсіріп жазумен байланысты болып отыр (6). Ал <i> фонемасының /w/, /y/, /u/ графемалармен берілуін респонденттің жеке пікірімен байланыстыруға болады.

3-жобада <i> фонемасы /i/ графемасымен таңбаланған. Кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент тарапынан 26 қате нұсқа таңба жіберілген. Оны пайызға шаққанда $(26 \times 100 : 5704 = 0,5)$ 0,5 % көрсетіп отыр. 1 және 2 жобалармен салыстырғанда, қуатсыйымдылығы сәл жоғары болып отыр. Респонденттер тарапынан кеткен қате нұсқа таңбалар кестеде беріліп отыр.

3-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
i	i	ı (13)	kaltsıjdıng, erik, omskıden, knjazdık, kjkoty, kejbrew
		e (1)	kalcıden
		ø (5)	kiy-koti = ø, mej-rjm = ø
		y (6)	qystyguny
		j (1)	mejirjm
Жалпы		26	

Кестеден көріп отырғанымыздай, респонденттер негізінен <i> фонемасын /i/ графемасымен таңбалаған. Мұнда респондент автоматты түрде қате жіберген немесе <y> фонемасын таңбалайтын /i/ графемасымен шатастырған сияқты. Ал <i> фонемасының /e/, /y/, /j/ графемаларымен таңбалануын мән бермеушіліктен деп қана түсіндіруге болады. Сондай-ақ бұл жобада да <i> фонемасы түсіріліп жазылған.

Сонда үш әліпбидегі таңбалардың қуатсыйымдылығын салыстырсақ, мынадай көрініс аламыз:

- 1-жоба бойынша – 0,4%;
- 2-жоба бойынша – 0,2%;
- 3-жоба бойынша – 0,5%.

2-жобадағы /i/ әрпінің қуатсыйымдылығы 1-ші және 3-ші жобалардағы жазуға кеткен қуатсыйымдылыққа қарағанда төмен болып шықты. Респондент тарапынан кеткен ең негізгі қате нұсқа таңба – /i/ әрпінің орнына /l/ графемасының таңбалауы. Респондент бұл қатені үш әліпби жобасы бойынша жіберген. Бұдан жазарманның ноқатпен жазуды сиретіп бара жатқандығын көруге болады.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:* 1-жоба бойынша – 0,4%, 2-жоба бойынша – 0,2%, 3-жоба бойынша – 0,5%.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* сауалнама нәтижесі <i> фонемасын латын әліпбиіндегі /i/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Барлық жазылым бойынша 1,1% кеткен қате – бұл әріпті таңбалаудағы қуатсыйымдылықтың төмендігінің көрсеткіші. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <i> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /i/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /i/ графемасы <i> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <i> фонемасының бейнесі /i/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Юю/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 */Ю/ графемасының сипаттамасы:* кирил әліпбиіндегі /ю/ әрпі грек Ю(ЮУ) лигатурасынан алынған. Қазақ әліпбиінде /ю/ әрпі [йүү], [йүү] косар дыбыс таңбасын береді [15].

1.2 *Графеманың мазмұны* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ю/	⇒<й>+<ү>+<у>	⇒ [йүү]	Жуан дауыстыдан кейін	ба[йүү], ко[йүү]
	⇒<й>+<ү>+<у>	⇒ [йүү]	Жінішке дауыстыдан кейін	тү[йүү], ке[йүү], ти[йүү]

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ю/ графемасының пайыздық салмағы:* 0,09%. Кездесу жиілігі: 35-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті:* /a/, /и/, /o/, /ү/, /ү/ дауыстыларымен тіркеседі (ою, аю, шю, ұю, үю). Дауыссыздармен тіркеспейді.

1.5 *Сөзпозициясындағы орны:* сөз ортасы мен аяғында кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.):* /ю/ графемасы сөздің позициясына байланысты екі әріп немесе үш әріптіркесімен қолданылған: [ю] дыбысы <й>+<ү>+<у>, <ү>+<у>. Бұл жылдары «бір дыбыс – бір әріп» принципіне сәйкес әріп пен фонеманың қатынасы сақталып жазылды; кірме әріптер болмады [15].

/ю/ графемасы	1) <й>+<ү>+<у> j+u+v	[айүү]<айүү> ajuv
	2) <й>+<ү>+<у> j+y+v	[күшейүү]<күшейүү> kusejүү
	3) <й>+<ы>+<у> j+ь+v	[койыу]<койыу> qojьv

1929 жылы өзге тілдік элементтердің жазылымдық принциптері алғаш рет қаралып, ресми түрде бекітіледі. Кірме сөздерді «сындырып» жазудың механизмдері толықтай болмаса да, жартылай жасалады. Осы жылы қабылданған он сегіз ереженің бірқатары қазақ тілінің үндесім, үйлесім заңдылығын мейлінше сақтауға тырысқан. Ереженің 17-бабында кірме сөздерде келетін /ю/ әрпінің жазылуы туралы сөз болады. Онда «/ю/ әрпі /йу/ әріптіркесі арқылы жазылады» деп көрсетілген: Юсуф – çysip. Бұл Ережеде «/ю/ әрпі қазақ тілінде бар, ұқсас дыбыстармен алмастырылады» деп шешілген [152]. Ережеде /ю/ графемасын /й+у/ арқылы таңбалау керектігі айтылғанымен, жазу тәжірибесінде /ү+у/ түрінде игеріліп жазылған түрлері де кездесіп отырды. Айталық, [л] сонор дыбысынан кейін келетін [ю] дыбысы қосар /yв/ (үү) түрінде таңбаланды: *революция* – *revoiyvtsie*. Ал дауысты [о] дыбысынан кейін келген жағдайда /ju/ (йу) арқылы таңбаланған: *союз* – *sojuz* т.б. [152].

Сондай-ақ /ю/ әрпі мерзімді басылым беттерінде ережеге сәйкес жуан және жіңішке сөзге байланысты екі әріп тіркесімен берілсе, ал жазу тәжірибесінде /ю/ әрпінің ережеде көрсетілмеген жазылу нұсқалары да кездесіп жатты.

2.2 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде: [ю] дыбысының жазылуы мынадай ереже арқылы толықтырылды: «сөздің басында дауысты дыбыстардан соң [ю] дыбысы қазақ тілінің қос /и+у/ әріптерімен (*iuvilei, soiuз, kaiuta*), ал барлық дауыссыз дыбыстан соң [иу] дыбысы тек /u/ әрпімен беріледі (*revolutsia, bulleten*)» делінген. «*Biuro, viurokrat* сияқты сөздер қос /иу/ әріптерімен таңбаланады» деп ескертілген.

2.3 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.): орыс графикасына негізделген қазақ әліпби жүйесіне /ю/ графемасы күштеп енгізілді. /Иу/ әріптіркесінің орнына /ю/ алынды [15].

2.4 Өзге түркі тілдері жазуында (1940 ж.): кирил графикасына негізделген қырғыз, әзербайжан, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, түркімен әліпбилерінде де /ю/ графемасымен таңбаланған.

2.5 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде: түрік, әзербайжан, өзбек, түркімен әліпбилерінде /ю/ графемасы жоқ.

2.6 /Ю/ графемасының орфографиясы:

- /ю/ әрпі қазақ сөздерінде [й+у] қосар дыбысын таңбалап, дауысты әріптен кейін гана жазылады: *аю* [айу], *үю* [үйу], *қою* [қойу].

- орыс тілінен енген сөздерде қосар [йу] дыбысының да (*каюта*), жалаң [а], [у] дыбыстарының да таңбасы ретінде қолданылады. Соңғы жағдайда дауыссыз дыбыстан кейін келіп, оны жіңішкертіп тұрады: *бюджет* – *б'уджет*, *буллетень* – *б'уллетень*, *полюс* – *пол'ус* [87].

III Сауалнама жобаларындағы /ю/ графемасының таңбалануына сараптама

3.1 Үш әліпби жобасы бойынша /ю/ графемасының жазылымы: сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен /ю/ графемасының кездесу жиілігі 5 рет: *эволюция, кеюі, алюминий, парашюттер, Жолио-Кюри*.

1-әліпби жобасы бойынша: әліпби жобасында /ю/ графемасына арнайы таңба берілмеген. Сондықтан жоғарыда көрсетілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент /ю/ әрпін өз қалаулары бойынша таңбалап, оны әртүрлі нұсқада берген. Жазармандардың ұсынған таңба нұсқаларын «ортақ типтік ұсыныстар» деп алып, оларды төмендегідей үлгіде көрсетуге болады:

- juw (evoljuwtsija, aljuwmijnij, parashjuwtter, kejuwi) – 244;
- jw (evoljwtsija, parashjwtter, kejwi) – 237;
- iw (evoliwtsija, parashiwtter) – 51;
- ju (evoljutsija, parashjutter) – 86;
- iu (evoliutsija, parashiutter) – 39;
- yu (keyui, alyumijnij) – 17 және т.б.

Жазармандардың /ю/ графемасын /juw/, /jw/, /iw/, /iu/ қосар әріптермен таңбалауы қате болып саналмайды. /Ю/ графемасын таңбалауда фонетикалық принцип басшылыққа алынғаны байқалады. Тип бойынша жүйеленген таңба-нұсқалардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, олардың мазмұны бір: /ю/ мазмұнын беріп тұр. Мазмұны жағынан бір мағынаны беретін қосар әріптердің (/juw/, /jw/, /iw/, /iu/) әртүрлі таңбалануы үш жобадағы /и/, /й/, /у/ графемаларының түрлі нұсқада таңбалануымен байланысты болуы мүмкін. Жазармандар /ю/ графемасын таңбалауда басқа да нұсқаларды ұсынады. Төмендегі кестеде толық нұсқасы көрсетіліп отыр.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы	Саны	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
ю	juw	244	evoljuwtsija, aljuwmijnij, parashjuwtter, kejuwi
	jw	237	evoljwtsija, parashjwtter, kejwi
	ju	86	evoljutsija, parashjutter
	iw	51	evoliwtsija, parashiwtter, keiwi
	yu	25	keyui, alyumijnij, parashyutter
	juew	21	aljuewmijnij, parashjuewtter
	iu	39	evoliutsija, parashiutter, keiui
	yu	17	evolyutsija
	ю	19	evoliotsija, parashiotter
	w	26	kewi, evolwtsija
	y	10	evolytsija, parashytter
	u	10	Kurij, parashutter
	iy	7	evoliytsija
	yw	7	evolywtsija, parashywtter
	ijw	7	alijwmijnij
	uy	12	evoluysija, keuyi
	iyw	5	Kiywrij

	uw	5	evoluwstija, parashuwtter
	iuw	4	parashi <u>uw</u> ttter
	iju	4	parashi <u>ij</u> ttter
	j	5	keji, evoljtsija
	yj	2	evolytsija
	jy	2	evoljytsija
	uy	2	parashuytter
	ui	2	parashuittter
	ü	2	keüi ; Zholyjo-Kürij
	wi	2	kewii
	ü	1	evolütsija
	iju	1	evolijutsija
	iyue	1	keiyuei
	ij	1	keiji
	jue	1	aljuemijnij
	yjuw	1	parashyjuwttter
	wyu	1	parashwyuttter
	uyw	1	parashuywttter
Жалпы		861	

2-әліпби жобасы бойынша: жазарман *эволюция, кеюі, алюминий, парашюттер, Жолио-Кюри* сөздеріндегі /ю/ графемасын таңбалауда да түрлі әріп нұсқасын қолданған:

- uw (evolywtisia, parašywtter, alywmini, Kywri, keywi) – 284;
- yuw (evolyuwtsia, alyyuwmini, parašyuwttter, Kyywri, keyyuwi) – 183;
- juw (evoljuwtsia, kejuwi) – 13;
- jw (aljwmini, Kjwri, kejwi) – 14;
- iw (evoliwtsia, Kiwri, keiwi) – 55;
- ju (evoljuwtisia, kejui) – 5;
- iu (aliumini, Kiuri) – 8;
- yu (evolyuwtisia, parašyuttter; alyyumini, keyyui) – 59 және т.б.

Жазармандардың /ю/ графемасын /juw/, /jw/, /iw/, /iu/, /yw/ қосар әріптермен таңбалауы қате болып саналмайды. Бұл жобада да жазармандар /ю/ графемасын таңбалауда фонетикалық принципті басшылыққа алған. Сондай-ақ педагогика-психологиялық жағынан алсақ, жазармандардың әріпті тез әрі оңтайлы жазғанын көруге болады. Себебі алдыңғы жобаға қарағанда жазармандар /ю/ графемасын таңбалауда төселе бастағанын, барлығы бір жүйеге келіп жаза бастағанын байқауға болады. Жазармандар ортақ типтік-ұсыныстардың ішінен /yw/(evolywtisia, parašywtter, alywmini, Kywri) қосар әріпті (284 респондент) ұсынады. Сондай-ақ /jy/ (evoljytsia), /uw/ (evoluwtsia, Kuwri, keuwi), /y/ (evolytsia, alyimini, parašyttter, keyi), /ijuw/ (evolijuwtsia) нұсқаларын да ұсынып отыр. Бұл ұсыныстардың негізсіз екенін көруге болады. Себебі әріптерді өзара тіркей салған, ешқандай мазмұнды беріп тұрған жоқ. Төмендегі кестеде толық нұсқасы көрсетіліп отыр.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы	Саны	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
ю	yw	284	evolywtsia, parašywttter, alywmini, Kywri, keywi,
	yuw	183	evolyuwtsia,alyuwmini; parašywtter, Kyuwri, keyuwi
	yu	59	evolyutsia, parašyuttter; alyumini
	iw	55	evoliwtsia, Kiwri, keiwi
	iyw	34	evoliywtsia, Kiywri, keiywi
	w	20	evolwtsia, parašwtter, Kwri, kewi
	iy	15	evoliytsia, Kiyri
	uw	15	evoluwtsia, Kuwri, keuwi
	y	15	evolytsia,alymini, parašyuttter, keyi
	jw	14	aljwmini, Kjwri, kejwi
	juw	13	evoljuwtsia, kejuwi
	ю	13	evolюtsia, parašюttter, кеюi
	iy	12	evoljytsia
	iu	8	aliumini, Kiuri
	i	7	evolitsia, parašitter
	u	7	keui, Jolio-Kuri
	ju	5	evoljutsia, kejuj
	yi	4	evolyitsia
	ijuw	4	evolijuwtsia
	uy	3	aluymini; parašuyttter
	üw	3	alüwmini, Küwri
	yiw	3	keyiwi, Kyiwri
	yww	3	Kywwri
	yü	2	alyümini, keyüi
	üu	1	parašüuttter
	wy	1	alwymini
	uyw	1	aluywmini
	yuo	1	Kyuori
	uu	3	Kuuri
	yüw	1	Kyüwri
Жалпы		787	

3-әліпби жобасы бойынша: жазармандар *эволюция, кеюi, алюминий, парашюттер, Жوليو-Кюри* сөздеріндегі /ю/ графемасын 35 түрлі нұсқада көрсетіп отыр:

- yw (evolywtsia, Kywri, alywmini, keywi) – 20;
- juw (evoljuwtsia, Kjuwri, aljuwmini) – 44;
- jw (evoljwtsia, Zholio-Kjwri, aljwmini, parashjwttter, kejwi) – 246;
- iw (evoliwtsia, Kiwri, aliwmini, parashiwtter, keiwi) – 116;
- ju (aljumini, kejuj) – 31;
- iu (evoliuysia, Kiuri, aliumini, parashiuttter, keiui) – 59;
- yu (evolyutsia, Kyuri, alyumini, parashyuttter, keyui) – 42;
- w (evolwtsia, alwmini, parashwtter) – 24;
- iuw (evoliuwtsia, Kiuwri, aliuwmini, parashiuwttter) – 205 және т.б.

Үшінші жобада да жазармандардың /ю/ графемасын /juw/, /jw/, /iw/, /iu/, /yw/ қосар әріптермен таңбалауы қате болып саналмайды. Төмендегі кестеде толық нұсқасы көрсетіліп отыр.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы	Саны	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
ю	jw	246	evoljwtsia, Zholio-Kjwri, aljwmini, parashjwttter , kejwi
	iuw	205	evoliuwtsia, Kiuwri, aliuwmini,parashiuwttter, keiuwi
	iw	116	evoliwtsia, Kiwri, aliwmini, parashiwttter, keiwi
	ijw	14	evolijwtsia, Kijwri, alijwmini
	iu	59	evoliuistsia, Kiuri, aliumini, parashiutter, keiui
	juw	44	evoljuwtsia, Kjuwri, aljuwmini
	yu	42	evolyuistsia, Kyuri, alyumini, parashyutter
	ju	31	aljumini, kejuj
	w	24	evolwtsia, alwmini, parashwttter, kewi
	yw	20	evolywtsia, Kywri, alywmini, keywi
	iy	11	evoliytsia, aliymini, parashiyttter, keiyi
	uw	10	aluwmini, parashuwttter
	ю	9	evolotsia , keoi
	iyw	8	parashiywttter
	jiuw	6	kejjiuwi
	u	6	evolutsia, Zholio-Kuri, keui
	yu	6	keyui
	u'	5	evolu'tsia, alu'mini; parashu'tter
	jy	5	Kjyri , aljymini
	i	4	evolitsia, alimini
	yjuw	3	Kyjuwri
	jww	3	kejwwi
	ijuw	2	evoijuwtsia
	ji	2	Kjiri
	wj	2	alwjmini
	ij	2	keiji
	ua	2	keuai
	y	2	alymini
	uu	1	evoluutsia
	iwu	1	evoliuwtsia
	ü'w	1	Kü'wri
	wa	1	alwamini
	uy	1	parashuyttter
	yj	1	keyji
	jj	1	kejji
Жалпы		896	

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: сауалнама барысында «1) «ю» әрпі «jw» деп таңбалануы керек; 2) «ю», «ч», «щ» дыбыстары әліпбиде таңбалануы керек; 3) «я» әрпі «ia», ал «ю» әрпі «iw» болып жазылсын; 4) «ю» әрпі – «iy», «ё» әрпі – «io», «я» әрпі – «iu» болсын» деген ұсыныс-пікірлер орын алды.

3.4 Сауалнама қорытындысы: жазармандар үш жобада да /ю/ графемасын таңбалауда фонетикалық принципті басшылыққа алған. Сондықтан олардың /ю/ графемасын таңбалаудағы нұсқалары ортақ типтік-ұсыныс ретінде алынды:

1-жоба бойынша жазармандар тарапынан ең жиі қолданылған таңбалар – /juw/ (244 рет) және /jw/ (237 рет) қосар әріптері.

2-жоба бойынша ең жиі қолданылған таңбалар – /uw/ (284 рет) және /uw/ (183 рет) графемалары.

3-жоба бойынша – /jw/ (246 рет) және /iuw/ (205 рет) әріптікестері.

Бұл – қазақ-кирил әліпбиіндегі /ю/ әрпінің латын графикасын қабылдауда ойлануды қажет ететіндігін көрсетеді.

/Яя/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 /Я/ графемасының сипаттамасы. Кирил әліпбиіндегі /я/ графемасы латын әліпбиіндегі /R/ таңбасының теріс айналдырғандағы сыртқы формасына сәйкес алынған. Қазақ әліпбиінде /я/ әрпі: [йа], [йә] қосар дыбыс таңбасын береді [15].

1.2 Графеманың мазмұны [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/я/	⇒<й>+<а>	⇒ [йа]	Жуан дауыстыдан кейін	а[йа], са[йа], бо[йа], кү[йа]
	⇒<й>+<ә>	⇒ [йә]	Жіңішке дауыстыдан кейін	Күл[і]+[йә], Дүр[і]+[йә], Сән[і]+[йә]
		⇒ [ʲйа]	Сөз басында, жуан езуліктермен қатар келгенде	[ʲйа]ғни, [ʲйа]пырау
		⇒ [ʲйә]	Сөз басында, жіңішке езуліктермен қатар келгенде	[ʲйә]ки, [ʲйә]худи

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /я/ графемасының пайыздық салмағы: 0,37%. Кездесу жиілігі: 30-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: дауыстылармен ая, оя, ұя, ыя, ия түрінде тіркеседі, дауыссыздармен тіркеспейді.

1.5 Сөз позициясындағы орны: сөздің барлық позициясында кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.): /я/ графемасы екі әріптікесінің фонемалық мағынасында қолданылған: <ʲ>+<й>+<а>, <ʲ>+<й>+<ә>. 1929 жылы Қазақстан Орталық Кеңес комитетінің президиумы мен Халық комиссарлар кеңесінің «Жаңа әліпби туралы» Қаулысы шығады. Сол Қаулының негізінде өзге тілдік элементтердің жазылымдық принциптері алғаш рет қаралып, ресми түрде бекітіледі. Осы жылы кірме сөздерді «сындырып» жазудың механизмдері толықтай болмаса да, жартылай жасалады. Ереженің 17-бабында кірме сөздерде келетін /я/ әрпінің жазылуы сөз болады. Онда: «Сөз басындағы /я/ графемасы /ж/-мен беріледі. Мысалы: Яков – Жақым, ямбы – жамбы. Сөз ортасында ол [ә] дыбысына алмастырылып таңбаланады: *sentäbir, oktäbir* т.б. Сөздің соңғы позициясында [я] дыбысы [е] дыбысына алмастырылады: *физиология – pizijlogije, фамилия – рәтеліје* т.б.», – деп көрсетілген [10].

2.2 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде: /я/ графемасының жазылуы мынадай ереже арқылы толықтырылды:

– [я] дыбысы сөз басында және дауысты дыбыстан кейін келсе, «*ua*» қосындысы арқылы белгіленеді: *Iaroslavski, Ialta, Koreia, ideia* т.б.;

– [я] дыбысы сөз аяғында келсе, /а/ әрпі арқылы беріледі: *Ispania, aksia* т.б.;

– [я] дыбысы дауыссыз дыбыстан соң келіп, жіңішке естілсе, /ә/ арқылы таңбаланады: *Alaska, mata* т.б. [116].

2.3 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.): орыс графикасына негізделген қазақ әліпби жүйесіне /я/ графемасы күштеп енгізілді. /Иа/ әріптіркесінің орнына /я/ графемасы алынды [15].

2.4 Өзге түркі тілдері жазуында (1940 ж.): кирил графикасына негізделген қырғыз, ноғай, татар, башқұрт әліпбилерінде де /я/ графемасымен таңбаланған.

2.5 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде: түрік, әзербайжан, өзбек, түркімен әліпбилерінде /я/ графемасы жоқ.

2.6 /Я/ графемасының орфографиясы:

- /я/ әрпі қазақ сөздерінде [йа] қосар дыбысын таңбалап, дауысты әріптен кейін ғана (/я/ әрпі бірен-саран қазақ сөздерінің басында) жазылады: *аян* [айан], *қоян* [қойан], *баяндауыш* [байандауыш], *яғни, яки, япырмай*;

- орыс тілінен енген сөздерде қосар [йа] дыбыстарының таңбасы ретінде қолданылады: *маяк, яхта*. Соңғы жағдайда дауыссыз дыбыстан кейін келіп, оны жіңішке ретіп тұрады: *октябрь – окт'абрь, поляр – пол'ар* [87].

III Сауалнама жобаларындағы /я/ графемасының таңбалануына сараптама

3.1 Үш әліпби жобасы бойынша /я/ графемасының жазылымы: сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен /я/ графемасының кездесу жиілігі 11 рет: *эволюция, қоян, қария, тыяды, тыяр, жияды, маякқа, князьдік, қырықаяқ, ыдыс-аяқ, япырмау*.

1-әліпби жобасы бойынша: әліпби жобасында /я/ графемасына арнайы таңба берілмеген. Сондықтан жоғарыда көрсетілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент /я/ әрпін өз қалаулары бойынша таңбалап, оны әртүрлі нұсқада берген. Нақты айтқанда, респонденттердің басым бөлігі (302 адам) бұл әріпті /ia/ диграфымен белгілеген. Бұл – респонденттердің санында /я/ әрпі /ia/ таңбасының бейнесіне сәйкес келетінін көрсетеді. Сондай-ақ 121 респондент /я/ әрпін /ya/ графемасымен таңбалауды дұрыс көрген. Бұған қоса /ua/, /wa/ тәрізді т.б. диграфтармен, /jja/, /uja/, /iua/ сияқты т.б. триграфтармен және кирилше /йа/, /иа/, /я/ графемаларымен беру жағдайлары да кездесті.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы, саны	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
я	ia (302)	qoian, tyiady, tyiar, maiakqa, kniazdik, qyryqaiaq, ydys-aiaq, iaryrmaw, garyia
	ya (121)	qoyan, tyuady, tyuar, mayakqa, tiyadu, knyazdik, qyryqayaq, ydys-ayaq, yaryrmaw, evolutsiya, gariya
	ua (42)	qouan, tyuady, qariua, tuuar, uapirmau, mauakqa
	йа (32)	қойан, туйады, туйар, майакқа, кнйаздик, қуғуқайақ, ydys-айақ, қарийа
	jja (43)	zhyjjady, tyjjady, garyjja
	yja (17)	yaryrmaw, ayjak, qoyjan, mayjakqa
	я (10)	qояп, туяду, туяр, маякқа, княздик, қуғуқ-аяқ, ydys-аяқ, ярурмау
	iya (10)	qyryq-aiyaaq, iyaryrmaw, qariya
	ija (9)	ijaryrmaw, knijazdik, ydys-aijaaq
	иа (8)	қоиан, туйады, қарииа, туйар, иарirmau, маиаққа,
	wa (5)	qowan, tywady, qaruwa, mawakqa, knwazdik
	aj (2)	ydys-aajk
	jae (2)	qojaen, tyjaedy
	ijo (2)	ijoryrmaw
	jae (1)	knjaezdik
	iy (1)	ydys-aiyq
	yi (1)	knyizdik
	ea (1)	tyear
	jw (1)	ydys-ajwaaq
	iua (1)	iuaryrmai
	jua (1)	qyryqajuaq
	iia (1)	qoiian
Жалпы	613	

2-әліпби жобасы бойынша: 2-ші әліпби жобасында да /я/ графемасына арнайы таңба берілмеген. Алайда респонденттердің басым бөлігі оны 286 рет /ia/ графемасымен таңбалаған. Сондай-ақ графемалық интерференция құбылысына байланысты /я/ әрпі кирилше /йа/ – 93 рет және 15 рет /я/ графемаларымен белгіленген. Бұған қоса респонденттер /я/ әрпін жалаң /а/ графемасымен және /ја/, /уа/, /иа/ т.б. диграфтарымен, сондай-ақ /iуа/, /ууа/,/ууw/, /iуа/ триграфтарымен таңбалауды дұрыс көрген.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы, саны	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
я	ia (286)	kniazdik, qoian, maiakqa, qırıqaiac, tiadı, idis-aiac, iarımaw, jiadı, tiyar
	йа (93)	evolutsiйа, qarıуйа, јіујаdı, қойаң, майакqa, qırıqайаc, тйаdı, idis-айаc, йарımaw, тйууаr
	ja (57)	qoјan, тјаdı, qarıја, тјаr, мајакqa, qırıqајаc, idis-ајаc, јарırmaw, knjazdik
	ya (36)	evolutsiya
	iya (33)	kniyazdik, qoiyan, tiyadi
	я (15)	qояn, тяadı, qarяя, туяр, јуяdı
	yua (13)	knyyazdik, qoyuan, tiuyadi
	a (9)	knazdik, qoan, qarіa, тiar, арırmaw
	ua (8)	tuar, qouan, mauakqa, qırıqauaq, tuadı, idis-auaq
	yuw (7)	qoyuwn, tiyuwdi, miyuwr, јyuwdi, idis-ayuwq, qırıqayuwq, yuwrımau
	iya (7)	kniyazdik, iyarımaw, qoiyan, tiyadi
	yu (3)	knyuzdik
	yü (1)	knyüzdik
	ä (1)	knäzdik
	wa (1)	qoywan
	ea (1)	qariea
Жалпы	571	

3-әліпби жобасы бойынша: 3-ші әліпби жобасында да /я/ графемасына арнайы таңба берілмеген. Сондықтан жоғарыда көрсетілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент /я/ әрпін өз қалаулары бойынша таңбалап, оны әртүрлі нұсқада берген. Оның ішінде, 1-ші және 2-ші жобаларындағыдай, /я/ әрпі негізінен/ia/ әріптіркесімен берілген. Бұл жобадан да жазармандардың /я/ әрпін /ia/ таңбасымен беруді қолдап отырғандарын көреміз. Сондай-ақ респонденттердің арасында жалаң /a/-мен таңбалап, бір таңбаны қалайтындары да бар. Респонденттер кирил әліпбиіне дағдыланып қалғандықтан 66 рет /йа/ графемасымен және 13 рет /я/ әрпімен таңбалаған фактілер де кездесті. Бұған қоса жазармандар тарапынан /я/ әрпін /ya/, /ja/, /yja/, /cja/, /iuw/, /juw/, /ija/ таңбаларымен беру ұсынылады.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы, саны	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
я	ia (387)	maiakqa, ydys-aiaq, kniazdik, qoian, tyiady, qyryqaiaq, iaryrmaw, tyiar
	ya (217)	qoyan, tyuady, tyuar, mayakqa, knyazdik, qyryqayaq, ydys-ayaq, yaryrmaw, evoljwsiya
	йа (66)	qyrykaiay, йaryrmaw, qoian, туйady, туйар, zhyiyady, майakqa, книйazdik, ydys-айaq
	a (43)	tyady, tyar, zhyady, knazdik, apyrmaw
	yja (15)	yjaryrmaw, qyrykayjaq, ydys-ayjaq
	ja (15)	evoluwcija
	я (13)	qояп, маякqa, княzdik, qyryqayaq, ydys-аяq, яpyrmaw
	uja (8)	qoujan, tyujady, tyujar, maujakqa, knujazdik, qyryqaujaq, ydys-aujaq, ujaryrmaw
	iuw (5)	qoiuwn, myiuwdy, qarjiuw, tyiuwr, zhjiuwdy
	juw (5)	qojuwn, qarjuw, tyjuwr, zhjuwdy
	ija (2)	knijazdik, ijaryrmaw
Жалпы	776	

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: 1) «/я/ әрпін /ia/ әріптіркесімен таңбалаған жөн»; 2) «/я/ әрпіне балама бір ғана латын графемасы алынса, ол қолданысқа ыңғайлы болар еді» деген пікірлер айтылды.

3.4 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды: үш әліпби жобасында да /я/ графемасына арнайы таңба берілмегендіктен, респонденттер оны өздерінің қалауы бойынша әртүрлі таңбалаған. Оның ішінде ең жиі қолданылған таңба – /ia/ әріптіркесі (1-жобада – 302 рет, 2-жобада – 286 рет, 3-жобада 387 рет кездеседі). Осы сияқты респонденттер тарапынан /ya/ таңбасы да жиі қолданылған (1-жобада – 121 рет, 2-жобада – 36 рет, 3-жобада 217 рет ұшырасады).

Жалпы салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, үш жоба бойынша да /я/ графемасының типтік таңбасы ретінде /ia/ диграфы алынып отырғанын байқаймыз.

ТӘЖІРИБЕ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША ТІЛТАНЫМДЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Тілтанымдық тәжірибе нәтижесі көптеген қызық әрі нақты мәліметке қол жеткізді. Әрбір әліпби жүйесіндегі жеке графеманың фонологиялық-фонетикалық мазмұнын ашып көрсетті, осы әліпби жүйелеріндегі әрбір әріптің «мінез-құлқын», сонымен бірге тәжірибеге қатысқан тіл иелмені санасындағы оған қатысты білімдерді, сол білім мен графемаға жүктелген фонетикалық мазмұн арасындағы сәйкестік пен алшақтықты көрсетті.

Атап айтқанда, мынадай фактілер анықталды:

- әліпбиді тиімді тұтытуда (аз уақыт жұмсап, қатесіз жазуда) қолдағды мен көз-дағдының рөлі ерекше зор. Бұны тәжірибеде байқалғандай, бірінші әліпбиден екінші үшінші әліпбиге, бір тапсырмадан екінші тапсырмаға өткен сайын латын қаріптерін тани бастаған респонденттің қатені аз жіберу үрдісімен байланысты деуге болады;

- бірнеше әліпби жүйесіне алынған бір графема тіл иелмені санасында сол әліпбидегі басқа графемалармен өзара қатынасының негізінде түрлі мазмұнға ие болады, сөйтіп, түрлі әліпби жүйесінде қолданылған фонетика-фонологиялық мазмұны бірдей бір графема әртүрлі қуатсығымдылыққа ие болды. Мұндай нәтиже әліпби жазу графемалар жүйесінің, жүйелілігінің ерекше маңыздылығын дәлелдеді. Сонымен бірге әріптің жазуда көп қиындық тудырмауы графемалардың жүйелілігіне ғана емес, орфографиялық ережелердің сол жүйеге лайық құрылуына да тікелей байланысты екені тағы дәлелденді, мұны жазу регламенті түсініксіз, емлесі көрсетілмеген кірме сөздердегі әріптерден ерекше көп қате кету фактісі айқындап отыр;

- диграф, триграфтар мен диакритиканың, яғни гиперграфикалық құбылыстардың қолайсыздығы, бұлардың ішінде ең тиімсізі екі немесе үш құрамнан тұратын әріптер екені дәлелденді;

- сонымен бірге графемалардың психобейнесі факторының күштілігі анықталды. Мәселен, қазақ жазуы кирил графикасында графикалық кескіні мен фонологиялық мазмұнына жақын латын графикасындағы *A, B, D, E, K, M, H, O, C, T* сияқты графемалардың қуатсығымдылығы 0-ге тең болды немесе ерекше төмен мәндерден көрінді. Керісінше қазақ жазуы кирил графикасында (*Ә, F, Ғ, Ш, Ө*) графикалық кескіні мен фонологиялық мазмұнына алшақ немесе сәйкестігі мүлде жоқ латын графикасындағы *Ā, Ğ, Ş, D, Ő* сияқты т.б. графемалардың қуатсығымдылығы ерекше жоғары мәндерден көрінді. Демек, оларды жазуға респондент алғашқыларға қарағанда көп энергия жұмсайды.

Үш әліпби типі бойынша қуатсыйымдылық көрсеткіші (%)

1-әліпби			2-әліпби			3-әліпби		
Кирилл	%	Латын	Кирилл	%	Латын	Кирилл	%	Латын
А	0,02	/a/	А	0,01	/a/	А	0,01	/a/
Ә	6	/ae/	Ә	4,9	/ä/	Ә	7	/aʹ/, /ae/
Б	0,1	/b/	Б	0,2	/b/	Б	0,2	/b/
В	0,7	/v/	В	0,6	/v/	В	0,5	/v/
Г	0,4	/g/	Г	0,3	/g/	Г	0,2	/g/
Ғ	9	/gh/	Ғ	8,8	/ġ/	Ғ	8,9	/gh/
Д	0,2	/d/	Д	0,2	/d/	Д	0,2	/d/
Е	2,1	/t/	Е	0,3	/e/	Е	0,3	/e/
Ж	2,4	/zh/	Ж	6,2	/j/	Ж	3,2	/zh/
З	1,2	/z/	З	0,6	/z/	З	0,9	/z/
И	28,4	/yj/, /iy/	И	Төл сөздер 32,8 Кірме сөздер 30,5 ~ 31	/i/, /ii/, /ii/	И	Төл сөздер 45,4,8 Кірме сөздер 24,4 ~ 31,4	/i/, /ii/, /ii/
Й	7,9	/a/	Й	7,4	/y/	Й	8,4	/j/
К	0,4	/k/	К	0,2	/k/	К	0,2	/k/
Қ	3,7	/q/	Қ	2,4	/q/	Қ	2,1	/q/
Л	0,27	/l/	Л	0,12	/l/	Л	0,13	/l/
М	0,1	/m/	М	0	/m/	М	0	/m/
Н	0,03	/n/	Н	0	/n/	Н	0	/n/
Ң	9,4	/ng/	Ң	16	/ñ/	Ң	10,1	/ng/
О	0	/o/	О	0	/o/	О	0	/o/
Ө	3,8	/oe/	Ө	3,4	/ö/	Ө	4,5	/oʹ/, /oe/
П	0,04	/p/	П	0,04	/p/	П	0	/p/
Р	0	/r/	Р	0	/r/	Р	0	/r/
С	0,13	/s/	С	0,06	/s/	С	0	/s/
Т	0,1	/t/	Т	0,1	/t/	Т	0,12	/t/
У	30	/w/	У	29,9	/w/	У	28	/w/
Ұ	2,1	/u/	Ұ	1,4	/u/	Ұ	0,7	/u/
Ү	1,69	/ue/	Ү	4,35	/ü/	Ү	4,11	/uʹ/
Ф	0,53	/f/	Ф	0,4	/f/	Ф	0	/f/
Х	15,7	/kh/	Х	6,04	/h/	Х	15,7	/h/
Һ	30,2	-	Һ	14,2		Һ	16,1	/h/
Ш	2,8	/sh/	Ш	7,4	/š/	Ш	2,2	/sh/
Ц	43,3	/ts/	Ц	41,5		Ц	39,1	-
Ч	Өте жоғары	-	Ч	Өте жоғары	/c/	Ч	Өте жоғары	-
Ы	0,6	/y/	Ы	2,7	/ɪ/	Ы	0,5	/y/
І	0,4	/i/	І	0,2	/i/	І	0,5	/i/
Ю	Өте жоғары	-	Ю	Өте жоғары		Ю	Өте жоғары	
Я	Өте жоғары	-	Я	Өте жоғары		Я	Өте жоғары	
	203,71%			190,52%			185,18%	

**Үш әліпби типі бойынша кему ретімен берілген
қуатсыйымдылық көрсеткіші (%)**

1-әліпби			2-әліпби			3-әліпби		
Кирил	%	Латын	Кирил	%	Латын	Кирил	%	Латын
Ч	Өте жоғары	-	Ч	Өте жоғары	/c/	Ч	Өте жоғары	
Ю	Өте жоғары	-	Ю	Өте жоғары		Ю	Өте жоғары	
Я	Өте жоғары	-	Я	Өте жоғары		Я	Өте жоғары	
Ц	43,3	/ts/	Ц	41,5		Ц	39,1	
Һ	30,2	-	И	Төл сөздер 32,8 Кірме сөздер 30,5 ~ 31	/i/, /ii/, /ii/	Һ	16,1	/h/
У	30	/w/	У	29,9	/w/	У	28	/w/
И	28,4	/yj/, / iy/	И	16	/ñ/	И	Төл сөздер 45,4,8 Кірме сөздер 24,4 ~ 31,4	/i/, /ii/, /ii/
Х	15,7	/kh/	Һ	14,2	/h/	Х	15,7	/h/
Ң	9,4	/ng/	Ғ	8,8	/ğ/	Ң	10,1	/ng/
Ғ	9	/gh/	Х	7,4		Ғ	8,9	/gh/
Й	7,9	/a/	Ш	7,4	/š/	Й	8,4	/j/
Ә	6	/ae/	Ж	6,2	/j/	Ә	7	/a', /ae/
Ө	3,8	/oe/	И	6,04	/y/	Ө	4,5	/o', /oe/
Қ	3,7	/q/	Ә	4,9	/ä/	Ү	4,11	/u' /
Ш	2,8	/sh/	Ү	4,35	/ü/	Ж	3,2	/zh/
Ж	2,4	/zh/	Ө	3,4	/ö/	Ш	2,2	/sh/
Е	2,1	/t/	Ы	2,7	/i/	Қ	2,1	/q/
Ү	2,1	/u/	Қ	2,4	/q/	З	0,9	/z/
Ү	1,69	/ue/	Е	1,4	/e/	Ү	0,7	/u/
З	1,2	/z/	З	0,6	/z/	І	0,5	/i/
В	0,7	/v/	В	0,6	/v/	В	0,5	/v/
Ы	0,6	/y/	Ф	0,4	/f/	Ы	0,5	/y/
Ф	0,53	/f/	Ү	0,3	/u/	Е	0,3	/e/
Г	0,4	/g/	Г	0,3	/g/	Г	0,2	/g/
К	0,4	/k/	К	0,2	/k/	К	0,2	/k/
І	0,4	/i/	І	0,2	/i/	Д	0,2	/d/
Л	0,27	/l/	Д	0,2	/d/	Б	0,2	/b/
Д	0,2	/d/	Б	0,2	/b/	Л	0,13	/l/
С	0,13	/s/	Л	0,12	/l/	Т	0,12	/t/
Б	0,1	/b/	Т	0,1	/t/	А	0,01	/a/
М	0,1	/m/	С	0,06	/s/	С	0	/s/
Т	0,1	/t/	П	0,04	/p/	П	0	/p/
П	0,04	/p/	А	0,01	/a/	Н	0	/n/
Н	0,03	/n/	Н	0	/n/	Ф	0	/f/
А	0,02	/a/	О	0	/o/	О	0	/o/
О	0	/o/	Р	0	/r/	Р	0	/r/
Р	0	/r/	М	0	/m/	М	0	/m/
	Жалпы 203,71%			Жалпы 190,52%			Жалпы 185,18%	

Сонымен, қуатсыйымдылығының жалпы көрсеткіші бойынша ең «оңай» әліпби деп 3-жобаны (185,18 %) айтуға болады. Сонымен бірге 2-жобаның жалпы көрсеткіші (190,52%) 3-жобадан көп алшақ емес. Ал жазуға «қиын» 1-жобаның қуатсыйымдылығының жалпы көрсеткіші бәрінен үлкен – 203,71%. Осы сандық мәліметтің сапалық талдауы барысында әрбір жоба типіндегі әрбір әріптің қуатсыйымдылығына әсер еткен факторлар терең талданды, солардың ішінде гиперграфикалық құбылыстың, бір тілдің жазуы жүйесіндегі графемалардың (графемааралық) интерференциясы, әртүрлі тілдің жазуы жүйесіндегі графемалардың (графикааралық) интерференциясы құбылыстары, сол сияқты графеманың психобейнесі мен өзі таңбалап тұрған фонеманың психобейнесі арасындағы қатынастың да жазудың «оңай» не «қиын» болуына тікелей әсер ететіні көрсетілді. Сапалық талдау 2-жобаның (тілтанымдық типтің) артықшылығын дәлелдеді.

Біздің болжалымыз бойынша, тәжірибе нәтижесінде тілтанымдық негіздерге, яғни «1 фонема- 1 графема» жүйесімен фонематикалық жазуға сүйеніп әзірленген (яғни диакритиканы қолданған) 2-типтегі жоба компьютерде теруге икемді (пернетақтадағы латын қаріптерінің әлеуетін ғана пайдалану, яғни диграф, триграфтар қолдану арқылы жасалған) 1 және 3-типтегі жобалардан сандық көрсеткіш жағынан әлдеқайда озық шығуы керек болған. Алайда тәжірибе нәтижесі, бұл болжамды жалпы растағанымен, толықтай оған сәйкес болып шықпады. Уақытсыйымдылық, қуатсыйымдылық көрсеткіштері 2-жобада соншалықты озық (озық болуы үшін төмен болуы тиіс) мәндерден көрінбеді.

Себебі, біріншіден, тәжірибе қолжазуға қатысты мәліметтер бойынша жүргізілді. Сондықтан әріпасты және әріпүсті диакритикаларды қолмен жазуда қолдың қозғалысы үзіледі де, бұған уақыт ұзақ жұмсалады. Ал диграф, триграфтарда әріптен бөлек оның жанына, астына немесе үстіне қойылатын таңба болмаған соң, әріп саны артқанымен, жазарман қолы жазу бетінен үзілмейді, сөйтіп уақыт диакритикаларды таңбалауға кеткенге қарағанда за жұмсалады. Егер осы тұста компьютерлік, электрондық жазудың болашақта жаппай үрдіске айналатыны, яғни түймешелерді басу арқылы мәтінтерушілік жазу спецификасы ескерілсе, онда 2-типтегі жоба көзшалымға жеңіл, мәтінді түсінуге оңтайлы екені анық болары сөзсіз.

Екіншіден, қате санының ғана емес, оның сапалық сипаты да әліпбиді бағалаудың маңызды критерийі ретінде алынды. Қолжазу барысында респонденттер 1-жоба бойынша негізгі графемадан әбден алшақ әріпті жазу арқылы қате жіберсе, яғни графеманың фонологиялық мазмұнынан мүлде ажырап қалса, 2-жобада оның негізгі типін дұрыс жазған, диакритикасынан ғана қате жіберген, яғни графеманың фонологиялық мазмұнын таныған (мысалы, кирилше ы-ны і-мен жазып кеткен, ал жобада ол төбесінде нүктесі жоқ осы таңбамен белгіленуі керек – бұл қолдағдының, графемааралық интерференцияның әсері).

Сөйтіп, тәжірибе:

- оқылымда мәтіннің мағыналы бірліктерін көзшалыммен жылдам ажырту бойынша сапасы жоғары әліпби 2-типтегі, сонан кейін 3-типтегі жоба екенін, ал 1-типтегі әліпбидің оқылым үшін қолайсыз екенін көрсетті;

- жазылым тапсырмасы қолжазуда 1 және 3-типтегі, ал компьютерлік мәтінтерім үрдісі жаппай басымдық алған болашақта 2-типтегі, яғни тілтанымдық-фонологиялық принципке незделіп әзірленген әліпби жобасының өміршең болатынын көрсетті.



ҚОРЫТЫНДЫ

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған бұл ұжымдық ғылыми монографияда қазақ жазуын болашақта латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіруге байланысты жүргізілген теориялық және практикалық зерттеулердің нәтижелері беріліп отыр.

Латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшу арқылы қазақ жазуын түбегейлі реформалаудың ғылыми-теориялық, практикалық негіздері жасалды, атап айтқанда:

- латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшу әлемиетте болып жатқан қарама-қарсы екі үрдістің, яғни жаһандану әрі ұлттану үрдістерінің талаптарына бірдей жауап бере алатын, заман талабына сай, аса қажет тілдік реформа екені негізделді;

- XX ғасырдың 20-жылдарындағы түркітілдес мемлекеттер мен Қазақстандағы латын әліпбиіне көшу тәжірибесінің саралануы нәтижесіндегі қиындықтар, кемшіліктер мен жетістіктер көрсетілді;

- латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің фонологиялық аспектісі қарастырылды;

- бүгінгі әліпбидің графикалық қайшылықтары фонетика-сингармонология тұрғысынан зерделенді;

- әліпби реципиенттің тілдік санасында кодқа салынған мәдени-тарихи ақпараттардан тұратын концепт ретінде қарастырылды;

- латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшудегі мәдени-әлеуметтік және лингвистикалық факторлардың маңыздылығы анықталды;

- адамзат мәдениетіндегі жазу-сызудың қалыптасуы мен даму тарихы, қызметі мен түрлері, таралым аймағы көрсетілді;

- ағылшын, француз, неміс, голланд, испан, каталон, норвеж, словак, швед, эстон және көптеген басқа да тілдердің жазу негізі болып табылатын қазіргі латын әліпбиінің диакритикалық таңбалары, лигатуралары, әріптердің модификациясы, олардың түрлі тілдердегі көрінісі, ұтымды/ұтымсыз тұстары қазақ ұлттық жазуына тиімділігі тұрғысынан талданды;

- латын графикалы әліпбиге көшкен немесе осы әліпбиді қолданған елдердегі, сондай-ақ қазақ жазуы тарихындағы (1929 – 1941 жж.) тәжірибелер зерттеліп, оларды болашақта қолдану бойынша нақты ұсыныстар берілді;

- жаңа әліпбиге көшудің басты факторлары негізделді;
- жаңа әліпби жобасын таңдаудың теориялық негіздері әзірленді;
- тілтанымдық сараптама арқылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына жұртшылықтан келіп түскен ұсыныс-жобалар мен қазіргі қазақстандық ақпарат кеңістігінде танымалдық танытқан әліпби жобалардың жалпы 3 типі анықталды;
- олардың қолданыс сапасы эксперимент арқылы (сарапшылардың күнделікті жазу-сызуында) тексеріліп, тиімді жоба типі айқындалды;
- жаңа ұлттық әліпби қолданыс практикасының (қазақ орфографиялық, орфоэпиялық және ономастикалық транслитерация ережелерін құрудың) теориялық негіздерін әзірлеу мәселелері тілтанымдық, әлеуметтік-тілтанымдық зерттеудің түрлі әдіс-тәсілдері тұрғысынан қарастырылды;
- Қазақстан Республикасы ономастикалық атауларын латын әліпбиіне көшіру мәселесі зерделеніп, ономастикалық атауларды латынша таңбалаудағы халықаралық тәжірибе сипатталды;
- латын графикалы әліпбиді меңгертудің лингводидактикалық аспектісі қарастырылды;
- XX ғ. басындағы латын графикасына негізделген қазақ жазуының емле ережесінің мәселелері сипатталды;
- түркітілдес елдердің ішінде әліпби реформасын тиімді әрі қысқа мерзімде жүзеге асыра алған оң тәжірибе –Түркия Республикасы әліпбиінің қолданысы зерделеніп, түрік тіліндегі көне түркі ескі кітаби тілі сөздерінің жазылу ерекшелігі мен емлесі, латын әліпбиіне негізделген түрік тілінің орфоэпиясы, Еуропа тілдерінен енген кірме сөздердің қазіргі түрік тіліндегі игерілім көрінісі талданды;
- қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру Тұжырымдамасының жобасы жасалды;
- латын графикасына негізделген ұлттық қазақ әліпбиін түзудің ғылыми принциптері айқындалды;
- латын графикалы қазақ әліпбиінің жаңа жобасын анықтайтын басты критерийлер мен ұстанымдар анықталды;
- латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық қазақ әліпбиінің жобалары әзірленді;
- ұсынылған жобалардың ішінен жаңа тиімді әліпбиді таңдап алудың объективті процедурасы қарастырылып, оның бір тәсілі ретінде эксперимент әдісі ұсынылды;
- «Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпби жобаларының қолданыстағы сапасы: тілтанымдық талдау» атты «қанатқақты» (пилотный) тәжірибелік (эксперименттік) зерттеу жүргізілді, соның негізінде: бүгінге дейін Тіл білімі институтына сараптамаға келіп түскен латын графикасы негізіндегі қазақ әліпби жобаларының мақсаттары мен жасалу принциптеріне қарай 1) компьютерге; 2) графемалық жазуға; 3) дыбыс-әріптік жазуғанегізделген негізгі 3 типі анықталды; әрбір типтің айырым белгілері, прагматикасы көрсетілді; тәжірибеге ұсыну үшін әр типке жататын жобалардың ішінен шартты түрдегі бір ортақ жоба құрастырып (усредненный), анықталып, сынақтан өткізілді; «қанатқақты» жоба ретінде жүргізілген тәжірибелік зерттеу нәтижесінде шағын болса да әліпби тиімділігін зерттеуге қажетті репрезентативті эмпирикалық тілдік материал (мәтін) жинақталды; осы эмпирикалық тілдік материал бойынша статистикалық база жасақталды; алынған мате-

